




Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ жас ғалымдары ғылыми еңбектерінің жинағы – 2017

Сборник научных трудов молодых ученых АркГПИ им. И.Алтынсарина – 2017

Collection of Scientific Papers of Young Scientists of the ArkSPI named after I.Altynsarin – 2017



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

**Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ жас ғалымдары
ғылыми еңбектерінің жинағы – 2017**

**Сборник научных трудов молодых ученых
АркГПИ им. И.Алтынсарина – 2017**

**Collection of Scientific Papers of Young Scientists
of the ArkSPI named after I.Altynsarin – 2017**

Арқалық қаласы

ӘОЖ 378
ББК 74.58
Ы 14

Бас редакторы / Главный редактор:

Куанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректоры, география ғылымдарының докторы

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Мусабекова Г.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

хим.ғыл.д-ры, профессор Кузембай К.К.; филол.ғыл.канд., доцент Валиханов Ш.А.; филол.ғыл.канд. Даулетова А.С.; филол.ғыл.канд. Дуйсебекова А.Е.; филол.ғыл.канд. Исакова Б.Д.; филол.ғыл.канд. Калиев А.К.; пед.ғыл.канд., доцент Колдасбаева З.Ш.; филос.ғыл.канд. Конкина Г.С.; филол.ғыл.канд. Рахметова Б.А.; пед.ғыл.канд. Турикпенова С.Ж.; физ.-мат.ғыл.канд. Умбетов А.У.; философия докторы (PhD), аға оқытушы Абдрасулова Ж.Т.; гум.ғыл.магистрі Аймағамбетұлы Р.; жарат.ғыл.магистрі, аға оқытушы Алматова А.М.; пед.ғыл.магистрі, аға оқытушы Алькуатова А.Л.; аға оқытушы Анапин Е.Х., жарат.ғыл.магистрі, аға оқытушы Антаева А.С., заң ғыл.магистрі, аға оқытушы Бермағамбет Р.Е.; тех.ғыл.магистрі, оқытушы Конусова А.Б.; экон.ғыл.магистрі, аға оқытушы Нурканов Ж.К.; пед.ғыл.магистрі, аға оқытушы Сафарғалиева Г.Н.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:

Ғылыми жұмысты ұйымдастыру және халықаралық байланыс бөлімінің бастығы, пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Алькуатова А.Л.; Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасының аға оқытушысы, заң ғыл. магистрі Бермағамбет Р.Е.

Ы 14 Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ жас ғалымдары ғылыми еңбектерінің жинағы – 2017 = Сборник научных трудов молодых ученых АрқМПИ им. И.Алтынсарина – 2017 = Collection of Scientific Papers of Young Scientists of the ArkSPI named after I. Altynsarin – 2017. - Арқалық: АрқМПИ, 2017. – 362 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7892-51-7

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты жас ғалымдарының ғылыми еңбектері енгізіліп отыр.

Жинақ педагогикалық ғылымдар саласындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

Ғылыми мақалалар авторлық редакцияда жарияланып отыр.

ISBN 978-601-7892-51-7

ӘОЖ 378
ББК 74.58

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

ӘОЖ 517.4. (5К)

ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ ШЫҒЫНСЫЗ НҮКТЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ

Абдрахманова Мейрамкул Турганбаевна

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

meirash@bk.ru

Аңдатпа: Шығынсыздық нүктесі – ол сатылымнан түскен пайда өндіріске кеткен барлық шығынды, сонымен бірге фирманың өз капиталының орташа нарықтық пайызы мен кәсіпорынның қалыпты табысын өтейтін фирма өндірісінің сатылым көлемі.

Түйін сөздер: Шығынсыздық нүктесі, максималды пайда, тұрақты шығындар, айнымалы шығындар, қайтымсыз шығындар.

Қазіргі экономикалық қоғамда кез-келген ұйымның (кәсіпорындардың) қызметінің негізгі мақсаты ол – тауар өндіруден пайда табу екені барлығына аян. Дәл осы шарт компанияның тұрақты өмір сүруі үшін және перспективалы негізді қамтамасыз ету үшін негізгі болып табылады. Фирманың тұрақты пайдасы пайыздар түрінде салынған капиталдан көрінеді, компанияға жаңа инвесторларды тартуға көмектеседі, және соның негізінде компанияның жеке капиталы өседі. Жоғарыда айтылғаннан, кәсіпорынның рентабельділігінің проблемаларына деген қызығушылықты түсінуге болады. Бұл сұрақтың ең маңызды аспектісі компанияның шығынсыздық идеясы, ол болашақта компанияның бухгалтерлік қана емес экономикалық пайдаға әкелуі мүмкін.

Шығынсыздықты талдаудың екі моделі бар:

1. экономикалық (экономикалық теория курсына қарастырылады);
2. бухгалтерлік (кәсіпорын экономикасы курсына қарастырылады).

Экономикалық теорияда шығынсыздық – ұзақ тепе-теңдікте орналасқан, бәсекеге қабілетті мемлекеттегі фирманың оңтайлы жағдайы болып табылады. Бұл жағдайда біз экономикалық табысты қарастырамыз, яғни фирманың шығыннан инвестицияланған капиталдың орташа нарықтық бағамның табысы,

сондай-ақ кәсіпорынның қалыпты табысы қосылады [1,526].

Берілген шарттарға сәйкес шығынсыздық нүктесін төмендегідей сипаттауға болады: шығынсыздық нүктесі – ол сатылымнан түскен пайда өндіріске кеткен барлық шығынды, сонымен бірге фирманың өз капиталының орташа нарықтық пайызы мен кәсіпорынның қалыпты табысын өтейтін фирма өндірісінің сатылым көлемі.

Экономикада шығынсыздықты талдау маңызды мәселе. Шығынсыздықты талдау барысында, жаңа өндірісті ұйымдастыру үшін, қанша қаржы керектігі бағаланады және жаңа өнімді өндіру үшін іске салынатын капитал туралы жан-жақты талдаулар жасалынады. Жаңа өнімді өндіруге кеткен барлық шығындардың сомасы және оған қосылған бастапқы кезде осы өндірісті іске қосу үшін салынған капитал мөлшері мен өнімді нарыққа шығарып, сатқанда алынған барлық табыстардың сомасы тең болатын уақыт аралығы ізделінеді. Сонымен қанша уақыт мөлшерінде өндіріс шығынсыз нүктеге жететіні, яғни шығын және кіріс тең болатын уақыт анықталынады.

Өнім өндірілмейтін халық шаруашылығының кейбір салаларында, мысалға, сауда-саттық салада немесе тұтынушыларға қызмет көрсету орындарында шығынсыз нүкте –

рентабельдіктің табалдырығы деп аталады. Есептің мағынасы түсінікті және қарапайым болу үшін өндірісті іске қосуға салынған алғашқы капитал мөлшері белгілі деп есептейік [2].

Айталық, бір кәсіпорын n жаңа B_1, B_2, \dots, B_n деп аталатын бұйымдарды шығаруды жоспарлап отыр делік. Бұйымдардың әрқайсысын алдын-ала жобаланған шамада шығару үшін v_1, v_2, \dots, v_n мөлшерде бастапқы капиталды іске салу керек болсын. Бұл капиталдар бекітілген немесе тұрақты деп аталатын шығындар және олардың шамалары алдыңғы уақыттарда бұйымдардың өндіру мөлшерінің дамуымен байланысы болмайды. Негізінде бұл шығындарға, алғашқы құралдарды сатып алуға, оларды жұмысқа қосуға кеткен және т.б. жұмыстар үшін керекті шығындар жатады. Осы шығындармен қатар, өндірісте өнімдер түрлеріне байланысты бөлінбейтін жалпы v_0 мөлшерде бекітілген шығын болуы мүмкін. Мысалы, кәсіпорында барлық бұйымдарды өндіруге қатысы бар, жаңа цех құрлысының бағасы (v_0) немесе т.б.с.с. Әрбір жаңа B_1, B_2, \dots, B_n бұйымдардың бір данасының өзіндік құны (z_1, z_2, \dots, z_n) және нарықта қаншадан (c_1, c_2, \dots, c_n) сатылатыны алдын-ала анықталған деп есептейік. Сөйтіп, шығынсыздықты талдауға керекті деректердің минимальды жиынын атап өттік.

Кәсіпорын B_1, B_2, \dots, B_n деп аталатын бұйымдарды, белгілі бір уақыт аралығында (бір айда, тоқсанда, жарты жылда немесе бір жылда), x_1, x_2, \dots, x_n данадан өндіреміз деп жоспарласа, онда осы өнімдерді өндіруге кеткен барлық шығындардың сомасы (қосылған бастапқы өндірісті іске қосу үшін салынған капитал мөлшері) мен оны нарыққа шығарып сатқандағы барлық табыстардың сомасы тең болатын k уақыты арқылы шығынсыздықтың теңдігі құрылады. Бұл теңдікті былай жазуға болады:

$$k \sum c_i x_i = k \sum z_i x_i + v_0 + \sum v_i$$

Осы теңдіктен шығынсыз нүктеге жететін уақытты анықтаймыз:

$$k = \frac{v_0 + \sum v_i}{\sum c_i x_i - \sum z_i x_i} = \frac{v_0 + \sum v_i}{(\sum c_i - \sum z_i) x_i}$$

Сөйтіп, анықталған k мәні бүтін немесе бөлшек сан болуы мүмкін, ал мына сома:

$$k \sum z_i x_i + v_0 + \sum v_i$$

жалпы шығын немесе шығынсыздық нүктесі ізделінетін, өндіріске салынған қаржы мөлшері. Қаржы тілінде өнімді өндіруге кеткен шығындарды $k \sum z_i x_i$ - айнымалы шығындар деп атайды да, ал $v_0 + \sum v_i$ - тұрақты шығындар делінеді. Осы жерде, шығындарды тұрақты және айнымалы топтарға бөлу, экономикалық талдауларда маңызды.

Негізінде өндірістің мақсаты шығынсыздық нүктедегі өндірілетін өнімдердің мөлшерін (x_1, x_2, \dots, x_n) анықтау және бұл өндіріс деңгейінде қызықты мәселе. Мұндай жағдайда шығынсыз нүктеге жететін уақыт аралығы бірге теңестіріледі ($k=1$) де, нәтижесінде шығынсыздықтың теңдеуін мына түрге айналдырады:

$$\sum c_i x_i = \sum z_i x_i + v_0 + \sum v_i$$

$$\sum (c_i - z_i) x_i = v_0 + \sum v_i$$

Көп өнімді есептер үшін мұндай теңдеулердің шексіз шешімдері болуы әбден мүмкін, ал жалғыз ғана өнімді есептерде бір-ақ шешімі болады. Көп өнімді есептерді шығару үшін қосымша шарттар енгізіледі. Мұндай шарттарда көбінесе шығынсыз нүктеге жеткенге дейінгі айнымалы шығындардың минимальды немесе пайданың максимальды болуын көздейтін, белгісіздердің мәндерін анықтайды.

Есепті аталған мақсаттарда шығаратын болсақ, бірінші жағдайда шығынсыз нүктеге жеткізуге кеткен қаржылық шығын азаяды. Бірақ шығынсыз нүктеге жететін уақыт ұзарады. Екінші жағдайда шығынсыз нүктеге жетуге кеткен уақыт азаяды. Бірақ шығынсыз нүктеге жеткізуге кеткен қаржылық шығын көбейеді. Оңтайлы өндірістік жоспарды анықтағаннан кейін, осы жоспарды орындау

мерзімі сияқты шығынсыздық нүктеге жету мерзімі есептелінеді [3].

Шығынсыз нүктеге жету үшін, өндірістің оңтайлы жоспары анықталатын есептің математикалық моделін құрамыз. Математикалық модельді жазуға керекті белгілер толығымен белгілі, атап айтсақ:

1) B_1, B_2, \dots, B_n – бұйымдарының оңтайлы мөлшерлерін көрсететін: x_1, x_2, \dots, x_n – айнымалылары;

2) бұйымдардың өзіндік құны (z_1, z_2, \dots, z_n) және олардың сатылатын бағалары (c_1, c_2, \dots, c_n);

3) бұйымдардың әрқайсысын өндіруге қажетті бастапқы капиталдар v_1, v_2, \dots, v_n мөлшері және т.б.

Егер өндірістік оңтайлы жоспар құру үшін айнымалы шығындардың минимальды болу шарты қарастырылса, онда мақсат функция мына түрде жазылады:

$$Z = \sum z_i x_i \Rightarrow \min$$

Егер өндірістік оңтайлы жоспар максимальды пайда алу шартына есептелінсе, онда мақсат функция мына түрде жазылады: $Z = \sum c_i x_i \Rightarrow \max$

Шектеу ретінде шығынсыздықтың теңдеуі алынады: $\sum (c_i - z_i) x_i = v_0 + \sum v_i$

Мысалы. Компания жаңадан үш түрлі (А, Б, В) бұйымдарды өндірумен айналыспақшы. 1-кестеде өндірістің бастапқы жағдайындағы экономикалық деректерді келтіреміз.

Кесте 1 - Бастапқы жағдайындағы экономикалық деректер

Бұйымдар	Бұйымның бір данасының бағасы	Айнымалы шығындар	Бастапқы жалпы шығын
А	75	40	7500
Б	60	35	8500
В	90	50	6000

Есепте жалпы шығын (v_0) берілмеген, бірақ әрбір бұйымды шығаратын өндіріске керекті бекітілген шығындар белгілі (кестеде соңғы бағанада). Осыдан кейін компания алдында шығынсыздық нүктеге жеткізетін өндірістік жоспарды анықтау

есебі туындалынады. Жаңадан құрылатын өндіріс жұмысын бастамас бұрын компания тұтынушыларға өндіретін бұйымдардың қаншалықты қажеттілігін анықтау үшін нарық жағдайларына маркетингтік зерттеулер жүргізіледі. Нәтижесінде, А бұйымын 310 дана және В бұйымын 200 дана қажет ететін тұтынушылар, сонымен қатар Б бұйымын 350 данадан артық өндіру компанияға тиімсіз екені анықталынды. Есептің математикалық моделін құрамыз. Ол үшін өндірілетін А, Б, В бұйымдарының оңтайлы мөлшерін x_a, x_b және x_v дана деп белгілейік. Шығынсыздықтың теңдеуін тұрғызайық:

$$75x_a + 60x_b + 90x_v = 40x_a + 35x_b + 50x_v + 7500 + 8500 + 6000$$

немесе түрлендіргеннен кейін:

$$35x_a + 25x_b + 40x_v = 22000, \text{ бұл бірінші шектеу.}$$

Енді маркетингтік зерттеу нәтижесін ескерсек:

$$x_a \geq 310, x_v \geq 200 \text{ және } x_b \leq 350.$$

Айнымалылардың теріс болмау шартын тек x_b – айнымалысына қоямыз, яғни $x_b \geq 0$. Есепті осы тұрғызылған шектеулерде екі мақсат функциялары бойынша шығарайық. Бірінші мақсат функция максимальды табысты іздеу болсын, яғни: $Z = 75x_a + 60x_b + 90x_v \rightarrow \max$. Есепті шешу нәтижесінде шығынсыздық нүктеге жетуге дейінгі аралықта табысты максимумға іздейтін өндіріс жоспары анықталынады. Екінші мақсат функция айнымалы шығындарды минимумға іздеу, яғни: $Z = 40x_a + 35x_b + 50x_v \rightarrow \min$. Есепте шығынсыздық нүктеге жеткенге дейінгі айнымалы шығындарды минимумға іздейтін өндіріс жоспары анықталынады. Есептің бірінші мақсат функция бойынша табылған оңтайлы шешімінен шығынсыздық нүктеге тез арада жету үшін 310 дана А бұйымын, 126 дана Б бұйымын және 200 дана В бұйымын өндіру керек. Осы нүктеге жеткен мерзімде жалпы табыс 48810 мың теңге болса, ал айнымалы шығын 26810 мың теңге құрайды. Екінші мақсат функция бойынша табылған жаңа шешімде Б бұйымды өндіру жалпы қарастырылмайды, яғни өндірістік жоспар бұл шешімде алдыңғы шешімнен нашар.

Бірақ табыс 810 мың теңгеге кемісе, айнымалы шығындар да бірінші шешімде қарағанда осынша шамаға ($26810 - 26000 = 810$ мың теңге) кеміген, яғни пайда екі шешімде де бірдей [4, 196б].


Теориялық жағынан шығынсыздық нүктеге жету мерзімі, бірінші шешімде қысқа болатыны дәлелденді, сонымен қатар барлық қабылданған бұйымдарды өндіру қарастырылуына байланысты бірінші шешім тиімді деп санаймыз. Алдымен теориялық мәліметтерді қарастырамыз. $C(x) = F + V(x)$ – бұл өндірістің электр энергиясына кететін шығындары. F – тауарлар санынан тәуелсіз, тұрақты шығындар, $V(x)$ – тауарлар санына тәуелді, тәуелді айнымалы. Функция $R(x) = px$ сатылған тауарлар санынан түсетін тұрақты түсім. p – бірлік тауар бағасы.

Пайда $P(x) = R(x) - C(x)$, мұндағы $P(x) = 0$ болса, x -өндірістің шығынсыздық нүктесі. Бір бірлік өнім үшін тіркелген шығындар айына 10000 теңгені, айнымалы шығындар – 30 теңге, түсім – 50 теңгені құрайды. Пайда функциясын құрып және оның 3.1-суретке сәйкесті графигін тұрғызамыз.

$$C(x) = F + V = 10000 - 30x$$

$$R(x) = 50x$$

$$P(x) = 50x - 10000 - 30x = 20x - 10000$$



Сурет 1 - Пайда функциясы және оның графигі

Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының Қарақамыс кентінің орталығында скважина (ұңғыма) орналасқан. Онда бір ғана адам жұмыс істейді, құдықтан суды шелекпен қолмен тартып алады. Жұмысты жеңілдету

мақсатында ол жерге «Водолей-3» сорғысын қоюға болады. Ал энергия өндіру үшін Көкшетау мемлекеттік университетінің техника ғылымдарының докторы, профессор Байшагиров Хайрулла Жамбаевичтің басшылық етуімен жасалған диффузорлы жел энергетикалық қондырғысын пайдалануға болады. Тұрақты шығындар мыналарды құрайды деп болжайтын болсақ: 100 мың теңге – скважинаны құру; 3 мың теңге – «Водолей-3» сорғы; 210 мың теңге – Жел энергетикалық қондырғы; 20 мың теңге – сыйымдылық (20 куб.метр); Барлығы: 333 000 мың теңге. Айталық жұмысшының күндік еңбек ақысы 1000 теңге болсын. «Водолей-3» сорғысы сағатына 500 литр су айдайды. Бір күнде бұл 12000 л су (30 л-10 тг., 12000 л.-4000 тг.). Оның ішінде 1000 тг. жұмысшыға, 3000 тг. кеткен шығынды өтеуге жұмсалады.

$$C(x) = 333 + x \text{ (жұмысшының еңбек ақысы); } R(x) = 4x$$

$$P(x) = 3x - 333$$


$$3x = 333$$

$$x = \frac{333}{3} = 111$$

Сонда шығынсыздық нүктесі 111 күнге тең. Енді 2-суретке сәйкесті графигін тұрғызамыз.

$R(x)$ – жұмысшы түсімі; $C(x)$ – жұмысшының электрэнергиясына жұмсаған шығындары; $P(x)$ – жұмысшының пайдасы; $F(x)$ – тұрақты шығындар; $V(x)$ – айнымалы шығындар. Демек жел энергетикалық қондырғысы 111 күнде өзін-өзі ақтайтындығына көз жеткізіп отырмыз [5].

Сол сияқты келесі мысалымызда қонақ үй кешеніне қарастырамыз. Қонақ үй кешеніндегі тұрақты шығындар төмендегідей болуы мүмкін: 150 мың теңге шығын жұмысшыларға төленетін жалақы және су, канализация, жерге салық; 210 мың теңге – жел энергетикалық қондырғының бағасы; Барлығы: 360 мың теңге. Айнымалы шығындар 2000 теңге болсын.



Сурет 2 - Шығынсыздық нүктесі

Тәулігіне бір номер үшін қонақ үй кешенінде кәсіпкерге 5000 теңге пайда келеді. Оның 2000 теңгесі шығындарды өтеуге жұмсалса, 3000 теңгесі жел энергетикалық қондырғысын өтеу үшін жұмсалады. Осыны билинейдік шығындар теориясы арқылы шешіп көреміз. Ол үшін теория функциясын құрып және оның 3-суретке сәйкесті графигін салып көрсетеміз

$$C(x) = F(x) + V(x)$$

$$C(x) = 360 + 2x$$

$$P(x) = R(x) - C(x), \quad \text{мұндағы}$$

$$P(x) = 0$$

$$P(x) = 5x - 360 - 2x,$$

$$P(x) = 3x - 360$$

$$P(x) = 120$$


$R(x)$ – қонақ үй кешенінде бір тәулікте түсетін түсім; $C(x)$ – өндіріс шығындары; $P(x)$ – кәсіпкердің пайдасы; $V(x)$ – айнымалы шығындар; $F(x)$ – тұрақты шығындар; Осылайша, жел энергетикалық қондырғысы

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Байшагиров Х. Ш., Каримбаев Т. Д. К расчету скорости воздушного потока в диффузоре ветроэнергетической установки // Конверсия в машиностроении. 2006. № 2. С. 50–52.
2. Койшиев Т.К. Қайта жаңғыртылатын энергия көздері/Алматы.,2001.
3. Х.Ж. Байшагиров, А.С. Бекмаганбетов, А.О. Даутов. К расчету конструктивных параметров композиционной ветроэнергетической установки с диффузором (ВЭУД). Региональный вестник Востока. № 3 (59), сентябрь, 2013
4. П.П.Безруких. Использование энергии ветра. Техника, экономика, экология. - М.: Колос, 2008.-196 с.
5. Имашев А.Б. Қазақстандағы баламалы энергия көздерін дамытудың экономикалық аспектілері //Докторлық диссертация. Алматы, 2015

өз бағасын 120 тәулік үздіксіз жұмыс жасау нәтижесінде өтеп шығады.

Шығынсыздық анализін жасай отырып статистика, ауыспалы және тұрақты шығындар, өндіріске байланысты пайда бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: шығынсыздық нүктесін табуға ең қолайлысы ол сызықтық функция, себебі есептеу барысында ең аз қателіктер кетуі мүмкін. Шығынсыздық нүктесі арқылы – кәсіпорынның пайда түспей өз шығындарын өтеу үшін, сатылым көлемі қандай болу керек екенін анықтайды. Соған орай, шығынсыздық нүктесі – бұл еш пайда түспей өз шығындарын өтеу. Кез келген өзгеріс пайдаға немесе шығынға апарып соғуы мүмкін.



Сурет 3 - Жел энергетикалық қондырғысын қонақ үй кешенінде пайдалану Қарастырылған шығынсыздық нүктесінің мысалдары бір тауарлы өндіріс туралы болғандықтан анық және қарапайым. Бұндай кәсіпорындардағы шығынсыздық нүктесін және сезімталдықты есептеу оңай болып табылады. Ол өндіріс іс-шараларына байланысты басқару шешімдеріне кеңес беруге мүмкіндік береді [6].

6. Х.Ж. Байшагиров, А.С. Бекмаганбетов, А.О. Даутов. К расчету конструктивных параметров композиционной ветроэнергетической установки с диффузором (ВЭУД). Региональный вестник Востока. № 3 (59), сентябрь, 2013

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ ПРОИЗВОДСТВА ВЕТРОЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ УСТРОЙСТВ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ
БЕЗУБЫТОЧНЫХ ТОЧЕК В ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИИ**

Абдрахманова Мейрамкул Турганбаевна

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация: Точка безубыточности - это такой объем продаж продукции фирмы, при котором выручка от продаж полностью покрывает все расходы на производство продукции, в том числе среднерыночный процент на собственный капитал фирмы и нормальный предпринимательский доход.

Ключевые слова: Точка безубыточности, максимальная прибыль, постоянные издержки, переменные издержки, невозвратимые издержки.

**DESIGNING THE PRODUCTION OF WIND POWER EQUIPMENT AND DETERMINING BREAK-EVEN POINT IN
THEIR USE**

Meiramkul Abdrakhmanova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract: The breakeven point is the amount of sales of firm at which sales revenue covers all costs of production, including market average percent on own capital of the company and normal business income.

Keywords: The break-even point, maximum profit, fixed costs, variable costs, sunk cost.

ӘОЖ 82.9

РОМАН ЖӘНЕ ХАРАКТЕР ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

Абдуллина Ардак Амирхановна

Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
ardak.abdullina@mail.ru

***Аңдатпа:** Жазушы Ақан Нұрмановтың артында көркем жазылған, өміршең де өшпес мол мұра қалды. Жазушы Ақан Нұрмановтың негізгі мұраты өмірдегі, адам бойындағы жақсылық, сезімталдық, қайырым, ізгілік, сезім сұлулығы, тазалық, адалдықты жазу. Шағын жанрда шебердің шыңдалған Ақан характерлі бейнелер жасауда да шебер суреткер. Ол сомдаған Құлан Кейкідей «айға ұмтылып мерт болған», «Кеңес тәртібін мойынсұнбаған» ер тұлға, нәзік жанды жастар бейнелері суреткердің шеберлік кемелдігінің айқын айшықтары болып табылады.*

***Түйін сөздер:** жазушы, әдеби мұра, Кейкі батыр, шебер суреткер, найзағай ғұмыр.*

Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романы да «қылтасына бойлай» түсуді қажет ететін астарлы шығарма. Кезінде жаппай дабыра болмай, көпшіліктің Ақан романы туралы ой толғамауы да соған саяды. Енді елдің егемендік жағдайында оқырманның да ой өрісі кеңейді, «іште бүгіп» қалған жазушы құпиясын аңғаратындай кезең келді.

Бірақ, сол Ақандай таланттың романда сараланған бүкпе ойын баршаға жариялауға мұрындық болу әдебиетші ғалымдардың міндеті болмақ. Осынау мақсатты аша түсу жолында әдебиеттану ғылымына қалам тартып, жазушы Ақан Нұрмановтың характерлі бейнелерін саралау арқылы Әбіш Кекілбаев бағалаған «Соңғы парыздай» өміршең туындыны – «Құланның ажалы» романы саралауға талпыныс жасау. Некен саяқ шығармалардың бірі ретінде Ақан шығармашылығына талдау жасау болып табылады.

Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романын Мәскеуде, әдебиет институтында оқып жүргенінде бастаған. Бұл ойымызды Ақанның туған інісі, журналист Жомарт Нұрмановтың нақты дерекпен пайымдаған дәлелді ойы анықтай түседі: ...«Кітап киносценарий үлгісінде жазылған. Ақан аға сценарийін көзі

тірісінде Мәскеудегі «Советский писатель» баспасынан шығарудың жолын іздегенін оның архивінен табылған төмендегі хат дәлелдейді», – деп «Қостанай таңы» газетінде «Адасқан аңғал батыр туралы туынды мен оның авторы жайында» сөз алған Жомарт Нұрманов Ақанның мәскеулік досы, қарымды қаламгер, аудармашы Александр Кореновтың жазушы архивінен табылған төмендегі хат мәтінінде толық береді: «Дорогой Акан! Получил Ваше письмо. Вы совершенно правильно оцениваете себя, и я еще раз убедился, что дело имею с человеком талантливым, умным...Как называется Ваш роман? Хорошее название много значить, его найти нелегко. Я не понял –он запланировал в «Жазушы» по-казахский или вы хотите одновременно и по-русский?

Привет мой Тахави Ахтанову если вы с ним дружите, я тут выбрал из его прозы два-три примера – цитаты для статьи в «Литературную художественного перевода. Кстати, то, что похвалила ваши рассказы Зоя Сергеевна Кедрина, а не кто – то другой, большая честь,она очень объективный, высокими критериями человек. Привет так же, Олжасу, его книжка ускоренно издается в «М.Гвардии».Хизмету на днях напишу.

Сердечно жму руку. Пишите мне, действуйте!» – Александр Коренов [1,4 б.].

Қазақша да орысша екі тілді жетік білетін Ақан романның қайсыбір тарауларын орыс тілінде жазды «Құланның ажалы» Мәскеуде «Советский писатель» баспасынан шығармақ та ойда болған ғой. Бізде құлан «Кейкіні қалай астарласа да кітап етіп шығару қиынның қиыны болатын. Ақанның баспаның редакторы, аудармашы Александр Кореновпен алдын-ала хабарласуы да содан болар. Осы хаттан белгілі болғандай Одаққа танымал әдебиеттанушы қаламгер, биік талғамды сыншы Зоя Кедрианың Ақанның әңгімелерін жоғары бағалауының өзі неге тұрады. Осы ойды Александр Коренов та нығарлай жазады. Ақан Нұрмановтай талантты қаламгерді мәскеуліктер де, орыс тілді жазушылар да жоғары бағалаған, жаза беруге, ізденуге шақырған. Қалайда, Ақанның мәскеулік күндерінен «Құланның ажалы» романынан тысқары бір белгі – киносценарий болса да қалағаны анық.

Біздің саралауымыздағы жазушы Ақан Нұрмановтың бүгінгі таңға белгілі туындылары да жетерлік. Адаққан аңғал батыр, өр тұлға туралы жазылған «Құланның ажалы» романы Ақанның барлық туындылары арасында тіпті де асқақ тұрған жоқ па? Сезімтал жүректен туындаған сыршыл да шынайы бейнелері Ақан әңгіме, повестерінің өзегі емес пе? Солай болды да. Қазақ әдебиетіне өзіндік үн, дара қолтаңбасымен келген тума талант бар берерін толықтай үлгермей жатып көз жұмды. Мөлтендей әңгімелер жазудан бастап, талант деңгейі тарихи роман жазуға дейін ұштасты. Қалайда, жазушы Ақан Нұрмановтың артында көркем жазылған, өміршең де өшпес мол мұра қалды. Сырлы қазынаны саралай, бағасын беру ұрпақ парызы болмақ.

Ақан Нұрмановтай талантқа тағзым етіп, жазушылығын саралаумен қатар, шығармашылығын бағалау да қажет. Осы орайда жазушының «Құланның ажалы» романын арнайы талдап, кеңестік кезеңнің қиын күндері жазылған, халық батырын

ақтап алған, халқының Құлан – Кейкі батырын өзіне қайтарып берді. Кейкі көзсіз батыр болатын, Құлан – Кейкіше аңғал да. Ол елінің тәуелсіздігі жолында қызыл да болды, ақ пен де соғысты. Қызылдардың қолынан қаза тапты.

Ақан Нұрмановтай жазушы шеберлігіне, оның қаламгерлік батылдығына Думан Рамазан «Хан Кененің қазасы» кітабында арнайы тоқталады. Думан қолды болған Кенесары ханның бас сүйегін іздестіріп, арнайы сапарларға шығып жүрген жазушы. Осындай сапар нәтижесінде «Хан Кененің қазасы» аталатын кітап та жазды. Осынау кітаптың бір тарауы «Кейкінің басы» деп аталады. Кейкі батырдың басы да 1921 жылы 22 сәуірде кесілген-ді. Содан қолды болып, Петербор мұражайынан табылды. Ізденген Думан Рамазан араласқан арнайы құрам. Енді батырдың бас сүйегін елге қайтару жолдары сөз болып, қарастырылды.

Жазушы Думан Рамазан Ақанның «Құланның ажалы» романы туралы, қайсар қаламгер туралы былай деп жазады: «Біз Кеңес дәуірінде Кейкіні тағдыры ауыр талантты жазушы Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы арқылы шетпұшпақтан танып білдік. Шығарманың аты мезген тұрғындай, Кейкі батырдың руы Құлан қыпшақ болатын. Отыз төрт - ақ жыл жарық жалғанның қызығы мен шыжығын көрген арқалы жазушы Ақан Шайдахметұлының осынау ерлік еңбегі әлі де өз деңгейінде бағаланбай келеді. Құдай бұйыртса болашақта өз отына өзі күйіп кеткен Ақан ағамыз туралы да қалам тартпақ ойымыз бар. Әрине, бұл басқа әңгіме, басқа тақырып. . .» [2,123 б.].

Ізденісі көп, жас талант Ақан шығармашылығына, оның басты туындысы «Құланның ажалы» романына осылайша жоғары баға береді. Өмірден қыршын кеткен Ақан таланты алдында басын иіп, алда оның шығармашылығы туралы жазатынын әңгімелейді. А.Нұрманов шығармашылығы әлі өз бағасын алмаған мұра. Сол өміршең шығармашылықты көпшілікке

таныстыруға қосылар бұл еңбек аз – кем ұмтылыс қана.

Сонымен, Ақан Нұрмановтың талантты қырлары сомдалып, жан сезімі ашылған жазушы. Ақан Нұрманов шығармашылығын жүйелей оқи отырып, айтпақ сырларын ой елегінен өткізер болсаң, оқиғалар орайына қарай кейіпкерлер арасындағы сан алуан қатынас, сала – сала байланыстарды сезініп, адами қатынастардың куәсі боласың. Қоғамдағы жағдай, әлеуметтік ортаға орай адамдар мінезі қалыптасып, іс-қаракеттері ашылып жатады. Күрделі характерлерді ашуда әсем табиғат көрінісі мен нәзік сүйіспеншілік суреттері де сыр тартып отырады.

Олай болса, енді жазушының шығармаларындағы характер жасау шеберлігін арнайы сөз етіп көрелік. Саралау желісіне «Құланның ажалы» романы мен жазушының әңгіме, повестеріндегі жасампаз жарқын бейнелерді арқау етелік. Ақан Нұрманов туған әдебиетіміздің асыл мұрасындай болған артына мол әдеби мұра қалдырған қаламгер. Әрі көпшілігі саналық жағынан сараласақ әдебиетімізге қосылған елеулі үлес екенін жазушының замандастары сол кезеңде-ақ мойындағаны анық. А.Нұрмановтың «Құланның ажалы» романынан тысқары әңгіме, повестерінің өзі жеке-дара тұрған бір әлемге саналады. Ақан әңгіме, повестері болмаса әдебиетіміздің бір бүйірі ойсырап қалар еді, сол кезең жастарының жарқын бейнелері ашылмағандай болар еді.

Ақан шығармашылығының негізгі тақырыбы – ауыл өмірі, ауыл жастарының айшықты бейнелерін жасаған жазушы. Ақанды жастар арасындағы адами қатынас, моральдық мәселелер, адамгершілік, ар-ождан ахуалы көп ойландырған. Ақан шығармаларының арқауы көбіне-көп жастардың жан сұлулығы мен сезім шынайылығы, көңіл тазалығы мен мұрат биіктігіне айрықша назар аудару болып табылады, осынау жайларды аша түсу болып табылады.

Жазушы Ақан Нұрмановтың негізгі мұраты өмірдегі, адам бойындағы жақсылық, сезімталдық, қайырым, ізгілік, сезім сұлулығы, тазалық, адалдықты жазу. Шағын жанрда шебердің шыңдалған Ақан характерлі бейнелер жасауда да шебер суреткер. Ол сомдаған Құлан Кейкідей «айға ұмтылып мерт болған», «Кеңес тәртібін мойынсұнбаған» ер тұлға, нәзік жанды жастар бейнелері суреткердің шеберлік кемелдігінің айқын айшықтары болып табылады.

Жазушы Ақан Нұрмановтың негізгі де күрделі туындысы «Құланның ажалы» романы. Оның басты кейіпкері Құлан 1916 жылдары Торғайда болып өткен халық көтерілісінің басты қаһармандарының бірі. Құлан Сардармен бірге ел тәуелсіздігі жолында күресіп, аты аңызға айналған Мерген. Кейде оны қанды көйлек достары осылай атайды. Кеңес үкіметін орнатысуға Мерген белсене ат салысады. Кеңестік саясат орныға бастағанда Құланды дуанға қызметке де шақырады. Ұзақ жылдардағы жортуылдан шаршаған Мерген тыныш өмір сүруді армандайды. Жан жары Алтынкүлмен бірге ағайын арасында шаруа күйттеп, ұрпақ өсіріп, мал малданып, жан жандандыруды қалайды. Ағайындарының басын қосып, артель құрмақ ойда болады. Мойын серіктер құрып, ұйымдасындар деп жатқан Кеңес өкіметі бұл ойымды қолдар деп те ойлайды. Жоқ. Олай болмады...

Құланда қайсы біреулердің кегі барды. Кезінде ол Сардармен дос болды, тәуелсіздік жолында күресті. Кеңес саясатын көзсіз қолдады. Төңкерісшіл жылдардан кейінгі кеңесшіл саясатты Болжық сәбет, Томар милиция сынды шолақ белсенділер пайдаланып қалды. Құланның ағайындарының басын құрап «Теке» қауымдастығын құрмақ ойын жеке меншік көзқарас, баю жолы деп бағалады. Болжық пен Томар Құланды қаралап, дуанға арыз жазды. «Оның Кеңес өкіметіне ниеті жат, кезінде Алашты қолдаған. Сардарды өлтіруге қатысқан». Оны елдегі Құланды «енді ұстайды, милиция шығыпты» дегендей қауесет сөздер

мазалайды. Өзі белсене қолдап, құрысқан Кеңес түрмесіне түсуден қорланады. Мергеннің түрмеге түскені абыройсыз өлгенімен пара-пар сияқты көрінеді батырға. Қаңқу сөз, жалған жала Құланды елінен безіндіреді. Албырт та аңғал, ажжүрек батыр қағынан жеріген құландай отбасы, туғандарын тастап, жапан даланы кезіп кетеді. Ұсынғаны қалт кетпейтін мерген, өр мінез Құлдан өсектен шошынады. Кеңес түрмесіне жатуға қорланды. Жалғыз атты жапан далада жортуылдап жүр... Қашқын атанып жүр...

Иендегі «Қоғалы өткел» бойында Мерген бейшара, аласапыран өмірден соққы көріп, адасқан адам кейпіндегі Абдолмен кездеседі. Абдол-Кутский бұрынғы патша әскерінің жүзбасы, талай жазықсыз жандардың қанын мойнына артқан сілімтікті өзіне паналатып, «татар, мұсылман» екен деп, серік етіп алады. Елден шығандап бара жатқан Құлдан, алдымен, Майлықпен кездеседі. Майлық байдың жалшысы, енді ұры атанып, түрмеден келеді. Елде қатар өскен Майлықтың Мерген іштарта сөйлеседі, құрметтейтін адамы. Ертеректе байдың малын қатар бағысқандары да бар. Майлықтың қатты айтқаны: «Кеңес түрмесі қапас, оған түспе!» – деп ескертуі болды.

Қағынан жеріген Құландай болған Мерген Шарбақтай байдан да жөн сұрағандай болады. Әріден ойлайтын сыралғы бай Құлданға шешіле сыр айтпайды. Кеңестен қашқандарды жинақтап, топ құрып жүрген бандыны, Қаракұм жақтағы Көктөбетті нұсқайды. Бұрынғы кеңесшіл Мергеннің бай үшін Қаракұм бандысына қосылғаны абзал. Шарбақбай бағынды «Көктөбетпен қосылып сына» дегендей ой тастайды». Құланды, жапан даланы кезген жазықсыз батырды Рүстембай досы қарсы алады. Аңқылдаған, ақжарқын Рүстембай кеңестік саясаттың келешегіне имандай сенеді. Жаңа үкіметті құрушылардың бірі Құланды да өз қатарынан көргісі келеді. Досының бұл ойын Құлдан қолдай алмайды. Артында қуғыншылары бар.

Олар мұны түрмеге қамап, жау деп жауап алуға асық. Кеңес түрмесіне түссең, ақталып шығуың неғайбыл. Ізіме түскен милиция мен белсенділер тарапынан досыма зияным тиер деген оймен Құлдан Рүстембай ауылынан тезірек аттанып кетеді.

«Құланның ажалы» романы туған әдебиетіміздің елеулі бір табысы дерлік, айшықты көркем тілі, қызықты оқиғалары, сан алуан образ, характері бар, композициялық құрылымы жинақты, сюжеті шымыр шығарма деп бағалай отырып, Құлдан бейнесін саралау жолында автор оны қиналыстың шыңырау шыңы-тығырыққа тірелген сәтте Көктөбет тобырына әкеліп қосады... Алдында Апанас досы туралы да ойланған... Романның сюжеттік желісі ширыға түседі. Құлдан қайда барып, не істейді?

Дала кезген Құланның тағы бір үміті аудандағы милиция бастығы, қанды көйлек досы Апанасқа да көңілі ауады. Бірақ, оған жету қиын. Төрінде түрмесі де бар.

Әбден адасып, паналарға қара таппаған Құлдан Көктөбет тобырына қосылады. Бұлардың іс-әрекеті Мергенге жат көрінеді. Мақсат-мүдделері тіпті бөлек жандар еді. Бір аяқаста Көктөбет соңына ерген серіктерін сатып кетеді... Құлдан болса, соңына ерген серігі Абдолды ертіп еліне оралады. Отбасы иесі Алтынкүлмен табысып, аз күндік мәрес-сәре өмір кешеді. Рүстембай досының хабарымен ауылға Апанас Егоров досы келеді. Құлданға қорған боларлық досы табылады. Енді Торғай дуанына да баруға болады.

Апанас досы Құланды Абдолмен бірге дуанға – аудан орталығына алып шығады. Жолда, боранда бұлар адасады. Ескі қыстауды паналайды. Жақын қоныс Шарбақбай қыстауына барып тамақ әкелуге Құлдан кетеді. Осы кезең суық тиіп ауырып жатқан Егоровты Абдол тұншықтырып өлтіреді. Бай ауылынан Майлықты ерте келген Құлдан «ауруынан көз жұмған» Апанас досын көріп қатты қапаланады. Шарбақбай баймен

жымдасқан Болжық сәбет «милиция бастығын бұрынғы қашқын Құлан өлтірді» – деп ауданға хабар жібереді. Мергенді ақтап алар Апанас жоқ, өлген. Мерген ашумен Шарбақбайды қылыштап тастайды. Осы сәт оқ атылады. Майлық құлап барады. Абдол болса Егоровтың винтовкасын иығына асып береді... Құлан: «Бәрі гәріптің осы қайыршы сұмнан келгенін енді сезеді». Қасқа маңайдан көздемей Кутскийді атып салады. Мергенге де оқ тиген еді. Ескі досы бердеңкені лақтырып жібереді...

Құлан ат үстінде көз жұмды. Соңғы ойы, ризалық сөзі – Кеңес түрмесіне түспегенін шүкіршілік ету болды.

«Құланның ажалы» романының алғы сөзінде жазушы, марқұм Рамазан Тоқтаров шығармаға «реалистік туынды» деген баға береді [3,27 б.]. Ақан Нұрмановтың шебер қолданылған жақсы жазылған жазушылық стиліне айшықты сомдалған бейнелері қосылып, романның көркемдігін көтере түскендігін арнайы атайды. Сөз орайы келгенде, жазушының көркем шығармаларында характер жасау шеберлігін жүйелей сөз етер болсақ, жазушы шеберлігін тәнті боласың. Әсіресе, романның сюжеттік желісінің шымырлығында, композициялық құрылымы жинақылығында, характерлер жасау шеберлігінде Ақан қаламының бабы бар.

Жазушы Ақан Нұрманов «Құланның ажалы» романында адам баласы бойындағы ізгі қасиеті саналатын биік адамгершілік мұратты бейнелеуді мақсат еткен. Құландай батыр мәрт жанның рухани сипатын өмірінің ең бір ауыр сәтін шындықты іздеген күйзеліс кезеңі сырларын ашу арқылы суреттейді. Осы орайда Сағат Әшімбаев «Роман арқауы – әлеуметтік шындық» аталатын мақаласында былай деп жазады: «Психологиялық талдау – қоғамдық құбылыстың шырқау шыңы адамды, оның жанындағы сезімінің жықпылдары мен қат-қабат қалтастарын, шуағы мен ызғарын, ондағы қарама-қайшылықтарды

дәл де нақтылықтың жағадайда зерттеудің тамаша тәсілі...» [4,17 б.].

Әділдікті іздеген, ат үсті ойда жүретін батыр айға шапқан арыстандай алданышта мерт болды, аңғалдық жасады. Ізшіл, мерген, батыр адамы Құлан аңғал да. Туған жерін сүйді. Адамгершілік ары жоғары еді. «Банды» аталып жапан даланы кезді, елден безді, шындықты іздеді. Өмір өзгерістерін түсінбеді. Мәрттігіне орай түсінгісі де келмеді. Жазушы суреттеуінде Құлан көз алдына мерт болса да ат үстінде асқақ күйінде қалады. Батыр ат үстінде мерт болды. Кеңес түрмесіне отырмай кетті. Қазақстан республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, сәулетші, жазушының жерлесі Әбдісағит Тәтіғұлов жазғандай: «Қызыл қырғында азаматтықтың соңғы дауылпаз символы болып ең «соңғы дала көкжалы» торғайлық батыр Кейкі Құлан кетті бұл өмірден, Эрмитаждың төрінен орын алып...» [5,23 б.].

Жазушы Ақан Нұрманов суреттеуінде Құлан – асқақ жан, «дала көкжалы» пендесіне бас имей кеткен характерлі бейне.

Жазушы сомдаған романдағы айшықты бейнелерді сөз етпес бұрын сол бейнелердің шырайын шығаратын әдебиеттегі характер жасау ұғымына түсінік іздеп көрелік.

Ғылым докторы, профессор Рымғали Нұрғалиев «Телағыс» монографиясында әдебиеттегі характер жасау ұғымына былайша түсінік береді: «Көркем шығармада адамдар арасындағы сан алуан, қат-қабат, шытырман, күрделі қарым-қатынастар, тұлға мен табиғат орайындағы сала – сала байланыстар жан-жақты бейнеленеді. Болмысты эстетикалық тұрғыдан танудан әдеби характердің маңызы зор. Характер – белгілі әлеуметтік тарихи орта, қоғамдық жағдайлардың әсерінен туып қалыптасқан адам мінезінің қалпы...» [6,114 б.].

Профессор ойының жетегінде Ақан Нұрмановтың характер жасау шеберлігіне «Құланның ажалы» романы негізінде Құлан батыр бейнесі болып табылады.

Ақан Нұрманов болса, тарихи тұлға, ел тәуелсіздігі жолында күрескен Құланды барынша шебер сомдаған, тұлғаны көпке танытқан.

Жазушы Ақан Нұрмановтың артында өшпес мұра, өміршең де мәрт, сыршыл да сезімтал тұлғалар қалды. Тәуелсіз еліміздің жасампаз ұрпағын тәрбиелеуде жазушы шығармалары рухтандыра береді деп сенеміз. Өйткені, найзағай ғұмыр кешкен қаламгердің артында қалған шығармалар үні, автордың айтары соған саяды.

Ақан аз жазса да наз жазған қаламгер. Құланды – батыр, құралайды көзге атқан мерген, ең бастысы ел тәуелсіздігі жолында мерт болған көзсіз Ер. Оның бұл ерлігі тәуелсіз ел жастарын ынтымаққа, елдікті қорғауға үндейді. Автордың елжірей жазған өз замандастары да өміршең жандар. Демек, Ақан шығармашылығы өмірден-өмірге жалғасып жасай бермек, ұмытылмақ емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нұрманов Ж. «Қостанай таңы» газеті. 1999 жыл, 14 мамыр, 4 б.
2. Рамазан Д. Хан Кененің қазасы. ҚАЗАқпарат.-Алматы, 2002. – 123 б.
3. Тоқтаров Р. Уақыт пен парыз. «Егемен Қазақстан» газеті 5 маусым – 1998. - 27 б.
4. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық.- Алматы: Жазушы, 1985. – 176 б.
5. Тәтіғұлов Ә. Алыстан мұнар көрінер. «Қазақ әдебиеті», 7 қараша 2003. –23 б.
6. Нұрғалиев Р.Телағыс. - Алматы: Жазушы, 1986. – 114б.

РОМАН И МАСТЕРСТВО В СОЗДАНИИ ХАРАКТЕРА

Абдуллина Ардак Амирхановна

Кафедра казахского, русского языков и литературы

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Писатель Акан Нурманов оставил богатое художественное наследие. Основное кредо его творчества – писать о человеческой добродетели милосердия, святости, чистоте чувств, честности. В создании характерных образов в рамках небольшого жанра Акан также является непревзойденным художником слова. Созданные им образы Кулана Кейки, молодых героических личностей с тонкой душой «погибнувших устремляясь ввысь», не признавших советских порядков, остаются яркими гранями его художественного мастерства.

Ключевые слова: писатель, герой Кейки, мастер – художник, молния, век, литературное наследие.

SKILLS OF DOING NOVEL AND CHARACTER

Ardak Abdullina

Department of Kazakh, Russian Languages and Literature

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: Akan Nurmanov as a writer during his creative writing career had left lifelong and huge heritage. Akan Nurmanov's life credo was to write truly the persons feelings, thoughts, sincerity and kindness. His main character Kulan resembles Keiki, national hero who opposed the soviet power and sacrificed his life defending his belief on liberty.

Keywords: writer, literary heritage, Keiki batyr, talented writer, thunderstorm life.

ӘОЖ 528.942

БІЛІМДІ КОМПЬЮТЕРЛІК БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖАСАУ АСПЕКТІЛЕРІ

Ажибекова Перизат Сеитханқызы

Информатика кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

azhibekova.91@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада білімді компьютерлік бақылау тапсырмаларын жасау аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар, компьютерлік бақылау тапсырмаларын жасау аспектілерінің түрлері: әдістемелік және техникалық аспектілеріне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: бақылау, компьютерлік бақылау, әдістемелік аспекті, техникалық аспекті, дағды, іскерлік.

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы айрықша. Бүгінде компьютерлік бақылау тапсырмалары өзекті мәселе болып отыр. Бақылау әдісін таңдауға ерекше көңіл бөлу керек, оны тиімсіз түрде пайдалану, көбінесе, мұғалімдердің еңбектерін еш етеді. Алдын ала жоспарланбаған нәтижелерді бағалау жүйесінің жұмысы, білім сапасына өзінің жағымсыз әсерін тигізеді. Қазіргі заманда ұсынылған білімді компьютерлік бақылау әдісін қарастыра отырып және оқыту үдерісінің қазіргі таңдағы талабын ескере отырып, білімді бақылаудағы әдістің деңгейі мен артықшылығын анықтайтын маңызды фактор. Бұл білім алушылардың жеке мінездемесіне дағдылану деңгейі және бақылау тапсырмаларын өткізудегі қолайлы параметрді қолдану мүмкіндігі (мысалы: бақылау тапсырмасының түрі мен саны, бақылау уақыты, көмек түрі және т.б.).

Білімді компьютерлік бақылау мәселелері: әдістемелік және техникалық екі аспектіде қарастырылады.

Білімді бақылаудағы әдістемелік аспектілері педагогикалық және

психологиялық сұрақтардың шешіміне байланысты, яғни білімді бақылауды ұйымдастыру дидактикалық көзқараспен қарастырылады. Әдістемелік аспектілерге :

- Студенттің білімін, дағдысын, іскерлігін бақылау үшін тапсырмалар таңдауы («нені бақылау?»);

- білім бақылауының өткізілуін жоспарлау («қай кезде бақылау?»);

- бақылау тапсырмалар жинағының құрылымына деген талапты анықтау («қалай бақылау?») жатады.

1. *Студенттің білімін, дағдысын, іскерлігін бақылау үшін сұрақтың түрі мен құрделілігін анықтау.* «Нені бақылау?» деген сұрақтың өзі сол білім беру үдерісіндегі педагогикалық мақсатпен тығыз байланысты. «Неге үйрету керек?» деген басты дидактикалық сұрақ, білім беру, оқыту мақсаты анықтамасының ішіне кіреді, яғни бұл компьютерлік жүйені құруда маңызды орын алатыны белгілі. Компьютерлік білімді бақылауды ұйымдастыруда өтілетін бақылаудың мақсатын, әрбір оқу үдерісі кезеңінде студенттің оқу материалын меңгерудегі дайындығының қай деңгейге сәйкес келетінін анықтау, пайымдау, түсіну, есте сақтау кезеңінде студенттің пәндік аймақтағы білімі және негізгі жағдайды түсіну деңгейлері бағаланады. Алған білімді нақты мақсаттарды шешуге не танымдық дербестікті көрсету жағдайында

қолдана білу, бұл білім мен дағдының талабына сәйкестік деп бағаланады. Білім сапасының әрбір деңгейіндегі бағасы (білім, дағды, іскерлік), тапсырмалардың түрлі үлгілерін қолдану арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бақылау үшін тапсырмаларды дайындауда қандай білімді, дағдыны, іскерлікті бақылауға және берілген тапсырма қандай білімді бақылаудың түріне арналғанын анықтау, сондай-ақ оны бақылау тапсырмалар қорына ену мақсаты тұжырымдамасын орнату маңызды.

2. *Білімді бақылауды өткізуді жоспарлау.* «Қай кезде бақылау?» деген сұрақ білім мен дағдыны толығынан бақылау мәселесімен байланысты. Оқу үдерісі, талап ететін білімнің, дағдының және іскерліктің қалыптасуындағы уақытқа бөлінген үдерісі ретінде қарау қабылданды. Тап осы жағдайда, бағалану кезеңмен болып жатыр және бұл толық, сапалы бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Өтілетін бақылаудың уақытына қарай, білімді бақылаудың төрт түрлі айырмашылығы бар (Зайцева, 2002): бастапқы (алдын ала) бақылау (оқу алдын өтіледі, бұл студенттің бастапқы білім деңгейін бағалауға және соған сәйкес оқуын жоспарлауға мүмкіндік береді); ағымдық бақылау (оқу кезінде жүзеге асады, бұл студенттің оқу материалдарын жеке ұғыну деңгейін анықтап, пәнді ары қарай алып кету бағытын дұрыстау жасалады); аралық бақылау (оқудың белгілі бір кезеңі аяқталғанда өтеді, бір тақырып не курстық бөлім бойынша, студент білімінің деңгейін бағалау үшін қолданылады); қорытынды бақылау (студенттің бүтіндей курс бойынша алған білімін, дағдысын, іскерлігін бағалауға мүмкіндік береді).

3. *Бақылауға арналған тапсырмалар мен тапсырмалар жиынтығын құрастырудағы талаптар.* Оқу үдерісінде компьютерлік технологияны пайдалану, оқу қызметін үлгілеу ретінде, мұндағы компьютер мұғалімнің бірқатар қызметін басқару алгоритмдік көрініс ретінде диалог ұйымдастыру ұсынылуы мүмкін.

Сондықтан, бақылаудың маңызды әдістемелік аспектісі бақылаудың түрі мен мақсатына байланысты, бақылау тапсырмаларының жинағын құру болып табылады. Бақылау үшін тапсырмаларды құрудағы әдістер: кездейсоқ тізбектелген сұрақтар мен тапсырмалардың әр түрлі күрделілігі және маңыздылығы; белгілі деңгейдегі дайындықты (білімді, дағдыны, іскерлікті) бақылауға келтірілген және берілген жүйелікте көрсетілген түрлі қиындықта берілген тапсырмалардың арнайы жиынтығы; тапсырманың күрделілігіне қарай өсуін көрсететін жиынтық; орындау тәртібін студенттің өзі таңдайтын тапсырма тобы.

Техникалық аспект бірінші кезекте, жоспарланған білімнің бақылауын жүзеге асыру мәселесімен, бақылау жұмысын бағалайтын қолайлы алгоритмді таңдаумен байланысты. Техникалық аспекттерге мыналар жатады:

1. *Таңдалған тәсілге негізделе отырып бақылау тапсырмасының жиынтығын құру.* Берілген аспект білімді бақылау компьютерлік жүйесіндегі өтілетін бақылаудың түрі мен мақсатын ескере отырып, білімді бағалау мен бақылауды өткізілуіне тікелей байланысты. Бақылау тапсырмаларын құрастырудағы таңдаулы әдіске негізделе отырып, тапсырманы (не тапсырма жинағын) студентке тапсыру және бақылау үшін автоматтық дайындық жүреді, яғни бақылау жүйесі білімді бақылаудың түрлі параметрін ескере отырып бақылау тапсырмаларын сауатты жолмен жүзеге асырады.

2. *Бақылау жүйесіндегі білімді бақылау параметрін таңдау және пайдалану.* Бақылау параметрі шартты түрде үш топқа бөлінуі мүмкін: жеке тапсырмалар және оның орындалуын сипаттайтын параметрлер (мысалы, тапсырманың дидактикалық сипаттамасы; тапсырма түрі; тапсырманы орындаудағы берілетін уақыт; студенттің тапсырманы орындау уақыты; тапсырманы орындау кезеңіндегі анықтама ақпаратына жүгіну саны; тапсырманы орындаудағы әрекет

саны және т.б.); студенттің бақылау тапсырмасының жиынтығымен жұмыс жасауын сипаттайтын параметрлер (тапсырма саны; жауап саны; дұрыс жауап саны; қате жауап саны; тапсырманы орындаудағы жалпы жіберілген уақыт; артық уақытпен орындалған тапсырма саны; тапсырманы орындаудағы анықтама акпаратына жүгіну саны; студенттің дайындық деңгейі; орындалмаған тапсырманың саны; бақылау жұмысының күрделілігі; қиындылығы және маңыздылығы т.б.); алгоритмді баптау үшін пайдаланатын параметрлер, әдеттегідей, мұғаліммен тапсырылады, алдын ала анықталған мағыналары болуы мүмкін (ең көп ұпай не баға; баға қоюдағы шекеудің мәні, т.б.)

3. *Студенттің білімін бағалаудағы алгоритмді таңдау.* Кез келген білімді бағалау алгоритмі бақылау үдерісінде алатын, тікелей сол бағаның (ұпай, рейтинг, деңгей санын) құрайтын деректерді жинауын, талдауын не

өзгертуін қарастырады. Бақылаудың аяқталуына ғана қарай қойылатын бағалар, яғни бағалау үдерісінің соңғы кезеңінде қолданылатын алгоритмдердің айырмашылықтары бар. Бірақ көбінесе алгоритмдер, жеке тапсырманы, бақылау жұмысын орындауы үшін не бүтіндей тәртіпке баға қойылуы мүмкін білім бақылауымен қатар қолданылады, сонымен қатар алынған баға міндетті түрде, білімді бақылауда өтетін әдісте ескеріледі.

Оқу міндетіндегі компьютерлік әдісті құрудағы ең бір маңызды мәселе, ол білім бақылауын ұйымдастыру. Сонымен бірге, құрылған жағдайды талдай отырып, қазіргі кезде білім алушылардың компьютерді оқудағы әрекетін, икемін, білімін сапалы бағалаудағы мәселесін шешу, білім алушылардың даралық қабілеттілігін ескере отырып, сенімді білім алуға мүмкіндік жасайтын ұйымдастырылған әдістің және білім бақылауы өткізілуінің дұрыс таңдауымен байланысты деп тұжырым жасауға болады.

Бақылауды өткізудің әдістері мен бағалаудың әдістері тығыз байланысты. Алгоритмді бағалау және бақылау үшін тапсырмалар жинағын құрудағы ана не өзге тәсілді қолдану, білім алушылардың дайындық деңгейін талап ететін білімді бақылау параметрін пайдаланатын білім бақылауының түріне және мақсатына байланысты. Сондықтан, білімді бақылауды ұйымдастырудағы модель мен тәсіл таңдауы, студент және оның жұмысы жайлы толық мәліметтің білім бақылауындағы компьютерлік жүйесінде, сондай-ақ білімді бақылаудың жоспарлы түрін қаншалықты пайдалануына байланысты.

Сонымен, білімді компьютерлік бақылаудағы үдерісті басқару үшін, бір жағынан бақылаудың (ұйымдастырудың) өтетін әдісін, екінші жағынан орындалған бақылау жұмысының нәтижесіне қарай студенттің білімін, дағдысын және іскерлігін бағалау әдісі мен үлгісі болуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы».
2. Аванесов В.С. Основы научной организации педагогического контроля в высшей школе. –М.: Исследовательский центр по проблемем управления качеством подготовки специалистов при МИСиС, 1989. -168с.
3. Маслов А.С. Высшая школа и ее педагогические основы: система контроля знаний: Учебное пособие. –Волгоград, 1993.-148 с.
4. Зайцева Л.В. Некоторые аспекты контроля знаний в дистанционном обучении. - Образование и виртуальность - 2000. // Сборник научных трудов 4-й Международной конференции – Харьков – Севастополь : УАДО, 2000, - с. 126 - 131.
5. Зайцева Л.В. Некоторые аспекты контроля знаний в дистанционном обучении. - Образование и виртуальность - 2000. // Сборник научных трудов 4-й Международной конференции – Харьков – Севастополь : УАДО, 2000, - с. 126 - 131.

6. Вергазов Р.И., Кревский И.Г., Жильцов А.Ю. Подсистема статистики и проверки качества тестовых материалов// Университетское образование: Сборник материалов VII Междунар. науч.-методич. конф. - Пенза: ПДЗ, 2003. - С.497-498

АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ ВОПРОСОВ ДЛЯ КОМПЬЮТЕРНОГО КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ.

Ажибекова Перизат Сеитханкызы

Кафедра Информатики

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются аспекты составления задания компьютерного контроля знаний. Кроме того, характеристика видов аспектов создания компьютерных контролей знаний: методические и технические аспекты.

Ключевые слова: контроль, компьютерный контроль, методический аспект, технический аспект, навыки, умение.

ASPECTS OF DEVELOPMENT TASKS FOR COMPUTER CONTROL OF KNOWLEDGE.

Perizat Azhibekova

Department of Informatics

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article discusses aspects of drafting assignment of computer control of knowledge. In addition, the characteristics of the types of aspects of the creation of computer control of knowledge: methodological aspects and technical.

Keywords: control, computer control, methodical aspect, technical aspect, skill, skills.

ӘОЖ 37

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЫ

Айдарова Гулжан Кенжекейовна

Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
aydarova_1969@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл мақалада ұлы ойшыл Абай Құнанбаевтің қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесі қарастырылады. Абайдың қара сөздеріне танымдық талдау жасалынған. Тәрбие міндеттеріне сай жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі негізі арқау болып табылады. Талданған өлең жолдарынан мазмұнына сай ойдың тереңдігі байқалады. Ұлағатты ой-пікірлер бүгінде оқу-тәрбие үрдісінде тағылымды мұра болып табылады.*

Түйін сөздер: ұлы тұлға, ғылым, қара сөз, шеберлік, дана

Абай Құнанбайұлы – ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған дана. Абай десе қараңғылықта өмір сүрген қазақтың көзін ашуды көздеген қара өлеңдері мен өсиет, нақыл сөздері ойымызға оралады. Алайда дара тұлғаның еңбектерінің түбіне үңіліп қарайтын болсақ, гуманизмнен бөлек адамзат психологиясының ерекше қырларын көрсететін элементтерді таба аламыз. Абай арнаулы психологиялық еңбектер жазған жоқ, бірақ біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және бағалы пікірлер табамыз. Ол өзінің психологиялық пікірлері мен ұғымдарын көбінесе поэтикалық шығармаларында сол сияқты өсиет, үлгі-өнеге сөздерінде (ғақлияларында) айқын көрсетіп отырды. Сөйтіп, Абай көптеген шығармаларында өзінің психология мәселелеріне көзқарасын белгілі шамада толық айтып берген ең бірінші қазақ болып табылады.

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім», -деп өзі айтқандай, өз халқының жарқын болашағы үшін ежелгі дүниенің даналарына көз салған. Сократ, Платон, Аристотель сонымен қатар батыс ғалымдарының да ой сараптауларын сүзіп шыққан. Мұның бәрі кім үшін?

Әрине, өзінің елі, халқы үшін күнді-күнге, түнді-түнге ұрып ой шырғауында бола отырып, оның болашағына сара жол

іздеумен болатын. Ұлы Абай өз халқының келешегі ғылым-білім, өнерде екенін айқын аңғартып, сол кездегі қазақ халқын қараңғылық құрсауынан шығармақ болды.

Абайдың қай сөзін алып көрсек те адамгершілік, имандылық қасиеттерге үндеп отырады. Тіпті жеке бастың қасиеттеріне де тоқтайды. Мысалы, 18-ші қара сөзінде: «Адам баласы жыртықсыз, кірсіз сыпайы хәм ол киімін былғап кимей, таза кимек дұрыс іс», -дейді[3.176.].

Өмірдің қыр-сырын жете зерттеп бір халықтың психологиясы мен қасиеттерін таба білген Абай атамыз өзі айтқандай адамгершіліктің биік мақсатын қадір-қасиетін айта отырып, халықтық тәрбиелеудің негізін қалап кетті. Бұл тұрғыдан Абай атамыздың қара сөздерінің шешендік, ұлағатты сөздері жасөспірімдердің санасына ерте сіңіре білсек, олардың болашағынан да үлкен үміт күтуге болар еді[2.156.].

Абай психологияны зерттеуде, біздің байқауымызша өзі психология ғылымының мазмұны деп таныған үш түрлі мақсат көздеген. *Біріншіден*, Абайдың түсінігінше өлең мен ән адамдардың жан дүниесіне кіріп кетуі керек. Олардың алтын қазынасы болып табылатын ең бағалы сезімдерін қамту керек. Өлеңнің іші (мазмұны) – алтын, сырты (формасы, түрі) күміс болып келуі керек.

Ән адамның барлық бастан кешкендерін еске түсіреді, қайғынды немесе қуанышынды жаңғыртады, барлық өткендеріңді бастан аяқ бір-бірлеп еске түсіруге мәжбүр етеді. Біресе біреудің өзіне сыбырлағанын естігендей боласың, біресе күнде алдағыш қуардың сөзіне сене бастайсың. Ән тыңдау арқылы дейді ақын:

Ішіп терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.
Тағы сене бастаймын,
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын
Мен ішпеген у бар ма? [4.15б.].

Әннің адамның психологиялық әрекетіне әсері жайлы айта келіп, Абай адамның көңіл-күйі, оның терең ойлануының нәтижелі сәулесі, ал ән сол көңіл-күйдің қылын шертетін көлеңкесі деп көрсетеді.

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа
Адам ойы түрленіп ауған шақта
Балғын ән көлеңкесі сол көңілдің
Тақтысына билесін ол құлаққа
[4.30б.].

Ән адамды қанағаттандырғандай болады, оның сезімін тербетеді, рухтандырады. Ән деген-ол рақат, бірақ оны кез-келген құлақ тыңдай білмейді, тек ойлы құлақ қана тыңдай біледі. Ән адамның қайғысы мен қуанышын жандандырады, ұйықтап жатқан сезімін оятып сілкіндіреді. Ән адам ойлары мен көңіл-күйін көрсетеді.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің әсері бар
Көкірегі сезімді тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар.
Көңілінің көзі ашық сергек үшін
[5.28б.].

Абай бұл сияқты айтқандарынан мынадай қорытынды өзінен-өзі келіп шығады: поэзия адамның психологиясына әсер етудің мықты құралы болып табылады, бірақ оның әсер етерліктей күші болуы үшін адамдардың психологиясын жақсы білуі керек және оған әсер ете білуі керек. Олай болса, поэзиямен шұғылданып жүрген әрбір адамның психикалық әрекеттерінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылығын зерттеп, оны жақсы білетіндей болуы керек.

Екіншіден, Абай өз халқының саяси правосыздықтан, экономика, мәдени жағынан артта қалушылықтан құтқарудың жолы халықты ең алдымен жас буынды ағартуда және адамгершілікке тәрбиелеуде деп біледі. Ол қазақ жастарын орыс мәдениетін және орыс тілін үйренуге, орыс халқының барлық ілгері жақтарын қабылдауға үгіттейді. Абай оқу жұмысы әсерлі, табысты балалардың психологиясын жете білу керектігі және оларды оқыту, тәрбиелеу ісін балалар психологиясының ерекшеліктерімен санаса құйып қана қоймай, мұнымен бірге оны жан-жақты дамуға бағыттап құру керек екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Үшіншіден, Абайдың толып жатқан өлеңдері мен айтқандарынан адамның психологиясын жете білуге аса зер салғандығын және оның өзін күнделікті өмір үшін қажетті нәрсе деп есептегендігін көруге болады. Әлеуметтік еңбек өмірде және тұрмыста дұрыс қарым-қатынас жасай білу достық қарым-қатынас жасау-міне, осылардың бәрі Абай түсінігінде адамның психикасы мен мінездерінің ерекшеліктерін тани білуді талап етеді.

Психология мәселелерін қараған Абай сол кезде қалыптасқан (ақыл, сезім және ерік) бөлуді алады да, оның мазмұнына түсінік беруге талпынады.. (Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек», «Он жетінші қара сөз», «Жиырма жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз» т.б). Ақыл-ой құбылыстарына ол түсіну мен қабылдауды елестету мен есті, қиялдауды, ойлау мен ақылдың өзін (яғни сананы) жатқызады.

Ерік (Абайша қайрат, ақыл) немесе сана түсінігінде бұл екеуін бір деп таныған және сезім бірлестікте болуы керек бірақ бұлардың арасы ажырап кететіндей жағдай туа қалса, онда қашан да басқарушы және жетекші рөл атқаратын жүрекке, яғни сезімнің қалай дегеніне жүгіну керек.

Тек тәжірибе арқылы сыртқы дүниені сезім мүшелерінің тікелей сәулелендіруі арқылы ғана адам ақиқат шындықты танып біледі. Адам сыртқы дүниенің құбылыстарын суреттердің көшірмесі түрінде қабылдайды. Өзінің қырық үшінші сөзінде Абай сыртқы дүниеден алынған хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен суретімен көңіліне түседі,-деп жазады.

Абай түсінулерді сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттардың біздің сезім мүшелерімізге әсер етуінің нәтижесінде пайда болатын психикалық функциялар деп қабылдайды, ал сезім мүшелерімізге әсер ететін сыртқы заттар мен құбылыстар жағымды, я жағымсыз болып қабылдануы мүмкін.

Абай ес ұғымына анықтама беріп, оның мәнін ашып бермесе де оның адам өмірінде, әсіресе мәдениетті меңгеруде ерекше маңызы бар психикалық функция деп қарап оған өте көп көңіл бөледі.

Отыз бірінші қара сөзінде ол еске сақтап қалуға төселдіретін (жаттықтыратын, төсілдіретін, үйрететін) негізгі төрт түрлі жағдайдың болуын атап көрсетеді. «Естіген нәрсені ұмытпасқа» деп жазады ол-төрт түрлі нәрсе бар, әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екіншісі, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибраттану керек, көңілденіп, тұшынып ынтамен ұғу керек. Үшіншісі сол нәрсені ішінен бірнеше рет қайтарып ойланып көңілге бекіту керек. *Төртіншісі*, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек, егер ол кез болып қалса салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы, күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді бұл төрт нәрсе-күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрсе».

Қиял-Абайдың түсіндіруінде ғылымның дамуына зор маңызы бар адамның ішкі қабілеті болып табылады. «Білім-ғылым көбейтуге екі қару бар, адамның ішінде бірі мұлахаза (ойлау, пікірлесу), екіншісі берік мұхафаза (сақтау, қорғау) қылу бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды»-дейді Абай [6.19б.]. Сондықтан қиял мен ойлауды жан-жақты дамытып отыру керек. Бірақ мұның өзінде пайдасыз, нәтижесіз, жеміссіз бос қиялдан, ойдан сақтандырып оқыту керек. Абай қиялдау мен ойлау туралы айтқанда олардың арасына тиянақты шек қоймайды.

Ойлау - күрделі психикалық процесс. Оның мазмұны өте бай болады, ешқандай сөз ойдың барлық байлығын қамти алмайды, дәл бере алмайды.

Абай көбінесе «жан» деп айтқанда бұл ұғымға жаратылыстан жоғары бір күшті, метафизикалық ұғымдар кіргізбейді, қайта құбылыстарды, бірақ адамның дене құбылыстарының емес, психикалық рухани құбылыстарды айтады.

Жетінші қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды танудағы сондайдан білгені көргені көп адам білімді болады» [1.35б.].

Ақыл-ойдың даму дәрежесі талаппен байланысты болады. Алайда кейбіреулер белгілі бір талап кімде болса, сол ғана ақыл таба алады, ал кімде талап аз болса, сол ақыл таба алмайды.

Абай шығармаларын психологиялық қырына талдау жасай келе, қазақ халқының ұлы ағартушысы, данышпан ақыны және асқан ойшылы Абай адамдардың психологиясын өте шебер ажырата тани білген және психология мәселесі жөніндегі өз ойларын өзінің өшпес мұрасында (өлең үлгі-өнеге сөздерінде) өте шебер бере білген деген қорытындыға келуге болады. Оның еңбектерінен біз бірқатар маңызды, құнды, нұсқалы психологиялық қағидаларды байқаймыз.

Алайда Абай аз ба, көп пе өз дәрежесінде психологиялық көзқарастардың жүйесін жасап, психология ғылымын зерттеумен шұғылданған ең бірінші қазақ екенін айтып өтуіміз керек.

Дәл бүгінгі қыры кетіңкіреп тұрған заманды Абай көріп тұр ма қалай? Мынау секілденіп, сауда-саттықпен азып-тозып бара жатқан кей ұрпағына үн қатып, ой тастап тұр емес пе? «Ей, әлеумет! Ата-бабамнан қалған мұра деп шырылдайтының дұрсы-ақ екені сол жердің қызығын көретін кезің ғой. Еңбек ет, жеріңнің жемісін же! Байлығына ие бол, иелік еңбекпен келеді, еңбексіз құр айқаймен ие бола алмайсың!»-деп тұрған жоқ па.

Жастықта бір күлгенің-бір қаралық,
Күлкі бакқан бір көрер бейшаралық
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе
Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

25-сөзінен «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік

дағдасуына(тендей) кіреді, аса арзанына жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік» деп бүгінгі заманның бірден-бір қажеттілігі болып тұрған үйрену мәселесіне жол нұсқаса, 45-сөзінде «Құдай табарака уа тағаланың барлығының үлкен дәлелі неше мың жылдан бері әр түрлі сөйлесе де бәрі де үлкен құдай бар деп келгендігі, неше мың түрлі діннің бәрі ғаділет, махаббат, құдайға лайықты дегендіг»-деп жаратушыны мойындай отырып «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», дейді [1.23б.].

Абай елді ел, адамды адам ететін тек еңбек дейді. Еңбек ете алмаған елдің бүгінгі бүтін, ертеңі берік еместігін үйретті. Оның ойынша, еңбектен қашып, жұмысты жек көрген адамның өмірі бір-бірін аңдуымен, бір-бірін тонаумен өтеді деп білген.

Ұрпаққа осыншалық өнегелі сөз, ғибраты мол нақыл сөздер қалдырған, қашанда адамгершіліктің асқақтығын дәлелдеп өткен Абай жаққан шамшырақ ешқашан өшпейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өмірәлиев Қ. Абайдың афоризмі. – Алматы. Қазақстан. 1993- 17б.
2. Жарықбаев Қ. Қалиев С. Қазақ тәлім- тәрбиесі. Алматы .Санат.1995- 15б.
3. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. Жазушы. - Алматы,1976-15б.
4. Абай Құнанбайұлы. Шығ. жинағы. –Алматы: Жазушы.-Т.: Өлеңдер мен аудармалар.-2005- 28 б.
5. Абай Қара сөз. Поэмалар . - Алматы : Ел, 1993.-19б.
6. Құнанбаев А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер.- Алматы: Жібек жолы, 2005.-35б.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АБАЯ

Айдарова Гулжан Кенжекейовна

Кафедра казахского, русского языков и литературы
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Статья посвящена рассмотрению нравственного воспитания в словах назидания Абая. Составлен познавательный анализ на слова назидания. Главной темой является проблема становления личности в соответствии с задачами воспитания. В анализируемых строках стихотворения существует глубина мыслей, соответствующая содержанию. Великие мысли Абая на сегодняшний день являются наследием для учебно-воспитательного процесса.

Ключевые слова: великая личность, наука, слова назидания, мастерство, мудрый.

PSYCHOLOGICAL PECULIARITIES OF ABAI'S WORKS

Gulzhan Aidarova

Department of Kazakh, Russian Languages and Literature
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The article is devoted to the moral education in the Abai's words of edification. It is a cognitive analysis to the words of edification. The main topic is the problem of formation of the person, in accordance with the tasks of education. In the analyzed lines of the poem there is a depth of thought corresponding to the content. Great thoughts of Abai today are a legacy of the educational process.

Keywords: great personality, science, words of edification, skill, wise.

ӘОЖ 528942

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАРИХТЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аймағамбетұлы Роман

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, АрқМПИ доценті
roman_aima@mail.ru

Аңдатпа: *Тарих – қоғамдық пәндердің маңыздысы. Ол жас ұрпақтың бойында гуманитарлық білімнің қалыптасуында маңызды орын алады. 12 жылдық білім беру жүйесінде мектеп мұғалімдеріне қойылатын талап та күшейеді. Ол мұғалімнің қазіргі уақыттағы жаңа технологияларды қаншалықты деңгейде қолдана алатындығына байланысты. Сонда ғана білім сапасы артады.*

Түйін сөздер: *Мектеп, білім, 12 жылдық, тарих, мұғалім, сапа, жаңа технология.*

Адам бойындағы өмірге деген белгілі бір көзқарастарды қалыптастыру процесінде қоғамдық пәндердің алатын орны ерекше. Әрине, өзінің мамандығына байланысты пәндерді ғана игеріп, еңбек ете беруге де болады. Алайда тұлғалық қасиеттердің адам бойында болуы мен өзіндік «Меннің» қалыптасуы, өзіндік пікірді білдіре алуы жолында гуманитарлық, оның ішінде тарих пәнінің өзіндік рөлі жоғары екендігіне ешкім дау айта алмайды.

Отарлық бұғаудан енді ғана босанған жас мемлекеттер үшін тарихи сананы қайта жаңғырту процесінің іске асуы мектеп бағдарламасындағы қоғамдық пәндермен тығыз байланысты. Ұлттық тарихты біз әлемдік тарихтан бөлек оқыта алмайтындығымыз ақиқат, себебі Қазақ тарихының қай кезеңі болмасын ол дүниежүзілік тарихтың бір бөлшегі. Сондықтан ХХІ ғасырдағы тарих пәні – адамзат қоғамының дамуын алға басу жолындағы барлық мемлекеттердің болашақ игілігі үшін өз патриоттарын даярлау жолындағы басты бағыт беруші негізгі пән болып табылады [1, 23 б.].

Тарих пәні небір тамаша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды жеке тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін баяндайды. Осылардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, саналы азамат

болып қалыптасуына үлес қосады. Әрбір шәкірт өзінің тарихы тереңдерге бойлаған қазақ даласында туғанын мақтаныш ететіндей болуы керек. Қазақ елдің өткені мен тарихын зерттеуге бар ынта-ықыласпен, ниетімен, күшімен, немқұрайлы қарай алмайтындай даяр болуы шарт.

Тарихи білім мен тәрбие беру жастардың туған халқының рухани әлемінен нәр алуына, оның мәдениеті мен тарихының бастауын байыптауына жәрдемдеседі, халық поэзиясы, музыкасы мен бейнелеу өнерін терең түйсінуіне жетелейді. Себебі қазіргі қазақ жастарына тек жалаң білім емес, ортағасырлық ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл Фараби бабамыз айтқандай, «Білім мен тәрбие – жас ұрпақтың қос қанаты» демекші оны ұлттық тәрбиемен ұштастыра білу де маңызды. Тарих дегеніміз тек қана сол елдің аймағында болған саяси оқиғалар тізбегі емес, ол мәдениет, тұрмыс, салт-сана, шаруашылық ерекшеліктері, діни түсінік. Осы арқылы тарих деген сөздің түсінік аясын кеңейту арқылы жас ұрпақ бойында толық ұлттық қасиеттердің қалыптасу процесін іске асыруға болады [2, 5 б.].

Тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолдары мектепке дейінгі, мектептегі және жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі,

бұқаралық ақпарат құралдарының, мәдениет мекемелерінің қызметі болып табылады. Бұлардың басты міндеті: қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түйсіну ахуалын туғызу. Өткен дәуірлердің мәдениеті, тарихы осы заманғы қоғамның тынысына айналуы тиіс.

Қазіргі таңда елімізде тарихи білім беру ісі реформалана бастағанына біршама уақыт болса да, әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан мәселелер баршылық. Алайда оларды түбегейлі шешу қандай жағдайда болмасын мынадай принциптерге сүйенуі керек:

- тарихилық пен ғылыми объективтілік;
- тұжырымдамалық ой-пікірдің ашық айтылуы;
- төзімділік пен әділдік;
- тарихи ақиқатқа адалдық.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да - мектеп. Сондықтан да қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда тарих сабағын қызықты етіп өткізу, оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алатын бағыты болуы керек.

Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар «ақындардың ақыны» деп бағалап жүрген М.Жұмабаев былай деп жазған болатын: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебіне салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе. Бұл - ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да ақтарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік хәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.

Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт». Өткен ғасырдың басында айтып кеткен күмән келтірмейтін мұндай ақиқаттың қазіргі уақыттағы біздің еліміз үшін басты мәселеге айналғанына да бірталай уақыт болды.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай тиімді пайдалана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Тарих сабағын оқыту барысында туған елінің тарихын өз бойына сіңіріп өскен, қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден орнын таба алатын өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі таңның басты мәселесі болып табылады. Бүгінгі білім өзегінен алынып отырған үш таған мәдениет – білім – тарих бірлігі де елдің тарихы мен бүгінін сабақтастыратын саналы білімнің дара тұлға мәдениетін қалыптастыруға бағытталуын қажет етеді [3, 12 б.].

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін тұжырымдамасында «Жалпы білім беретін мектептің мақсаты - жас ұрпақты ұлттық игіліктермен адамзат мұрасының сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау» делінген. [4.]. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқушылардың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, көкейіне ұлттық рухты енгізу, сондай-ақ тілі мен әдебиетін, дінін, мәдени мұрасын, тарихын құрметтеп, қастерлей білуге үйрету керек.

Заман талабына сай оқушылардың білімін жетілдіру және белсенділігін арттыру, танымдық қабілеттерін қалыптастыру үшін оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану қажет. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени

дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да - мектеп.

Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда компьютерді пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алатын бағыты болып табылады [5, 43 б.].

Қазақстан тарихының, дүние жүзі тарихының курстарына ендігі жерде өзімізге туыстық жағынан жақын «Орталық Азия халықтарының тарихын», «Шығыс елдері тарихын», сондай-ақ, археология, тарихи география, отанымыздың геральдикасы, нумизматика, этнография, тарихи демография, еліміздің халықтары мәдениетінің тарихы, қазақ эпосы, қазақ айтыс өнері, шешіндік сөз өнері жөнінде арнаулы курстарды қоса оқытқан тиімді болады. Орта мектептер мен жоғары оқу орындары үшін Қазақстан тарихына қатысты тақырыптық карталар шығарып тұру тарихи білім беруде маңызды орын алады [6, 40 б.].

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи білім беру мақсатын, мазмұнын, технологиясын нәтижеге бағдарланған білім беруге бағыттау бүгінгі күні өзекті мәселе болып табылады. Мұнда мұғалімнің де оқушының да оқыту процесінің мақсаты мен міндеттерін, мәнін дұрыс анықтауында, оқушының білім алудың не үшін қажет екендігін терең түсінуінде. Мұнда, бірінші орынға оқушының белсенділігі, қабілеттілігі, өзіндік ерекшеліктері, әрекет құралдары шығады. Оқушы өздігінен білім алу, іздену, қорытынды жасап талдау үшін оның өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, білім алу технологиясын меңгертуге көңіл аударылады [7, 50 б.].

Осыған байланысты Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне жаңа технологияларды ұтымды пайдалану оқушыны танымды әрекетті субъектісі ретінде қарастыру, бәсекеге қабілетті сапалы білімге, оқушының өзіндік алатын білімінің қажеттілігін, мәнін дұрыс түсінуге, оқушының шығармашылық-

ізденушілік қабілеттерінің артуына септігін тигізетінін көрсетті.

Еліміздің білім беру саласындағы реформалау ісі сабақта оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен пайдалануды қажет етеді. Интерактивті әдістер сабақта оқушылардың айтарлықтай белсенді болуын, оқушылардың бір-бірімен өзара қатынасын және оқушы мен мұғалім арасында өзара дұрыс, түсіністік, сыйластық қатынастың болуына жағдай жасайды. Оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға жай ақпарат беріп қана қоймай, оларды өздігінен жауап іздеуге бейімдеу, өмір тәжірибелеріне сүйенуге басты көңіл аударуымыз қажет [8, 23 б.].

Мектепте тарих пәнін оқытуда қолданылатын интерактивтік әдістердің қатарында іс-әрекет ойыны ерекше орын алады. Іс-әрекет ойыны-эмоционалдық бейнелілік әсері жағынан елеулі нәтижеге беретін әдіс. Бұл әдіс оқушының оқиғаға тікелей өзінің қатысуы мен белсенді түрде сөйлеуі әсерін тудырады және оның сабақта өтілген материалды жоғары деңгейде меңгеруіне игі әсер етеді. Іс-әрекет ойынының педагогикалық тиімділігі мынадай нәтижелерінен көрінеді:

- оқушы басқа адамның рөлін енгізіп, оның ойын, сезімін, іс-әрекетінің мақсаты мен мәнін түсінуге көмектеседі;

- оқушының сабақта алған білімі эмоциялық бояуларымен, сезімдік әсермен қабылданып, тарихи оқиға туралы өзіндік қорытынды жасауына мүмкіндік береді;

- іс-әрекет ойынында дайындалу барысында оқушының тарихи білімі тереңдейді.

Сабақты іс-әрекет ойыны түрінде өткізу мұғалімнің сабақ жоспарын, өтілетін материалдың мазмұнын жан-жақты ойластырудың, қосымша материалды алдын-ала жинақтауды, тарихи тұлғалар рөлін ойнайтын оқушылардың сабаққа дайындалуына дұрыс жетекшілік жасауын талап етеді. [9, 6 б.].

XXI ғасыр дүниежүзіндегі компьютерлік жүйенің алға басқан заманы. Тәуелсіздік жолына түскен Қазақстан Республикасы да мектептерді компьютерлендіруді жедел қолға алуда. Компьютерді пайдалану арқылы мұғалім де, оқушы да өте көптеген жетістіктерге жету мүмкіндігіне ие болды. Компьютерлік жүйеде жұмыс істеу болашақ бағдарламадағы интернет жүйесіне көшу тарих пәнінің оқылу ауқымын ғана кеңейтіп қоймай, оқушыны отаншылдық пен патриотизмге, интернационалдық тәрбиеге баулуға, Отан тарихын тереңірек білу, тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғаларды жете тану жолында айтарлықтай жетістіктерге жеткізудің ең төте жолы.

Компьютер жүйесінде өтілген тарих сабағы оқушы бойында ең жоғары адамгершілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушының тарихи тұлғалармен бір кезеңде өмір сүргендей фактілер ортасында болуы немесе ірі тарихи оқиғалар кезеңін оқып отырып, сол кезеңдегі мол мағлұматтармен көзбе-көз жүздесуі, оқушы мен мұғалім арасында

ғана өтетін жалаң түсініктерге қарағанда өте зор жетістік. Себебі осы арқылы мынадай жетістікке жетуге болады:

- оқушы өзін тарихи оқиға болған жерде болғандай сезінеді;
- тарихи оқиға кейіпкерлерімен немесе ұрпақтарымен кездеседі;
- тақырыпты зерттеуші ғалымдар мен тарихшылардың көзқарастарымен таныстады;
- кез-келген тақырыпты талдап жатқан орталықтармен, мәселен, көршілес мектеп оқушыларымен тікелей байланысқа шығу мүмкіндігіне ие болады [10, 47 б.].

Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жанадан жананы табатын өнер» деген екен. Сондықтан да қазіргі уақыттағы мектеп мұғалімдеріне қойылып отырған талап жылдан жылға күшейіп келеді. Ол дұрыс та, себебі жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттің болашақта кәсіби деңгейі жоғары, шеберлігі мықты маман иесіне айналуы алдымен шәкірттің мектеп қабырғасындағы білімімен байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Тұрсын Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. - Алматы. 2004.
2. Мырзаева Г. Тарих сабағында тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту жолдары. // Республика ұстаздары. Педагогикалық газет. 2016 № 15-16.
3. Төлегенов Т. XXI ғасырдағы тарих сабағы. // Қазақ тарихы. – 2008. - №6.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». 18. 01. 1992.
5. Бақауова Г. Жаңа ақпараттық технологиялар. // Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2016 № 4.
6. Отеулиева В. Тарихты оқытудағы картографиялық көрнекті құралдардың маңызы. // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. 2016 № 2.
7. Отарбаева Ж. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. 2016 № 10.
8. Құрманжанова Т. Тарих пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану. // Қазақ тарихы. – 2005. - №4.
9. Бекназарова Р. Ойын технологиясы. // Қазақстан мұғалімі. Республикалық газет. 2016 № 14-17.
10. Нұрашова А. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. // Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2016 № 6.

ЗНАЧЕНИЯ И МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ В СИСТЕМЕ 12 ЛЕТНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аймагамбетулы Роман

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики
Старший преподаватель, магистр гуманитарных наук, доцент АрГПИ

Аннотация: История – одна из основных общественных дисциплин. Предмет истории занимает особое место в формировании гуманитарного образования. Заметно возрасли требования к учителю в условиях 12 летнего образования. В современное время качество образования зависит от уровня владения учителем новыми технологиями обучения.

Ключевые слова: Школа, образования, 12 лет, история, учитель, качества, новая технология.

VALUES AND METHODS OF TEACHING HISTORY IN THE SYSTEM OF 12 YEARS OF EDUCATION

Roman Aimagambetuly

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics
Senior Lecturer, Master of Humanitarian Sciences, Associate Professor of ArkSPI

Abstract: History – one of the main social sciences. Subject of history has a special place in the formation of liberal education. Markedly risen requirements to the teacher in the conditions of 12 years of education. In modern times the quality of education depends on the level of knowledge of the new teacher education technology.

Keywords: School, education, 12 years, history, teacher, quality, new technology.

ӘОЖ: 528.942

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Айтжанова Балгул Базархановна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
balggul-86@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада шетел тілі сабақтарында студенттердің ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын қарастырады. Сонымен қатар, ағылшын тілі сабақтарында дүниетаным мен қызығушылықты дамытудың маңызды ролі мен құндылығы жайында анықтамалар беріліп, мазмұны толық қамтылған.

Түйін сөздер: коммуникативті, жеке тұлға, монолог, диалог, ауыз екі сөйлеу, дағдыландыру, деңгейлеп оқыту, лексикалық, грамматикалық, логикалық, қызығушылық.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі халықаралық қатынастағы беделді тілдің бірі – ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Ағылшын тілін халықаралық деңгейде қолданылатын алыс-жақын шетелге барушылар, шетелде білім алушылар мен білімін жетілдірушілер, қызметкерлер үшін тіл үлкен маңызға ие болып отыр. Қазіргі таңда ағылшын тілінде еркін сөйлеуді мектеп оқушылары мақсат етіп отыр, олар болашақта оқуы мен қызметіне қажет екенін түсінеді. Еліміз егемендігін алып, өзінің даму жолында шет елдермен саяси-экономикалық, мәдени қатынастар орнатуына сұранысты арттырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі тілдерінің бірі болып саналатын ағылшын тілін оқыту да білім беру бағдарынан тыс қалған жоқ. Осы орайда қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда алдына қойылып жүрген ортақ міндет тілді коммуникативті бағытта оқыту болып есептеледі. Мұндағы негізгі мақсат - студенттердің өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орындарда берілетін бүкіл білімнің негізі студенттердің шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру екендігі белгілі [1,20 б.].

Ағылшын тілін оқытудағы негізгі жетістіктердің бірі студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту, ағылшын тілінде жүйелі сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін лексиканы меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтап, іс жүзінде және жүйелі түрде іске асыру ерекшеліктерінің мәнін, үйрету мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын және ағылшын тілінде дұрыс сөйлеу тәсілдерін қалыптастыруды қамтамасыз ету маңызды мәселе.

Лингвистиканың негізгі объектісіне анықтама берсек - сөйлеу, адамзаттың сөйлеу тілі. Сөйлеу – адамзаттың іс-әрекетінің ерекше формасы. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және басқа да психикалық процестерімен тығыз байланысты. Адамның өмірінде сөйлеудің маңызы өте зор. Ол сөйлеу арқылы өз ойын айтып жеткізеді және біреудің ойын ұсынады. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым – қатынасты атқарады.

Біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз ауызша сөйлеу деп аталады. Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біреу шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін – бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндеу алшақтығы болуы мүмкін. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде іске

асырылады. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік – бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады [2,36 б.].

Монолог – студенттер мәтіндердің мазмұны туралы өз ойын, көз қарасын білдіру үшін жеке тәжірибиелеріне және суреттер тізбектерімен тағы басқа көрнекіліктеріне сүйене отырып, суреттеу, хабарлауды қолданып, мәлімдемелер жасалады.

Диалог – студенттер қысқа және толық жауап беру түрлерін қолдана отырып, құттықтау, шақыру, кешірім сұрау, бір нәрсе жайлы керек мәліметті сұрап білу немесе айту, талқылаған деректерді анықтау, оларға баға беруге дағдыланады. Диалогтық сөйлеу әңгімелесушілерді өзара қысқа сөз алмасуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы толық болмауымен ерекшеленеді [3, 89 б.].

Тілді оқытудағы ең басты мақсат - оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу - тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі. Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл - адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекеті - тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол - адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету - тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз.

Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет:

- үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік;
- қоршаған орта, жағдайдың әсері;
- жеке бастың қабілеті;
- сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор болғандықтан, қарым-қатынас процесі оқытудың мақсатына, жағдайына, мүмкіндігіне қарай үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші сол өзгерістерге байланысты қарым-қатынастағы өзгерістерді де ескеріп отыруы қажет. Студенттерді қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды да жиі түрлендіріп отыруды қажет еткендіктен, тілдік дағдылар да өзгертіліп отырылуы қажет. Бұл студенттердің айтқысы келген ойын басқаша жеткізуге, сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, тез сөйлеуге көмектеседі [4,29 б.].

Сонда ғана, студенттер жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек машықтанады. Біріншіден, материал жаңа болуы қажет, сонымен бірге қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде өзгертіліп берілуі керек, сол кезде ғана студенттердің білік дағдылары дами бастайды.

Ағылшын тілін оқытуда алты деңгей бойынша студенттер білім ала алады. Олар:

1. «Beginner»;
2. «Elementary»;
3. «Pre-Intermediate»;
4. «Intermediate»;
5. «Upper-Intermediate»;
6. «Advanced».

Осы алты деңгейді меңгерген студент ағылшын тілінде нақты сөйлеп, өз ойын ашық айтып, кез келген жағдайда басқа ұлт өкілдерімен еркін қарым-қатынас жасай алу мен қатар шетелге де қорықпай саяхаттай алатын болады [5,123 б.].

Біз шетел тілін оқыту туралы айтқанда, оны ең алдымен қатынас құралы

ретінде білеміз. Ағылшын тілінде сөйлеудің негізгі мағынасы - адамның әлеммен қарым-қатынасы, адам санасында көрініс табатын ой. Сөйлеудің негізгі объектісі - адамның шыншыл өмірмен байланысы. Биляевтің ойынша, шетел тілін игеру – бұл басқа тәсілдермен және жолдармен санадағы ойды шығару. Сөйлеудің құрылымына тоқталатын болсақ, оны психологтар былай көрсетеді. Сөйлеуді адамдар бірдеңені айту қажеттілігі туған кезде қолданады. Ағылшын тілін оқытудың алғашқы сатыларында студенттердің ағылшын тілінде өз ойын жеткізу қажеттілігі туады. Ол қарым-қатынас жасап отырған қимыл іс-әрекет негізінде көрінеді [6,78 б.]. Мысалы: бірдеңені жеткізу, сұраққа жауап беру, өтінішті орындау, сондай-ақ қаламды әперу, есікті ашу, тақтаны сүрту, т.б. Бұл жағдайлардың негізгі мақсаты - күтілетін қорытынды. Бұл бөлімде сөйлеу мынадай қызметтерді ғана атқарады. Атап айтсақ, не үшін, неге және не айту керек деген сияқты. Сөйлеуді қалай жүзеге асыру сөйлеудің 2-ші бөлімінде, яғни аналитика - синтетикалық бөліміне қатысты. Бұл бөлімінде тіл арқылы ойды жүзеге асыру процесі жүреді. Ағылшын тілінде ойды жеткізу кезінде оқушы естеігі сөздерді теріп (анализ), оны ойды жеткізу үшін сөйлеу бүтініне қосу керек (синтез). Сөзді жадыда сақтау үшін оларды белгілі бір нәрсемен қатысты жүйелеу керек. Олар парадигматикалық және синтагматикалық бола алады. Сөйлеудің осы екі түрі көп болса, студенттің сөйлей алу қабілеті жоғары болады. Парадигматикалық байланыс негізінде сөздерді әртүрлі белгісіне қарап есте сақтай алады. Жазу кезіндегі бірдей дыбысталу «two-too one-won, see-sea»- мағына жақындығына байланысты. Мысалы: «small-little» - мағынасының қарама-қарсылығына байланысты - «answer-ask». Сөйлеу кезінде синтагматикалық байланыс та үлкен рөл атқарады. Яғни, басқа сөздермен сәйкес келу негізінде, мысалы: «order» деген сөз келесі сөз тіркестерінде қолданылады. Order-something (order dinner, order

breakfast, a new coat, etc.), order to do something (order to stand up, to close the door, to stay in bed), give an order to do something (to stand up, to stay after classes) [7,202 б.].

Біздің жоғары оқу орынымызда шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйретуде студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кезде, шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделген. Студенттердің білімін арттыру олардың жалпы дүниетанымын кеңейту мақсатында жүзеге асырылады. Осы мақсатта анықтама әдебиеттерді пайдалану, мәтін мазмұнын өз бетімен түсінуге бейімдеу және оның кейбір жерлерін түсінгендерін қысқаша айтып беру, шағын хабарлар дайындау және өз пікірін айтып, баға беру сияқты әрекеттерге дағдыландырудың маңызы қарастырамыз.

Шетел тілі пәні студенттердің жан-жақты дамып жетілуіне, дүниеге көзқарасының, сана-сезімінің, рухани және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруына әсер етеді. Шетел тілін оқып үйрену барысында студенттер өз сөзін жоспарлай білуге икемделеді, сөз әдептерін дұрыс пайдалануға дағдыланады [8,34 б.].

Шетел тілін оқытудың шарттарын ескере отырып, студенттердің бітіргеннен кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін қалыптастыруға мән берілуге тиіс. Осыған орай шетел тілін оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғы шарты - оқыту әдіс-тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады.

Қазіргі таңда адамзат алдында әлемдік өркениеттің ұйытқысы болып саналатын білім беру орындарында саналы білім беру негізгі мәселелердің ең маңыздысы екені мәлім. Халықаралық білім кеңістігіне ұмтылып отырған қазақстандықтар өзіндік жоба жасап,

тәжірибе жинақтап, өркениетті ағымынан қалып қоймауға жұмыс жасауда.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі оқу орындар жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесі болып отыр [9,13 б.].

Сабақтың мақсатын орындайтын оқытушы мен студенттердің ұжымдық, шығармашылық еңбегі деп қарастыру, сабақта оқыту мен тәрбиенің мақсаттары, міндеттері жүзеге асырылады, студенттердің ой-өрісі кеңейеді, қабілеті дамиды, көзқарасы, адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Сабақтың нәтижелі болуы тұлғаның, оның қабілетімен дарындылығына байланысты дамиды. Әр сабақ логикалық, психологиялық тұрғыда ұйымдастырылып, ал сабақты үздік ұйымдастыру оқытушының білімі мен шығармашылығы және тәжірибесіне байланысты болуы керек.

Қазіргі кезде әр сабағын түрлендіріп оқытатын әдіскер оқытушылар дәстүрлі емес сабақ түрлеріне көп көңіл бөлуде, себебі, дәстүрлі емес сабақтарды оқыту үрдісінде пайдалану балаға білім берудің

сапасын арттырады; студенттердің танымдық белсенділігін, оқуға қызығуын жетілдіреді, бастамашыл, шығармашылық әлеуетін дамытады, оқытушы оқыту мен тәрбиелеудің қолайлы жағдайын іздестіреді [10,103].

Оқытушы тек оқыту жағдайында дәстүрлі түрлерінің мүмкіндігі шектеулі, ал дәстүрлі емес сабақ түрінде оқытушы мен студенттер режиссерлік, консультанттық ойлап табушы немесе суретшілік, сондай-ақ студенттің белгілі іс-әрекетін, оқу үрдісін ұйымдастырушы міндеттерін бірдей атқара алады.

Оқытудың дәстүрлі емес сабағын, әсіресе шет тілін меңгерту кезінде пайдаланғаны орынды. Себебі, өзі білмейтін тілдің грамматикалық болсын, лексикалық болсын материалдарын ойын және сайыс арқылы, панарамалық, аукцион сабақтар бойынша жақсы қабылдап, жете меңгереді, сөздік қоры да молайып, ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу дағдылары қалыптасады. Ал оқытушы үшін студенттің ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру - басты мақсат.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. 2004.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, 2000.
3. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранному языку в средней школе. -М.: Просвещение, 1991.
4. Lee, W. R. 1979. Language teaching games and contests. Oxford: Oxford University Press.
5. Н. Douglas Brown. Principles of language learning and teaching. Longman, 2000.
6. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. Шетел тілін оқуы әдістемесі. Орал қаласы, 2002.
7. Миролубов, А.А. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе/ А.А. Миролубов, И.В. Рахманов, В.С. Цейтлин// – М., 1997.
8. Китайгородская, Г.А. Интенсивное обучения иностранным языкам: иностранные языки в школе / Г.А. Китайгородская// - М., 1999. - № 2.
9. Зимняя, И. А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке / И. А. Зимняя// - М. Просвещение, 1998.
10. Алхазисвили, А.А. Основы овладения устной иностранной речью / А.А. Алхазисвили// - М., 1998.

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ И ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Айтжанова Балгул Базархановна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье автор рассматривает пути формирования устных речевых навыков и развитие творческих способностей студентов на уроках иностранного языка. Также в ней содержатся подробные сведения о важной роли и ценности развития мировоззрения и интереса на уроках английского языка.

Ключевые слова: коммуникативный, личность, монолог, диалог, прививать навыки, разноуровневое, разговорная речь, лексический, грамматический, логический, интересы.

DEVELOPING COMMUNICATIVE SKILLS AND CREATIVE ABILITIES OF STUDENTS AT THE LESSON OF FOREIGN LANGUAGE

Balgul Aitzhanova

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: In this article the author considers the ways of formation of student's oral speech skills and development creative abilities of students at the lesson of foreign languages. Also it contains detailed data about an important role and value of development of student's outlook and interest at English lessons.

Keywords: communicative, person, monologue, dialogue, imparts skills, different levels, informal conversation, lexical, grammatical, logical, interests.

ӘОЖ 028.02

БАЛАНЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ РОЛДЕРДЕГІ СТЕРЕОТИПНІ ЕРТЕГІ ДИАГНОСТИКАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Акылбекова Эльмира Акылбековна

Педгогика және психология кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Бұл мақалада бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгергені жайлы айтылады. Бұл өзгерістер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың қажеттігін негіздейді. Сондықтан қазіргі ЖОО-ы жағдайында студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту маңызды міндет проблема.

Түйін сөздер: ертегі, стереотип, жыныстық, диагностика, қалыптастыру, ролі, бала.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – **шыншыл ертегілер**. Бұл ертегілер өмір шындығына жақын, ішінде реалдық адам бейнелері басым. Олар кейде өмір шындығынан алынып, бас қаһармандары патша, уәзір хан болып келеді. Мысалы: «Хан мен уәзір», «Өнеге», «Ақылды етікші» ертегілерінің бас қаһармандары күндіз тақта отырса, түнде үстіне жаман киім киіп, шаһар аралап жүретін патша мен оның уәзірлері. Мұндай ертегілерде хан әділ болып көрінеді. Бірақ көп жайда патшалар жауыз адам ретінде суреттеледі. Мысалы, «Ақылды етікші» ертегісінде хан ешкім өз пайдасын ойлап еңбек істемесін деп бұйрық береді. Мұны күндіз-түні етік тігіп, бала-шағасын зорға асырап жүрген етікші еңбек адамдарына тиімсіз сол үшін ақылсыз ханның ісі дейді.

Бізге шыншыл-реалистік ертегілердің қазақ өмірінен алынған нұсқалары мәндірек. Мұндай ертегілердің бас қаһармандары ақылды қарт, тапқыр жігіт, қаңбақ шал, тоғыз Тоңқылдақтан зорлық көретін Шіңкілдек, айлалы тазша, қойшы, кедей, жауыз, бай, сұғанақ молда, тойымсыз ұры болып келеді.

Олардың көбісі - халық ортасынан шыққан қарапайым адамдар. Көптеген ертегілердің рухында сын-сықақ сарыны бар. Олардағы жамандық пен

жақсылықтың аңғарынан біз түрліше реалдық адам мінездерін ғана емес, қоғам өміріндегі теңсіздік суретін, халықтың әділет, жақсы өмірді іздеген арман-мүдделерін де жақсы байқаймыз.

Қазақтың реалистік ертегілерінің ең марқаларының бірі -«Алпысқа келгеннен ақыл сұра» сюжеті болуға тиіс. Бұрын жұрт өзінің алпысқа келген әкесін өлтіретін болса, бұл ертегілердегі ақылды қарт елдің ең қадірлі адамына айналады. Бұл аталық қоғам салтының нығаюын көрсететін құбылыс.

«Жақсылық пен жамандық», «Үш ауыз сөз» ертегілері мінез, мораль тақырыптарына құрылған. Жамандық жаяу келе жатып, Жақсылықтың атын мініп өзін жаяу қалдырып кетеді. Бірақ табиғатынан ақылды Жақсылық бай қызын иемдеп, мұратына жетсе, ақылсыз Жамандық қасқыр мен арыстанға жем болады. [1,22 б]

«Үш ауыз сөз» ертегісінде жас жігіт ақылды қарияға бір үйір жылқы беріп «суын ішкен құдыққа түкірме», «оң қолың ұрысса, сол қолың арашашы болсын», «ертеңгі асты тастама» дейтін үш ауыз өсиет үйренеді. Бала елден кетіп, бір ханға қызметке тұрады. Оған хан әйелі ғашық болып, мазасын алады. Бала әйелдің дегеніне көнбеген соң, әйел баланы ханға жамандайды. Хан баланы ертеңгісін от

жағарларға жұмсап: «Кім бұрын келсе, соны пешке тығып жіберіңдер» деп әмір береді.

Таңертең қабын арқалап бара жатқан балаға бір кемпір жолығып, ертеңгі асты татып кет дейді. Сол екі арада баланы көргісікеліп пешханаға келген ханымды от жағарлар өртеп жібереді. Сөйтіп бала бір өлімнен аман қалады, мұрат-мақсатына жетеді,

«Екі жетім» ертегісінде өгей шешенің қиянаты, «Ұр тоқпақ» ертегісінде ұрылардың өзі ұратын тоқпақтың астында қалғаны суреттеледі. «Ұрлық түбі - қорлық» деген ғибрат осыдан келіп шығады.

Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап үлгісі - Аязби». Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліңдер дегенде, адамның жаманына Аязби ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсұлуға үйленіп хан болады. Ол кісі болғанда да асып-таспайды, «аяз әліңді біл» деп өзіне-өзі ақыл салып отырады. Сондай ақылды да әділ адамға ханың қырық уәзірі қарсы болады. Аязби ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулығы мен ақылсыздығын әжуа еткен.

Қазақтың реалистік ертегілерінде қоғамның төменгі тобынан шыққан «кішкене қаһармандар» (М. Горький) тіпті көп. Олар бірде қаңбақ шал, бойы бір қарыс, Шіңкілдек түрінде кездесе, бірде хан мен байларды алдап түсіретін тазшалар түрінде әңгімеленеді. Қаттырақ соққан жел ұшырып әкететін қаңбақ шал балық аулайды, еңбек сүйгіш. Бірақ күніне екі балық ауласа, соның бірін түлкі тартып жейді. Ақыры ол өзінің ақыл-айласымен үш дәуді жеңіп шығады, түлкіден де солардың қолымен кек алады. Зорлаушылардан жапа көрушіні айыруда «Тоғыз Тоңқылдақ -бір Шіңкілдек» ертегісінің айтары көп. Сырт қарағанда зорлық бәйбішенің тоғыз ұлы мен

тоқалдан туған Шіңкілдек арасында болатын сияқты. Түптеп келгенде бұл күштілердің әлсіздерге істеген қиянаты болмақ. Әлсіздерге болысу - қазақ ертегілеріне тән халықтық белгілердің бірі.

Қазақ ертегілерінен көрінетін әлсіз образдардың бірі - тазша. «Тазша бала» ертегісінде бала сараң байдың майын алып, патшаның қазынасына түседі. Бірақ өзін таптырмайды. Сол патшаны мазақ еткен екінші патшаны тұтқындайды. Сөйтіп ол ханның өз істегенін өзіне істейді.

Шындығында, ертегі айту еріккеннің ермегі емес, жастарды сөз өнерінің қыры мен сырына жаттықтырып тәрбиелеу мектебі болып саналған. Мәселен, ертеде қазақ ауылына келген әр қонақтан «қонақ кәде» талап етіп, қонақтың өзі білетін ертегі, аңыз әңгімелерді қисынына келтіріп айтып беруін қалауы, ал оны ауылдың үлкен-кішілерінің кірпік қақпай тындап ләззат алуы, жастарды ауызекі сөз өнеріне тәрбиелеудің бірден-бір мектебі болған. Неше түрлі ғажайып уақиғаларға құрылған ертегілердің жігін келтіріп, тартымды етіп айтып беру, әр эпизодтың арасынан қыл өтпестей етіп байланыстыру, кейіпкерлеріне мінездеме беру, оларды тындаушының көз алдына елестетерліктей етіп бейнелеп бере білу, әр кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарай сөз сараптау, тілдік сипаттау таба білу, ертегі айтушыдан мол өнерді, тіпті айтқыштық шешендікті, әрі дикторлық, әрі ораторлық шеберлікті талап етеді. Демек, ертектің тартымды, қызықты, тындаушыға әсерлі болуы оны айтушыға байланысты. Жастарды ертеке айта білуге үйрету де халықтың сөз өнеріне тәрбиелеудегі өнеге мектебінің рөлін атқарып келген. [2, 45 б]

Хайуанаттар туралы классикалық ертегілер саны жағынан ел арасында көп тараған. Ол қоғамдық-саяси ұғымдармен, діни нанымдармен тектік байланысын үзген. Сондықтан құбылушылық нәрселер тек кейіпкердің өз басының қасиеттері деп саналады. Онда өте қызықты қорқынышты жағдайлар, адамның тағдыры, жанұясы және тағы басқа керемет оқиғалар

баяндалады. Олардың тақырыбы әр алуан. Оны халықтық фольклорлық роман деп атаса болады. Негізгі мақсаты-ғибадат алу, тәрбие беру. Мұнда ақылмен жету мақсаты қойылған. Кейде кітаби стиль көрініс табады. Оған Ы.Алтынсариннің, Қ.Мырзалиевтің шығармалары тән.

Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің бірі - «Бозінген» сюжеті. Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумасы деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы алтын, құйрығы күміс бота туғанда, кемпір мен шал інгенді бір керуеншілерге сатып жіберіп, ботасын алып қалады. Қысқа ғана ертегінің көп жері ботасын жоқтап жылаған Бозінгеннің зарлы сөздеріне құрылған. Бағланбайдың екі баласы Бозінгеннің даусын танып, оны ботасына қосады. Малды, әсіресе түйе түлігін қасиет тұтқан қазақ халқы бұл тұста ботасын сүйген Бозінгенді үлкен образға айналдырған.

Бұдан әрі өзі жат қолына түскен Бозінген ұшқан құстардан, түнде жортқан жапалақтан ботасының дерегін сұрайды. Иесі түйені құтқарып, ботасын алып келе жатқанда да Бозінген оны көругеасығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүюі адамға ұқсас болып шығады. [3, 12 б]

Мал күту мен еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты жас балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық, тартымды. Кім күшті? ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөп, тоқты, қасқырдың, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пілтесін жеп қоятын тышқан, тышқаннан ін қазып, алты батпан ауырды арқалап, жеті батпан ауырды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол - еңбек сүйгіш, ұйымшыл. «Тепең көк» ертегісінде сараң байдың кедейленген үш баласына малдан қалған жалғыз көк тай олжа түсіреді.

Ауырып жатқан кемпір-шалға дәрі шөп іздеп шығатын қошқар мен теке - кедейдің сүйенер қолқанаты. Олар жолай түрлі жыртқыш аңдарға жем бола жаздаса да, дәрі шөптерді тауып келіп, өз иелерін ажалдан құтқарады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мал баққан елдің баласы жасынан-ақ сол тірлікті қадірлей бастайды. Қазақ ертегілерінде төрт түлік мал адамның құты, досы, тірегі ретінде суреттеледі.

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Қуасығып, адамша мұңданып, көз жасын төгеді. Малды қадір тұтқан қазақ ұғымында түйенің бала сүюі адамға ұқсас болып шығады.

Мал күту мен еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты жас балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық, тартымды. Кім күшті? ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөп, тоқты, қасқырдың, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пілтесін жеп қоятын тышқан, тышқаннан ін қазып, алты батпан ауырды арқалап, жеті батпан ауырды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол - еңбек сүйгіш, ұйымшыл. «Тепең көк» ертегісінде сараң байдың кедейленген үш баласына малдан қалған жалғыз көк тай олжа түсіреді.

Ауырып жатқан кемпір-шалға дәрі шөп іздеп шығатын қошқар мен теке - кедейдің сүйенер қолқанаты. Олар жолай түрлі жыртқыш аңдарға жем бола жаздаса да, дәрі шөптерді тауып келіп, өз иелерін ажалдан құтқарады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мал баққан елдің баласы жасынан-ақ сол тірлікті қадірлей

бастайды. Қазақ ертегілерінде төрт түлік мал адамның құты, досы, тірегі ретінде суреттеледі. [4, 32 б]

Қазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Қу түлкіге, ақымақ арыстанға халық ертегілері сықақ, сын қолданған. Кейде бұл ертегілерді қара сөзбен айтылған мысал десе де болғандай. Бұл реттен «Түйе, арыстан, қасқыр мен түлкі» ертегісінің айтары тіпті терең. Түйе еңбекшілер образын берсе, түлкі, қасқыр, арыстан - қанаушылар бейнесін суреттейді.

Хайуанаттар туралы кейбір ертегілерге адам образы қосыла бастайды. «Мақта қыз» бен «Қотыр торғай» оқиғалары еңбек процесімен тікелей байланысып жатады. Қотырын ауыртқан шеңгелді торғай ешкіге шағады, шеңгелді ешкі жейді. Тілін алмаған ешкіні қасқырға шағады, сөйтіп торғай екеш торғай да өзінің кегін жоқтайды. Мұның айтары - нашарға қиянат жасама, өзіңнен зор шықса, көзің шығар деген әділет идеясы болмақ. Тым кішкене қуыршақтың өзі де әділет адамы, батыр, «Бозінген», «Тепең көк» ертегілері тірліктің қамын айтады. [5, 29 б]

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны да бар. Мысалы, «Түлкі мен маймыл ертегісінде маймылдың ақымақтығы, түлкінің қулығы дәріптеледі. Маймыл - баққұмар, ол патша болсам дейді. Соны түлкі қақпанға түсіріп, «басыңа тепкілесен кетпейтін бақ қонды деп мазақ етеді. Түлкі қай елде болса да ақылды, қу аңнан саналған. «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қорқау қасқыр қыс айында түлкіден балық алып жемек болса, ол «балық өзенде көп, суға құйрығыңды салып отырсаң, балыққа молығасың» дейді. Қасқырдың құйрығы мұзға қатып

қалып, суатқа келген шаруалардан таяқ жейді, құйрығы мұзда қалады. Қасқыр - қорқаулау, ақылсыздау аң. «Кәрі арыстан» ертегісінде сол тойымсыз қасқырдың өзіне де зауал туады. Арыстан қартайып, жүре алмайтын болған кезде, патшамыздыңкөңілін сұраймыз деп барлық аңдар келеді. Келмегені қасқыр болыпты. Түлкі оны арыстанға шағып, мерт қылады. «Түлкім, түлкім, тілімді жеші» деген арыстанға, ол: «амандық болса, көтеншегінді де жермін», - дейді.

Арыстан образында хан, патшаларының да сыны бар. Осы ретпен хайуанаттар жөніндегі ертегілердің аяғы шыншыл ертегілермен жалғасып келеді.

Халықтың мезгеп отырғаны бір ғана аңдар арасында жайлар емес, әлеумет өміріндегі теңсіздіктер, содан құтылу - күн көріс, өмір сүрудің шарты дейтін меже болмақ. [6, 29 б]

Сатиралық ертегілер. Сол дәуердегі әлеуметтік топтар арасындағы адамдарды әшкерелей, ауыл өмірін бейнелейді. Новеллалық ертегілердегі оқиға хан сарайы мен қалада өтеді, ал сатиралық ертегідегі оқиғаның орны - кәдімгі ауыл. Кейіпкері - бай, молда, кедей. Негізгі ой-әлеуметтік тап тартысы көбірек орын алған.

«Батырлық ертегі» деген термин фольклорда түрлі төрт мағынада қолданылады. Бұл жанрға В.М.Жирмунский Оңтүстік Сібірдегі түркі-монғол халықының көне эпосын жатқызады. Ал орыс зерттеушісі А.Астахова батырлық ертегі түріне халық эпосының батырлары туралы кейінгі дәуірде пайда болған ертегілерді жатқызады. Бұған батырлық мазмұндағы қиял-ғажайып ертегілер де жүр деп М.Әуезов те айтқан. «Батырлық ертегі» атауын ең алғаш қолданған зерттеуші - В.В. Радлов

Батырлық ертегінің басты тақырыбы - ерлік пен үйлену, құбыжықтармен, жалмауыздармен күресу, рудың ерлік-намысын қорғау. Ерлікпен үйлену болашақ батырдың қалыңдық іздеп сапар шегуінен

басталады. Мұның арғы тегінде өз руынан қыз алу тыйым салатын ғұрып заңы жатыр.

Батырлық ертегіде қиял-ғажайып ертегіге қарғанда, бас кейіпкер тек жағымсыз, ұнамсыз кейіпкерлермен тоғысып қоймай, тарихи реалды жануарларменде күреседі. Олар стадиялық жағынан қиял-ғажайып ертектімен батырлық эпос аралығындағы жаныр. Батырлық ертегі алғашқы қауымдық қоғам ыдырай бастағанда пайда болып, кейінгі дәуірдің қасиетін мол сіңірген. Батырлық ертегінің бастауы миф пен хикая, ал екінші бір өзегі - қиял-ғажайып ертегілер. Соған қарамастан, өз бетінше де дамыған.

Батырдың ерлік жасауда күші әсірелене баяндалады.[7,125 б].

Ертегі үш бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімде шығармадағы кейіпкерлер және олардың (іс-әрекеті мен сөздері арқылы) мінездері таныстырылады. Біз Қасен мен Асанның бір-біріне қамқор, достыққа адал, ізгі ниетті кедей адамдар екендігін, Қасеннің малы қырылып, қайыршы болуға айналғанда Асан оған ұлтарактай жерінің жартысын бөліп беріп, оны құтқарып қалғандығынан білеміз. Қасен Асан берген жерден ішіне алтын толтырылған құмыра тауып алғанда, оны жасырып қоймай, қайта Асаннан сүйінші сұрайды. Оған: - Алтын саған тән, сен енді кедейліктен құтылдың!-дейді. Бірақ Асан:-Ардақты досым, жердің асты-үстіндегі қазынаның барлығы сол жерге маңдай терін төгіп, еңбек сіңірген адамдікі,- деп алтынды алуға көнбейді. Міне, бұдан олардың ізгі ниетін. досқа деген адалдығын көреміз. Мәтіннің осы бөлігінде тағы ақылды да көпшіл қарт пен оның төрт шәкіртінің бір-біріне ұқсамайтын әрекеттері де ашылады. Қарт әуелі билікті төрт шәкіртіне беріп, оларды сынап көреді. Бірінші шәкірті: Қазынаның иесі хан болуы керек,- десе, екінші шәкірті: Асан мен Қасен дауласып, бізге келді, билікті мен айтатын болған соң, алтын маған тән, өзім аламын.-дейді. Үшінші шәкірті: Иесі жоқ алтынды қайтадан жерге көміп тастау керек,- деп, алтынды көптің мүддесі үшін жаратуды ойламайды. Ал төртінші шәкірті: Осы

алтынды жұмсап, құлазып жатқан далада гүл жайнаған саябақ өсіру керек. Арып-ашқан кем-кетіктер сол бақтың саясында дем алып, жеміс жеп, рахметін көпке көрсетуі керек,- деп билік айтады. Ақылды, дана қарт оның билігін әділ болды деп бағалайды. Сонымен алтын жөніндегі талас әділ шешім табады. Ертегілердің кейіпкерлерінің де әрекеттері толық ашылады. Ертегінің екінші бөлігінде оқиға онан әрі дамып, күрделене түседі. Алтын туралы қайшылық шешілген соң, олар саябақ жасау дайындығына кіріседі. Бірақ базарға тұқым алуға барған жігіт алтынын союға апара жатқан көп құстарды сатып алуға жұмсайды да, жер жүзінің құстары құтқарылып, оның есесіне өзі құр алақан қалады. Жеміс тұқым сатып ала-алмай жігіт үйіне қайтуға мәжбүр болады. Кең пейілді, ізгі ниетті жігіт алтынды құстарға бостандық әперуге жұмсайды. Ертегінің үшінші бөлімінде алтын жұмсап, еркіндікке шығарған құстардың адамдар армандаған баққа дүниенің бұрыш-бұрышынан жеміс-жидек тұқымын тауыш әкеліп екендігі, сол арқылы ғажайып бақтың байлыққа әкелгендігі айтылады. Бұл бөлімде олар қиялдаған арманға жетеді. Құлазыған тақыр дала ғажайып бау-бақшаға айналады. Ымырт үйіріліп, қараңғы түскенде алмалар самсып, құстар тамылжытып ән шырқайды. Жарлы-жақыбайлар хош иісті көк шалғынды төсеніп, өмірлерінде алғаш рет рахатқа кенеліп, тәтті ұйқыға кенеледі Ғажайып бақтың қызығы сол баққа ақсүйектер мен байлар келсе, жеті құлып салынған темір қақпалы үлкен қабырға пайда болады. Алмаға суық қолын созған ақсүйектер есінен танып, жерге құлайды. Зәре-құты ұшқан бай-мырзалар ол жерге жоламайды. Ал кедейлер келісімен қақпа өздігінен ашылып, олар қанша жеміс жесе де жеміс азаймайды. Ертегінің бұл бөлімін түсіндіргенде, ондағы бейнеленген халықтың бақытты тұрмысты аңсаған арман-тілегі мен ондағы бейнеленген таптық көзқарасты халық ертегілерінің

ерекшелігімен бірлестіре отырып түсіндіру қажет.

Ертегіні оқытуда оқушыларға ертегіні іштей түсініп оқып шығуды және онда қандай оқиғалардың баяндағандығына, қандай адамдардың бейнесі берілгендігіне көңіл бөлуді ескерту керек.

Баланы жетілдіре тәрбиелеуде көне уақыттан келе жатқан әдістер көп. Соның ішінде баланы қиял-ғажайып ертегілеріне әуестендірудің пайдасы өте зор. М. Жұмабаевтың айтуынша да: «Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттеулер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Баланың түсінуінше дүниеде мүмкін емес нәрсе жоқ, бәрі мүмкін болатындай. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Қысқасы, балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - дейді. [8, 125 б]

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда қазақ халқының ауызекі шығармашылығының маңызы өте зор. Халық ауыз екі шығармалары әсем түрде құрылған жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ, ойын өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелге бай. Осы бай мұраның қай түрін алсақ та балаға ана тілін меңгертіп, сөздік қорын молайту арқылы, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда, дыбыстық

қателіктерді жоюда, шығармашылық ойлауын дамытуда баға жетпес құралдар болып табылады [9, 125 б].

Халықтық әсем сөз өрнектері балалар түсінігіне лайықты, тілге орамды, көркем әдеби тілмен жазылған. Сазда халық әуенімен айтылатын бесік жырларының сан-алуан түрлері, тұсау кесу жырлары ойнақы тілмен жазылған санамақтар, ойын өлеңдері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай тиімді пайдаланылса, баланың тіл әлеміне деген қызығушылығы артып, ана тілден байлығын меңгертуде үлкен қызмет атқарары сөзсіз. Қай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның басталуы, аяқталуы болады. Ертегі тілінің көркемділігі, қызғылықты оқиғалар желісінің баяндалуы образдардың шебер суреттелуі баланың ертегі дүниесіне қызығушылығын арттыра түседі. [10, 125 б]

Ертегілерді баланың тындауы, естіген ертегі мазмұнын қайталап айтып беруі, баланың сөздік қоры молайтып, байланыстырып сөйлеу тілін дамытып, тілдің грамматикалық құрылымын меңгеруде ғана емес, ерлікке, достыққа, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, эстетикалық талғамын, қиялын дамытуға мүмкіндіктер беріп түрлі жауыздық, зұлымдық иелері арқылы жамандықтан жирендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология Алматы., 2012
2. Қасқабаев С. Қазақтың халық прозасы А., 2012
3. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка А., 2012.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті Алматы, 2011
5. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы Алматы, 2012.
6. Қазақша рефераттар – www.temakosan.net
7. Әбдірахманов А., Жарықбаев Қ. Психологиялық орысша – қазақша сөздік Алматы,
8. Алдамұратов Ә. Жалпы психология Алматы, «Білім» 2012.
9. Алдамұратов Ә, Қызықты психология Алматы, «Қазақ университеті» 2012
10. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы Алматы, 2012.

ВАЖНОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ У РЕБЕНКА СТЕРЕОТИПОВ В ПОЛОВОЙ РОЛИ ПОСРЕДСТВОМ ДИАГНОСТИКИ СКАЗКИ

Ақылбекова Эльмира Ақылбековна
Кафедра педагогики и психологии
Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема в связи с изменениями в общественно-политических сферах изменилось содержание, цели и задачи в системе образования. Понимая природу новых технологий обучения, эти изменения требуют пересмотреть характер традиционного обучения и обосновывает необходимость развития новаторства в разработке новых методологических изменений в учебно-познавательной деятельности студентов. В частности, проблема развития - познавательной деятельности студентов на сегодня остается одной из самых актуальных для вузов. развитие студентов в вузах в условиях учебно-познавательной деятельности важная задача, проблема.

Ключевые слова: сказка, стереотип, половой, диагностика, формирования, роль, ребенок.

THE IMPORTANCE OF THE FORMATION OF THE CHILD IS GENDER ROLE STEREOTYPING THROUGH FAIRY TALES DIAGNOSTICS

Elmira Akyzbekova

Department of Pedagogy and Psychology

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article discusses the problems in connection with changes in social, political and economic spheres has changed the content, objectives and tasks in the system of education.

In particular, the problem of teaching and learning activities of students today remains one of the most important for institutes and universities. Then, the development of students in higher education in terms of teaching and cognitive activity important task problem.

Keywords: through, stereotyping, education, diagnostic, formation, role, child.

ӘОЖ 003.292.3

FRONT PAGE ТІЛІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰРАЛ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Алиева Гулим Сабитхановна

Информатика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

gulim_alieva@bk.ru

***Аңдатпа:** Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың концептуальдық негізі модульдық оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Оқу материалдарын ұғымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратынын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі.*

***Түйін сөздер:** графика, ақпараттық технология, электрондық құралдар, модельдеу, иллюстрация, компьютерлік технология.*

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» делінген. Сол білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда оқушының іс-әрекеті оның жеке басының әлеуметін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Сондықтан оқытушылардың алдында өмірге жан - жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеу қажеттігін дамыту мәселесі тұр [1,32].

Мультимедиялық технологияның, графика мен машықтану жүйелерінің дамуы, кәсіби ортадағы іс-әрекетті

бейнелейтін виртуал жағдайға «ену» жолымен оқыту әдістемесінің құрылуына түрткі болды. Ал, компьютерлік желілік машықтандырушы класстардың пайда болуы, іскерлік ойындар мен сайыстар түрінде көп ролді машықтандыру әдістемесінің дамуына ықпал жасады (кәсіби сайыстар мен іскерлік ойындар бұрыннан бері кәсіби дайындық пен іскерлікті арттыру барысында қолданылып келген.

Ал ақпараттық технология, оның ішінде Front Page тілі оларды жаңа деңгейде ұйымдастыру мен өткізуге мүмкіндік туғызуды.

Front Page тілі көмегімен электрондық құралдар даярлау түрлі саладағы мамандардың бірігіп жұмыс істеуімен қатар, көп зерттеулерді, талдауларды қажет ететін өте күрделі іс, яғни, Front Page тілі көмегімен электрондық құрал даярлайтын мамандардың әрқайсысы өз саласында жан-жақты терең білім мен іскерлікті көрсетуі тиіс.

Жоғары оқу орындарында электронды әдістемелік оқу құралдарын жасау, технологияларының бірыңғай конценцияларын енгізу келесідей мүмкіндіктерді туғызады:

1. Студенттер мен мұғалімдерді қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін жеделдету;

2. Білім беру үрдісінің сапасын көтеруге қосымша мүмкіндіктер беретін ақпаратты игеру мен берудің қосымша жүйелерін қолдану;

3. Білім беру жүйесіне және біліктілік дәрежесін көтеру жүйелеріне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы оқытушылар құрамының білім дәрежесін көтеру;

4. Түрлі үрдістер мен құбылыстарды модельдеу мен имитациялау;

5. Ақпараттандыру көмегімен оқу үрдісін жетілдіру бағдарламалары мен жарыстарына қатысу, яғни жоғары оқу орындарының бәсекелестігін көбейту;

6. Әрбір студентке дараландыру қатынасын қолдану;

7. Оқушыны қателарді диагностика жасаумен кері байланыс арқылы қадағалау;

8. Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысымен және өзін-өзі бақылай алу мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету;

9. Оқыту ақпаратын көрініс демонстрацияларымен қамтамасыз ету;

10. Басқада артықшылықтарын пайдалану.

Қазіргі кезде көптеген оқушылар мен студенттер, сонымен бірге, Қазақстандағы білім беру орындары компьютерлермен қамтамасыз етілген және олар компьютерді оқу құралы ретінде пайдалануда. Осыдан ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, электронды әдістемелік оқу құралын жасау технологияларының қажеттілігі қазіргі таңдағы аса маңызды мәселелердің бірі деген қорытындыға келуге болады.

Front page тілі көмегімен жасалған электрондық әдістемелік құрал - компьютерлік оқу құралы деп аталынып, білім берудің компьютерлік технологиясын кеңінен пайдалануға негізделген электрондық оқып-үйрену құралдарына жатады. Өз функционалдық мүмкіндіктеріне қарай компьютер қазіргі кезде оқытудың ең керекті жабдығына

айналды, бірақ оны тиімді түрде пайдалану жолдарының әлі ашылмаған тәсілдері, күнделікті сабақтарға қолдану үшін әлі де айқындалатын жақтары көп екенін ғалымдар да, мұғалімдер де жиі айтып келеді. Соңғы кездегі компьютерлердің көптеп қолданысқа енуі бұл проблеманың өте өзекті мәселеге айналғанын тағы да дәлелдеп отыр.

Компьютерлік технологияны қолдану кезінде оқу материалының негізгі көлемі мұғалім емес, компьютер арқылы беріледі. Оқыту процесін жүргізіп отырған мұғалім көбінесе компьютерлік оқу құралын жасауға қатыспайды. Сондықтан мұндай компьютер арқылы оқытуға арналған ақпараттық-оқу материалдарын жасауда оның авторы мен оқыту процесінің "алшақтығы" білім берудің негізгі принципі деп айтуға болады. Бұл принциптің негізінде берілген материалдарды оқып-үйрену процесі оның авторының кеңесі қажет етілмейтіндей болып ұйымдастырылуы жатады, яғни оқу құралы жаңа материал беріп қана қоймай, оны толық түсіндіре алатындай дәрежеде жасалуы тиіс. Оқу құралын жасауға берілген техникалық тапсырмада осындай әдістемелік жағына баса көңіл аудару ісі алдын ала анықталады.

Сонымен компьютер арқылы беруге арналған ақпараттық-оқыту және әдістемелік құралдар құрамына төмендегідей материалдар кіруі тиіс:

- таратылып берілетін оқу материалдары;
- бақылау және тесттен өткізу материалдары;
- жаттығулар;
- сыныппен (топпен) немесе жекелеп оқытуға және өздігінен оқып-үйренуге арналған әдістемелер;
- әрбір материалды немесе олардың бірнешеуін қатарластыра пайдалану тәсілі, яғни оның стратегиясы мен тактикасы және оларды бір-бірімен алмастыру жолдары;
- экранда берілетін барлық ақпараттық-оқу материалдарын компьютердің мультимедиалық

мүмкіндігіне және сабақтарды сол арқылы беру тәсілдеріне қарай бейімдеу.

Компьютерлік оқу құралы жалпы оқу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес жасалады, ал оның ақпараттық-әдістемелік негізін жоғарыда айтылатын материалдар құрайды. Ол алдын-ала жоба бойынша анықталған компьютерлік технология негізінде жасалған білім беру мәселелерін шешіп, оқыту-үйрету функциялары мен оқу процесін басқару істерін жүзеге асыруы тиіс [2,21].

Оқыту жүйесіне арналған программалық жабдықтама ретінде жасалатын компьютерлік оқу құралын даярлау көпжақты мәселе болып саналады, оны жүзеге асыру үшін әр түрлі салаларда істейтін мамандарды пайдалана білу қажет.

Білім берудің саласында "Электрондық оқулықтарды" пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылды.

Оқу материалдарын ұғымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратынын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сызба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұғымды болады.

Электрондық оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың концептуальдық негізі модульдық оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Яғни, процесінің автоматтандырылған формасы іспетті. "Электрондық практикум" берілген.

Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез-келген мәліметті тауып алып, оқып - үйренуіне болады. Лабораториялық, практикалық жұмыстар компьютер көмегімен тез, жылдам түсіндіріледі. Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.

Қазіргі кезде негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электронды оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Электронды оқулық оқушы үшін дайын материал. Оқушылар үшін электрондық оқулық - мектепте оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік эмитханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып келеді. Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізу болып саналады.

Мұғалім үшін электронды оқулық бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

- электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескеру керек секілді.

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол

пәннің типтік бағдарламасына сөйкес болуын;

- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты лекция конспектісін қамтитын *негізгі*; зертханалық және практикалық тапсырмаларды орындауға арналған қосымша; материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші; аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын *тест*; материалды дайындауда пайдаланылған *әдебиеттер тізімдері* бөлімдерін қамтуын;

- электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын яғни, берілетін тақырыптарға қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы тиіс. Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса онда экранда пайда болатын оң жақ тік төменгі көлденеңінен жылжыту сызықтарын электрондық оқулықты пайдаланушының көп пайдалануына тура келеді. Мұның өзі пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен оңға-солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді.

- бір қатардағы мәтін 62-65 таңбадан аспауы тиіс. Себебі материалды баспаға шығару қажет болса, ол А4 көлемді параққа дұрыс түсетіндей болуы керек.

- оқулықты шектен тыс иллюстрациялық анимациялық тұрғыдан көркемдеу пайдаланушыға кері әсерін тигізуі мүмкін, бірақ кейбір пәндерге атап айтқанда физика, химия, биология секілді пәндерге қатысты процестерді анимациялап көрсету, тіпті кинофильмдер мен диафильмдер үзінділерін MPEG, AVI типті файлдар ретінде сақтап, оларды гипермәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады.

Енді электронды оқулықтың сыртқы құрылымын, яғни пайдаланушыға көрінетін элементтерін құрастырайық.

Электронды оқулықтың құндылығы әрине, оның тақырыптық мазмұнында. Егер оқулық кейін сынақ не емтихан тапсырылуы тиіс пәннен болса, онда бір материалды үш түрлі құрылымда берген жөн:

1. Мазмұндау мәтін, сурет, кескін, схема, кесте, график т.с.с түрінде беріледі. Сонымен қатар мұнда, қарапайым оқулықта мүмкін емес, анимация, видео, дыбыстық эффектілер сияқты компьютерге тән элементтер орын алуы мүмкін.

2. Схема курс - оқулықтың мазмұнын қысқартылған мәтін график түрде бейнелеу. Бұл оқу материалының құрылымын, ондағы негізгі идеяларды түсінуге септігін тигізеді. Оқулық мазмұнын графикалық образдар арқылы бейнелеу мазмұнды ассоциативті түрде есте сақтауда үлкен көмек береді.

3. Өзін-өзі бақылаудың тестік жүйесі - оқу материалының мазмұны арнайы интерактивті жүйені пайдалану арқылы сұрақтар мен жауаптар түрінде беріледі. Тестік жүйе көбіне алынған білім деңгейін тексеруге арналғандықтан, пайдаланушы үшін оқулықтың ең қызықты бөлігі болып табылуы да мүмкін. Әрине, мұндай жүйе оқулықтың авторлары құрған тесттер қорынан тұрады. Бұл тесттер қорын сынақ және емтихан қабылдау кезінде де пайдалануға болады.

Енді электронды оқулықтың құрамы жөнінде айтып өтелік.

Электронды оқулықтың құрамында:

- титул беті;

- мазмұн;

- аннотация;

- оқу материалының толық мазмұны (схемалар, графиктер, иллюстрациялар, кестелер);

- тапсырмалар жүйесі;

- бақылау тесттік жүйесі;

- мәтін бөлігін іздеу жүйесі;

- авторлар жөнінде мәлімет;

- программамен жұмыс істеу тәсілдері жөнінде нұсқаулар жүйесі болуы тиіс.

Электронды оқулықтың титул экраны түрлі-түсті әдемі болуы керек.

Мұнда анимация мүмкіндіктерін пайдаланып оқулықтың аннотациясын жүгіртпе жол түрінде шығарып қоюға болады.

Мазмұн электронды оқулықтың ең маңызды құрылымдық элементі. Ол бір жағынан оқу материалын толық қамтуы тиіс, екінші жағынан бір ғана экранға сиятындай көлемде құрылуы қажет.

Аннотация - программа жөнінде қысқаша мәлімет болуы керек. Жақсы электронды оқулықты құрудың бастапқы шарты оқу материалының толық қамтылуы керек, яғни мәтін, графиктер болуы тиіс.

Тапсырмалар жүйесі әрбір тақырыптың соңында іске қосылуы керек. Ол үйренушілерге осы тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар береді. Егер тапсырмалар толығымен орындалмаса, үйренуші келесі тақырыпқа өте алмайды. Бұл пайдаланушы үшін ізденуге, оқу материалдарын мұқият қайталауға мәжбүр етеді.

- Тестік жүйе үйренушінің соңғы қорытынды білімінің деңгейін бағалауға арналған. Ол текстік сұрақтар түрінде беріледі. Тестік сұрақтардың түрлері мен формаларын оқулықты жазушылар тандап, құрастырып, текстік сұрақтарға жауап берген адамдар жөнінде мәліметтер қорын құра алуы керек.

Авторлар жөнінде мәліметтер - оқулықты құрастырушылардың аты - жөндері, туылған жылдары, жұмыс орындары, телефоны, электрондық почта адресі т.с.с. [3,449].

Front page тілі көмегімен жасалған электронды әдістемелік құрал - оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұны қамтитын, компьютерлік технологияға негізделген зертханалық жұмыстар жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Әсіресе, кері байланысты практика жүзінде тез арада қамтамасыз ету; жай оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатын болғандықтан электронды әдістемелік оқулық қажетті материалдарды табуға мүмкіндік береді. Гипертексті түсіндірулерге өту барысында

уақытты үнемдеу, жеке тұлғаға бағдарланған, яғни оның нақты бір бөлім бойынша білімді тексеру және қысқа текспен қатар оны көрсету, баяндау, модельдеу т.б. мүмкіндіктер тез орындалады.

Қазіргі кезде, Front Page тілі көмегімен электрондық құрал даярлау үшін кем дегенде төрт түрлі базалық категориялы маман керек:

- оқу материалының авторлары;
- компьютерлік әдіскерлік;
- жүйелік программалаушы;
- пайдаланушылар.

Front Page тілін оқу процесінде пайдалану негізінде:

- оқытудың сапасы артады;
- оқыту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізуге кететін шығындар азаяды;

- оқытушылардың оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау алу, тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс-әрекетке (ғылыми-ізденіс және әдістемелік мәселелерді шешу, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау т.с.с.) көшуіне алып келеді;

- оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерістеріне қарай Front Page тілі оқу процесін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыздандыруды жеделдетеді.

Жай оқулықпен салыстырғанда электронды әдістемелік оқулықта кездесетін кемшіліктер: экранда текстік ақпаратты қабылдау ыңғайлылығы мен тиімділігінің төмендігі, пайдалану барысы кұнының жоғарылығында.

Қазіргі кезде Front page тілі көмегімен жасалған электрондық әдістемелік құралдарға қойылатын талаптар: берілетін материалды құрылымдандыру, пайдалану ыңғайлылығы, материалдың мазмұнының көрнекілігі. Жоғарыдағы айтылған талаптарды қанағаттандыру үшін гипертекст технологиясын қолданған дұрыс. Оқытудағы негізгі мәселелердің

бірі білімді бақылау болғандықтан құралы қамтамасыз етілу міндетті [4,15].
электронды оқулық құрамында бақылау

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Б.Досжанов, Р.Альменаева. Қазақ тілінде Front Page көмегімен электрондық оқулықтар мен web-парақтар даярлау әдістері. Информатика негіздері. 2002. N3.
2. Г.К Нұрғалиева. Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы. // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. N2, -2002. 20-21-беттер
3. Х.Жантелі. Front Page тілі көмегімен оқытудың компьютерлік программаларын құру технологиясын жетілдіру. //Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның еңбектері. Шымкент.2004. 446-449 б.
4. А.Сағымбаева. Front Page мүмкіндіктері. Алматы, 2007. -15,26 бет.

ТЕХНОЛОГИИ РАЗРАБОТКИ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНИКА НА ЯЗЫКЕ FRONT PAGE

Алиева Гулим Сабитхановна

Кафедра информатики

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация. Электронные книги подготовлены на основе научных и образовательных информационных продуктов. Подготовка электронных книг является концептуальной основой модульной педагогической теории. В то же время, система подготовки электронных учебников и педагогических принципов, в соответствии с системой дидактическим обучением. Разработка концепции электронного обучения учебных материалов ролевых игры. Были широкий круг вопросов теоретическое объяснение.

Ключевые слова: графика, информационные технологии, электронные учебники, модели, иллюстрация, компьютерные технологий.

TECHNOLOGIES OF DEVELOPMENT OF ELECTRONIC TEXTBOOK IN LANGUAGE OF FRONT PAGE

Gulim Aliyeva

Department of Informatics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract. Electronic books prepared on the basis of scientific and educational information products. Preparation of e-books is the conceptual basis of the modular pedagogical theory. At the same time, the system of preparation of electronic textbooks and pedagogical principles in accordance with the system of didactic teaching. The development of the concept of e-learning training materials kuraldarınıñ role play. There were a wide range of topics pändegi theoretical explained.

Keywords: Graphics, information technology, electronic textbooks, models, illustrations, computer technologies.

UDC 37.03

FEATURES OF FORMATION OF VALUABLE SPHERE OF MODERN SCHOOLBOYS

Assel Alkuatova

Department of Pedagogy and Psychology
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences
alas1982@mail.ru

Abstract: *In this article features of formation of valuable orientations at younger school age are considered. Based on the analysis of the psychological literature the author presents a model of the formation of value orientations. The author of a study that shows the dynamics of the formation of value orientations. The characteristic features and the regularities of formation of valuable sphere of modern students.*

Keywords: *value, value orientation, personality, formation, valuable sphere, formation, schoolboys*

System of value orientation being a psychological characteristics of a mature personality, one of the central individual formation expresses a meaningful attitude of a man to the social reality and it determines the motivation of his behavior in such quality, also it has a significant impact on all the aspects of his operations. As an element of the structure of personality value orientations characterize internal readiness to commit the certain activities to meet the needs and interests, indicate the direction of its behavior.

The works of the classics of foreign and native sciences who are based on the notion of personality in their theories devoted to the problem of the formation of value orientations, as far as the valuable orientations is closely connected with a man, as well as the study of human behavior and motives. In the writings of T.N. Malkovskaya, Z.I. Ravkin, V.V. Serikov and others considered the essence of the moral values, and value orientations, their place in the structure of personality.

Modern psychologists, philosophers and sociologists such as N.S. Rozov, B. Shleder and others also address to the problem of the formation and development of valuable orientations of the personality considering them as a component of personality structure, characterizing the directivity and content of the activity of the personality which defines a common approach to the human world, to

himself, giving the meaning and direction to personal positions, behavior and actions [1].

The problem of formation and development of value orientations of adolescents is the actual topic today, as it is due to the socio-economic reforms, reform of the education system on the one hand, and the increasing number of crimes among the teenagers who use alcohol, deformation of values among adolescents - on the other hand.

Value - an idea that is holy for a person, for the collective and society as a whole, their persuasion and views which expressed in behavior. In the narrow sense by the word "value" we understand requirements, standards, acting as a regulator and purposes of human relationships and activities. We can say that the level of cultural development of society, the degree of civility depend on the values.

The concept of "value" is closely connected with the concept of "value orientations", for the first time it was used in the American sociology, in particular, it was used by T. Parsons. Value orientation - a ranking of individual and group values, the great importance is attached to one person than the other in them, and it affects to the choice of purposes of activities and means of achieving them. Value orientations are an important element of personal consciousness, and moral, aesthetic, legal, political, ecological, economic, philosophical

knowledge, perceptions and beliefs are refracted in them [2].

The category of "valuable orientation" is the focus in which the points of view of branches of scientific knowledge on the personality are converged. It is associated with all the basic concepts that have been developed in philosophy, sociology, social psychology, pedagogy.

Value orientations are the essential component of personal consciousness that substantially affecting on the perception of the environment, an attitude to a society, a social group, on representations of the person about himself. As an element of the structure of personality they reflect his inner readiness for actions to meet the needs and purposes, and give directions to his behavior in all spheres of activities.

Value orientations are the more important component of personality consciousness.

Specificity of value orientations means that this category is most closely connected with the behavior of the subject, manages this process as a deliberate action. Value orientations represent a in a special way structured and hierarchic system of value representations expressing a subjective attitude personality to the objective conditions of life, really dictate actions and activities of a man, show and find themselves in the practical behavior. Value orientations are rod, the basic characteristic of the personality, the social property of the personality [3].

A.N. Maksimov, the philosopher believes that the value of the subject is the primary form of the subject reality in which it appears in front of the consciousness through the value relation of a man to the subject. He convinced that "the meeting with any subject immediately suggests the inclusion of assessment mechanism of the valuable relationship".

The problems connected with the human values related to the number of the most important things for the science, doing the study of a man and society, primarily the fact that the values are the integrative framework for a single person, and for all

social groups, nations and humanity as a whole [1].

Value orientation includes three components:

cognitive or semantic, in which the social experience of the personality is concentrated. The scientific cognition of actuality contributing to the formation of the valuable relationships is implemented on the basis of that experience;

emotional experience which assumes by the personality's attitude to these values and determines the personal sense of this relationship;

behavioural based on the results of the interaction of the first two components. Thanks to the cognition of reality and its value experience by the subject it is formed a willingness to act, to carry out the conceived in accordance with a thought-out plan.

Value orientations are the result of internal and external interaction in the development process of the personality, subjective reflection of the objective world in the mind of a particular individual. Being aware, the values play an important role for determining the directivity of the individual, his orientation in the social area.

The process of orientation implies three interrelated phases ensuring the development. Phase of assignments by the personality the values of society as its functioning produces the value attitude – the value orientations and the hierarchical system of the value orientations. Phase of transformation, based on the assigned values provides conversion of an image I, which develops in interaction "I am -real" - "I am - the perfect" - "life ideal." Forecast phase as a finishing phase ensures the formation of the life prospects of personality as a criterion of orientation.

N.N. Ushakova identifies the following criteria to determine of the efficiency of formation of value orientations:

1. Knowledge of values. Here the result is the ability to form valuable orientations. The concept of value is considered to be assimilated if the teenager has completely mastered the content of the concept, its scope, knowledge of its connections, relations with

other concepts, as well as the ability to operate by the concept in solving practical problems.


2. Differentiation of values - the ability of making the value choices of adolescents.

Diagnosis system of valuable orientations of students of school. Author's

technique developed by a team of psychologists led by Zubkova NF

In total 70 people took part

Table 1.
The model of formation of valuable orientations



The results of the selection of primary school students are as follows:

%	Family	Learning	Health	Friends	Love	Money	Entertainment
1	77	2,8	10	1,4	7,1	1,4	0
2	11,4	0	40	27,1	12,8	7,1	1,4
3	1,4	18,6	18,6	34,2	14,2	7,1	7,1
4	4,3	24,2	14,2	17,1	21	8,6	10
5	2,8	11,4	12,8	8,5	27,1	7,1	21
6	0	15,7	12,8	2,8	15,7	22,8	32,8
7	2,8	7,1	11,4	5,7	4,3	42,8	24,2

Based on the results, it can be assumed that the value orientation of primary school children are expressed clearly.

In adolescence, they are subject to change due to the influence of the social environment

Formation of the system of value orientations of the personality is the subject of steadfast attention and multiplanned study for different researchers. The study of such issues is particularly important during adolescence period because this period of ontogenesis linked with that level of development of value

orientations which ensures their functioning as a special system having a determining impact on the directivity of the personality, his active social position.

In such a way the substantial changes in a society are reflected on the formation of the value orientations of modern teenagers, which is manifested in the predominance of values associated with the individual, personal life of an individual, as well as a considerable variation of individual systems of value orientations.

References

1. Golub A.M. Formation of valuable orientations of youth in the process of leisure activities // Satsyyalna-pedagogichnaya rabota. - 2009. - № 4. - P. 53-57.
2. Divisenko K.S. Dynamics of values schoolchildren (On the materials of autobiographies and essays) // Sociological studies. - 2008. - № 8. - P. 118-122.
3. Ermolich S.J. Methodological preconditions of formation of value orientations of adolescents // Pazashkolnae vyhavanne. - 2007. - № 9. - P. 23-27.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰНДЫ САЛАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алькуатова Асель Лайыковна

Педагогика және психология кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Бұл мақалада мектеп жасындағы құндылық бағдарын қалыптастыру мүмкіндіктерін талқыланады. Психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде автор құндылық бейімделуді қалыптастыру үлгісін ұсынады. Автор құндылық бейімделуінің қалыптастыру серпінін зерттеген. Құнды салалсын қалыптастыруында тән ерекшеліктері мен заңдылықтары анықталған.

Түйін сөздер: құндылық, құндылық бағдар, тұлға, қалыптастыру, құнды сала, оқушылар

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНОЙ СФЕРЫ СОВРЕМЕННЫХ ШКОЛЬНИКОВ

Алькуатова Асель Лайыковна

Кафедра педагогики и психологии

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности формирования ценностных ориентаций в школьном возрасте. На основе анализа психологической литературы автором представлена модель формирования ценностных ориентаций. Автором проведено исследование, которое показывает динамику формирования ценностных ориентаций. Выявлены характерные особенности и определены закономерности формирования ценностной сферы современных школьников.

Ключевые слова: ценность, ценностные ориентации, личность, формирование, ценностная сфера, школьники

ӘОЖ 582-1

«БУРАБАЙ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕР ТҮРЛЕРІ

Амиров Марал Сапабекович

Химия, биология және география кафедрасы
Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі
amirov_m_76@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл жұмыста Бурабай ұлттық паркінің көптүрлілікпен ерекшеленетіндігі, онда кездесетін өсімдіктердің түрлері қарастырылған және парктің табиғатының қазіргі таңдағы жағдайы айтылған.*

***Түйін сөздер:** Бурабай, флора, парк, орман, өсімдіктер.*

Қазіргі таңда Қазақстан республикасының тарихи, табиғи жерлерін қорғау, оларда кездесетін өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу алға қойылған мақсаттардың бірі болып табылады. Еліміздің өсімдікке бай ұлттық парктерінің бірі ол Бурабай ұлттық паркі. Ол Ақмола облысы территориясында орналасқан «Бурабай» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі болып табылады. Парк Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы бойынша 2000 жылы 12 тамызда құрылған. Бурабай табиғаты әлемде сирек кездесетін ерекше географиялық орта Қазақтың Сарыарқа даласының құрамына кірген Бурабайдың жер бедері орташа таулы алқапты болып келеді.

Қазіргі уақытта Ұлттық табиғи парктің жалпы ауданы 83510 га көлемінде, оның ішінде 47,4 мың га ауданын орманды алқап алып жатыр. Жер беті сулары 8493,5 га жерді алып жатыр. Ұлттық паркке Қазақ ұсақ шоқылы аймағының (Сарыарқаның) солтүстік-батыс бөлігіндегі Көкшетау қыратының шығыс бөлігінде орналасқан Бурабай таулы орман сілемі кіреді. Ұлттық парктің құрамында Бурабай, Зеренді, Үлкен және Кіші Шабакты, Шортанды секілді эвтрофты көлдері бар [1,35]. Мұндағы көлдердің суы негізінен тұщы. Парктің аумағында шағын өзендер мен жылғалар да бар. Бурабай орман сілемінде қылқан жапырақты және аралас жапырақты қалдық ормандар плейстоцен

дәуірінен бері сақталып келеді. Жалпы парк қазынаға толы деп айтсақта болады. Қазіргі кезде Ұлттық парк мемлекеттік мекеме болып, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи территориялар жүйесіне кіреді. Міне сондықтан паркте сақтау, зерттеу қазақтың жастарының келешегінің қолында деп білеміз [2,13].

Қандай да бір территорияның флорасын тарихи бейне ретінде қарастырғанда, оның даму тарихын және өсу шарттарын айқындайтын, реликті элементтерді белгілейді. «БУРАБАЙ» Ұлттық табиғи парктің флорасы өзіндік пішінімен және әр түрлігімен тамаша және оның территориясындағы реликтердің концентрациясымен сипатталады. Парктің жалпы өсімдіктің әртүрлілігі басты ерекшелігі болып табылады. Горчаковскийдің П.Л. көрсеткіштеріне сәйкес Қазақ ұсақ шоғырының төмен таулардың аралды борында бореалды реликтерге жататын, тамырлы өсімдіктердің 110 түрі кездеседі. Мұндай көп түрлілік басқа жерлерде байқала бермейді [3,417].

2010–2012 жж. аралығында «Бурабай» ұлттық табиғи паркі территориясы зерттелді, тамырлы өсімдіктердің 300-ге жуық түрлері, 1000-ға жуық гербарий үлгілері жиналып сипатталды. Жинақтамалар А. Байтұрсынов атындағы Қостанай

мемлекеттік университетінде сақталған [4,52].

Географиялық қатынаста «Бурабай» МҰТП – бұл дала аймақтарымен қоршалған, өзімен оазис ұсынатын, аралды түрдің сақиналы құрылымы. Бұл территорияның рельефі төмен таулардың күрделі құрылымымен, ойлы-қырлы бұлақ жазығының және ұсақ көлдердің батпақтарымен ауысып отыратын шоқтар және жазықтармен сипатталған [5].

Бореалды реликтердің ең көп концентрациясы Бурабай таулы-орман алқабында шоғырланған. Малое Карасу, Светлое көлдердің сфагты батпақтар маңайларында келесі тайгалық өсімдіктер өседі: *Goodyera repens*, *Linnaea borealis*, *Corallorhiza trifida*, *Moneses uniflora*, *Chimaphila umbellata*, *Pyrola rotundifolia*, *P. minor*, *Equisetum sylvaticum*, *Trientalis europaea*.

Ерекше қорғауды қажет ететін бореалды реликтердің 34 түрі табылған. Көбінесе сипатталатын экотоптар: бастаудың шығу орны, жылға жағалаулары, көл жағалаулары, сфагты батпақтар, граниттің үйіндісінің қаяулары.

Бастаулар маңайларында сирек орхидеялардың мекендері табылған *Cypripedium calceolus*, *Dactylorhiza fuchsii*, *D. majalis*, *D. maculata*. Сонымен қатар бұнда *Pyrola rotundifolia*, *P. minor*, қырыққұлақ – *Gymnocarpium dryopteris* кездеседі.

Иманаев жылға жағалауында кездеседі: *Matteuccia struthiopteris*, *Athyrium filix-femina*, *Pteridium aquilinum*, көп *Heracleum sibiricum*, *Angelica silvestris*, *Scirpus sylvaticus*, *Rubus idaeus*, *Galium boreale*, *Lysimachia vulgaris*, *Naumburgia thyrsoflora*, *Pleurospermum uralense*, *Filipendula ulmaria*, *Geranium sylvaticum*, *Ligularia sibirica*, *Crepis sibirica*, *Equisetum sylvaticum*, *E. pratense*, *Pyrola rotundifolia*, *P. minor*, *Dactylorhiza maculata*. Малое Карасу көлінің жағалауында Қазақ ұсақ шоғырында сирек кездесетін шоқпарбастар кездеседі *Lycopodium clavatum*, *Vaccinium vitis-idaea* [6].

Светлое көлінің қарағайлы ормандарында шоқпарбастар көп *Pteridium aquilinum*. Боровой көлінің шетінде Иманаев жылға сағасында өскіндер *Equisetum hyemale* қалыптастырады. Малое Карасу, Боровой және Светлый көлдердің жағалаулары, Громатуха өзендері *Thelypteris palustris* мекен орны болып табылады, осында *Equisetum palustre* және *E. fluviatile* кездеседі, солтүстік шекара батпақтарына тән түрлер: *Salix lapponum*, *Oxycoccus palustris*, *Drosera rotundiolia*, *Rhynchospora alba*, *Eriophorum angustifolium*, *E. gracile*, *Pedicularis palustris*, *P. sceptrum-carolinum*, *Spiranthes amoena*, *Carex vaginata*, *C. rostrata*, *C. buxbaumii*, *C. irrigua*, *C. loliacea*, *Menyanthes trifoliata*. Әдетте қылқанды шекарада өсетін, кейбір өсімдік түрлері кездеседі: *Linnaea borealis*, *Goodyera repens*, *Vaccinium vitis-idaea*, *Pyrola rotundifolia*, *P. minor* [7].

Тау айдарларында және баурайларда және жоталарда *Rubus idaeus* кездеседі, сонымен қатар қырыққұлақтар *Asplenium septentrionale*, *Polypodium vulgare*, *Woodsia ilvensis*, *Cystopteris fragilis*. Көкше, Жеке-Батыр таулардың етектерінде *Juniperus communis* өседі. Осында *Rubus idaeus*, *Ribes nigrum*, қырыққұлақтар *Athyrium filix-femina* және бореалды-неморалды реликт – қырыққұлақ *Dryopteris filix-mas* кездеседі [8].

Мүкті және мүкті-шөпті қарағайларда *Linnaea borealis*, *Goodyera repens*, *Neottianthe cucullata*, *Moneses uniflora*, *Chimaphila umbellata*, *Pyrola chlorantha*, *P. rotundifolia*, *P. minor*, қырыққұлақтар – *Gymnocarpium dryopteris*, *G. robertianum*, *G. tenuipes* өседі. Сонымен қатар сирек өсімдіктер арасынан голарктикалық ареалмен орман түрлерінің топтары көп кездеседі (*Lycopodium complanatum*, *Matteuccia struthiopteris*, *Cystopteris fragilis*, *Carex canescens*, *Carex rostrata*, *Chimaphila umbellata*, *Orthilia secunda*, *Pyrola rotundifolia*, *Vaccinium vitis-idaea*, *Menyanthes trifoliata*, *Linnaea borealis*). Сонымен қатар евроазиалық өсімдіктер топтары көп (*Juniperus*

communis, *Festuca pratensis*, *Luzula palescens*, *Iris sibirica*, *Cypripedium calceolus*, *Dactylorhiza majalis*, *Nymphaea alba*, *Cerasus fruticosa*), олардың арасына агрессивті түрлер пайда болады (*Hippophae rhamnoides*). Сирек кездесетін түрлер арасынан тек қана бір түр плюрегионалды (*Pteridium aquilinum*) ареалмен сипатталған [9]. Жоғарыда айтқанымыздай Бурабай ұлттық паркі

көптүрлілікпен ерекшеленеді. Онда кездесетін өсімдіктердің барлығы бірдей сипатталып қарастырылды деп айта алмаймыз. Парктің табиғатын зерттеу қазіргі заман талабы әрі болашақ жастардың міндетінің бірі десекте болады. Қазіргі медицина саласы өсімдіктерді көптен көп зерттеу үстінде міне сондықтанда парк өсімдіктерінің адам өмірі маңызы зор деп айтуға болады [10].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Чеботько Н. К. Некоторые итоги исследований в области лесной селекции и биотехнологии // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - 2012. - Т.1, - С. 35-37.
2. Седелникова Т. С., Пименов А. В. Хромосомные мутации у сосны обыкновенной (*Pinus sylvestris*) в гидроморфных условиях произрастания.
3. Первый случай обнаружения гигантской хромосомы // Известия РАН. Серия биологическая. – 2010. Т.5, № 4, - С. 417-422.
4. А.А. Ивашенко «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» Алматы-2004.
5. ҚР Заңы 04.10.1999г. «Об основах туристской деятельности в Казахстане».
6. Закон Республики Казахстан “О туристской деятельности в Республике Казахстан” // Казахстанская правда. – 2001, 14 июня.
7. Мырзабеков. Ж.М. Особо охраняемые природные территории Казахстана: экология, биоразнообразие и перспективы развития их сети. – Алматы, 2000
8. Л.И. Егоренков «Экология туризма и сервиса». – Москва: 2003
9. Косолапов А.Б. Рекреационные ресурсы Борового.– Россия: ДВГАЭУ, 2000
10. Седелникова Т. С., Пименов А. В. Хромосомные мутации у сосны обыкновенной (*Pinus sylvestris*) в гидроморфных условиях произрастания. Первый случай обнаружения гигантской хромосомы // Известия РАН. Серия биологическая. – 2010. Т.5, № 4, - С. 417-422.
11. Панов В. В. Болотные формы *Pinus sylvestris* (*Pinaceae*) // Ботанический журнал. - 2011. - Т. 92, №5, - С.647-651.

ВИДЫ РАСТЕНИЙ ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ В ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПАРКЕ «БУРАБАЙ»

Амиров Марал Сапабекович

Кафедра химии, биологии и географии

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация: В этой статье рассматриваются особенности разнообразных видов национального парка, также встречающиеся виды растений и природное состояние парка на данное время.

Ключевые слова: Бурабай, флора, парк, лес, растения.

TYPES OF TREES MET IN THE STATE NATIONAL PARK “BURABAY”

Maral Amirov

Department of Chemistry, Biology and Geography

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract: In this article the features of various types of National park, also meeting types of plants and natural state of park, are examined on this time.

Keywords: Burabai, flora, park, forest, plant.

ӘОЖ 37.0877.:374(091)(574)

ФИЗИКА ПӘНІ ПЕДАГОГІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Аубакирова Асель Аубакировна

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылыдарының магистрі

aubakirova_aa@mail.ru

Аңдатпа: Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ педагогтың жеке тұлғасын кәсіптік білім стратегиясы арқылы жетілдірудің өзекті мәселелері қарастырылады. Осы білім стратегиясында болашақ педагогтың құзыреттілігін кәсіптік генетикалық коды арқылы дамыту технологиясы және педагог профессиограммасы арқылы зерттеудің мәні қазіргі заманның педагогика ғылымында ең бір өзекті мәселе екендігі сипатталады. Осындай өзекті мәселелерге А.П.Сейтешевтің кәсіпке баулудың өңдеп- жетілдірілген әдісі, Б.Т.Кенжебековтың кәсіптік генетикалық коды арқылы модельдеу жолы жоғарғы оқу орнында студенттердің іс-әрекеті жүйелі түрде зерттеу мен талдау жолдары зор мүмкүндіктер мен нәтижелер береді.

Түйін сөздер: Технология, құзыреттілік, коммуникативті, ақпаратты, регулятивті, интеллектуалды, педагогикалық, субъект, эксперимент

XXI ғасыр жаңа заман талаптарын меңгере отырып, жан-жақты дамыған ғасыр. Ал болашақ жастар сол ғасырды басқарып, меңгеретін тұлғалар. Ол үшін әрбір Қазақстан Республикасының азаматы жан-жақты дамыған, білімді, білгір болуы тиіс. Сол үшін әр оқушының кәсіби құзыреттілігінің толықтай дамуы да маңызды. Құзыреттілік-оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзірет дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген. Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты—сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапаларын арттыруға, стратегиялық

міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулер педагогикалық үрдіске жаңа талаптар жүктейді. [1].

Білім беру талаптарына «Құзыреттілік» ұғымы енгізілді. Оның мазмұны психологиялық ғылымда бірнеше нұсқада қарастырылады. Тәжірибеде кәсіби құзыреттілік бітірушінің идеялды моделі ретінде көрініс берді. Құзыреттіліктің негізгі анықтаушы факторлары болып үздіксіз білім алуға деген қажеттіліктердің қалыптасқандығы, кәсіби құзыреттілікті тереңдетуге дайындық болып табылады. Үздіксіз педагогикалық білім берудің деңгейі ретінде ЖОО негізгі қызметі, бұл маманның кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін тұлғалық және кәсіптік жағдайлардың қалыптасуы болып табылады. Құзыреттілік бірінші орынға жалпы проблеманы дұрыс шеше білу қасиетін қояды. ЖОО бітірушінің іс-әрекеттік моделіне мыналар кіреді:

– Білім беру мен тәрбиенің жаңа іргелі негіздерін білу;

– Кәсіби іс-әрекеттің психолого-педагогикалық теориялық және практикалық негіздерін меңгеру;

– Педагогикалық технологияларды игеру;

– Ұлттық салт-дәстүрлерді білу; [2]

– Құзыреттілік әрдайым бірінші орынға ақпаратты сауаттылықты қоймайды, оның проблеманы дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік коммуникативті, ақпаратты, регулятивті және интеллектуалды – педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырылады [3].

Мұғалім қызметінің аса бір ерекшелігі – екі түрлі объектімен, яғни оқу материалы және студенттермен жұмыс жүргізуінде. «Физика мұғалімінің кәсіби шеберлігінің негізі» түсінігін физикалық білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың және физикалық мәдениетінің деңгейлері, физиканы оқыту әдістемесін меңгеру және оны оқытуда қабілеттілігіне күшті әсер ету, оқыту процесінде тәрбиелей білу. Жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде сабақты өткізу, аудиторияны көре білу, жоғары педагогикалық мәдениет, ұйымдастырушылық қабілеттілігі т.б. Оқытушылардың кәсіби сапалары студенттердің сабаққа деген қызығушылықтарын анықтайды. Оқытушылар студенттерге тек қана білім берумен шектелмеуі қажет, оларға оқыту әдістерін үйретеді және жалпы педагогикалық, физикалық мәдениетке тәрбиелейді [4]. ЖОО саласында әлемдік деңгейге жету үшін, жаңа оқулықтарының пайда болуы, ағарту саласы мамандарының өз қызметтерін сын көзбен қарап, кәсіби шеберліктерін уақыт талабына сай шындап, білімдерін көтеріп отыруды талап етеді. Электронды оқулықтар, педагогикалық технологияларды қолдану т.б. Мұғалім әр баланы

қайталанбайтын жеке тұлға деп оған сеніммен мейіріммен қараса онда оқу – тәрбие процесі жақсы жүреді. Келешектің адамын қалыптастыру ол мұғалімнің оқушыға сенуі, оқушының мұғалімді сүюі – ізгілендіру идеясы. Қазіргі оқыту оқушыны жан-жақты дамытуға, алдымен ақыл-ойды дамытуға бағытталған. Проблемалық ахуалдарды қамтитын есептерді шығару болғанда оқушылардың ойлау қызметі, зерттеушілік машықтары дамытылады [5].

Психологиялық тренингтер қолданылады. Жаңа технологиялардың сабақтарда қолданылуы туралы әр студент баяндамалар, рефераттар, сабақ жоспарларын жасайды. Мысалы: «Лысенкованың іс-тәжірибесі», «Тірек үлгілері неге қажет», «И.П.Волковтың іс-тәжірибесі», «Проблемалық оқыту технологиясы», «А.В.Шаталовтың іс-тәжірибесі», «Деңгейлеп оқыту технологиясы», «Тендеу құру арқылы есеп шығару», «Тест туралы мәліметтер», «Құрама есептермен жұмыс» т.б. [6].

«Құзыреттілік» деген түсінік, латын тілінен *competens*- орындайтын істің мәні туралы терең, айқын білім, қойылған мақсатқа жетудің құралдары мен тәсілдері, сондай-ақ сәйкес біліктілікпен дағдылардың болуы [7].

Құзыреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін басты екі түрі белгіленіп отыр. Олар – «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттіліктер. Атап айтқанда, «пәндік» құзыреттілікке белгілі бір пәнді меңгеруге (ұстаздар үшін) немесе белгілі бір саланы меңгеруге қажетті білім мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттілік ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері жатқызылады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, кәсіби шеберліктің қалыптасуы

мен даму үрдісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланып келеді. Оның біріншісіне «Қазақ Совет Энциклопедиясының» орысша-қазақша сөздігінде «хабардар, жетік, терең білетін» деп, ал екіншісіне «хабардарлық, міндет, қызмет бабы» деп анықтама берілген. Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді. Түсініктің шығу тегі, батыс әдебиетінде, 1960 жылдың соңына қарай 1970 жылдың басында білім берудегі жаңа бағыт, құзыреттілік әдісі дами бастаған кезде шықты. Кеңес дәуіріндегі білім берудегі құзыреттілік әдісін жасаудың алғашқыда 1980 жылдың аяғында қатысты, және де В.Н.Введенский осы терминді кең мағынада толтырумен айтылған деп есептейді.

Ағылшын ғалымы Дж. Равен құзыреттіліктің 37 түрін, ал орыс ғалымдары Н.В Кузьмина –5, И.А.Зимняя –3 тобын көрсеткен.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» түсінігі орыс авторларының жұмыстарында кең жайылған, ол кәсіби, әлеуметтік - педагогикалық, әлеуметтік – психологиялық, құқықтық және басқа сипаттары бар, күрделі интегралданған құбылыс ретінде сипатталады [8].

Демек, болашақ мұғалімдердің құзыреті деп, студенттің білім беру дайындығына, алдын- ала берілген талап, ал оның құзыреттілігі, оның қалыптасып қойған тұлғалық қасиеттері және берілген аумақтағы іске қатысты ең аз тәжірбие деп түсіндіріледі.

Өзінің зерттеуінде Б.Т. Кенжебеков маманның құзыреттілігі түсінігінде келесідей анықтама береді : «кәсіби құзыреттілік - бұл адамның негізгі интегралданған білімдерінің, жалпыланған қабілеті мен білгірлігінің, оның кәсіби мәнділігі мен тұлғалық қасиеттерінің, жоғары технологиялық деңгейі мен мәдениеттілігі және шеберлігінің жоғары деңгейі, істерді ұйымдастыруға, шығармашылық көзқарас, тұрақты өзара дамуға дайындығының, жиынтығы»

В.А.Болотовтың және В.В.Сериковтың анықтамалары құзыреттіліктің мағынасын ашып көрсетеді, олардың пікірінше, білім алудың жемісі бола тұра, одан тікелей шықпайды, ол тұлғаның өзіндік дамуымен, тек қана технологиялық, тұлғалық өсуімен ғана емес, тұлғалық және әрекеттің тәжірбиесінің жалпылауымен өзіндік дамуының нәтижесі деп есептейді. Олар түсіндіргендей, бұл кәсіби құзыреттілік, білімін, білгірлігімен, білімділігін, іске асырушы тәсіл, ол тұлғалық жүзеге асырудың тәсілі, тәрбиеленушінің өмірде өзінің орнын табуы, осыдан білім жоғары мотивацияланған және тұлғалық бағдарланғандығының шын мәнінде, оның тұлғалық потенциалының ең көп қажеттілігін қамтамасыз етеді, тұлғаны жанындағылардың тән алуы мен өзінің жекелік мәнділігін ұғыну [9].

Жалпы алғанда, ескеру керек, зерттелетін түсінік, өзінде құзыреттіліктің жеке түрлерінің бір – бірімен органикалық байланысқан жүйені енгізді, олар маманның әрекетінің ерекшелігі мен оның санатына қойылған талаптардан тікелей байланыста болады.

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми - педагогикалық әдебиеттерді оқу, «құзыреттілік» түсінігінің , «кәсібилік», «санаттылық», «дайындық», «кәсіби қабілеттік» деген түсініктермен тығыз байланыста болады деген қортынды жасауға мүмкіндік береді.

Осыдан, «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «педагогикалық құзыреттілік» түсініктерінің анықтамаларының серпінділігін және көп жақтылығын, кәсіби құзыреттіліктің мағынасын талқылаудағы әр түрлі көзқарастың болуымен түсіндіруге болады, бұның әр түрлі фактілердің құбылтуына тәуелді. Ол фактілерге, педагогика мен онымен аралас ғылымдардың, қоғам, экономика, мәдениеттің және т.б. түйінін дамуы. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің талдауы күрделі құзыреттілік феномен толықтау зерттелгендігі көрсетеді, бірақ бір мағыналы анықтамалар әлі де жоқ. Бұл

біздің көзқарасымыз бойынша, толықтай құзыреттілік көзқарасын дайындау және «педогоикалық құзыреттілік» түсінігінің анықтамасы оның мазмұны мен құрылымы педагогика ғылымында құрыстырылу кезеңінде тұрғандығымен түсіндіріледі .

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін — өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел

ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт — бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім — қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. 2010.-8 б.
2. Зимняя И.А.Ключевые компотентности к как результативно-целевая компетенттносного подхода в образовании. Авторская версия / И.Л.Зимняя. – М: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 42с.
3. Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. -№2. -2002г.с. 81-84.
4. Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, стуктура, содержание // Высшая школа Казахстана, №4-5, 2001. –С. 153.
5. Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компотентности учителя. Алматы-2006.
- Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. – М., 2002. с.253. Пер.с англ. 1984.
6. Слостенин В.А. Формирование профиссиональной культуры учителя/ Под.ред. В.А.Слостенина. – М., 1993.
7. Тұрғынбаева Б.А «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
- 8.Кенжебеков Б.Т., Нуркасымова С.Н., Аубакирова А.А. Компетентно-технологическая деятельность преподавателя. Изденіс ҚР Халықаралық ғылыми-журнал қосымшасы гуманитарлық ғылымдар сериясы. Алматы, 2014 ж. 221-226 бет

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ФИЗИКИ

Аубакирова Асель Аубакировна

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Уровень профессиональных знаний определяется развитием личности педагога в системе ВУЗа. Стратегия профессионального образования определяется путем развития технологии генетического кода и профессиональной компетентности будущего педагога. Рассматриваются проблемы развития личности будущего педагога в системе ВУЗа при помощи изучения профессиограммы педагога. К таким основным проблемам можно отнести усовершенствованный метод приучения к профессии А.П.Сейтешева, метод Б.Т. Кенжебекова моделирования путей в высшем учебном заведении с помощью профессионального генетического кода. Системное изучение и анализ деятельности студентов в учебных заведениях дает большие возможности и результаты.

Ключевые слова: Технология, компетенция, коммуникативный, информационный, регулятивный, интеллектуальный, педагогический, субъект, эксперимент

THEORETICAL BASES OF FORMATION OF PROFESSIONAL COPETENCE OF THE TEACHER OF PHYSICS

Assel Aubakirova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: It is considered problems of development of the identity of future teacher in HIGHER EDUCATION INSTITUTION system with the help knowledge professional strategy. In this strategy development of technology of a professional genetic code and professional competence of future teacher is an important problem in modern pedagogical science. In this problem A.P.Seyteshev's method on improvement of formation professional education and modeling of a professional genetic code of B.T.Kenzhebekov in system of HIGHER EDUCATION INSTITUTION give great opportunities and results of a way of system research and the analysis of activity of students.

Keywords: Technology, competence, communicative, iformation, regulatory, intellectual, pedagogical,subject, experiment

УДК 811.161.1

ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ И КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Аубакирова Женискуль Зиядиновна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

aubakirova.1969@inbox.ru

Аннотация: *Статья рассматривает компетентностный подход к обучению русскому языку позволяет ответить на вопрос, как студент владеет языком, на каком уровне: языковом (владение нормами русского литературного языка), лингвистическом (знание языка), коммуникативном (владение языковыми средствами).*

Ключевые слова: *языковая компетенция, коммуникативная компетенция, рефлексия, речевая деятельность, обучение.*

Речевая деятельность формируется на каждом уроке во всех её видах: чтении, говорении, письме, аудировании. Так как, перед современным образованием стоит цель: развитие личности, способной к эффективной реализации себя в сфере будущей профессиональной деятельности. В связи с этим, особое значение приобретает проблема формирования и развития коммуникативной и языковой компетентности студентов в процессе изучения русского языка. Как говорят, почему, что, где, когда, какое значение придается отдельным словам и выражениям в зависимости от конкретных обстоятельств - все это регулируется коммуникативной и языковой компетенцией. Ориентация новой модели на компетентное содержание образования предполагает формирование коммуникативной компетенции, а также компетенций, реализующих способность и желание учиться всю жизнь не только в профессиональном плане, но и в личной и общественной жизни, а также компетенций, касающихся жизни в поликультурном обществе [1].

Коммуникативная компетенция, наряду с информационной, входит в число ключевых компетенций студента. Термин «ключевые» подчеркивает, что «компетенции данного вида являются

своего рода ключом к успешной жизни человека в обществе» и представляют собой «универсальные способы социальной деятельности» [2]. Компетенции формируются в процессе реализации компетентностного подхода в обучении, когда педагогический процесс ориентирован на выработку не только знаний и умений, но и способности решать конкретные познавательные и жизненные задачи на основе усвоенных знаний. Мы считаем коммуникативную компетенцию, прежде всего, инструментально-прикладной, так как она, во-первых, обеспечивает средствами (умениями) для интерпретации, структурирования, систематизации, анализа полученной информации с учетом поставленной задачи, ее использования при планировании и реализации речевой деятельности в той или иной ситуации; во-вторых, создает оптимальные условия для выявления проблемы, поиска и реализации средств ее решения, публичного представления результатов, а также мотивирует умения работы в сотрудничестве: поиск партнеров и объединение с ними, коллективное целеполагание и планирование, распределение задач между участниками группы, действия в роли ситуативного лидера и исполнителя в конкретной

ситуации, координация своих действий с действиями других, коллективное подведение итогов и коллективная презентация продукта деятельности группы.

Коммуникативная компетенция как ключевая понимается несколько шире, чем «знания, умения, навыки, необходимые для понимания чужих и порождения собственных программ речевого поведения, адекватного целям, сферам, обстановке общения» [2]. В этом случае она «предусматривает знание родного и других языков, обеспечивающее владение способами взаимодействия и общения с людьми в различных социальных группах, исполнение различных социальных ролей в обществе, умение использовать разнообразные объекты коммуникации для решения конкретных жизненных ситуаций» [3].

Казахский, русский, иностранный язык – компетентностные учебные предметы с преобладающим деятельностным содержанием. Это содержание необходимо актуализировать с учетом сегодняшней и будущей жизни студентов, с тем чтобы они приобрели опыт решения коммуникативно-компетентностные методы обучения. Перспективными и эффективными современными технологиями обучения языкам являются: дистанционное обучение посредством глобальной сети, информационные и коммуникационные технологии, современные психолого-педагогические технологии (обучающие, ролевые, деловые игры и др.).

Методы формирования и развития коммуникативной компетенции являются комплексными. Это обусловлено структурой самой коммуникации, включающей ряд этапов:

- самоопределение в коммуникативной ситуации, когда выявляются необходимость и цель участия в ней;

- анализ намерений и способов общения с ними с учетом своих целей и возможностей;

- выбор адекватного ситуации речевого жанра и речевого поведения;

- собственная коммуникация;

- рефлексия по результатам коммуникации, самооценка ее результативности. Приведем некоторые из приемов формирования коммуникативной компетенции, применяемых нами на уроках русского языка:

- формирование общеучебных умений и навыков (работа с книгой, словарями)

- учебный диалог на лингвистическую тему; диалогизированный монолог (с целью аргументации, убеждения, воздействия на воображаемого собеседника либо оппонента);

- защита, презентация сообщения на лингвистическую тему;

- аннотирование сообщений;

- рецензирование сообщений;

- коммуникативно-речевые тренинги;

Использование всех этих приемов на уроках языкового цикла позволяет активизировать в разных ситуациях общения мышление и речь учащихся, которые материализуются в речевых поступках. В процессе формирования лингвистической компетенции важным является развитие личности студента, его познавательной культуры, логической памяти, формирование навыков самоанализа и самооценки. Студенты обладают лингвистической компетенцией, если он имеет представление о системе изучаемого языка и может пользоваться этой системой на практике. На качество языковой компетенции в изучаемом языке влияет не только степень владения им, но и уровень компетенции студентов в родном языке. Языковая компетенция по Н. Хомскому означает способность понимать и продуцировать неограниченное число правильных в языковом отношении предложений с помощью усвоенных языковых знаков и правил их соединения [1].

В других исследованиях можно найти близкие определения, как например,

«языковая компетенция - способность учащегося конструировать грамматически правильные формы и синтаксические построения, а также понимать смысловые отрезки в речи, организованные в соответствии с существующими нормами русского языка, и использовать их в том значении, в котором они употребляются носителями языка в изолированной позиции». Усвоение знаний о системе языка не является самоцелью. В процессе формирования лингвистической компетенции важным является развитие личности студента, его познавательной культуры, логической памяти, формирование навыков самоанализа и самооценки.

Лингвистическая компетенция включает знание системы изучаемого языка по уровням (фонетика, лексика, состав слова и словообразование, морфология, синтаксис простого и сложного предложения, основы стилистики текста.), позволяющее конструировать предложения, правильные в языковом отношении. Чтобы процесс обучения лексике был управляемым и эффективным, содержание лексической компетенции должно быть исчислено, т.е. представлено количественно, в форме требований к коммуникативной и речевой и языковой компетенции учащихся-казахов. Путь от грамматики к лексике – без достаточного осознания слова как носителя лексического значения и элемента лексико-семантической системы – предопределяет освоение лексики на уровне отдельных, изолированных лексем, что значительно тормозит процесс освоения семантических связей вводимых лексических единиц. Содержание понятия следующей компетенции, а именно, коммуникативной компетенции, интенсивно разрабатывается в различных областях науки о языке и отличается разнообразием подходов и определений в силу многоаспектности данного понятия.

Компетентностный подход к обучению русскому языку позволяет ответить на вопрос, как студент владеет

языком, на каком уровне: языковом (владение нормами русского литературного языка), лингвистическом (знание языка), коммуникативном (владение языковыми средствами), социокультурном (владение культурой речи и этикой общения на национально-культурной основе).

Владение языком означает ориентацию на развитие языковой личности. Уровень владения языком определяется не только теоретическими знаниями о языке и правилами правописания, но и практическими навыками, выражающимися в речевой деятельности студентов, в их творческой и исследовательской работе над словом. Формирование коммуникативной компетенции возможно только на базе лингвистической и языковой компетенций.

Основными условиями формирования компетенций обучения мы считаем:

1. Потребность в высказывании, повышение речевой мотивации, желание выразить свои мысли и чувства.
2. Наличие содержательной основы для высказывания.
3. Освоение учащимися языковых средств, необходимых для создания конкретного текста, выработка у них умения отбирать и использовать эти средства в зависимости от ситуации общения.

Компетентностный подход к обучению требует овладения учащимися определенным набором способов деятельности в процессе обучения. Знания, приобретенные учащимися в процессе обучения, должны быть ориентированы на самостоятельное использование их в учебном процессе. Для этого необходимо тщательно отбирать дидактические средства с учетом трудностей усвоения и сложности самостоятельного их применения в нестандартных ситуациях, использование заданий на дифференциацию внешне сходных явлений, на классификацию изученного.

Критериями сформированности языковой компетенции учащихся являются умения опознавать языковую единицу, сопоставлять ее с внешне сходными единицами, овладевать способами действия и на этой основе приобретать новые знания.

Коммуникативная компетентность - это способность к полноценному речевому общению во всех сферах человеческой деятельности, с соблюдением социальных норм речевого поведения. Основное же умение, формируемое в рамках коммуникативной компетенции – это умение создавать и воспринимать тексты – продукты речевой деятельности. Она включает в себя знание основных понятий лингвистики речи – стили, типы речи, строение описания, повествования, рассуждения, способы связи предложений в тексте и т. д., умения и навыки анализа текста.

Формирование данных компетенций способствует как пониманию различий, так и готовности жить с людьми других культур, языков и религий.

В рамках компетентного подхода в обучении русскому языку возникает необходимость его стыковки с современными методами и технологиями в обучении языку. Естественно, что в современной педагогике крайне перспективна технология коммуникативного обучения, то есть обучения на основе общения. Коммуникативная методика допускает лишь уроки на языке, а не о языке. Коммуникативное обучение также предполагает и учет личностных особенностей учащихся, так как только личностный уровень позволяет интенсифицировать коммуникативную мотивацию, обеспечить целенаправленность говорения и т.д.

Следует отметить, что формирование коммуникативной компетенции в русском языке в современных условиях должно вырабатывать навыки и умения использования основных коммуникативных стратегий, которыми

пользуется общество: презентация, манипуляция, конвенция. Обучение указанным коммуникативным стратегиям является важнейшей задачей, так как язык – это мощное средство воздействия, и, общаясь, человек не просто сообщает или описывает какие-то объекты или ситуации внешнего мира, а интерпретирует их, управляет или пытается воздействовать на адресата, давая этим объектам или ситуациям положительную или отрицательную оценку. Коммуникативные стратегии отличаются по уровню открытости, симметрии и способу производимой коммуникации: презентационный тип является пассивной коммуникацией; манипуляционный – активной коммуникацией, конвенциональный – интерактивной коммуникацией. Точно так же основными средствами являются: для презентации – послание, для манипуляции – сообщение, для конвенции – диалог. Задачей презентационной стратегии является сообщение знания. Осуществляя манипуляционную коммуникацию, ее создатели ставят целью управление ситуацией через управление поведением людей. В конвенциональной коммуникативной стратегии применяются технологии, нацеленные на управление ситуацией через взаимодействие и согласование поведения людей.

Включение данных коммуникативных стратегий в образовательный процесс позволяет обучать студентов воздействовать при помощи иностранного языка на адресата, управлять его поведением, согласовывать свое поведение с действиями других людей, а также сообщать им какую-либо информацию. Такой подход позволяет моделировать различные профессиональные ситуации, например: презентация рекламного проекта, лекция (презентационная стратегия), дискуссия, круглый стол, ток-шоу (конвенциональная стратегия), ролевые игры (манипуляционная стратегия).

Внутренними ресурсами (знания, умения, навыки предметного, и бытового характера) являются:

- теория языка, теория текста, в том числе анализ текста- образца и конструирование собственного текста (ср.: «Текстообразование как основополагающее культуротворческое действие человека должно стать главным ориентиром в построении компетентностной модели обучения русскому языку») [10].

Таким образом, мы видим, что одним из эффективных способов решения задач, стоящих перед преподавателями русского языка в вузе на современном этапе, может быть компетентностный подход в обучении в соединении с новейшими технологиями и методами и с включением в обучение современных коммуникативных стратегий как основных моделей речевого воздействия на адресата в различных видах деятельности, в том числе и профессиональной.

Список использованных источников

1. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. М., 2000.
2. 1. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. М., 1992.
3. Якиманская И.С. Личностно ориентированная школа: критерии и процедуры анализа и оценки ее деятельности // Директор школы. 2003. № 6. С. 27-36.
4. Научно – методический журнал. Русская словестность в школе. Алматы , 2010 г.№2
5. Русский язык и литература в казахской школе. Алматы, 2000 г.№4
6. Сергеев И.С., Блинов В.И. Как реализовать компетентностный подход на уроке и во внеурочной деятельности. -М.,2007.-С-23.
7. Быстрова Е.А. Компетентностный носитель языка// Народное образование, 1998,№5.-С.70.
8. Образование и наука: Энциклопедический словарь /Гл.ред. Ж.К.Туймебаев.- Алматы, 2008.-С.149.
9. Подобед Н.Н. Педагогические условия формирования толерантности общения старшеклассников.- Алматы, 2007.-С.11.
10. Сериков В.В. Обучение как вид педагогической деятельности.- М.,2008.-С.198.

ОРЫС ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІК, КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аубакирова Женискуль Зиядиновна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Орыс тілін оқытуға құзыреттілік әдісі студенттің тілді қалай білетіндігіне, тілдік (орыс әдеби тілінің нормасын меңгеру), лингвистикалық (тілді білу), коммуникативтік (тілдік құралдарды меңгеру) мәселелерді қалай, қандай деңгейде меңгерулеріне жауап береді.

Түйін сөздер: тілдік құзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, рефлексия, қызметі, тілдік оқыту.

DEVELOPING OF LANGUAGE COMPETENCE OF STUDENTS IN TEACHING RUSSIAN

Zheniskul Aubakirova

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: Competence - based approach of teaching Russian language allow answer the question, in what degree student can speak in language (the Russian literary language), linguistic (knowledge of language), communicative (by language techniques).

Keywords: language competence, communicative competence, reflection, speaking activities, language teaching.

ӘОЖ 811.512.122

С.АМАНЖОЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДИАЛЕКТІЛЕРІ

Ауезова Шынар Сериковна

Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
auezova_shynar@mail.ru

***Аңдатпа:** С.Аманжолов және қазақ диалектологиясы. Профессор С.Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы мен қалыптасу тарихын қазақ жеріндегі бұрынғы тайпалық одақтармен жүздермен байланыстырып қарайды. Сәрсен Аманжолов жиналған өз тарапынан ізденген материалдарын сұрыптай келіп, қазақ тілін үш диалектіге бөліп, оларды үш жүз қазақтарының сөйлеу ерекшеліктеріне қарай ғылыми сипаттап, бай материалдармен негіздейді. Қазақстанның үш территориялық диалектісі үш жүздің пайда болуына байланысты қалыптасты деп тұжырымдайды. Соның ішінде солтүстік-шығыс диалектісін қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі етіп алады.*

***Түйін сөздер:** диалект, диалектология, ру, тайпа, жүз, оңтүстік диалектісі, батыс диалектісі, солтүстік-шығыс диалектісі*

Қазақ диалектологиясы ғылымының тууы С.Аманжоловтың есімімен тығыз байланысты. Қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғалым Сәрсен Аманжолов жылдар бойы диалектологиялық энциклопедияларға шығып, халық байлығының қайнарына, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін байқататын қыруар қазынаны зерттеген. Міне осы әрекеттер оның тілдің нәзік нақыштарын тамыршыдай дәл танып, талдай білетін диалектолог қатарына косты. Тілдің тарихы мен диалектісі туралы мол мұра жинақтаған Сәрсен Аманжолов оны тіпті тереңдете, кеңейте түсті. Осы бір қызықты саланы өз алдына бөлек қарастырылатын ірі ғылым тармағына айналдыруда Сәрсен Аманжоловтың үлесі айрықша.

«Қазақ тілінде диалект жоқ» деген пікір қазақ тіл білімінде барынша үстем болып тұрған кезде С.Аманжолов диалектілік құбылыстарды зерттеуді алғаш рет ұйымдастырып, қазақ тіл тарихын тайпалық тілдердің табиғи болмысымен бірлікте қарастырады. Диалектілердің қоғамдық даму сипаты, тілдік айырым белгілері, классификациялық жіктері,

тайпалық тілдермен байланысы, ұлттық әдеби тілдің диалектілік негізі сияқты теориялық мәні зор күрделі мәселелерге ғылыми тұжырымдар жасады, алғашқы диалектологиялық карта мен диалектологиялық сөздік құрастырды. Осының негізінде қазақ тілі тарихы мен диалектология курсы жоғары оқу орындарында оқыла бастады. Қазақ тіл білімінде көпке дейін кенжелеп келген тіл тарихы мен әдеби тіл тарихы, диалектология салаларына жаңа бетбұрыс басталды. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі тарихы, диалектология курсынан дәріс беретін мамандардың қатары көбейе түсті. Тіл білімі институтында қазақ диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім ашылды. Өз кезеңі үшін бұл үлкен жеңіс еді.

Диалектология – тіл туралы ғылымның дербес саласы. Оның зерттелу нысаны - қандай да болмасын бір тілдегі жергілікті ерекшеліктер.

Профессор Сәрсен Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы мен қалыптасу тарихын қазақ жеріндегі бұрынғы тайпалық одақтармен, жүздермен байланыстырып қарайды.

Қазақтың халық тілі мен ауыз әдебиет үлгілерінен жиналған материалдарды және қазақ тілінің тарихын зерттеу нәтижесінде Сәрсен Аманжолов қазақ тілінде үш диалект бар деген қорытындыға келді. Олар: а) **оңтүстік диалектісі** – Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарын және Талдықорған мен Қызылорданың кейбір оңтүстік аудандарын қамтиды; ә) **батыс диалектісі** – Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе облыстарын және Қызылорданың солтүстік аудандарын, Қостанайдың кейбір батыс аудандарын қамтиды; б) **солтүстік – шығыс диалектісі** – Ақмола (қазіргі Астана), Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын және Қостанай мен Талдықорған облыстарының кейбір аудандарын қамтиды.

Қазақ тілі диалектісінің бұрын – соңды зерттелуі 1934 жылдан басталды. Бұл саладағы ғылыми жұмысқа 1931 жылдан кіріскен жас ғалым Сәрсен Аманжолов Алматының Абай атындағы педагогикалық институты филология факультетінің жан - жақтан келген студенттеріне бір-бірімен әңгіме үстінде өздеріне түсініксіз сөздерді жазып алуға тапсырма береді. Уақыт өткен сайын мұндай тапсырмалар көлемі ұлғайып, студенттер аудиториясынан асып, ғылыми сипат ала бастайды. Соның нәтижесінде Ғылым Академиясының Тіл білімі институты алдымен Алматының маңайына, одан кейін Орталық, Батыс, Оңтүстік Қазақстанға әлденеше экспедициялар ұйымдастырады.

Сәрсен Аманжолов жиналған өз тарапынан ізденген материалдарын сұрыптай келіп, қазақ тілін үш диалектіге бөліп, оларды үш жүз қазақтарының сөйлеу ерекшеліктеріне қарай ғылыми сипаттап, бай материалдармен негіздейді. Қазақстанның үш территориялық диалектісі үш жүздің пайда болуына байланысты қалыптасты деп тұжырымдайды [1, 23 б].

Қазақстан территориясын солтүстік – шығыс, оңтүстік және батыс

диалектілеріне бөліп, халықтың қоныстану шекарасына, оларды мекендейтін руларға дейін көрсетіп береді. Солардың арасында солтүстік - шығыс диалектісін қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі етіп алады.

Қазақ тілінің солтүстік – шығыс диалектісі. Сәрсен Аманжолов қазақ тілінің солтүстік – шығыс диалектісіне бұрынғы керей, найман, арғын, қоңырат, және қыпшақ тайпаларының тілін жатқызады. Бұл тайпалар ерте замандардан бастап – ақ Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай өзендері бойын; Алтай, Тарбағатай алқабын, яғни қазіргі Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Семей облыстарының жерін және Қостанай, қызылорда, бұрынғы Талдықорған облыстарының көп жерін мекен еткен.

Олар оңтүстігінде – Ұлы жүз тайпаларымен, батысында – Кіші жүз тайпаларымен және татар, башқұрттармен, солтүстігінде – алтайлықтармен және Барабин, Тобол татарларымен, шығысында – монғол, қытай және ұйғырлармен шектескен.

Профессор С.Аманжолов солтүстік-шығыс диалектісін қазақтың әдеби тілінің негізінде жатқан диалект деп есептейді.

Ол - қазақ тілінің диалектілері мен қазіргі әдеби тілін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жағынан жан – жақты салыстыра келіп, басқа диалектілерге қарағанда, солтүстік – шығыс диалектісінің қазіргі әдеби тілге әлдеқайда жақын екендігін атап көрсетеді. Алайда солтүстік – шығыс диалектісінде қазір де сақталып қалған, әдеби тілге енбейтін жергілікті тілдік ерекшеліктері кездесетінін де ескертеді. Тіпті қазақтың жазба әдеби тілінің негізін салушы Абай шығармаларының өзінде қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын араб-парсы сөздері мен шағатай элементтерін былай қойғанда, жергілікті жерге ғана тән кейбір сөздер мен грамматикалық тұлғалар ұшырайтынын мысалға келтіреді: «**Кезекпенен өлінер**», «Кейбір жігіт жүреді мақтан **көйлеп**», «малдының малын көре алмай, борышын түгел бере

алмай, көрінгенге **обықты**», «Бәрі де кісі-ақ еді **қасалықты**», «Ақыл іздеп, **ізерлеп**», «Артынан «ол нем» - деп, ұялып кезнесіп», «Жем іздеген бір түлкі **кездей** келді сорына» т.б.

Ғалымның айтуынша: «Бұл аймақ соңғы кездерде ғана зерттеліп келеді. Кейінгі кезде жиналған материалдар аталған аудандарда да жергілікті ерекшеліктердің белгілі мөлшерде кездесетінін, таралу сипаты әр түрлі болғандықтан, өз ішінен шағын говорларға бөлінеді» [1,37 б.].

Мәселен, Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы кейбір дыбыстық өзгешеліктер Шығыс Қазақстан облысы мен Семей облысының оңтүстік- шығыс аудандарында да кездеседі:

а) *Дыбыстық ерекшеліктер.* Ш мен Ч алмасуы: шақпақ – чақпақ, шүберек – чүберек, көпшілік – көпшілік, қамшы – қамчы, шикі – чикі, әнші – әнчі т.б.

Д мен Л алмасуы: теңдік – теңлік, түндік-түңлік т.б.

Л мен Д алмасуы: бірлі-жарым – бірді-жарым, зорлық – зордық, ұрлық – ұрдық т.б.

А мен Ә алмасуы: мазмұн – мәзмұн, қаперімде - кәперімде, ғана – гәна т.б.

Е мен Ә алмасуы: себеп – сәбеп, лезде – ләзде, кесе – кәсе т.б.

Т мен Д алмасуы: тізгін - дізгін, тізе - дізе, төрт - дөрт, түзу - дүзу т.б.

Д мен Т алмасуы: әдейі - әтейі, дұрыс - тұрыс т.б.

Сөз басындағы Ж қатаң айтылады: жоқ - джоқ, жігіт - джігіт, жойбар-джойбар т.б.

Сөз ортасында Қ, К, Ғ, Г дыбыстарының сақталуы: құмған (құман), сұғару (суару), бірдеңке (бірдеңе), ештеңке (ештене), жігірма (жиырма), рақайласу (райласу), кигіз (киіз), сүгірет (сурет) т.б.

Ал ғалым талдауындағы **І** мен **Ы** (**пісу-пысу**), **Ы** мен **А** (сиақты-сияқты) алмасулары тек кейбір шығыс аудандарға тән ерекшелік болып табылады.

Қазақстанның батыс, оңтүстік аудандарындағы кейбір дыбыстық

өзгешеліктер Обаған, Торғай (Қостанай облысы) аудандарында кездеседі [2, 96 б.].

Ұ мен О-ұятсыз-оятсыз; Ш мен Ж-быршу-быржу; Ү мен Ө-мүштік- мөштік; П мен Б - пайда-байда, таба-тапа; Ж мен Й-бұл жақ-бұ йақ, бұл жер- бұ йер; С мен Ш-ұқсас-ұқшаш, тысқары-тышқары, мысық-мышық, тексер- текшер т.б. Қарағанды облысының кейбір аудандарында М мен Д алмасуы (сырмақ-сырдақ) кездеседі [1,43б.].

ә) *Лексикалық ерекшеліктер:* айылдап келу – ауылшылап қыдырып келу, ақзу ақзон - ақ шыт, ақ мұрт- етіктің ішкі ұлтаны, әскере - өте, аса, борми- бұршақ, жүгері, дүбіраяқ- ерте туған төл, жамбыл-үлкен қорған, жарандық – саты, қалқан, жоян-зор. Жұмшыл – ұйымшыл, күләпәрә-әсем бөрік, кілет- қойма, құлдау- өзен т.б.

Зерттеуші ғалым Ж.Досқараев Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандарында Солтүстік-шығыс диалектісінде кездесетін кейбір грамматикалық өзгешеліктерді көрсеткен:

1.Көсемшенің мақсатты түрін жасайтын ғалы-гелі жұрнағы кейде- ғайыгейі түрінде айтылады: Ол барғайы отыр, кеткейі отыр.

1. Кей, гей жұрнақтары арқылы жасалған сөздер жиі кездесуі: көбінекей, сөгедей, жөнекей, кәзекей т.б.

2. «Жоқ», «емес» сөздерінің орнына кейде «емен» көмекші етістігі жұмсалады: келген емен (емеспін, жоқпын деу орнына).

3. «Шейін» шылауы «шекті» түрінде де қолданылады: Ауданға шекті. Бұландыға шекті барып қайтамыз.

4. «Кезде» орнына кейде «шенде» айтылады: барған шенде, қосылған шенде.

5. «Жолығысу» деген сөз «жолғасу» түрінде айтылады: Ол кетіп бара жатып, Омармен жолғасты.

6. Барыс, жатыс септіктерінің алмасып отыруы байқалады: Былтыр осы айға жаңбыр жауды; өткен жылы осы айға күзем алдық (айда болу орнына).

7. Ұйықтағаным жоқ па, барғаным жоқ па сияқты формалар

ұйықтадым емес пе, бардым емес пе түрінде айтылады.

Сонымен қатар ғалым Қостанай облысының Обаған, Торғай аудандарында кездесетін кейбір грамматикалық өзгешеліктерді атап көрсетеді:

1. Етістіктің келер шағы көсемшеге шақ жұрнағы жалғану арқылы жасалады: барашақ, қояшақ, келешек т.б. Мысалы: Ол ертең барашақ (бармақ деудің орнына).

2. Есімшенің бұрынғы өткен шағы етістікке мыш, міш қосымшасы жалғану арқылы жасалады: айтылмыш сөз, тыңдалмыш нәрсе.

3. Барар-бармасым, баратын-бармайтыным деудің орнына барар-жоғым, барым-жоғым формалары қолданылады: Менің ол жаққа барым-жоғым белгісіз; Сенің онда барар-жоғың белгісіз.

4. Әдеби тілмен салыстырғанда кейбір сөздердің жасалуында ерекшелік бар: қырғы жер (қыр жер), ойғы жер (ой жер), өрлем жер (өр жер), кеміс (кем),

қасасты (қас), кіл (кілең), тырмауық (тырма), аңыз (аңыз әңгіме д.м.) т.б. Осы айтылған мысалдардағы барашақ, келешек, барым-жоғым формалары, кіл, аңыз, кеміс сияқты сөздер батыс облыстардағы халық тілінде де кездесетіндігін айтады.

Павлодар облысының Лебяжі ауданында етістік сөздерден кейін тіркесіп келетін ды-ді шылауы дың, дің түрінде айтылады: алған-дың, келген-дің. Мысалы: Ол өткен кезде келген-дің; Бізде бір мал бар-дың.

Солтүстік шығыс диалектісінде жергілікті халық өмірінің әртүрлі жағына: тұрмыс-салтқа, шаруашылыққа, кәсіпке т.б. байланысты басқа жерлерде кездеспейтін лексикалық ерекшеліктер де бар. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Тарбағатай, Күршім аудандарында шаруашылыққа, тұрмыс-салтқа байланысты мынадай сөздер кездеседі:

Жергілікті жерде айтылуы

Әдеби тілде айтылуы

Андуа	үй сылайтын қалақ темір
Аспақ	аспа ағаш
Акмұрт	етіктің ішкі ұлтаны, ішкілік
Ақзу (ақзон)	ақ мата, ақ шыт
Бодан	үлкен пышақ
Бұжыра	доғадағы шығыршық
Доғалтпа	бөкпе, қою көже
Жіпше	қарғаша
Күрте	желетке
Көріп	талдан тоқыған чемодан тәрізді ыдыс
Ноқа	оқа, зер
Пыстан	тартпа, айыл
Пәйменке	шегенің тығырығы, басы
Тегеріш	басқұр, керегенің жоғарғы жағынан айналдыра байлайтын жалпақ құр
Чербек	үлкен ара
Чүй	ағаш қада
Қоза	омырауға тағатын күміс теңге
Үскі біз	жуан біз

Сондай-ақ, Қостанай облысының Обаған, Торғай аудандарында шаруашылыққа, тұрмыс-салтқа байланысты мынадай сөздер кездеседі:

Жергілікті жерде айтылуы

Әдеби тілде айтылуы

Бюю (бию)	билеу
Кертелеу	қоршау
Қаязу	кеберсу, кезеру

Үйкісі (сирек кездеседі)
Қарабура
Бауыртақ
Маңдайғыш
Дөкет
Шомыт
Шамба (самбе)
Өрлік (үрлік)

Шағар
Жайма (сирек кездеседі)
Мойынша
Шит

Бұл келтірілген мысалдар солтүстік, шығыс және орталық аудандардағы халық тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктердің жалпы сипатын көрсетеді [3, 43 б.].

Қазақ тілінің оңтүстік диалектісі.

Сәрсен Аманжолов қазақ тілінің оңтүстік диалектісіне бұрынғы үйсін, қаңлы, дулат және жалайыр тайпалық одақтарының тілін жатқызады. Бұл тайпалық одақтар ерте замандардан бастап-ақ Жетісу, Сырдария және Алатау алқабын, яғни қазіргі Алматы, бұрынғы Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының жерін мекен еткен. Олар шығысында - Синцзянмен (Шыңжан), ұйғырлармен, солтүстік-шығысында - найман, керей, қоңырат, қыпшақ тайпаларымен, солтүстік - батысында - алшын тайпалар одағымен, оңтүстігінде - өзбек, қырғыз және қарақалпақтармен шектескен. Моңғол шабуылына дейін де, одан кейін де, сол сияқты XVI ғасырда қазақ хандығына қосылған кезде бұл тайпалық одақтар бірігіп, Ұлы жүз болып аталды. Ерте замандардан бастап бұлардың қоғамдық, шаруашылық және мәдени ортасы бір болды. Соның нәтижесінде олардың бір кездегі тайпалық тілдері бірігіп, бір жергілікті диалект болып қалыптасты. Бұл - қазақ тілінің оңтүстік диалектісі деп аталды. Оңтүстік диалектісінің қалыптасуына Ұлы жүзге кіретін тайпалардың басқа тайпалармен әртүрлі табиғи табиғи тарихи себептерге

үй қожасының әйелі
үй сыртындағы қорған
бауыржіп, ершіктің айылы
маңдайға орайтын орамал
өтпейтін үлкен пышақ
шоқпыт
шама
үй төбесіне салатын арқалық
ағаш
сірінке
дастарқан
шарф, бөкебай
күн сәулесінде ғана көрінетін
тозаң

байланысты нашар қарым-қатынаста болғандығын айтады. Мәселен, бұл тайпалардың солтүстік шығысындағы Балқаш көлі, Бетпақ дала, солтүстік батысындағы ұлан байтақ далалар, Қызылқұм және Арал теңізі сияқты табиғи бөгеттер кедергі болды. Сонымен бірге қарақалпақ, өзбек, қырғыз халықтарымен тығыз байланыста болғандығы да өз әсерін тигізді.

XVII-XIX ғасырларда Қоқан, Хива хандықтарының қол астында болуы бұл диалектіге өзбек тілінің ықпалын күшейте түсті. Бірнеше тайпалық тілдердің негізінде қалыптасқандықтан және әртүрлі тілдердің әсері тигендіктен, оңтүстік диалектісінде кездесетін ерекшеліктердің сипаты да әртүрлі. Кейбіреулері жалпылама тараған, жиі кездеседі, ал енді бірінің тараған көлемі шағын, белгілі бір ауданда ғана айтылады. Өзгешеліктердің ішінде оңтүстік диалектісінің басқа диалектілерден айырмасын көрсететін негізгілері бар және негізгі болып табылмайтын жеке ерекшеліктері бар, сол сияқты басқа диалектілерден ауысып кіргендері де бар.

Оңтүстік диалектісінің негізгі дыбыстық ерекшеліктері.

Дауыссыз дыбыстардағы өзгерістер:

С мен Ш алмасуы. Көптеген сөздерде С орнына Ш айтылады: мысық – мышық, есек – ешек, масқара – машқара, кебіс-кеуіш, масақ-машақ т.б.

Бұл тұрақты, жиі кездесетін ерекшелік. Осындай құбылыс қырғыз

тілінде де байқалады (мышық, ешек, шанда, қыштоо).

Бұған керісінше құбылыста кездеседі: шартасынан (жүгіну) деу орнына сартасынан болып айтылады.

Ш мен Ч алмасуы: шұқырау - чұқырау, шана – чана, шеге – чеге, шикі – чикі, шүберек – чүберек т.б. Бұл өзгешелік проф. С.Аманжолов көрсеткеніндей тек оңтүстікте емес, Қазақстанның шығыс аудандарында да кездеседі.

Д мен Л алмасуы: түндік деудің орнына түңлік, теңдік – теңлік, тыңда – тыңла, маңдай – маңлай, аңдамау – аңламау т.б. Бұл - оңтүстік диалектісіндегі жиі кездесетін, тұрақты өзгешеліктердің бірі. Ұйғыр, өзбек тілдеріндегі де басым құбылыс болып табылады.

Б мен п алмасуы: болат – полат, бітіру – пітіру, кебе- кепе, бейнет – пейнет, бақыр – пақыр, байқау – пайқау, бұл-пұл, берен-перен, бәйге- пәйгі, төбе-төпе, өне бойы-өне пойы т.б. Бұл оңтүстікте жиі кездесетін және ұйғыр, өзбек тілдерінде басым құбылыс.

Ң нің Н ге ауысуы: ертең – ертен, өлең - өлен, көбең – көбен, қалың – қалын, біздің біздің. Көрші өзбек тілінде де осыған ұқсас ауысу кездеседі.

Ж мен Ш алмасуы: жапалақтау-шапалақтау, мұқтаж-мұқташ.

М мен П алмасуы: маңай деу орнына паңай, мақта пахта, мешпет пешпент. Бұл сөздер өзбек тілінде де осылай айтылады.

К мен Г алмасуы: күріш деудің орнына гүріш, көң-гөң т.б. бұл алмасу оңтүстік диалектісіндегі огуз тілдерінің әсерін көрсетеді.

П, Б дыбыстарының У мен ауысуы: кебіс - кеуіш, кәпір - кеуір, шылапшын - шылаушын, шіләужін. Ң дыбысының У мен ауысуы: көңіл кеуіл. Бұл өзгешелік оңтүстіктің көптеген аудандарында, Ақтөбеде және Қостанай облысының оңтүстік батыс аудандарында кездеседі. Түркі тілдерінде мұндай факт азербайжан тілінде бар (геул). Бұл да қазақ тіліндегі огуз тілдерінің әсері болып табылады.

Ж дыбысының Й мен ауысуы: о жақ - о йақ, бұ жақ - бұ йақ, о (л) жерде - о

йерде. Бұл өзгешелік жалпылама тараған. Ж дыбысы алдынан ашық дауыстыға біткен сөз келген жағдайда й ге айналады.

Қ дыбысының У мен ауысуы: қыстау, сылау, сұрау, отау т.б. - қыстақ (қышлақ), сылақ, сұрақ, отақ түрінде айтылады. Қоғалы ауданында сауығу- сақаяу түрінде, Сарысу ауданында жамаушы-жамақшы түрінде айтылады. Кейбір сөздер бұл өзгешеліктің пайда болуында өзбек тілінің әсері бар екендігін көрсетеді [4, 94 б.].

Қ дыбысының Й мен ауысуы: қосақ-қосай, тұздық-тұздый («Тоғыз құмалақ» ойынында).

Х дыбысының Й мен ауысуы: насихат-насийат (насият).

Дауысты дыбыстардағы өзгерістер:

Ә мен А, Ә мен Е алмасуына мысал: әйел - айал, едәуір - адауір, кемеңгер - намеңгер, бересі – берасы.

А мен О, Ә мен Ұ немесе Ұ мен О алмасуы: қош құш, шала шола, сұра сора, мандам мандом. Оңтүстікке батыстан енуі мүмкін.

Е мен Ы алмасуы: ырылдау - арылау, тауып алу - тауап алу, шарлау - шырлау, шынжыр - шанжыр, там-тұмдап – тым-тымдап.

А ның Е мен ауысуы. Оңтүстік диалектісінде А ның Е орнына айтылуы жиі кездеседі: және жана, әйел айал, шәбелену шабалану, кебін капін, есеп ысап т.б. Мұндағы айал, капін, ысап сияқты араб тілінен ауысқан сөздер басқа диалектілердегідей ықпал заңының әсерімен өзгеріске түспей, негізгі қалпына жуық тұлғаны сақтап қалған.

Е мен Ә, Е мен О алмасуы: лебіз - ләбіз, кеулеу - кәуләу, кем - кәм, леген - ләгон т.б. Бұл алмасулар оңтүстік диалектісінде өзбек тілінің әсерімен пайда болған.

О ның Ә мен ауысуы: отан өтен, ұйғыр тілінде уәтен.

Ы ның Ә мен ауысуы: мыстан мәстен. Бұл факт қазақ тіліне революцияға шейін басқа тілден енген сөздердің әртүрлі өзгеріске түскенін көрсетеді.

Ұ мен І алмасуы: пұшайман пішайман.

Сөйтіп, профессор С.Аманжолов оңтүстік диалектіндегі фонетикалық өзгешеліктердің 74 түрін көрсетеді [5, 46 б.].

1. Оңтүстік диалектісінің негізгі грамматикалық ерекшеліктері.

Етістіктің жекеше 2 жақ бұйрық райының – ғын, - гін, -қын, -кін, -ың, -ің қосымшалары арқылы жасалған тұлғалары кездеседі: суырғын (суыр), айтқын (айт), келгін (кел), барың (бар), көрің (көр).

Бұйрық райлы етістіктің көпше I-жағына әдеби тілдегідей -йық, -йік немесе -лық, -лік қосымшаларының орнына –лы, -лі қосымшасы қосылып айтылатындығын көрсеткен: айталы (айтайық, айталық орнына), келелі (келейік, келелік орнына).

Қалау райдың жекеше I-жағы кейде әдеби тілдегі -айын, -ейін қосымшасының қысқарған түрі, яғни ай қосымшасы арқылы жасалады: берай (берейін), қайтай (қайтайын). Етістіктің бұл тәріздес тұлғалары ұйғыр, өзбек тілдерінде бар.

-Ғым (I жақ), -ғың (II жақ), -ғысы (III жақ) қосымшаларының көмегімен жасалған етістіктің қалау райы әдеби тілде «кел» сөзімен тіркесе, оңтүстік диалектінде «бар», «жоқ» сөздерімен тіркеседі: оқығым бар (оқығым келеді деу орнына) т.б.

Қалау райлы күрделі етістік «барса игі еді» тұлғасы қысқарып, «барса кетті» түрінде айтылады.

Бұйрық райлы етістіктің II жағы кейде -қыл, -ғыл, -ғыл, -гіл қосымшасы арқылы да жасалады: Бұл сөзді айтмағыл деп жауап салды.

Тұйық етістік (у формасының орнына) с формасын қабылдайды: келісі (келуі), қалысы (қалуы), ашылысы (ашылуы).

«Бері» шылауы тек есімшемен емес, көсемшемен де тіркеседі: келгелі бері (келгеннен бері).

Күрделі етістік «сынғалы тұр» - «сынуға тұр» түрінде айтылады.

Жергілікті жерде айтылуы

Белі ауру
Пұшаймен жеу

«Соң» шылауынан кейін «жерде» сөзі тіркесіп айтылады: айтқан соң жерде (айтқан соң деу орнына).

Тәуелдік жалғауының III жағы екі қайталанып қосылады: көбісі (көбі), мүлкісі (мүлкі), ақырысы (ақыры).

Есімшенің өткен шағы ырықсыз тұлғада айтылады: туылған (туған), тамылған (тамған).

Үстеу сөздер ертең, таңертең, кешке табыс септігі тұлғасында қолданылады: ертеңгісін, кешкісін.

Күрделі үстеу «кешеден бері»- «кешелі бері қарай» түрінде қолданылады.

Үстеу «әсте» -йлы, -інде қосымшасын, «тіпті», «тағы» сөздері –н қосымшасын қосып айтылады: астайлы, әстінде (әсте), тіптен, тағын (тіпті, тағы).

Жатыс, көмектес септігінде тұрып мезгілді білдіретін есім сөз бұл септіктердің орнына –лы қосымшасы арқылы айтылады: уақтылы келді (уақытымен, уақытында болу орнына).

Шығыс септігі орнына барыс септігі қолданылады: мұғалімге оқыдым (мұғалімнен).

Көмектес септігі орнына шығыс септігі қолданылады: сыртыңнан шық (сыртыңмен шық).

Барыс септігі мен жатыс септігінің ауысып қолданылуы жиі кездеседі: Мен Арысқа тұрамын (Арыста болу орнына).

Профессор С.Аманжолов оңтүстік диалектіндегі грамматикалық тұлғаларға байланысты өзгешеліктердің 47 түрін көрсеткен.

Ғалым осы ретпен оңтүстік диалектінде әдеби тілмен салыстырғанда қалыптасуында, мағынасында және қолданылуында ерекшелігі бар идиома және фраза түрінде қалыптасқан сөз тіркестерінің молырақ кездесетінін атап көрсеткен.

Мысалы:

Әдеби тілде айтылуы

жаны ашу
уайым жеу

Сауатын шығару
Аяқ қылып тастау
Жол қойылмасын
Зыбан ұру
Қайт болмау
Құлып ұру
Қырман қосу
Ақрет беру
Тайындық көру
Күгім бату
Кеуім тарту
Дуана айту
Табым жоқ
Жер төңкеріс қылу
Ат қосу
Нұрхана жер
Падарыңа нәлет
Шоқ атым жер
Парқая беру
Бәз уақытта
Айдап тұру
Көрсө басарлық
Желінің жер қазығы
Шеге-шегесімен
Екі бастан
Орам болу
Ра болмаса
Біршек болу

сауатын ашу
аяқсыз қалдыру
жол берілмесін
әлек салу
беті қайтпау
құлып салу
егін бастыру
ұрсу, сөгу
дайындық жасау
қас қараю, ымырт жабылу
қараңғы тарту
жар салу, хабарлау
көңілім соқпайды
жер аудару
ат жегу
өңделмеген жер
атаңа нәлет
оқ атым жер
шалқая беру
кей уақытта
жер жырту
көрсө қызарлық
желінің кіндік қазығы
жік-жігімен
қалай да, болса болмаса да
бағыну
сірә болмаса
бағыну

Зерттеуші ғалым С.Аманжолов сөз тіркестеріне байланысты осы сияқты 91 мысал келтірген.

Оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшеліктері.

Сәрсен Аманжолов оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшеліктерін 20 салаға бөліп көрсетеді. Берілген материалдар оңтүстік диалектісі мен әдеби тіл лексикасы арасындағы айырманы айқын көрсете отырып, Оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшелігі халық өмірінің барлық жағын да қамтитынын айтады. Егіншілік пен бау – бақшаға

Үй мүлік атаулары:

Жергілікті жерде айтылуы

Ашық-машық, топшы,
топша, тұрым
Аташ
Айуан, дәліз, далаң
Абдрия
Білік (пілік)

байланысты сөздер өте көп және олардың кейбірі баспасөз арқылы әдеби тілге еніп, бүкіл халық пайдаланатын сөздерге айналған. Оңтүстік диалектісінде өте ерте замандардан сақталып қалған, басқа жерде кездеспейтін сөздер де аз емес екендігін, қазақ тілі лексикасының тарихын тексеруде бұлардың мәні зор [6, 246.].

Оңтүстік диалектісінің лексикалық ерекшеліктері іштей: үй-мүлік атаулары, әлеуметтік өмірге байланысты сөздер, заттың, құбылыстың сапасын, белгісін білдіретін сөздер деп жіктеп, оларға мынадай бірнеше мысалдар келтірейік:

Әдеби тілде айтылуы

топса

қысқаш
ауыз үй, алдыңғы үй
жастықтың астына қоятын ағаш
білте

Бодан, баспана	сенек, себет, есік қалқаны
Бұғыз (боғыз)	ұңғы (күректің)
Бігіз	біз
Бастырма	бір жағы ашық төбесі жабық бөлме
Бұжыра	шығыршық
Дава	таба, табадан
Дарбаза, дарбаз	қақпа, үлкен есік
Дағара	1) леген,
	2) мыс я темір шара,
	3) қол тиірменге тартқан
	жүгерінің ұны
Дембелше, дейіше, делше	екі пұттық қап
Дезмал	үтік, өтек
Дулыға	үйдің, үй шатырының ең биік
	шошақ жері
Дәке	марлі, селдірек
Дәс орамал (дес)	қол орамал
Дуал	қабырға
Далбай (делбай)	жаз киетін елтірісіз жұқа тымақ
Елкезер	елеуіш, қалбыр
Егер	ер
Екше	кимешек
Ергенек	ағаш есік (киіз үйдің)
Елек	қалақ, қасық
Жам, кірлен, ләгон	леген, шылапшын
Жозы (жозу)	аласа үстел
Жер там	жер үй
Жуалдыз (ине)	тебен ине
Зерен, көздей	тостаған
Зәмбіл, зембіл	нәсілке, көтергіш т.б.

Әлеуметтік өмірге байланысты сөздер: абатшылық - рахат, теңдік, абыз – білімді, ақылды, аташ-поезд, ауқат-тамақ, жұмыс, іс, асал - асар, үме, көптеп-көмектескен іс, баһадар- балуан, күшті, батыр, бітпе - жазу, жазылған материал, бақпа - балалар бақшасы, баран - дақпырт, бейіт болу- кідіріп қалу, бір табиға - бірыңғай, бір ауыз, дайерке - даяшы, қонақтардың қолына су құятын адам, дас тию - билік тию, шыптахана - темір жол станциясы, билет кассасы, шүйгей - жырау, шабар - шабарман, шақырыспа - бас қосу, мәжілістесу, кеңесу т.б.

Заттың, құбылыстың сапасын, белгісін білдіретін сөздерге С.Аманжолов мынадай мысалдар келтірген: абетай - таза, пысық (әйел), ақшелек - ақкөңіл, астайлы - мүлде, әсте, бакуат - қуатты, әлді, бияпар,

беяпар - мазасыз, тынышсыз, ділмар - тілмәр, сөзшең, жаба - кіші (мал), зілмендей, зілмауыр - зілдей, өте ауыр, кемек - піспеген, шикі, кәтек - кішкене, нәзік, кәттә - зор, үлкен, керсалақ - керенау, еріншек, жалқау, кәм - аз, тапшы, кем, көр - соқыр, лақа, масқарапаз - күлдіргіш, мақау - рақымсыз, мейірімсіз, пәкене - бәкене, кішкене, саз - жақсы, келісімді т.б. [7, 60 б.].

Қазақ тілінің батыс диалектісі.

Сәрсен Аманжоловтың бөлуі бойынша қазақ тілінің батыс диалектісіне Алшын тайпалар одағының тілі жатады. Бұл тайпалар ежелден Арал, Каспий алқабын, жайық, Ор өзендері бойларын мекен еткен. Қазіргі әкімшілік бөлу бойынша батыс диалектісі Орал, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарын және

Қостанай, Торғай, Қызылорда облыстарының кейбір аудандарын қамтиды. Алшын тайпалар одағы оңтүстік диалектісімен, қарақалпақтармен, оңтүстік – батысында түркімендермен; солтүстік – батысында татар, ноғайлармен; солтүстік – шығысында қазақ тілінің қазақ тілінің солтүстік – диалектісімен және башқұрттармен шектескен. Алшын тайпалар одағы өз ішінде біртұтас емес: Әлімұлы (6 ата), Байұлы (12 ата), Жетіру (7 ата) сияқты үш тайпалық бірлестіктен құралған.

Батыс диалектісінің негізгі фонетикалық ерекшеліктері.

С мен Ш алмасуы: мосы мошы, мәсі мәш, мыстан мәштен (мәштек), көксерке - көкшерке, масақ - пашақ, мосқал - мошқал, сабаз- шабаз т.б. С дыбысына қарағанда Ш ның айтылуы татар, башқұрт тілдерінде басымырақ, бірақ бұл алмасу оңтүстікте де бар екендігін нақты мысалдар арқылы түсіндіреді.

Ш мен С алмасуы: шекер – секер, келешек – келесек// кележақ, шоқаю – соқаю, шұжық – сұжік, қарғаша – қарғаса. Ғалымның пікірінше бұлардың кейбіреуі (келесек кележақ) татар, башқұрт тілдерінің әсерінен пайда болғандығын көрсетеді.

Ш мен Ж алмасуы: келешек – кележақ, берешек – бережақ, шаң – шұң – жаң – жүң, қиыр-шиыр – қиыр-жиыр. Бұл алмасу татар, башқұрт тілдеріне тән, сол сияқты оғыз тобындағы түркімен, азербайжан тілдерінде де бар деген қорытынды жасайды. Сирек болса да керісінше алмасу да кездеседі: келемеж - келемеш.

Д мен Б алмасуы: додалау – бодалау, жедеғабыл – жебеғабыл.

Д мен Ж алмасуы: домалау – жұмалау. Бұл татар тілінің әсерімен пайда болған.

Н мен И алмасуы: қайда сұрау есімдігі қанда болып айтылады.

Батыс диалектісінің негізгі грамматикалық ерекшеліктері. Жіктеу есімдігінің I, II жақтарының сыпайы түріне ілік жалғауы қысқарған түрде қосылады:

бізін – біздің, сізін – сіздің. Бұл есімдіктердің тәуелденген түрінде де ерекшеліктер бар: бізікілер – біздердікі, сізікілер – сіздердікі.

Кейбір сілтеу есімдіктер ерекше тұлғаларда кездеседі: анаусы – анасы, мынауы – мынасы, тонау, тона – сонау, анау т.б.

Біреу, екеу сияқты жинақтау есімдігіне тәуелдеу жалғауы қосарланып жалғанады.

Мысалы: біреу-і-сі (біреуі).

Ай, ей қосымшасы кейде барыс септігі орнына айтылады: он бір жасай келгенде (жасқа орнына).

Қашан, қайда есімдіктері қайшан, қанда түрінде айтылады: Ол қанда отыр.

Қалау райдың саңшы - сенші жұрнақтарының орнына ескі форма сәнә – сана айтылуы кездеседі: бер сәнә, қайт сана.

Етістіктің өткен шағының III жағы түбірге улы, улі қосымшалары қосылу арқылы жасалады: барулы, келулі.

Бұйрық райдың көпше түрінің I жағындағы –йық, -йік қосымшасы орнына -лы, -лі қосылады: Сен де бір жүрген ер деді, қағысалы кел деді («Ер Тарғыннан»).

Көптеген етістіктердің қалыптасуында ерекшелік бар: жеткізу - жеткеру, бітіру - біткеру, жүргізу- жұрту, кішірейту- кішірту, жегілген - жеккі, мінілген -мінгі, күрсілдену - күрсіту, биіктету - биігейту, қыру - қырғылау, жорту- жортқылау, қыңсылау - қыңсыту, сандалу - сандалау, жадылау - жаду, жартылау - жартаю, орталау - ортаю, қойылу -қойыру, бекіну - беркіну, еркіндеу - еркею, керексіну – керегу.

Қос сөздердің жасалуында ерекшелік бар:

а) кейбір қос сөздердің құрамында ескі тұлғалар сақталып қалған: түйе-теге, қойшы-қойманшы (қойшы- қолаң), сиыр-сыбыр.

ә) Көптеген қос сөздердің екінші сыңары әдеби тілде М дыбысынан басталса, батыс диалектінде П дыбысынан басталады: ат-мат - ат пат, үй-мүй- үй-пүй, кісі-місі – кісі-пісі, жігіт-

мігіт – жігіт-пігіт, ұмар-жұмар – ұпар-тұпар.

б) әдеби тілде кездеспейтін қос сөздер бар. Бұлардың кейбіреуінің әдеби тілде баламасы бар, кейбіреуінің баламасы жоқ: ерсілі-қарсылы – ерсен-қарсан, еңку-еңку, еңіс-еңіс, қауқыл-қауқыл- ауық-ауық.

«Шын» деген сөзге қосылған ты жұрнағы атау, көмектес септіктерінің орнына жүреді: шынты келдім, шынты сендім деген түрде айтылады.

Кейбір сын есімдердің айтылуында ерекшелік бар: алтайы (қызыл түлкі) алтал түрінде, кем кемшіл түрінде айтылады.

Кейде көмектес септік орнына барыс септік қолданылады: шаруашылық жұмыстарға өте шұғылданды (жұмыстармен орнына) [8, 46.].

Батыс диалектісіндегі лексикалық ерекшеліктер.

Сәрсен Аманжолов батыс диалектісінің лексикалық ерекшелігін 19 салаға бөліп береді. Зерттеуші С.Аманжолов батыс диалектісі мен әдеби тіл лексикасының арасында едәуір айырма бар екенін көрсетеді. Мәселен, мал шаруашылығының бүкіл қазақ халқы кәсіп еткеніне қарамастан, оған қатысты (әсіресе түйе жайында) батыста ғана кездесетін сөздердің аз еместігін, сондай-ақ көне заманнан сақталып қалған сөздер де кездеседі дей келіп, лексикалық ерекшеліктер жергілікті халық өмірінің барлық жағын да қамтитынын көрсеткен. Батыс диалектісіне тән лексикалық ерекшеліктердің жалпы сипатын көрсету

үшін мына мысалдарды келтіреді: аданас – туысқан, айлақ - кеме тоқтайтын жер, алқа – құлып, ату – мәсі, ауыт – түйе қамыты, әйдік – үлкен, азар, мазаң, құлғана – тынышсыз, мазасыз, бойлай – ылғи, үнемі, бостан – бостандық, бөтеке – бөтеге, бұйда – бидай, бүйде – бұйда (жіп) т.б.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Сәрсен Аманжоловтың зерттеулерінен диалектілер мен говорлар сөздің сыртқы тұлғасы жағынан да ерекше ұйымдасқан тілдік құрылымға, ұғымға ие екендігіне көз жеткіземіз [9, 84б.].

30-жылдардың аяғына дейін үлкен еңбектерімен танылған С.Аманжолов қазақ тілінің фактілерін басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттеп, көрнекті түрколог деген атаққа ие болды. Ол өзбек, қырғыз, қарапалпақ, башқұрт, алтай, чуваш, якут т.б. түркі тілдерін жақсы білгендігін былай қойғанда, парсы, араб, тілдерін де тәуір білген [10, 27б.].

1948 жылы қорғаған «Қазақ диалектологиясының негізгі мәселелері» деген тақыраптағы докторлық диссертациясында қазақ тілі дара қалпында алынбай, басқа да көптеген түркі тілдермен салыстыра зерттелді. Профессор С.Аманжолов өмірінің соңғы кезінде қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы туралы екінші кітабын жазуға кіріскен еді. Ол Алматының Абай атындағы педагогикалық институтындағы тарих-филология факультетінде қазақ тілі тарихы курсынан дәріс оқыды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ғ. Қазақ диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960. -37 б.
2. Тарақты Акселеу. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре). – Алматы, «Қазақ университеті», 1993.- 96 б.
3. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Сөздік-Словарь. 2004.- 43 б.
4. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 94б.
5. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951. -46 б.
6. Қалиев Ғ. Профессор С.Аманжолов пен қазақ диалектологиясының мәселелері. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994ж.,-№11-12.-24 б.
7. Әбдірахманов А., Әбілқаев А., Қалиев Ғ. Профессор С.А. Аманжоловтың өмірі мен ғылыми мұрасы туралы. Алматы, 1959.60 б.
8. Оразалин С. Тағылымы мол мұра қалдырған ғалым. - Өскемен. // Дидар газеті. 2003.- 27 желтоқсан. -4бет.
9. Серғалиев М. Қазіргі қазақ әдеби тілі. -Алматы: Ана тілі 1991.- 84б.

10. Шалабай Б. С.Аманжоловтың ғылыми синтаксис теориясы бойынша көзқарастары. Профессор С.Аманжолов және қазақ тілінің мәселелері - Алматы, 1997. -27 б.

ОСНОВНЫЕ ДИАЛЕКТЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ТРУДАХ С. АМАНЖОЛОВА

Ауезова Шынар Сериковна

Кафедра казахского, русского языков и литературы
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: С.Аманжолов и казахская диалектология. Профессор С.Аманжолов рассматривает возникновение и развитие диалектов в казахском языке в связи со становлением исторических родовых этнических союзов и джузов на территории Казахстана. Сарсен Аманжолов обосновывает выделение в казахском языке трёх диалектов на основе систематизации и анализа богатого материала из собственного архива, сопоставления устного народного творчества и исследований истории языка. Профессор обосновывает появление трёх территориальных диалектов с тремя джузами. В своем труде С.Аманжолов делает выводы, что северо-восточный диалект является основополагающей формировании современного казахского литературного языка.

Ключевые слова: диалект, диалектология, род, племя, джуз, южный диалект, западный диалект, северо-восточный диалект

BASIC OF DIALECT KAZAKH PEOPLE BY WORKS S.AMANZHOLOV

Shynar Aueyzova

Department of Kazakh, Russian Languages and Literature
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: S. Amanzholov and Kazakh dialectology. Professor S.Amanzholov considers the appearance of dialects in Kazakh language and its development in connection with the tribal unions existed long ago in the territory of Kazakh land. Sarsen Amanzholov examining researched materials divides the Kazakh language into three dialects according to the speech characteristics of the view. The dialects in the territories of Kazakhstan according to the author appeared since the emergence of the three juzs. He also states that the north-east dialect is the base of modern Kazakh literary language.

Keywords: dialect, dialectology, clan, tribe, juz, south dialect, west dialect, north-east dialect

ӘОЖ: 373.016:53:502

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әбілдаев Ғабит Мұхитұлы

Математика және физика кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

gabit_abilda@mail.ru

***Аңдатпа:** Мақалада оқушылардың физикалық және экологиялық білімдерін дамыту, қоршаған ортаны қорғауға үйрету және қоғамдық белсенділікті арттыру мәселелері қарастырылған. Онда оқушылардың білімі мен жан-жақты ойлау қабілетін дамыту қамтылған. «Физиканы оқытуда жоғары сынып оқушыларының экологиялық білімдерін дамытудың маңызы» атты экологиялық мазмұндағы сабақтарды өткізудің әдіс-тәсілдері ұсынылған. Бұл мақаланың оқытушыларға және жоғары сынып оқушыларына пайдасы болады деп сенеміз. Физикалық білім беру саласының болашағы жарқын болуын қалаймыз.*

***Түйін сөздер:** Білім беру, физика пәнін оқыту, экологиялық білім беру, негізгі принциптер, қоршаған ортаны қорғау, физикалық заңдар мен құбылыстар, радиоактивті ласлану, радиациялық экология.*

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының денсаулығы, білімі мен әлеуметтік жағдайының және тыныс-тіршілігінің артуын қамтамасыз ету мақсатында, Елбасшымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» атты өз халқына жолдауында адамдардың денсаулығын жақсарту, ауруларды болдырмау және салауатты өмір салтын дамыту үшін экологиялық Мәселелерді шешу қажеттігі атап айтылған. Елбасшымыздың жолдауында: «Экологиялық нашар ахуал бүгінде адам өлімінің 20%-ына себеп болып отыр, бұл жағдай кей аймақтарда мұнан да қиын, отандастарымыздың үштен бірі сапасыз тамақтану да теріс демографиялық салдарға әкеп соғады» - деп атап айтқан [1].

Экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлестігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру [2]. Экологиялық білімді жүзеге асыруда білім беру аспектілерімен қатар оның негізгі дидактикалық ұстанымын сақтау керек. Олар экологиялық білім берудің негізгі принциптері:

Ғылымилық принципі- негізінен, оқушыларға білім беруде фактілер, құбылыстар мен процестер, адамның табиғатқа әсері, табиғат қорғау жұмыстары және экологиялық апаттылық жағдайлардың нәтижелері ғылыми тұрғыда дәлелденген материалдар негізінде берілуі және пайдалануы тиіс.

Байланыстылық принципі- негізінен табиғатты тірі және өлі табиғат пен орта (топырақ, ауа, су, өсімдіктер мен жануарлар) арасында тығыз байланыстың бар екенін ұғыну.

Тепе-теңдік принципі- табиғаттағы биоценоздар, экожүйелер арасындағы тепе-теңдік сақтаумалы және олардағы бір компоненттің өзгеруінен табиғи тепе-теңдік бұзылуына әкеліп соғатынын түсіндіру.

Қызығушылық принципі- оқушылардың бойында еліміздің қайталанбас сұлу табиғатына деген қызығушылық сезімін оятып, туған өлкесін оның табиғи байлықтарын суюге, аялауға тәрбиелеу.

Үздіксіз принципі- оқушылардың білім қорын балабақшадағы сәбилік кезінен бастап, бастауыш сынып, одан

жоғары сыныптарға көтерілу деңгейлеріне үйлестіре отырып дамыту.

Интеграциялау принципі- экологиялық білім беруде физика пәндері (география, биология, физика, математика, т.б.) мен гуманитарлық пәндер (әдебиет, тарих, қоғамтану, т.б.) арқылы оқушыларға берілетін білім негіздерін жеке адам деңгейінен қоғамдық деңгейге көтеру.

Көрнекілік принципі- оқушыларға экологиялық білім беруде оқу процесінде көрнекі құралдар, диафильмдер, киносюжеттер, кеппешөптер, коллекциялар, бейнекөріністер, биоиндикаторлар пайдалану.

Қабылдаушылық принципі- негізінен мұғалімнің экология ғылымының мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлауы, экологиялық терминдердің түсініктілігін, ұғымдар мен заңдарды қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып жатық әрі түсінікті тілмен берілуі.

Өлкелік принципі- экологиялық білім беруде тұрмыстық салт-дәстүрлерді, қала немесе ауылдық жерлерде тұру жағдайларын ескеру. Мүмкіндігінше жергілікті, аймақтық мәселелерді көтеру оған оқушылардың араласуын, туған өлкесіне деген патриоттық сана сезімін ояту [3].

Республикамызда экологиялық білім берудің ең ұтымды әрі экономикалық жағынан тиімді жолдарын іздестіру міндеті тұр. Сондықтан, экология пәнін 1-11 сыныптарға түгелдей енгізу мүмкін емес. Бізде жинақтаған тәжірибелер экологиялық білім берудің пәнаралық байланыстар және пәнді экологияландыру, факультативтік сабақтар, одан соң жеке пән түрінде біртіндеп енгізу өміршең екендігін көрсетіп отыр.

Пәнді экологияландыру республикамыздың 2000-2001 жылы жарық көріп жатқан жаңа буын байқау оқулықтарында көрініс тапқан Әсіресе, жаңа буын байқау оқулықтарының география, биология, химия мазмұнында (әрбір тақырыпта) экологиялық мәселелер беріледі. Онда еліміздің экологиясына

арналған материалдар мол. Экологиялық оқу бағдарламасын жасауда екі мәселені басшылыққа алу көзделген. Бірінші: пәнді экологияландыру нәтижесінде экологиялық мәселелерді баяндауды интеграциялау, екінші – арнайы экологиялық білім беру мәселелерін шешетін жеке экология пәнін дамыту.

Бүгінгі таңдағы Озон қабатының жұқаруы, улы тұзды жаңбырлардың жаууы, химиялық заттармен ластануы – адамзаттың, яғни біздің іс-әрекетімізден жасалған орны толмас қасірет болып табылады. Табиғаттың осындай аянышты күйге ұшырап, еліміздің көптеген жерлерінің апат аймағына айналуының бір себебі – экологиялық білім мен тәрбиенің төмендігінде деп білуіміз керек [4].

Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттың алдында тұрған басты түйткілді мәселелердің бірі. Табиғатты қорғау тақырыбымен қомақты жұмыс атқаруда физика сабағының да мүмкіндіктері көп. Мұның өзі физикалық заңдар мен құбылыстардың мәнін ашып, сабақтың қызықты өтуіне септігін тигізер еді. Жоғары сынып оқушыларына табиғатты қорғау қажеттігін, техниканың қауырт дамуы оған елеулі зиян келтіретіндігін ескерту құба-құп. Ауаның ластануы жөнінде нақты фактілер келтірген жөн. Мысалы, қара метал мен электр қуаты кәсіпорындарының ауаға шығаратын заттары өкпе ауруларына шалдықтырады [5]. Химия өнеркәсібінің ауаға шығаратын зиянды заттары аллергияның, без және жыныс ауруларының пайда болуына әсер етеді. Қазақстанда тұрақты өнеркәсіп орындарының көздерінен атмосфераға жыл сайын (1995ж – 3,1 млн. г., 1997ж – 2,37 млн. г., 1998ж – 2,33 млн. г.) зиянды заттар шығады. Атмосфераға кететін зиянды қосындылардың жартысына жуығын энергетика, ал түсті металдар – 22,7%, қара металдар – 15,7% береді.

Сондай-ақ, атмосфераға зиянды заттарды шығаруда автокөліктер үлкен орын алады. Қазақстанның үлкен қалаларында автокөліктердің зиянды


заттарды шығарудағы үлесі 60–80% құраса, ал Алматы қаласында – 90%. Ластанудың физикалық факторларына электромагниттік өріс, шу, радиоактивті сәулелену, вибрация, гравитациялық өріс және өнеркәсіптік қондырғылардың жылуы да жатады.

Табиғат тербеліссіз болмасы хақ. Жоғары сыныптарда физика сабағын өткенде «Еркін және еріксіз тербелістер» тақырыбын да экологиялық тәрбиемен ұштастырып, қолдануға болады. Мысалы, вибрация – әртүрлі механизмдер жұмысының нәтижесі. Ол жабық ғибратта жұмыс істейтін машиналар екені белгілі, ендеше вибрациядан адамдарды қорғау қажет немесе вибрациясы ауыр транспорттың жүрісінің әсерінен пайда болған вибрациядан архитектура ескерткіштері бүлінуде [6]. Көне архитектура ескерткіштерін бүлінуден сақтау үшін физиктер темір бетон блоктардың арасына каучук блоктар салынған корзина жастықты асфальтталған жол салуды ұсынып отқанын түсіндіре кетуіміз керек.

Біз дыбыс әлемінде өмір сүрудеміз. Ал, дыбыс физиканың оптика бөлімінде қарастырылады. Яғни бұл да жоғарғы 10-11 сынып оқушыларына дыбыстың экологиялық және ағзалық зардаптарын айта отырсақ, физика сабағын қызықты өткізуге өз ықпалын тигізері хақ. Мысалы, қажетті сигналдардан басқа да бізге транспорттың, жұмыс істеп тұрған машиналардың және бар дауысқа қойылған аудио аппаратуралардың үні әсер етеді. Мәселен, Италиядағы Сибарис атты ежелгі грек колониясының тұрғындары өз қаласында түнде шулауға тиым салып, ұстахана мен шеберханаларда қала сыртына салғызатын болған. Қатты дыбыс зиянды. Шу адамда қан айналымын бұзады, зат алмасу өзгереді, асқазан жарасын, гипертонияны т.б. аурулады тудырады. Міне осындай құбылыстарды айта кеткеніміз өте орынды [7].

Радиоактивтік ластану қаупі уранның ыдырау реакциясы ашылғаннан бастап пайда болды. Бұл басқа ластану көздеріне

қарағанда ерекше болып табылады. Биосферада радиоактивті сәулеленудің екі түрі белгілі: сырттай және іштей сәулелену. Сырттай сәулеленудің көзі радиоактивтік нуклид арқасында болады. Ал, іштей сәулелену адам ағзасына су, тамақ және ауа арқылы түскен радиоактивті элементтер арқылы жүреді. Қорғаныс жолдарын пайдалану заңдылықтарын білсе және орындаса мұндай ластанулар адам ағзасына және қоршаған ортаға зияны болмас еді. Осы мағлұматтарды «Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері» тақырыбында айтсақ жоғары сынып оқушылары радиация ұғымына қосымша мәліметтер алған болар еді (1-сурет).



1 - сурет

Радиациялық экология негіздерін ХХ-ғасырдың 30-жылдарында радиоактивті заттардың биохимиясы туралы еңбегінде В.И. Вернадский салған. ХХ-ғасырдың 50-жылдарында атом өндірісінің дамуы, атом бомбаларын эксперименттік жару барысында стронций, цезий, плутонийдің радионуклидтерінің ауаға тарап, биосфераны ластауына байланысты радиациялық экология дами түсті.

Радионуклидтер – ядролық түрленумен (реакциялармен) салыстырып қарағанда тұрақсыз ядро, ол α және β - зарядталған бөлшектер мен γ – қысқа толқынды электромагниттік сәуле шығарады. Бұл құбылыстың негізгі заңдылықтарын ашу халық шаруашылығына да үлкен пайда келтірді [8].

Біз ғылым мен техниканың қарыштап дамыған уақыты ХХІ ғасырда өмір сүрудеміз. Ағын судай асыққан заманда ұялы телефон – уақытымызды үнемдейтін

таптырмас көмекші. Алайда, оның зияны жоқ емес. Бір-бірімізбен хабар алмасып, қоңырау шалып, хабарлама жазамыз. Ұялы телефондарға суретке түсіп, интернет пен әлуметтік желілерде "отырамыз". Ойындар ойнап, фильм қарап, кітап оқимыз, оятар қойып, сүйікті әуендерімізді тыңдаймыз. Осыншама функционалды дүние қалайша зиян бола алады?

Ұялы байланыстың адам денсаулығына әсерін зерттеуші ғалымдар байланыс орнатудың алғашқы 3-4 секундында сөйлеспей қоя тұруға кеңес береді. Себебі бұл сәтте электромагниттік толқындардың әсері өте көп болады екен. Адам денсаулығына телефонның жағымсыз әсерін азайтудың тағы бір жолы құлақбау тәрізді құрлығыларды пайдалану екен (2-сурет).



2 – сурет

Қазір әлемде ұялы телефондардың қолданыс аясы өзінің байланыс орнату шегінен асып кетті.

Телефондар өмірдің барлық саласында қолданылуда. Ұялы байланыстың жұмыс жасау принципі кәдімгі бал арасының ұясының құрылымына ұқсайды.

Әрбір аймақта орналасатын базалық станциялар сіздің үздіксіз байланыста болуыңызға мүмкіндік береді. Сіздің өзге абоненттермен сөйлесуіңіз, сәлемдеме жіберуіңіз, ІК-порт немесе Bluetooth жүйесінде мәлімет қабылдауыңыз немесе күту режиміндегі телефон электромагниттік толқындардың өрісімен қатар жүріп отырады [9].

Біздің барлық сөйлесуіміз толқынжима тудыратын тербелістің

төңірегінде жүреді. Қазіргі таңда ұялы телефондар 1800-1900 Мегагерц жиілігінде жұмыс істей бастады, бұл диапазонда толқындар аса күшті болады. Олардың сәулесі адам денесіне еніп, оны қыздырады. Осыдан толқындардың адам ағзасының тәндеріне әсері пайда болады. Электромагниттік сәулеленудің қуатының шамамен 20 пайызы адам миына жетеді екен. Бірақ ұялы телефондардан шығатын жиіліктер аса қауіпті деңгейде емес.

Адам ағзасы кез-келген материя тәрізді, белгілі бір тербеліс жиілігіне ие. Организмнің әр бөлігі әртүрлі жиілікке ие. Сырттан келетін кез-келген жиілік ағза үшін бөгде саналады. Ұялы телефондардан шығатын жиіліктер аса қауіпті саналмайды, бірақ телефондарды бас, ми, жүрек тәрізді үздіксіз жұмыс жасайтын ағзалар маңында ұстамауымыз керек.

Осы ұялы телефонның зардаптарын жоғары сыныптардың физика сабағында «Электромагниттік сәулелер» тақырыбы аясында қосымша мәлімет ретінде айта кетсек, әрине оқушыларды бұл ақпарат қызықтырады. Осылайша оқушылардың ғаламтордан соның ішінде агенттен алыстауына аз да болса септігі тиер еді. Менің пікірім бойынша, ұялы телефонның зардабын оқушыларға жоғары сынып оқушыларына ғана емес, төменгі сынып оқушыларына, тіпті бала-бақшадан бастап балалардың санасына сіңіргеніміз жөн деп білемін.

Экологияның дауыс – дыбысын, үнін заң шығарушылар да, ата-аналарда, ұстаздарда көңіл қойып тыңдап, өскелең ұрпаққа жеткізе білу азаматтық парыз әрі қарызымыз. Жоғары сынып оқушыларын физика сабағы арқылы табиғатты аялауға бағыттап алсақ, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу, экологиялық ой-тұжырымдар ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырсақ, өз туған жерін, елін қорғауға, табиғат байлықтарын алақандарында аялап, бағамдай білетін жас ұрпақ дамытқан болар едік [10].

Ұлы Абай атамыз табиғаттың ерекше құбылыстарын өз өлеңіне арқау еткенін

білеміз. «Болмасаңда ұқсап бақ» дегендей біз физик мұғалімдер де Абай атамыз секілді нақты фактілермен, қызықты мысалдармен жұмыс жасай білуіміз керек. Жоғары сыныптардың физика сабағында экологиялық білім беру оның пәндік мәнін жан-жақты ашумен қоса оқушылардың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыра түсері сөзсіз.

Қоғамның жаңа ғасырға аяқ басуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси үрдістеріне үлкен өзгеріс енгізуде. Бұның білім беру саласына да әсер етуі сөзсіз. Себебі шаруашылықтың өндірістік және өндірістік емес салаларында, тіпті

күнделікті тұрмыста жаңа технологияларды қолдануға көшу білім беру жүйесінде «нені оқытамыз?», «қалай оқытамыз?» - ұғымдарын қайта қарастыруды талап етіп отыр. Егер мұғалім білім берудің ақпараттық сипатымен ғана шектелмей, оқушылардың шынайы өмірді танып білуіне, ондағы қайшылықтарды түсінуіне және алған білімдерін өмірде қолдана білуіне бағыт-бағдар беретін болса, онда оқушы өзінің не үшін оқып жүргендігін сезініп, білім алуға деген ынтасы артатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. –Алматы: Білім, 1997. – 256 б.
2. Дүйсембаев Б.М., Токбергенова У.Қ. Экологиялық білім беру//ИФМ.-1997. -N 1.-16-19 б б.
3. Дүйсембаев Б.М. және т.б. /Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары.-Алматы: РБК, 1996.-172.-174 б б.
4. Мамедов Н.М. Экологический контекст современного образования //Педагогические образование. - М., 1993. Вып. 10.-39 с.
5. Тарасов Л.В. Физика в природе. – Москва: Просвещение, 1988. – 349 с.
6. Мамедов Н.М. Экологический контекст современного образования //Педагогические образование. - М., 1993. Вып. 10.-39 с.
7. Кронгарт Б., Кем В., Қойшыбаев Н. Физика 10 сынып, Жаратылыстану-математика бағыты. – Алматы: Мектеп, 2010. – 384 б.
8. Тұяқбаев С., Насохова Ш., Кронгарт Б. Физика 11 сынып, Жаратылыстану-математика бағыты. – Алматы: Мектеп, 2011. – 400 б.
9. Қазақбаева Д.М., Әбілдаев Ғ.М. Физика және астрономия ғылыми-әдістемелік журналы № 4-5 (68). 2014 ж. 3-5 б б.
10. Қазақбаева Д.М., Әбілдаев Ғ.М. Қазақстан мектебі. № 5, 2015, 24-27 бб.

ЗНАЧИМОСТЬ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ УЧЕНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

Абилдаев Габит Мухитулы
Кафедра математики и физики
Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы развития знаний учащихся по физике и экологии, воспитания их к защите окружающей среды и повышения общественной активности. Обучение цель этой статьи (научная статья) является знание студента Развитие и способность мыслить. Есть мы даем некоторые методы, чтобы провести урок по теме «Важность развития экологического образования в обучении студентов физике». Мы надеемся, что эта статья будет полезна для преподавателей и студентов.

Ключевые слова: Образование, преподавание физики, экологическое образование, основные принципы, защита окружающей среды, физические законы и явления, радиоактивное загрязнение, радиационная экология.

THE IMPORTANCE OF DEVELOPING ENVIRONMENTAL EDUCATION IN TEACHING STUDENTS TO PHYSICS

Gabit Abildayev
Department of Mathematics and Physics
Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article is dedicated to the matters of development of students' knowledge of physics and ecology, education of environmental protection and improvement of public activity. The training target of this article (scientific paper) is development student's knowledge and ability to think. There are we give some methods to conduct a lesson on the topic «The importance of

developing environmental education in teaching students to physics». We hope this article will be usefull for the teashers and students.

Keywords: *Education, teaching physics, environmental education, basic principles, environmental protection, physical laws and phenomena, radiocontamination, radioecology.*

ӘОЖ 528942

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Байбосын Ләйлә Сәндібекқызы

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы

Аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

laila.baibossyn@mail.ru

***Аңдатпа:** Аталған мақалада оқытуда тарихи өлкетану жұмыстары және оларды ұйымдастыру жолдары мен тарих сабағы барысында қолданатын әдіс тәсілдері қаралады. Негізгі қаралатын мәселелер оқу үрдісінде тарихи өлкетану оқыту қажеттілігі, патриотизмді дамытуда тарихи өлкетанудың ролі, мектепте оқытуда тарихи өлкетану жұмыстарының сабақ барысында әдіс-тәсілдерін қолдану.*

***Түйін сөздер:** Тарихи өлкетану, туған өлке, тарихи ескерткіштер, патриоттық тәрбие, патриотизм, білім беру, дамыту, патриотизм*

Қай халық болсын өз елінің азаматтарын сонау ерте заманнан бастап патриоттық тәрбиеге тәрбиелеген. Ендеше патриоттық тәрбие өміршең, бұл ғаламдану заманында ұрпақ, тәрбиелеуде әлемдегі әр мемлекеттің алдында тұрған басты мәселе. Қоғамдық пәндер, атап айтсақ, тарих пәні патриоттық тәрбиенің кайнар көзі. Тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін білмеген ұрпақ, ата-анасын білмейтін жетім бала сияқты әркімнің жетегінде кете барады. Осынау ақпараттар тоғысқан ғасырда, Тәуелсіз елдің жас түлектеріне білім бере отырып, сабақ тақырыптарын ашқанда патриоттық, тәрбиені дәріптеу керек.

Патриоттық тәрбие дегеніміз - әр түрлі тәрбие өлшемдері сабақтасып, сан қырлы әдіс-тәсілдері бар тәрбие [1,156.].

Отансүйгіштік рухтың тегі мен тегеурінін әрдайым кім-кімді де ерте бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы ықылым заманнан бері дәлелдеп келеді. Президент Н.Ә. Назарбаевтың елдігі ұлы бірлік пен туысқандық, өзара ынтымақтастық артықшылықтарын тәуелсіздік, жолында ту етіп биік көтеріп ұстауы тектен-тек емес. Міне осыдан келіп еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени құрылыс саласындағы

реформалық табысы қазақстандық патриотизмге тікелей байланысты.

Туған өлке деген атаудың қамтитын территориясы бірыңғай бола бермейді. Сондықтан өлкетану жұмысын дұрыс ұйымдастырып, жұмысты мұқият жоспарлаған дұрыс. Әдетте өлкетану жұмысының жоспары оқу-тәрбие жұмысы жоспарының құрамды бөлігі болып саналады. Туған өлкенің материалын жинағанда алдымен оқу-тәрбие жұмысына, тарих және басқа да пәндерді оқытқанда қандай материалдардың қажеттігі ескеріледі және де оларды қайдан, қандай объектілерді зерттеп алуға болатыны анықталады. Осыдан кейін барып тарихи өлкетану жұмысының мақсаты мен міндеттерін белгілеуге болады [2,236.].

Алдымен өлке тарихынан алынатын фактілер мен оқиғалардың төмендегідей талаптарға сәйкес келгені дұрыс:

а) алынған материалдың осы өлке тарихына ортақ, аса маңызды және де оқушылардың бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуіне ыңғайлы, қиындық келтірмейтін болуы;

ә) анық, айқын эмоциялы фактілері бар студенттердің санасына да, сезіміне де әсер ететіндей болуы;

б) мүмкін болғанынша студенттерді қарапайым болса да зерттеушілікке қатыстыруға жағдай жасауы;

в) студенттер мен оқушылардың қоршаған ортаны бақылай алу білігін қалыптастыруы және де оларда күнделікті қажетті істерге қатысу қабілетін дамыта алуы;

г) студенттерде туған өлкеге деген қадір-құрметті оята отырып, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруы керек.

Тарихи өлкетану пәнінен жүргізілетін өлкетану жұмыстарын оқытушылардың басшылығымен студенттермен жүргізеді. Ол үшін студенттерден арнайы қоғам құрылады. Ол жұмыс жоспарын жасайды, жоспар студенттердің белсене қатысуымен талқыланып, ұсыныстар мүмкіндігінше ескеріледі. Осы жоспардағы мектептен тыс жүргізілетін жұмыстардың көбі туған өлкені зерттеуге қатысты.

Төменде көпшілік оқу орындарында өлкетану жұмысына қатысты жоспарларда жиірек кездесетін іс-шараларды атап өтейік.

1. Туған өлкені зерттеуді ұйымдастыру жұмыстары.

2. Тарихи-өлкетану қоғамын құру.

3. Тарихи-өлкетану экскурсиялары.

4.Тарихи-өлкетану ескерткіштерін зерттеу үшін алыс жерлерге археологиялық және этнографиялық тәжірибелер барысында археологиялық жұмыстар жүргізу, археологиялық экспедицияларға қатысу.

6. Тарихи-өлкетану бұрышын, залын, бөлмесін ұйымдастыру.

7. Тарихи-өлкетану кешін дайындау және өткізу.

8. Экспедиция қорытындысы бойынша есеп беру және тақырыптық көрме ұйымдастыру.

9. Тарихи-өлкетану тақырыбына конференция, пікір-сайыс, талқылаулар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

10. Тарихи-өлкетану жұмысының барысы мен қорытындысы бойынша жергілікті мерзімді баспасқзге мақала

дайындау, қабырға газетін, қолжазба журналдарын шығару т.б

11. Сонымен қатар алынған нәтижелер негізінде халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми тәжірибелік конференцияларға ғылыми мақалалар дайындау;

12. Жинақталған материалдар мен құжаттарды негізге ала отырып, «Тарих» мамандығы студенттер мен тарихшы оқытушыларға арналған оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар дайындап, баспадан шығару; [3,45б.].

Студенттер экспедицияларда, тәжірибе барысында көргендерін, байқағандарын, кездесулерде естігендерін, яғни, біріншіден, өлкедегі тарихи ескерткіштер (археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген жерлерден табылған заттар, тарихи, мәдени орындар т.б.); екіншіден өлкенің тарихын баяндайтын түрлі әдебиеттер; үшіншіден өлке тарихына байланысты баспасөзде жарияланған материалдар; төртіншіден, тарихи оқиғаларға қатысушылардың естеліктері (көбіне жорықтарда, экспедицияларда кездескен куәгерлердің естеліктері); бесіншіден өлкетану музейлеріне экскурсия жасағанда жинақталған материалдар.

Қазақстан тарихының өлкетану жұмысында зерттелетін негізгі тақырыптарының үлгісін қарастыратын болсақ [4,12б.].

Біріншіден, экономика мен мәдениет мәселелері. Өлкенің ертеден осы кезге дейінгі шаруашылығымен таныстыру. Халықтың тұрмысы мен кәсібі. Осы салаларда өлкеде болған өзгерістер. Мәдениеттің дамуы. Өлкенің аталған салаларындағы белгілі қайраткерлері.

Екіншіден, оқу орындары мен мектеп тарихы. Қазақстанның көптеген мектептерінің ұзақ тарихы бар. Жеке мектептердің ашылғанына 100 жылдай болған. 30-50 жыл өмір сүрген мектептер көп. Сол ондаған жылдар бойы мектеп-өз өлкесінің мәдени ошағы, халықты сауаттандырудың шамшырағы болды. Мектеп бітірушілердің арасынан қаншама

белгілі қайраткерлер шықты. Бір ескертін жағдай, Кеңес өкіметі жылдарындағы мектептердің тарихын, атқарған қызметін нақты фактілермен нанымды етіп көрсету, әділ бағалау. Халыққа білім беру саласындағы ардагерлердің ерен еңбегін көрсете отырып, оқушыларымызды олардың үлгісіне тәрбиелеу.

Үшіншіден, Ескерткіштер мен белгілі тарихи орындар. Әрбір қалада, аудан территориясында сол өлкенің материалдық және рухани өмірін көрсететін тарихи, мәдени ескерткіштер баршылық. Сондай-ақ тарихи фактілер, оқиғалар болған тарихи орындарда жеткілікті. Мұндай ескерткіштер Тәуелсіздік алғаннан бері анықталып келеді. Ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер болған тарихи орындар, мавзолей, ғимарат сияқты сәулетті кесенелер, аттары ұмытуға айналған тарихи тұлғаларға қойылған, салынған ескерткіштер, қайраткерлер есімдері берілген ауылдар, қоныстар, көшелер, мектептер бар [5,106].

Студенттер оқытушының басшылығымен: а) ескерткіштің қай жерге қашан салынғанын анықтайды; ә) ескерткішке қатысты тарихи оқиғалар мен фактілерді зерттейді; б) жинақталған материал негізінде ескерткіш тарихын жазады; в) осы жазғандары негізінде ол ескерткіш туралы оқушылар мен жұртшылық арасында насихат жұмыстарын жүргізеді; е) ескерткішті қамқорлыққа алып, оны қорғап күтеді.

Тарихи-мәдени ескерткіштер Торғай өңірі тарихында да жеткілікті. Кафедрада археологиялық-этнографиялық тәжірибелер барысында Торғай жерінде орналасқан бірнеше ескерткіштерге зерттеу жүргізілді.

Қазіргі жаңа педагогикалық технологиялар талабы оқушыға білім беруде мақсатқа түпкі нәтижеге жету, оқушының іс-әрекеті арқылы ойлау, таным белсенділігін арттыра отырып тәрбиелеу, дамыту десек осы талаптарды іске асыруда аймақтық компонентті қолдану оқыту сапасының артуына ықпал етеді. А.Байтұрсынұлы «Біздің заманымыз-өткен

заманның баласы, келер заманның атасы»-деген екен. Сондықтан мен оқыту барысында туған өлкенің өткен және қазіргі тарихын күнделікті сабақтармен материалдарымен ұштастыру мақсатын қойдым. Тарих сабағында жергілікті материалдарды тиімді пайдалану жас ұрпақтың бойындағы туған елге, жерге деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді арттыруға жағдай жасайды [6,516].

Тарихи өлкетану материалын тарих сабағында пайдалану әдістері. Жалпы білім беретін мектепке арналған тарих, әсіресе Қазақстан тарихы бағдарламаларында көлемді де маңызды тақырыптардан кейін "... жылдардағы біздің өлке" деген мәселелер ендірілген. Осы бағдарламалық ұсыныстарды жүзеге асырғанда темендегілерді ескерген дұрыс.

1. Туған өлке материалы бағдарламадағы негізгі материалға қосымша болып есептелінеді, сондықтан ол еш уақытта бағдарламалық материалды ауыстыра алмайды, оның орнына да жүрмейді. Туған өлке материалы өтіліп жатқан материалды нақтылау үшін, оқушыларға таныс, жақын өмірден мысал келтіре отырып оларды тарихқа, тарих сабақтарына қызықтыру үшін қажет.

2. Осыған қарамастан сабаққа қойылатын үш міндет: білімдік, тәрбиелік, дамытушылық туған өлке материалына да қойылады. Тәжірибеде байқағанымыздай бұл міндеттер өлке материалын тиімді пайдаланған кезде ойдағыдай орындалады. Өйткені өлке материалы оқушылардың түсінуіне қиындық келтірмейді, таныс болғандықтан тәрбиелік мақсатқа да, оқушылардың ойлау қызметін дамыту үшін де еркін пайдалануға болады.

3. Қазіргі бағдарламалар мен оқулықтардағы оқу материалдарының тым тығыздығын ескере келіп, мүмкін болғанынша өлке материалына арнайы сабақтарды барынша азайтып, оның есесіне күнделікті сабақтарға онша көлемді емес шағын, тартымды, нақты материалдарды пайдаланған дұрыс.

4. Өлке материалын сабақта пайдаланудың әдіс- тәсілдері көп.

Мәселен, 30-жылдардағы сауатсыздықты жою туралы айтып тұрып мұғалім, өз аулындағы ересек адамдардың сауат ашу мектебінің жұмысы туралы бір қызықты эпизодты өзі айтып берсе, енді бір сабақта оқушы жергілікті архив пен музейден алған материалға негізделген баяндама хабарын оқыса (5-6минут), белгілі бір тарихи кезеңдегі экономика мәселесін оқытқанда өлкенің шаруашылық дамуын кестелердегі цифр мәліметтері арқылы көрсетіп, түсіндірсе, тағы бір сабақта өлкедегі тарихи оқиға туралы көркем әдебиет үзіндісі оқылса немесе оқиға туралы оқушылар тарихи құжатпен өздігінше жұмыс істеп, соңынан мұғалім қойған сұрақтар бойынша құжатты бірлесіп талқыласа, сабақ мазмұнына қарай тарихи оқиғалардың куәгерлерін сөйлетсе т.б.

5. Өлке тарихына байланысты жиналған материалдар басқа сабақтарда да пайдаланылады. Арнайы бөлме, не музей болса онда сабақты өткізуге болады. Әсіресе бастауыш сыныптардың тәрбие сағаттарын өткізуге, ата-аналарды айтулы күндері өз өлкесінің тарихымен байланыстыру да пайдалы [7,426.].

Оқылатын материалдың заңдылығын ашумен қатар студенттің білімге құштарлығын оятып, онын шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол салады. Сонымен бірге өлкетану жұмыстарын пән аралық байланыстарды, дүниені танып білумен қатар қоғамдық пайдалы қызметпен айналысу міндетін де шешеді.

Өлкетану жұмыстарымен айналысу үшін оқытушы оқу жоспарына сай зерттеу объектісін, жұмыс түрі мен әдістерін тандап, оған үнемі басшылық жасайды. Өлкетану ғылыми ізденімпаздыққа бастайтын, нақты жол. Іздену, оқып үйрену барысында студенттер белсенділік танытумен қатар бүтіндей оқу материалын меңгереді, білімдерін, танымдық іс-әрекеттерін күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашақта қажетіне жаратады.

Сабақ өткізу барысында өлкетану материалын пайдалану басшылығына:

1. Өзіндік тарихы жоқ өлке болмайды. Барлық материалдар кездесу, сұрау, іздеу арқылы еңбекпен жиналады. Сондықтан оларды өте мұхият сақтау қажет.

2. Міндетті түрде картотекалар қорына фактілер, цифрлар, хронологияларды тақырыпқа сай тіркеп отыру керек.

3. Тарих сабақтарында адамдар өмірдегі шынайы фактілерді пайдалану сабақ шеңберінде ғана емес, оқулықты, кейде толық курсты да қамтып кетуі мүмкін, ол туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятумен қатар, өз ата-бабаларын мақтан етуге, яғни адамгершілік сезімін де оятып, Отанға деген махаббат сезімін де қалыптастырады.

4. Тарихи оқиғалардың дұрыс, бұрысын замана қателіктері мен жетістіктерін бағалауға үйретуде жергілікті жер туралы материалдың маңызы зор. Тәжірибелі мұғалім ретінде мен мынаны дәлелдей аламын.

5. Өлке тарихы туралы материалды сабақта пайдаланған мұғалімнің әңгімесі білімге айрықша сенімділік береді, дәлдік береді, оқушының пәнге деген қызығушылығын қалыптастырумен қатар, тарихи оқиғаларды жергілікті фактілермен салыстыру арқылы сол тақырыпты есінде қалдырады [8,106.].

6. Материалдарды сабақта пайдалану үрдісі сан алуан. Мысалы бір фактілерден сабақтың негізгі бөлігін толықтыратын ауқымды суреттеулерді қамтуға болады.

Мынандай әдістерді басшылыққа алу керек: Өлкетану материалын сабаққа кіріспе түрінде немесе сабақ барысындағы сұраққа жауап ретінде; Белгілі бір оқиғаның нақтылығын көрсету мақсатында; Оқу материалына толықтырма ретінде. Бұл әдістер сабақ барысында әр түрлі формаларда жүзеге асуы мүмкін. Мысалы: жергілікті материал мұғалім әңгімесі арқылы жеткізіліп жұмыс жасалады, жергілікті жағдай туралы

документ материалдары, статьяларды пайдаланып қорытынды жасауға болады, т.б. [9,36б.].

Жергілікті жерден табылған материалдар көрнекілік түрінде құнды болумен қатар мұғалім әңгімесіне айғақты зат-ескерткіш ретінде пайдалана отырылып айтылса нағыз шынайы суреттеме болады [10,64б.].

Сондықтан осылардың бәрін студенттерге жете түсіндіру үшін жаңа әдістер, осы мақсатта тың ойлар іздеу қажет.

Өлкенің өз отбасыннан басталатынын Республика тарихын, мәдениетін меңгермей, Отанын сүйетін азамат тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. Қай кезеңде болсын адамзат алдында тұрған мұрат-міндеттердің ең бастысы, өзінің ісін, емірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ болып табылады.

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде өлкетанудың тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Тұрлығұлов Т.Т. Қазақ ССР тарихын оқыту методикасы. Алматы, 1979ж, 256 б
2. Тұрлығұлов Т.Т. Отан тану курсының бағдарламасы. Алматы, 1992ж
3. Тұрлығұлов Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2003ж
4. Тұрғанбаев Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000ж
5. Тұрсын Хазретәлі. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. Алматы, 2004ж 156 б
6. Дәуренбаева Ж. Оқу тәрбие үрдісінде оқушыларды елжандылыққа тәрбиелеуде «Өлкетану» бағдарламасының маңызы //Білім-образование, 2005ж №3 51б
7. Дәуренбаева Ж. Оқушыларды өлкетану материалдары арқылы елжандылыққа тәрбиелеу/ /Білім-образование, 2005ж №4 42б
8. Оразова Қ. Өлкетану деректері және жаңа технологиялар// Қазақ тарихы, 2006ж №6 10-15б
9. Айдарова А. Өлкетану жұмыстарының әсері мол// Қазақстан мектебі, 2006ж №1 36б
10. Матышева Ф. Өлкетану елтанудың бастауы//Қазақ тарихы, 2007ж №3 64-68 б

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ И МЕТОДИКИ ИСТОРИЧЕСКОГО КРАЕВЕДЕНИЯ

Байбосын Лайла Сандибекқызы

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель, магистр гуманитарных наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются формы организации краеведической работы и методы обучения на уроках истории. Раскрываются вопросы необходимости изучения исторического краеведения в учебном процессе, роль исторического краеведения в развитии патриотизма, изучение методов и способов обучения исторического краеведения в школе.

Ключевые слова: Историческое краеведение, родной край, исторические памятники, патриотическое воспитание, образования, развития, патриотизм.

ORGANIZATION OF THE WORK AND THE HISTORICAL LOCAL STUDY METHODOLOGY

Laila Baibossyn

Department of History of Kazakhstan and Law Basics of Economics

Senior Lecturer, Master of Humanitarian Sciences

Abstract: this article considers the forms of the local study organization and methods of teaching at the history lessons. The questions about the necessity of the local study learning in the study process are considered, the role of the local study in the patriotism's development, the learning of methods and ways of teaching the local study in schools.

Keywords: Local history, native land, historical monuments, patriotic education, education, patriotism.

ӘОЖ: 911.2

ҚАЗАҚСТАНДА АРИДТІК ЗОНАЛАРДЫҢ ШӨЛЕЙТТЕНУ МӘСЕЛЕСІ

Байгукин Галымбек Турсынулы
Химия, биология және география кафедрасы
Оқытушы, педагогика ғылымының магистрі
bottom_91@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл мақалада Қазақстандағы аридттік зонасының шөлейттену мәселелері, сонымен қатар антропогендік факторлардың табиғатқа әсерін қарастырады.*

***Түйін сөздер:** Шөлейттену, цикл, экожүйе, фитосинтез.*

Экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына және белгілі бір территориядағы органикалық тіршіліктің барлық формаларының деградацияға ұшырауына алып келетін табиғи және антропогендік процестердің жиынтығы, яғни, адамның қатысуынсыз табиғи экожүйенің орнына қайта келмейтіндей өсімдіктер жамылғысын жоғалтуы шөлейттену деп аталады. Шөлейттену негізінен ылғалы тапшы аудандарда табиғи және көбіне антропогендік факторлардың әсерінен (орман ағаштарын қырку, жайылымдарды үздіксіз пайдалану, суару жұмыстары кезінде су ресурстарын үнемсіз пайдалану және т.б. пайда болады. Шөлейттену әлемнің барлық табиғи аймақтарында жүруде.

Қазіргі таңда әлемнің әртүрлі елдеріндегі шөлейттенудің басты себебі – табиғи ресурстарды шаруашылықта пайдалану құрылымының сол ландшафтың табиғи мүмкіншілігіне сәйкес болмауы, халық санының өсуі, антропогенді қысымның артуы, кейбір елдердің әлеуметтік – экономикалық жағдайының төмендігі. БҰҰ – ның 1985 жылғы мәліметтері бойынша, сол кездің өзінде антропогенді шөлейттенудің көлемі 9 млн км² - қа жеткен және жыл сайын 7 млн гектар жер пайдаланудан шығып қалуда. Шөлейттену процесі жалпы жер көлемінің Азияда – 19%, Африкада – 23%, Австралияда – 45%, Оңтүстік Америкада – 10% - ын құрайды. Сахара шөлі оңтүстікке

қарай жылына орташа есеппен 6 км жылдамдықпен жылжуда [1,39 б.].

Тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар – түзілген жерлерінде пайдаланылмайтын, ауыл шаруашылығының басқа салаларында өнім ретінде немесе қайта өңдеу арқылы пайдалануға болатын өнеркәсіп, тұрмыс, транспорт және т.б. қоқыстар тұрмыстық (коммуналдық) қалдықтар адам өміріндегі заттарды (монша, кір жуу, асхана, емхана және т.б. қоса) пайдаланғаннан кейін қалатын, тұрмыста пайдаға аспайтын қатты (сондай – ақ ақпа сулардың қатты бөлігі – тұнбалары) қалдықтар. Тұрмыстық қалдықтар әлемнің көптеген елдерінің проблемасы. Мысалы, АҚШ – та жыл сайын 150 млн тоннадан аса, Жапонияда – 72 млн тоннадан аса қалдықтар бөлінеді. Осыған байланысты қазіргі кезде көптеген елдерде қоқыстарды өңдеу қондырғылары (тәулігіне 900 тоннаға дейін) орнатыла бастады.

Жалпы, шөлдену үрдісі қазіргі таңда – Азия, Африка, Америка құрлығының аридті белдемінде орналасқан бірқатар елдердің басты мәселесі. Шөлдену тек жекелеген елдердің ғана емес, әлемдік деңгейдегі шешуі қиын ғаламдық мәселеге айналды. БҰҰ – ның келтірген деректеріне сүйенер болсақ, бір жылда азық – түлікке жарамды, 3 миллион гектар жер шөлденуге ұшырап, бұдан келетін экономикалық шығын 40 миллиард АҚШ долларын құрайды [2, 23 б.].

Шөлейттену әлемдік деңгейде бұрын да, қазір де және болашақта да болатын жаһандық табиғи өзгерістердің қатарына жатады. Ол – циклік өзгерістердің туындысы. Оның әрі қарай дамуы, күрделенуі адамның іс – әрекетімен тікелей байланысты.

Қазақстан жерінің шөлейттенген негізгі аймақтары Шығыс Қазақстан (Семей өңірі), Алматы облысы (Балқаш көлі маңы), Қызылорда облысы (Арал маңы), Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы (Жезқазған аймағы) бүгінгі таңдағы адам мен қоғам арасындағы үлкен арақатынастың күрделенуіне әкеліп соғуда.

Біздің келтірілген антропогендік ландшафттардың планетарлық, аймақтық кең таралуы, оларды жіктеудің бір жүйеге түспегендігінен. Біз білетін орманды дала, дала, шөл, шөлейт, биік таулы табиғи ландшафттарының шекаралары өзгеріп кеткендігі жайлы ғалымдар арасында жүйеленген пікір жоқ. Тіпті, ғалымдардың жазған ландшафт жайлы еңбектері мен оқулықтарында да антропогендік ландшафттың жіктелуінің себебі, салдары айтылмайды. Осыдан шығатын қорытынды, антропогендік ландшафттың қалыптасуы, кең етек алуы жайлы ғылыми – теориялық тұжырымдамалар жетіспейді.

Әлемдік деңгейде ғылымның дамуы мен адамдардың өзіне керекті табиғатты ысырапсыз пайдалануы арқасында көптеген табиғат ландшафтысының өзгеруіне әкеп соқты. Ғылыми – техникалық прогрестің дамуы табиғи ресурс қорының азаюымен қатар, олардағы топырақтың құнарсыздануы, ауаның ластануы, ғылымдағы жаңа даму сатысындағы жоғарғы технологияның келуі, пайдаланудың әлемдік стратегиясының қалыптасуы арқылы орны толмас табиғат ландшафтысы көрінісінің өзгеруіне әкелді.

Соңғы он жылда шабындық жердің деградациялық жағдайға ұшырауы 10% төмендеген. Қызылқұм, Мойынқұм, Сарыесік – Атырау және т.б. массивтердің деградацияға ұшырауы катастрофиялық жағдай туғызады.

Оңтүстік Алтай және Рудный ормандарында соңғы 40 жылда, орман ағаштарын өндіру 7% -ға, Зайлы Алатауы және Жоңғар Алатауында алма ағаштарының территориясы 24 %-ға қысқарған. Әсіресе өзен жағалауындағы орман алқаптары өте қатты деградацияға ұшырауда, топырақтағы ылғалдың азаюы, өзен сулары деңгейінің түсуі, азаюы тікелей әсер етуде. Қазақстанның далалық экожүйесіне тың жерді көп көлемде игеру де өзінің кері әсерін тигізді. Қазақстан Республикасының басқару агенттігінің 1 қараша 2004 жылғы мәліметтері бойынша, 188,9 млн. гектар шабындық жердің 26,6 млн. гектары деградацияға ұшырап, шөлдену процесі өте айқын байқалады.

Орманды дала және дала зонасының шабындық жерлері 34,8 млн. гектар болатын болса, оның 5,6 млн. гектары қатты деградацияға ұшыраған. Шабындық жерлердегі деградация процесі ұлғаю үстінде. Қазақстандағы шөлденудің жел эрозиясы шөл және шөлейт зоналарының ландшафтары қатты өзгеріске ұшырауда. Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оны болашақ ұрпақтар үшін сақтау қажеттілігі әрбір қоғамның міндеті екенін Қазақстан халқына Жолдауында, жер реформаларына қатысты бас қосуларда баса айтылды. Шын мәнінде Қазақстанда ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлердің сапасы нашар. Қазақстанның барлық жерінің 222,3 млн. гектары ауыл шаруашылығына лайық жерлер болса, оның 35,6 млн. гектары егістікке, 186 млн. гектары табиғи жайылымдарды құрайды. Қазақстанның аумағы – климаты қатаң континентальді, ауыл – шаруашылығы егістеріне қолайсыз аймаққа да жатады. Көп жерлер су және жел эрозиясына ұшыраған. Осы өсімдік деградациясын А қосышасынан көре аласыздар.

Солтүстік Қазақстанның 30% жері жарамсызданған, Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсіп өнімдерімен 100 мың гектар жері техногендік ластанған, 2,5 миллион гектар жайылымдары жойылуда. Әсіресе, Азғыр мен Тайсойған полигондары қамтып отырған 1,4 миллион

гектар жер радиоактивті қалдықпен ластанған.

Ал Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы су астында қалып, мұнай өнімдерімен ластану одан әрі жалғасуда (итбалықтардың азаюы, мезгіл – мезгіл қырылуы, өсімдіктердің жойылуы) [3, 27 б.].

Орталық Қазақстанда жарамсыз жерлер көбеюде. Өзен бойларында техногендік ластану, топырақ құнарсыздануы, жануарлардың түрлерінің сиреуі, жайылымдардың тозуы, радиоактивті химиялық ластану мен ракета – космос қалдықтарымен ластану (Бетпақдалада) жоғары деңгейде.

Оңтүстік Қазақстанда Амудария мен Сырдария алабының 2 миллион гектар жері шөлге, топырақтары сор, тақырға айналған Арал табанынан ұшқан тұздар экожүйені қайтымсыз бүлдіруде. Жаңа антропогендік ландшафтының қалыптасуы әлемдік деңгейде де байқалады. Мысалы, Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки, АҚШ-тағы Невада штатындағы жасалған сынақ жарылыстары. Осы өңірдегі 300 млн. га сексеуілдің жойылуы өте өкінішті. Арал, Созақ, Шолаққорған уран кен орындарының қоршаған ортаны ластауы антропогендік ландшафттың көрінісі. Жаңа антропогендік ландшафттың қалыптасуы әлемдік деңгейде де байқалады. Мысалы, Жапониядағы Хиросима мен Нагасаки, Америкадағы Колорадо атом жарылысы.

Шу – Мойынқұм, Балқаш – Алакөл аймағында адам әрекетінен антропогендік ландшафт ұлғаюда, климатының құрғақтануы, Қапшағай, Тасөткел су қоймаларының салынуы, суды көп қажет ететін күріш техникалық дақылдарының өсірілуі суармалы жерлердің тозуына әкеліп соқты.

Сол сияқты, Шығыс Қазақстан аймағында да ірі түсті металл, вольфрам, уран, қорғасын, мыс, мырыш кен орындары елді мекендер мен қала тұрғындарына қауіп әкелуде [4, 55 б.].

1949-1996 жылдар аралығында Қазақстан жерінде 503 ядролық қару

сыналды. Ол 20 миллион гектар жерді тоздырып тіршіліксіз экожүйелерге айналдырды. Соның нәтижесінде, 3,4 миллион адам тұратын елді мекендер қамтылды, олар әлі де зардап шегіп отыр. Ядролық қарудан тек атом бомбаларын сынаумен шектелмей, полигондарда соғыс ракеталарын, т.б. техникаларды да сынақтан қатар өткізіп отырған [5, 37 б.].

Жаңа қалалар, құрылыстар, су қоймаларын, жолдар салуға жыл сайын 5-7 миллион гектар егістік жерлер кетеді, сөйтіп 20-25 миллион адамды асырайтын егін алқабы кеміп жатады. Адамдар өмір сүргелі 1,5-1,9 миллиард гектар жер құмға, батпаққа, жыра мен сайға, бұта басқан алқапқа айналуға. Сахара сияқты тіршілігі жоқ құмдар табиғаттың ғана ісі емес, адамдардың ісі. Антропогендік ландшафтылар аймақтық сипат алуға.

Кейінгі ғалымдардың жоғарыда айтылған антропогендік ландшафтыны зерттеуде нақтылы жаңа бағыттағы геоэкологиялық мәселелердің негізгі туындауы оның кең көлемде аумақтық деңгейде етек алуы ғылыми – техникалық прогрестің (ҒТП) жедел дамуымен байланысты [6, 15 б.].

Сонымен, антропогендік ландшафттың күрт дамуына әсер еткен факторларды төмендегідей топтастыруға болады:

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі адам әрекетінің етек алуынан;
2. ҒТП жедел дамуынан;
3. Геоэкологиялық апаттардың молаюынан.

Көптеген елдер қазірдің өзінде жер тапшылығын көруде. Шығыс Азия елдерінде технопарк, жасанды су қоймаларын салу, бау – бақша, газондар отырғызу, тастардан мүсіндер жасау, ал мұнайлы елдерде өндіріс орындарын көбейту салдарынан мәдени ландшафт кең етек алуға. Сондықтан жерді ұтымды және үнемді пайдаланудың түрлі шараларын іске асыруда. Олардың ішінде мыналарды айтуға болады:

– әлемдік деңгейде қаладағы тұрғын үйлердің қабаттарын көбейту;

– жер астын тұрғын үйлер мен басқа құрылыстарды салуға пайдалану.

Табиғи ландшафттардан антропогендік ландшафттың негізгі айырмашылығы – табиғи ландшафт өзін – өзі реттеп, бір – бірімен байланысып жатса, антропогендік ландшафт қайта қалпына келмейді немесе өзін-өзін реттеу үшін ұзақ уақыт кетеді. Сондықтан, антропогендік ландшафтты қайта қалпына келтіру үшін, адам табиғат компоненттерін жоспарлы түрде тиімді пайдалануы қажет.

Осы бір – біріне қайшы келетін екі көзқарас даулы мәселені шешпейді. Тұранды Оңтүстік Қазақстанмен бірге бір физикалық – географиялық облысқа біріктіріп, сондай – ақ шөлейтті Қазақстанды Орталық Азияға жатқызу көңілге қона бермейді, себебі олардың табиғи ерекшеліктерінің кешені бір типті емес. Бұл жәйт КСРО-ның табиғи аймақтану бойынша бірқатар жұмыстарымен дәлелденді [7, 16 б.].

Құмдар Қазақстанның өте үлкен аудандарын (Қызылқұм, Сарыесік-Атырау, Мойынқұм, Үлкен және Кіші Борсыққұм) алып жатыр. Климатпен бірге құмдағы өсімдік топырақ түзуші факторлардың ең маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Шөлді аймақтарда сонымен қатар, тақыр топырақтар мен ақ сортаң жерлер де тараған.

Құмды шөлдер бүкіл шөл аймағының үштен біріне жуығын алып жатыр. Олардың ең ірілеріне Қызылқұм, Арал маңы Қаракұмы, Мойынқұм, Сарыесік-Атырау, және Каспий маңы ойпатының құмдарын (Нарын, Тайсойған, Қаракұм, т.б.) жатқызуға болады. Мұндағы құмдар ондаған мың жылдар бұрын осы жердегі өзендер мен көлдердің орнында пайда болған. Кейін желдің әрекетінен бұл құмдардан шағылдар, қырқалар, төбелер түзілген. Құмға су жақсы сіңеді және одан аз буланады. Әдетте, тек құмның беткі қабаты ғана құрғайды, ал оның астыңғы қабаттары әруақытта ылғалды келеді. Сондықтан аз ғана тереңдікте ішуге

жарайтын еспе суы жатады. Көшпелі құмдарда топырақ жамылғысы жоқ дерлік. Топырақ қабаты қырқалар мен төбелерде, борпылдақ құмды қырқалардың аралығында, қазаншұңқырлар мен жазық жерлерде құмайтты, қоңыр және сұр қоңыр топырақты болып келеді. Еспе суы жер бетіне таяу жатқан жерлерде дәнді дақылдар мен бақша дақылдарын егуге болады.

Сазды шөлдер құмды шөлдердің арасында немесе сорларға жапсарлас жатады. Ең ірі сазды шөл – Үстірт, Бетпақдала және Сырдария өзенінің оңтүстік жағалары. Үстірттің ойпаң жерлерін тұзды көлдер, сор, сортаң және тақыр алып жатыр.

Тастақ немесе тасты шөлдер Қазақстанда онша көп емес. Мұндай шөлдер Сарыарқаның оңтүстігінде, Бетпақдаланың шығысында және Үстіртте кездеседі.

Шөл дала зонасы егін шаруашылығы үшін шамалы пайдаланылады. Мұнда негізінен ашық – қызғылт топырақты жерде ғана егіншілікпен шұғылданады. Шөлейтте қой және жылқы шаруашылығы басым дамыған. Ойдым – ойдым суармалы жерлерде көкөніс, бақша егіледі. Шөл аймағында Барсакелмес, Үстірт мемлекеттік қорықтары ұйымдастырылған.

Республика аумағының ормандылығы жалпы аумақтың 4,6%-ын ғана құрайды. Бұл сексеуілді жерлерді, орман жайылымдарын және бұталы тоғайларды қоса алғандағы көрсеткіш. Ал, орман құрамына тек ағаштарды алған кездегі нақтылы ормандылық 2,3%-ды құрайды.

Ормандардың сиреуі соңғы 40 жылдың ішінде қылқан жапырақты ормандардың өнімділігі 7%-ға, майқарағай ағаштарының ауданы 13%-ға кеміген, Кенді және Оңтүстік Алтай ормандарында ағаштардың сиреуі байқалады. Жетісу және Іле Алатауында өсетін алма ормандарының ауданы 24%-ға қысқарды [8, 23 б.].

Суармалы жерлерді кеңейту жөніндегі бағдарламаны іске асыру барысында суландыруға сорғытылмаған

және сортаңданған топырақтардың ауқымды алқаптары азайды. Көлемді суландырудағы өңірлердің су және экологиялық проблемаларының ішінде суды үнемсіз пайдалану мәселесі күн тәртібінде тұр. Бұл суды тасымалдаудың қарабайыр технологияларымен, экономикалық ынталандырудың және оны үнемдеу дәстүрінің болмауынан.

Суарудың есепсіз болуы тұздандудың, батпақтанудың және су эрозиясының негізгі себебіне айналды, ал кәрізді сулардың шығыны өзендердің тыңайтқыштармен, пестицидтермен ластануына және жоғары минералдануына алып келді. [9, 9 б.].

Қазіргі кезде әлемдік деңгейдегі планетарлық антропогендік ландшафттың етек алуы – табиғаттың даму заңдылығында тепе-теңдіктің күрт өзгеруінен бүгінгі күнде бүкіл адамзат баласының алдында тұрған үлкен мәселе. Әлемдік деңгейде ғалымдардың осы мәселені зерттеуі, табиғаттың өзгеру болмысын анықтау үшін экология ғылымына жүгінеді.

Арал қасіретінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарлары зор. Арал өңірі аудандарында төтенше санитарлық – эпидемиологиялық

жағдай қалыптасты және мұнда соңғы 15-20 жылда жұқпалы аурулар, әсіресе, іш сүзегі, туберкулез, вирусты гепатит, сондай – ақ онкологиялық аурулар ұлғайды. Осындай мәселелер Балқаш маңы өңірінде де туындауы мүмкін [10, 44 б.].

Қазақстан Республикасында жасалып жатқан шөлге айналумен күресудің тиімді мемлекеттік саясатын жүзеге асыру үшін ұлттық стратегия мен жоспар табиғатты тиімді пайдаланудың нормативтік – құқықтық және қаржылық-экономикалық негіздерінің қазіргі заман талаптарына сәйкес келетін табиғатты қорғау заңнамасының үйлесімді жүйесін құруды және енгізуді қарастырады. Негізгі бағыттары – адамдардың әл – ауқатын жоғарлату және қоршаған ортаның жағдайын тұрақтандыру, тұрақты даму мақсаттарына жету үшін топырақтардың құнарлылығын, өнімділігін жоғарлату және олардың биологиялық әртүрлілігін сақтау және қалпына келтіру, жерлердің деградациясымен күресуге, жер пайдалануды әртараптандыруға бағытталған іс – шаралар кешенін жүзеге асыру жолымен Қазақстандағы шөлейттену үрдісін тоқтату және оның алдын алу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Экологиялық дағдарыс ошақтарында шөлдену үрдісімен күресуін бағалау әдістері мен шараларын әзірлеу» ҒЗЖ Есебі, ҚР Қоршағанортामині «ҚОҚАТО» РМК. Астана. 2008-2010жж.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 2 том.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. 4 том.
4. «Экологиялық дағдарыс ошақтарында шөлдену үрдісімен күресуін бағалау әдістері мен шараларын әзірлеу» ҒЗЖ Есебі, ҚР Қоршағанортамині «ҚОҚАТО» РМК. Астана. 2008-2010жж.
5. Ж.Е.Дәрібаев. Экология. Учебное пособие. Астана. 2005.
6. А.В. Шайкенов. Табиғаттағы биологиялық тепе-теңдік. Алматы, Қайнар, 1976.
7. А.В. Чигаркин. Қазақстан ландшафтының келешегі. Алматы, 1983.
8. Н.М. Молдағұлов. Ландшафттану негіздері және Қазақстанның ландшафт географиясы. Алматы, 1994.
9. Бірмағамбетов Ә. Туған өлкені зерттеушілер. Алматы, 1989.-66б.
10. Е.П. Дороненко. Рекултивация земель, нарушенных открытыми разработками. М. Недра. 1979.

ПРОБЛЕМЫ ОПУСТЫНИВАНИЯ АРИДНЫХ ЗОН В КАЗАХСТАНЕ

Байғукин Галымбек Турсынулы
Кафедра химии, биологии и географии
Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются влияние антропогенных факторов на экологические проблемы засушливых мест территорий Казахстана.

Ключевые слова: Засушливость, подцикл, экосистема, фитосинтез.

PROBLEMS OF DESERTIFICATION OF ARID ZONES IN KAZAKHSTAN

Galymbek Baigukin

Department of Chemistry, Biology and Geography

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article discusses the influence of anthropogenic factors on the environmental problems of the arid places of the territory of Kazakhstan.

Keywords: Arid, sub-cycle, ecosystem, photosynthesis.

ӘОЖ 37.022 (045)

МЕТАЛДЫ КӨРКЕМ ӨНДЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ОНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАҒАЛЫ ТАСТАР

Байсенгиров Молдакарим Койшанович

Музыкалық білім және бейнелеу өнері кафедрасы

Аға оқытушы

***Аңдатпа:** Бұл мақалада металл өңдеу сабақтарынан білім беруде шеберхана жағдайында өңдеу тәсілдерін қолдану жайлары қарастырылып тиімді мүмкіндіктерге сипаттама жасалған. Металл өңдеу ісінің ерте замандардағы бастауларынан деректер келтіріліп, металдың қымбат түрлерін өңдеу тәсілдері айтылған. Осыған қоса күмісті өңдеу тәсіліне байланысты ерекшеліктер, күмістің сипаттамасы, сонымен қатар жез бен мыстың және алюминийдің физикалық құрамдары мен өңделу сипаттамасы келтірілген. Жоғарыда аталған металдардан жасалған бұйымдарды өңдеуде түрлі тастар орнатып әшекейлеу мен түрлі минерал тастардың әсерлері мен ерекшеліктері сөз етіледі.*

***Түйін сөздер:** шеберханада металды көркем өңдеудегі ерекшеліктер мен онда қолданылатын бағалы тастар шеберхана жағдайында металды көркем өңдеу тәсілдері, бағалы минералдар мен тастарды қолдану ерекшеліктері мен үйлесімі.*

Біздің заманымызда түрлі бағалы және жартылай бағалы тастардан көздер орнатып жасалған зергерлік бұйымдар сұранысы да күн санап артып келеді. Металл түрлерін көркем өңдеу сонау тас ғасырынан келе жатқан күрделі даму жолынан өткен өнер түрі деуге болады. Мысалға көне Мысыр елінде перғауындар заманында алтынды көркем өңдеуде жоғары шеберлікке қол жеткізгені соншалық, қазіргі кездегіден жиырма есе жұқа етіп өңдей алған.

Шығыс Еуропаны мекендеген Скиф-сақ тайпалары да неше түрлі асыл тастардан жарқырауық көздер орнатқан аң стиліндегі түрлі бұйымдарды керемет шеберлікпен жасап, тұрмыстарына жаратқан. Мұндай өнер полихром бұйымдар жасау өнері деп аталған. Қазақстан жерін мекендеген Сақ, Ғұн сияқты ертедегі тайпалар да осы тәсілдерді ерте кездегі дәуірлерден білген. Біздің кезімізге жеткен металл өңдеудің неше алуан тәсілдері нешеме килы тарихты бастан өткерген. Қазақ халқында металл т.б. материалдарды көркем өңдеу 19 ғасырдың аяғы, 20 ғасырдың басында гүлдену дәрежесіне жеткен. Ол кездегі

қазақ ауылдарының көпшілігі қаламен байланысты болмағандықтан өздеріне қажетті тұрмыстық бұйымдарды халық шеберлеріне жасатып алып қолданған [1,18 б.].

Қолөнері шебері бұл кезеңдерде қол өнерін күнкөріс кәсібіне айналдырған кедейлер әулетінен шығады екен. Сол себептен олардың өз қолдарынан шыққан ғажайып туындылары толық бағасын ала алмаған. Металл бұйым жасаушылар арнайы ұстахана салып, қысы-жазы сол жерде жұмыс жасаған. Металл өңдеуші ұсталар мен зергерлер құрал-жабдықтарының көбін өздері жасап қолданған. Зергерлердің көбісі ұсталықпен де айналысқан, бірақ ұсталардың бәрі бірдей зергерлікпен айналыса бермеген. Себебі зергерлік өнер өте табандылық пен шыдамдылықты талап ететін қиын өнер түрі. Ал ұсталықпен қоса айналысатындықтан зергерлер ұста құралын қоса ұстаған. Ұста мен зергерге бірдей қажетті құрал-жабдықтар: көрік пен төс, балға, қысқаш, шапқы түрлері, тескіш, қайшы, шеге жасайтын, сым созатын қалыптар, металл балқытатын бақыраш не ожауша, дәнекерлеу құралдары, түрлі

қадаубастар т.б. қолданылған. Қазақ халқында да басқа ұлттардағы секілді зергерлік көркем бұйымдар жасау кең дамығанын атап өттік. Бұйымдар жасау барысында, әсіресе, сәндік бұйымдарда күміс кең қолданылған. Одан алқа, сырға, шекелік, сәукеле бөлшектері, шолпы, сақина, жүзік түрлері, өңіржиек, қолтықша, тана түйме, тіс шұқуыш, т.б. толып жатқан заттар жасаған. Сонымен бірге ерлерге арналған кемер белдік, кісе, ер-тұрмандардың күмістелген, алтындалған әшекейлердің нешеме түрлері, өте жоғары талғам-таразыдан өткізіліп жасалған. Үй жиһаздарының бетіне орнатылған күмістелген әшекейлер мен түрлі-түсті шыныдан не асыл тастардан көздер орнатып жасалған заттар бұрынырақта кез келген үйден табылған. Қару-жарақтардың да беттерін күмістеп, алтындап жасау тәсілдері дәстүрге айналған. Шеберлер күміс бұйымдарды жасауда өңдеу тәсілдерінің көптеген түрлерін қолданған. Кең тараған тәсілдері қақтауға металды отқа қыздырып үлкейте, жұқарта соғу, балқытып қалыпқа құю, темір қалып арқылы кептеп соғу, металды қаралау, темір бетіне күміс шабу, сымкәптеу, металл бұйымдарға металл шарлар орнату, батыра ұру арқылы астынан бетіне қарай ұрып бедерлеу, бұрамалау т.б. Түрлі күміс теңгелерді балқытып құйып алған шеберлер өзіне керекті шамада күміс кесектерін дайындап алған. Оны отқа қыздыра отырып төс үстінде балғамен жеңіл соққы арқылы әбден қақтап жұқартып қаңылтыр түріне келтіріп түрлі бұйымдар жасайды [2,26 б.].

Күмістің бір ескере кететін пластикалық ерекшелігі бар. Ол соғу барысында отқа қыздырса жұмсарып иілгіш болады да, төске қойып балғамен шеки бастаса қатая бастайды. Біраз ұрғылаған соң қатайып қалған күмісті қайта қыздырып отырмаса шытынап жарылып кетеді. Басқа металдарға қарағанда күміс тез жарылғыш келеді. Мысалға қарапайым құсмұрын сақина жасау үшін қалыпқа тапталған күмісті салып кептеп соғу арқылы бет формасын

шығару керек. Ал күмісті жай қыздырып отыру өз алдына, тағы бір ескеретіні жұқарған күмісті таптап одан әрі жұқартуда алдымен шеттерін, сонсоң орта деңгейін, онан кейін жағалай айналдыра отырып тағы да шетін, тағы да ортасын кезектестіре отырып соғу керек. Металдың созылымдылық қасиеті болғандықтан оны ұрғылау барысында тек ортасын не шетін ұра берсек ұрылмаған жері шытынап кетуі мүмкін. Қысқаша айтқанда бүкіл металл бұйымдар осы тәсілмен жасалады. Ал қыз-келіншектерге бұйым жасау дәстүрі әсіресе қазақ халқында кеңірек тараған. Солардың бірі білезік. Оны барлық жаста қолдануға болады. Ол кейде күмістен, кейде таза алтыннан да жасалған. Оңтүстік батыс пен батыста жасалатын көлемді білезіктер қос білезік, бес білезік аталған. Оларға бекітпе арқылы 2 – 3 сақина, жүзіктер ілінген. Ондай білезіктер сыртына сіркелеу тәсілімен геометриялық өрнектер жүргізіледі. Бауыры топса арқылы ашылып жабылатын да білезіктер болған. Бірнеше асыл тастармен безендірілген үзбелі білезіктер де ұшырасады. Олардың негіздері күмістен жасалып сырты алтындалады да әр үзбенің үстіне түрлі тастардан көздер орнатылған. Тастарға келсек ақық, ағат, перуза т.б. тастар көбірек қолданылады. Жалпы алғанда білезік түрлері көп [3,18 б.].

Қыз-келіншектер құлаққа тағатын сырғаның өзі неше алуан түрде жасалған. Бой жеткен қыздар мен жас келіншектер сырғаны жиі таққан. Сырға да көптеген түрге бөлінеді. Сақина, сырға т.б. осы секілді бұйымдарға тағылатын көздер де нешеме түрлі тастардан өңделген. Оларға көк тас (малахит), су тас (хрусталь), теңбіл тас (пятнистый сланец), құбыл тас (александрит), зүбіржат (изумруд), гаухар тас, ақ тас, янтарь, жақұт (яхонат), лағыл (рубин), жарқырауық тастар (самоцветы) кәдеге жаратылған. Янтарь тасының өңделмеген түрі зоб ауруын емдейді. Лағыл тас иесі үстемдікке қол жеткізіп, өмірде жолы болып жүреді. Армандарын тезірек іске асыра алады. Амазонит тасы жүректің бұлшық еттерін шынықтырады.

Қариялар бойында жастық жалын тудырады. Сердолик тасы жер сілкінуде жаншылып қалудан сақтайды. Суретшілер бойтұмары турмалинді таққан кісі өнері жоғары өрлеп биікке қол жеткізеді. Осындай әсерлері көп тастардың түрлері де көп. Тек тастардың қасиеті бірден әсер етуі үшін оны сатып алғаннан гөрі біреу арқылы сыйлыққа алған дұрыс. Сатып алынған тас көп жылдан соң ғана әсер береді. Металл бұйымдар мен тастардың осындай бірсыпыра құпиялары бар. Соны орнымен пайдалана білу керек [4,27 б.].

Ағат – ірі қазбалары солтүстік Уругвайда, Бразилияда, АҚШ-та, Мадагаскарда, Үндістанда, Австралияда, Польшада, Шотландияда, Оралда, Магнитогорск маңында. Қайта өрлеу кезеңінде итальяндықтар ағатты барлық шеберлердің бойтұмары санаған. Ағат тағу шығармашылық пен колөнерінде биікке жеткізеді деп мойындаған. Ағат түсі мөлдір сұр не ақ теңбіл жолақтары бар көгілдір болады. Жолақтары ақ, сары, көгілдір, қара. Торпақ шоқжұлдызында туғандарға қолайлы. Олар ағатты мыс қоршаумен таққаны дұрыс [5,35 б.].

Амазонит – «амазон тасы» деген мағынаны білдіреді. Оңтүстік Орал, Канада, Бразилия, Үндістан, АҚШ, Африкада кездеседі. Бұл сенімді жанұялық бірлікті шақырады, махаббатта жақсы сенімге жетелейді. Түсі көкшіл-жасылдан жасылға дейінгі дала шпаты. Ақшылы да кездеседі. Тәуіптер бұл минералды жоғалтқан жастығын қайтарып, сүйектердің, тіс пен шаштың жағдайын жақсартады деп есептейді. Көп елдерде амазонит денсаулық символы болып есептеледі. Ол өмірге құлшынысты ғана қалпына келтіріп қоймай адалдық сақтауға да бейімдейді. Бірақ, әркімге бағына бермейтіндіктен иесі оған өте сақтықпен қарауы керек. Тоқты, Шаян, Сарышаян, Торпақ шоқжұлдызындағыларға көбірек пайдалы. Мергенге бақытсыздық әкеледі, ал қалған белгідегілерге немқұрайды қарайды. Бойтұмар ретінде әйелдер таға алады. Жанұяны бекітіп, әйелдерді ақылдырақ, шыдамдырақ етеді. Иесіне күш

пен денсаулық беруі үшін тұмар түрінде таққан дұрыс. Ұзақ уақыт жастығын, тартымдылығын сақтағысы келген әйелдер амазониттен моншақ тағуы керек. Бұл тасты орнатқан әшекейді дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері таққан тиімді [6, 26 б.].

Аметист – ашықтық пен ақ жүректілік символы. Маскүнемдік пен мас болудан қорғайды. Слюда қосылған кварцит. Оңтүстік Оралда, Уругвайда, Бразилияда кездеседі. Аметист ішкі қабілетті дамытып, адалдыққа қол жеткіздіреді. Бұл минерал сыйға тартқан адамға ғашық етуі мүмкін. Сондықтан жанұясы бар адамдар өзге біреуден аметисті сыйлық алуына болмайды. Арыстан, Торпақ шоқжұлдызындағыларға тағуға болмайды. Қалғандары таға береді, әсіресе, Егіздер мен Суқұйғыштарға пайдалы. Аметист ашудан, басшыларыңыздың көңілі толмауынан сақтайды. Әйелдер сол қолына, еркектер оң қолына тағады. Минералды үнемі тағу керек, иесіне сонда ғана көмектеседі. Бірақ, бұл минерал өз көңіл-күйін жеңіл өзгертеді, ол иесінің көңіл-күйіне байланысты [7, 42 б.].

Гранат – Скифтер дәуірінен зергерлік бұйымдарда қолданылған. Анар жемісінің тұқымы түстес болғандықтан тас осылай аталған. Көне Парсыда да болған. Гранат силикаттар тобына жататын минерал. Көктен басқа кез келген түсте болады. Шри-Ланкада, Үндістанда, Ауғанстанда, Бразилияда, Австралияда, Чехия, АҚШ, Канада, Жапония, Танзания, Замбия, Мадагаскарда бар. Ресейде Карелия мен Ладога көлі маңында бар. Көне Грекия мен Римде ашық түсті гранат ерлердікі, бұлыңғыр түстісі әйелдердікі. Арыстан мен Тоқты белгісіндегілерге келеді. Зергерлік істе гранаттың ашық қызыл, таңқурай (малина) түстес, зүбіржат түстес жасылы қолданылады. Қызыл түстісін энергетикалық әрекетке талпынған жоғары белсенділігі бар адамдар тағады. Ал сабырлы, ойшыл адамдарға келмейді. Ондай жандар жасыл гранат тағуы керек. Үйде гранат болуы жанұялық қатынасты

нығайтып, жанжалдарды бейтараптандырады. Көне Шығыста гранат махаббат сезімінің қатты күлшынысын туғызады, сондықтан махаббат пен достық белгісі ретінде тағу керектігі ұсынылған [8,78 б.].

Зүбіржат (берилдің бір түрі, изумруд) – басқаша атауы измарагд, смарагт. Көне дәуірде Клеопатра кенінде, Жоғарғы Мысырда өндірілген. Колумбия, Бразилия, АҚШ-та Альпіде, Үндістанда, Тәжікстанда, Батыс Пәкістанда, Орта Оралда бар. Қымбат бағалы тас, нақты түсі қараңғы жасыл, қызылша жапырағы түстес, тазалық пен адалдық символы, тасты сыйлыққа алған жанға денсаулық пен табыс келеді. Шаян мен Арыстан белгісіндегілерге жақсы келеді. Жастарды жаман қылықтардан сақтайды. Алтын қоршауда сапасын жақсы көрсетеді. Бұл тас қыздар мен ұлдарды теріс істерден

сақтап, тазалық пен жас кездегі адал ақылын сақтауға көмектеседі. Зүбіржат аналар мен теңізшілердің бойтұмары, оны балалы әйелдер таққан пайдалы. Алтынмен көмкерілсе бұл тас өзінің жағымды сапасын жоғарылата түседі, аталған тас эстетикалық, емдік және астрологиялық жағынан пайдалы [9, 66 б.].

Маржан – Малай архипелагы мен солтүстік Австралияда, Қызыл теңізде көп. Кариб теңізінде, Африка жағалауларында, Батыс Жерорта теңізінде, Канар аралдарында, Жапонияда бар. Түсі қызыл, нәзік күлгін, ақ, көгілдір, қара болады. Жылтыры күңгірт, жібек пішіндес. Тазалық символы. Ақ түстісі – әйелдердікі, қызылы – ерлердікі. Керісінше тақса зиян. Арыстан, Шаян белгісіндегілерге жақсы. Әсіресе Тауешкі белгісіндегілерге пайдалы [10, 89 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Құлментегі Т., Құлментегі М., Құлментегі А. Темірші-ұсталар. Альбом. А. «Өнер», 2006. 18 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. А. Өнер., 1987. 26 б.
3. Новиков В.П. Современные художественные изделия из металла. Л., 1990. 18 б.
4. Соколов М.В. Художественная обработка металла. М., 2003. 27 б.
5. Федотов Г. Дарите людям красоту. М., Просвещение, 1985. 35 б.
6. Флеров А.В. Художественная обработка металлов. М., Высшая школа, 1976. 26 б.
7. Л.Д.Рондели. Народное декоративно-прикладное искусство. М., 1984 г. 42 б.
8. Дорогова Л. Н. «Декоративно-прикладное искусство», изд. «Знание» Москва 1970. 78 б.
9. Федотов Г. Дарите людям красоту. М., «Просвещение», 1985. 66 б.
10. Одноралов Н.В. Декоративная отделка скульптуры и художественных изделий из металлов. М., «Просвещение», 1989. 89 б.

ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ОБРАБОТКИ МЕТАЛЛА И ПРИМЕНЯЕМЫЕ В НЕМ ДРАГОЦЕННЫЕ КАМНИ

Байсенгиров Молдакарим Койшанович
Кафедра музыки и изобразительного искусства
Старший преподаватель

Аннотация: В этой статье рассмотрен применение приёмов художественной обработки металла в условиях мастерских, характеризуется полезные возможности металлообработки. Приведены истоки древних способов металлообработки, рассказывается применяемые драгоценные металлы и их техники обработки, также минералы и драгоценные камни применяемые для украшения, их особенности и влияния разным людям и как их применить, когда можно, когда нельзя носить или хранить, или покупать, какими металлами обрамить и как они действует на жизнь человека и его судьбу.

Ключевые слова: особенности художественной обработки металла и применяемые в нем драгоценные камни.

ESPECIALLY ARTISTIC METAL AND USED IT GEMS

Moldakarim Baisengirov
Department of Music and Fine Arts
Senior Lecturer

Abstract: This article discusses the of artistic treatment of metal in a workshop, it is characterized by useful features metalworking. Given the origins of filigree, chasing, silvered metal forging method, blackening and other metallic compounds on the surface of the metal. Also features the processing afro silver, characteristic of silver with them physical vista brass, copper, and processing

characteristics of these metals. Covers methods soldering aforementioned metal products, cleaning and bleaching, processing of files, hipmicheske, and thermal, methods used in the workshop, safety in metal processing clerical process, paginating metal surface. The conditions of their use, about, how you can debt the desires color on the metal, surtake prokessing of aluminum and features peculiar to this metal.

Keywords: *especially artistic metal and used it gems features of the workshop, the use of chemicals.*

UDC 528.942

DEVELOPMENT OF STUDENTS' COMMUNICATIVE SKILLS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE THROUGH DIFFERENT CLASSROOM ACTIVITIES

Zhamilya Bakirova

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

jamilya_08_04@mail.ru

Abstract: *This article refers to the way teachers can focus the teaching of the foreign language in the classroom in such a way that students can communicate in a conscious way, taking into account their real experiences. The article also gives some examples of communicative activities that can be developed in a class from the communicative point of view.*

Keywords: *communicative approach, communication skills, communicative competence, classroom activities, accuracy, fluency.*

Paradoxical, as it may seem, the English language runs like blood through the veins of nations worldwide. To have good communication skills in English is a burning desire for most people. Communicative competence in the target language is more demanded now than ever before.

The ever growing need for good communication skills in English has created a huge demand for English teaching around the world, as millions of people today want to improve their command of English or ensure that their children achieve a good command of English... The worldwide demand for English has created an enormous demand for quality language teaching and language teaching materials and resources [1, 29-39 p].

What Is Communicative Language Teaching? Communicative language teaching can be understood as a set of principles about the goals of language teaching, how learners learn a language, the kinds of classroom activities that best facilitate learning, and the roles of teachers and learners in the classroom.

The goals of language teaching. Communicative language teaching sets as its goal the teaching of *communicative competence*. What does this term mean? Perhaps we can clarify this term by first comparing it with the concept of *grammatical competence*.

Grammatical competence refers to the knowledge we have of a language that accounts for our ability to produce sentences in a language. It refers to knowledge of the building blocks of sentences (e.g., parts of speech, tenses, phrases, clauses, sentence patterns) and how sentences are formed. Grammatical competence is the focus of many grammar practice books, which typically present a rule of grammar on one page, and provide exercises to practice using the rule on the other page. The unit of analysis and practice is typically the sentence. While grammatical competence is an important dimension of language learning, it is clearly not all that is involved in learning a language since one can master the rules of sentence formation in a language and still not be very successful at being able to use the language for meaningful communication. It is the latter capacity which is understood by the term communicative competence. [5, 36-51]

Communicative competence includes the following aspects of language knowledge:

- Knowing how to use language for a range of different purposes and functions

- Knowing how to vary our use of language according to the setting and the participants (e.g., knowing when to use formal and informal speech or when to use language appropriately for written as opposed to spoken communication)

- Knowing how to produce and understand different types of texts (e.g., narratives, reports, interviews, conversations)

- Knowing how to maintain communication despite having limitations in one's language knowledge (e.g., through using different kinds of communication strategies)

How Learners Learn a Language

Our understanding of the processes of second language learning has changed considerably in the last 30 years and CLT is partly a response to these changes in understanding. Earlier views of language learning focused primarily on the mastery of grammatical competence. Language learning was viewed as a process of mechanical habit formation. Good habits are formed by having students produce correct sentences and not through making mistakes. Errors were to be avoided through controlled opportunities for production (either written or spoken). By memorizing dialogs and performing drills, the chances of making mistakes were minimized. Learning was very much seen as under the control of the teacher.[7, 89-100 p]

In recent years, language learning has been viewed from a very different perspective. It is seen as resulting from processes such as:

- Interaction between the learner and users of the language

- Collaborative creation of meaning

- Creating meaningful and purposeful interaction through language

- Negotiation of meaning as the learner and his or her interlocutor arrive at understanding

- Learning through attending to the feedback learners get when they use the language

- Paying attention to the language one hears (the input) and trying to incorporate new forms into one's developing communicative competence

- Trying out and experimenting with different ways of saying things

Classroom activities in communicative language teaching

Since the advent of CLT, teachers and materials writers have sought to find ways of

developing classroom activities that reflect the principles of a communicative methodology. This quest has continued to the present, as we shall see later in the booklet. The principles on which the first generation of CLT materials are still relevant to language teaching today, so in this chapter we will briefly review the main activity types that were one of the outcomes of CLT.[9,26 p]

Accuracy Versus Fluency Activities

One of the goals of CLT is to develop fluency in language use. Fluency is natural language use occurring when a speaker engages in meaningful interaction and maintains comprehensible and ongoing communication despite limitations in his or her communicative competence. Fluency is developed by creating classroom activities in which students must negotiate meaning, use communication strategies, correct misunderstandings, and work to avoid communication breakdowns.

Fluency practice can be contrasted with accuracy practice, which focuses on creating correct examples of language use. Differences between activities that focus on fluency and those that focus on accuracy can be summarized as follows:

Activities focusing on fluency

- Reflect natural use of language

- Focus on achieving communication

- Require meaningful use of language

- Require the use of communication

strategies

- Produce language that may not be predictable

- Seek to link language use to context

Activities focusing on accuracy

- Reflect classroom use of language

- Focus on the formation of correct

examples of language

- Practice language out of context

- Practice small samples of language

- Do not require meaningful

communication

- Control choice of language

The following are examples of fluency activities and accuracy activities.

Fluency Tasks

A group of students of mixed language ability carry out a role play in which they have to adopt specified roles and personalities provided for them on cue cards. These roles involve the drivers, witnesses, and the police at a collision between two cars. The language is entirely improvised by the students, though they are heavily constrained by the specified situation and characters. The teacher and a student act out a dialog in which a customer returns a faulty object she has purchased to a department store. The clerk asks what the problem is and promises to get a refund for the customer or to replace the item. In groups, students now try to recreate the dialog using language items of their choice. They are asked to recreate what happened preserving the meaning but not necessarily the exact language. They later act out their dialogs in front of the class.

Accuracy Tasks

Students are practicing dialogs. The dialogs contain examples of falling intonation in *Wh*-questions. The class is organized in groups of three, two students practicing the dialog, and the third playing the role of monitor. The monitor checks that the others are using the correct intonation pattern and corrects them where necessary.

The students rotate their roles between those reading the dialog and those monitoring. The teacher moves around listening to the groups and correcting their language where necessary.

Students in groups of three or four complete an exercise on a grammatical item, such as choosing between the past tense and the present perfect, an item which the teacher has previously presented and practiced as a whole class activity. Together students decide which grammatical form is correct and they complete the exercise.

Groups take turns reading out their answers. [10, 45-63]

Teachers were recommended to use a balance of fluency activities and accuracy and to use accuracy activities to support fluency activities. Accuracy work could either come before or after fluency work. For example, based on students' performance on a fluency

task, the teacher could assign accuracy work to deal with grammatical or pronunciation problems the teacher observed while students were carrying out the task. An issue that arises with fluency work, however, is whether it develops fluency at the expense of accuracy.

In doing fluency tasks, the focus is on getting meanings across using any available communicative resources. This often involves a heavy dependence on vocabulary and communication strategies, and there is little motivation to use accurate grammar or pronunciation. Fluency work thus requires extra attention on the part of the teacher in terms of preparing students for a fluency task, or follow-up activities that provide feedback on language use.

While dialogs, grammar, and pronunciation drills did not usually disappear from textbooks and classroom materials at this time, they now appeared as part of a sequence of activities that moved back and forth between accuracy activities and fluency activities. And the dynamics of classrooms also changed. Instead of a predominance of teacher-fronted teaching, teachers were encouraged to make greater use of small-group work. Pair and group activities gave learners greater opportunities to use the language and to develop fluency.

Information-Gap Activities

An important aspect of communication in CLT is the notion of information gap. This refers to the fact that in real communication, people normally communicate in order to get information they do not possess. This is known as an information gap. More authentic communication is likely to occur in the classroom if students go beyond practice of language forms for their own sake and use their linguistic and communicative resources in order to obtain information. In so doing, they will draw available vocabulary, grammar, and communication strategies to complete a task. The following exercises make use of the information-gap principle:

Students are divided into A-B pairs. The teacher has copied two sets of pictures. One set (for A students) contains a picture of a

group of people. The other set (for B students) contains a similar picture but it contains a number of slight differences from the A-picture. Students must sit back to back and ask questions to try to find out how many differences there are between the two pictures. Students practice a role play in pairs. One student is given the information she/he needs to play the part of a clerk in the railway station information booth and has information on train departures, prices, etc. The other needs to obtain information on departure times, prices, etc. They role-play the interaction without looking at each other's cue cards.

Other Activity Types in CLT

Many other activity types have been used in CLT, including the following:

Task-completion activities: puzzles, games, map-reading, and other kinds of classroom tasks in which the focus is on using one's language resources to complete a task.

Information-gathering activities: student-conducted surveys, interviews, and searches in which students are required to use their linguistic resources to collect information.

Opinion-sharing activities: activities in which students compare values, opinions, or beliefs, such as a ranking task in which students list six qualities in order of importance that they might consider in choosing a date or spouse.

Information-transfer activities: These require learners to take information that is presented in one form, and represent it in a different form. For example, they may read instructions on how to get from A to B, and then draw a map showing the sequence, or they may read information about a subject and then represent it as a graph.

Reasoning-gap activities: These involve deriving some new information from given information through the process of inference, practical reasoning, etc.

For example, working out a teacher's timetable on the basis of given class timetables.

Role plays: activities in which students are assigned roles and improvise a scene or

exchange based on given information or clues.

Emphasis on Pair and Group Work

Most of the activities discussed above reflect an important aspect of classroom tasks in CLT, namely that they are designed to be carried out in pairs or small groups. Through completing activities in this way, it is argued, learners will obtain several benefits:

- They can learn from hearing the language used by other members of the group.
- They will produce a greater amount of language than they would use in teacher-fronted activities.
- Their motivational level is likely to increase.
- They will have the chance to develop fluency.

Teaching and classroom materials today consequently make use of a wide variety of small-group activities.[8, 45 p]

The Push for Authenticity

Since the language classroom is intended as a preparation for survival in the real world and since real communication is a defining characteristic of CLT, an issue which soon emerged was the relationship between classroom activities and real life. Some argued that classroom activities should as far as possible mirror the real world and use real world or "authentic" sources as the basis for classroom learning. Clarke and Silberstein (1977, 51) [2, 48-65] thus argued:

Classroom activities should parallel the "real world" as closely as possible. Since language is a tool of communication, methods and materials should concentrate on the message and not the medium. The purposes of reading should be the same in class as they are in real life.

Arguments in favor of the use of authentic materials include:

- They provide cultural information about the target language.
- They provide exposure to real language.
- They relate more closely to learners' needs.
- They support a more creative approach to teaching.

Others (e.g., Widdowson 1987) [3,23-31] argued that it is not important if classroom materials themselves are derived from authentic texts and other forms of input, as long as the learning processes they facilitated were authentic. Critics of the case for authentic materials point out that:

Created materials can also be motivating for learners.

- Created materials may be superior to authentic materials because they are generally built around a graded syllabus.

- Authentic materials often contain difficult and irrelevant language.

- Using authentic materials is a burden for teachers.

However, since the advent of CLT, textbooks and other teaching materials have taken on a much more “authentic” look;

reading passages are designed to look like magazine articles (if they are not in fact adapted from magazine articles) and textbooks are designed to a similar standard of production as real world sources such as popular magazines

Conclusion

The ability to engage students in active English learning is a very complex task and in many cases it is determined by the efforts of students to acquire and improve their language skills. The communication-oriented techniques of teaching ESP, mentioned in the article, influence not only communication and speech-thinking activities, but also cognitive and creative activities. They train attention, memory, develop thinking and have high motivation characteristics.

References

1. Oxford, R.L., (1989). Language learning strategies the communicative approach and their classroom implications “Foreign Language Annals,”(1, 29-39 p)
2. Clarke, M., and S. Silberstein (1977). Toward a realization of psycholinguistic principles in the ESL reading class. *Language Learning*, (1, 48–65.)
3. Widdowson. H.(1987). Aspects of syllabus design. In M. Tickoo (ed). *Language Syllabuses: State of the Art*. Singapore: Regional Language Centre.(3, 23-31.)
4. Prabhu, N. S. (1987). *Second Language Pedagogy*. Oxford: Oxford University Press.
5. Richards, Jack C., and Theodore Rodgers (2001). *Approaches and Methods in Language Teaching*. Second Edition. New York: Cambridge University Press.
6. Richards, Jack C., and Charles Sandy (1998). *Passages*. New York: Cambridge University Press.
7. Harmer, J. *The Practice of English Language Teaching*. Longman, 1994.
8. Richards, J. *Language and Communication*. Longman, 1983.
9. BC.[1982]. “In search of a language teaching framework: An adaptation of a communicative approach to functional practice”
10. Brumfit, Christopher (1984). *Communicative Methodology in Language Teaching*. Cambridge: Cambridge University Press.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫСЫН ТҮРЛІ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Бакирова Жамиля Махсудовна

Қазақ, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Бұл мақалада түрі жаттығу жұмыстарын қолдану арқылы студенттердің коммуникативті дағдыларын дамыту қарастырылады.

Түйін сөздер: коммуникативті әдіс, қарым-қатынас дағдысы, коммуникативті құзырлылық, тапсырмалар, нақтылық, мінсіз

РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ РАЗЛИЧНЫЕ ВИДЫ УПРАЖНЕНИЙ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Бакирова Жамиля Махсудовна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматривается использование различных видов упражнений, способствующих развитию коммуникативных навыков студентов.

Ключевые слова: коммуникативный подход, навыки общения, коммуникативные компетенции, задания, точность, беглость

ӘОЖ 37,012

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бәйкен Бақытгүл Егінбайқызы

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

roza.zhandildina@mail.ru

Аңдатпа: Құзыр, құзырлылық ұғымдарының философиялық-педагогикалық қалыптасу эволюциясының ерекше белгілері келтірілген.

Түйін сөздер: құзыр, құзырлылық.

Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістердің болуына байланысты білім беру жүйесінде де оның мазмұны мен оқыту әдістемесінде де біршама жаңарулар болып жатыр.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа танылып жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі Қазақстан педагогика ғылымының жаңа бағытта сипат алуына кең жол ашып берді. Соның ішінде: «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында білім берудің әдістемелік жүйесін қайта қарау қажеттігі туындап, білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру үшін, жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын, осыған орай білім беру жүйесін реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі болуға тиіс екенін айрықша атап өтті [1.88б.].

Студент әрбір білім беру деңгейін аяқтағаннан кейін енгізген негізгі құзыреттіліктерді: коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік,

проблемалардың шешімін табу құзыреттілігін игеруі тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік – адамдар мен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Білім беру саласының негізгі басымдылықтары ретінде нәтижеге бағытталған білім тұжырымдамасы даярланып, оның негізгі көрсеткіші ретінде құзырлылық ұстанымдарына көшу бағыты айқындалды.

Осы тұрғыда «құзырет» ұғымының мәнін ашып қарастырған жөн, ал бұл ұғымның мәнін ашу үшін «құзырет» және «құзыреттілік» түсініктерін анықтау керек.

Білім беру саласындағы «құзыреттілік» түсінігі 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиетінде, ал 1980 жылдардың соңындағы отандық әдебиеттерде кездесті. Әлемдік және қазақстандық зерттеулер бойынша құзыреттіліктің 3-тен бастап 37-ге дейінгі түрін айқындаған.

Құзыреттілік теориясын дамыту «Ключевые компетенции для Европы» (Берн, 1996) симпозиумында шешім қабылданды. Ол қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен АҚШ мектептерінде кең

қолданыс тауып отыр. Кембридж және Оксфорд университетінде жасалған негізгі құзыреттіліктер жүйесінің сипаттамасында тұғырлық құзыреттіліктер әртүрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда, мысалы оқу және кәсіби іс-әрекетті орындау барысында дамиды деп көрсетіледі.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді дамытуды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді практиканың қажеттіліктерімен байланыстыру іскерлігі, өмірлік жағдаятты бағалай алу және проблеманың шешу жолдарын табу және т.б. Жоғары білім беру жағдайында аталған және басқа да негізгі құзыреттілік төмендегі шарттарды қолданғанда жүзеге асырылуы мүмкін:

- білімдік мақсаттарға барынша бара-бар келетін әдіснаманың болуы;
- әдістемелік және педагогика ғылымының қазіргі мәліметтері банкісінің болуы;
- дидактикалық практика тәжірибесінің жетістіктері мен қорытындылары.

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын жасауда негізгі ереже сапасына талдау жасайды.

Бұл тұрғыдан көзқарасты М.В. Рыжаков (негізгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына) сүйене отырып, өз еңбегінде төмендегіше көрсетеді [2.186].

Бірінші, үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде өздігінен білім алу кезеңдерінің мәнділігі. Сондықтан білім берудің қазіргі кезеңінде білім алушылардың өзбетіндік, танымдық және практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру міндеті ерекше өзекті болып отыр.

Екіншіден, өздігінен білім алуды дамыту жағдайында сөз жоқ, оқыту құралдарының рөлі артады. Қазіргі кезеңдегі оқыту технологиясында оқытудың ақпараттық технологиясының құралдары ерекше мәнге ие болуда.

Үшіншіден, білім беруді жүзеге асырудың даралап оқыту принципінің

рөлін күшейтеді, әрбір білім алушы үшін оқу процесін даралауды жүзеге асыруды көздейді.

Төртіншіден, білім беруде пәндік-бағдарлық жүйеден жобалау жүйесіне көшуге жобалайды.

Аталған ережелерді талдау барысында, құзырет ұғымының кеңірек мәнде қарастырылғандығына көз жеткіземіз. Мысалы, шет тілдерінің сөздігі құзыретті «тұлға, таным, тәжірибе, құқық игеретін мәселелер шеңбері», - деп берсе, ал құзыреттілік «бір нәрсе туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін білімдерді меңгеру», - деп түсінік береді.

«Құзырет»-бұл біреудің құзыреті және ол білім, іскерлік және дағдылар жиынтығы ретінде көрінеді, субъектіге өзгермелі жағдайға бейімделуге мүмкіндік береді. Негізінен, құзырет-белгілі бір жағдайда әрекет ету және өмір сүруге қабілеттілік. Дегенмен, білімсіз құзырет болуы мүмкін емес, бірақ білімнің өзі ол әлі құзырет емес, ал тіпті құзырет болмайынша білім өз көрінісін таба алмауы да мүмкін. Сондықтан қазіргі білім беру технологияларында кейбір батыс елдерінде алдымен белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыру міндеті қойылады да, сонан соң, білім алуға үйрету, ал онан соң білімнің негізінде құзыреттіліктердің көрініс табуын тексеру жүзеге асырылады.

А.В. Хуторский «құзырет» латын тілінен аударғанда адам жақсы білетін, танымы мен тәжірибесі бар сұрақтар шеңберін білдіреді деп түсіндіреді. Белгілі бір салада құзыретті адам сол салаға сай білім деңгейі мен қабілетке ие болып, осы сала бойынша объективті түрде тұжырым жасап, осы салада оның тиімді мүмкіндік жасауына мүмкіндігі бар. Құзырет- жеке бастың өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығы (білімі, дағдысы, және қызмет ету тәсілі).

Ал құзыреттілік – адамның өзіне сәйкесті құзыретін өз қызметінде пайдалануы. Б.И. Хасанның пікірінше, «құзырет» – бұл жеке бас емес, орын мінездемесі бұл оның әлеуметтік ролінің

параметрі, жеке бас тұрғысында бұл құзыреттілік, яғни адамның өз орнына лайықтығы, оның әлеуметтік сұрақтарға сай қызмет ету қабілетіне мүмкіндігі.

Құзыреттілік деңгейі жеке адамның білім беру практикасы қорытындысының мінездемесі яғни құзыреттілік бұл адамның өз қалағанынан неге қол жеткізгені, құзыретті меңгеру өлшемі.

С.Е. Шишов, В.А. Кальней пікірлерінше, «құзыретті болу деген» алған білімі мен тәжірибені нақты жағдайда пайдалана алу дегенді білдіреді.

Г.М. Коджаспированың ойынша, «құзыретті педагог болу үшін педагог нақтылы педагогтық іскерлікпен иеленуге міндетті». Бірақ құзырет және іскерлік түсініктерін бөліп қарастырсақ: «Іскерлік-бұл арнаулы ситуацияның іс-әрекеті. Іскерлік іс-әрекет құзыреттілігінде көрініс тапты. Құзырет – бұл іскерліктен туындайды»[3.27б.].

Стенфорд комиссиясының директоры Г. Вайнер құзыреттілікті адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады. Ал белгілі ғалым М.М. Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы ойланудың сынаулығы.

Психологиялық сөздікте «құзыреттілік» - жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті деген түсінік берген.

Латын тілінен аударғанда құзыреттілік «compeio» дегеніміз өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді. Өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізді ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды белгілі бір саладағы құзыреттілікті меңгерген деп есептеуге болады. Сонымен қатар, бір нәрседен хабары бар, қандай да бір мәселені шешудің жолын білетін, беделді, толық, құқықты, қолында билігі бар, қабілетті адам.

Қазақстандық ғалымдар да бұл ұғымды жан-жақты талдап, өзіндік көз-қарастарын берген. Б.Т. Кенжебеков әдебиеттерді теориялық тұрғыдан талдау барысында «құзыреттілік» ұғымының мәніне әр түрлі анықтама беріп, әр қилы көрініс тапқандығын анықтады. Бірақ соған қарамастан, бұл терминнің антикалық заманда туғанын көруге болады. Мысалы, Платонның оқытуды жоғары деңгейде анықтауы, Аристотельдің жалпы кең білім беру мен кәсіп үйретуді байланыстыру негізінде жоғары білімнің реалистік принципін дамытуы, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда зиялы кәсіби мектептерді жоғары оқу орындары етіп қайта құруы, қазіргі көпсатылы жоғары білім берудің қалыптасуы – осы аталған ғылым ілгерілемей өзгерістер жоғары оқу орындарының кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті маман даярлау жолындағы ізденістерінің дәлелі екендігін көрсетті.

«Құзыреттілік»-тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Ал «құзырлық» - адамның өзінің іс-әрекет саласына сай құзыреттіліктерді меңгеруі. Бұл екі ұғымды қажет болған жағдайда бөліп қарастырады. Мысалы құзыреттілік деп студенттердің дайындығына алдын-ала қойылатын талаптарды, ал құзырлық деп олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесін түсінеді [4.28б.].

Құзыреттілік – сәйкес құзыретке ие болуда және белгілі бір аумақта табысты әрекетке жету негізінде әс-әрекетті жүзеге асыру қабілетінде байқалатын, жеке тұлғаны сипаттайтын тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Т. Таубаеваның пайымдауынша «құзыреттілік» бұл:

1. өзінің әлеуетін жүзеге асыру қабілеті мен оған талпынысы;
2. табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігін

мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті;

3. өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында «құзырет» - қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық; білім беру жүйесінде әлеуметтік тапсырысты құрайды»[31],- деп көрсетілген.

Әлеуметтік – экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі күйін есепке ала отырып, Қазақстан республикасындағы білім беру стандартында қабылдап отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу (өзіндік менеджмент), ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту қажет екендігін айта кетуіміз керек. Бұл құзырлықты игерген студент оқу және басқа да әрекеттерде өзін-өзі айқындауға қабілетті болады. Одан студентжеке жолы және тұтастай өмір сүру бағдарламасы тәуелді болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. –Астана, 2007.- 60б.
3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. — М.: 1998. -200с.
4. Ниязова Г.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану–кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Алматы, 2008, 141 б.
5. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана, 2001. -275 б.
6. Омарова Л.Т. Студенттердің кәсіби құзіреттілігі мен педагогикалық шеберлігін қалыптастыру /«Аспирант.Докторант.Гуманитарлы-әлеуметтік зерттеулер» атты ғылыми-теориялық және қолданбалы кең профильді журнал. – Түркістан-Москва, 2013- - баспада
7. Нургалиева Г.К. Электронды оқулықтар ізгілендіру құралы // Қазақстан мектебі – 2002.-№11-12
8. Скипидский Э.Г. Жас зерттеушілердің құзіреттілігін қалыптастыру \ Мектептегі ғылыми жұмыс. - 2009 №.-7.-Б.10
9. Ғалымжанова М.Ә. Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары. Канд.дисс – Атырау, 2008.
10. Құдайбергенова К.С. Құзырлық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми – теориялық негізі.- Алматы, 2008.

ОСНОВЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Байкен Бакытгул Егинбайқызы

Кафедра методики начального и дошкольного обучения

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Компетенция, компетентность концепции эволюции формирования философских и педагогических особенностей.

Ключевые слова: компетенция, компетентность

THE BASICS OF PSYCHOLOGICAL-PEDAGOGICAL COMPETENCE

Bakytgul Baiken

Department of Methods of Primary and Preschool Education

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: Competence, competence evolution of the concept of formation of philosophical and pedagogical features.

Keywords: competence

УДК 378

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ ПРАВОВАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ БУДУЩИХ БАКАЛАВРОВ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Бермагамбет Рауан Едигеулы

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики
старший преподаватель магистр юридических наук
bermagambet@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается вопрос о профессионально-ориентированной правовой компетентности будущих бакалавров образования в Республике Казахстан. В рамках исследования, автор предлагает внедрение учебной дисциплины «Образовательное право Республики Казахстан» в виде обязательного компонента циклов базовых или профилирующих дисциплин, которая призвана сыграть большую роль в профессионально-ориентированном правовом образовании обучающихся по образовательным программам высшего образования группы специальностей «Образование».

Ключевые слова: правовая компетентность, профессионально-ориентированная компетентность, бакалавр образования, образовательное право, ЖОО, Казахстан.

Модернизация высшего образования в Республике Казахстан предусматривает общую мировую тенденцию увеличения в образовательных программах доли дисциплин, ориентированных на будущую профессию, то есть тенденция к профессионально-ориентированному подходу. Частичная академическая автономность вузов в области самостоятельности определения содержания учебных программ позволяет определять профессионально-ориентированную траекторию при подготовке специалистов со степенью бакалавра по различным специальностям, в том числе и по направлению группы специальностей «Образование».

Правовая компетентность становится необходимым компонентом профессиональной компетентности специалиста любой сферы, в том числе, сферы образования. В то же время, анализ сложившейся практики правовой подготовки бакалавров образования показал, что эта подготовка нередко ограничивается общетеоретическими дисциплинами, не позволяющими сформировать определённый комплекс знаний, умений и навыков, необходимых

для успешного трудоустройства и эффективной профессиональной деятельности. Традиционно в образовательных учреждениях профессионального образования, в том числе в высших учебных заведениях, приоритет отдаётся специальным дисциплинам. Вместе с тем, следует отметить, что недооценка значимости правовых дисциплин в профессиональной подготовке студента способна повлечь негативные последствия. Низкий уровень правовой компетентности, формирующейся, в том числе при изучении правовых дисциплин в вузе, может поставить выпускника в условия социальной незащищённости, сложной адаптации к дальнейшей профессиональной деятельности. Так, выпускник вуза с присвоенной академической степени «бакалавр образования» по всем педагогическим специальностям нередко оказывается в трудной ситуации при решении правовых вопросов в сфере своей профессиональной деятельности. В то же время, к числу обязательных требований к работнику сферы образования относятся не только знание предмета, методики, педагогики, но

и основ права, нормативных правовых актов в сфере образования и узкого профессионального профиля. В связи с этим формирование правовой компетентности следует рассматривать как неотъемлемую часть общего процесса становления профессиональной компетентности специалистов вышеназванной сферы [1, с.160-161].

Формирование правовой компетентности студентов - будущих бакалавров образования в процессе профессиональной подготовки основывается на фундаментальных положениях педагогической, психологической и юридической наук. Также необходимо учесть то, что в рамках формирования правовой компетентности мы формируем правовую культуру в целом. По мнению ученых, она представляет собой составную часть созданных обществом духовных ценностей и охватывает все виды поведения и действий. Она связана с общим культурным уровнем населения и функционирует во взаимодействии с политической, нравственной, эстетической и иными видами культуры населения [2, с.112-118].

До 2017 года, в рамках осуществления образовательной программы высшего образования по группе специальностей «Образование» было предусмотрено прохождение дисциплины обязательного компонента общеобразовательных дисциплин «Основы права». В рамках типовой учебной программы по данной дисциплине не был предусмотрен профессионально-ориентированный подход в рамках различных образовательных программ группы специальностей «Образование» и в контексте их связи в рамках группы так называемых педагогических специальностей [3]. Достаточно небольшой объем часов по дисциплине, а также поточный подход в проведении лекционных занятий ограничивал профессионально-ориентированный подход при проведении занятий. К тому

же, начиная с 2016 года, в условиях внесения изменений и дополнений в Государственный общеобязательный стандарт высшего образования, из числа дисциплин обязательного компонента общеобразовательных дисциплин, с 2017-2018 учебного года она будет исключена. В рамках исключения дисциплины «Основы права», вуз может определять новые правовые дисциплины из числа кредитов вузовского компонента общеобразовательных дисциплин. Однако, при таком положении, где вуз имеет возможность в рамках академической свободы и не включать дисциплины, формирующие правовые компетенции, трудно обеспечить высокий уровень формирования правовой компетентности, предусмотренной в Государственном общеобязательном стандарте высшего образования [4].

Мы считаем, что отсутствие отдельной дисциплины в перечне обязательного компонента общеобразовательных дисциплин посвященной изучению права негативно отразится в будущей профессиональной деятельности студентов. Мы также считаем, что бакалавры образования должны в обязательном порядке изучать дисциплину посвященную вопросу правового регулирования сферы образования, например, «Образовательное право Республики Казахстан» [5].

Анализ рабочих учебных планов образовательных программ группы специальностей «Образование» казахстанских вузов показал, что соотношение количества профессиональных (в том числе, междисциплинарных с юридическими науками) и правовых дисциплин в учебных планах подготовки бакалавров образования не способствует полному осуществлению требований Государственного общеобязательного стандарта высшего образования.

В учебном плане на изучение некоторых смежных дисциплин выделено большое количество часов. Поэтому

существует реальная возможность введения дополнительных правовых дисциплин, не принижая значение других дисциплин в профессиональной подготовке. Кроме того, вуз имеет право самостоятельно определять перечень и содержание включаемых в учебный план дисциплин компонента по выбору (вузовского компонента) общеобразовательных, базовых и профилирующих дисциплин. Содержание предлагаемых дисциплин должно разрабатываться в соответствии с государственными требованиями к правовой компетентности студентов вузов, в рамках Государственного общеобязательного стандарта высшего образования и в соответствии с Типовыми Квалификационными характеристиками должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц [6].

Структура учебной программы правового образования студентов группы специальностей «Образование» может быть представлена на основе законодательства Республики Казахстан в области образования, с учетом практики его применения и достижений юридической науки. Преподавание правовых дисциплин должен носить теоретико-прикладной характер и предполагать ознакомление студентов с основами формирования Образовательного права Республики Казахстан.

Данную дисциплину целесообразно ввести для студентов, начиная со второго курса, как правило, после уяснения общих положений общеобразовательных дисциплин. Учебная программа по дисциплине «Образовательное право Республики Казахстан» должна включать знания о современном содержании правового регулирования отношений в области образования, о правовых основах

управления системой образования, о правовом положении субъектов образовательной деятельности, их правах, обязанностях и ответственности, о государственном регулировании в области образования, о финансовом обеспечении системы образования, о правовом регулировании международной деятельности в сфере образования, а также об ответственности за нарушения законодательства в области образования Республики Казахстан. В конечном итоге полученные знания, умения и навыки призваны способствовать лучшему уяснению студентами места и роли профессионально-ориентированного правового образования в структуре образовательных программ высшего образования.

Внедрение учебной дисциплины «Образовательное право Республики Казахстан» в виде обязательного компонента циклов базовых или профилирующих дисциплин призвана сыграть большую роль в профессионально-ориентированном правовом образовании обучающихся по образовательным программам группы специальностей «Образование». Правовые знания, умения и навыки призваны повысить качество подготовки специалистов для системы образования Республики Казахстан, и имеют не только базовое, но и непосредственное прикладное значение в их профессиональной деятельности.

Правовая компетентность студентов группы специальностей «Образование» - будущих бакалавров образования обусловлена объективной потребностью достижения высокого качества и эффективности профессиональной деятельности при условии соблюдения законодательства Республики Казахстан.

Список использованных источников

1. Bermagambet R, Kaukhanova M (2015) Conceptual bases of formation of legal competence of the future Bachelor of Education on specialty 5B010800 – «Physical Culture and Sports». ISJ Theoretical & Applied Science 05 (25): 160-164. Soi: [http://s-o-i.org/1.1/TAS*05\(25\)30](http://s-o-i.org/1.1/TAS*05(25)30) Doi: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2015.05.25.30>

2. Еликбаев Н., Конкина Г. Ұлт рухының құқықтық мәдениеті тұрғысында [Правовая культура в национальном сознании] // «Әл-Фараби» философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал» № 3 (43), 2013 ж. (на казахском языке)
3. Типовая учебная программа по дисциплине «Основы права», утвержденная протокольным решением заседания РУМС ВиПО от 22 октября 2014 года и введена в действие Департаментом ВиПОиМС от 03 ноября 2014 года № 03-3/529
4. Государственный общеобязательный стандарт высшего образования. Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 [Электронный ресурс]: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» РЦПИ МЮ РК URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001080#z492> (Дата обращения: 02.09.2016)
5. Бермагамбет Р.Е. Перспективы развития образовательного законодательства Республики Казахстан в рамках интеграции образовательных систем государств-участников СНГ // Садыковские чтения: проблемы и пути внедрения инновационных технологий в образовательное пространство: материалы Международной научно-практической конференции. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2013. -С. 416.
6. Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 13 июля 2009 года № 338 [Электронный ресурс]: Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет» РЦПИ МЮ РК URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750> (Дата обращения: 23.07.2016)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛШАҚ БІЛІМ БАКАЛАВРЛАРЫНЫҢ
КӘСІБИ-БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

Бермагамбет Рауан Едігеұлы

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі

***Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан Республикасында болашақ білім бакалаврлардың кәсіби-бағытталған құқықтық құзыреттілігі мәселесі қарастырылады. Зерттеу аясында, автор «Білім» мамандықтар тобының жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіби-бағытталған құқықтық білім беру саласындағы маңызды рөл атқара алатын «Қазақстан Республикасының білім құқығы» пәнін базалық немесе бейіндік циклдердің міндетті компоненті ретінде енгізуді ұсынады.*

***Түйін сөздер:** құқықтық құзыреттілік, кәсіби-бағытталған құзыреттілік, білім бакалавры, білім құқығы, ВУЗ, Қазақстан.*

**PROFESSIONALLY-ORIENTED LEGAL COMPETENCE OF FUTURE BACHELORS OF EDUCATION
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Rauan Bermagambet

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics
Senior Lecturer, Master of Juridical Sciences

***Abstract:** The article deals with the issue of professionally-oriented legal competence of future bachelors of education in the Republic of Kazakhstan. Within the framework of the research, the author suggests the introduction of the educational discipline "Educational Law of the Republic of Kazakhstan" in the form of an obligatory component of cycles of basic or profiling disciplines, which is called to play a big role in professionally-oriented legal education of students in the educational programs of higher education of the group of specialties "Education".*

***Keywords:** legal competence, professionally-oriented competence, bachelor of education, educational law, HEI, Kazakhstan.*

ӘӨЖ 37.013

ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕТІСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бижанова Галия Коянбаевна

Педагогика және психология кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, АрқМПИ доценті

galia_arka@mail.ru

***Аңдатпа:** Ы.Алтынсариннің шығармаларының мәні туралы айтылған. Тұлға мәселесінің өзектілігі берілген. Ы.Алтынсарин шығармаларына талдау жасалған. Жастарға тән қасиеттерді тәрбиелеуге Ыбырай шығармаларының әсері жайлы айтылған.*

***Түйін сөздер:** білім, тұлға, құзырлылық, тәрбие, адамгершілік, жетістік, еңбек*

Қазіргі кезеңде білім философиясы, білім парадигмасы мен стандарты үлкен өзгеріс үстінде.

- Білім философиясындағы негізгі құндылық – адам.

- Білім стандарты жаппай міндетті білім, білік жағдының орнына күтілетін нәтиже ретінде тұлға құзырлығын қойып отыр.

Э.Н.Гусинский, Ю.И.Турчанинова еңбектеріне сүйенетін болсақ,

«білім» өзінің анықтамасы бойынша «тұлға жетістігі» дегенді білдіреді. Генетикалық анықтамасына сай білім – тұлға қалыптасуының, дамуының, адамгершілік нормаларының қабылдануының тұтас үрдісі [1, 142б.].

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологиясының да, білім парадигмасының да мәні – әр тұлғаның өзіндік тәжірибесінің оқу үрдісінен тысқары қалып қоймай, осы үрдіс барысында дамуында. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасының көрсеткіштік факторларының бірі – құзырлылық. Әр түрлі әдебиеттерде құзырлылық – «жан – жақты хабардар», білгір, терең білім, тапсырманы талапқа сай дайындау қабілеті т.б деген мағыналарды береді.

Тұлғаның барлық жақтары басқа адамдармен іс-әрекеттерінен және қоғамдағы қарым-қатынастарынан сипаттамасы шығады, яғни тұлға

дегеніміз-барлық көрінісімен қоршаған өмірмен байланысқан адамның әлеуметтік бейнесі”, -дейді [1, 143б.].

Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде «тұлға-ол, мәдениетті, адамгершілікті, ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықты меңгерген идеалы бар азамат»- деген қорытынды шығарады [2, 25б.].

Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлімі арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана танымдық тағылымның сіңетіні мәлім, ол күдіреті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі. Ақыл-шындықты танудың, оны жан-жақты зерттеп, мәнін ашу арқылы байыбына жете ұғынудың ең жоғары ғылыми-теориялық саласы. Ақыл адамның ойлау қабілетінің шығармашылық қуаты мен мүмкіндігін сипаттайды. Адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуға және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш (Эль-Фараби) [3]. Жақсы ойлау арқылы бала өз бойында мінезді қалыптастыратын болады. Өзін-өзі тану, ойлау арқылы жеке тұлғаның өзіндік танымы жетіледі.

Ойлауға үйренген баланың өзі туралы да, басқалар жөніндегі ойлары да жақсара түседі. Ойланған адамның ойына лайық адал, мейірімді іс-әрекеті соған сай болмақ.

Адамгершілік-рухани тағлымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып,

білім беруде, оны негізге алғаны жөн. Сонда ғана, өзінің міндетін айқын сезінетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Ол үшін, әуелі ұрпағымыздың бойында ұлттық тәрбиені, адамгершілік әдепті, имандылық қасиеттерді жетілдірсек, сонда ғана халқының салтын жақсы білетін, елі үшін еңбек ететін азамат болып қалыптасады. Сондықтан да, болашақ ұрпақты тәрбиелегенде олардың бойына осы қасиеттерді сіңіре білсек, Отанымыздың гүлденуіне өз үлесін қосатын азамат болып өсері сөзсіз.

Ы.Алтынсарин шығармаларында баланы адамгершілік құндылықтарға баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Адамның адамгершілік құндылықтарының дамып жетілуі өмір бойына созылатын үрдіс болғанымен, адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің негізгі сипаттары балалық кезеңде жинақталады. Ол өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағындырып, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі азамат болуға шақырды.

Қазақтардың адами рухының мәңгіліне сенуі саналы тәртібі мен мінез-құлқының қалыптасуы мен адамгершіліктің негізі болып табылады. Қазақтардың өзін қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаға мейірбандықпен, қайырымдылықпен және ізгілікпен қатынас жасауын айырықша айтуға болады. Олардың көшпенді өмір салты өздерін табиғаттың бөлігіміз деп қарауға үйретті. Сондықтан, қазақтардың санасында және қанында табиғат өмірін қорғау-халқының және адамның өмірін сақтау деген түсінік айқын қалыптасады. Қазақ халқының мінез-құлқында орын алған өзара көмектесу, әсіресе басқа түскен қуаныш пен қайғыда бір-біріне риясыз көмектесу, баға жетпес моральдық сүйемелдеу кезінде байқалады. Адам баласының өмір тәжірибесінде қалыптасқан үлкендерге құрмет көрсету тәрбиемізде өшпес дәстүрге айналған.

Адамгершілікке баулу этикалық білімдер мен сенімдерге негізделген

адамгершілік мәдениетінен туындайды. Адамгершілік сана деңгейі мен тұлғаның мінез-құлқы ішкі және сыртқы мәдениеттің қатынасында байқалады.

Ішкі мәдениет дегеніміз, адам мәдениетінің тұтастығы, субъектінің барлық мәдениет элементтері, оның қасиеттерінің бірлігі, ішкі процесстері, адамның білімдік деңгейі, оның адамгершілік сапаларымен түсіндіріледі. Сыртқы мәдениет, адамдардың мінез-құлқы ережелерінің жиынтығы, оның қарым-қатынасы. Ішкі және сыртқы мәдениет өзара тығыз байланысты. Адамгершілік пен мәдениеттің бірігуінен ойы, сезімі, мінез-құлқы, қылықтары үйлесімді бірлікте болатын нағыз мәдениетті адамның қалыптасуы мүмкін [4].

Ы. Алтынсарин өмірінің мәні жөнінде және өзінің халқы туралы тереңінен ойлап, қоғам үшін, өзі үшін пайда әкелетін мақсатты өмір сүруге ұмтылды. Ол өз өмірінің мәнін анықтауда "танымды" іздеді, "өзінің отандастарына жақсылық жасауға" мақсат қойды, барлық өмірін халықтың ағарту ісіне арнады, "адамгершіліктің дамуына" әсер етуге ұмтылды. Ол К.Д.Ушинскийдің принципін басшылыққа ала отырып, адамда "мақсат" және "міндет", "кез-келген адал адам" өзі үшін іс-әрекетті таңдауы керек, ол өзіне ғана емес, барлық халықтарға пайдалы болуы қажет. Жер жыртушы, саудагер, қолөнерші, жауынгер, чиновник, жазушы, мұғалім өзінің жан ұясын өз еңбегімен асырайды. Бұл еңбектер адамдарға пайда әкеледі"- деген [5].

Адам өмірінде еңбектің ролін түсіндіруде адам жанын ұяттан, жалқаулықтан, мақтанудан емдейтін еңбек туралы ойлары Ы.Алтынсаринның әңгімелерінің негізгі қыры болды. Оның "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" деген әңгімесінде еңбексіз тіршіліктің дамуы, мәні жоқ екенін көрсетеді. Оның пікірінше адам міндетті түрде еңбек етіп өзінің ұрпағын жалғастыруы қажет. Ы.Алтынсарин еңбектің мәнін "Таза бұлақ" әңгімесінде де көрсетеді. Жолаушы

адамның өмірдегі мақсаты еңбекте деп кеңес береді: “Адам, сен еш уақытта тоқтама, жалқаулыққа берілме, жұмыс істе, егер солай істесең, ақыр соңында мақсатқа жетіп ұлылардың ұлысы боласың деп”- адамның көңілінің таза болуын дәріптейді [6].

“Тапқырлық” деген әңгімесінде танымал ағылшын шебері Браунның өзен арқылы көпір құруы, “өрмекші жолына көлденең” орналасқан өрмекшінің осы міндетті шешуіне бағытталған шебердің әрекеті өрмекші әрекетінен мүлдем басқадай. Көпір құрудың алдында ойланып, ойына сәйкес жоспарлап барып, көпірді салуға кіріседі, ал өрмекші өздігінен еш ойсыз торын құрады.

Ы. Алтынсарин өзінің “Қалай баюға болады” және “Қыпшақ Сейтқұл” деген әңгімесінде әрекетсіздік адами жетістіктің түбіне жететінін көрсетеді [7].

Ы. Алтынсаринның еңбек және еңбекке тәрбелеуге қатысты шығармалары халықтық даналыққа негізделген.

“Байлық неде?” деген тағы бір әңгімесінде кедей кісінің сұрағына ғалым мынандай жауап береді. “Қанағат ете білсең, еңбек қылсаң- байлық сол. Малы көп болса да қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп айтпайды, ешуақытта тоймайды. Малы аз да болса, соған қанағат ете білсе, біреуді алдап, жемесе, біреудің еңбегінен пайдаланбаса да, мұндай адамның көңілі жай болады. Соның үшін байлық-қанағат пен адал еңбекте”-деп, еңбекші адамға өзімшілдік мінез жат екендігін көрсетеді.

“Қанағаттылық” туралы қазақтың халық шығармаларында да айтылады. Қанағаттылық қазақтарда мейірімділік үшін қолданылады. Абайдың ұсынған ұстанымы- “барлық өлшемнің жоғары деңгейі-жауыздық” қанағаттанарлық жағдай-адамның сапасы. “Ішіп-жеуде, күлуде, көңіл көтеруде, құшақтауда және сүюде, байлыққа жетуде, жылдамдық пен мінез-құлықта, киімде-барлығында өлшем болу керек” деп жазды [8]. Қанағатшылдық туралы ой-пікірлерді Ы. Алтынсарин де қолдады. “Қанағат”,

“Бақытты адам” әңгімесінде ол кімнің “жаны тыныш және сабырлы болса, күйзеліссіз, түңілу күйі жоқ болса, сол бақытты деп көрсетеді. Бұл пікірді ол өздерінің хаттарында да қайталайды. Философтардың бақыт пен байлық неден тұрады деген сауалына “қанағат”-деп жауап береді.

Аристотельдің пікірінше, “әділетті адам әділетті істер жасағанда ал қанағатты адам - қанағаттану жағдайына түскенде болады. Ал кез-келген бос әрекет жақсы адам болуға әкелмейді” [9,236.].

Ыбырай қанағатшылдықты адамгершілік бақыт ретінде қарайды. Оның пікірінше, бай адамда барлық қажетті құндылықтар бар, онда өзінің байлығына деген қанағат жоқ. Сондықтан, ол әлі де баюға тырысады-деп көрсетеді. Сондай-ақ, Ыбырай бақыт мәселесіне де еңбектерінде көп тоқталған және өзіне дейінгі ғұламалардың пікірлерімен санасып отырған. Б.э.д. I ғасырда рим жазушысы Марк Тераций Варон 288 түрлі анықталған бақытты көрсетті. Ежелгі грек философы Демокрит “аз дүниені жанның жақсы жақтарына қолданған адам бақытты, ал көп дүниені жанға жапсыра алмаған адам бақытсыз”-дейді [9,516.].

Ыбырайдың адамға деген қарым-қатынасы, оның тағдырына деген қатынасы оның өлең жолдарынан да көруге болады. Онда тәлімдік кеңес берушілік түрде, адамзаттың өмірлік мәнін, мазмұнын тереңнен ашады. Ол жастарға өнегелі мәдениет тағлымдарын беру аса маңызды іс деп білетін. Ыбырай жастарды адамгершілікке, адал еңбекке, отан сүюге тәрбиелеп, “барлық күш жігерімді олардың мінез-құлқына да ықпал етуге жұмсаймын, кейін паракор біреу болып шықпауы үшін”- деп жазады [10,986.].

Оның адамшылық туралы айтқандары өз халқына және балаларға деген шын сүйіспеншіліктен туған. Бұл жөнінде ол орыстың революцияшыл демократтары мен орыс ағартушы классиктерінің негізгі идеяларын терең меңгерген. В.Г.Белинский былай деп

жазады: “Балаларды алғашқыда чиновник, ақын, қолөнерші болуға емес, адам болуға тәрбелеу керекті, содан кейін ғана басқаларға тәрбиелеу тиіспіз” [10,158б.]. Адамшылыққа, мәдениетке баулу идеясы, сол заманда ғылым мен білімнің ерекше рөлін тану - исламның орта ғасырлық артта қалған идеологиясына қарсы күресте, феодалдық-патриархалдық құрылысқа қарсы күресте орасан зор рөл атқарды.

Алтынсарин адамның жақсы іс-әрекеттері халыққа пайда әкеледі деп есептеді. Халыққа пайдалы болу үшін, адам өз білімін, ойын, танымын кеңейтіп, отанына қызмет етуге талпынуы қажет деді. Ы. Алтынсарин жомарттықты адамның адамгершілік құндылықтарының бір сапасы ретінде қарастырады. Ал Аристотель “жомарттық барлық жағдайдан биік тұрады”- деген. Оның ойынша жақсы мен жаман болу көбінесе, адамның өзіне, оның қадамдарының дұрыстығына байланысты. Адам өзін тым ақылды, тым бақытты санамауы керекті, себебі тәккаппарлық сәтсіздікке әкеп соғады. Жақсы адам өркөкірек емес, “басын көкке көтермейді” әйтпегенде, “көптеген өркөкіректер, сол үшін өлімге де қиылады”, ол сыпайылық адамды көрікті етіп және оның білімділігі мен мәдениеттілігін көрсетеді деген [10,161б.].

Ы.Алтынсарин қоршаған ортаның адам нанымдарына тікелей әсер етіп, оның мінезінің қалыптасуына ықпал етеді деген ой қорытады. “Табиғат және жағдайлар”- дейді ол-мені жан-жағыма күдікпен қарайтындай етіп жасады...жартылай мен өмір сүріп жатқан ортада менің ойым топастала бастады”. “Тәртіпсіз қалада жаман қылықты, адамдар тұрады. Сіздер одан сақтаңыздар. Аз болса да айналаңызда жақсы адамдар кездеседі, соларды сыйлап, олардан үлгі алуымыз керек” [11,59б.]. Оның ойынша, адамгершіліктің өзгеруі, қоғамдық өмірдің өзгеруіне байланысты. Адам санасының жаңғыруындағы ерекше рөлді Ы.Алтынсарин білім мен тәрбиеге береді.

Ыбырайдың бұл ойы Я.А.

Коменскийдің білімді адамгершілік негізі деп есептеген пікірімен сәйкес келеді. Ол былай деген: “Білім адамгершілікпен тазалыққа жетелемесе, сәтсіз болғаны. Кімде-кім ғылымда алда болса және ол адамгершіліктен артта болса, онда ол алда емес, артта қалғаны...” [11,201б.].

Қазақ даласындағы жаңа ұрпақ Ы. Алтынсаринның ойынша, орыс-қазақ мектебінің таралуы және жаңа тәрбие алу жолымен қалыптасуы керек. “Егер адамда бала кезінен адамгершілік болмаса, онда оны ер жеткенде түзеу мүмкін емес. Ал, егер, адамға бала күннен жақсы адамгершілікті дарыта бастасаң, онда ол үнемі қиындықты жеңіп, жақсы адам болып қала береді” дейді.

Ы. Алтынсарин адамның қылығын “жақсы қылықтар пайдалы және құрметті, тек өлерде ғана емес, күнделікті өмірде де пайдалы, жақсы адамдар бірін-бірі сыйлайды және сүйеді” [11,225б.]. Адамдар зұлымдық жасамауы керек. Жамандық жылан, бүйіге ұқсас, кез келген сәтте адамға зиян келтіреді, кім зұлымдық жасаса, ақыр соңында “не ексең, соны аласың”. Әрине, тікенек егіп, бидай алмайды ғой.

Қазақтың атақты данасы А. Құнанбаевта осындай идеяны жақтаған. Адамгершілік жайлы оқытуды өзінің “Қара сөздерінде” кең айтып өткен. Абай айтуынша, «адам өз қылықтарына жауапкершілікпен қарау керекті, себебі, жақсы-жаман болу оның өзіне ғана байланысты. Адам өмірге ақылдан тумайды, ол адамдарды тыңдау арқылы істерін көріп, еңбек ету арқылы соған жетеді дейді»[12,57б.].Адам біртіндеп жақсы мен жаманды айыра бастайды, ал егер көп қиыншылыққа тап болса, соғұрлым көп білетін болады. Шаруасыздық пен құдай ерігі адамды ақылды етпейді. Оны жақсы адал істері соған жетелейді.

Ыбырай «адам мінезін түзеп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасқа қарсы адамның жақсы, я жаман болуы тағлым-тәрбиеге, өскен ортасына, игі істеріне

байланысты деген ұстанымды қуаттайды. Оның еңбектерінде қазақ халық ауызекі шығармашылығы да жинақталған, онда адамның жетістіктері мен адамгершілігі, жақсылық пен зұлымдылық, еңбексүйгіштік жөнінде ұғымдар берілген.

“Атымтай Жомарт” деген әңгімесінде, ол бай бола тұрып, еңбекті жоғары бағалайды, еңбек етуді сүйеді. Ол үстіне ескі киім киіп, шөп тасып, жұмыс жасайды. Бұл әңгімесінде адал еңбекпен мал табуды мақсат еткен Атымтай Жомартты суреттеу арқылы, мәдени-ағартушы біріншіден, адамгершілік қасиеттерді жастардың бойына қалыптастыруды ойластырып отырған болса, екіншіден. “Жақсыда жаттық жоқ”, “жақсы туса елдің ырысы”-деп, жастарға үлгі тұтар өнегелі адамдар әр жұртта да бар деген. Өзге жұрттың өнеге тұтар ұлы адамдарын бауыр ету адамгершілік қасиеттің бірі. Ондай қасиеттерді жастардың бойына дарыту біздің парызымыз, борышымыз екендігін айтқан.

Тұлға дамуындағы жетістікке жетуді қамтамасыз ету үшін, Ыбырай оның бойына қажетті: жомарттық, адалдық, кішіпейілдік, әділдік пен шыншылдық т.б. қасиеттерді дендеп енгізу керек деген ойды өз шығармаларында түйіндетеді.

Тұлға жомарттылығының негізінде үш нәрсе бар: бірі-өз айтқан сөзінді өзің орындау; екіншісі-әділдікке нұсқан келтірмеу, үшіншісі-қайырымдылықты есінде ұстау, ұмытпау. Біліп қой дейді: жомарттық-бірнеше өнері бар адамға лайық. Бұл өнерлердің бірі-қорықпайтын мәрт, сабырлы, шыдамды, уәдеге опалы, таза жүректі, дұрыс сөзді болу. Және бұл өз пайдасын көздеп, тұлғаны азаптамау, оларды қолдап, қуаттау, әлсіздерді жебеп-желеп жүру, жақсыларды жамандардың жамандығынан қорғау, дұрыс сөз сөйлеу, һәм әділ болу, жақсыға жамандық қылмау, һәм зиян келтірмеу, яғни адамдарға зиян, һәм залал келтірмеу. Бұларға зер салып қарасаң: мұның бәрі үш қасиетпен байланысты. Егер мәрттік-жомарттық жолында жүрмек болсаң, әр уақытта үш нәрседен сақтанғайсың: көзі-жаман

назардан, қолды-жаман істен, тілді-жаман сөзден. Үш нәрсені дос пен дұшпанға ашық ұстағын: үйдің есігін, дастархан басын, һәм кісеңнің (қалтанның) бауын. Ешқандай жалған сөйлеме, ез ғана жалған сөйлейді. Егер әрбір адам сенің мәрттігіңе, жомарттығыңа сенсе, егер ол әзіз, құрметті адам болса да, сенен жеңілгені, һәм барша халықтың алдында сенің мәрттік-жомарттығына сенетін болғаны. Шамаң жеткенше, әрекет қылып, мәрттік-жомарттыққа ие бол... дейді [12,89б.].

“Мейірімді бала”, “Шеше мен бала” деген әңгімесінде ойлы да ұтқыр сөздерді қолдану жолымен мейірімділік пен қайырымдылықтың не екенін әсерлі етіп суреттейді.

Ыбырай әңгімелерінде *мейірімділік, кішіпейілділік, ізеттілік, инабаттылық, жүрек тазалығы, ақ ниеттілік* сияқты ізгі адамгершілік қасиеттер үнемі айтылып отырады. Бала тәрбиелеу-балаға өмір жолын танытып, білім беру, сана-сезіміне қозғау салып, әр жақты тәрбиелеу болып табылады.

Адамның адамгершілік қасиеттері өмірге көзқарасынан, дұрыс не нашар мінез-құлқынан көрініс беріп отырады, ал дұрыс мінез-құлықты, өмірге көзқарасты қалыптастыру адамның өскен ортасына, тәрбиеге тікелей байланысты. Адамгершілік-рухани тағлымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім беруде, оны негізге алғаны жөн. Сонда ғана, өзінің міндетін айқын сезінетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Ол үшін әуелі ұрпағымыздың бойында *ұлттық тағлымды, адамгершілік әдепті, имандылық қасиеттерді* жетілдірсек, сонда ғана, халқының салтын жақсы білетін, елі үшін еңбек ететін азамат болып қалыптасады. Сондықтан да, болашақ ұрпақты адамгершілікке баули отырып, олардың бойында осы қасиеттерді сіңіре білсек, отанымыздың гүлденуіне өз үлесін қосатын азамат болып өсері сөзсіз. Адамгершілік құндылықтар үлкенмен кіші арасындағы шынайы қарым - қатынас

жастардың бойына дариды.

Бүгінгі біздің мақсатымыз-өзіндік адамгершілік-мәдени құндылықтарды тұлға бойында дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір адамды жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін, оның бойына бар құндылықтарды дарыту болса, бұған атамыз Ыбырай еңбектерінің мәні мен маңызы және әсері мол екендігі даусыз. Қазақ еліндегі қараңғылықтың торын бұзып, ел көзін ашу, тағылық зардабын

тартқан халықтың аянышты тағдырына аз да болса, «көмек ету азаматтық борышым» деп біліп, ағарту ісін өзінің адамгершілік мұраты санаған Ыбырай, сол жолға басын тігіп, қандай қиындыққа да көнді.Сөйтіп, ол ағарту ісінің үгітшісі ғана болып қойған жоқ, соның қажырлы күрескері де болып саналды.Бір адамның қолынан келмейтін осынша ауыр істі өз мойнына алып, ерлік еңбек етіп, қазақ баласының тұлғасын жетілдіру ісіне өз еңбегі арқылы үлкен үлесін қосты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Философиялық сөздік / Ред.кол: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. - 142 - 143 бб.
2. Назарбаев Н. Тарих тоғысында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 25 б.
3. Алтынсарин И. Этнография // Собр. соч.: В 3 т. - Алма-Ата, Наука. - 1975. - Т.2. - С. 21 - 146
4. Алтынсарин И. Рассказы, басни, сказки // Собр. соч.: В 3 т. - Алматы, 1978. - Т. 1. - С. 127.
5. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам / Дайындаған А. Сейдімбеков. - Алматы: Қазақстан, 1991. - 50 б.
6. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедagogикасы: Оқу құралы. - Алматы: Санат, 2001. - 320 б.
7. Бабалар сөзі(хикаялық дастандар) 100 т.,Астана:Фолиант.2005ж.
8. Қалиев С. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан»1991,200 бет
9. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары Алматы,1990.
10. Алтынсарин Ы. Әңгімелер Қазақ прозасы.Хрестоматия.Үш томдық/құраст.жане алғы сөзін жазған Х.Сүйіншәлі.-Алматы,2001.-Т.2.-98-157 б.
11. Жармұхамедов М. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы. Жазушы,1991-384 бет.
12. Мен - Адаммын: Жеке тұлғаның рухани - адамгершілігін дамытуға арналған құрал / Құраст. Б.К. Игенбаева. - Алматы: Дәуір, 2000. - 128 б.

ВЛИЯНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИИ ЫБЫРАЯ НА ФОРМИРОВАНИЕ ДОСТИЖЕНИЯ ЛИЧНОСТИ

Бижанова Галия Коянбаевна

Кафедра педагогика и психология

Старший преподаватель, магистр педагогических наук, доцент АрқМПИ

Аннотация: Изложено о значении произведения Алтынсарина. Даны сведения о важности проблемы личности. Проведен анализ произведения Ы.Алтынсарина. Сказано о влиянии произведения Ыбырая на воспитание качеств, присущие молодежи.

Ключевые слова: образование, личность, компетентность, воспитание, человечность, достижение, труд

INFLUENCE OF YBYRAI'S WORKS TO FORMATION OF ACHIEVEMENTS OF PERSONALITY

Galiya Bizhanova

Department of Pedagogy and Psychology

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor of ArkSPI

Abstract: Set out about value of Altynsarin's works. Given information about importance of problem of personality. Held analysis of Y.Altynsarin's works. Said about impact of Ybyrai's works to education youth qualities.

Keywords: education, personality, competence, education, humanity, achievement, labor

УДК 378

СТАНОВЛЕНИЕ ГОТОВНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ К РАЗВИТИЮ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНО-ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

Бондарева Татьяна Олеговна

Кафедра педагогики и психологии

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

b_tatiana@mail.ru

Аннотация: В статье актуализируются проблемы подготовки будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника. Предлагается авторское понимание понятия интеллектуального потенциала, творческого потенциала, интеллектуально-творческого потенциала. Рассматривается проблема готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника. Предлагается модель готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника. Количественные и качественные стороны готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника отражаются в сочетании критериев и показателей.

Ключевые слова: интеллектуальный потенциал, творческий потенциал, интеллектуально-творческий потенциал, модель, готовность, модель готовности к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника

В условиях глобальных изменений в образовании, разворачивающихся в нем инноваций, критерием эффективности образовательного процесса становится готовность педагогов к переменам, направленным на создание среды для интеллектуального и творческого развития детей, формирования их гуманных ценностей. Наблюдаемая тенденция роста интереса к личностному развитию (социальному, нравственному, интеллектуальному, творческому, коммуникативному), актуализирует потребность в развитии активной, целеустремленной, интеллектуально-творческой, умеющей решать возникающие проблемы личности. Этот процесс связан с современным вектором развития нашей страны, происходящей в мировом культурно-образовательном и экономическом сообществе.

Встает вопрос о необходимости серьезной перестройки и переосмыслении сущности профессиональной подготовки

учителя, с учетом особенностей гуманистической парадигмы образования, которая актуализирует построение педагогических систем, создающих необходимые предпосылки для раскрытия и развития интеллектуально-творческого потенциала каждого ребенка. Это объективно требует наполнения содержания педагогического образования интеллектуально-творческой индивидуальности ребенка и технологиями его развития.

Возникает необходимость в создании психолого-педагогических условий, при которых наиболее полно раскрывался и развивался интеллектуально-творческий потенциал младшего школьника, в овладении современными методами, способами и технологиями развития интеллектуально-творческий потенциал младшего школьника.

В настоящее время в педагогической теории и практике накоплены значительные знания и созданы

методологические предпосылки, в которых вопросы профессионального становления будущего учителя изучены достаточно глубоко (О.А. Абдуллина[1], Н.Д. Хмель[2], В.А. Слостенин[3] и др.). Особо следует выделить исследования, в которых педагогическая деятельность трактуется как личностная категория, созидательный и творческий процесс (В.И. Загвязинский[4], Н.Ильясов[5] и др.).

В психолого-педагогической литературе представлен ряд исследований различных направлений по проблеме интеллектуального и творческого потенциала. Изучение научных источников показало, что интеллектуальный потенциал [6] большинство исследователей (А.Бине, В.Штерн, Ч.Спирмен, Дж.Гилфорд, Ф.Гальтон, Л.Терстоун, Х.Гарднера, Г.Айзенка, Б.Г. Ананьев), понимают как многоуровневую систему познавательных возможностей и сил человека.

Многие крупнейшие педагоги Н.С. Лейтес, В.Д. Шадриков и др. понимают другой, интересующий нас феномен: творческий потенциал - как интегративное свойство человека [7]. Сущность его состоит в определении природы творчества, одаренности как всеобщей предпосылки развития творческого потенциала человека. Г. Айзенк, Д. Векслер, К. Гуревич, Дж. Равен и др., творческие способности представляют как максимальное выражение способностей. Д.Векслер, Р.Уайсберг, Г.Айзенк, Л.Термен, Р.Стирнберг же в своих трудах рассматривали взаимосвязь уровней развития интеллекта и творческих способностей.

Анализ общепсихологических и психолого-педагогических исследований относительно понятия «интеллектуальный потенциал», позволяет рассматривать его как потенциальную способность использования системы индивидуально-психологических (прежде всего умственных ресурсов), а также личностных ресурсов (его знаний, умений, убеждений, направленности и т.д.), которая

обеспечивает актуализацию «врождённых» и «приобретённых» возможностей личности в конкретном виде деятельности, побуждающих к самореализации и саморазвитию.

Проведенный теоретический анализ позволил в контексте нашего исследования рассматривать «Творческий потенциал» как динамическое интегративное личностное свойство (в совокупности личностных способностей, знаний, умений, навыков, убеждений, отношений, направленности), побуждающих личность к самоопределению, самоуправлению и творческой самореализации.

Для нас представляется важным уточнить сущность интеллектуально-творческого потенциала, анализ психолого-педагогической литературы, посвященной исследованиям сложности и многоаспектности понятия «интеллектуально-творческий потенциал», позволяет нам предложить следующую формулировку данного понятия: интеллектуально-творческий потенциал - как интегративную способность человека, использование индивидуально-личностных ресурсов, актуализация собственных мыслительных способностей, жизненного опыта, знаний, умений, навыков, направленности, побуждающих личность к саморазвитию и творческой самореализации.

Изучение психолого-педагогической литературы, раскрывающей проблемы начальной ступени образования, позволяет выделить ряд возрастных особенностей, имеющих важное значение для активизации и развития интеллектуально-творческого потенциала младших школьников. В период младшего школьного возраста[8], психофизическими особенностями младших школьников является, интенсивное развитие интеллектуального потенциала, доминирование образного мышления, открытость эмоциональных реакций, эстетическая восприимчивость - наиболее благоприятны для развития

интеллектуального и творческого потенциала.

Исследованием установлено, что важными педагогическими условиями, обеспечивающими успешность развития интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника, являются: благоприятно развивающая среда; целенаправленное руководство, стимулирующее интеллектуально-творческие проявления детей; сотрудничество и сотворчество педагогов с воспитанниками, что подтверждает необходимость специальной подготовки будущих учителей для начальной школы.

Процесс подготовки будущего учителя начальных классов к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника должен рассматриваться, с одной стороны, как составная часть профессионально-педагогической подготовки студентов, а с другой - как становление - самостоятельный процесс «вызревания», саморазвития, «выращивания» в себе творческого, самоценного и ответственного человека, обладающего стратегией продуктивного развития подрастающего поколения.

Проблема становления готовности студентов к профессиональной деятельности является многоаспектной, охватывающей широкий круг вопросов (личностного и конкретнопредметного характера), среди которых особо значимым является вопрос формирования педагогической направленности будущего учителя начальных классов, что служит важным фактором продуктивного развития учеников. Педагогическая направленность будущего учителя в условиях развития интеллектуально-творческого потенциала, преследует цель содействия целостному развитию личности ребенка, вырабатывать у ученика мотивацию творчества, познания окружающего мира, людей, самого себя, что соответствует главным принципам гуманистической педагогики: признание уникальности и самоценности человека, его права на самореализацию,

ориентированность на интересы ребенка, способность видеть в нем самоактуализирующуюся личность.

В работах ученых, посвященных проблеме готовности [9], существует большое разнообразие в определении сущности этого понятия, среди которых выделяются три основных подхода: функциональный, личностный и функционально-личностный. С позиции функционально-личностного подхода, рассматривающего профессиональную готовность как взаимосвязь психической предрасположенности и подготовленности, включающей необходимый объем приобретенных специальных знаний, умений, навыков. Мы предлагаем следующее определение данного понятия: готовность студентов к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника есть интегративное качество личности, характеризующееся направленностью на педагогическую и интеллектуально-творческую деятельность и представляющее собой сложное личностное образование, длительно и специально формируемое в результате целенаправленного профессионального обучения и творческого саморазвития, проявляющегося на субъективном уровне целостной системы, включающей в себя мотивационный, содержательный, процессуальный и рефлексивный компоненты, обеспечивающие эффективность развития интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника и спроектировать ее теоретическую модель.

Под моделью мы понимаем специально спроектированный объект, обладающий необходимой степенью подобия исходному объекту и адекватным целям исследования [4]. Созданная модель позволяет не только увидеть процесс становления готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника в его целостности, но и оценить эффекты продуктивной педагогической

деятельности, отражающиеся предположительно в новообразованиях личности детей.

В соответствии с содержанием понятий профессиональной готовности была построена модель готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника, включающая в себя мотивационный, содержательный, процессуальный и рефлексивный компоненты [10].

Мотивационный компонент предполагает наличие профессиональных мотивов, осознание сущности проектной деятельности, побуждение старшеклассников к деятельности, связанное с удовлетворением потребностей субъекта.

Содержательный компонент – наличие умения планировать и организовывать собственную профессиональную деятельность, взаимодействие педагогов и воспитуемых, их сотрудничество, организация и управление процессом, без которых не может быть достигнут конечный результат. Этот компонент в литературе

называется еще организационным, или организационно-управленческим.

Процессуальный – предполагает использование таких критериев, как инициативность, организованность, самодисциплина, самоконтроль, самостоятельность, активность, продуктивность.

Рефлексивный компонент является выражением способности студента к самонаблюдению и самооценки своей деятельности, наличии корректирующей деятельности в процессе овладения умениями и навыками разработки проектов в старшей школе.

Рефлексия выступает, как способность будущих педагогов прогнозировать и адекватно оценивать реальные результаты своих действий, обучающего, диагностического и воспитательного характера.

Построение теоретической модели [10] позволит в самом общем виде вычленить определенные компоненты и, приведя их в функциональное взаимодействие, обеспечить оптимальный вариант достижения цели (таблица 1).

Таблица 1

Модель готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника

Компоненты готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника	Критерии	Показатели
Мотивационный	Наличие положительного отношения к будущей профессии, ценностное отношение к развитию интеллектуально-творческого	- Положительная мотивация к профессии учителя; - Интерес к выбранной профессии, желание работать с детьми; - Осознание личной значимости в развитии интеллектуально-творческого потенциала; - Потребность в развитии интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника;

Компоненты готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника	Критерии	Показатели
	потенциала младшего школьника	- Стремление к творчеству профессии.
Содержательный	Овладение теоретическими основами развития творческой деятельности младшего школьника в целостном педагогическом процессе	<ul style="list-style-type: none"> - Знание и понимание сущности, законов и закономерностей целостного, педагогического процесса, противоречий как движущих его развития. - Знание сущности интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника. - Знание особенностей развития познавательных процессов младших школьников.
Процессуальный	Владение основными педагогическими умениями, развития интеллектуально-творческого потенциала младших школьников	<ul style="list-style-type: none"> - Умение проводить диагностику и коррекцию уровней познавательных процессов младших школьников. - Умение организовать интеллектуально-творческую деятельность в учебное и внеучебное время; - Умение отбирать и творчески перерабатывать содержание учебного материала, творчески решать педагогические ситуации.
Рефлексивный	Положительная динамика роста уровня сформированности интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника	<ul style="list-style-type: none"> - Умение видеть и ставить цель, побуждающую к ее решению нестандартными способами; - Умение самостоятельно решать интеллектуально-творческие задачи, обнаруживая при этом и доказывая собственные гипотезы и приходя к некоторому оригинальному, новому результату (решению); - Умение находить решения в опоре на интуитивные механизмы мышления (ассоциативность, аналоговость, вероятность) и аргументировано обосновывать и отстаивать свою идею.

Разработанная модель готовности будущего учителя к развитию

интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника позволяет подобрать

диагностический инструментарий, для демонстрации состояния идеального будущего учителя, способного развить интеллектуально-творческий потенциал младшего школьника.

В заключение отметим, что развитие интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника становится

неотъемлемой частью содержания современного образования начальной школы. Это обстоятельство требует соответствующей подготовки будущего учителя готового к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника.

Список использованных источников

1. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений М.: Просвещение, 1990. – с. 40 - 141
2. Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект деятельности учителя. - Алматы, 1988. - 114с.
3. Слостенин, В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки [Текст] / В.А. Слостенин. - М.: Просвещение, 1987. - 159 с.
4. Загвязинский В.И.. Педагогическое творчество учителя. -М.: Педагогика.- 1987. с.157
5. Ильясов Н. Научно-педагогические основы совершенствования подготовки будущего учителя к творческой деятельности. - Алматы, 1986.
6. Дружинин В.Н. Психология общих способностей/ В.Н.Дружинин. 2-е изд. СПб: Питер, 2002
7. Холодная М.А. Психология интеллекта. Парадоксы исследования. 2-е изд.СПб: Питер, 2002
8. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М.: Просвещение, 1969. С. 113-118.
9. Кандыбович Л. А.; Дьяченко М. И. Психологическая готовность. М.: Наука, 1986. С. 49-52.
10. Т.О.Bondareva, N.N.Khan, E.N.Pristupa, A.A.Moldazhanova. Model of readiness of future teacher to development of intellectual and creative potential of the younger school student. International Electronic Journal of Mathematics Education, 2016, V 11.- Iss.7.-P.2137-2150

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ

Бондарева Татьяна Олеговна

Педагогика және психология кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Мақалада болашақ мұғалімді даярлаудың зияткерлік-творчестволық әлеуетін дамытудағы проблемалар актуализируются кіші оқушы. Авторлық ұсынылады, шығармашылық әлеуетін түсіну ұғымдар, интеллектуалдық әлеуетін интеллектуально шығармашылық етеді. Болашақ мұғалімді зияткерлік-творчестволық әлеуетін дамытуға әзірлігін кіші оқушы мәселе қаралады. Болашақ мұғалімді кіші оқушы зияткерлік-творчестволық әлеуетін дамытуға әзірлігін моделі ұсынылады. Сандық және сапалық тараптар болашақ мұғалімді зияткерлік-творчестволық әлеуетін дамытуға әзірлігін қоса кіші оқушы өлшемдер мен көрсеткіштер көрсетіледі.

Түйін сөздер: зияткерлік әлеуетін, шығармашылық, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетті, моделі, дайын, дайындық моделі сынып оқушыларының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамытуға.

FORMATION OF READINESS OF THE FUTURE TEACHERS TO DEVELOPMENT OF INTELLECTUAL AND CREATIVE POTENTIAL OF YOUNGER SCHOOLBOYS

Tatyana Bondareva

Department of Pedagogy and Psychology

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: In article problems of training of future teacher for development of intellectual and creative potential of the younger school student are staticized. The author's understanding of a concept of intellectual potential, creative potential, intelletualno-creative potential is offered. The problem of readiness of future teacher for development of intellectual and creative potential of the younger

school student is considered. The model of readiness of future teacher for development of intellectual and creative potential of the younger school student is offered. The quantitative and qualitative parties of readiness of future teacher for development of intellectual and creative potential of the younger school student are reflected in a combination of criteria and indicators.

Keywords: *intellectual capacity, creativity, intellectual and creative potential, model, willingness, readiness model to the development of intellectual and creative potential of the younger schoolboy.*

ӘОЖ: 37

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАР

Бошыбаев Тургынбек Балгабаевич

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі

***Аңдатпа:** Қоғамның даму мәселелері білім беру мәселелерімен тығыз байланысты. Тұлға болып қалыптасуына институт маңызды рөлге ие. Институттың маңызды міндеттерінің бірі - қазіргі заманғы құқықтық мемлекет құндылықтармен ешқашандай сәйкес келмейтін, сыбайлас жемқорлық құбылысына, болашақ жастарды тәзбеушілікке тәрбиелеу болып табылады.*

***Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықпен күрес, пара-қорлық, мемлекеттік қызмет, саяси партия, мериторкратия қағидасы, халықаралық тәжірбие, сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы.*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезден бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті етіп қойып, үздіксіз күрес әдіс-тәсілдерін жетілдіріп келеді. Әлемдік саяси кеңістікте дербес мемлекет ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте іс-қимыл жүйесін жасауда, заңнамалық база әзірлеуде елімізде қыруар жұмыстар атқарылды. Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күреске арналған бірқатар нормативтік актілер қабылданды. 1992 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы шықты, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің ұйымдастырушылық және өзге де алғышарттарын қалыптастырды.

Сыбайлас қылмысқа ықпал ету шаралары айқындалды, оның ішінде тәртіптік, мүліктік және әкімшілік сипаттағы қылмыстың алдын алу шаралары бекітілді. Жарлыққа сәйкес еліміздегі қылмыстың ұйымдасқан сипатқа ие болмау тәсілдерін күшейту көзделген болатын. Осы Жарлықтан кейін мынадай қаулылар қабылданды: 1992 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік басқару

органдарындағы лауазымды тұлғалардың тәртіп, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік ахуалы үшін жауаптылығын арттыру туралы» қаулы, 1994 жылғы 11 ақпандағы «Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы» қаулы, сондай-ақ 1994 жылғы 9 маусымдағы «Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар туралы» қаулы және тағы басқалары [1,10б.]. Осы заң актілерінің барлығында жемқорлық пен паракорлық қоғамның, мемлекеттің мүдделеріне қайшы келетіндігінен, мемлекеттің ата заңының негізгі қағидаттарына қайшы келетіндігі туралы ерекше түрде аталып өтіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 қарашадағы «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы» Жарлығы ұлттық қауіпсіздік органдарына, дәстүрлі міндеттерін шешуімен қатар, сыбайлас жемқорлық жолына түскен жоғары қызметтегі шенеуніктерге, әскери қызметкерлерге, прокурорларға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, арнаулы қызмет пен судьяларға, сондай-ақ контрабанда және есірткі бизнесіне қарсы күреске барлық күштерін жұмылдыруды міндеттеді [2,14б.].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексі сыбайлас жемқорлық қылмыстардың құрамын ашып берді [3].

1998 жылы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды қабылдады, онда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық саясаттары белгіленді [4,2б.]. Аталған заңның негізіне БҰҰ және ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясының аясындағы халықаралық ұйымдар әзірлеген модельді актілер алынған [5,3б.]. Содан бері заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заман талабына сай күресудің жаңа жолдары қарастырылды. Осы заңда алғаш рет сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылыққа заңдық ұғым ретінде анықтама беріледі, олардың субъектілері айқындалады. Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағыттары тұжырымдалған, олардың ең бастысы Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген лауазымды адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол бермеушілік болып танылады [6,15б.].

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық үшін тәртіптік, азаматтық - құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген. Сыбайлас жемқорлық мәселесі заңмен қоса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодекстің 13 тарауының 41бабында, сондай-ақ 176 бабының 3 тармағында: жеке меншікке қарсы қылмыстар; 193 бабының 3 тармағы мен 209 бабында: экономика қызмет саласындағы қылмыстар; 307-315 баптарында: мемлекеттік қызмет қызығушылығына қарсы бағытталған жемқорлық әрекеттер, 380 бапта: әскери қылмыстар жайы. Ал, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің жемқорлық мәселесі 532 - 537 баптар аралығында айтылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды орындау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 7 желтоқсандағы Жарлығымен 1999-2000 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алғашқы мемлекеттік бағдарламасы бекітілген [7]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі №1015 қаулысымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың әлеуметтік - экономикалық және қаржылық шараларын жүзеге асыру бойынша Үкімет іс-қимылының бағдарламасы бекітілген. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын [8,96б.], «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын [9], Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі стратегиясын іске асыру мақсатында 2001 жылғы 5 қаңтарда 2001-2005 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің екінші мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [10]. Аталған бағдарлама алдыңғы бағдарламаның логикалық жалғасы болып, сыбайлас жемқорлықты, әсіресе экономика саласындағы сыбайлас жемқорлықты, туғызатын жағдайларды айқындаудың және жолын кесудің тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған шараларды көздейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы жолдауында сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа қарсы күрестің нәтижелері мен мәселелерін қозғай отырып, Қазақстанның халықаралық конвенцияларға қосылғанын атап өтті. Осы жылдың 4 мамыр күні біз БҰҰ-дың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Конвенцияның мүше-мемлекеті болып кірдік. 140 мемлекет қосылған Конвенция елімізге сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа міндеттер белгілейді [11].

2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасында (үшінші бағдарлама) сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономикаға көшу, инвестициялар тарту процестерін тежейді, демократиялық

мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына жағымсыз әсер етіп, еліміздің болашақта дамуына қауіп төндіретіні айтылған [12].

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына 2006 жылғы 1 наурыздағы жолдауында мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес белгіленді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметіндегі тәртіпті нығайту бойынша шаралар туралы» Жарлығы жүзеге асырылуда. Осы Жарлықты орындау үшін әкімдердің, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалықты бұзғаны үшін жауаптылықты арттыру бойынша шаралар қолданылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агентігін (қаржы полициясы) қайта ұйымдастыру туралы» Жарлығы қабылданып, агентіктің Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастыруын жүктеді. Осы органның жұмысы экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстың себептерін анықтауға, осындай құбылысты туғызатын жағдайлардың жолын кесуге бағытталған [13].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен «Мемлекеттік қызметшілердің ар-намысы кодексі» бекітілген [14]. Бұнда әлемдік тәжірибе ескеріліп, мемлекеттік билік органдарының беделін арттыруға бағытталған мінез-құлықтың негізгі этикалық нормалары белгіленген. Елбасы жанында консультативті-кеңестік орган – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік

этикасын сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құрылып, жұмыс жүргізуде. Осы орган өзін тек талдау органы ғана емес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі бойынша нақты істер атқаратын орган ретінде де орнықтырды.

Мемлекет басшысының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға орай және әкімшілік реформаның мақсаттарынан туындайтын мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру міндеттері қойылған.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму процесін, нарықтық экономика құруды, инвестиция тарту процесін тежеп, демократиялық мемлекеттің қоғамдық және саяси институттарына теріс әсер етеді, елдің болашағына елеулі қатер төндіреді. Осы мәселені шешу үшін бірнеше арнайы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер әзірленді және қабылданды. Олар: «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі №793 Жарлығы; «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы Жарлығы; «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы; Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы.

Қылмыскердің өздері мен пиғылдарын аша отырып, оларды анықтау, қылмыстардың жолын кесу шараларын қолдануға және қылмыскерлерді қылмыс жасаған орында ұстай білуге жұмыс

істеуді Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығында бизнес ортаны жақсарту саласында «Стратегиялық жоспар-2020-ны іске асырудың алғашқы жылдары мемлекет отандық кәсіпкерлер үшін де және халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізудің құнын азайтуға бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды. Әкімшілік рәсімдердің шеңберін белгілей және оларды жүзеге асырудың ашықтығын арттыра отырып, мемлекет төрешілдік пен сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы іскерлік ахуалдың маңызды аспектілеріне ықпал етуін төмендетуге ұмтылатын болады»- деп айтылған [15].

«Қазақстан–2050» Стратегиясының мақсаттарына сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Елбасы айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс.

Жемқорлық – жай құқықбұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады» [16].

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелер үлкен өзгерістерге ұшырауда. Сыбайлас жемқорлықпен күресте нәтижеге жету үшін алдын алу мәселесін жолға қоя білу керек. Бүгінде білім беру орындарында өскелең ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырудың маңызы зор. Жоғарғы оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың мақсаты – білім беру мен тәрбие беру болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заңнамасына сараптама жүргізу арқылы ғылыми жұмыстарды жандандыру мүмкіндігі зор. Жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие беріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жолға қойудың нәтижесінде жоғары болуы сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аленчинов Ж. Исторические предпосылки формирования коррупционного правосознания в Казахстане. // Фемида. №2. 2007. – С 11.
2. Құттайқов Ш. Қазаннан қақпақ кетсе... Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы ой – толғамдар. – Астана: Елорда, 2000. – Б.14.
3. Қазақстан Респблиасының Қылмыстық Кодексі. 2003ж. 25 қыркүйек. - № 484. 41, 176, 193, 209, 307-315 баптар.
4. Мәмет С. Сыбайлас жемқорлықпен күрес науқандық шаруа емес. //Егемен Қазақстан. - №135-136. 2008. – Б. 2.
5. Қазақстан Республикасының «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас Жемқорлыққа Қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» 2008ж. 4 мамырдағы №31 – Заңы. //Егемен Қазақстан. – 2008ж. 6 мамырдағы №130-131.
6. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39 бап. 1995 ж 30 тамыз //Алматы: Жеті жарғы, Б. 15.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің «1999-2000 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алғашқы мемлекеттік бағдарламасы туралы» 1998 ж. 7желтоқсандағы №1696 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. №1696 Жарлығымен.
8. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 2001. – Б. 96.
9. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі №308 Заңы, 1 бап //Казахстанская правда. – 2007 ж. 27 шілдедегі №315.
10. Қазақстан Республикасы Президентінің «2001-2005 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік бағдарламасы туралы» 2001ж. 5 қаңтардағы №534 Жарлығы. // ПУАЖ-ы, 2001 ж.
11. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» Нью-Йорк, 2003ж. 31 қазандағы Конвенциясы.

12. Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» 2005 ж. 23 желтоқсандағы №1686 Жарлығы. //Егемен Қазақстан. – 2005 ж. 30 желтоқсандағы № 292-295.
13. Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының 2010 жылдың 30 желтоқсанындағы № 01-30.147 бұйрығымен бекітілген 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асыру туралы Жедел есебі Есеп кезеңі: 2012 жылдың қорытындысы <http://finpol.gov.kz>
14. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» 2005 ж. 3 мамыр-дағы №1567 Жарлығы. //Егемен Қазақстан. - 2005 ж. 5 мамырдағы № 94.
15. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы//ИС. ПАРАГРАФ
16. «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14 желтоқсан, 2012 жыл. akorda.kz

КОРРУПЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ И ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫЕ МЕРЫ ПО ЕЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ

Бошыбаев Тургынбек Балгабаевич

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики
Старший преподаватель, магистр юридических наук

Аннотация: Проблемы образования тесно связаны с проблемами общественного развития. Важная роль в становлении личности отводится институту. Воспитание неприятия молодым поколением коррупции как явления, абсолютно несовместимого с ценностями современного правового государства, – важнейшая задача института.

Ключевые слова: коррупция, борьба с коррупцией, взяточничество, государственная служба, политическая партия, принцип меритократии, международный опыт, стратегия борьбы с коррупцией.

CORRUPTION IN KAZAKHSTAN LEGISLATIVE AND MANAGEMENT-LAW MEASURES FOR ITS PREVENTION

Turgynbek Boshbayev

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics
Senior Lecturer, Master of Juridical Sciences

Abstract: Problems of education are closely connected with the problems of social development. An important role in formation of the personality is due to the institute. Training of younger generation that corruption is an evil in modern legislative state is an important task of the of institute.

Keywords: corruption, struggle against corruption, bribery, public service, political party, the principle of meritocracy, international experience, strategy to fight corruption.

ӘОЖ: 1751

ӘДЕБИ ТІЛДІК ЖӘНЕ СТИЛИСТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Галымжанова Зауре Тойшыбековна

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

zaure.galymzhanova@mail.ru

***Аңдатпа:** Әдеби тіл – стильдік тармақтары бар тіл. Әдеби тіл қоғамдық құбылысқа жатады. Стильдік тармақтар әдеби тіл қызметінің артуы, тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Тілдің стильдік жүйелерінің саралануы – тілдің әдебиеттік басты белгілерінің бірі. Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді.*

***Түйін сөздер:** Әдеби тіл, стилистикалық норма, тіл мәдениеті, стиль, қоғам, ауызша, жазбаша*

Тілді сол тілде сөйлеуші халық жасайды. Халық тілінің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл. Әдеби тіл көбінесе халық тілі негізінде жасалатындықтан, оны сөйлеу тілінен мүлде оқшау тұрған өзгеше тіл деп тану дұрыс емес. Сонда да оның елеулі ерекшеліктері болады. Заман өзгерген сайын жаңа сөздер мен сөз қолданыстары тууы мүмкін. Бірақ, ол сөздерді қолдануда тілдің тарихи қалыптасқан табиғаты мен дәстүрінен ауытқымауды мұқият қадағалап отырған жөн.

Адамдардың барлығының сөйлеу дағдысы, тіл пайдалану тәсілін бір өлшеммен өлшеуге, бір үлгімен пішуге болмайды. Әрбір адамның ақыл-ой, парасаты, білімі, мәдениеті, білімге қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес. Оның үстіне адамның туып-өскен ортасы, тілдік дағдысы да әр түрлі. Жұрттың бәріне міндетті дейтін тілдік тәсілдер, тілдік нормалар ғана. Ол – ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөздік қор, грамматикалық, фонетикалық заңдылықтар, ресми түрде қабылданған орфография ережелері, терминдер, оқу құралындағы ережелер, нұсқаулар.

Әдеби тілді көбіне жазба тілге теліп жатамыз. Шындығында жазба әдебиет арқылы тілдің әр түрлі байлықтары, сымбатты құрылымы қалыпқа түсіп сарапталады. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды. Біздің халқымыздың жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы зертханасы, әдеби тілді шыңдаудың алғашқы баспалдағы болғаны шындық, бірақ оның тілі шын мәнінде әдеби тіл деп саналмайды. Оның себебі – фольклор тілінде жалпыға ортақ бірізділік, әдеби тілге тән басқа қасиеттер бола бермейді, көп жерде, мысалы ертегіде, ауызекі сөйлеу тілінен оның айырмашылығы шамалы-ақ болады.

Осылайша, «әдеби тіл» деген ұғым халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты екенін аңғаруға болады. Әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып, жұртқа тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп, саралау арқылы қалыптасады. Онда да қағазға, тасқа жазылғанның барлығын, баспаға басылғанның бәрін әдеби тілдің үлгісі деуге әсте болмайды.

Қазақ әдеби тілінің сөз байлығы жалпы халықтық қасиеті бар байырғы және өзге тілден ауысқан сөздерден, ғылымның, өнер білімнің, техниканың, саясаттың, мәдениеттің тағы да басқа алуан терминдерінен құралады.

Қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері, яғни әдеби нормаға жататындары бар, әдеби тілге тән емес, одан тыс, ауызша тіліне ғана жататыны бар.

Қазіргі әдеби тіліміз – халық тілінің жоғарғы формасы болып табылады. Әдеби тіл дамыған сайын оның қоғамдық қызметі, нормалық жүйесі нығая түседі. Сөйлеу тілі де, әдеби тіл де өзара тамырлас, әрі бірінен бірі нәр алып дамиды, соңғы халық тілі негізінде жасалып, оның құнарлы қазынасынан керегін таңдап алып дамыса, сөйлеу тілі де өзінің бұрынғы дәрежесінде қалып қоймай әдеби тіл елегінен өтіп, жалпы халықтық қасиетке ие болған байлықтарын, керісінше, үнемі қабылдап отырады. Бара-бара сөйлеу тілі мен әдеби тілдің алыс-берісі күшейіп, әдеби тілдің екі түрі – жазба әдеби тіл мен сөйлеу әдеби тілі қалыптасады.

Әдеби тіл – стильдік тармақтары бар тіл. Әдеби тіл қоғамдық құбылысқа жатады. Ол қоғамның ресми мемлекет тілі болатындықтан, оның қызметі де барынша кең болады. Сол себепті түрлі-түрлі тілдік стильдер пайда болады. Мысалы, XVIII ғасырдың екінші жартысында хандар жарлығының, іс жүргізу стилі, діни әдебиет стилі, өлең-жырлар стилі болады. Бірен-саран газет шыққанмен, ол кезде публицистикалық стиль қалыптаспаған болатын.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің жұмсалы аясы кеңейді. Өміріміздің қилы-қилы салаларында жұмсалатын әдеби тіліміз түрлі-түрлі стильдік өң алып, дамып келеді. Қазір оның мынадай стильдік тармақтары бар:

1.Ресми іс қағаздар-кеңсе тілінің стилі.

2.Публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі);

3. Ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі;

4. Көркем әдебиет тілінің стилі.

Мұндай стильдік тармақтар әдеби тіл қызметінің артуы, тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Ендеше, тілдің стильдік жүйелерінің саралануы – тілдің әдебиеттік басты белгілерінің бірі. Тілдің стильдік тармақтары неғұрлым сараланған болса, әдеби тілдің соғұрлым буыны қатып, бұғанасы бекігендігі.

Әдеби тілдің қоғамдық қызметі мол. Ол сөйлеу тілі арқылы бетпе-бет тілдесіп, қарым-қатынас жасаудың негізгі құралы, әрі өнердің, мәдениеттің, ғылымның, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, кеңсенің, баспасөздің тілі болып табылады. Әдеби тілдің біркелкі, әрі жаппай, қоғамның барлық өміріне қатысты жұмсалыуы халықтық тіл қызметіндегі қолданысын білдіреді. Сондықтан, әдеби тіл деп – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тілді айтуымызға болады. Бұл жердегі жүйелі қалыпқа түсу деген тіркестің ұғымын тіл білімінде тілдің нормалануы деп түсінген дұрыс. Әдеби тіл сол тілде сөйлейтін адамдар арасындағы қатынас құралы қызметін атқарумен қатар, сол ортаның күресі мен жеңісінің құралы, мәдени өмірінің тұтқасы болып табылған. Қоғам мүшесі сондықтан да ана тілінің тағдырына немқұрайлы қарай алмаған, оны көзінің қарашығындай сақтап, халықтың мәдени дәрежесін көтеру жолында сол халықтың тілдік мәдениетін – жазу, жетілу, жақсарту талабынан бастап отырған.

Бұл туралы ғалым М.Балақаев: «Қазақ тілінің қоғамдық қызметі арта түсіп отырған қазіргі кезде оның үздіксіз даму процесін терең ұғынып, өмірлік проблемаларын жан-жақты зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Солардың қатарында теориялық, практикалық биік талаптар деңгейінен қарайтын сала – тіл мәдениеті мәселелері болмақ. Бұл қазақ тілінің енді-енді өзінің даму жолына түскен жас саласы. Тіл мәдениеті

халқымыздың жалпы мәдениетімен астарлас дамуға тиісті болғандықтан, бұл ғылым саласы алдымен тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруды, тілдің қатынас құралдық қызметін жетілдіру үшін оның күнделікті өмірлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп, жөн сілтеуді көздейді»—деп анықтайды [1; 57].

Әдеби тілдің түрлі формаларын жетілдіріп, ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, әр түрлі күрделі ойдың әр қилы нәзік айырымдарын тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті тәрбиелей түсу жұмыстарын жасау тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер қазір бір-бірінің орнына қолданылып та жүр. Зерттеуші М.Балақаев тіл мәдениеті ұғымына былайша анықтама береді: «Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оның барлық сатыларының жүйесін, заңдылықтарын оқушыларға білдіру болса, тіл мәдениеті ілімінің ондағы негізгі мақсаты – әдеби тілде барды дұрыс таңдап, талғап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, олардың тіл мәдениетінің сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ» [1; 59].

Әдеби тілдің ерекшелігі, оның сөз мәдениеті, тіл мәдениетіне қатысты мәселелерін терең зерттеп, өзінің докторлық жұмысын қарастырған ғалым Н.Уәлиев болса: «Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды»—деп, ой өрбіте келе, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш

амал-тәсілдері қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу екендігін атап көрсетеді [2; 16].

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрінің қатар дамып, қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуі үшін оны түрлі ауытқулардан арылтып отыру, қоғамның, тілдік ұжым мүшелерінің сөз мәдениетін көтеру әлеуметтік жауапкершілік болып табылатыны сөзсіз.

Халқымыздың кешегі өткен ойшылдары, ағартушы-ғалымдары, ақын-жыраулары ішінде тіл мәдениеті жайлы сөз қозғамай, тілді шұбарлаушыларға реніш білдірмей кеткені кемде-кем. Тіпті қазақ даласындағы алғашқы мерзімді баспасөздердің өзі, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» және «Айқап» журналы қысқа мерзімді өмірлерінің ішінде тіл мәдениеті, тіл тазалығы тақырыбына ондаған мақалалар жариялады. Ана тіліміздің болашағы үшін алаңдап, «тіл білімінің атасы атанған» А.Байтұрсынов: «Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламай, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», –деген болатын [1; 112]. Олай болса, тіліміздегі ала құлалықтарды жойып, тіліміздің байлығын көрсете білу – әрбір қандасымыздың борышы. Сөздің тазалығы дегеніміз-сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндіктерін пайдалана білуі. Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас жерлері кездеседі. Тіл мәдениетінің ең басты коммуникативтік салаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, әркім де тілді шұбарлауға жол бермей, оның құндылығын сақтауға зер салғаны дұрыс.

Бұл жағдайлар тіліміздің мәдениеттілігін арттыру, оны шындап жетілдіре беру талабының ерте кезден-ақ

сөз болып келе жатқан жалпыхалықтық мәселе, ұлттық мәдениет мәселесінің бөлінбейтін бір саласы екендігін аңғартады. Өз дәуірінде азаматтық көзқарасын таныта білген зерттеуші С.Қирабаевтың сөздері де көпшіліктің көңілін өзекті мәселеге аударғандай. Ол: «Қазіргі әдеби тіл мен оның нормасын, жазу емлесін үйрену, жалпы тіл мәдениетін көтеруге ұмтылу ешкімге ұятты іс емес, қайта абыройлы борыш. Бұл – Отан алдындағы, халқымыз, ұлтымыз ана тіліміз алдындағы патриоттық борышымыз. Бұған бізді ел сүю, жер сүю, ұлтымызды сүю сезімдері міндеттейді», – деген сөздерінен көп жайды байқауға болады [3; 8].

Ал Т.Қордабаев : «Сөйлеу мәдениетін сөз еткенде, бұл саладағы кемші-лікті сынға алғанда сүйеніш етер негіз, бағыт тұтар құбыламыз тілдік норма, әдеби тіліміздің сөйлеу, жазу нормасы болмақ. Сондықтан сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы үшін күрес – қалыптасқан норманы сақтау үшін күрес болмақ. Олай

болса, бұдан шығатын қорытынды – сөйлеу мәдениеті жөніндегі ілімнің негізгі міндеті – тілдік норма дегеннің сырын ашу, оның құрамына нелердің енетінін айқындау болса керек», – деген ойын алға тартады [4; 118].

Қалай болғанда да, қай уақыттың, қай қоғамның болмасын тілдік мәселеге, әдеби тіл тақырыбына қатысты өз уәждері, өзіндік ой-пікір, болжамдары бар. Дегенмен, уақыт еншісіне қарай, әдеби тілдің бір қалыпта тұрып қалмай, жаңарып, жүйеленіп қолданысқа түсіп отыратындығы айқындалды. Демек, әдеби тілдің қағидаларын бұзбай, өз дамуы мен жетілуінің барысында тіл мәдениетінің атқаратын ролі өте зор деген байламға келуге болады. Өйткені, замана көшінде адамдардың тілдік ортаны байытып, жазбаша және ауызша сөйлеу түрлерінде ежелден қалыптасқан нормаларды бұрмаламай, қайта өз деңгейіндегі қарым-қатынас құралы ретінде мәдени заңдылықтарды сақтауы оның өміршендігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007.
3. Қирабаев С. Асыл парыз. – Алматы: Ғалым, 1986.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991.

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ ЛИТЕРАТУРНЫХ ЯЗЫКОВЫХ И СТИЛИСТИЧЕСКИХ НОРМ В КУЛЬТУРЕ РЕЧИ

Ғалымжанова Зауре Тойшыбековна

Кафедра методики дошкольного и начального обучения
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Литературный язык – язык имеющий стилистические направления. Литературный язык представляет собой социальное явление. Стилистические направления развиваются в результате развития языка и увеличения применения литературного языка. Различия в системах типа языка – одна из главных особенностей литературного языка. Культура речи – это раздел филологической науки, изучающий речевую жизнь общества в определенную эпоху и устанавливающий на научной основе правила пользования языком как основным средством общения людей, орудием формирования и выражения мыслей. Культура речи в своей основе переплетается со всеми отраслями языка, отражается в общественной, научной или официальной среде, а также в разговорной речи.

Ключевые слова: литературный язык, стилистическая норма, культура речи, стиль, общество, усное, письменное

REPRESENTATION OF LITERARY LANGUAGE AND STYLISTIC NORMS IN THE STANDARD OF SPEECH

Zaure Galymzhanova

Department of Methods of Primary and Preschool Education
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The literary language is the language which has stylistic directions. Literary language is a social phenomenon. Stylistic trends develop as a result of development of language and increased use of literary language. Differences in the systems of the language type is one of the main features of the literary language. Speech culture is a section of philological sciences, and studies speech life of a society in a certain period and establishes science-based rules of language use as the primary means of communication among people, as an instrument of formation and expression of ideas. Speech culture inherently intertwined with all branches of language, is reflected in the social, scientific or official media, as well as in speaking.

Keywords: literary language, stylistic norm, speech culture, style, society, language, written

ӘОЖ 37.00

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАДАН БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ КЕЗІНДЕ ТЕСТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Джакетова Сауле Джаксылыковна
Математика және физика кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
sauledzh@mail.ru

***Аңдатпа:** Мақалада орта мектептің оқу үрдісінде тесттік бақылау тәсілдерін пайдалану мәселесі қарастырылды. Оқушылардың оқу іс-әрекеті нәтижелерін тексерудің негізгі тесттік бақылау тәсілдерінің ерекшеліктері келтірілді. Тесттік бақылау тәсілдерінің негізгі құралы ретінде оқушылардың математикадан даярлық жолдары талданған. Математика бойынша тесттік тапсырмалардың рөлі мен атқаратын қызметі анықталып; тестті әзірлеудің әдістемесі құрастырылған.*

***Түйін сөздер:** бақылау, бағалау, есепке алу, тексеру, математика, тест, білім сапасы.*

Қазіргі білім беру саласына талдау жасасақ, қоғамның сапалы білімге деген сұранысының өсу мен оған объективті бақылаусыз қол жеткізу мүмкін еместігі арасында қарама-қайшылық туындайды. Осы туындап отырған қарама-қайшылықты шешу мақсатында жасалған зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тесттерді жіктеуді екі топқа бөлуге болатынын көрсетті. Бірінші топқа, факторларды, терминдерді, ұстанымдарды білуді, жадында қайта жаңғыртуды тексеру тапсырмаларын жатқызуға болады. Тапсырмалардың екінші тобы оқыған материалды оқушының түсінуін (қабылдауын) бағалайды. Түрлендіру, қайтадан кодтау, анықтаманы интерпретациялау, нақты жағдайды жинақтау, немесе абстракциялау, талдау т.б. арналған тапсырмалар ерекше топ құрайды[1].

Кейбір әдістемелік еңбектерде мамандар жалпы тексеру тапсырмаларын барынша аз пайдалана отырып, оқушылардың білімі, біліктілігі және дағдысы туралы барынша мол ақпарат алынатындай етіп құрады.

Бақылаудың ең маңызды мақсаты - оқушыларды өз білімдеріндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оны уақытылы жойып отыруға ынталандыру

болып табылады. Біздің байқауымызша, оқушылар жұмысының қарқындылығы бақылау өткізудің жиілігімен және тұрақтылығымен реттеледі. Оның үстіне, бақылау жиі болған сайын, оқушылар да бақылау процедурасына жақсы бейімделіп, жүрексіну деңгейі төмендейді.

Мұғалім жұмысының маңызды аспектісі оқушылардың білім, білік, дағдыны меңгеруін бақылау, оқушылардың өзін-өзі тексеру және өз жұмысын бағалау мақсатында пайдалануы болып табылады[2].

Бақылау процедурасы мен нәтижелері оқытушылардың өздерінің және білім мекемесіндегі әдістемелік және жетекші қызметкерлердің күмәнін тудырмасы үшін төмендегідей талаптарға сәйкес жүзеге асуы қажет:

Бақылау нәтижелерінің жедел алынуы.

Бақылау операциялары оқушылар тобының бәрін немесе басым бөлігін қамтуы.

Бақылау операциялары өтілген материалдардың бәрін (немесе басым бөлігін) қамтуы.

Жұмыс уақытын тиімді пайдалану, яғни, аз уақыт ішінде көп оқушының білім мен білікті меңгеруін бақылау мүмкіндігінің болуы.

Бақылау нәтижелерін анықтауға (тексеруге) уақыттың аз жұмсалды.

Бақылау нәтижелерін анықтау кезінде білікті мұғалімді ауыстыру мүмкіндігі. Айта кеткен жөн, бұл талапты ауызша жауап алу да, бақылау жұмысы да қанағаттандырмайды.

Бақылаудың объективтілігі - оның процедурасының, жұмысты бақылау мен нәтижені анықтаудың объективтілігі, бұлар оқушылардың тұрақты, әрі шын көңілден жұмыс істеуіне ынталандырудың маңызды шарты болып табылады.

Бақылаудың сенімділігі, яғни, тақырып ақпаратының салыстармалы түрдегі аз ғана бөлігін бақылай отырып, бүкіл тақырып көлемі меңгерілгенін білу мүмкіндігі.

Оқушыларға мұғалімнің даярлыққа қояр талабын түсінуге мүмкіндік жасау.

Өтілген ақпаратты қайталау (бекіту) және оқушылардың тілін, өз ойларын қисынды әрі рет-ретімен жеткізу қабілеттерін дамыту мүмкіндігі.

Барлық оқушылардың білімін белсендіру және бекіту.

Оқушылар жұмысының дербестігін қамтамасыз ету, көмектесуді, жетекші сұрақтар беруді болдырмау және т.б.[3]

Тесттердің мынадай артықшылықтарын айтуға болады.

Біріншіден, тесттер - бағалаудың неғұрлым сапалы тәсілі. Тесттердің объективтілігіне оны өткізу процедурасын, тестік тапсырмалардың сапа көрсеткіштерін тұтасымен стандарттау және тексеру жолымен қол жеткізіледі.

Екіншіден, тесттер - неғұрлым сыйымды құрал.Тест көрсеткіштері оқушыларды белгілі бір меңгерілген білім жиынтығы бар екенін білуге емес, оқу бағдарламасының тақырыптары мен бөлімдерінің негізгі ұғымдарын, білік, дағдыларды т.б. меңгеру деңгейін анықтауға бағдарлаған.

Үшіншіден, тесттер - неғұрлым ауқымды құрал. Тест жұмысын орындай отырып, әрбір оқушы бағдарламада көзделген барлық тақырыптар бойынша тапсырма орындайды.

Төртінші, тесттердің бақылау жұмыстарынан маңызды айырмашылығы оның жабдықталғандығы яғни, тест өткізушілер мен оқушылардың өзара қатынасын, оқушылардың тестілеу кезіндегі іс- әрекетін, нәтижелерді өңдеу және мәліметтерді түсіндіру процедурасын реттейтін қатаң ереженің болуы.

Бесінші, тесттердің айырмашылығы, олар баға критерийлерінің бірліктерін пайдаланып және өткізудің стандарттық шарттарын көздеп, барлық оқушыларды тең жағдайға қояды[4].

Осылайша, тесттер дәстүрлі бағалау құралдарына қарағанда оқушылардың қандай да бір саладағы жетістіктерін неғұрлым объективті, және ауқымды түрде анықтауға жол ашады деуге болады.

Тесттердің осы айтылған басымдықтарға ие болуының негізгі себебі, оларды әзірлеу, қолдану және нәтижелерді түсіндіруден тұратын стандартталған процедурасының болуында.

Тест жасау кезендері:

- 1) Тестілеу мақсаттарын анықтау;
- 2) Әзірлеушілердің ресурстық мүмкіндіктерін анықтау;
- 3) Оқу материалының мазмұнын таңдау;
- 4) Технологиялық матрица құрастыру;
- 5) Тест тапсырмаларын құрастыру;
- 6) Тапсырмаларды және тесттерді сынақтан өткізу үшін тандама құру (сұрыптау);
- 7) Сынақтан өткізу үшін тапсырмаларды тұтастыру;
- 8) Тест тапсырмаларын сынақтан өткізу;
- 9) Тест тапсырмаларының сапа көрсеткіштерін анықтау және есептеу;
- 10) Тапсырманы өңдеу және тест құрастыру;
- 11) Тестті сынақтан өткізу;
- 12) Тест сапасының көрсеткіштерін анықтау және есептеу;
- 13) Тесттің соңғы нұсқасын құрастыру;
- 14) Тестті стандарттау;

15) Тестті нормалау;

16) Тестті жабдықтау[5].

Тестілеу нәтижелері бойынша білім мен дағдының өсуі ғана емес, тұрмыстық деңгейде алынған білім, әрекет тәсілдері, материалдың белгілі бір бөлігін баланың қабылдау ерекшеліктері де анықталуы мүмкін. Осының нәтижесінде оқушының жеке даму бағдарламасының жобасын жасауға болады.

В.С.Аванесов төмендегідей анықтамаларды ұсынды.

“Педагогикалық тапсырма – оқу процесінің сапасын және тиімділігін арттыруға, белсенділігін күшейтуге мүмкіндік туғызатын оқыту және дайындық деңгейін бақылау құралы”;

“Тест – жеке тұлғаның қызықтыратын қасиеттері мен сапасын өлшеудің дәйекті ғылыми әдісі”;

“Педагогикалық тест – оқу пәні бойынша білімді, біліктілікті, дағдыларды және түсініктерді тиімді өлшеуге, оның құрылымын сапалы түрде бағалауға мүмкіндік беретін белгілі мазмұны бар, қиындықтары үнемі артып отыратын ұтымды фасетті тапсырмалар”.

Фасетті тапсырмалар – мазмұны бірдей бақылау элементтерінен тұратын, бірақ тұжырымдалуы бір бірінен аздап өзгеше болатын тапсырмалар.

“Тест тапсырмалары – белгілі бір талаптарға жауап беретін мәтіннің бір бөлігі, бақылау материалының техникалық және дидактикалық жағынан тиімді бірлігі”.

“Тест түріндегі тапсырма – бұл мазмұнынан басқа тестің түріне де мынадай талаптар қойылатын тапсырма: барлық сыналушылар үшін нұсқаулардың бірдей болуы; нұсқаулардың тапсырма мазмұны мен түріне сәйкестілігі; қысқалығы; тапсырманың – ақиқат немесе жалған, жауапқа қатысты логикалық түрде тұжырымдалып айтылуы; тапсырма элементтерінің дұрыс орналасуы, қысқалығы, фасеттілігі, жауаптың белгілі бір орнының болуы, бағаның қабылданған қалыптағы бірдейлігі”[6].

Оқушылардың тақырыптағы, бөлімдегі оқу материалдарын білуге байланысты қажетті ақпаратты бастапқы білімдерді тестілеу арқылы алып, қол жеткен деңгейді анықтаймыз және осы арқылы оқушылардың берілген тақырыпты қандай дәрежеде игергендігінің сандық көрсеткіштерін аламыз. Оқушылардың білім жетістігінің бастапқы нәтижелері мен соңғы нәтижелері салыстырылып, білім, іскерліктің қандай деңгейде екенін біліп, нәтижелерін талдап, оқушылардың жетістігіне қорытынды жасаймыз. Тестілеу қорытындысы аяқталған соң міндетті түрде қателері талданады. Нәтижесінде оқушылардың жетістіктері пен кемшіліктері анықталып, кемшіліктердің алдын алу, себептерін жою жұмыстары жүргізіледі. Негізгі назарды оқушылардың қатесінің себептерін анықтауға аудару қажет[7].

Мысалы, 10 сынып бағадарламасы бойынша функция тақырыбына құрылған тесттік тапсырмалар

1. Функцияның анықталу облысын

табыңыз: $y = \frac{1+x}{x^2+x} + x$.

A) $x \neq -1$; $x \neq 0$.

B) $x \neq 1$; $x \neq 0$.

C) $x \neq 0$.

D) $x \neq -1$.

E) $x \neq -1$; $x \neq 1$.

2. $[1; 3]$ кесіндіде $f(x) = -x^3 + 3x^2 + 5$ функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерінің қосындысы тең

A) 5

B) 9

C) 0

D) 14

E) -5

3. Функцияның анықталу облысын

тап $y = \frac{\sin 4x}{4^x - 2^x}$

A) $(-\infty; +\infty)$

B) $(0; +\infty)$

C) $(-1; 1)$

D) $x \neq 0$

E) $x \neq 4$

4. Өсу аралығын табыңыз:

$$y = 3x^2 - 2x + 1$$

A) (1; 4).

B) $\left(-1; \frac{1}{3}\right)$.

C) $\left[\frac{1}{3}; \infty\right)$.

D) (-1; 0).

E) $\left(-\infty; \frac{1}{3}\right)$.

5. Функцияның анықталу облысын табыңыз: $y = \log_3(4x^2 - x - 14)$

A) (2; ∞).

B) ($-\infty$; -2).

C) $\left[-1\frac{3}{4}; 2\right)$

D) $\left(-\infty; -1\frac{3}{4}\right) \cup (2; \infty)$

E) $\left(-1\frac{3}{4}; 2\right)$

6. $y = \frac{x^4}{4} - \frac{x^3}{3} - x^2$ функциясының

кризистік нүктелерін табыңыз.

A) -1; 2

B) 0; -1

C) 0; 1; 2

D) -2; 0; 1

E) -1; 0; 2

Тесттік тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай құрылады. Сонымен қатар әр тақырып бойынша құрылған тестте оқушы міндетті түрде білу керек заңдылықтар қарастырылады[8].

10сыныптың «Алгебра және анализ бастамалары» пәні негізіндегі, 1-2 тоқсан бойынша оқушылардың білім мен білік деңгейіне қойылатын талаптар:

– функцияның өсу және кему аралықтарын анықтай алуы;

– функцияның жұп не тақ екенін анықтай алуы;

– элементар функциялардың өткен қасиеттеріне сүйене отырып графиктерін сала алуы;

– интервалдар әдісімен рационал теңсіздіктерді шеше алуы;

– $0, \pi/6, \pi/4, \pi/3, \pi/2$ аргументтерінің мәндері үшін тригонометриялық функциялардың мәндерін жатқа айта алуы;

– тригонометриялық функциялардың ширектердегі таңбаларын анықтай алуы;

– тригонометриялық функциялардың периодтылық, жұптық, тақтық қасиеттерін аргументтің жоғарыда аталған мәндерін есептеу үшін қолдана алуы;

– тригонометриялық функциялардың қасиеттерін ескере отырып графиктерін сала алуы;

– негізгі тригонометриялық теңдеулерді пайдалана отырып қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шеше алуы. [9]

Альтернативті формадағы тапсырмалар кейбір оқулықтарда кездесетінін айта кетейік. Мысалы. Л.С. Атанасянның «Геометрия 7-9» оқулығында «Төртбұрыш квадрат бола ала ма? Егер оның диагональдары»: а) тең және өзара перпендикуляр; б) өзара перпендикуляр және қиылысу нүктесі олардың орталары; в) тең, өзара перпендикуляр және қиылысу нүктелері олардың орталықтары, болса?»

Мұндай тапсырмалар барлық оқулықтарда кездесе бермейді. Сондықтан тапсырманың мұндай формасы да оқушылар үшін жана форма болады.

Оқушылар жұпталған тапсырмалар формаларымен де таныстырылады. Олар екі бағаннан тұратын жазу түрінде беріледі, олардың біріншісінде сұрақтар, екіншісінде жауаптар беріледі. Тасырманы орындау үрдісінде әрбір сұрақты оның дұрыс жауабымен сәйкестендіру керек. Барлық сәйкестіктер ақиқат болғанда ғана тапсырма орындалды деп есептеледі[10].

Тесттік тапсырмалардың түрін дұрыс таңдауымызға байланысты тестілеу бағалауы да дәл болады. Практикада тек

бір ғана жауабы бар тесттік тапсырмаларын қолдана беру оқушылардың білім деңгейін толық анықтайды деуге болмайтындығы көп жылғы тәжірибе көрсетіп отыр.

Келтірілген тест тапсырмаларының түрлері бақылау мен бағалау сапасын арттыруға көмектеседі, әрі оқушылардың математика пәніне деген қызығушылықтарын арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // www.edu.gov.kz .
2. Әбылқасымов А.Е., Садықов Т.С. Қазіргі дидактика .Алматы, 2007
3. Абдолдинова Г.Т. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын жүзеге асыруда математиканы оқытуда тестілеуді қолданудың әдістемелік принциптері //«Қазақстан мектебі». - Алматы, 2007. - №8. – Б.12.
4. Абдолдинова Г.Т Тестік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың математикадан білім сапасын бағалаудың әдістемелік ерекшеліктері //Автореферат
5. Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. Учебная книга. 3 изд.. доп. М.: Центр тестирования, 2002г. -240 с.
6. Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. Учебное пособие. - М.: Центр тестирования. 2 изд. 2005.– 156 с.
7. К.Сарманова «Тест дайындау тәсілдері», «Қазақстан мектебі» 1999 ж .№9
8. Әбылқасымов А.Е., Шойынбеков К.Д., Жұмағұлова З.Ә. «Алгебра және анализ бастамалары» Алматы: «Мектеп», 2011ж.
9. Әбылқасымов А.Е. «Алгебра және анализ бастамалары» әдістемелік нұсқаулық Алматы: «Мектеп», 2011ж.
10. Атанасьян Л.С. «Геометрия 7-9» Просвещение 2009 ж.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ ПРИ ОЦЕНИВАНИИ КАЧЕСТВ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ ПО МАТЕМАТИКЕ

Джакетова Сауле Джаксылыковна

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассмотрены проблемы использования тестового контроля в процессе обучения средней школы. Выявлены особенности видов тестового контроля, как основа диагностики результатов учебного процесса учащихся. Анализированы применения тестового контроля при изучении математики. Разработаны методические рекомендации и выявлена роль тестовых заданий по математике.

Ключевые слова: контроль, оценивание, учет, проверка, математика, тест, качество знания.

METHODICAL FEATURES OF USE OF THE TEST TASK IN ASSESSING THE QUALITIES OF KNOWLEDGE OF PUPILS IN MATHEMATICS

Saule Jaketova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The article deals with the problem of the use of the test control of the learning process of high school. The features of types of test control, as the basis of diagnostic results of the learning process of students. To analyze the application of test control in the study of mathematics. The methodical development and to elucidate the role of test tasks in mathematics.

Keywords: control, rate tion, registration, inspection, math test, the quality of knowledge.

УДК 371.2

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ДАМУЫ

Дуйсекова Асель Аманжолқызы

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы

Аға оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі

asel_duisekova@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада білім беру жүйесінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік әлеуетін, қабілеттерін дамыту жолдары көптеген зерттеулерде ерекше зейінге алынған. Осыған орай кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік дамуын арттыру үшін бастауыш мектеп жасынан бастап олардың дербес педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесінде оқушыларды оқытудың маңызы зор.

Түйін сөздер: зият, зияткерлік, зияткерлік қабілеті, зияткерлік әлеуеті

Қазақстанда білім беру жүйесін гуманизациялау арқылы нарықтық қатынасты қалыптастыру, яғни отандық қызмет салаларын адамзат жағдайына қарай бейімдеу қазіргі күннің талабы. Оның нәтижесі – жаңа сапалы зияткерлі ұлт. Зияткерлі қоғам жолында дамып келе жатқан Қазақстанда бізге жаңаша міндеттер жүктелуде. Қазақстанға ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын зияткерлік құбылыс қажеттігі соңғы жылдарда аталып келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбев жоғары оқу орындарында (ЖОО) арналған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт «қалыптастырудың негізгі аспектілерін атап өткен болатын. «Біздің ендігі міндет-қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, зияткерлікке, Отан мен халқына деген қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту».

Алайда, «Интеллектуалды ұлт-2020» Ұлттық жобасы аясындағы кешенді бағдарламалардың жүзеге асуын, таяу болашағын айқындау мақсатында жүргізілген жұмыстар бұл бағытта зерттеулер жүргізуді талап ететіндігін көрсетті. Елімізде ұрпақтың зияткерлік дамуына бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн

тәртібіне қойып отырғанының дәлелі. «Интеллектуалдық ұлт-2020» Ұлттық жобасының басты мақсаты ұрпақтың зияткерлік дамуын арттыру болып табылады.

Сондықтан да жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндықтарға негізделген руханиятты қоғам құру әрбір өмір тіршілік саласының міндеті. Қазақстандағы зияткерлік қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды сақтау, дәріптеу дәстүрге айналғаны абзал. Ұлттың зияткерлік дамуы басты орында тұр. Бұл ретте жалпы білім беретін мекемелердің орны ерекше.

Қазіргі білім беру жүйесінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік әлеуетін, қабілеттерін дамыту жолдары көптеген зерттеулерде ерекше зейінге алынған. Осыған орай кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік дамуын арттыру үшін бастауыш мектеп жасынан бастап олардың дербес педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесінде оқушыларды оқытудың маңызы зор.

Оқу тәрбие үрдісінде оқушыларды зияткерлік дамыту мәселелесіне барлық тарихи дәуірде көптеген философтар, педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар ғылым өкілдері үлес

косты. Зерттеу барысында философтар Аристотель, Ж.Баласағұн, әбу Насыр әл-Фараби, әйгілі ақын-жазушылар А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, ағартушылар Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. еңбектерінде тұлғаның ақыл-ойын, ашылмаған мүмкіндіктерін дамыту жайлы идеялар, құнды пікірлер білдіргендері анықталды.

Біз зияткерлік дамуға толық тоқталмастан бұрын, негізгі ұғымдар зият, зияткерлікке кеңінен тоқталуды жөн көрдік. Зият табиғатын түсіндіретін көптеген зерттеулер бар. Оның негізін ерте философиялық ой-пікірлерді ұсынушылардың еңбектерінен табуға болады. Интеллект табиғатының тұлға құрылымындағы маңыздылығы туралы ой тұжырымдар белгілі ойшыл, еңбектері психологияның материалистік сипатына негіз болған Аристотель көзқарастарында да кездеседі. Аристотель интеллектіні өзіне қалай және қайтіп келіп қалғанын білмесе де, аналогия жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен, жаратылыстан біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті ретінде түсіндіреді.

Сонымен, зият:

-оқуға деген жалпы қабілеттелік:

-таным үрдістері мен қызметтерінің жүйесі;

-қоршаған ортаға және өмір сүруге бейімділігінің жетістігін қамтамасыз ететін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі:

-іс-әрекет жетістігін негіздейтін, тұлғаның әртүрлі өзекті мәселелерді танып, оларды шешуге деген жалпы қабілеттілігі.

Зияткерлікті дамыту үрдісі адамның ойлауындағы сапалы өзгерістермен, оның зияткерлік дамуының бір кезеңінен екіншісіне көшумен сипатталады. Өзімізге белгілі болғандай, қазіргі кезде зият деп аталған интеллект ұғымы көпмағыналы және ақыл-ой, пайым, түсінік, жады, ес,

зерде сияқты ұғымдар арқылы анықталады.

«Зияткерлік» ұғымы (латын тілінен «intellectus» - таным, ұғыну), ойлау қабілеті, рационалды таным деген мағына береді, көне грек ұғымындағы нус («ақыл») сөзінен туындаған. Кейін ұғыну, пайымдау, белгілі- бір нәрсеге жету қабілеттері сөзіне синоним болды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік дамуы қазіргі күні өзекті мәселе. Көптеген педагогикалық, психологиялық, әдістемелік құралдарды басшылыққа ала отырып, оқушылардың зияткерлік дамуы мектепке дейінгі білім мекемелерінде орын алады. Яғни, 5-7 жас аралығында когнитивтік, сөйлеу, перспективті-моторлы дағдылардың шынайы дамуы көрініс табады. Оқушылардың зиятының дамуын біз мынадай көрсеткіштер арқылы анықтауымызға болады. Олар:

-жасерекшелік динамикасының ақыл-ой операциясы (анализ, синтез, салыстыру, жіктеу);

-жадыны қалыптастыру деңгейі;

-балалардың оқу мазмұнын түсіну деңгейі;

Зерттеуімізді жалғастыра отырып, зияты дамыған тұлға-зияткерлік қабілеттің жоғары деңгейін меңгерген, түйінді құзиреттіліктері, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі. Яғни зияткерлік даму қазіргі кезде зияткерлік қабілет және зияткерлік әлеует ұғымдарымен қатар жүреді. Неліктен?

Өйткені кіші мектеп жасындағы оқушының зияткерлік дамуы оның ақыл-ой қабілеттерінен көрінеді. Ал оқушының қандай да мақсатқа жетуде қолданылатын мүмкіндіктері, құралдары, білім қорлары зияткерлік әлеует деп аталады. Сол себепті де біз зияткерлік қабілет, зияткерлік әлеует ұғымына тоқталуды жөн көрдік.

Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлерімен модельдерін қарастырады;

-мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

-оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады.

Жекелеп оқудың басты жетістігі баланың қабілетіне сай оқу қызметінің желісін, әдісі мен мазмұнын бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін көре отырып сұрақ туындайды, оқыту жұмысын қалай ұйымдастыру керек, әрбір оқушының бойындағы зияткерлік қабілеттерін арттыратындай. Бұл сұрақтың шешімі және жекелеп оқыту жұмысының негізгі тапсырмаларының бірі болып табылады.

Шындығында оқу процесінде әрбір оқушының жекелеп оқытуды орындау қиын, сондықтан жекелеп оқыту жалпы мектептердің тәжірибесіне өту керек. Енді бастауыш сыныптың зияткерлік қабілеттерін дамытуда оқушыларды жекелеп оқыту әдістемесін тәжірибе барысында қалай жүзеге асырғанымызға толығырақ тоқталуды жөн көрдік. Екінші сыныптың математика мен қазақ тілі пәні бойынша тәжірибе жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларының сабақ барысында мұғалімді тыңдап отырған болып көрінуі бірақ та оқушы ойы басқа жақта болуы мүмкін. Сонымен қатар біз мұғалімдер неге интеллектуалдық деңгейі жоғары оқушыға сабақты бір рет түсіндіргеннен түсініп, қабылдайды деген ой келген шығармыз. Себебі біз күнделікті сабақты бір сарынды өткізіп оқушылардың зияткерлік қабілеттерінің дамуына ықпал жасамаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін арттыру үшін не жасай аламыз? Ал оны жекелеп оқыту арқылы жүзеге асыру оңай емес.

Оқушылардың зияткерлік қабілеттерін арттыру мақсатында әртүрлі әдістерді пайдаландық. Соның бірі интербелсенді әдістер, бұл әдістің кейбір элементтері, соңғы жылдарды мектеп қабырғасында қолданысқа енуде. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі,

сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Негізінде интербелсенді әдістер жоғары оқу орындарына арналған әдіс деуге болады. Сол әдістерді бастауыш сыныптың оқулықтарындағы тапсырмаларға сәйкес келетіндерін таңдап алу керек.

Мысалы, қазақ тілінен 464-жаттығудың (162 б) тапсырмасын «Класстер» әдісі арқылы оқушылар топпен бірлесіп орындады.

1-Топ – Неше? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазу:

2-Топ – Нешінші? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазу;

3-Топ – қанша? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазу.

Тапсырма орындалып болған соң, әр топ бір оқушы шығып жазғандарын оқып, дұрыстығын басқа топтар тексереді.

Сонымен қатар әр тапсырманы орындау барысында оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін түрлі ойындар ұйымдастырдық.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан бастауыш сыныптың зияткерлік қабілеттерін дамытуда жекелеп оқыту әдістемесі өзінің тиімділігін көрсетті және оқыту процесіне енгізу арқылы күтілген нәтижеге қол жеткізуге болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті –тұлғаны әлеуметтік-белсенді интеллектуалды шығрамашылық әрекетке, өзін іс-жүзінде көрсетуін және өзін-өзі дамытуын оятатын «туа біткен» және « жүре пайда болған» мүмкіндіктерінің өзектілігін қамтамасыз ететін жеке-психологиялық» алдымен ақыл-ой» және тұлғалық ресурстарының «адамның қабілеттері, оның бүкіл өмірі бойында рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру және ары қарай дамыту үдерісі.

Зияткерлік әлеует - мемлекеттің, саланың, тұлғаның зияткерлік,

шығармашылық мүмкіндіктердің, жиынтығы.

Оқу-тәрбие үрдісінде зияткерлік әлеует келесі жайттардың:

-Зияткерлік әлеуетті тұтынушы субъектінің «білім беру ісінде оқытушы, студент),

-зияткерлік әлеуетті дамытуға ықпал ететін нысандардың (оқулық, студент, оқушы, т.б.),

-білім алушы мен оқытушы арасындағы зияткерлік әлеуетті теңестіретін құралдар, тәсілдер, механизмдердің,

-оқу-тәрбие үрдісінде зияткерлік ықпалдастықты жетілдіруге мүмкіндік жасайтын субъект пен объект арасындағы кері байланысты қылыптастыратын

қорының, қабілеттерінің

талаптар мен мүмкіндіктердің болуын талап етеді.

Зияткерлік әлеует білім мен іскерліктің, дағды мен дәйектеудің даму деңгейлері, дәрежелері және оларды адамның практикалық қызметінде жүзеге асыру қабілеттері.

Сонымен қорыта келе кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік дамуы күрделі әрі көп қырлы мәселе болып табылады. Осы бағытта тек бастауыш сынып мұғалімдері емес, сонымен жалпы білім беру жүйесінің барлық мамандарында осы сапаны дамытудың жолдарын айқындап, зияткерлік дамудың көрсеткіштері және оларды зерттеуді әдістемелік жағынан қамтамасыз ету тұрғысынан жалғасын табуы қажеттілігі бар деп есептейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Талдықорған газеті, 2005. 25. 02, - 4 б.
2. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт-2020». 17 қаңтар, 2014 ж. –Астана.
3. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасы, Абай атындағы ҚазҰПУ – нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары сериясы», №4 (36). 2012, 3-12 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. - Алматы, 1975. - 187 б.
5. Т.Н.Жүндібаева.Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарындағы оқу тәрбие процесін гуманизациялауда оқушыларды жекелеп оқытудың педагогикалық негіздері-Алматы,2007.
6. Педагогическая энциклопедия, 2002. -С. 201
7. Пиаже, Ж. Речь и мышление ребенка . -М.: Педагогика -Пресс, 1999. -290с.
8. Б.А.Тұрғынбаева. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. Монография. -Алматы, 2012 ж. -316 б.
9. А.М.Шамшиева. Жекелеп оқыту – бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін арттыру құралы ретінде. Магистрлік диссертация. -Алматы, 2015. -74 бет.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Дуйсекова Асель Аманжолқызы

Кафедра методики дошкольного и начального обучения
Старший преподаватель, магистр экономической наук

Аннотация: В этой статье раскрывается смысл интеллектуальные понятий, написано также про исследовательские труды ученых исследовавших интеллектуальные проблемы. Также показаны методически способы для развития интеллектуальных способностей учеников возраста младшей благодаря индивидуальных обучению школы. Были рассмотрены проблемы становления интеллектуального потенциала учеников начальных классов.

Ключевые слова: интеллект, интеллектуальный, интеллектуальная способность, интеллектуальный потенциал.

INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF JUNIOR SCHOOL CHILDREN

Assel Duisekova

Department of Methods of Primary and Preschool Education
Senior Lecturer, Master of Economical Sciences

Abstract: In it reason exposes sense intellectual concepts, it is written also about researcher labors of scientists investigating intellectual problems. Also shown methodically method for developing intellectual flairs of students of age junior due to individual to educating of school. Becoming problems were considered intellectual potential of students of initial classes.

Keywords: intelligence, intelligent, intellectual ability, intellectual potential.

ӘОЖ: 141.336

СОПЫЛЫҚ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚОЖА АХМЕТ ЙАССАУИДІҢ ТҮРКІ РУХАНИЯТЫНДА АЛАТЫН РОЛІ

Елеусов Баубек Аймаханұлы

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы

Аға оқытушы

b.yeleussov@mail.ru

***Аңдатпа:** Аталмыш мақалада күллі түркі әлемі бір тұтатын Қожа Ахмет Йассауидің сопылық ілімі және оның ортағасырларда Қазақ жерінде пайда болып орнығуы мәселесі көтеріледі. Йасауидің сопылық ілімі өзінің құрылымы, мазмұны жағынан көшпелі түркі халықтарында кең қолдау тауып, қалың бұқараның арасына тез тараған. Қарсыласқан басқа дін ағымдары бұл ілімнің тереңдігіне көз жеткізіп, оны тез қабылдай бастаған. Сонысымен ерекшеленетін сопылық ілім ортағасырлық мемлекеттерде қуатты идеологияға айналды.*

***Түйін сөздер:** Сопылық, түркі дәуірі, нақшбанди ілімі, Қарахандар мемлекеті, тарихат, мағрифат, жаһандану*

Адамзат өз дамуында жаһандану дәуіріне аяқ басқанымен, діннің қоғамда алатын алатын орны мен ролі артпаса кеміген жоқ. Дінсіз қоғам болған емес, оның қызметі қазіргі ақпараттық қоғамда орасан екендігін соңғы ғасырда әлемді шарпып жатқан түрлі соғыстар мен діни экстремистік, террористік дүрбелеңді бастан кешіріп жатқан мемлекеттердің хал-ахуалы көрсетуде. Осы тұста бейбітшіл дін ислам мен оның қойнауынан шыққан сопылық еске түседі. Біз сопылық дегенде әсіресе Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылықты оның көрнекті өкілі Қожа Ахмет Йассауи сияқты дананы бірдей көз алдымызға елестетеміз.

Қожа Ахмет Йассауи сынды Ұлы тұлғаның түркі халықтары тарихы мен мәдениетіндегі орны қандай, неге оның есімі түркі халықтарының жадынан ерекше орын алады деген сұраққа әлі ешкім жартымды жауап бере алған жоқ. Ол заңды да. Өйткені, Қожа Ахмет дәуірінен кейінгі 800 жыл халық жадындағы көптеген мәліметтерді шайып кетті. Ал, жазба деректер болса, жоққа тән. Тек, "Диуани Хикмет" қана көңілге медеу.

Соңғы жылдардағы ізденістер нәтижесінде Қожа Ахмет Йассауидің

"Диуани Хикметтен" өзге де шығармалары болғандығы белгілі болып отыр. Мысалы, Шайх Хұдайдад ибн Ташмұхаммед азизан ал-Бұхари жазған "Бустан ал-Муhibбин"[1, 15б.] атты шығармада Қожа Ахмет Йассауидің "Фатава-и танбих" атты шығармасы болғандығы туралы дерек бар. Одан басқа "Мират ал-кулуб", "Рисала" сияқты шығармалар да Қожа Ахмет Йассауидің қаламынан шыққандығы анықталып отыр. Бірақ, бұл шығармалардың ішінде "Мират ал-кулуб" Қожа Ахмет Йассауидің белді шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқи тарапынан жазылғандығы туралы айтылатын деректер барлығын да ескеруіміз керек. Әрине, бұл шығармаларда негізінен сопылық туралы, ұстаз бен шәкірт ара қатынасы тағы басқа сопылыққа қатысты мәселелер айтылады да, тарихи мәліметтер жоққа тән.

Қожа Ахмет Йассауи мен оның шәкірттері, ол салған сопылық жол - Йассауиға тариқатының силсилалары (тармақтары) туралы деректер біздің тарапымыздан жақында ғана ғылыми айналымға енгізілген "Насаб-нама" нұсқаларында, Өтеміс қажының "Шыңғыс-нама", "Темір-нама" сияқты шығармаларда ғана кездеседі. Қожа Ахмет Йасауи туралы

бұлардан өзге шығармалардың барлығы дерлік XV ғасырдан соң нақшбандийа тариқаты шайхтары тарапынан немесе солардың ықпалына түскен йасауийа тариқаты өкілдері тарапынан жазылған дүниелер. Бұл шығармалардағы бұрмалаулар Қожа Ахмет Йасауи туралы тарихи шындықтың бетін бүркемелеп, ол туралы қате көзқарас қалыптастырды. Мысалы, Қожа Ахмет Йассауи тәлім алған ұстаздары мен рухани қайнарлары туралы қазіргі күні көпшілікке белгілі деректер тарихи шындыққа сай келмейді. Сондықтан, Йассауи туралы зерттеулер бағытын жаңадан айқындау - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Өйткені, Йассауидің рухани мұрасы XII-ғасырдан бастап түркі халықтарының тарихи тағдырында шешуші роль атқарған рухани күшке айналды.

Орта ғасырларда "Пир-и Түркістан", "Йассауи Ата" атанған Қожа Ахмет Йасауидің түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіндегі орнын анықтау үшін, ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының XI-XII ғасырлардағы мәдени-рухани даму үрдісіне көңіл аудару, оларды талдау қажеттігі туады. Олай етпейінше, Йассауидің түркі халықтарының тарихи тағдырындағы орнын анықтау мүмкін емес. Түркі дүниесінің рухани даму баспалдақтарында "Йассауиге дейінгі кезең", "Йассауиден кейінгі кезең"- деген кезеңдердің болғаны анық. Оны мына мысалдардан көре аламыз.

VIII ғасырдың екінші жартысында исламның оппозициялық бағыты - қайсанийа-мубаййидийа ағымын қабылдаған түркілер, өздерін сол кезеңнен бастап мұсылман санайды [2, 276.]. Одан кейінгі кезеңдерде ислам орталықтарынан шегінген басқа да рухани ағымдар да түркілер арасына тарала бастады. Олардың ішінде исма'илийа ағымы, ислам орталықтарынан шеттетілген шафи'ийлер де бар еді. 951 жылы Сатұқ Бұғра Абд ал-Карим ханның исламның традиционалдық бағытын қабылдауы әр түрлі рухани ағымдар арасындағы ғылыми

бәсекелестікті күшейтті [3, 536.]. Ол ғылым мен білім дамуының негізгі қозғаушы күші болды. Әсіресе, мубаййидилер тарапынан ашылған жаңалықтар бүкіл ислам әлемінде мойындалып жатты. Біріншісі мубаййидилердің Құранды символды-аллегориялық жолмен түсіндіру туралы ілімді жасауы болды ('илм та'билат ал-Құран). Бұл ілімді рационалдық негізде түсіндіру араб филологиясы пәндерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Әбу Наср әл-Фараби бұл қиын жағдайдан шығудың басқа жолын тапты. Ол Алланың даналығын танудың рационалдық жолы - Хикма иләхийа ілімін жасады. Ол үшін әл-Фараби мубаййидилер арасында "Екінші ұстаз" атанды[4, 566.]. Түркілер ислам дінін тектұтынушы емес, сонымен бірге ислам ғылымы мен мәдениетін жасаушы күшке айналды. Сыр бойынан қалаларынан шыққан ғұламалар ислам ғылымы мен мәдениетіне өздерінің қомақты үлестерін қосты.

Түркілердегі исламдану процесі, ғылым мен білімнің дамуымен бірге түркілердің дәстүрлі мәдениетінен, тілінен ажырау процестері қатар жүрді. Дін тілі мен ғылым, білім тілінің араб тілі, мемлекет тілі мен әдебиет, мәдениет тілінің парсы тілі болуы, парсы мәдениеті ықпалының артуына әкелді. Оған дәлел ретінде түркілер арасынан шыққан жүздеген ғұламалардың өз шығармаларын тек араб тілінде жазғанын келтіруге болады. Өз еңбектерін түркі тілінде жазған санаулы ғана кісілер бар. Олар - Жүсіп Баласағуни, Махмуд Қашғари, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Йассауи. Махмуд Қашғаридың "Диван луғат ат-түрк" атты еңбегінің жазылуы, түркі тілінің жойылып кету қаупінен туған сияқты. Бүкіл Орталық Азиядағы биліктің түркілер қолында болуына қарамастан, халық арасындағы парсылану процесі тоқтамады. Оның үстіне X ғасырдан басталған бүкіл ислам әлеміндегі тоқыраушылық, Түркістан жеріне де жеткен болатын. Әр түрлі рухани ағымдар ықпалында болған Қарахандықтар мемлекеті бірнеше майда

иеліктерге бөлініп кетті. XII ғасыр басында Қарахандықтар мемлекеттерінің қарақытайлар билігін мойындауы - осы тоқыраушылықпен тікелей байланысты еді. Осындай түркі халықтарының рухани, саяси дағдарысқа ұшыраған кезінде Қожа Ахмет Йассауи тарих сахнасына шықты [5,45б.]. Өз дәуірінің бүкіл ауыртпалығын, түркі халықтарының рухани дағдарысқа ұшырау себептерін толық сезінген Қожа Ахмет Йассауи, түркі халықтарын ислам діні аясында өз рухани-мәдени дербестігін сақтап қалуға мүмкіндік беретін жол - сопылықтың түркілік бағытын дүниеге келтірді. Халық Йассауи ілімін бірден мойындай қойған жоқ. Түркістан қаласының бұрынғы имам-хатибы Абд ал-Қадыр қари қолындағы көне қолжазбада Йассауидің Түркістанда 30 жыл бойына өз замандастарынан қорлық көргені, халық оны көрген жерде таспен атқылағаны айтылады. Тек „жалғыз ұлын өлтіргеннен кейін ғана халық оның жолының дұрыстығын мойындап, соңына ереді [6, 1б.]. Билеушілер де қолдау көрсете бастайды. "Насаб-нама" нұсқаларында жергілікті билеуші Қайу Тегіннің Қожа Ахмет Йассауидің шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқи ханкасына Өгіз тау мен Қарашық арасындағы 200 қостық жерді уақыф етіп бергендігі туралы айтылады[7, 33б.]. Ал, шәкірттері болса, сол дәуірдің өзінде түркі әлемінің көп жеріне жайылып үлгереді. Сүлеймен Бақырғаниды Үргеніш уалайатына, Мұхаммед Данышманд Зарнукиды Отырарға жібереді. Өзімен аттас шәкірті Ахмет сопыны Қаялық еліне аттандырады[8, 46б.]. Халық қайтадан түркілікке бет бұра бастайды. Дін тілі де, мемлекет тілі де, мәдениет тілі де қайтадан түркілік сипат ала бастайды. Бұл туралы Қожа Ахмет Йассауи хикметтерінде мынадай жолдар бар:

Қоштамайды ғалымдар біздер айтқан түркіні.

Білгендерден есіткіл, ашар көңіл мүлкінің.

Аят, хадис мағнасы түркі болса муафиқ.

Мағынасына жеткендер жерге қояр бөрігін.[9, 70б.]

Қожа Ахмет Йассауи дін тілін түрікше сөйлетіп қойған жоқ, жолында кездескен қаншама қиындықтарға қарамастан, түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ислам дінінің талаптарына сай қалыптастырды. Түркінің өршіл рухын Құран сырларының тұңғығы мен Пайғамбар хадистерінің асылдарымен толықтырды. Сөйтіп, Йассауи түркі рухын ислам рухымен ажырамастай етіп, қайта өріп шықты. Осылай Йассауи жолы түркінің бар рухани болмысын қанағаттандыратын ілім есебінде дүниеге келді. Сол себепті ислам әлемі оны сол кезеңнің өзінде «Шайх ул-машайх-и турк», «Пир-и Түркістан», «Қтуб ал-ақтаб» деп атады. Басқаша айтқанда, Қожа Ахмет Йассауи ілімі түркі дүниесінің «Темірқазағы» болды. Йассауи жолынан тыс ислам қабылдаған түркі халықтары мәдениетінің өмір сүруі мүмкін емес еді.

Қожа Ахмет Йассауи ілімі түркі халықтарының тек рухани, мәдени дербестігін ғана қайтадан қалпына келтіріп қойған жоқ. Сонымен бірге, түркі халықтарының мемлекеттік жүйесін қайтадан қалпына келтіруге ықпалын тигізді. Оны Йассауиға тариқаты тармақтарының құрылымдық жүйесін талдағанда көзіміз жетеді.

Қожа Ахмет Йассауидің көзі тірісінде оның шәкірттері қатарында 12 мың сұлтан мен 99 мың жай халықтың болғаны айтылады. Йассауидің осы шәкірттері үш тармаққа бөлініп, Йассауиға тариқатының үш тармағын құрады. Бірінші, тармақты Исхақ бабтан тарайтын әулет өкілдері; екінші тармақты - Абд ар-Рахим баб-Сатұқ Бұғра хан әулеті; үшінші тармақты Исхақ бабтың інісі Абд ал-Жалил баб ұрпақтары құрады. Исхақ баб ұрпақтары XI ғасырға дейін таза діни мәселемен шұғылданған әулет өкілдері болса, Абд ар-Рахим баб-Сатұқ-Бұғра хан ұрпақтары XIII ғасыр басына дейін Қарахан мемлекетін билеп келген әулет өкілдері болды. Ал, Абд ал-Жалил баб

әулеті деп VIII ғасырдың екінші жартысында Сырдың төменгі ағысында Оғыз мемлекетінің негізін қалаған әулет өкілдерін айтады. «Насаб-нама» нұсқаларындағы деректерге қарағанда Қарахандық және Оғыздық билеуші әулет өкілдері қолдарындағы саяси биліктен айырылған соң рухани салаға көшкенге ұқсайды. Оған жоғарыдағы Йасауи тарихатының үш тармақтың екеуінің Қарахандық және Оғыздық билеушілер әулетінен бастау алуы дәлел болады [10, 46б.].

Қожа Ахмет Йассауидің сопылықтың түркілік бағытын жасауы, түркілердің рухани дербестікке ұмтылуы ислам әлемінің барлық жерінде қолдау таба қойған жоқ. Әсіресе, Хорасан мен Үргеніш ғұламалары Йассауи жолына қатты шүйлікті. "Диуани Хикмет" пен "Насаб-наманың" Қокан нұсқасында Хорасаннан Баба Мачин мен Үргеніштен Имам Марғузи келіп, бұл жолдан қайтуды талап еткендігі, бірақ өздері Йассауимен болған ілім жарысында жеңіліп, өздерінің соңында Йассауиге шәкірт болғандығы айтылады. Бұл рухани теке-тірестің соңы XIII ғасыр басында Хорезм шах Мұхаммедтің Түркістан мен Мауараннахрды билеген Қарахандықтар билігін жойып, өз мемлекеті құрамына қосып алумен аяқталды. Араб тарихшысы Йакут Хамавий өзінің "Му'жам ал-булдан" атты еңбегінде Мұхаммед бин Текештің Түркістан мен Мауараннахрды жаулап алғанын, Қарахандықтар билігін толығымен жойғанын жазса, ал, "Насаб-нама" нұсқаларында Отырардың Қарахандық билеушісі Хасан ибн Абд ал-Халық Білге ханды Үргеніш сұлтаны Мұхаммед сұлтан келіп өлтіргені, оның орнына Қайыр ханды хан қойғаны, Қайыр ханның нәсілі қаңлы екені жазылған [11, 86 б.].

Бұдан кейінгі кезеңнің Шыңғыс хан шапқыншылығына ұласқаны, ол бүкіл Евразия құрлығын түбегейлі өзгерістерге ұшыратқаны тарихтан белгілі. Осы шешуші кезеңде йасауи шайхтары Шыңғыс хан жағында болды. Оған дәлел ретінде Қожа Ахмет Йассауи шәкірті Мұхаммед Данышманд Зарнуқидың Шыңғыс хан кеңесшісі болғанын, өзінің туған қаласы Зарнуқты Шыңғыс хан әскеріне қарсыласпай берілуге көндіргенін айтуға болады. Шыңғыс хан ол қалаға "Құтлығ балығ"- деп, ат қояды.

Осыдан араға жүз жыл салып, Йассауи жолы Алтын Орда мемлекетінің мемлекеттік идеологиясына айналады. Ол мемлекеттің тек мемлекеттік идеологиялық бағыт-бағдарын ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің бүкіл құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізеді. Қазіргі қазақ халқы құрамындағы рулық, тайпалық, жүздік құрылымдардың басы осы Йассауи жолының Алтын Орда мемлекетінде мемлекеттік идеологияға айналуымен байланысты екендігін қазақ шежірелерінен айқын көруге болады. Шежірелерде қазақтың үш жүзінің арғы атасы -Өзбек хан. Өзбек ханның үш ұлы - Байшора, Жаншора, Бекшора. (Басқа шежірелерде - Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс). Осылай Йассауи ілімі кезінде ісі қазақ даласын мекендеген ру-тайпалардың қазақ халқының ұлт болып ұйысуында өзіндік ролі болғанынан тарих шежірелер арқылы хабардар етеді. Сондықтан қазіргі таңда Йассауи ілімі мен оның түркі әлеміндегі алатын орны оның идеясының өміршендігіне байланысты болса керек. Йассауи ілімінің философиясы дүниенің кілті дүние, байлық, билікте емес, адамның өз нәпсісін жеңіп, Аллаһпен қауыштырар жол оған деген «сүйіспеншілікте», «ғашықтықта жатса керек».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Шайх Хұдайдад ибн Таш Мұхаммад Ал-Бұхари. Бустан ал-Муhibбин. –Түркістан: Йассауитану F3O, 2006.
2. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т.1. – Москва: 1963. с. 258.
3. Бартольд В.В. Сочинения. Т.II. ч. 2. –Москва: 1963.

4. Муминов А.К. Новые направления в изучении истории братства йасавийа// Общественные науки Узбекистана, №10-12, с. 34.
5. З.Жандарбектің «Йасауи жолы және қазақ қоғамы» кітабында бұл мәселелер толық айтылған.
6. Абу Салам қожа ибн Файзаллах рисаласы, 1 б
7. Юлдашев А. Қолжазбасы, 115-120 қатар.
8. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. –Алматы: «Ел-Шежіре», 2006. 46 б.
9. Қожа Ахмет Йассауи. Хикметтер. Алматы: «Дайк-Пресс», 2000. 188 б.
10. Жандарбек З. Йасауи жолы ... 46 б.
11. Маулана Сафи ад-дин Орұң Қойлақи. Насаб-нама. –Түркістан: Мұра, 1992. 24 б.

УЧЕНИЕ СУФИЗМА И РОЛЬ АХМЕТА ЙАССАВИ В ТЮРКСКОМ ДУХОВНОМ МИРЕ

Елеусов Баубек Аймаханұлы

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель

Аннотация: В данной статье рассматривается учение суфизма Ахмета Яссави. Как известно из истории культуры и религии в целом суфизм Ахмета Яссави зародилась на территории современного Казахстана в государстве Караханидов в средневековье. Стоновление и развитие ислама и учение суфизма в Казахстане и в Средней Азии прошли свой путь отличающийся от остального мусельманского мира. И она оставила свой отпечаток в культуре традиции даңого региона.

Ключевые слова: Суфизм, тюркский период, учение накшбанди, государство Караханидов, тарихат, марифат, глобализация

THE SUPHISM STUDY AND AHMED YASAUYI'S ROLE IN THE TURKISH SPIRITUAL WORLD

Baubek Yeleussov

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics

Senior Lecturer

Abstract: this article considers the suphism study of Ahmed Yasayui. As it's known from the history of culture and religion, in general the suphism of Ahmed Yasayui was born on the territory of the modern Kazakhstan in the Karahanids' country in the Medieval ages. The development of islam and the suphism study in Kazakhstan and in the Middle Asia has gone its way that differs from the rest muslim world. And it has left its print in the culture of this region's traditions.

Keywords: suphism, turkish period, nakshbandi study, the Karahanid's country, tarihat, marifat, globalization.a

УДК 528.942

ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОДНО ИЗ УСЛОВИЙ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ

Есимханова Назира Избастыевна

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

yessimkhanova@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются понятие и идея внедрения этнокультурного образования, как необходимость развития национальной идентичности, о месте национальной культуры казахского народа в определении самоидентификации.

Ключевые слова: этнокультурное образование, толерантность, этнос, культура, нация, народ.

Современное этнокультурное образование в его широком понимании должно отвечать современным социокультурным тенденциям. Оно должно быть связано с идеей воспроизводства различных форм исторически сложившихся типов этнокультурной деятельности. Освоение таких технологий в системе многочисленных образовательных, досуговых, исследовательских институтов является предпосылкой эффективной жизнедеятельности субъекта в условиях многомерной социально-культурной действительности.

В настоящее время существует более 500 определений «культуры» [1, с.75], что свидетельствует о реальной сложности явления, его включенности в многочисленные социальные контексты, его универсальности. В своем классическом обзоре определений «культуры» А. Кребер и К. Клакхон выделяют пять классов определений «культуры», встречающиеся в антропологической литературе: дескриптивные определения, исторические определения, нормативные определения, психологические определения, структурные определения [2, с. 3]. Современные кросскультурные исследователи добавляют в этот список еще один, шестой пункт – генетические

определения. Следует подчеркнуть, что в современных теориях культуры таких пунктов насчитывается значительно больше.

«Культура – это совокупность духовных достижений человека, которые, возникнув как национально-субъективные и исторически конкретные, получили статус общественно-объективных и надвременных духовных явлений, образуя непрерывную неподвластную отдельному индивиду традицию» [3, с 41-47].

Синкретизм этноса и его культуры предстает «как совокупность культурных элементов и структур, обладающих этнической спецификой и выполняющих этнодифференцирующие функции». Очень важное в методологическом плане значение имеет утверждение К.Ж. Кожахметовой о том, что этническую культуру не следует смешивать с культурой этноса в целом. Последняя включает не только этнические, национально-специфические, но и межэтнические, интернациональные компоненты культуры [4, с.158]. Близкую позицию занимает Г.В. Палаткина, отмечая, что «этническая культура», будучи более узким, в сравнении с понятием «культура этноса», применимо только к определенному народу или этносу».

Подобные трактовки не являются неверными, так как, опираясь на исторический опыт, показывающий, что незнание культуры своего народа, его прошлого и настоящего ведет к разрушению связи между поколениями – связи времени, потере своего этноса; представляют этнокультурное образование в узком смысле. Узость и ограниченность данных определений, заключающиеся, по нашему мнению, в трактовке этнокультурного образования как некоторой замкнутой и довольно-таки статичной подсистемы целостной системы образования, проявились в неспособности обозначенных образовательных приоритетов справиться с объемом проблем и задач этнокультурного образования на современном этапе [5, с.29].

Таким образом, усвоение культурно-исторического прошлого своего народа, свое национальное должны стать не статичной основой, позволяющей определенной нации замкнуться на самой себе, а некоторой отправной точкой для принятия другого национального. Основной идеей разработанной Ж.Ж. Наурызбаевым и утвержденной в 1996 году в качестве стратегического ориентира государства «Концепции этнокультурного образования в РК» [6, с.88] является создание модели образования, ориентированной на сохранение этнических групп и, одновременно, освоение ценностей и стандартов других культур.

Идеи «Концепции этнокультурного образования в РК» находят свою преемственность в «Концепции этнопедагогического образования студентов высшей школы», разработанной профессором С.А. Узакбаевой в соавторстве с профессором К.Ж. Кожахметовой [7, с. 31]. Этнокультурное образование, как базовый элемент этнопедагогического образования, должно, согласно К.Ж. Кожахметовой, способствовать тому, чтобы, с одной стороны, человек осознал свои корни и тем

самым мог определить свое место, которое он занимает в мире, и с другой – привить ему уважение к другим культурам и воспитать толерантные отношения между людьми, принадлежащими к различным этносам, конфессиям, расам.

В Республике Казахстан разработана и принята «Концепция этнокультурного образования в РК» от 15 июня 1996 года, где регламентирован курс по развитию этнокультурного образования в Казахстане [8]. Тем самым, этнокультурная идентичность народа складывается в результате знания событий своей истории, культуры, верности сложившимся духовным ценностям, почитания национальных героев. Она формируется в процессе свободного и добровольного жизнетворчества нации. Состояние этнокультурной идентичности достигается через созданную народом социокультурную сферу. К ней относятся семья, детские дошкольные учреждения, учебные заведения, национально-культурные центры, журналы и газеты, художественная и научная литература, научно-исследовательские и административные учреждения и другое.

Принятие идеи этнокультурного образования означает создание национальной системы обучения и воспитания, базирующейся на идее культурного и лингвистического плюрализма, сочетающей мировой уровень технической и информационной оснащенности образования с традиционными культурными ценностями.

Основными условиями реализации данной идеи являются: развитие и укрепление национальных начал образования и школы; признание и обеспечение безусловного приоритета для личности родного языка и культуры; демократизация образования; вариативность и мобильность образования как по типу собственности, так и по многообразию каналов реализации этнокультурных интересов; общедоступность и дифференцированность образовательных

услуг; открытость и адаптивность национальной системы образования ко всему прогрессивному в мировой практике в данной сфере; непрерывность образовательной деятельности, направленной на реализацию этнокультурных запросов личности и общества; целенаправленная ориентация системы образования на выявление и удовлетворение спроса на услуги в области этнокультурных потребностей; наличие региональных программ по данной проблеме с учетом особенностей этнического состава населения на базе единой государственной программы.

Важнейшим положением, закладываемым нами в определении понятия этнокультурное образование, является ориентация на последовательное освоение исторических обобщенных форм и способов социально-культурной действительности. У каждого из участников этой деятельности, идет ли речь о молодежи или уже о взрослом зрелом человеке, должен сложиться многомерный и разносторонний инструментарий, присущий различным формам сознания и деятельности. Это обстоятельство позволяет рассматривать социально-культурную сферу как пространство больших возможностей для освоения социальных норм и огромного историко-культурного опыта.

В настоящее время обозначились тенденции обновленного подхода к состоянию и сущности этнокультурного образования, заключающиеся в рассмотрении этнокультурного образования в качестве диалектической основы целостной системы образования. Для обоснования подобной точки зрения мы считаем целесообразным, раскрыть сущность понятия «этнокультурное образование» через анализ категорий, лежащих в его основе: «этнос» и «культура».

Феномен этнокультурного образования является сложным педагогическим явлением, интегрирующем в себе проблемы изучения этнокультуры и

ее интерпретации в процессе образования, что требует в исследовании взаимодействия различных гуманитарных наук (разных ветвей педагогики, этнологии, фольклористики, культурологии, философии).

Обобщенной этнопедагогической концепцией в российской науке является концепция Г. Н. Волкова, выросшая из осмысления народной педагогики Чувашии в сопоставлении с другими народами. Классик этнопедагогики трактует ее как «науку об эмпирическом опыте этнических групп в воспитании и образовании детей, о морально-этических и эстетических воззрениях на исконные ценности семьи, рода, племени, народности и нации» [9, с.97]. В концепции Г. Н. Волкова формируется сущность основных педагогических понятий народа (уход, воспитание, самовоспитание, перевоспитание, наставление, обучение); он рассматривает ребенка как объект и субъект воспитания (родное дитя, сирота, приемный, ровесники, друзья, чужие дети, детская среда); определяет функции воспитания (подготовка к труду, формирование морально-волевых черт характера, развитие ума, забота о здоровье, привитие любви к прекрасному); обобщает факторы воспитания (природа, игра, слово, общение, традиция, дело, быт, искусство, религия, пример-идеал, личности - символы, события-символы, идеи-символы); оценивает и совершенствует методы воспитания (убеждение, пример, приказ, разъяснение, приучение и упражнение, пожелание и благословение, заклинание, клятва, просьба, совет, намек, одобрение, упрек, укор, уговор, заповедь, поверье, завет, зарок, раскаяние, покаяние, проповедь, завещание, запрет, угроза, проклятие, брань, наказание, побои); оценивает и совершенствует средства воспитания (потешки, считалки, пословицы, поговорки, загадки, эпос, сказки, легенды, предания, мифы и т. д.); оценивает и совершенствует организацию воспитания (трудовые объединения детей

и молодежи, общенародные праздники) [10, с.125].

Еще в глубокой древности у казахов-кочевников, как и у других народов, кроме определенных трудовых навыков молодежи передавалась и традиционная регламентация жизни: общественно-национальные традиции и обычаи, правила и нормы поведения.

Педагогические воззрения народа нашли свое отражение во многих фольклорных произведениях, ибо поэтическое творчество, вбирая в себя важнейшие черты национальной жизни и народной мудрости, нравственные и эстетические искания, надежды, чаяния многих поколений, было до появления письменности летописью. В силу этих причин устное народное творчество не только ценнейший источник для научных исследований, изучения истории, мировоззрения народа, но и своего рода педагогическая энциклопедия, помогающая воспитывать в человеке лучшие черты характера: трудолюбие, смелость, стойкость, честность, доброту, патриотизм и т.д.

Нравоучения и мудрые советы, примеры для образца и подражания передавались молодежи через кюи и танцы, фольклорные и музыкальные произведения на праздничных увеселениях и прочих традиционных народных собраниях. Это и торжество по случаю рождения ребенка, и проводы невесты, и свадьба в доме жениха и многие другие. На таких многолюдных собраниях представлялась возможность воспитывать молодежь в любви к Родине и труду, верности в супружеской жизни, передавать ей накопленный опыт и народную мудрость, дать ей самой возможность показать свое искусство и умение.

Казахский народ во все времена отдавал предпочтение искусству слова. Сконцентрированная в двух-четырех стихотворных строках глубокая мысль, которая заключена в пословицах, поговорках, афоризмах, занимает ведущее место в воспитании детей, особенно в

семье: «Глядя на отца, сын растет; глядя на мать, дочь растет», «Что птенец увидит в гнезде, то и возьмет с собой в полет». Такие пословицы отражают роль членов семьи в воспитании.

Казахский народ ценит положительные человеческие качества. «Родившись человеком, надо и умирать человеком», «Человеком быть легко, человеческим быть трудно», «Совесть сильнее смерти». Подобные высказывания утверждают среди молодежи гуманистические идеи.

Только в труде видит народ надежный источник счастья, богатства и достатка, поэтому и ставит в образец молодежи честный труд «Имя джигита трудом славится», «Труд - вторая мать человеку». Живет в народе и понимание высокого предназначения в жизни человека знаний и искусства, именно поэтому поучает молодежь: «Наука есть рытье колодца иглой», «Учение - знания родник; знание - жизни светильник», «Джигиту мало знаний и семидесяти ремесел мало», «У мастера руки золотые, у певца слова золотые».

Гидронимы составляют лексемы с топоосновами различной языковой принадлежности – славянской (русской) и тюркской (казахской). Однако большую их часть составляют единицы тюркского (казахского) происхождения – около 685 ед. (94 %).

Основываясь на местные казахские названия озер, отражающих их особенности и структуру, чаще в наименованиях встречаются словосложения, присоединение таких слов как:

- «*коль*» или «*куль*» - озеро (*Ногайколь*, с каз.яз. «Ноғай»)–этним, «*көл*» - озеро, т.е. ногайское озеро /*Аулиекольский район*/ [4, с.127]; *Айырколь* с каз.яз. «Айыр» - вилы, развилка, «*көл*» - озеро, т.е. разветвленное озеро /*Камыстинский район*/ [4, с.152]; *Улыколь* с каз.яз. «Ұлы» - большой, главный, «*көл*» - озеро, т.е. большое главное озеро /*Наурузумский район*/ [5, с.589]);

- «*копа*» - солоноватые водоемы с бедной луговой растительностью, более чем

на 4/5 занятые тростниковыми зарослями и сплавидами [4, с.120] (*Шолаккопа* с каз.яз. «Шолак» - невысокий, «копа» - заросли, т.е. место невысоких зарослей /*Наурузумский район*/ [5, с.591]; *Близкопа* с каз.яз. «Біліс» - знакомое, «копа» - болотистое озеро, т.е. знакомое болотистое место /*Камыстинский район*/ [4, с.153]; *Коскопа* с каз.яз. Қос-пара, «копа» - болотистое озеро, т.е. парное, болотистое озеро /*Денисовский район*/ [3, с.105]; *Аксакалкопа* с каз.яз. «Ақсақал» - старый, уважаемый, «копа» - болотистое место, т.е. старое болотистое место /*Камыстинский район*/ [4, с.153]);

- «*соры*» - сильно засоленные мелководные водоемы, наполняющиеся весной и к осени пересыхающие [4, с.120] (*Токалсор* с каз.яз. «Тоқал» - младшая жена, «сор»- соленое озеро, т.е. маленькое озеро /*Аулиекольский район*/ [4, с.129]; *Ащысор* с каз.яз. «Ащы» - горькое, «сор»- соленое озеро, т.е. озеро, содержащее большое количество соли /*Камыстинский район*/ [4, с.153]; *Тентексор* с каз.яз. «Тентек» - буйный, «сор» - соленое, буйное озеро /*Тарановский район*/ [3, с.90]);

- «*тузы*» - соленые самосадочные озера с преобладанием поваренной соли [4, с.120] (*Тузколь* с каз.яз. «Тұз»- соль, «көл»- озеро, т.е. место, богатое солью /*Мендыкаринский район*/ [5,587]; *Тузкудык* с каз.яз. «Тұз» - соль, «құдық» - колодец, т.е. колодец с соленой водой /*Жангельдинский район*/ [5, с.587]);

- «*тенгизы* (тенизы)» - озера с большой площадью котловины и водного зеркала, чаще соленые или солоноватые [4, с.120] (*Тенизколь* с каз.яз. «Теніз» - необъятное море, «көл» - озеро, т.е. озеро, необъятное как море /*Камыстинский район*/ [4, с.157]).

Казахским топонимическим типом доминирует морфологический способ в его аффиксальной разновидности (-*ты*-/*-ті*-, -*лы*-,*-ық*-, -*ған*-, -*ба*-,*-ды*- и др.). Например: озеро *Миялыозен*, от каз.яз. «мия»-солодка,

-лы- афф., «өзен» -речка, т.е. речка, где растёт солодка /Аулиекольский район/ [4, с.126]; озеро *Кайындысор* от каз.яз. «қайын» - береза, -ды- афф. «сор»- соленое озеро, т.е. озеро, где растут березы /Камыстинский район/ [4, с.154]; река *Қумды* от каз.яз. құм – песок, -ды- афф. - река с песчаным берегом /Жангельдинский район/ [5, с.570]; река *Шортанды* от каз.яз. «шортан» - щука, -ды- афф., т.е. щучья река /Житикаринский район/ [3, с.128].

Рассматривая русскую языковую принадлежность гидронимов, составляющие около 41 ед. (6%), имеют следующие особенности. Морфологический анализ показал, что самой распространенной частью речи, используемой для образования топонимов, является имя прилагательное – ок. 27 ед. (65 %): река *Черная* (Карабалыкский район) [5, с.590], озеро *Белокаменное* (Карабалыкский район) [2, с.82], озеро *Речное* (Узункольский район) [5, с.579].

Малочисленны группы существительных, участвующие в топообразовании (12 ед., 29%), представлены в основном именами собственными – личными именами, фамилиями и прозвищами (6 ед., 14 %): озеро *Терехово* (Костанайский район) [2, с.153], озеро *Саратов* (Костанайский район) [5, с.580], озеро *Попов* (Наурзумский район) [5, с.581]. Также малочисленна группа топонимов, образованных от нарицательных существительных (5 ед., 12%): озеро *Сирень* (Карабалыкский район) [5, с.582], озеро *Котлован* (Денисовский район) [5, с.569]. В рассматриваемых русских наименованиях, числительное, как часть речи, представлено единично, например, озеро *Третье* (Аулиекольский район).

Рассмотрение компонентного состава гидронимов двух языковых принадлежностей свидетельствует о том, что большую часть представляют однословные номинации – 663 единиц, или

91 % всех исследованных гидронимов. Они подразделяются на:

- однокорневые (23 ед., 3 %): река *Уй* (Карабалыкский район) [2, с.87], озеро *Сор* (Федоровский район) [2, с.121], озеро *Сур* (Федоровский район) [2, с.121];

- производные (219 ед., 33 %): река *Жыланды* (Житикаринский район) [3, с.127], озеро *Учительское* (Аулиекольский район) [4, с.129], озеро *Камышное* (Узункольский район) [5, с.561], река *Шортанды* (Житикаринский район) [3, с.128]; сложные (421 ед., 63%): река *Анызбутақ* (Житикаринский район) [3, с.126], озеро *Жекеколь* (Амангельдинский район) [5, с.557].

Составные топонимы представлены двухсловными и трехсловными единицами (50 ед., 7%): река *Сары Тургай* (Амангельдинский район) [5, с.580], река *Улькен Дамды* (Наурзумский район) [4, с.171], река *Улькен - Сабасалы-Тургай* (Амангельдинский район) [5, с.588]. В нашем фактическом материале они единичны, что связано с главным «законом» топонимики – название должно быть простым и легко запоминающимся.

Таким образом, гидронимы способствуют расширению ономастической лексики, т.е. сферы собственных имен. В языке происходит постоянный и активный процесс образования новых слов от географических названий. В результате обогащается лексика нашего языка. От гидронимов образуются многие названия населенных мест и улиц, имена и фамилии людей, клички животных и т.д. [6, с.171]. Водные объекты на первоначальной стадии развития любой цивилизации играли важную роль, именно по рекам происходило расселение этнических групп. Данные гидронимии (поскольку они самые древние и устойчивые) позволяют установить этнолингвистическую карту прошлого. Многослойность топонимов в пределах какой-либо территории может

свидетельствовать об их различной языковой принадлежности, что позволяет установить былые миграции народов [7]. С помощью гидронимов можно объяснить происхождение названий многих географических объектов.

Структурно-грамматический анализ изученной топонимии Костанайской области позволил сделать выводы об источниках образования топонимов, установить их наиболее продуктивные

структурные и словообразовательные типы. Исследованные нами структурно-словообразовательные особенности, анализируемой группы лексики, способствуют более полному представлению об уникальной топонимической системе указанного региона. Перспективой такого анализа может стать образование новых топонимов в различных топосистемах на территории Костанайской области.

Список использованных источников

1. Субботина Т. В. Локус, топос, урбоним, микротопоним: к вопросу о содержании пространственных понятий // Вестник Челябинского государственного университета. 2011. № 24 (239). Филология. Искусствоведение. Вып. 57. С. 111-113.
2. Абиль Е.А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 2 (Карабалыкский, Федоровский, Костанайский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2010. - 294 с.
3. Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 3 (Тарановский, Денисовский и Житикаринский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2010. - 260 с.
4. Кузембайұлы А. и др. Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Часть 4 (Аулиекольский, Камыстинский, Наурзумский районы). - Костанай: ТОО «Центрум», 2012.- 300 с.
5. Топонимика. Энциклопедический справочник. – Алматы: ТОО «Аруна Ltd.», 2010. – 816 стр.
6. Ibragim A (2015) Some Structural and Grammatical Features of Hydronyms of the Kostanay Region. ISJ Theoretical & Applied Science 05 (25): 169-172. Doi: <http://dx.doi.org/10.15863/TAS.2015.05.25.32>
7. Ибрагим А.Е. Лексико-семантические особенности гидронимов Костанайской области // «Наука и образование в условиях глобализации: сегодняшнее состояние и перспективы»: Сб. научн. Материалов Республиканской научно-практической конференции, 06 мая 2014 г., Актобе, КРМУ. – Актобе: Дизайн-студия «Палитра», 2014. – 275 стр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ГИДРОНИМДЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АНАЛИЗИ

Ибрагим Айым Едігеқызы

Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасы

Аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасы Қостанай облысы гидронимдерінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері қарастырылған. Материалды талдау қорытындысы, авторға, гидронимдер құрылуының негізгі құрылымдық модельдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: гидроним, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктер, топоним, Костанай облысы, Қазақстан Республикасы.

LINGUISTIC ANALYSIS OF HYDRONYMS OF KOSTANAY REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Aiym Ibragim

Department of Kazakh, Russian Languages and Literature

Senior Lecturer, Master of Humanitarian Sciences

Abstract: The article deals with the lexical and grammatical features of the hydronyms of the Kostanay region of the Republic of Kazakhstan. The analysis of the material allowed the author to determine the main structural models for the formation of hydronyms.

Keywords: hydronym, lexico-grammatical feature, toponym, Kostanay region, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 37.091.39

ЖОО-ДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Какина Динара Шілдебайқызы

Педагогика және психология кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

kakina81@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада интерактивті әдістердің енгізілу маңыздылығын қарастыра отырып, қазіргі жоғары оқу орындарында білім беру сапасын көтеру, студенттердің даярлығын жетілдірудің басты бағытын, жоғары оқу орындарында интерактивті әдістерді қолдану ерекшеліктері зерттеліп және қолданылу кезеңдері қарастырылады.

Түйін сөздер: интерактивті оқыту әдістері, интерактивті технология, болашақ педагогтарды даярлау, білім беру.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қойып отыр. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның өлшемі - функционалдық сауаттылық. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу- бүгінгі күннің мақсаты.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы мемлекеттің білім беру саясаты ғылым, білім және өндірістің әрекеттестігі арқылы жетекші әлемдік үрдістерді есепке ала іске асырылады.

Интерактивті оқыту әдістерін игеруде білім алушылар мынандай құзырлылық, машықтарды иемденеді: терең және жүйелі ойлану; ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін тандап алу; ақпаратты жан-жақты талдау және бағалау; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу; шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу: өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті тереңінен сезіну; басқалармен тиімді

қарым-қатынас құру. Бұл дағдылар мен құзыреттіліктер болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін емес проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді [1].

Мұндай мақсатта жоғары оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі мен технологиясы ретінде интерактивті әдістемені таңдауы қажет.

Интерактивті оқыту жоғары оқу орындарында келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиториямен);
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- оқу, рөлдік және өндірістік (іскерлік) ойындар;
- пікірталастар;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай, т.б.);
- шығармашылық жұмыстар;
- жағдаяттар (ситуациялар) арқылы үйрену: нақты ситуацияларды талдау, кейс стадия;
- презентациялар;
- компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- тренингтер;

- интервью;
- сауалнама т.б.

Интерактивті оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанғандықтан, бұл жерде әсіресе бірлескен топтық жұмыс әдістерінің маңызын баса айту керек: олар өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылады, дүниетаным қалыптастырылып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық үйренушілердің жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Бірлескен жұмысты еңбек пен танымның ең тиімді және өнімді әрекеті деп ұйғаруға болады. Дәстүрлі сабақта үйренушілердің жұмысқа жұмылдыру оқытушының тарапынан қатаң талап қою арқылы жүзеге асырылады (мәселен, бұйрық, нұсқау, жарлық, үкім арқылы).

Ал топтық жұмыста үйренушілерді белсенділендіру кеңес, сұраныс, ұсыныс арқылы жасайды. Дәстүрлі сабақта оқытушының өзі үйренушілердің жұмысын бақылауға алса, топтық жұмыста бақылауды топ мүшелерінің өздері жүргізеді. Топтық жұмыс үйренушілерде ұжымдық сезім қалыптастырып, бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, студенттердің жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады. Бірлескен жұмыс барысында шағын топ мүшелерінің (ең тиімдісі әр топ құрамында 4,5 студент болғанда, ары кеткенде 3-тен кем емес, 6-дан артық емес) барлығы да өзара қарым-қатынасқа негізделген (интерактивті) әрекеттерді атқарады (мәселен, тыңдай білу, өз пікірін ұтымды және дәлелді түрде жеткізе білу, ортақ пікір қалыптастырып, бір мәмілеге келу, туындаған егес пен дау-дамайларды шеше білу, бірлесе шешім қабылдау). Мұнда біреудің жұмыстан тыс не қалыс қалуы екіталай: барлығы да қызу әрекетте болады, барлығы да жұмыстың қорытынды нәтижесіне өз үлесін қоса отырып әрекет жасайды.

Әрекеттің мәні тек белгілі бір нәтижеге жетуде ғана емес, сол әрекеттің орындалу процесінде адамның ақыл-ой белсенділігінің артып, жалғастық табуында. Белсенділік - адамға тән қасиет ретінде, рухани қажеттілік ретінде қанағат сезімін тудырады [2].

Сол себепті де интерактивті оқу және оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің маңыздылығы негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде танылады. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары. Заман көшіне ілесе отырып жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу барша оқытушылардың алдында тұрған негізгі міндеттері екенін түсіне отырып, әр оқытушы ұстаздар өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістерге сай әртүрлі тәжірибелер жөніндегі мәліметтерде жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, келесі ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбиемен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – оқушының басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда оқытушының шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ахмет Байтұрсыновтың «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек» [3]. - деген ойы да осының айғағы секілді.

Дәстүрлі оқыту кезінде білімді оқытушы береді және оқушы - жазуға болатын «таза ақ парақ тәрізді», білімді «қапталған», құрылымдандырылған күйінде алатын болса, ал шеберлікте жүргізілетін сұрақтардың барлығы бойынша сабақтың басында қатысушылар өзінің гипотезаларын, ойларын, модельдер құрылымын, сызбаларын және т.б. алға тартады. Оқушылардың нұсқалары,

жаңалықтары - бұл сәйкесінше қатысушылар игеретін танымдық, ойлау және әрекет ету мүмкіндіктерінің жеке құрамы.

Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторларында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде, оқу процесінің мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып білу процесін ұйымдастыру және ондағы коммуникациялар түрлерінде т.б. [4].

Салыстырмалы түрде сипаттай кетсек. Дәстүрлі сабақтарда мұғалімнің міндеттері, атқарар істері ұшан-теңіз. Ол тыңдайды, сұрақ қояды, жазады, түсіндіреді, көрсетеді, тексереді, бағалайды. Мұнда белсенділікті мұғалім атқарады.

Ал дамыта оқытуда барлығын өзі айтып түсіндірмейді, ол мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетектейді. Осылайша оқушы қоғам, ғылым шешіп қойған, бірақ ол үшін жаңа болып табылатын мәселені шешуге кіріседі, оқу әрекетімен айналысады. Яғни дайын үлгі бойынша білім алуға үйренген баланың шығармашылық қабілеттері шектеліп, табиғи мүмкіндіктері жойылады. Ал әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез-келген мәселені тез шешуге үйренеді. Ондай сыныптарда белгілі бір мәселе төңірегінде пікір алмасулар көп уақыт та алмайды, қайта оқулықтан, бағдарламадан тыс дүниелер туралы хабарлар алуға жол ашады.

Қорыта келе, дәстүрлі оқытуда балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл, сана бар деп есептеп, сол ақылға дайын білімді құю керек деген көзқарасқа, ал дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын ұстанымдарға негізделген. Дәстүрлі оқыту жаттауға, есте сақтау, ал

дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді [5].

Шебер мен оқушының кейінгі жұмысының жетілуіне алып келетін шеберлік барысында оқушыда пайда болған сезімдердің көрінісі; бұл шеберліктің барлық сатысындағы анықталған жетістіктер мен жеңілістердің талдауы, бұл өзінің қателігін сезіну және осы кедергіні оны жеңу нәтижесінде шешу.

Рефлексия барысында әртүрлі ойлау жұмыстары жүргізіледі:

- шеберлікте қолданылған және қатысушымен меңгерілген қызмет әдістерінің талдануы және бекітілуі мүмкін;

- жеке оқушымен, топта немесе барлық сыныппен құрылған білімі талданады;

- шешілмеген мәселелер белгіленеді, «білімсіздік аймағы» анықталады;

- алдағы ізденіс жұмыстары туралы шешім қабылданады: жобалар тақырыбы таңдалады, меңгеру және талдау үшін сұрақтар ұсынылады және т.б.

Ю.К.Бабанский былай деп атап көрсетеді: «қандай да қызмет тәсілін игеру іскерлік деп аталады. Нақты мүмкін болғанға дейінгі автоматтандыруға жеткізілген іскерлік дағды ретінде сипатталады... бұл оқу үдерісінде біртегізде қандай да бір іскерліктің және соған сәйкес дағдының қалыптасқандығын білдіреді» [6].

Оқытудың жаңа технологиясын жете меңгеріп, оны оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдап пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, жиірек қолданылып, практикаға енуде [7].

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл технологияның өзін оқытушы түрліше іске асыруы мүмкін. Бұл

жерде технологияны жүзеге асырудағы - тұлғаның компоненті, белгілі бір ерекшеліктерге елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті - оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі роль атқарады.

Жаңа технологияны жоспарлау оның нақты шарттарын таңдау болып табылады. Ол тұлғаның жеке ерекшеліктерін зерттеуді және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-қимылды, олардың дайындығының шарттарын таңдауды талап етеді [8].

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді.

«Технология» түсінігі біркелкі емес түсіндіріледі. С.Смирнов оны төмендегідей анықтайды:

- оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде (бақылау жұмысын орындау технологиясы, қарым-қатынас технологиясы);

- нақты педагогикалық жүйенің синонимі ретінде (оқытудың «дәстүрлі» технологиясы В.В.Давыдовтың, Д.Б.Эльконинның мектепке арналған жүйесі және т.б.) [9].

Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу - оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудағы негізгі буыны. Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру - өте күрделі құбылыс. Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелі жемісін беруде.

Технология инновациялық іс-әрекет арқылы оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта нақты тұжырымды ғана мақсат қоя отырып, жоғары нәтижеге жетуді талап етеді.

Қазіргі орта білім беретін мектептерде түрлі әдістемелер арқылы, әртүрлі сабақ түрлері арқылы білім беру жолға қойылған. Сонымен қатар жаңаша түрлері, қазіргі заманға сай айтқанда инновациялық түрлердің де қалыпты тәсілдермен ұштасып жалғасуына

жағдайлар жасалуда. Оқыту әдістерінің активті, пассивті және интерактивті түрлеріне ерекше көңіл бөлінуде.

Интерактивті технологиялар мен әдістерді қолдана отырып өткізілетін интерактивті модельді сабақ түрлеріне И.П. Подласый тоқтала келе мынадай сипаттама береді:

- шағын топпен жұмыс-жұптасып жұмыс істеу, ротациялық үштік, екілік, төрттік, бірлестік;

- қиын тақырыпты мазмұндамамен лекециялық жұмыс;

- эвристикалық әңгіме;

- семинар сабақтар (сөз сайысы, талдама ретінде);

- конференция;

- рөлдік ойын;

- мультимедиа құралдарын пайдалану;

- толыққанды бірлесіп жұмыс жасау әдісін пайдалану;

- жүйелеу технологиясы немесе жоспарлау әдістері (сабақтан тыс жұмыстар) [10].

Енді осы сабақ түрлеріне тоқтала отырып, интерактивті оқытудың негізгі мақсатын қарастырсақ. Мұндағы басты мақсат - бала қабілетінің жан-жақты дамуы. Сондықтан баланың жан дүниесінің өсуіне, ашылуына өзіндік жұмыстар жасау, ой - өрісін дамытуға арналған тапсырмаларды жиі пайдаланған тиімді.

Сондықтан осы бағытта жұмыс жасаған оқытушы интерактивті әдісті пайдалана отырып білім алушылардың білім алу барысындағы өсу жолын және сол алған білімдерін толықтай бекітулерін қадағалағаны дұрыс. Бұл әдісте балаларға әр түрлі рөлдер бөліп беріп шартты жағдайларға байланысты шешім және шешімдеріне қабылдауға және сол жағдайларға талдау жасау арқылы алған білімдерін тереңдетіп және толық бекітуіне жағдай жасайды. Интерактивті әдістеме бойынша сабақ өткізу оқытушының өте тәжірибелі және білікті болуын талап етеді. Өйткені бұл әдістеде

мұғалім сабақты өте белсенді түрде өткізеді.

Интерактивті технология негізінде тиімді оқытудың негізгі талаптары:

- тиімді қарым-қатынаста болу- топ мүшелері бір бағытта жұмыс жүргізсе істері сәтті болатынын білуі керек;

- тиімді бірлестік- топ мүшелерінің тиімді қарым-қатынасының болуы;

- жеке жауапкершілік- мұнда әр білім алушы өзіне тапсырған тапсырманы жақсы игеруі тиіс, топтасына көмекке келуге дайын болуы керек. Сонымен қатар үлгерімі жоғары білім алушы үлгерімі төмен білім алушының сабағын жасамауы керек;

- бірлесіп жұмыс істеуді ұштау - білім алушылар өзара сұрақ қою, жұмыстарын бөлу және жоспар құрау арқылы нығайту керек;

- жұмыс бағалау – топ жиналыстарында әдейі уақыт бөліп топ жұмысына әрдайым баға беріп отыру керек [11].

Қорыта келе, интерактивті оқыту технологияларын меңгерудің маңыздылығы оқытушының оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқытудың озық технологиясын меңгеру оқытушының кәсіптік шеберлігіне байланысты. Бұл әрбір оқытушыны ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді.

Сондықтан да әрбір оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал білім алушының білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану мәселелері. Оқу құралы. - Алматы, 2013.-76
2. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру: Оқу әдістемелік құрал. – Алматы 2003.-86.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992. –446 б.
4. Кертәева Ф. Дамыта оқыту идеясын жүзеге асыру. // Қазақстан мектебі. №6. 2002
5. Жапбаров А. Дамыта оқытуда оқушылардың әрекетін ұйымдастыру жүйесі. // Изденіс. №2. 2004.
6. Бабанский Ю.К., Поташник М.М. Оптимизация педагогического процесса. - Киев.: Радянська школа, 1984. - С. 4-56.
7. Жазықбаева Ұ. Жаңа буын оқулықтарымен оқытудың технологиясы. //Бастауыш мектеп, №3. 2003.
8. Кукушин В.С. Современные педагогические технологии в начальной школе. -Ростов на Дону: изд-во «Феникс», 2003.-448 с.
9. Барсай Б. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамалары // Бастауыш мектеп. – 1999. - № 8-9. – С.19-21
10. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс:учебник для студ.пед.вузов.-М.: ВЛАДОС, 1999.- Кр.1:Общие основы. Процесс обучения.-576с.
11. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления УВП. М.: НИИ школьных технологий, 2005.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ В ВУЗАХ

Какина Динара Шилдебайқызы

Кафедра педагогики и психологии

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Основная цель статьи описание процесса внедрения интерактивных методов – как основное направление повышения качества образования в ВУЗах, в том числе и совершенствования подготовки студентов, а также в нейрассматриваются особенности методов и этапов использования интерактивных технологий.

Ключевые слова: интерактивные методы, цель, технология, подготовка будущих педагогов.

EFFICIENCY OF APPLICATION OF INTERACTIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATIONAL PROCESS IN HIGHER SCHOOLS

Dinara Kakina

Department of Pedagogy and Psychology
Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

***Abstract:** This article describes the integration of interactive methods of teaching as the main way to improve the quality of higher education including the improvement of students' qualification. The article also considers the specialties of the stages and steps of using interactive teaching technologies.*

***Keywords:** methods of interactive teaching, interactive technologies, student, purpose.*

ӘОЖ: 528.942

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА СЕМИНАР САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Каненова Гүлжихан Тулеубаевна

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі
toleubaevna.gulzhi@mail.ru

***Аңдатпа:** Берілген мақалада семинар сабақтарында интерактивті оқытудың әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Жаңа технологияларды дамытудың нәтижесінде оқу үрдісінде әртүрлі интербелсенді әдістердің негізінде оқытушының ролін өзгертуге мүмкіндіктер алу аспектілерін қарастырады.*

***Түйін сөздер:** тарих, семинар, әдіс-тәсіл, оқыту, студент, интербелсенді, дағды.*

Әлемде болып жатқан бүгінгі әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу-тәрбие үрдісін де кәсіби деңгейде ұйымдастыру заман талабына айналды. Сондықтан, жоғары мектептердің алдына тұрған негізгі міндеттердің бірі-болашақ бәсекеге қабілетті мамандарды дайындап шығару. Бүгінгі таңдағы білім берудің жоғары мектебі-болашақ маманды даярлап, кәсіби маман болып қалыптасу кезеңіндегі білім ордасы. Осы білім шаңырағының мәртебесі ұстаздың қызметімен тығыз байланысты. Ал, ұстаздық қызмет тек жаттап алған ақпараттарды бір қалыпта өзгеріссіз студенттерге айта беруден ғана тұрмайды. Қазіргі заман маманның білімді, саналы, жан-жақты қалыптасқан маман даярлауды талап етеді. Әрине, мұндай да қоғам дамуындағы ерекшеліктерді ескере отырып оқыту және тәрбиелеу ісі аса маңызды. Әсіресе, интернет ресурстарындағы дайын ақпараттар жағдайында студенттерді өз бетінше жұмыс жасау қабілетін қалыптастырып, аналитикалық талдау және шығармашылық белсенділігін арттыру ісі өзекті мәселе болып табылады. Жоғары мектептің бүгінгі студенті-ертеңгі маман. Ал, маманның кәсібилігі ең бірінші білімділігі және тәжірибелігімен

өлшенетіндігі шындық. Сол себепті де, қазіргі заман талабын жете түсінген әрбір оқытушы оқу әдістемелік жұмысын үнемі жетілдіріп отыруға міндетті. Бүгінгі күнгі Қазақстанның жоғары мектептеріндегі оқытушылардың қызметі жауапкершілікке толы. Оқытушылар ғылыми жұмыс және қоғамдық жұмыстармен қатар, студенттерге сабақ берудің әдістерін де сәтті жетілдіруі тиіс[1].

Дәріс барысында алынған мәліметтерді бекіту үшін жоғары мектептерде семинар сабақтарын дұрыс ұйымдастыру маңызды мәселе болып табылады. Ал, оның дұрыс ұйымдастырылуы үнемі ізденіс пен жаңашылдықты талап етеді. Біздің пікірімізше, дұрыс ұйымдастырылған семинар сабағы оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастарды өзара тиімділікке негіздейді және білім алушының оқу үдересіне қатысу белсенділігін арттырып, білім беру ісінің нәтижелі болуын қамтамасыз етеді.

Семинар сабағы тақырып бойынша оқу материалдарын игерудің қорытынды кезеңі болып табылады. Сол себепті де мұндай сабақта студенттердің өздік жұмысы қорытындыланып, бағаланады.

Лекция сабағымен салыстырғанда семинарда салмақ толығымен студент

жағына ауысады, студент бұл сабақтарда негізгі рөл атқарады.

Семинар сабағында студенттер:

-теориялық мәселелерді тереңінен қарастырып, оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады.

-пән тақырыбын (тарауын) жан-жақты зерттеу арқылы білімін бекітеді.

-талқыланатын проблеманы түсіндіру, талқылау, талдау және бағалау әрекеттері арқылы өз пікірлерін, ұстанымдары мен позициясын келтіреді.

-талдау қабілеттерін дамытып, ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларды құрастырады, оларды негіздейді[2,256 б.].

Тарихи тақырыптарды оқытудың да өзіне тән әдістері бар. Бұл әдістерді оқытушы әр тақырыптың ерекшеліктеріне сәйкес қолданады. Ал, педагогикалық әдістер студенттің білім алуына зиянын келтірмейтіндей және оқу тәрбие үрдісін жетілдіру бағытында қолданылуы қажет.

Қазақстан тарихы пәнінің тақырыптық жоспарындағы кез-келген мәселе өзіндік зерттеу жұмысына арқау бола алады, демек ауқымдылығымен ерекшеленеді. Осыған қарамастан тақырыпты семинар барысында игеруге берілген уақыт аздық ететіні сөзсіз. Сол себепті, оқытушының алдындағы негізгі міндеттердің бірі-студенттерге қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсыну болып табылады. Оқытушы тарапынан берілетін ақпараттардың мазмұнына қарай жүйелі болса, студенттерге тақырып бойынша талап етілетін негізгі ақпараттар мен білікке ие болу мүмкіндігі де мол болмақ. Сондықтан, студенттер ақпаратты жоғарғы деңгейде игеріп, тәжірибеде бекіте алу үшін тиімді әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды. Оқытушы өз алдына қойылған мақсатқа жету үшін студенттермен арадағы қарым-қатынас мәселесін дұрыс шеше алғаны дұрыс. Оқытудың күштеу және мәжбүрлеу, авторитарлық әдістері тиімсіз екендігін тәжірибе көрсетіп берді.

Сондықтан, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастар өзара түсіністікке негізделген байланыстардан тұрғаны абзал. Оқытушы мен аудитория арасында диалогтық қатынас орнауы керек. Нәтижесінде, семинар жұмысындағы күрделі мәселелер бірлесе шешіледі.

Семинар сабақтарының түрлері өте көп. Топтың белсенділігі мен топтағы студенттердің санына байланысты оқытушы өзіне тиімді болып саналған әдіске таңдау жасайды. Әрине, дәстүрлі түрде семинар жұмысын ұйымдастыру көп жағдайда студенттер үшін қызықты бола бермейді. Дәстүрлі түрдегі семинар сабақтары көбінесе баяндамалық сипатта өткізіледі және арнайы берілген үй тапсырмаларын ауызша не жазбаша сұраудан тұрады. Алайда, бұл әдіс көп жағдайда студенттердің белсенділігін төмендетеді. Себебі, көп жағдайда студенттер саны көп және әркім өзі тапқан дерек мен зерттеулердегі мәліметтермен бөлісіп, сабақ айтуды жөн санайды. Оқытушы барлық студенттердің пікірін тыңдауы керек. Алайда, уақыттың тапшылығынан барлық студенттерді тыңдау мүмкін емес. Осы себептен, дайындығы бар студенттердің сабақ айта алмауы бірнеше рет қайталанса, сабақ айту мен дайындалуға деген ынта жоғала бастайды және тақырыпқа деген қызығушылықтарын төмендейді. Ал, семинар жұмыстарына әр студенттің белсенді қатысып, жоспарланған әр тақырып толық қызығушылықпен талданғаны маңызды. Сондықтан, мұндай олқылықтың орын алмауы үшін оқытушы семинар жұмыстарын тиімді әдістерді пайдалану арқылы өткізгені дұрыс және оқытушы неғұрлым аудиториямен байланыс орната отырып, белсенділікке негізделген семинар жұмысын ұйымдастырғаны абзалырақ. Хуторской А.В. семинар сабақтарын төмендегідей сыныптайды:

1. Дидактикалық мақсатына қарай (сынақ-семинар, семинар-талдау, баяндамалық);

2. Өткізілу әдісі мен тәртібіне қарай (зерттеу, дөңгелек үстел, пікір-талас, жобалау, іскерлік және рөлдік ойындар, ми шабуылы және т.б.);

3. Студенттердің өзара байланысына қарай (жекелей, жұптық, топтық).

Роджерс бойынша «еркін» оқу тәсілі.

Психотерапияның негізін салған ол, студентті өзінің табиғи ресурстарын, ақылын, адамдық қасиетін дамыта алатын тұлға ретінде көреді. Сонымен қатар, оқу үдерісі барысында және одан тыс уақытта кез-келген мәселеде өзіндік шешім шығарып, өз бойында жоғары құндылықтар қалыптастыра алатын, жауапкершілігі мол тұлға ретінде көреді[3].

Ол сабақ жүргізудің дәстүрлі емес принциптерін жасап шыққан. Ондағы негізгі идея «оқытудағы еркіндік» немесе оқытушы мен студент арасындағы байланыстарды мейлінше қарапайым ету. Бұл әдіске сай семинар сабағында оқытушы студенттің бойында белсенділікті тудырып, берілген тапсырмаларды өз бетінше шеше алу дағдысы мен өзіндік шешім шығара алу қасиетін қалыптастыруы керек.

К.Роджерстің пікірінше дәстүрлі сабақ тек алдын ала берілген тапсырмалар аясында өрбиді және сабақ көбінесе авторитарлық жағдайда өтеді. Ал, «оқытудағы еркіндік» жағдайында студенттер өз бетінше, өз шамасы мен дәріс барысында берілген бағыт-бағдарға сай әрекет етіп, өзін-өзі дамытып, тұлға ретінде қалыптаса алады. Бұл үшін оқытушы өзінің қатал ұстанымдарын өзгертіп, ол тек кеңесші немесе психотерапевт қызметін атқарады. Нәтижесінде, студенттер семинар айту барысында кателісуден қорықпай, мәселені еркін талдап, оқытушыны өз

топтарының белсендісі және тәжірибе мен білімнің бастауы деп көреді[4].

Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» -«әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

«Интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші — өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

— барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

— әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін

ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;

— үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;

— терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

— өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

— оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін

қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;

— пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу. Бұл тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттердің аудиториясында ғана орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді [5, 204 бб.]. Бұдан жасайтын қорытынды жоғары оқу орындарында

интербелсенді оқу /оқыту білім игеру процесін ұйымдастыруда студенттердің барлығын дәріс, семинар және өзіндік жұмыс сабақтарында бірлескен таным процесіне белсенді араласуға, жеке студенттің өзінің үйренгені мен білімін ортаға салып талқылау, өз ойларын талдауға, пікірталас, өз пікірін дәлелдеу және т.б. негізде ұйымдастыруға болады.

Жоғары оқу орындарында интербелсенді семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, пікірталас талас, оқу пікірсайысы; «Сократтық ойындар», ойындық жобалау; ми шабуылы, дөңгелек үстел, конференция сабақ және тағы басқалар жатады [6, 17 б.]. Көрсетілген интерактивті әдістердің кейбірінің семинар (практикалық) сабақта қолданылуына тоқталып өтсек. Интербелсенді семинар сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты оқытылып отырған курстағы мәселелерді студенттердің меңгеру деңгейін, олардың ұстанымдары қаншалықты нық екендігін анықтау және бүгінгі күндегі күрделі, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шындау болып табылады.

Белсенді әдістердің семинар сабақтарында пайдаланылатын тиімді түрлеріне: пікір сайыс семинар, семинар пресс-конференция болып табылады. М.В.Короткованың «Тарих сабағындағы ойындар мен пікір-сайыстар өткізу әдістемесі» деген еңбегінде интерактивті әдістің екі тәсілін ойын арқылы қатысушыларды оқыту мен пікір сайыс туралы баяндайды. Әдіскер сабақтың дәстүрлі емес қолданылатын түрлі ойын жіктеулері мен пікір сайыстарды пайдаланудың тиімді жолдарын көрсетеді [7, 256 бб.]. Ал пікір –сайыс семинардың бірнеше түрі бар, олар: құрылымдық немесе регламенттік пікір –сайыс, ойындық модельдеу элементтермен

сипатталатын пікір –сайыс, жобалық мәселені талқылау болып бөлінеді. Жобалық мәселені талқылау пікір–сайыссеминарға тоқталатын болсақ, алдымен оған дайындықтан бастайық. Айталық Қазақстан тарихынан «Шыңғыс хан тарихи тұлға» деген тақырыпта өтетін семинар пікір сайысқа қатысатын әрбір студент үшін, топтың алдын–ала және тиянақты дайындығын қажет етеді. Сабақтың нәтижелі, әрі қызықты болып өтуі үшін оқытушы семинардың мәселелері бойынша алдын ала оппоненттерді дайындап қояды. Пікір–сайыс барысында оппонент студенттердің дайындалған мәселелерді шешу үшін студенттердің тақырыптың мәселелері бойынша толық дайындалуларына тура келеді.

Пікірсайыс семинарында тақырыптың көтеріп отырған мәселелері бойынша алдын–ала дайындалған тезистер ұсынуға болады. Сондықтан студенттердің семинарда жұмыс жасауының белсенділігін арттыру үшін дискуссиялық мәселе бойынша «Шыңғыс хан тарихи тұлға» ретінде екі түрлі пікірлерді ұсынатын баяндамалар, бірі оның тарихи тұлға ретінде мықты қолбасшы, саясаткер екендігін, ал екіншісі оның қанішер, жауыз ретінде, яғни біріне –бірі қарама қарсы баяндама жасауы туралы тапсырма берілуі қажет. Пікірсайыс семинарына дайындықтың негізгі кезеңі, басқа да семинар түрлеріне дайындық секілді студенттердің өз бетінше алғашқы дерек көздерімен және семинарға ұсынылатын әдебиеттермен тыңғылықты жұмыс жасауы болып табылады. Пікірсайыс семинар сабағында жоспар бойынша қаралатын сұрақтардан да басқа жақсы құрастырылған және нақты шиеленіс тудыратын мәселеге байланысты қосымша сұрақтар бойынша студенттің ізденуі мен дайындалуына жол салады. Пікірсайыс семинар сабағының өту барысына тоқталсақ, ол алдымен диспут арқылы, яғни диспут- дегеніміз ол ойлардың

қақтығысы, яғни белгілі тақырып бойынша топтарға бөлінген студенттер «Шыңғыс хан тарихи тұлға» ретінде мықты қолбасшы, саясаткер екендігін, ал екіншісі оның отпен өртеп, қылышпен қырып, жауыз, қанішер деген өз көзқарасын қорғап шығу болып табылады. Моңғол жаулаушылығы дәуіріндегі Қазақстандағы тарихи жағдайлар мен оқиғаларға, студенттердің өзіндік пікірлерін қалыптастырып, Шыңғыс хан туралы көзқарастарды тарихи талдай білуге үйрету. Пікірсайыстың қызықты өтуі баяндамашыға байланысты, егер ол нақты мәселені дәл айтып, қажетті аргументтермен дәлелдей алса, аудиторияда көтеріліп отырған мәселені шешуге байланысты қызығушылықтарын танытады. Ал студент пікірсайыстың барысын бақылап, егер теориялық тұрғыдан қателіктер болса бірден жөндеп отыруға міндетті. Көңіл аударатын мәселе пікірлердің қысқалығына, мазмұндылығына және образдығына мән берілуі керек. Пікір – сайыстың дұрыс бағытталуына нақты және уақытында қойылатын қосымша сұрақтарға да байланысты. Пікірсайыс семинар сабағына байланысты оқытушының сұрақтары: нақтылық, мағыналық және сұрақтың мәселеге байланыстылығы сияқты ережелерді ұстануы керек. Оқытушы пікірсайыс семинар кезінде айтылған дәлелдерге және идеяларға қайта орала отырып, қорытынды жасап, балдық жүйемен бағалайды [8, 63-64 бб].

Сонымен интербелсенді семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді

қолдану арқылы студенттің еркін ойлануына, ақыл-ойын дамыуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр студенттің білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, шығармашылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады. Интербелсенді әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді [9, 93 б.].

Елбасы, Н.Ә.Назарбаев: «...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру -бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры- ұстаздардың қолында» деп, атап көрсеткендей, бүгінгі ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет жүктелгенін байқаймыз. Егер, өткен уақыттарда таным процесін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгерту керек [10]. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатқан жоғары оқу жүйесінде Балонья үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Рысбаева А.Қ., Қонырбаева С.С., Жоғарғы оқу орындарындағы білім мазмұны және оқу технологиялары. /Дәріс жинағы /-Алматы, 2010
2. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.– Алматы, 2010.
3. Әбдіғаниев Қ. Осы заманғы педагогикалық технолоиялар/ Қазақстан мектебі, 2011/№2, 8-13 б.
4. Айтмамбетов Б.Р.Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері/23 лекция/, -Алматы, 1991.
5. Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі. –Шымкент., -Нұрлы –бейне баспаханасы, -2008., -204б.
6. Молдағалиев Б., Махимова А. Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. //Қазақстан мектебі - 2006., №9., -15-17бб.

7. Короткова М.В. Методика преподавания игр и дискуссий на уроках истории. –М.Владос, 2001. - 256с.
8. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы -2009. -63-64 бб.
9. Әбдіғұлова Б.Қ. Қазақстан тарихы сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін пайдаланудың әдістемелік жолдары. -Алматы., -ҚазҰПУ, 2012. -93 б.
10. Әбдіжәміев К Тарих сабағында интерактивті оқыту әдістемесін қолдану//Қазақстан тарихы әдістемелік журналы №5.2004.

ВАЖНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА СЕМИНАРСКИХ ЗАНЯТИЯХ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Каненова Гульжихан Тулеубаевна

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель, магистр гуманитарных наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются формы и методы интерактивного обучения на практических занятиях. Раскрываются такие аспекты как возможности изменения роли преподавателя с помощью внедрения в учебный процесс различных интерактивных методов, как следствие развития современных технологий.

Ключевые слова: история, семинар, методика, обучение, студент, интерактивный, навыки.

IMPORTANCE OF USING THE NEW TECHNOLOGY AT HISTORY KAZAKHSTAN'S PRACTICE LESSONS

Gulzhikhan Kanenova

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics

Senior Lecturer, Master of Humanitarian Sciences

Abstract: This article observed the interactive forms and methods of online learning, which apply in the classroom. Reveals different aspects such as the possibility of the emergence of fundamentally change the role of teachers through the introduction of the system of course a variety of interactive methods that have emerged due to the development of modern technology.

Keywords: history, seminar, methodology, educating, student, interactive, skills.

ӘОЖ 372.851

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫН ИГЕРУДІҢ ЭМПИРИКАЛЫҚ ӘДІСІ

Каримова Динара Мейрамовна

Математика және физика кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

dinar.kar@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада орта мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп бағдарламасындағы ықтималдықтар теориясын игерудің эмпирикалық әдісі қарастырылған. Ықтималдықтар теориясында жиі қарастырылатын кездейсоқ эксперименттер жиынтығы айтылған.

Түйін сөздер: ықтималдықтар теориясы, тәжірибе, элементар оқиға, элементар оқиғалардың ықтималдықтары, оқиғалар, оқиғалардың ықтималдықтары, элементар оқиғалар жиыны.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының материалын игерудің сегіз қадамнан тұратын эмпирикалық әдісі ұсынылған [1, 39 б.]:

1. Бағдарламалық материалдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты әрқайсысы 15-30 минуттан тұратын тақырыптарға бөлінеді. Әрбір тақырып бойынша әрі қарай сараптамадан өтетін әдістемелік ұсыныстар беріледі.

2. Оқушылардың жастарына қарай топтар құрылады.

3. Жастарына қарай құрылған топтардың әрқайсысымен құрастырылған әдістеме бойынша 15-30 минуттық сабақтар жүргізіледі.

4. Тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру үшін уақытқа байланысты екі түрдегі бақылау формасы жүргізіледі: а) Тура сабақтан кейін, б) Жазбаша материалдарды меңгергеннен кейін.

5. Бақылау ауызша сұрау, жазбаша жұмыс және тестілеуді қамтиды.

6. Тақырыпты меңгеру дәрежесі бақылау нәтижелерін статистикалық өңдеу негізінде анықталады.

7. Тақырыптар мен жас ерекшеліктеріне байланысты құрылған топтар бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.

8. Эксперимент нәтижелерін әлеуметтік топтар, өңірлер, елдер т.б. бойынша салыстыруға болады.

Бұл мақалада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгерудің жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері ұсынылады.

1-ҚАДАМ таңдалған тақырып бойынша әдістемелік құралдар дайындаудан тұрады. «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша [2-3, 382 б., 110 б.] оқулықтарының әдістемесі негізінде сабақ жоспары құрастырылды:

Сабақтың тақырыбы: Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары: тәжірибе, тәжірибе нәтижесі, элементар оқиға, элементар оқиғаның ықтималдығы, оқиға, оқиға ықтималдығы, элементар оқиғалар кеңістігі. «Тәжірибе нәтижесінде берілген

оқиға орындалды және орындалған жоқ» дегеніміз не?

Сабақ барысы:

Мұғалім: Оқушылар! Сіздер күнделікті өмірде «болуы мүмкін», «оның орындалуы екіталай», «міндетті түрде орындалады» және т.б. құбылыстарды болжайтын сөз тіркестерін қолданасыздар. Математикада құбылыстардың орындалу ықтималдықтарын сандық сипаттайтын арнайы бөлім бар. Ол ықтималдықтар теориясы деп аталады. Біздер бүгін ықтималдықтар теориясының алғашқы ұғымдарымен танысамыз.

Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдарын беру үшін «Киоск» жәрдемші моделін қарастырайық.

Мұғалім: Оқушылар, киоск нелерден тұрады?

Оқушылар: Киоск тауарлардан тұрады.

Мұғалім: Ал әрбір тауарға не сәйкес қойылады?

Оқушылар: Әрбір тауарға оның бағасы сәйкес қойылады.

Мұғалім: Айталық сіз киоскіге кірдіңіз, одан шыққанда пакетіңіздегі заттардың саны қандай болуы мүмкін?

Оқушылар: Егер маған қажет зат болмаса, бос болуы мүмкін немесе бір, екі, т.с.с. барлық тауарлардан тұруы мүмкін.

Мұғалім: Ал пакетіңіздің бағасын қалай анықтайсыз?

Оқушылар: Оның ішіндегі тауар бағаларын қосамыз.

Демек

Тәжірибе	≡	Теңгені бір рет лақтыру
Тәжірибені жүзеге асыру	≡	Теңгені бір рет лақтырудан тұрады
Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері	≡	$\omega_1 = T$ (елтаңба жағы түсті), $\omega_2 = S$ (сан жағы түсті)

Кесте 1 – Ықтималдық модель және «Киоск» көмекші моделі

Ықтималдық моделі	«Киоск» көмекші моделі
-------------------	------------------------

Мұғалім:

Оқушылар, ықтималдықтар теориясы кездейсоқтықтың математикалық анализі болып табылады. Бұнда тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру және оның барлық мүмкін нәтижелері қарастырылады. Біздер тәжірибе нәтижелері ақырлы жиын болған жағдаймен шектелеміз. Математикада тәжірибе нәтижелерін ω белгілеу қалыптасқан. Оқушылар! Біз әрқашан келесі ретпен жүреміз:

Мұғалім тақтада, оқушылар дәптерлерінде келесі кестені толтырады.

Тәжірибе ↓
Тәжірибені жүзеге асыру ↓
Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері

Енді осы үштікке мысалдар келтірейік.

Мысал 1. Тәжірибе теңгені бір рет лақтырудан тұрсын. Онда тәжірибені жүзеге асыру – теңгені бір рет лақтыру. Нәтижесінде теңге елтаңба (оны «Т» арқылы белгілейік) немесе сан (оны «S» арқылы белгілейік) жағымен түседі. Сонда, біздің жағдайда екі нәтиже бар: $\omega_1 = T$ (елтаңба жағы түсті) немесе $\omega_2 = S$ (сан жағы түсті). Осы тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері. [4, 144 б.]

Элементар оқиға	Тауар
$\omega_1, \omega_2, \dots, \omega_n$	
Элементар оқиғаның ықтималдығы	Тауардың бағасы
$P(\omega_1) = p_1, P(\omega_2) = p_2, \dots, P(\omega_n) = p_n$	
Элементар оқиғалардан құралған А оқиғасы	Қандайда бір тауарлардан құралған пакет
$A = \{\omega_{i_1}, \dots, \omega_{i_k}\} (k = 1, 2, \dots, n)$ немесе бос пакет $A = \emptyset$	
А оқиғасының ықтималдығы - P(A)	P(A) – А пакеттің бағасы
$P(A) = P(\{\omega_{i_1}, \dots, \omega_{i_k}\}) = P(\omega_{i_1}) + \dots + P(\omega_{i_k}) = p_{i_1} + \dots + p_{i_k}, P(\emptyset) = 0, p_1 + p_2 + \dots + p_n = 1.$	
Элементар оқиғалар жиыны	Киоск
$\Omega = \{\omega_1, \omega_2, \dots, \omega_n\}$	

Ықтималдық модель мен «Киоск» көмекші моделін құруға мысалдар келтірейік [5-6].

Мысал 2. Теңгені бір рет лақтырудың «Киоск» көмекші моделін құрайық.

ТАУАР: Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері Т және S. Демек киоск {T;S} тауарларынан тұрады.

ТАУАР БАҒАЛАРЫ: Тауарлар бағаларын қалауымызша анықтаймыз. Т тауарының бағасы p-ге, S тауарының бағасы q-ге тең болсын. Бұл сандарға келесі шарттар қойылады – олар теріс емес болу қажет және $p+q=1$.

ПАКЕТТЕР: Барлық мүмкін пакеттерді ұұрайық: бос пакет – \emptyset ; бір тауардан тұратын пакеттер - {T}, {S}; екі тауардан тұратын пакет - {T, S}.

ПАКЕТ БАҒАЛАРЫ: бос пакеттің бағасы 0-ге тең, бір тауар T-дан тұратын пакетінің бағасы p-ге тең, бір тауар S -тан тұратын пакетінің бағасы q-ге тең, T мен S тауарларынан тұратын пакеттің бағасы, яғни бүкіл киоскінің бағасы $p+q=1$ тең.

Енді осы тәжірибенің ықтималдық моделін құрайық:

ЭЛЕМЕНТАР ОҚИҒАЛАР: Барлық мүмкін болатын элементар оқиғалар $\omega_1 = T$ және $\omega_2 = S$.

ЭЛЕМЕНТАР ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҚТАРЫ: Элементар оқиғалардың ықтималдықтары $P(\omega_1) = P(T) = p$ және $P(\omega_2) = P(S) = q$.

ОҚИҒАЛАР: Барлық мүмкін болатын оқиғалар: $A_0 = \emptyset, A_1 = \{\omega_1\}, A_2 = \{\omega_2\}, A_3 = \{\omega_1; \omega_2\} = \Omega$.

ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҚТАРЫ: $P(A_0) = 0, P(A_1) = p, P(A_2) = q, P(A_3) = p + q = 1.$

ЭЛЕМЕНТАР ОҚИҒАЛАР ЖИЫНЫ: $\Omega = \{\omega_1 = T, \omega_2 = S\}.$

Мұғалім: Сонымен ықтималдықтар теориясында тәжірибе нәтижелері *элементар оқиғалар* деп аталады. Барлық элементар оқиғалардан құралған жиын элементар оқиғалар жиыны деп аталады.

Элементар оқиғалар кеңістігінің кез-келген жиыншасын, бос жиыннан бастап бүкіл кеңістікке дейінгі, яғни, қарастырылып отырған тәжірибе нәтижелерінен тұратын кез-келген жиынды *оқиға* деп атайды [7, 288 б.]. Сонымен

Анықтама 1. Элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы *оқиға* деп аталады.

Сонымен оқиға элементар оқиғалардан құралған жиын болып табылады. А оқиғасында жататын элементар оқиғаларды А оқиғасына *қолайлы элементар оқиғалар* деп атаса, А оқиғасында жатпайтын элементар оқиғаларды А оқиғасына *қолайлы емес элементар оқиғалар* деп атайды [8, 175 б.].

Оқиғаларға мысалдар келтірейік.

Мысал 4. Тәжірибе алдымен тиынды, кейін ойын сүйегін лақтырудан тұрсын. А оқиғасын құрыңыз. Мұндағы А – 3-тен артық емес санның түсуі болсын.

Шешуі. Элементар оқиғалар жиыны

$$\Omega = \{\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_4 = (T,4), \omega_5 = (T,5), \omega_6 = (T,6),$$

$$\omega_7 = (S,1), \omega_8 = (S,2), \omega_9 = (S,3), \omega_{10} = (S,4), \omega_{11} = (S,5), \omega_{12} = (S,6)\}$$

$$\text{және } A = \{\omega_1 = (T,1), \omega_2 = (T,2), \omega_3 = (T,3), \omega_7 = (S,1), \omega_8 = (S,2), \omega_9 = (S,3)\}.$$

Сонымен, оқиға элементар оқиғалардан тұрады. Мысалы, $\omega_1 = (T,1)$ элементар оқиғасы А-ға қолайлы болса, $\omega_6 = (T,6)$ А-ға қолайлы емес элементар оқиға болып табылады.

Мұғалім: Оқушылар, маңызды сұрақтардың біріне көшейік. Эксперимент жүргізіліп, оның нәтижесі белгілі болсын. “Эксперимент нәтижесінде берілген оқиға орындалды” және “Эксперимент нәтижесінде берілген оқиға орындалған жоқ” дегендер нені білдіреді? Бұл сұрақтың жауабы келесідей: жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп айтады және бұл жағдайда берілген оқиғаның басқа элементар оқиғаларының орындалуы мүмкін емес. Эксперимент нәтижесі бір элементар оқиға болады. Әрбір элементар оқиға, оқиғаның орындалу мүмкіндігін арттырады. Егер эксперимент нәтижесі берілген оқиғаның элементі болмаса, онда барлық оқиға орындалған жоқ деп атайды.

Айталық жоғарыдағы мысалда егер тәжірибе нәтижесінде $\omega_3 = (T,3)$ элементар оқиғасы түссе, онда А оқиғасы орындалды, ал егер тәжірибе нәтижесінде $\omega_{11} = (S,5)$ элементар оқиғасы түссе А оқиғасы орындалмайды.

2-ҚАДАМ. Оқушылардың жастарына қарай топтар құрылды. Эксперимент Астана қаласының № 66 мектеп-лицейінде, № 25 орта мектебінде, №11 Негізгі Семеновка мектебінің 6, 7, 8 сынып оқушыларына жүргізілді. Барлығы 6 сынып бойынша экспериментке 30 оқушы, 7 сынып бойынша 25 оқушы, ал 8 сынып бойынша 52 оқушы қатысты.

3-ҚАДАМ. Аталған топтармен 2015 жылдың 22 ақпан мен 6 наурызы аралығында дайындалған әдістеме бойынша 30 минуттық эксперименталды сабақтар жүргізілді:



Астана қаласының № 25 орта мектебінің 6 сынып оқушыларына жүргізілген эксперименталды сабақ барысы



№11 Негізгі Семеновка мектебінің 7 сынып оқушыларына жүргізілген эксперименталды сабақ барысы



Астана қаласының № 66 мектеп-лицейінің 8 сынып оқушыларына жүргізілген эксперименталды сабақ барысы



Астана қаласының № 66 мектеп-лицейінің 6 сынып оқушыларына жүргізілген эксперименталды сабақ барысы

4-ҚАДАМ. Оқушылардың сабақты меңгеру деңгейін тексеру дәл сабақ аяқталысымен ұйымдастырылды, «сол сәтте» тексеру формасы таңдалды. Бақылау формасы тест түрінде жүргізілді. Бақылау формасының 4 нұсқасы дайындалды, солардың біреуін келтірейік:

ТЕСТ

1) Тәжірибе нәтижесі – а) элементар оқиға b) оқиға

c) функция d) ақиқат оқиға

2) Элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы ... деп аталады?

a) оқиға b) элементар оқиға c) ақиқат оқиға d) ықтималдық

3) Тәжірибе тиынды 3 рет лақтырудан тұрсын, Ω элементар оқиғалар жиынын құрыңыз.

a) $\Omega = \{\omega_1 = (T, T, T), \omega_2 = (T, T, S), \omega_3 = (T, S, S), \omega_4 = (T, S, T), \omega_5 = (S, S, T), \omega_6 = (S, T, S), \omega_7 = (S, T, T), \omega_8 = (S, S, S)\}$.

b) $\Omega = \{\omega_1 = TT, \omega_2 = TS, \omega_3 = ST\}$

c) $\Omega = \{\omega_1 = (T, T, T), \omega_2 = (T, T, S), \omega_3 = (T, S, S), \omega_4 = (T, S, T), \omega_5 = (S, S, T)\}$.

d) $\Omega = \{\omega_1 = (T, T, T), \omega_2 = (T, T, S), \omega_3 = (T, S, S)\}$.

4) Тәжірибе жүргіздік, нәтижесі белгілі оқиға орындалды дегеніміз не?

a) жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп айтады және бұл жағдайда берілген оқиғаның басқа элементар оқиғаларының орындалуы мүмкін емес.

b) жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болмаса, онда барлық оқиға орындалды деп айтады.

c) жүргізілген эксперимент нәтижесі элементар оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп айтады және бұл жағдайда берілген оқиғаның басқа элементар оқиғаларының орындалады.

d) жүргізілген эксперимент нәтижесі оқиға ретінде берілген оқиғаның элементі болса, онда барлық оқиға орындалды деп айтады.

5) Бірінші тиын, кейін ойын сүйегі лақтырудың элементар оқиғалар жиынын жазыңыз

a) $\Omega = \{\omega_1 = (T, 1), \omega_2 = (T, 2), \omega_3 = (T, 3), \omega_4 = (T, 4), \omega_5 = (T, 5), \omega_6 = (T, 6), \omega_7 = (S, 1), \omega_8 = (S, 2), \omega_9 = (S, 3), \omega_{10} = (S, 4), \omega_{11} = (S, 5), \omega_{12} = (S, 6)\}$.

b) $\Omega = \{\omega_1 = (T, 1), \omega_2 = (T, 2), \omega_3 = (T, 3), \omega_4 = (T, 4), \omega_5 = (T, 5), \omega_6 = (T, 6)\}$

c) $\Omega = \{\omega_1 = (T, S), \omega_2 = (T, T), \omega_3 = (T, 1), \omega_4 = (T, 2), \omega_5 = (T, 3), \omega_6 = (T, 4)\}$

d) $\Omega = \{\omega_1 = 1, \omega_2 = 2, \omega_3 = 3, \omega_4 = 4, \omega_5 = 5, \omega_6 = 6\} [9-10]$

5-ҚАДАМ – 7-ҚАДАМ. 4-қадамда әзірленген білім деңгейін тексеру құралдар бойынша тақырыпты меңгеру дәрежесін бақылау нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Бақылау нәтижелері кесте түрінде толтырылды. Кесте 3 бағаннан тұрады. 1-ші бағанда сұрақтар саны, 2-ші бағанда осы сұрақтарға жауап берген топтағы оқушылар саны, 3-ші бағанда сұрақтарға жауап берген оқушылар санының пайызы көрсетілген:

Кесте 2 - 6 сынып оқушыларына «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша өткізілген эксперименталды сабақ нәтижесі (барлығы 30 оқушы)

Тест сұрақтары	Сәйкес сұрақтарға жауап берген оқушылар саны	Сәйкес сұрақтарға жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші
5 сұраққа жауап берген	7	23%
4 сұраққа жауап берген	6	20%
3 сұраққа жауап берген	10	33%
2 сұраққа жауап берген	3	10%
1 сұраққа жауап берген	2	7%
Дұрыс жауабы жоқ	2	7%

Сонымен «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгеруде 6 сынып оқушыларының жақсы деңгейде (5 және 4 сұраққа жауап берген) жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші - 43%, 7 сыныпта - 60%, 8 сыныпта - 58%.

Қорытынды: «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгеруге 7 сынып оқушылары жас ерекшелігі жағынан 6 және 8 сынып оқушыларына қарағанда бейім.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Джумакаева Г.Т., Темиргалиев Н. // Метод анализа возрастных способностей учащихся к усвоению учебного материала // Вест. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, №1 (80), 2011, с.39-50.
2. Темиргалиев Н. Әубақір Б., Баилов Е., Потапов М. К., Шерниязов К. Алгебра және анализ бастамалары, X-XI кластар, «Жазушы», 2002, 382 б.
3. Темиргалиев Н. Теория вероятностей. Электронное издание. Институт теоретической математики и научных вычислений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. Астана, 2012.
4. Әбілқасымова А., Корчевский В., Абдиев А., Жұмағұлова З. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық - Өңд. Толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2012. – 144 б.
5. Әбілқасымова А., Бекбоев И., Абдиев А., Жұмағұлова З. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық - Өңд. Толықт. 2-бас. – Алматы: Мектеп, 2009.
6. Темиргалиев Н. Теория вероятностей и математическая статистика. Электронное издание. Институт теоретической математики и научных вычислений. 2007.
7. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Атамұра, 2005. -288 бет.
8. Шыныбеков Ә.Н. Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық .- Алматы: Атамұра,2003.-175 бет.

9. Абылкасымова А.Е, Развитие познавательной самостоятельности студентов, Монография, Алматы, Білім, 1994 ж.
10. И.А.Винаградова, С.Н.Олехник, В.А.Садовничий, Задачи и упражнения по математическому анализу, Книга 1, М., Высшая школа, 2002 ж.

ЭМПИРИЧЕСКИЙ МЕТОД ОСВОЕНИЯ ШКОЛЬНОГО КУРСА ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ВОЗРАСТНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Каримова Динара Мейрамовна

Кафедра математики и физики

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассматриваются эмпирический метод освоения школьного курса теории вероятностей в зависимости от возрастных особенностей обучающихся. Приведены множество случайных экспериментов часто рассматриваемые в теории вероятности.

Ключевые слова: теория вероятностей, эксперимент, элементарное событие, вероятность элементарных событий, события, вероятность событий, множество элементарных событий.

EMPIRICAL METHOD OF DEVELOPING A SCHOOL COURSE IN PROBABILITY THEORY, DEPENDING ON THE AGE CHARACTERISTICS OF THE TRAINED

Dinara Karimova

Department of Mathematics and Physics

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The article rassmatrivayutsya empirical method development school course in probability theory, depending on the age characteristics of students. Presents a set of random experiments are often discussed in the theory of probability.

Keywords: probability theory, experiment, elementary event, the probability of elementary events, the events, the probability of the event, the set of elementary events.

ӘОЖ 004.382

BLENDER БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Конусова Арайлым Боранбаевна

Информатика кафедрасы

оқытушы, техникалық ғылымдарының магистрі

araika..88@mail.ru

***Аңдатпа:** Қазіргі уақытта біз виртуалдық, нақтылық деген ұғымды жиі еститін болдық. «Виртуалды» термині латынның «virtualis» - сөзінен шыққа, белгілі бір жағдайларда мүмкін болатын, қолданылатын деген мағынаны білдіреді.*

***Түйін сөздер:** Виртуалды, блендер, paint ,графика, corel draw, photofilter, autocollage*

Адамдардың бәрі суретті жақсы сала алмайды. Сондықтан адамзат ұзақ жылдар графикалық бейнелерді құруды механикаландыруға тырысты және бұған есептеу техникасының арқасында қол жеткізді.

Компьютерлік графикада екі бағыт бар: **бейнелерді құру және бар бейнелерді өңдеу.**

Графикалық редакторлардың түрі көп. Олардың бірі сурет салу үшін, екіншілері – 3D графика құру үшін қолданылса, үшіншілері күрделі инженерлік сызбалар жасауға мүмкіндік береді.

Графикалық редакторды таңдау сендердің мақсаттарың мен компьютерлеріңнің мүмкіндіктеріне тәуелді. Мысалы, сабаққа хабарлама толықтыру үшін Стандарттық программа – Paint графикалық редакторын пайдалансаңдар жеткілікті. Бұл программа сурет салуға және дайын суреттерді өзгертуге мүмкіндік береді.

Ал егер, суреттерден сапалы монтаж, коллаж, үлкен көлемді баннер жасау керек болса, онда әрине **Ақпараттық технологиялар** графикалық редакторының оған мүмкіншілігі жетпейді. Сондықтан Adobe Photoshpe, Corel Draw, PhotoFilter, AutoCollage, сияқты әртүрлі редакторларды қолдануға болады.

Бейнелерді сендер сканерден, фотоаппараттан, web-камерадан,

бейнебаяндар коллекциясынан немесе файлдан ала аласыңдар.

Paint графикалық редакторында жұмыс істей отырып, өздеріңнің көремдеулерін, жұмыс үстелі үшін фондық бейнелер құруды, қарапайым фотомонтаж жасауды, бейнелерді өзгертуді және тағы да көп нәрселерді үйренесіңдер.

Өз мүмкіндіктері бойынша Paint заманауи талаптарға жауап бере алмайды. Бірақ, Paint ортасында графиканы өңдеу қағидаларын ұғып алсаңдар, одан күрделірек программаларды игеру жеңілдейді.

Қазіргі уақытта біз виртуалдық, нақтылық деген ұғымды жиі еститін болдық. «Виртуалды» термині латынның «virtualis» - сөзінен шыққа, белгілі бір жағдайларда мүмкін болатын, қолданылатын деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым ортағасырлық христиан философиясында абсолютті жалпы мәннің жалқы заттармен байланыстылығын түсіндіру үшін қолданылған. Содан бері ұмыт бола бастаған терминді физиктер жалған элементарлық бөлшектерді атау үшін қайта жаңғыртқан. Олар виртуалды бөлшектер деген тіркесті «мүмкін әлем» түсінігімен байланыстырған. 70-жылдардың соңына дейін бұл терминнің электронды әлемге де, ақпараттық технологияға да еш қатысы болмаған еді. «Виртуалды шындық » ұғымын 70-

жылдардың соңында **Массачусетс технологиялық институтында** ойлап тапты деген де дерек бар. Ол шындықтың компьютер көмегімен берілген үш өлшемді макро үлгісін анықтау үшін пайдаланылған. Бастапқыда ол үлгілер әскери салада әлдебір техниканы сынақтан өткізу алдында қолданылған құрылғыларға қатысты айтылған. Ал **Жарон Ланье** терминді жаңа компьютерлік өнімдерге байланысты пайдаланып, ол көпшілік айналымға компьютермен бірге еніп үлгерді. Виртуалды шындық, шын өмірге зиянын тигізбей, өз алдына балама әлем жасап алу мүмкіндігін берді. Виртуалды шындық, шындықты имитациялайды, оны симуляциялайды, яғни, сол шындыққа ұқсас, бірақ өмірде жоқ өзіндік бір шындықты туғызады [1].

Сонымен, виртуалды өмір деген не? Нақты өмір деген не?

Айналамыздан көретін мысық, ит, шелек, монитор сияқты нысандарды біз қолмен ұстап көре аламыз, өйткені олар нақты шынайы заттар. Тіпті желдің өзі нақты құбылыс, себебі, желдің күші нысандарға әсер ете алады. Ал енді монитордағы жүгіріп бара жатқан адам бейнесін қарайық. Монитордағы бейне біздің пернетақтамен беретін бұйрықтардың нәтижесінде қозғалады және бұл уақытта біздің көңіл күйімізге біршама жақсы әсер береді. Сонда компьютер ойындары арқылы берілетін

әсерлер де нақты болғаны ма? Мүмкін адам сезінетін нысанның барлығын бірдей «нақтылық» разрядына жатқызуға болмайтын шығар. Онда нақты нысан белгілеріне нені жатқызуға болады? Тағы да мониторға қараймыз. Жүгіріп бара жатқан адам көп қабатты үйдің төбесіне секіріп шығады, одан келесі үйдің төбесіне секіріп кетеді...жасырынады... және әрі қарай жүре береді. Ал енді өз үйіміздің терезесінен сыртқа қараймыз. Монитордан көрген жағдайды сырттан көре аламыз ба? Биіктіктен парашютсіз құлаған адамның әрі қарай жүгіре алуы екі талай. Себебі: гравитациялық күштің әсері адамның жүгіруіне кедергі келтіреді [2].

Неліктен компьютерлік ойында адамға гравитация күші әсер етпейді? Жауап: бұл ойынды жасаған программалаушының шешімі. Оның өзі жасаған ойын әлемінде физикалық заңдарды елемеуге, бұзуға билігі болады. Десек те терезенің сыртында оның физикалық заңдылықтарды бұзуға билігі жүрмейді. Өйткені нақты нысандар әрқашан физика заңдарына бағынады. Ал программалаушы нысан мен құбылыстың нақты өзін емес, тек қана нысанның математикалық сипаты мен нақты немесе ойдан құрастырылған әлемнің құбылысын ғана құрады. Сондықтан да ондай көріністер компьютер жадында ғана болғандықтан оларды виртуалды нысандар деп атайды.

Виртуалдық деп тиісті жағдайларда қандай да бір мақсат үшін нысандар, субъектілер, санат, қарым-қатынас, әрекеттер, еліктеу көмегі арқылы міндетті немесе болуы мүмкін құбылыстарды айтамыз.

Виртуалды әлемде қандай болмасын кез келген заңдылық қолданылса да, ол нақты өмірге ұқсайтын жағдайда біз оны мойындаймыз. Әдетте біз бала күнімізден оттың күйдіретінін, допты қабырғаға лақтырсақ, оның кері секіретінін, тас пен қауырсының әртүрлі жылдамдықпен жерге құлайтынын білеміз. Егер осының бәрін виртуалды әлемде дәл осылай ойнатсақ,

онда бұл әлемге түскен адам өзін нақты өмірдегідей сезінетін болады.

Әрине, мұндай нақтылыққа тек компьютер ойындарындағы ұқсастықты алатын болсақ, онда ол соншалықты принципті болмайды. Мысалы, көз алдыңызға дауыл жиі соғатын аймақта қала тұрғызу керектігін елестетіп көріңізші. Мұндай аймақта тұрғызылатын

үйдің мықтылығы қандай болу керек? Адам өміріне қауіпті болтырмайтын етіп, қателіктерді жібермей қалай есептеуге болады? Мүмкін компьютерге ол аймақтың физикалық сипаттамысын сала отырып, үйдің үлгісін жасау керек болар. Содан кейін желдің анықталған күшінің үлгісін жасап жіне оның ғимаратты қирату әсерін қарастыру керек. Егер виртуалды дауыл виртуалды үйлерді қиратса, оның

еш қорқынышы жоқ, өйткені ғимараттың сипаттамасын өзгертіп, қайтадан дауылдың әсерін тексеруге болады. Нәтижесінде ол жерге үйлер салу экономикалық тұрғыдан пайдалы ма, жоқ па екенін алдын ала білуге болады. Компьютер арқылы нақтылықтың көрінісін ұсыну тәжірбиелік мағынаға ие болатыны анық.

Компьютерлік техниканың негізінде кеңістіктік-уақыттық континуумды адам тілектеріне сай өзгертіп, жаңа әлемді, шындықты – қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесін виртуалды шындық деп атаймыз.

Модельдеу. Модельдеу үдерісінде нысанның түпнұсқасын танып-білу мақсатымен нысан-үлгілер құрылады. Үлгіде зерттелу мақсатына қарай түпнұсқаның қасиеттері болуы керек. Қазіргі уақытта нысанның сипаттамасы немесе құбылыстар арнайы программа арқылы компьютер жадында жазылып сақталатындықтан компьютерлік үлгі (модель) жасау кеңінен қолданылады. Басқа да модельдеу сияқты компьютерлік модельдеудің түрлері бар. Мысалы, математикалық модельдеуде қандай да бір құбылыс немесе үдеріс математикалық формулалар арқылы сипатталса, оның нәтижесін есептеу компьютерсіз күрделі болмақ. Сондай-ақ **графикалық модельдеуді** алатын болсақ, онда құбылыстың немесе үдерістің көрінуі шешімін табады. Мұндай модельдеу құбылысты күрделілігіне қарай көрнекі түрде ұсыну үшін керек. Және модельденетін жүйенің нақты өмірдегі нысанмен өзара әрекеттесетінін көрсететін нақты өмірдегі модельдеуді ерекше атауға болады. Бұл жүйедегі мысалға ойын (қолданушының әрекеті арқылы «батырдың» іс-әрекеті де өзгереді) қызмет етеді. Дегенмен нақты өмірдегі модельдеудің қолданылу аясы біршама кең

(телевизия саласы, ядролық физика және т.б.) және маңызды тәжірбелік мағынаға ие.

Бірқалыпты кеңістік және үшөлшемді орта. **Декарттың** кеңестіктің көрнісі өзара перпендикуляр үш ось: X, Y, және Z сияқты екені белгілі. Бұл біздің қабылдауымызда нысанның ұзындығын, биіктігін және енін көрсетеді. Алайда, осы сипаттамаларға ие бола тұрса да нысан тағы да өзгере алады. Нысанның өзгеруі төртінші өлшем – **уақытқа** байланысты болады. Осылайша біз нақты нысандары бар бірқалыпты кеңістікке ие боламыз. Бірқалыпты кеңістікті компьютерде модельдеу үшін **үшөлшемді модельдеу** орталары бар. Мұндай орта кеңістіктің ауқымын пішіндеп, оны әртүрлі нүктелерден бақылауға, нысанды қозғалтып және өзгертуге мүмкіндік береді. Үшөлшемді модельдеу әртүрлі деңгейдегі күрделілікті қамтиды:

- Қарапайым **3D** модельдеу. Үлгіні ықшамдалған пішінде құруға болады.

- Күрделі **3D** модельдеу. Құралатын үлгінің ұсақ-түйек детальдарының барлығы қамтылады.

Үшөлшемді модельдеу ортасында нысандарды құрып қана қоймай, оларды анимациялауға да (уақыт бойымен орнын, қасиетін өзгерту) болады. **3D анимация** дегеніміз не?

3D анимация – үшөлшемді сахна мен нысандарға негізделген қазіргі уақыттағы анимация бағыты.

3D анимациясы мультфильмдерде, жарнама роликтерін құруда, көрмелер мен өрнекті суреттерде қолданылады.

Үшөлшемді графика ғылыми есептеулер, инженерлік жобалау және физикалық нысандарды компьютерде үлгілеу облыстарында кең таралған. Жалпы қазіргі ақпараттанған уақытта үшөлшемді графика адаммен байланысты саланың барлығында қолданылады десек артық болмас.

Үшөлшемді графика құратын компьютерлік программаларөте көп. Олар: 3D max, Blender 3D, K-3D, Wings 3D, Panda 3D, Sweet Home 3D, Maya және т.б [3].

Басқа атақты 3D-модельдеу пакеттерімен салыстырғанында Blender пакетінің сипаттамалық ерекшелігі - көлемі жағынан шағындығы. Базалық жеткізілімге кең өрісте алған құжаттамалар және көп мөлшерде демонстрациялық көріністер кірмейді. Blender бағдарламасының мүмкіндіктеріне келесі жатады:

- Әртүрлі геометриялық қарапайымдықты, полигондық модельдерді қоса алғанда, subdivision surface (SubSurf) тәртібіндегі жылдам моделдеу жүйесін, Безье қисығын, metaballs (метасфера) мүсін моделдеуді және векторлық шрифттерін қабылдауы;

- Универсалды кіріктірме механизмдерінің рендрингі және сыртқы YafRay, LuxRender рендермен және басқаларыменен интеграциалануы;

- Анимация құралдары, солардың арасынан инверстік кинематика, қаңқалық анимация және торлық деформация, негізгі кадр бойынша анимация, сызықтық емес анимация, төбені салмақтық коэффициент редакциясы, шектегіш, жұмсақ денелердің динамикасы, физикалық Bullet қозғалтқышының негізіндегі қатты денелердің динамикасы, бөлшек негізіндегі шаш жүйесі және шаш негізіндегі бөлшек жүйесі;

- Python–ды құрал мен түптұлғаларды, ойындардағы логикалық жүйелерді, импорт/экспорт файлдарын (Мысалы, COLLADA) амалдарын құрғанға, есептерді автоматтандыруды құрғанға қолданады.

- Сызықты емес редакциялаудың базалық функциясы және видеоны құрамдастыру.

- Game Blender - Blender–дің «қосымша» жобасы, ол коллизияны анықтайтын, динамиканың «қозғалтқышы» және бағдарламалайтын логиканың интерактивті функциясын ұсынады және де ол сәулеттік визуализациядан бастап видео ойынға дейін бөлек reak-time «қосымшасын» құруға жағдай тұғызады.

Қорыта айтқанда, үшөлшемді модельдеуді үйрену үшін Blender 3D бағдарламасын қолдану тиімді. Өйткені Blender 3D бағдарламасы тегін және өзінің мүмкіндіктерінде кең таралған ақылы бағдарламалардан кем түспейтін жалғыз бағдарлама. Және де осы Blender 3D бағдарламасын www.Blender.org ресми сайтынан көшіріп алуға болады [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. 10 сынып Информатика кітабы. Н.Т.Ермеков., В.А. Криворучка., С.Ж.Ноғайбаланова "Жазушы" баспасы, бағдарлы курс 2011ж.
2. Инновационные технологии в образовании: Мат-лы Респ.науч.-практ.конф.,посв. 55-летию врачев.и науч.-пед.деят-ти
3. М.И.Даулетбаковой. — білім берудегі инновациялық технологиялар: Каз.НМУ им. С.Д.Асфендиярова.- Алматы, 2008.- 258с.
4. Blender 3D бағдарламасының ресми сайты: www.Blender.org

ВОЗМОЖНОСТИ ПРОГРАММЫ BLENDER

Конусова Арайлым Боранбаевна

Кафедра информатики

преподаватель, магистр технических наук

Аннотация: В настоящее время мы часто слышим понятие "виртуальная", "точность". Термин "виртуальный" от латинской слова "virtualis", означает поддержка разнообразных геометрических примитивов, включая полигональные модели, систему быстрого моделирования

Ключевые слова: Виртуальный, блендер, paint ,графика, corel draw, photofilter, autocollage

POSSIBILITIES OF THE BLENDER PROGRAM

Arailym Konusova

Department of Informatics

Lecturer, Master of Technical Sciences

Abstract: Now we often hear the concept "virtual", "accuracy". The term "virtual" from a Latin slova of "virtualis", is meant by support of various geometrical primitives, including polygonal models, system of bystry modeling

Keywords: Virtual, blender, paint ,graphic, corel draw, photofilter, autocollage

ӘӨЖ 37.012.7

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҒЫ

Қара Әсел Бейсенбайқызы

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

asel_kara@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақаланың мазмұнында «функционалдық сауаттылық», «дүниетаным» ұғымдары қарастырылды. Жаратылыстанулық білім, білік, дағды қалыптастыруда дүниетану пәнінің маңызы айқындалды. Қазіргі заманғы ғылыми білімнің, мәдениеттің әр түрлі салаларынан хабардар ету негізінде дүниені танып білу әдістерімен оқушыны қаруландыру арқылы оның ортамен сауатты қарым-қатынасын жан-жақты дамытып, тәрбиелеудегі дүниетану пәнінің мүмкіндіктері анықталды.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық, дүниетаным, таным, дүниетану, табиғат, эстетикалық тәрбие.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында «Бесекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсеткен болатын [1].

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік

бағдарламасында анықталған, басты мақсаттардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады [2].

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Дегенмен, қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген

жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күгілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздеріне келер болсақ, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескерілуі керек.

Оқушыларға берілетін білімнің көлемі мен мазмұны олардың өмірден жинаған тәжірибесіне, таным деңгейіне және психикалық тұрғыдан дамуына лайықталуы тиіс. Сондай-ақ, олардың сұраныстары мен қабілеттері де ескерілуі қажет. Өйткені, оқушы ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін әрі түсініктісін ғана қабылдай алады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген білім, білік, дағдылардан көрініс табады.

Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі жастардың сауатсыздығы салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кетті. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің өсуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр.

Жаратылыстанулық білім, білік, дағды қалыптастыру бастауыш мектепте «Дүниетану» пәні арқылы жүзеге асырылады. Пәннің ерекше мәнге ие болу себебі ол – барлық жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде биология, география, химия, экология пәндерінің бастамасы болғандықтан, сол пәндер бойынша элементарлық білім негізі қаланады. Бала дүниеге келгеннен кейін өзін қоршаған барлық дүниені тануға талпынады. Бастауыш сынып оқушысы – белсенді дүниетанушы. Сондықтан осы пәнді оқыту арқылы оқушы тұлғасын тәрбиелеуге басты назар аударылады.

Кез-келген ғылым саласы сияқты жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық-саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады [3].

Дүниетаным – баланың қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортаға өзінің қатынасын білдіретін шындыққа негізделген көзқарастар жүйесі.

Дүниетаным – адамның белсенді ақылшысы. Оның ерекшелігі – адамның табиғат пен қоғамға қатынасын білдіріп,

оның іс-әрекеті мен қызметінің бағыт-бағдарын анықтап белгілеу. Дұрыс дүниетаным балаларды жақсылыққа жетелейді, прогрессивті түрдегі өмірді қайта құруға ұмтылдырады [4].

Дүниетанымның негізі ретінде философияның барлық құбылыстары, жайлары, салалары бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне кірігіп жатқандықтан бастауыш мектепте қарапайым түсініктер ретінде қалыптасады.

Дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам туралы білімдер тірек болады. Адам, табиғат, қоғам - бір тұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және оларды үнемі бірлікте дамытынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып, түсінуі жолға қойылып отыр. Өйткені дүниетануды бастауыш сыныпта оқытудың барысында оқушының таным процесі дамиды. Танымға көмегін тигізетін оқушының сезім мүшелерінің жұмысы арқылы олар сыртқы дүниені қабылдайды. Әр түрлі оқу әрекеттері нәтижесінде олар дүниені біртұтас бірлікте сезініп, қабылдау арқылы санасында білім қоры жиналып, ой өрісі кеңейеді.

Дүниетану – оқу жоспарындағы жаңа пән, оқушылар адам, табиғат, қоғам, яғни реалды дүниенің үш құрамдас бөлігі туралы білім алады. Пәнді оқыту мақсаты – адам, қоғам, табиғат яғни шынайы дүниенің ірі үш құрамдас бөлігі туралы оқушыларда біртұтас көзқарас қалыптастыру және ондағы адамның орнын түсінуге көмектесу.

Көзқарас қалыптастыру – дүниені танудың бір амалы. Осы тұрғыдан алғанда 1-сыныпта дүниетанудың бастамасы балалардың күнделікті өмірімен байланысты, күнде көріп жүрген қоршаған ортаны ғылыми тұрғыда таныстыру болып табылады. Бізді қоршаған табиғаттың өлі және тірі заттарымен таныстыру қарапайым тұрғыда, бірақ ғылыми

ұғымдармен және қарапайым терминдермен (ағаш, құс, күн, ай т.с.с. тірі, өлі табиғат) жүргізілуі тиіс.

Бұл ұғымдар сыныптан сыныпқа біртіндеп күрделеніп, 1-4 сыныптарда үздіксіз оқытылады.

Дүниетанудың көптеген тақырыптары дүниетанымның дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды.

Жаратылыс құбылыстарын толыққанды ұғыну үшін ғылымилығы ескерілген практикалық тұрғыда орындалатын тапсырмалармен алмасады.

Дүниетану пәнінің мазмұны қазіргі заманғы ғылыми білімнің, мәдениеттің әр түрлі салаларынан (қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары, экономика, этика, эстетика, құқық, өнер, т.б.) хабардар ету негізінде дүниені танып білу әдістерімен (бақылау, эксперимент, тәжірибе, модельдеу, талдау, синтез, салыстыру, т.б.) оқушыны қаруландыру арқылы оның ортамен сауатты қарым-қатынасын жан-жақты дамытып, тәрбиелеуде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Табиғат жөнінде білім беру оқушы санасында ғылыми әлем бейнесін қалыптастыруда маңызы зор.

Табиғат адамды рухани байытады, онымен қарым-қатынас жасау адамдардың жоғары моральдық қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды. Нағыз әсемдік табиғатта болатыны белгілі, ал мұғалімнің міндеті оқушыға оны көре білуге, бағалай білуге және көргенін пайдалана білуге үйрету болып табылады. Сондықтан табиғат объектілерін зерттегенде қалыптастырылатын түсініктер мен ұғымдардың мазмұнына кіруге тиісті эстетикалық белгілерді бөліп көрсету қажет.

Оқушыларды әсемдікті көре білуге үйрету – күрделі іс. Мұғалімнің бағыттаушы және басқарушы ролінсіз бұл әрекетте табысқа жету мүмкін емес. Сондықтан мұғалімнің өзінің әсемдікті қабылдауға дайындығы болуы тиіс.

Сонымен бірге бұл жұмысты табиғатта көргенді сөзбен айтып жаттығудан бастау керек [5,11 б.].

Табиғаттың әсемдігін онымен тікелей қарым-қатынас жасағанда ғана ашуға болады. Барлық бастауыш сыныптарда бағдарлама бойынша табиғатқа экскурсия жасау қарастырылған. Экскурсия барысында оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге мол мүмкіндіктер туады.

Эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жұмыстар сабақта, әсіресе заттық сабақтарда жалғаса түседі. Қандай болмасын бір ұғымды қалыптастыруда міндетті түрде оның эстетикалық жағын баса көрсету керек.

Дүниетануды оқытуда пайдаланылатын көрнекі құралдар да

оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту құралдары болып табылады [5, 12 б.].

Оқушыға қызықтыра отырып, көрсете отырып берілген білім оқушы санасында мықты бекіп, іскерлік дағдысының қалыптасуына әсерін тигізеді. Ал, білім мен іскерлік дағдысының қалыптасуы – функционалдық сауаттылық қалыптастырудың көзі болып табылады.

Дүниетануды оқытуда оқушыларда сұлулықты көру мен түсіну, бағалау және оны қолымен ұстау, тәжірибе жасау біліктілігін дамыту – функционалдық сауаттылық қалыптастырудың шарттары болып табылады. Осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының жаратылыстану бағытындағы сауаттылығы қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Ақиқат. - 2013, №1.
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.
4. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004. - 48 б.
5. Оспанов Л. Табиғаттануды оқыту және бала тәрбиесі. – Алматы: Мектеп, 1985. -11-12 б.

ГРАМОТНОСТЬ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В НАПРАВЛЕНИИ ЕСТЕТОВОЗНАНИЯ

Кара Асел Бейсенбайқызы

Кафедра методики дошкольного и начального обучения

Старший преподаватель, магистр педагогический наук

Аннотация: В данной статье рассмотрены содержания понятий «мировоззрения», «функциональная грамотность». Выяснены значения дисциплины «Познание мира» в формировании знаний, умений и навыков естествознания через современные научные знания. Всестороннее развитие отношения грамотности через вооружение учащихся на основе распознавания методов в информировании разных областей культуры.

Ключевые слова: функциональная грамотность, грамотность в науке естествознание, мировоззрение, познание, познание мира, природа, эстетическое воспитание.

LITERACY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS IN NATURAL SCIENCE DIRECTION

Assel Kara

Department of Methods of Primary and Preschool Education

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article discusses the content of the concepts: "philosophy", "functional literacy". The discipline "knowledge of the world" develops skills and habits in the formation of students knowledge. Modern scientific knowledge and to develop a comprehensive literacy among its attitude adopted by pupils on the basis of recognition practices in the different areas of information culture, identify opportunities discipline knowledge of the world in education.

Keywords: functional literacy, natural science literacy in science, philosophy, knowledge, knowledge of the world, nature, aesthetic education.

ӘОЖ: 316:422.44

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТИПТІК ДАМУҒА ӨТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қожахмет Манат Сейдалықызы

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, экономика және бизнес магистрі, АрқМПИ доценті

k.manat_67@mail.ru

***Аңдатпа:** Жаһандану жағдайында ғылыми-техникалық саясат жаңа бағыт алып, үлкен маңызға ие болып келеді. Осы мақсатта ғылыми-техникалық саясатты зерттеу, оның дамыған елдердегі жүзеге асыру тәжірибесімен танысу Қазақстан сияқты жас ғылыми, өндірістік әлеуеті жоғары мемлекет үшін өте өзекті. Бұл мақалада нарықтық экономика жағдайында инновация мазмұнының теориялық негіздерін зерделеу мен жүйелендіру және Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы ғылыми-техникалық саясатты дамытудағы жаңа құрылымдық өзгерістердің мәнін ашу.*

***Түйін сөздер:** Жаһандану, саясат, ғылыми-техникалық, инновация, өндірістік, әлеует.*

Қазақстан Республикасының экономикалық кеңістігінде, оның әрбір аймағында, өндірістің барлық салаларында, әрбір кәсіпорындар мен ұйымдарында инновациялық қызметті басқару маңызды әрі өзекті болып келеді. Ол экономикалық даму мен бәсекеге қабілеттілікті, сапаны жоғары әрі қалыпты деңгейге дейін жеткізудің басты стратегиялық факторларының бірі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауында: Екі жылдан кейін үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасын іске асырудың бірінші бесжылдығы аяқталады. Үкімет индустрияландыру бағдарламасының келесі фазасының егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеуі тиіс. Перспективалық технологиялық бағыттарды дамытудың сценарийі қажет. Нәтижесінде, экспорттың жалпы көлеміндегі шикізаттық емес экспорттың үлесі 2025 жылға қарай екі есеге, ал 2040

жылға қарай үш есеге ұлғаюы тиіс» - деп атап өтілген [1].

XXI ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында ғылым мен техниканың алатын орны ерекше. Ақпараттық қоғамда озық технологиялар экономиканың басты қозғаушы күші болып табылады. Алдыңғы қатарлы технологияларға иелік етіп отырған мемлекеттердің әлемдік аренада саяси-экономикалық салмағы басым болуының басты себебі, бұл елдер ғылыми-технологиялық дамуда үлкен көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр.

Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты дамуына байланысты екені шындық. Бүкіл әлемдегі ішкі жалпы өнімнің 50% астамы ғылыми-техникалық өркендеу есебінен жүзеге асырылатыны осыны аңғартады. Бүгінгі бәсеке заманында ғылым мен техниканы жетілдірмей, дамыған елдер қатарына қосылу, шын мәнінде тәуелсіз ел болу мүмкін емес. Елдің саяси-әлеуметтік дамуын, мәдениетін, қорғаныс қабілетін

жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады. Осы мақсатта отандық ғылыми-техникалық саланы дамыту – Қазақстанның алдында тұрған өзекті мәселе. Өркениет көшінің алдыңғы шебінде тұрған бірқатар елдердің осындай табыстарға ғылыми-техникалық саясатты дамытудың арқасында қол жеткізгендігін әлемдік тәжірибеден білеміз. Халықтың әл-ауқатының көтерілуі мен ұлттық экономиканың тиімділігі көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму сатысымен айқындалады [2].

Жаһандану жағдайында ғылыми-техникалық саясат жаңа бағыт алып, үлкен маңызға ие болып келеді. Әлемдік тәжірибеде жүйелі түрде жүзеге асырылған ғылыми-техникалық саясат мемлекеттің экономикалық дамуына үлкен серпін бере алатыны дәлелденген. Осыдан ондаған жылдар бұрын кедей мемлекеттердің қатарында болған Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің тез арада дамып кетуі бұған нақты мысал бола алады. Осы мақсатта ғылыми-техникалық саясатты зерттеу, оның дамыған елдердегі жүзеге асыру тәжірибесімен танысу Қазақстан сияқты жас ғылыми, өндірістік әлеуеті жоғары мемлекет үшін өте өзекті. Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауыпсіздігін қамтамсыз ету. Сондықтан да жаһандық процесс туғызған инновациялық қызмет кез келген мемлекеттің даму тарихында ерекше орынға ие. Инновациялық қызмет негізінде ғылыми-техникалық прогресс жатыр. Ғылым мен техника адам өмірінің дамуымен қатар жүреді.

Ғылыми-техникалық потенциал - кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркейтудің негізгі жолы-ғылыми-техникалық және инновациялық салада

лидер болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің беделді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсеке қабілеттілігін жоғарлатады [3].

Сондықтан бүкіл жүйе жүзіндегі кәсіпкерлер инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға көңіл бөледі. Ал мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласында қолдау жасап, тиімді саясат жүргізіп отырады. Өйткені мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясат – ғылыми-техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүруі үшін жағдай сапалы түрде жақсартуға бағытталған. Ал бұл бүкіл адамзат тіршілігімен шаруашылығының негізі, басты мақсаты.

Инновацияның дамуына қозғаушы тетік - бірінші кезекте нарықтық бәсекелестік болып табылады. Нарық жағдайында өнім өндірушілер немесе қызмет көрсетушілер әрдайым өндірістік дағдарысты болдырмаудың жолдары мен тауарын өткізетін жаңа нарықтарды іздестірумен болады. Сондықтан, инновацияны бірінші болып тиімді игерген кәсіпорындар өз бәсекелестіктері алдында басымдылыққа иеленеді. Қазіргі кезеңде жаңа тауарлар түрлері өсіп, тұтынушы талғамы артып отырған уақытта, әсіресе шағын кәсіпорындардың икемділік қабілеттерін күшейту аса тиімді саналады. Әлемдік тәжірибе бойынша мұндай «шағын шабақтар» қайрандап қалып қоймаулары үшін түрлі салалардағы жаңа өнімдер мен жаңа технологияларды шығару басымдық негіздегі сұрақтардың деңгейінде жүреді [4].

Ғылыми-техникалық прогрестің жаңа техникалық білімдердің инновациядағы өзгеруі-өндірістік үдерістің жақсаруына, өндірістік, жайлы және қауіпсіз техниканың қолданылуына, шикізаттың жаңа түрлерін қолдануға, адамның

қажеттілігіне жақындататын еңбектің әлеуметтік жағдайын өзгертуге, жаңа және жақсарған өнімдерді өндіруге мүмкіндік береді.

Бірақ инновацияның барлық түрлері бір-бірімен тығыз және бөлектенбейтін қарым-қатынаста болады. Сонымен, өнім-инновация өндірістік үдерістердің, технологиялардың, ұйымдық жағдайлардың (жұмыскерлерді қайта оқыту және еңбектің ерекше жағдайын құру) өзгеруіне өз ықпалын тигізеді [5].

Ал үдеріс - инновация арқылы бір уақытта өнім-инновациялар үшін қажетті техникалық алдын-ала жағдай құруға болады. Сол уақытта өнім-инновация еңбек нәтижелеріне, үдеріс-инновация өндірістік үдерісіндегі өндіруді жоғарлатуға бағытталған кезде, әлеуметтік инновациялар әлеуметтік-техникалық жүйелер облысындағы жоспарланған өзгерістермен байланысты болады.

Нарықтық қатынастарда даму кезінде аймақтық экономиканың дамуы негізінде әлеуметтік-экономикалық қолайсыздықтарды міндетті түрде шешіп отырумен негізделеді [6].

Әртүрлі аймақтардағы баланстардың әсерлерінен аймақтық экономиканың қазіргі ғылыми дәрежесіне жетуіне себеп болды, сонымен қатар қайта өндірудің негізгі теориясының дамуына септігін тигізді.

Бүгінгі таңда аймақ ресурстарының құндылығына қарағанда, нарық экономикасының талаптарына сай ресурстарды бейімдейтін және қайтадан қалыптастырушы аймақтық басшылық пен бизнестің мүмкіншіліктері маңызды болып отыр.

Мемлекет нарықтық қатынастардың дамуы барысында кәсіпорындарға толықтай дербестік бере отырып, олардың шаруашылық қызметіне тікелей араласпағанымен де, жанама түрде (салықтар, экологиялық, монополияға қарсы шектеулер т.б.) араласады [7].

Мемлекеттегі әрбір аймақ өзімен-өзі жеке дами алмайды, өйткені басқа аймақтардың даму барысына зиянын тигізбес үшін оның ерекшеліктерін де ескеруі тиіс. Сондықтан да экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі аймақтық саясаттың маңызы ерекше бола түседі. Мемлекет әрбір аймақ үшін бағдарлама жасап, сол бойынша аймақтар өзінің даму бағытын жүзеге асырады.

Экономикалық саясат, еліміздің және оның жекелеген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге және қойылған мақсаттарға жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Ал, аймақтық саясаттың мәні жалпы ұлттық мақсаттарға жету үшін аймақтық дамуды басқару болып табылады.

Ғылыми-техникалық саясаттың мақсаты - елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту, өндірістің осы заманғы ғылыми-технологиялық базасын құру, елдегі ғылыми-техникалық потенциалды, рационалды орналастыру және тиімді пайдалану, мемлекеттің экономикалық дамуы мен өркендеуіне ғылым мен техниканың қосатын үлесін арттыру болып табылады.

Индустриалды елдердегі ғылыми-техникалық саясатты дамытудың басты ерекшелігі білім мен ғылымды, өндірісті ұштастыруға мемлекет тарапынан ерекше мән берілуінде. Осы процесті ұтымды ұштастырудың негізгі механизмі технологиялық орталықтардың жоғарғы оқу орындары мен ғылым академияларының негізінде құрылуында. Бұл елде технологиялық парктердің құрылуы мен қалыптасуына мемлекет тарапынан және жеке сектор тарапынан мықты қолдау көрсетілген. Индустриалды елдерде ғылымды қаржыландырудың өзіндік ерекшелігі бұл елдерде көбінесе жеке сектордың көмегіне жүгінеді. Жеке кәсіпорындар мен ғылыми зерттеу институттарының арасында жақсы ынтымақтастық орныққан.

Қазіргі күні барлық елдерде ірі көлемде ғылыми-техникалық саясаттар жүргізілуде. Батыс Еуропа елдерінде бұл - өнеркәсіпте жаңалықтар мен инновацияларды енгізу процесін қолдау. АҚШ-та ғылыми-техникалық дамудың ірі және жеке бөлімдерін қолдау болып табылады. Барлық елдерде ғылыми-техникалық саланы қаржыландыру басты тапсырмаларға айналған [8].

Қазіргі Қазақстандағы ең өзекті мәселе, кезек күттірмейтін міндеттердің бірі – жаңа инновациялық қызметтің ұлттық моделін құру, оны қолданысқа енгізудің ең ауқымды міндеті тұр. Барлық әлеуетті бәсекеге қабілетті, оның ішінде экономиканың шикізаттық емес бағытындағы салаларда жұмыс істейтін экспортқа бағдарланған өндірістер индустриялық-инновациялық саясаттың басымдықтары болып табылады. Ұзақ мерзімді стратегиялық міндеттерді шешу мақсатында ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлу қажет [9].

Қазіргі уақытта отандық тауар өндірушілерге бәсекеге қабілетті өнімді шығаруын ұйымдастыру үшін шетел өнімдерімен табысты бәсекелесетін өнімнің жаңа түрлерін игеруіне мүмкін инновациялық құрамдарды енгізуін қажет екенін жүргізілетін зерттеулер көрсетуде.

Қазіргі уақытта пайда болған экономикалық жағдай инновациялық компаниялардың тәуекелдері қолайлы болғандықтан оларды қаржылық институттардың көбісі несиелеу жүйесімен сипатталады. Екінші деңгейдегі банктер тәуекелдің төменгі дәрежесі мен оның жақсы өтелу түрлеріне бағытталады [10].

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясатын жан-жақты зерттеу барысында ғылымды жоғарғы оқу орындарына топтастыру мәселесі асығыс қабылданған шешім екендігіне және Қазақстан бұл үрдіске бірте-бірте көшуі тиіс екендігі байқалды.

Өркениетті елдерде бұл процесс ондаған жылдар аралығында эволюциялық даму негізінде қалыптасқан. Біздің елімізде ең алдымен, жоғарғы оқу орындарының материалдық-техникалық, қаржылық базасын нығайтып, ұйымдастыру шаралары жан-жақты қарастырылып, одан кейін ғана ғылым жоғарғы оқу орындарының жанына топтасуы тиіс.

Ғылыми-техникалық саланы басқару мен ұйымдастыруда демократиялық принциптерге негізделген реформалар – ғылыми-техникалық саясаттың тиімді жүзеге асырылуының басты кепілі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты 2012.
2. Дәуренбекова А.Н. «Қазақстан өнеркәсібінің индустриялық деңгейін көтерудің экономикалық механизмі», Алматы - 2005.
3. Дәуренбекова А.Н., Сауқымбек А. Кәсіпорынның индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын қалыптастыру.
4. Абдыгаппарова С.Б. Инновационный потенциал Казахстана: механизм активизации: Монография / С.Б.Абдыгаппарова. – Алматы: Экономика, 2001.
5. Абдиев К.В., Алкеев К.Н. «Индустриально-инновационное развитие РК» опыт, задачи, перспективы. 2004г.
6. Беляева Г., Ожукова Д. Рынок научно-технической продукции. В Республике Казахстан. «Экономика и Статистика». (2000, №2)
7. Зыков Ю.А., Светлова Т.Л. Комплексные программы научно-технического прогресса.
8. Каренов Р.С. Экономика Казахстана по пути рыночной трансформации / Монография. Т.2 -

Қарағанда: Издательско-полиграфический центр «Профобразование».

9. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. \ Егемен Қазақстан, 2007.- 1наурыз.

10. Назарбаев Н.Ә. Инновациялармен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына \ Еуразия ұлттық университетінде студенттерге оқыған лекциясы. -Астана 2006.- 27 мамыр.

ФОРМИРОВАНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ И ИННОВАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К ИННОВАЦИОННОМУ ТИПУ РАЗВИТИЯ

Кожамет Манат Сейдалықызы

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр экономики и бизнеса, доцент АрқГПИ

Аннотация: В условиях глобализации научно-техническая политика берет новые направления и приобретает большую значимость. С этой целью исследование научно-технической политики, изучение практики ее реализации в развитых странах и применение в молодом развивающемся Казахстане с научным и производственным потенциалом является актуальным. В данной статье рассматриваются сущность роли научно-технической и инновационной политики в экономике регионов РК и предложения по формированию научно-технической и инновационной политики в регионах Республики Казахстан в условиях глобализации.

Ключевые слова: глобализация, политика, научно-техническая, инновация, производственный, потенциал.

FORMATION AND IMPLEMENTATION OF REGIONAL RESEARCH AND INNOVATION POLICY IN THE TRANSITION TO INNOVATIVE DEVELOPMENT

Manat Kozhakhmet

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Economics and Business, Associate Professor of ArkSPI

Abstract: In a globalized science and technology politic takes new directions and gaining greater importance. To this end, the study of scientific and technical policy, the study of its implementation in practice of the developed countries and the use of the young developing Kazakhstan with scientific and industrial potential is relevant. This article discusses the refined essence of the role of science, technology and innovation policy in the regional economy of Kazakhstan and proposals for development of scientific and technical and innovation policy in the regions of the Republic of Kazakhstan in the context of globalization.

Keywords: globalized, politic, science and technology, innovation, industrial, potential.

УДК 37.013

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕГІ ТАЛДАНУЫ

Мусирова Гулим Бакытовна

Педагогика және психология кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

***Аңдатпа:** Бұл мақалада бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгергені жайлы айтылады. Бұл өзгерістер жаңа әдіснамалық жүйені жасауда дәстүрлі оқыту үдерісіне жаңашылдық сипатта қайта қарап, оқытудың жаңа технологияларының табиғатын түсіне отырып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың қажеттігін негіздейді. Айтылған мәселенің басты ерекшелігі оқытудың нәтижесін алдынала болжап, студенттердің білім алуы барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білу арқылы танылады. Әсіресе, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту проблемасы қазіргі уақытта ЖОО-ы үшін өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Сондықтан қазіргі ЖОО-ы жағдайында студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту маңызды міндет, ғылыми проблема.*

***Түйін сөздер:** таным, білім беру жүйесі, оқу процесі, білім, танымдық іс-әрекет заңдары, ойлау, түсіну*

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. А.Н.Леонтьев: «Таным - әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде байланысты деп жорамалдауға болады», -деп түсінік береді [1,31б.].

Ал, білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады.

Таным теориясы танымдық іс-әрекет заңдары мен заңдылықтарын зерттейді. Әлемді тану мүмкіндіктері және оның заңдары туралы мәселені философиялық шешу тарихи өзгеріп отырды, онда әрбір тарихи дәуірде жекелеген ғылымдар жинақтаған дүние туралы білім деңгейі көрінеді. Философиялық білім араларында таным процесі мазмұны анықталатын танымның субъект және объектісі қарастырады. Танымның объектісі болып шындықтың өзі немесе оның субъектіден тәуелсіз тіршілік ететін үзіндісі болып табылады. Объект – қандай да бір затқа бағытталған әрекет. Объект – субъект белсенділігі сіңірілетін өріс. Таным субъектісі болып өз тарихи дамуындағы адам және адамзат болып табылады. Субъект өзін объектімен байланыстырып, материалдық, мақсатқа лайықты әрекетті тасушы ретінде көрінеді. Субъект – мақсатты болжап, шындықтың өзгеруін

жүзеге асыратын белсенді де дербес тіршілік иесі. Алайда, объективті шындық та субъектінің өзімен белсенді танымдық қатынасқа таным түсетіндіктен, таным объектісі болады [2,75б.].

Таным процесі түрлі қиындықтарды жеңумен байланысты, таным барысындағы қиындықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік күшін жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттердің болуымен байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-құлқының негізгі нысандарының бірі, жеке адамның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау – жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік күшін айқындайтын кезең болып табылады.

Таным мен оқу процесі арасында болатын маңызды ерекшеліктер:

- Таным – бұл қоғамдық-тарихи категория. Көптеген ғасырлар бойы ғалымдар табиғат, қоғам және адам ақыл-ойының біршама заңдылықтарын ашты. Яғни, ғалымдар жаңалықты тұңғыш күйінде таниды, сондықтан да ондай таным толық болмайды. Ал оқу процесінде студенттер бұрыннан белгілі жаңалық деп қабылдайды, ғылым жинақтаған түсінік, ұғым, деректерді игереді. Олар өздері үшін бұрыннан белгілі шындықты қайтадан ашқан сияқты болып, шәкірттердің дара мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орайластырылған, дидактикалық бейімге келтірілген әрі қарай қарапайымдастырылған материалдарды меңгерумен айналысады. Сонымен бірге оқу барысындағы таным міндетті түрде, мейлі тікелей не жанама, педагогтің көмегінің болуын керек қылады, ал ғылым тұлғааралық қатынастарды көбіне қажет етпейді [3,37б.].

- Жаңалықтар ашуға арналған таным процесі ұзақты кезеңдік ғылыми ізденістерді қажет етеді. Ал оқу процесінде белгіліні қайтадан ашып, игеру жолы қысқа әрі мұғалім шеберлігімен жеңілдетіледі.

- Таным процесі материалдық не рухани нысандарды қабылдауды талап етеді де, ал олардың шынайылығын практика дәлелдеуі тиіс. Оқу барысында мұғалім білім игеру процесі бөліктерін ауыстыруы және оны практикалық ептілік, дағдылар мен кезектестіріп немесе біріктіріп жүргізуі мүмкін.

Таным – адамның объективтік шындықты ойында бейнелейтін және қайта жаңғыртатын, қоғамдық іс-әрекет барысы. Танымның негізгі және білімнің ақиқаттығының шарты – танымдық іс-әрекет [4,37б.].

Бақылау – бұл педагогикалық басшылықтың және студенттердің танымдық іс-әрекетін меңгерудің функциясы. Бақылаусыз жеке адамның дамуы мен қалыптасуын басқаруға болмайды. Бақылаудың психологиялық педагогикалық мәні студенттерге дер кезінде көмек көрсету. Олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, студенттерді оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындауы үшін ынталандыру және іске жұмылдыру. Бақылау процесінде педагог студенттерге ерекше көңіл бөліп, құрмет сезімін білдіруі тиіс. Егер кейбір студент тапсырманы орындауда қате жіберсе, оған дөрекі, өрескел сөздер айтып, ескерту жасауға болмайды. Сабақтың барлық кезеңдерін де бақылаудың мазмұны студенттерді іс-әрекетіне ынталандыру және олардың белсенділігін дамыту тиіс.

Танымдық іс-әрекет – студенттердің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті.

Студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктері болады:

1. Таным процесінің ғылымдағы объектісі – белгісіз құбылыстар.

Студенттер ғалымдар зерттегенжүйені өздігінен оқу арқылы танып біледі. Студенттер оқытуда адамзаттың танымдағы өткен жолын өтпейді. Олар ғылымның ашылған жаңалықтарын, ақиқат жетістіктерін игереді. Ол игеретін білімдер кездейсоқтықтардан тазартылған, жүйеленген, сенімді. Педагог студенттерді ғылымдағы таластармен танысытырады. Сол арқылы студенттерді ғылыми ізденістерге ынталандырады.

2. Студенттердің таным процесі үнемірең. Ғалымдардың, әдіскерлердің, педагогтардың көмегімен, оқытудың тиімді жолдары арқылы білім беру қарастырылады, әрбір пән бойынша маңызды білімдер мазмұны іріктеліп алынады.

3. Оқыту процесінің ерекшелігі студенттердің оқуды әрі қарай жалғастыруға, өз бетінше ізденуіне, еңбек әрекетіне дайындалуына, қажетті іскерлік пен дағдыны игеруіне педагогтың басшылығы мен студенттің өз бетінше оқуәрекетінің өзарабайланысы негізінде жүзеге асатын педагог үшін де таным процесі болып табылады.

4. ЖОО-дағы таным процесі білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық сипатта болады. Білімді игеру барысында студенттердің ақыл-ой қабілеттері дамиды, олардың дүниетанымы, ғылыми көзқарастары мен сенімдері, сезімдері қалыптасады.

5. Студенттердің таным процестері олардың жастарына сай ұйымдастырылады.

6. Таным процесі педагогтың басқарушылық, әрі бағыттаушылық рөлімен, студенттер мен педагогтың тығыз өзара ынтымақтастық байланыста бірлескен қызметінде іске асырылады.

Оқудағы таным процесінің әрбір буыны өзіне тән сапалы белгісі бар процестер. Сонымен бірге, оның әрқайсысы білімді қабылдауда оны дамытуда маңызды рөл атқарады. Демек, оқыту процесінің сатылары, өзара бір-

бірімен байланысты, тұтас, толық таным процесі екені – табиғи заңдылық (1-сурет).

Таным теориясы бойынша, пайымдаудың алғашқы формасы – түйсік. Түйсік танымның алғашқы формасы болып табылады. Түйсік процесі тітіркендіргіштер тікелей қатынасқа түскенде пайда болады, оның нәтижесінде адамзаттар мен құбылыстардың тек жеке сапасы немесе жеке белгілері, жеке қасиеттері жайлы таным алады. Сонда адам ащы, тәтті, ыстық, салқын, ауыр, салмақты, кедір-бұдырлы, тағы басқа қасиеттерге жіктеуге үйрене бастайды[5,10б.].

Оқу танымдық іс-әрекет – студенттің білім алуға деген белсенді ақыл-ой әрекеті. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін жетілдіру мәселелеріне педагогтардың, психологтардың көптеген еңбектері арналған. Бұл мәселенің кейбір жақтары сонау көне замандардан бастау алатыны жөнінде айта кеткен ләзім. Сократтың өзі-ақ оқыту процесінде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуды арнайы басқарып отырудың қажеттігі жөнінде айтып кеткен болатын. Кейіннен бұл идеяларды ежелгі Рим философтары өз еңбектерінде жалғастырды. Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығын Я.А.Коменский, И. Г.Песталоцци мен А.Дистервергтің, Н.Г.Чернышевскийдің және т.б. еңбектерінде одан әрі дамытылып, тереңдетіледі. Мәселен, А.Дистерверг оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту баланың ақыл-ой қабілетін дамытудың аса маңызды құралдарының бірі деп есептейді [6,10б.].

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығы жөнінде құнды пікірлерді Ф. Бэкон, Ф. Рабле, М. Монтень, Д. Локк, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Гельвеций, Д.Дидро, А.Ловуазье, И.Г.Песталлоций, И. Кант және т.б. еңбектерінде көрсеткен.

М.Монтень оқу-танымдық іс-әрекеттің маңыздылығын, оқытушының


басшылық рөлі жөнінде былай деген: «Студент педагогтан алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасауы қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дамиды» [7,75б.].

Я.А.Коменский: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», - деп ерекше атап көрсеткен. Сонымен қатар, танымдық іс-әрекетті дамыту әдістемесін жасап, оны былай көрсеткен: «Таным бастамасы - сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек. Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өз бетінше тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде

қарастырамын», - деп ерекше атап көрсетті.

Ж.Ж.Руссо тәрбие мақсатын аша отырып, оқу-танымдық, ізденімпаздық іс-әрекетін дамытудың маңыздылығын көрсетіп берді.

Ж.Ж.Руссо идеясы И.Г.Песталоццидің еңбектерінде өз жалғасын тапты. И.Г.Песталоцци оқыту әдісінің жалпы психологиялық жағын қарастыруды және сол арқылы ғана адамның дамуын жүзеге асыруға болады деп есептеді. «Адамның әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті деп, - жазды ол, - бұл оның бақылаулары нәтижесінде қалыптасқан ой-өрісінің жемісі». Осы пікірге сүйене отырып, ол алғаш рет баланың оқу-танымдық іс-әрекетіне әсер ететіні оқытудың эвристикалық әдістемесін жасайды [8,70б.].



Сурет 1 – Таным процесі мен оқу процесінің ерекшеліктері мен мәні

Олар оқу мен білім алу деген тек қана білім деректерін меңгеру еместігін ескертті. Білім алу - оқу, білу, тану жүйесі мен әдістерін меңгерту. Олар меңгерілетін білімдердің жүйелі түрде бірлікте, тұтастықта болу идеясын, барлық оқу пәндерінің әдіснамасының бірлікте болу идеясын ұсынған. А.И.Герценнің пікірінше, егер ғылымдарды белгілі бір жүйемен және тәртіппен оқытатын болса, қиын немесе көңіл тартпайтын ғылымдар болмайды. Бірақ күрделі ауыр еңбексіз ғылым меңгерілмейді. Оқуда студенттің танымдық іс-әрекетін дамыту аса қажетті, олар сабақ үстінде өз бетінше

оқуға, өздері сұрай білуге, өз бетінше мәселе талқылай білуге тиіс.

А.И.Герценнің дәлелдеуінше, бұрынғы өткен ұрпақтың бүкіл тәжірибесі кітаптарда жинақталған және ол негізінен кітап арқылы таратылады. Герцен жастардың көркем және ғылыми кітаптарды өздігінше оқуына зор мән берген. «Жан-жақты білімділіктің өте зор құралы - өздігінше оқу»-деген.

Н.Г.Чернышевский еңбектерінде де оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың мәні айтылады. Ол: «Егер біздің балаларымыз шын мәнінде білімді боламын десе, білімді өз бетімен игере алуы, ізденуі керек»,- деп жазды [9,506.]..

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамытудың маңызын ашуда К.Д.Ушинскийдің еңбектері көп үлес қосты. «Дүниеде барлық болып жатқан құбылыстарды, заттарды салыстыру арқылы ғана білеміз, егер бізге еш нәрсемен салыстыруға болмайтын, еш нәрседен айыруға болмайтын бір жаңа зат кездесе, біз бұл зат туралы бірде – бір пікір, бір ауыз сөз айта алмаған болар едік», - деп танымдық іс-әрекетті дамыту қажеттігін көрсетеді [10,37б.].

Материалдың көлемін, сипатын және оқыту әдістерін анықтауда студенттердің

ерекшеліктерін, олардың ой-өрісі мен қабілеттерін қатаң еске алуды, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуін әрдайым сақтап отыруды, мазмұндауларда да анықтамаларда да, қорытындылар мен тұжырымдардың анық та дәл айтылуын талап етті. Сондай-ақ шәкірттердің ойлау қабілетін дамытудың және өздігінше білім алу дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде студенттердің өздігінен істейтін жұмысына зор маңыз береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Маркова А.К. Психология труда учителя. М.: 1993. – 211с.
2. Әбілқасымов А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, 1994. – 192-б.
3. Смаилов С. Оқу процесінде студенттердің танымдық ынтасын қалыптастыру. – Жамбыл, 1994. – 110-б.
4. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность
5. школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 1980. – 212 с.
6. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Автореф. дис. ... п.ғ.д.: 20.11.04. – Алматы, 2004. – 51-б.
7. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. - М.: Педагогика, 1989. – 560 с.
8. Данилов М.А. Процесс обучения в школе. – М.: Учпедгиз, 1960. – 170 с.
9. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М.: Педагогика, 1984. 79с.
10. Мустояпова А.С. Қазіргі кезеңде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Дисс.п.ғ.к. :13.02.04. Алматы, 2004.– 157-б.

АНАЛИЗ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ ПО ПРОБЛЕМАМ РАЗВИТИЯ УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗОВ

Мусирова Гулим Бакытовна

Кафедра педагогики и психологии

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматривается проблема в связи с изменениями в общественных, политических и экономических сферах изменилось содержание, цели и задачи в системе образования. Понимая природу новых технологий обучения, эти изменения требует пересмотреть характер традиционного обучения и обосновывает необходимость развития новаторства в разработке новых методологических изменений в учебно-познавательной деятельности студентов. Главная особенность упомянутого вопроса, возможность предугадать результаты обучения при самостоятельной системе приобретения студентами умения использовать знания, полученные в ходе поисково-исследовательской и самостоятельной деятельности в новых условиях жизни. В частности, проблема развития учебно-познавательной деятельности студентов на сегодня остается одной из самых актуальных для вузов. Поэтому, развитие студентов в вузах в условиях учебно-познавательной деятельности важная задача, научная проблема.

Ключевые слова: познания, система образования, учебный процесс, образование, законы познавательной деятельности, мышление, понимание

ANALYSIS OF ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ ON PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL-COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS OF PEDAGOGICAL INSTITUTIONS OF HIGHER LEARNING

Gulim Mussirova

Department of Pedagogy and Psychology
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: *This article discusses the problems in connection with changes in social, political and economic spheres has changed the content, objectives and tasks in the system of education. Knowing nature of new learning technologies, the changing demands to reconsider the nature of traditional education and substantiates the need for the development of innovation in the development of new methodological developments in educational and cognitive activity of students. The main feature of the said issue, the ability to predict the results of training for self-acquisition system of the students ability to use the knowledge gained during the search and in research and independent activity in the new conditions of life. In particular, the problem of teaching and learning activities of students today remains one of the most important for institutes and universities. Then, the development of students in higher education in terms of teaching and cognitive activity important task, a scientific problem.*

Keywords: *cognitions, system of education, educational process, education, laws of cognitive activity, thinking, understanding*

ӘОЖ 37.0

БАЛА ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ ЖҮЙЕЛІ ЖОЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Муханбетжанова Ардак Абузаровна

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы
Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
ardak_86.01@mail.ru

Аңдатпа: Ертеңгі еліміздің еңсесін тік ұстап, ел мерейін үстем ететін бала деп сенім артатындықтан сапалы білімді, саналы азамат тәрбиелеу ісі – білім беру саласының еншісінде. Демек білімдендірудің ошағы – балабақшада. Балабақшадағы бала құзіреттілігін жүзеге асыруда оның жеке даралық ерекшеліктеріне айрықша мән бере отырып, білімді баланың еркін игеруді жүзеге асыру тәрбиешілерден тиімді әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, тың әдістемелік негіздерді қалыптастыруды қажет етеді.

Түйін сөздер: Құзірет, құзіреттілік, жеке тұлға, тәрбиеші, стандарт, технология, болашақ, қоғам.

Бала жүрегі – кішкентай күй сандық.
Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады.
Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек.
М. Шаханов

Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналатын, ең алғашқы, әрі негізгі саты мектеп жасына дейінгі мекемелер болып табылады. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балалардың жеке қасиеттерінің, құзіреттіліктерінің жетілуіне негіз қалау, мектеп өміріне дайындау, күн тәртібіне және оқу ісіне бейімделуін қадағалап жүзеге асыру көзделеді.

Қазіргі таңдағы мектепке дейінгі мекемелердің күн санап көбеюін қоғамымыздағы қуанарлық жағдай деуге болады. Бұл дегеніміз, ертеңгі ұрпағымыздың заман талабына сай, өз жас ерекшелігіне байланысты білім алып, бойына адамгершілік сезімін сіңіріп, Отанға, елге, отбасына, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке ие болу мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жастардың және еліміздің басты капиталы – сапалы білім» деген пікірі оның салиқалы саясатының бірі деуге

болады. Сол себептен де тәуелсіз Қазақстанның білімді ұрпағын тәрбиелеу бүгінгі көкейкесті мәселелердің бірі. Мемлекетіміз қарап жатқан жоқ, Елбасы басшылығымен бірқатар іс-шаралар жүзеге асуда. 1997 жылдың соңында Президент Н.Ә. Назарбаев 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын анықтап, онымен халықты таныстырды. Президент бұл стратегияны болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сезіміміздің көрінісі деп бағалады. «Қазақстан – 2030» стратегиясында қоғамның ұзақ мерзімді басым мақсаттары – жеті бағыт бөле көрсетілді. Солардың бірі – Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқаты. Соған байланысты, білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, қиындыққа мойымайтын, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырып

дамыту. Ертеңгі еліміздің еңсесін тік ұстап, ел мерейін үстем ететін бала деп сенім артатындықтан сапалы білімді, саналы азамат тәрбиелеу ісі – білім беру саласының еншісінде. Демек білімдендірудің ошағы – балабақшада. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Қазіргі кезеңдегі білім беру сапасы тәрбиеленушілердің түрлі қызметтер саласындағы проблемаларды өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктері мен түсіндіріледі», - делінген. Білім, білік, дағдыларды меңгеруден құзыреттіліктерді қалыптастыруда, құзыреттіліктер түрінде күтілетін білім беру нәтижелерін, білім сапасына бақылау жасаудың тәртібі қарастырылады. Білімнен құзыреттілік қағидасына негізделген жаңаша оқыту технологиясы оқыту технологиясы балалардың танымдық қызметінің заңдылықтарына оқудағы құндылық бағдарға, яғни, баланың зерттеушілік, шығармашылық және рухани адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс.

Педагогика ғылымындағы құзірет, құзіреттілік ұғымдары адамның жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік сұраныс дегенді білдіреді. Құзіреттілік – сәйкес құзіретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті арқылы байқалатын тұлғалық қасиет. Құзіреттілік – адам болмысының сапалық белгісі. Әр адамның сапалылық белгісі мен қоғамның әл ауқаты қалыптасады. Бала құзіреттілігін жүзеге асыруда оның жеке даралық ерекшеліктеріне айрықша мән бере отырып, білімді баланың еркін игеруді жүзеге асыру тәрбиешілерден тиімді әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, тың әдістемелік негіздерді қалыптастыруды қажет етеді. Бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім жеке тұлға тәрбиелеу

ізденіске толы шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде ғана мүмкін екендігі белгілі.

Білім беруді жетілдіру жолындағы ең басты мақсат – жеке тұлғаның дамуы, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуі, өзін-өзі дамытуы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала жан-жақты дамиды, алғашқы қоршаған орта құндылықтарымен танысады, «МЕН» ұғымы қалыптасады. Білім беру сатысында баланың жеке тұлғалық қасиеттерімен қатар әр түрлі қызмет түрлерінің құзіреттілігі артады. Балалар құзіреттілігінің артуы оның игерген, алған білім дағдыларын, өз алдына шешім шығаруына «қалыптастырушы, дамытушы» құзіреттіліктер (тілдік, коммуникативтік, салауаттылық, зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік) көмектеседі. Сонымен қатар білім беруді жетілдіруде педагог қызметіне де өзгертулер енеді. Ол енді ақпарат беруші емес, зияткерлік ізденіс үстінде жүрген ұйымдастырушы. Ол үшін педагогтар бүгінгі заман талабына, оқу-тәрбие үрдісіне сай жаңа заманауи технологияларды меңгеріп, игерулері қажет. Негізгі мақсат – тәрбиеленушілерді өздігінен жұмыс жасауы үшін қажетті білім ала білу жолдарын қалыптастыру. Бұл – ақпаратты жинау, сараптау, проблемалық мәселені тура тұжырымдау, дәстүрлі және қарама-қайшы жолдарды анықтау, өздігінен баламалы көзқарасты қалыптастыру, жаңа идеялар және мәселені шешудің ерекше нұсқаларын ойлап табу. Осы аталған құзіреттіліктерді қалыптастыру, танымдық қызметтерін ұйымдастыру үшін түрлі оқыту технологияларын пайдаланамыз. Педагогикалық технологиялар міндетті түрде білімқұмарлыққа, білімге деген әуестікке баулуы тиіс. Сонымен қатар таным белсенділігінің негізін, өздігінен шығармашылық т.б. міндеттерді шеше білу және оларды барлық қызмет түрлерінде жетістікке жеткізу үшін

пайдалану, тұлғаны зияткерлік бағытқа бұра отырып шығармашылық ойын, үлкендермен, өз жасындағы балалармен тіл табысу-коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыру, рефлексия жасай білу қабілеті. Бұл ең маңызды тұлғалық қасиет, өзін түсіну, сезіну (тәртібі, сезімі, мүмкіншілігі, сөйлеу тілі т.б.).

Педагогтар өздерінің педагогикалық құзіреттіліктерін, білімдерін толықтыру, тәжірибе алмасу мақсатында қысқа және ұзақ мерзімдегі семинар-практикумдарға, аудандық көлемдегі семинарларға, педагогикалық кеңестерге қатысады және өздерінің қызықты ойларымен бөліседі. Отбасы мен педагогтар өзара тығыз қатынаста жұмыс істесе, мектеп жасына дейінгі балалар құзіреттілігін қалыптастыру тиімді бола түседі. Құзіреттілікті қалыптастыруды іске асыру мақсатында, бірінші орында ата-аналарды ынтымақтастықты орнату қажет. Балалар құзіреттілігінің жүйелі жолын қалыптастыру бүгінгі күнде мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінен бастау алып келеді. Осы бастаманың негізгі міндеті – балаларды бүгінгі заман талабына сай әлемді шынайы қабылдап, байыпты ұғынуға дайындау.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік – білім беру саласында, соның ішінде мектеп-экономикалық өзгерістер мен еліміздің мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы заман талабына сай өзгерістер енгізіп отыр. Қазіргі уақытта еліміздің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі мектепке дейінгі білім беру жүйесін қайта құру және дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мекемелері – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы, қоршаған әлемді жаңаша қабылдауға қабілетті, жаңаша ойлайтын, жан-жақты білімді құзіретті

бала тәрбиелеу. Баланы дамыту мен тәрбиелеу әлемдік озық тәжірибеге негізделіп, оның жеке ерекшеліктерін, қабілетін, дарыны мен талантын ашуға және жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектеп жасына дейінгі баланы қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жемісті болмақ. Еліміздің 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуіне байланысты «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» жаңа стандарты енгізілді. Стандарт негізінде енгізілді. Стандарт негізінде енгізілген «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалар мазмұнын оқу іс-әрекетінде жүзеге асыру үшін оқытудың тиімді әдістерін қолдану өте маңызды.

Балалардың өз бетімен әрекет істеуге құштарлығы «Өзім істеймін» деген кездерінде байқалады. Балалар өз беттерімен тырысып, құлшыныс сатылары болатыны бәрімізге таныс. Оқу-тәрбие үрдісін жаңашылдықпен оқыту, білім беру технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, жұмыс жүргізу балалардың ой-өрісін дамытуға тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын кіші жастағы балалармен жұмыста пайдалануға болады. Сөни тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты арттырып, мақсат қойып, іс қылуға, сұрақ-жауап арқылы, мазмұнын түсіндіруге толық мүмкіндік жасайды.

Әр баланың денсаулық құзіреттілігін арттыру жолында түрлі қимыл – қозғалысты нығайту, есте сақтау, зейінді тұрақтандыруға арналған жаттығу ойындарын қолдану, сайыстар өткізу, күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекетімнің үрдісі.

Мысалы: қатынас күзіреттілігінің көркем әдебиет саласы бойынша «Тазалық саулық кепілі» тақырыбымда өткізген ұйымдастырылған іс – әрекетімнің мотивациялық кезеңін:

Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты,
Жарқырап күніміз,
Жайнады даламыз.

Қайырлы күн апайлар!

Қайырлы күн ағайлар! - деген өлең жолдарын іс – қимылмен көрсетіп сәлемдесу жоралғысын жасап балалардың назарын аударуға ықпал жасадым.

Ұйымдастырылған іс – әрекеттің ұйымдастырушылық кезеңінде. «Бұл не?» деген жұмбақ – өлең арқылы тазалық сақтау заттарына құралған жұмбақтарымды қойдым.

Ертемен күнде сен,
Қолыңа сүйкесең,
Кетіп кір ласың,
Тап-таза боласың, бұл не? «сабын»
Шомылған баланы,
Аймалап алады,
Сүртеді қолыңды,
Сүртеді жоныңды, бұл не? «сүлгі»
Қолы жоқ, сөзі жоқ,
Бірақ та тісі бар.
Басыңмен ісі бар, бұл не? «тарақ»
Иілсең иіліп,
Түйілсең түйіліп,
Қарайды кісіге,
Ұқыпты ісіне, бұл не? «айна».

Сонымен қатар балаларға «Тазалық» ұғымына түйінді ойлар айтуға, мысалы «Дене тазалығы, киім тазалығы, ой тазалығы» т.с.с ықпал жасадым. «Суреттерді сөйлетейік» ойынын ұйымдастырып, балаларға суретке қарап өз ойларын айтуға ұсыныс жасадым.

Мектеп жасына дейінгі балалар кез келген жаста сыни тұрғысынан ойлауға қабілетті екенін ескерген жөн. Осы технологияны ересек жастағы балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолдану жоспары ұсынылады. Мысалы, ересек тобында тіл дамыту оқу іс-

әрекетінде «Қайтпай қалған қарлығаш» атты тақырыбында өткізетін болсақ, «Қызығушылықты ояту» бөлімінде әрекет «Ой қозғау» сұрақтарын қоюдан басталады:

-Суретте не бейнеленген?

-Құстар.

-Қыста қандай құстарды кездестіресіңдер?

-Қарға, сауысқан, торғай, шымшық, көгершін.

-Қыстап қалатын құстар туралы не білесіңдер?

«Венн диаграммасы» стратегиясы бойынша қыстайтын және қыстамайтын құстарды ажыратады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында балалар құстар түрлерін (қыстайтын, қыстамайтын) нақтылап, бірақ оқылған әңгіме арқылы бір қайтпай қалған құспен танысып, оған қандай қамқор жасау қажет екенін түсінеді, тыйым сөздер жаттайды. Балалар өздерінің атқарған қызметтеріне баға беруге де үйренеді. Мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығын қамтамасыз етуі ойын арқылы берілуі қажет. Оқу іс-әрекетінде дидактикалық, үстел үстінде ойналатын ойындар кеңінен қолданылады. Осындай ойындар ұйымдастыру балаларда ойлау қабілеттерін дамытады.

«Білемін, білгім келеді, үйрендім» стратегиясын оқу іс-әрекетін қорытындылау кезінде қолдануға болады. Қамқорлық жасау жолдарын білу арқылы балаларда ұжымшылдық, өз бетімен жұмыс істей білу қабілетін, табандылық, тәртіптілік сияқты адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жолдары қарастырылған. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану өте тиімді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі баланы қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты болмақ. Қорыта келе айтарым, мұғалім жаңалықтан қашпауы тиіс, қайта әдісті көп білуге тырысқаны жөн, одан ұтпаса, ұтылмайды. «Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдаланып, балаларды кіші жастан ақпараттық сауаттылықпен қамтамасыз ету қажет» - деген. Елбасы тапсырмасына орай жаңа технологияны

меңгерген педагог өркениетті ел болашағын ойлайтын, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақты тәрбиелей алады. Демек жаңа технологиямен қаруланған мұғалім ғана, өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады. ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. Алматы // 2006. -86б.
4. Нүсіпбекова М.И., Арғымаева Ә.Б «Әдістемелік құрал» Алматы «Арман -ПВ» баспасы .2007. -154 б.
5. «Бала мен балабақша» республикалық педагогикалық журналы, №2, 2015.
6. «Отбасы және балабақша» журналы, №6, 2011, қараша-желтоқсан.
7. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты- тұлғаның өздік дамуында //Алматы -2006 .
8. Білім берудегі инновация арнайы білім беру порталының материалдары [Электр. қор]// <http://sinncom.ru>.
9. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. М., 2014, С. 41
10. Волкова Г.Л. Повышение уровня компетентности педагогического коллектива – основа результативности учебно-воспитательного процесса // Завуч - 1999. - №7.

ФОРМИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СИСТЕМНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Муханбетжанова Ардак Абузаровна

Кафедра методики дошкольного и начального обучения

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В будущем наша страна прилагает всю надежду на детей, поэтому воспитание высокообразованного, сознательного гражданина – задача сферы образования. Фундамент знания закладывается в детском саду. В процессе реализации компетенции в детском саду, от воспитателей требуется формирование новых методических основ, учитывая личностные индивидуальные особенности, совершенствуя эффективные способы детей.

Ключевые слова: Компетенция, компетентность, личность, воспитатель, стандарт, технология, будущее, общество.

THE FORMATION ACTIVITIES OF THE SISTEM COMPETENCE OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Ardak Mukhanbetzhanova

Department of Methods of Primary and Preschool Education

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: In the future our country is making the entire hope for children, so the education of highly educated, conscientious citizen – the task of education. The Foundation of knowledge is laid in kindergarten. In the process of implementation of competence in the kindergarten, educators require the formation of new methodical bases, given the personal and individual features, perfecting effective ways of children.

Keywords: Competence, competence, personality, teacher, standard, technology, future, society.

ӘОЖ: 81*373.217

МАТЫБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫНЫҢ ШӨЛЕЙТТЕНУІ

Накишбаева Жұлдыз Кенесовна

Химия, биология және география кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымының магистрі

nakishbaeva@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл мақалада Матыбұлақ ауылдық округының шөлейттену мәселелері, сонымен қатар жайылымдардың экологиялық жағдайы қарастырылады.*

***Түйін сөздер:** Шөлейттену, цикл, экожүйе, фитосинтез.*

Адамзаттың шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде топырақ эрозиясы жеделдей түседі де Шөлдену аумағы тез өседі. Шөлдену, шөлге айналу - шөл аумағының төңірегіндегі жерлер есебінен кеңеюі. Табиғи және антропогендік факторлар әсерінен болады. Табиғи факторларға құрғақшылыққа апарып соғатын климат пен су ағынының циклдік өзгеруі, ал антропогендік факторларға шөлмен көршілес аймақтағы ағаш өсімдіктерінің азаюы (кұрылысқа, отынға және т.б. пайдалану) мен шөптесін өсімдіктердің жойылуы (шамадан тыс мал жаю) жатады [1, 36 б].

Матыбұлақ ауылдық округының аумағы экожүйелерінің өсімдік-топырақ компоненттері, шөлдену және шөлге айналу процестері және шөлденудің экологияға әсері. Алынып отырған нысан Алматы облысы Жамбыл ауданының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, және 4 учаскеден (Негізгі, Отар, Жаманты және Ешқалы) тұрады.

Өсімдіктердің өнімділігі мен сақталуына шөлді аймақта малдарды азықпен қамтамасыз ету дәрежесі тығыз байланысты. Сондықтан өсімдіктер жабынын тиімді пайдалану, өсімдік ресурстарын толығымен дұрыс игеру, оны сақтау қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі [2, 45 б].

Өсімдіктер жабынының құрылымы өте күрделі, оны адамзат әсер ету

барысында онан әрі күрделендіруде. Антропогендік әсерлер фитоценоздар мен ассоциацияларды бөлуде аса тиянақпен назар аударуды талап етеді. Сондықтан белгілі жағдайға тұрақты фитосинтез типтерінің дамуы және бейімделуі туралы жеткілікті мәлімет болу керек. Сондай – ақ, антропогендік модификациялар туралы, олардың фитоценоздың (ассоциация) нақты қайсы типіне жататындығы туралы жақсы білу керек. Осының барлығы өсімдіктерді пайдаланудың және оны қалпына келтірудің дұрыс жолын табуға қажет [1, 264 б].

Осыған орай жұмысымыздың мақсаты мен шешу жолдары:

- карталарды пайдалана отырып Матыбұлақ ауылдық округының өсімдік топырақ компоненттерінің экологиялық күйін анықтау;
- шөлейттену процесінің экологияға тигізетін ықпалын қарастыру;
- жайылымдардың қазіргі жағдайы бойынша түзетулер енгізу;
- жайылымды тиімді пайдалану жолдарын белгілеу.

Матыбұлақ ауылдық округының негізгі учаскесі солтүстігінде Ұзынағаш және Талап ауылдық округының, шығысында Үлгілі және Ұзынағаш ауылдық округының, оңтүстігінде Үңгіртас және Беріктас ауылдық округының және Жамбыл облысының,

батысында Жамбыл облысының және ауданның жер қорының жерлерімен шектеледі.

Экожүйедегі тепе-теңдіктің бұзылуына және белгілі бір территориядағы органикалық тіршіліктің барлық формаларының деградацияға ұшырауына алып келетін табиғи және антропогендік процестердің жиынтығы, яғни, адамның қатысуынсыз табиғи экожүйенің орнына қайта келмейтіндей өсімдіктер жамылғысын жоғалтуы шөлейттену деп аталады [3, 85 б].

Матыбұлақ ауылдық округының табиғи ресурстарды шаруашылықта пайдалану құрылымының сол ландшафтың табиғи мүмкіншілігіне сәйкес пайдаланбауы, халық санының өсуі, антропогенді қысымның артуы элеуметтік-экономикалық жағдайың төмендігі оның экологиясының бұзылуна тікелей әсерін тигізеді.

Экологиялық болжамдарға қарап байқайтынымыз іздестіру жұмысы жүргізілген ауданның флорасы нашар жайғасқан. Аласа тауларда, шу-іле тауының тау етегінде ксерофиттердің, жылғалар мен өзендердің аңғарларында мезофиттердің кең таралғандығы [4, 96 б].

2008 жылдың 1 қарашасындағы жер балансының мәліметтері бойынша Матыбұлақ ауылдық округының жалпы ауданы 134858 га құрайды, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптары 131089 га, елді мекендер 229 га. Ауылшаруашылық алқаптары 116282 га жайылымдық, 14807 га егістік жерлерден тұрады. Негізгі учаскенің ауданы 119183 га, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптары 115700 га, басқа алқаптар – 3483 га, селитебтік зона – 2290 га. Матыбұлақ ауылдық округының зерттелген бөлігінің ауданын компьютерлік есептеу нәтижесінде алынған мәліметтер бойынша ауданы 134611 га құрайды, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптарға 131131 га, басқа алқаптарға – 3480 га жер жатады. Ауылшаруашылық алқаптар 115703 га

жайылымнан, 15428 га егістіктерден тұрады. Оңтүстік және орталық бөліктері солтүстіктен оңтүстікке қарай өтетін Алмалы, Аққайнасай, Қарасай, Аққайнар, Қызылқайнар сияқты құрғақ салалармен тілімденген. Солтүстігінде Кендіқора, Ащысу, Жасала шатқалдарынан (1000-1600 м) басталып, Доланқора, Алмалы, Қарашағыл шатқалдарына (960-880 м), одан әрі Қопа өзенінің аңғарының (700-800 м) солтүстік бөлігінде оңтүстікке қарай төмендеуі жер бетінің жалпы заңдылығы болып саналады [5, 36 б].

Жайылымдардың экологиялық жағдайы бойынша жалпы 115703 га жайылымның 66221 га (57,2%) тазаға, шәйқурай тобылғы мен қотыр раушанмен бұталанғанға 2044 (1,8%), ебелекпен және эфемерлермен тапталғанға 46468 га (40,2%), сарыандызбен қатты ластанған жерге 141 га (0,1%), улы өсімдіктермен қатты ластанғанға 829 га (0,7%) жатады [6, 97 б].

Зерттелген территорияның жазық бөлігінің климаты күрт континенталды, таудың климаты бірқалыпты континенталды. Іле Алатауы құрғақ тау етегі ауданы Негізгі және Отар учаскелерінің барлық территориясын қамтиды. 10°C-тан жоғары температура жиынтығы 3100-3400°C, II ауданға қарағанда біраз төмен, ГТК көрсеткіші – біршама жоғары – 0,7-1,0. Шілде айының орташа температурасы 24°C. Ауаның температурасы 10°C-тан жоғары кезеңнің ұзақтығы 168 күн. Ауданның климаты бірқалыпты құрғақ жазымен, бірқалыпты суық қысымен ерекшеленеді. Жыл бойы жауын-шашын басқа агроклиматтық ауданға қарағанда өсімдіктердің вегетациялық кезеңінде көбірек жауады. Ауаның температурасы 10°C-тан жоғары кезеңде жауын-шашын мөлшері 175-220 мм құрайды [7,8 102 б].

Зерттелген территорияның топырақ түзілу жағдайы оның тік белдемділігіне, топырақ түзуші жыныстарына, ылғалдану да басқа қасиеттеріне байланысты

түрлілігімен сипатталады. Осы территорияның топырақ жабыны кәдімгі ашық сұр, қара топырақтар, сондай ақ шымды қара топырақ тәрізді орман топырақтар белдемшелерінен тұрады.

Матыбулақ ауылдық аймағының территориясында тау етегіне, орташа тауларға, биік тауларға, сондай ақ жылғалар мен өзендердің аңғарларына тән өсімдіктер таралған[9,10 96, 401 б].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ресурсы биосферы пустынь Средней Азии и Казахстана. Наука: Москва 1984. - С. 5-12. 2008 жылдың 1 қарашасындағы жер баланысының мәліметтері бойынша.
2. Пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР. Галым: Алма-Ата.- 1991.
3. Агроклиматические ресурсы Алма-Атинской области Казахской ССР. Алма-Ата, Гидрометеоиздат, 1978.
4. Справочник по климату СССР. Выпуск 18, часть II, IV, Л.: Гидрометеоиздат.- 1966- 1968 гг.
5. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Т. 1 и 2. – Алма-Ата: 1969 – 1972.
6. Прозоровский А. В. Полупустыни и пустыни СССР. //Растительность СССР, Т. 2. – Москва – Ленинград, 1940.
7. Растительный покров Казахстана. //Труды Казахского филиала АН СССР, Т 1 вып.18, 1940.
8. Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Т. 1 и 2. – Алма-Ата: 1969 – 1972.
9. Подольский Л.И., Мирзадинов Р.А., Варенников В.М. и др. Научно-методические указания по мониторингу земель Республики Казахстан// Алматы, Госкомзем, 1993.

ЗАСУХА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА МАТЫБУЛАК

Накишбаева Жұлдыз Кенесовна

Кафедра химии, биологии и географии

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В данной статье рассматриваются экологические проблемы засушливых мест на примере территорий Казахстана, в частности, Матыбулакского сельского округа, расположенного в Алматинской области. Также уделяется внимание экологии пастбищ данного объекта.

Ключевые слова: Засушливость, подцикл, экосистема, фотосинтез.

DROUGHT OF RURAL DISTRICT MATYBULAK

Zhuldyz Nakishbayeva

Department of Chemistry, Biology and Geography

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article considered with ecological problems of dry places in the territory of Kazakhstan particularly the rural region Matybulak, that located in Almaty province and the pазdbash ecologie togiven object.

Keywords: Arid, sub-cycle, ecosystem, photosynthesis.

ӘОЖ: 26-47

БІЛІМ – ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ҮДЕРІСІНІҢ НЕГІЗІ

Нурканов Жузбай Кашкинбаевич

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі
nzhuzbai@bk.ru

Аңдатпа: Бүгінде Қазақстанның маңызды білім беру әлеуеті бар. Білімге негізделген экономика экономикалық өсуге және жағандық экономикаға толығымен қатысуға мүмкіндік береді. Білімді өндіру ғылыми-техникалық қызметтің мүмкіндіктерімен дәйектеледі. Білімді өндіру мен инновацияны енгізудің мемлекеттік жүйесі, сөзсіз, инфрақұрылымның базалық элементі және ғылыми сыйымды экономиканың кезеңіндегі жетістік жағдайы болып табылады. Білімді игеру, оларды бөлу және қолдану, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ете отырып материалдық және материалдық емес өндірісті дамытудың басты көзі және маңызды факторы болып табылады.

Түйін сөздер: ақылды экономика, машиналы-қарқынды, білім-қарқынды, білім қоғамы, білім экономикасы, постиндустриалды қоғам, ақпарат экономикасы, ақпараттық қоғам, білімді басқару.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесінің барлық салаларындағы қатынастарды ырықтандыруды күшейту-отандық экономиканың құрылуының және әрі қарай дамуының маңызды шарты болып табылады. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет сияқты экономиканың салаларына нарықтық қатынастардың қол жеткізген жетістіктері осының дәлелі.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтің халыққа жолдауындағы «Жоғары технологияларды енгізуге және инновацияны қолдауға бағытталған біркелкі мемлекеттік стратегияны жүргізу» және «ақылды экономика» негіздерін құру» бағыттары [1, 16 б.] әртараптандыру, инфрақұрылымдық даму және жоғары технологиялық индустрияның негізін құру арқылы Қазақстан экономикасының өсуін және тұрақтылығын басқару негізінде, Қазақстанда ғылыми сыйымды салаларды дамыту арналған.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тұрақты экономикалық өсу, қазіргі

заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерді белсенді қолданғанда ғана, тек инновациялық негізде қол жеткізуге болады. Тек осы жағдайда ғана өсудің жоғарғы сапасына, ресурс сақтауға, өндірістің тиімділігіне, ішкі және әлемдік нарыққа бәсекеге қабілетті өнім шығару мүмкіндігі жүзеге асырылады. Сол себепті ғылыми-техникалық әлеуетті арттырудың ең бір тиімді жолы ғылыми және білім беру мекемелерінің бірігуі болып табылады.

Сондықтан да, білім беру қызметі нарығын зерттеу қажеттілігі қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді.

Білім берудің рөлі еңбек атты өндіріс факторының сапасын көтеретініне ешқандай күмән жоқ екені айқын. Бірақ, нақты экономикалық жүйенің дамуының заңдылықтарын түсіну, осымен байланысты экономиканың жүйелеріндегі тізбектік өзгерістерді туғызатын, білім беруді дамытудың таңдалған моделін қолданудың тиімділігінің деңгейі,

мемлекеттің білім беру саясатының басымдылықтары, шаруашылық тәжірибедегі өзгерістер туралы нақты айтуға мүмкіндік береді.

Жаңа индустриалды қоғамның (Дж. Гэлбрейт) [2, 480 б.] және пост индустриалды қоғамның (Д. Рисмен, Д. Белл) идеялары ақырын ақырын ақпараттық қоғам және тізбектік қоғам концепцияларына түрленді, оларды сонымен қатар жаңа экономика деп атайды.

Дж. Ходжсон қазіргі заманғы қоғамды және онда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді сипаттағанда білімге бірінші деңгейлі мағына береді, және қоғамдағы нақты әлеуметтік институттардың бар болуымен білімді және оны қолдану ерекшеліктерін байланыстырады. Дж. Ходжсонның ойы бойынша, экономика аз деңгейде «машиналы-қарқынды» және көп деңгейлі «білім-қарқынды» болған кезде,

әлеуметтік-экономикалық жүйенің «білім-қарқындылық» (knowledge intensity) орны болады [3, 34 б.].

Америка әлеуметтанушысы Р. Кроуфорд адамзат қоғамының даму үдерісіндегі маңызды ролді білімге береді және қазіргі заманғы қоғамды «білім қоғамы» (knowledge society) деп атайды: «... жаңа білім жаңа технологияның пайда болуына әкеледі, ол өз алдына, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге әкеледі, ал, ол өз алдына әлеуметті-саяси өзгерістерге әкеледі, қорытындысында жаңа парадигманы немесе әлемдік жаңа көзқарасты құруға әкеледі. Бұл моделді қазір әлемде болып жатқан күрделі экономикалық, әлеуметтік және саяси өзгерістерге түсініктеме үшін қолдануға болады». Р. Крауфордтың трактовокасы бойынша қазіргі заманғы қоғамды білім қоғамы ретіндегі айырмашылықтарының ерекшеліктері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Қоғамның негізгі төрт түрінің маңызды сипаттамалары

Сипаттама	Қарапайым қоғам	Ауыл шаруашылық қоғамы	Индустриалды қоғам	Білім қоғамы
Технология	Энергия: адамдар Материалдар: тері, тастар Құрал-саймандар: қарапайым қарулар Өндірістік әдістер: жоқ Көлік жүйесі: жаяу Коммуникациялық жүйе: сөйлеу	Энергия: табиғи (адамдар, жануарлар, жел) Материалдар: қалпына келетін ресурстар (ағаш, тері және т.б.) Құрал-саймандар: күшейтілген (блоктар, деңгейлер) немесе табиғи (су дөңгелектері) Өндірістік әдістер: қолмен Көлік жүйесі: атты, су көлігі Коммуникациялық жүйе: жазбаша жазу	Энергия: отын Материалдар: қалпына келмейтін ресурстар (металл) Құрал-саймандар: адам еңбегің ауыстыратын машиналар Өндірістік әдістер: конвейер Көлік жүйесі: су көлігі, темір жолдар, автомобильдер, әуе көлігі Коммуникациялық жүйе: баспа, теледидар	Энергия: табиғи (күн, жел), ядролық Материалдар: қалпына келетін ресурстар (биотехнология), жасанды Құрал-саймандар: ойлау қызметімен байланысты машиналар (компьютерлер) Өндірістік әдістер: робототехника Көлік жүйесі: кеңістікті игеру Коммуникациялық жүйе: электрондық байланыс құралдары
Экономика	Азық жинау, аңшылық, балық аулау	Орталықтандырыл-маған жергілікті экономика, қарапайым еңбек бөлінісі, негізгі ресурс - жер	Ұлттық нарықтық экономика, күрделі еңбек бөлінісі (мамандану), негізгі ресурс - физикалық капитал	Біріктірілген жаһандық экономика, тораптық ұйымдастыру, негізгі ресурс - адами капитал
Әлеуметтік жүйе	Тайпалық	Жанұялық, білім - элита басымдылығы	Конформизм, элиталар, класстар, білім - жаппай	Әртараптандырылу, эголизаризм, дербестік, білім - жекеленген
Саяси жүйе	Тайпа - негізгі саяси күш, карттардың, көсемдердің басты ролі	Феодализм, басқару құқығы мұрагерлік сипатта, негізгі саяси күш - жергілікті басқару органы	Капитализм және марксизм, ұлтшылдық, негізгі саяси күш - ұсынылған демократия немесе диктатура	Жаһандық кооперация, негізгі саяси күш - ұлттар үстінен басқару

			түріндегі күшті ұлттық үкімет	
Парадигма	Әлем табиғи терминдерімен ұсынылады	Білім негізі - математика (алгебра, геометрия). Орталық ойлар: дін, өмірге мистикалық көзқарас, құндылықтар жүйесі табиғатпен гармонияны көрсетеді	Білім негізі - физика, химия. Орталық ойлар: қылмыс пен жазалаудың арасында гармония туғызатын оңтайлы әлеуметтік құрылым	Білім негізі- кванттық электроника, молекулярлы биология, экологиялық ғылымдар. Орталық ойлар: құндылықтар жүйесі жеке адамның ролін орталықтанбаған қоғамда көрсетеді
Ескертпе: Crawford R. In Era of Human Capital: The Emergence of Talent, Intelligence, and Knowledge as Worldwide Economic Force and What It Means to Managers and Investors. New York: Harper Business, 1991. P. 6. [12] Стрелец И.А. Новая экономика и информационные технологии. –М.: Изд-во «Экзамен», 2003. – 256 с. [13] бойынша құрылған				

Көрнекті әлеуметтанушы, Калифорния университетінің (АҚШ) профессоры М. Кастельс «білім» түсінгіне қатысты Д. Бэллдің түсінгіне сүйенеді: «Білім – дәйектелген пікірдің немесе тәжірибенің қорытындысын көрсететін деректер немесе идеялардың ұйымдастырылған көзқарастардың жиынтығы, ол басқа жолмен басқа коммуникация құралымен басқа жүйелендірілген түрде беріледі» [4, 39 б.]. М. Кастельс дамудың индустриалды түрінің ауысуы туралы айтады, оның өнімділігінің басты қозғағышы – энергияның жаңа көздері және дамудың ақпараттық тәсілімен өндіріс және бөлу жолымен энергияны қолдануды орталықтандырмау мүмкіндігі, ал соңғының өнімділігінің басты көзін ол білімді генерациялау технологиясын, ақпаратты және символикалық коммуникацияны өңдеуді атайды.

Француз экономисті Ж. Сапир «қолда бар білімге қосыла алатын және қандайда бір белгіден алына алатын қандай да бір деректі» ақпарат деп түсінуді ұсынады. Әрі қарай: «Ақпарат агентке берілмегендіктен оны сатып алудың маңыздылығы оны өңдеудің маңыздылығы жоғары болады. Білім, ақпаратқа байланысты қоршаған ортаның жағдайының жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Сондықтан, «ақпарат экономикасынан» «білім экономикасына» көшу керек [5, 150 б.].

Ресей ғалымы В. Иноземцев қазіргі заманғы шаруашылық жүйеге қатысты

«білім экономикасы» (knowledge economy) терминін қолданады, «... қоғамның маңызды өндірістік ресурсы қандайда бір өндірістік және технологиялық үдерісте салыстырмалы объективті мәні немесе деректердің жиынтығы ретінде ақпарат болып табылмай, білім табылады, яғни, адамзатпен игерілген және оның ойының сыртында жоқ ақпарат» екенін айтып кетеді [6, 3 б.]. Бұл экономисттің ойы қандайда бір деңгейінде жапон экономисті Т. Сакайдің ойына сай келеді: «80-ші жылдары басталған өзгерістер өте дамыған өнеркәсіптік экономиканың пайда болуын ғана көрсетіп қоймай, қоғамның жаңа түрге көшуінің түрін көрсетті, ол өзгерістер технологиялық жаңа енгізулермен немесе индустриалды кезектегі өзгерістермен ғана шектеліп қоймай, барлық әлеуметтік құрылымды түбейгейлі өзгертеді деп толық айтуға мүмкіндігім бар. Бұл мағынада, бүгін көрініп жатқан Жапониядағы және Құрама Штаттардағы өзгерістер, өнеркәсіптік революция басталғаннан бергі екі жүз жылда болып жатқан ең маңызды өзгерістер деп айтуға болады. Міне мен сондықтан бұл өзгерістерді knowledge-value revolution» [7, 357 б.] деп айтуды ұсынамын. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды және олардың қоғамға әсерін қарастыра отырып, ол бұл әсер етудің бұрынғы техникалық жаңа енгізулер көрсеткен әсерінен маңызды ерекшеліктерін көрсетеді. Бұрынғы уақыттың өнертапқыштары (электр қуаты, жаңа материалдар) шығарылатын

материалдық игіліктердің сандық көрсеткіштерінің өсуіне мүмкіндік берді, сол уақытта қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар материалдық игіліктерден тәуелділікті төмендетуге және ақпараттық қызметтердің көлемін және әртараптануын көтеруге бағытталған; біліммен құрылатын, құнның мағынасын өсіру жолында жетістікті бекітетін инновацияның сипаты осындай. Осы жерден көріп отырғандай, сонымен қатар, қоршаған ортада болып жатқан, өзгерістерді талдағандағы білімнің анықтаушы рөлі бөлініп көрсетіледі.

«Білімге негізделген, экономика» термині (knowledge-based economy) келесі жағдайларда қолданылады, мысалы, Д. Куа, қазіргі заманғы қайта өзгерістердің негізін құрайтын элементі ретінде білімге көңілін аударады [8]. Кейбір шығыс ғалымдары қазіргі заманғы қоғамды ақпараттық емес, қоғамдық ғылым дейді, мысалы, неміс ғалымы Р. Крайбих өзінің «Ғылым қоғамы: Галилейден жоғары технология революциясына дейінгі» деген жұмысында осылай деп айтқан [9, 803 б.]. Д.Тапскотт өз жұмысында, жаңа түрлі қоғам, жаңа кәсіпорын және жаңа технология – бұл бір-бірімен байланысқан бөлінбейтін түсінік, және оларды жалпы концепцияға біріктіретін 12 бір-бірімен байланысқан белгісі бар деп көрсеткен: білімге бағытталу; объектілерді көрудің сандық түрі; виртуалды табиғат; молекулярлы құрылғы; біріктіру, торап аралық қарым-қатынас; делдалдарды жою; конвергенция; инновациялық табиғат; қатынастардың трансформациясы өндіруші-тұтынушы; динамизм; жаһандық масштабтар; қайшылықтың бар болуы [10, 83-87 б.].

Ғылыми дәйектелген экономиканың құрылуы білімді құрумен, инновациялық қолданумен және таратумен байланысты. Бұндай экономика дәстүрлі индустриалды экономикадан айырмашылығы бар бірнеше сипаттарға ие. Білімнің материалды заттардан айырмашылығы:

олар қолдану үдерісінде тозбайды, керісінше олардың бағасы өседі. Бір рет алынған білім монопольды иеленудің пәні болып табылмайды, олар барлығының игілігі болады. Білім материалды заттарға қарағанда тез және қарапайым таратылады, оларға қол жетерлік өсіп келеді. Осыған байланысты ерекше көңіл тек білімді жинақтауға ғана бөлінбеу керек, сонымен қатар оқуға, таратуға және тәжірибеде қолдануға бөлінуі керек. Білімді оңай сақтауға, жинақтауға, қайта түрлендіруге және өңдеуге болады. Білімді жаңғырту циклі күнен күнге қысқарып бара жатыр.

Білімді өндірумен инновацияны енгізудің мемлекеттік жүйесі, сөзсіз, инфрақұрылымның базалық элементі және ғылыми сыйымды экономиканың кезеңіндегі жетістік жағдайы болып табылады.

Ғылыми сыйымды экономика кезеңінде өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын маңызды фактор ғылым мен технология, өндіріс пен маркетингті басқару стратегиясын иемдену болып табылады. Жалпы қоғам мен адамзаттың эволюциясының заңдарын білу. Өндірістің дамуының маңызды факторы адамның білімі, интеллектуалды меншігі және интеллектуалды мүмкіндіктері болып табылады.

Инновациялық жүйенің дамуы және білімді құру және тәжірибеде қолдану мүмкіндігі, барлық шаруашылықтың және жекелеген компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін анықтай отырып, елдің, аймақтың және жалпы қоғамның дамуының негізгі шарты болады [11, 338 б.].

Қазіргі заманғы қоғамда білім берудің экономикалық құндылығына көзқарастар белсенді дамып келеді. Оған дәлел ретінде әлемдік экономиканың «білімді басқару» (knowledge management) және «білімге негізделген, экономика» (knowledge based economy) бағыттарының дамуы болып табылады.

Ғылыми сыйымды экономика адамның білімінде және интеллектуалды мүмкіндіктерінде негізделеді, сондықтан ол ресурстарды сақтауға, адамның табиғатпен қарым-қатынасына және тұрақты дамуына әкеледі.

Ғылыми сыйымды экономика ғасырында компьютерлер мен басқа да интеллектуалды құралдар қарапайым, ауыр қол еңбегін ауыстырып қана қоймай, сонымен қатар ойлау қызметінің кейбір түрлерін де ауыстырады. Адамзаттың белсенділігінің артықшылығының саласы және оның басты себебі интеллектуалдық еңбек – ғылыми зерттеулер, инновациялық бизнес, - сонымен қатар мәдениет және өнер саласындағы шығармашылық болып табылады. Өндірісті басқару, индустриалды экономикадағыдай шикізат өнімдерін өндіруде және оларды сатуда емес, ақпаратты, білімді алуда және қолдануда, мүмкіндікті пайдалануда шоғырланған. Яғни, білімді басқарудың жинақталатын тәжірибесін жинақтау, оны барлық жақты талдауы, шаруашылық субъектілерінің нақты жағдайы мен ерекшеліктерін ескере отырып жаңа ұйымдастырушылық моделдер мен әдістерді қолдану мүмкіндігін көрсету.

Ақылды экономикасыз, немесе, оның басқаша атауы, білімге негізделген экономика, экономикалық өсумен басқару, жаһандық экономикада толығымен қатысуға мүмкін емес. Білімге негізделген экономика, адам университетте ала алатын білімнің қандайда бір сомасын, жоғарғы технологиялық салалардың бар болуын ғана емес, сонымен қатар, өндірісті басқара алу, жаңа өнімді шығара алуды

ұйғарады. «Ақылды экономика» үшін жаңа білімді құру маңызды емес, ал оны дұрыс қолдану маңызды. Яғни, әлемдік тәжірибені қолдану және әлемдік стандарттарға сай келуге ұмтылу.

Бұл жағдайда стандарттарды әдістемені әзірлеген Дүниежүзілік банк (ДБ) қояды, ол көптеген көрсеткіштердің негізінде нақты бір елдің экономикасының «ақылды» анықтамасына сай келетінін көрсетеді. ДБ сонымен қатар, әр түрлі елдерді білім индексі және білім экономикасының индексі бойынша салыстыуға мүмкіндік беретін рейтинг құрады. Біріншісі (Knowledge Index) елде білімнің дамуының жалпы әлеуетіне жатады, оны интеллектуалдық даму индексі деп атайды, екіншісі (Knowledge Economy Index) – елдің білім экономикасындағы қозғалысының дәрежесі.

Білім беру жүйесінің жоғарғы тиімділігі ел экономикасының және қазақстанның қауымдастықтың тұрақты өсуін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады. Біздің мемлекетіміздің білім беру жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформаның мақсаты – жаһандануды ескере отырып нарықтық экономика жағдайында оның сапалы қайта түрленуін қамтамасыз ету. Білім беруді қайта құру, осы саладағы жинақталған позитивті әлеуетті сақтау негізінде бұл үдерістің тереңдеуі мен дамуы үшін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржылық-материалдық шарттарды және адекватты кадрлық қамтамасыз етуді талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 28 ақпан 2010. – 16 б.
2. Гэлбрейт Дж. Новое индустриальное общество. М.: Прогресс, 1969. С. 480.
3. Ходжсон Дж. Социально-экономические последствия прогресса знаний и нарастания сложности. – // Вопросы экономики. – 2001. – №8. – С.34.
4. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура / Под ред. О.И. Шкаратана. – М.: ГУ ВШЭ, 2000. – С. 39

5. Сапир Ж. К экономической теории неоднородных систем: Опыт исследования децентрализованной экономики / Под ред. Н.А.Макашевой. М.: ГУ ВШЭ, 2001. С.150.
6. Иноземцев В.Л. Парадоксы постиндустриальной экономики (инвестиции, производительность и хозяйственный рост в 90-е годы) // Мировая экономика и международные отношения. – 2000. – №3. – С.3.
7. Сакайя Т. Стоимость, создаваемая знанием, или История будущего // Новая постиндустриальная волна на Западе: Антология / Под ред. В.Л. Иноземцева. М.: Academia, 1999. — С.357.
8. Quah D. T. Growth and Wealth Creation in the Weightless Knowledge-Based Economy I // Economic Papers, 1998. October. <http://Econ.Ise.ac.uk/dquah/tweiro.html>.
9. Kreibich R. Die Wissenschaftsgesellschaft : von Galilei zur High-Tech-Revolution. Frankfurt am Main : Suhrkamp, 1986. С. 803.
10. Тапскотт Д. Электронно-цифровое общество. К.: «INT-press». М.: «Релф-бук». 1999. С. 83-87.
11. Лу Юнсян. Эра наукоемкой экономики // Вестник РАН.- 2000.Т. 70.№4.- С. 338.
12. Crawford R. In Era of Human Capital: The Emergence of Talent, Intelligence, and Knowledge as Worldwide Economic Force and What It Means to Managers and Investors. New York: Harper Business, 1991. P. 6.
13. Стрелец И.А. Новая экономика и информационные технологии. – М.: зд-во «Экзамен», 2003. – 256 с.

ОБРАЗОВАНИЕ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВЕННОГО ПРОЦЕССА

Нурканов Жужбай Кашкинбаевич

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель, магистр экономических наук

Аннотация: Сегодня есть у Казахстана отличный потенциал для качественного образования. Экономика основанная на знаниях даст возможность экономическому росту и в полной мере участвовать в глобальной экономике. Производство знаний подтверждается возможностями научными и техническими услугами. Производство знаний и внедрение инноваций государственной системы, конечно, это элемент базовой инфраструктуры и является условием успеха в период наукоемких экономики. Освоение знание, их распространение и использование является важным фактором и основным источником для обеспечения устойчивого экономического роста и в развитии материального и нематериального производства.

Ключевые слова: умная экономика, машинно-интенсивной, образование-стремительный, общество знаний, экономика образования, постиндустриальное общество, экономика информации, информационное общество, управление знаниями.

EDUCATION IS THE BASIS OF THE DEVELOPMENT OF THE CONTEMPORARY PUBLIC PROCESS

Zhuzbai Nurkanov

Department of History of Kazakhstan and Law, Basics of Economics

Senior Lecturer, Master of Economical Sciences

Abstract: Today Kazakhstan possesses great potential for high-quality education. The economy is knowledge-based will give the opportunity for economic growth and fully participate in the global economy. The production of knowledge is confirmed by scientific and technical services. Knowledge production and innovation state of the system, of course, it is part of the basic infrastructure and is a condition of success in the period of knowledge-based economy.

The development of knowledge, their distribution and use is an important factor and the main source for sustainable economic growth and development of tangible and intangible production.

Keywords: smart economy, machine-intensive, knowledge intensity, knowledge society, knowledge economy, postindustrial OAM, Economics of information, information society, knowledge management.

ӘОЖ: 54:504.5(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ХИМИЯЛЫҚ ӨНДІРІСТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ХИМИЯ МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Нүркенова Әйгерім Дауылбайқызы

Химия, биология және география кафедрасы
Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
aigera29_92@mail.ru

***Аңдатпа.** Бұл мақалада химияны оқыту үрдісінде өндірістік материалдарды пайдаланып, химия және оған туыстас мамандықтарға бағдарлаудың мақсаттары, студенттерді болашақ алатын мамандыққа дайындау үшін химияны оқыту үрдісінде оларға химиялық білім мен білікті қалыптастырудың мүмкіндіктері мен химия сабақтарында және студенттердің өзіндік жұмыстарында өндірістік материалдарды қолдану арқасында білімді тереңдетудің мақсаттары мен міндеттері, сонымен қатар, оларға қойылатын талаптар және сол талаптардың ерекшеліктері мен шарттары баяндалған. Химияны оқыту үрдісінде химия мамандықтары жөнінде мәлімет берілген. Студенттердің өндірістік материалдарды жақсы меңгеруі үшін сабақтың формалары мен оқытудың тиімді әдістерімен жасалған сабақ үлгілері көрсетілген. Өндірістік тақырыптарды оқытқанда «рольде ойнау» сабағын, бұл сабақтың негізгі мақсаты әрбір студенттің білімге ұмтылысын жақсарту, сонымен қатар рольде ойнау сабағының мәні жалпы танымдық әрекетімен қатар, студенттерді дамыту және тәрбиелеу қызметін атқаратын мүмкіндігі бар, студенттер оқу әрекеті нәтижесінде жинақталған білімін іс жүзінде өндіріс маманының орында сезініп, қолданылатыны жөнінде айтылған.*

***Түйін сөздер:** Химиялық өндіріс, болашақ маман, білім беру, технология, өндірістік материалдар, химиялық үрдістер, химиялық реакциялар, кендер.*

Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің жүйесін жетілдірудің жаңа кезеңіне аяқ басты. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға дейінгі білім берудің дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сай қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды міндеті- білім беру мазмұны мен құрылымын жаңарту, яғни жаңа мазмұнда білім беру моделін құрастыру.

Білім беру моделі деңгейі экономикалық және ғылыми- техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші екені белгілі.

Сапалы білім беру дегеніміз- ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын

кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі- сапалы білім беру.

Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат- жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Химияны оқыту үрдісінде өндірістік материалдарды пайдаланып, химия және оған туыстас мамандықтарға бағдарлаудың төмендегідей мақсатын алдық. Білім алушыларды болашақ алатын мамандыққа дайындау үшін химияны оқыту үрдісінде оларға химиялық білім мен білікті қалыптастырудың мүмкіндіктерін жасау.

Осы мақсатқа сәйкес сабақта және өзіндік жұмыс арқылы білімін тереңдетудің төмендегідей міндеттерін айқындадық[1]:

- Білім алушыларға химиялық өндірістердің ғылыми негіздерін түсіндіру;
- Білім алушыларға білімін тереңдетуге қажетті білім беру.

Бұл міндеттерді жүзеге асырудың жолдары:

- Жергілікті химиялық өндіріс туралы мәліметтерді сабақта пайдалану;
- Білім алушылардың өзіндік жұмысында химиялық өндірісті терең мазмұнда қарастыру;
- Ұлы химиктер өмірі туралы әңгімелесу;
- Өндіріс орындарына танымжорық ұйымдастыру;
- Химия өнеркәсібі жайындағы диафильм мен кинофильмдер көрсету.

Осы жұмыстың мақсаты өндірістік материалдарды оқытуда болашақ мамандардың білімін тереңдету жолдарын зерттеу.

Жергілікті өндірістік материалдарды қолданып мамандардың білімін тереңдетуде төмендегідей талаптарды ескердік:

- Оқытылатын мәселелер түсінікті, білім алушылардың ақыл-ой әрекетінің белсенділігін арттыратындай болуы керек;
- Жергілікті өндірісті қолданып химиялық экспериментпен тығыз ұштастыратындай етіп қарастыру керек;
- Таңдап алынған материал білім алушылардың танымын дамытатындай болуы керек[2].

Жоғарыдағы айтылған талаптарға байланысты жергілікті өндірістік материалдарды пайдаланып мамандардың білімін тереңдетудің ерекшеліктері мынадай:

- Жергілікті химиялық өндірісті пайдаланып оқу материалының мазмұнымен үндес келуі керек;
- Білім алушылардың химиялық өндіріс туралы білімі мен біліктерін

оқытушы мен оқушының өзіндік жұмысы кезінде тереңдету қажет;

- Химиялық өндірістерге танымжорық жасау арқылы өндіріс өнімдеріне, ондағы технологиялық үрдістерге, өндіріс қондырғыларына, жекелеген заттардың іс-жүзінде қолданылуына білім алушылардың назарын аудару керек [3].

Жергілікті өндірістік материалдарды қолданып жекелеген тақырыптарды химия мамандықтары туралы мәліметтерді келтірдік (1-кестеде)

Химиялық өндіріс материалдарын пайдаланып мамандардың білімін тереңдетудің мынадай шарттарын анықтадық:

- Кабинеттің материалдық базасы оқыту мазмұнына сәйкес келуі;
- Оқытушының кәсіби шеберлігінің жоғары болуы;
- Химиялық өндірісті алгоритмдік жазбалардың көмегімен оқыту.

Кесте-1

Химияны оқыту үрдісінде мамандықтар жөнінде мәлімет беру

Сабақтың тақырыптары	Мамандықтар
Катализ	Катализаторлаушы
Күкірт қышқылын өндіру	Инженер, технолог, аппаратшы, зертханашы, оператор
Аммиакты өндіру. Азот қышқылы өндірісі	Оператор, компрессорлаушы, катализаторлаушы
Электрохимиялық үрдістер	Химик, аналитик, физиолог, гальваник
Шойын өндірісі	Балқытушы
Болат өндірісі	Болат пісіруші
Қаныққан көмірсутектер	Химик-ғалым, мұнай-газ саласы бойынша мамандар
Каучук	Аппаратшы, шина операторы, инженер, вулканданушы
Сірке қышқылы	Аспазшы, кондитер
Күрделі эфирлер	Парфюмер
Фенолдар	Агроном, агрохимик
Талшықтар	Технолог, аппаратшы, тоқымашы, каландрлеуши
Сахароза, қасиеттері оның	Сатурашы
Мұнай, құрамы, қасиеттері	Инженер, технолог, оператор, бұрғылаушы, барлаушы

Білім алушыларға тиянақты білім беру мақсатында оқытуды жетілдіру әр

ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі. Мұғалімнің шеберлігі әдістемелік материалдардың көптігі, оны сабаққа ғана қолдану емес, сол сабаққа тән сабақ мазмұнын, формасын, тәсілін үйлестіре білуде [4]. Білім алушылардың өндірістік материалдарды жақсы меңгеруі үшін сабақтың формалары мен оқытудың тиімді әдістері пайдаланылады. Мәселен, өндірістік тақырыптарды оқытқанда «рольде ойнау» сабағын ұйымдастырдық.

Бұл сабақтың негізгі мақсаты әрбір білім алушының білімге ұмтылысын жақсарту. Сонымен қатар рольде ойнау сабағының мәні жалпы танымдық әрекетімен қатар, дамыту және тәрбиелеу қызметін атқаратын мүмкіндігі бар. Білім алушылар оқу әрекеті нәтижесінде жинақталған білімін іс жүзінде өндіріс маманының орнында сезініп, қолданады.

Сабақ барысында оқушылардың интеллектуалдық білігін дамытуға, негізгі білімді ажырата білуге, салыстыра отырып талдауға, білімді жинақтап қорыта білуге үйретуге болады. Оқу процесінде өзін ыңғайсыз сезінетін білім алушылар оқу үрдісіне тартуға мүмкіндік туады. Осы сабақ арқылы білім алушылар еңбексүйгіштікке, сапалы тәртіпке, бір-біріне көмектесе білу қабілеттеріне баулимыз. Білім алушыға жеке танымдық деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар, есептер, жаттығулар беру арқылы оларды шығармашылық тұрғыда еңбектенуге ұмтылдырамыз, ой белсенділігін арттыруға жұмылдырамыз [5].

Алайда, барлық сабақты рольде ойнау түрінде жүргізу мүмкін емес, бұл сабақты өткізу үшін, мынадай талаптар орындалуы тиіс:

- Белгілі бір мәселені шешу алдыға қойылып, одан шығармашылық ізденіс қажет болғанда;

- Білім алушылардың білім дәрежесіне сәйкес, өзіндік жұмыстарды, зертханалық жұмыстарды ұйымдастырғанда;

- Ғылымның қоғамды дамытудағы маңызын көрсеткенде қолданылады.

Бұл рольде ойнау сабағы жоғары дәрежеде өткізу үшін:

- тақырыптың мазмұны терең болу керек;

- мақсат-міндеттері айқындалуы тиіс, аймақтағы өндірістің мүмкіндіктері ескерілуі қажет;

- оқытушының білімі мен ұйымдастырушылық қабілеті талапқа сай болуы маңызды;

- білім алушылар алдын-ала тақырыпқа байланысты ғылыми көпшілік әдебиеттермен танысып, өндірістегі мамандармен кездесіп, керекті біліммен қанығуы қажет[6].

Мысалы, күкірт қышқылы өндірісін оқу барысында алынған білім мен білікті тексеру мақсатында жүргізілген рольдік ойнау сабағының үлгісі:

Алдымен білім алушылардың білімдері мен біліктерін тексеру үшін жұмысшы топ құрылады, оның құрамында бас инженер, конструктор, инженер-технолог бар. Олардың ролін оқытушы немесе жергілікті өндірісте істейтін маман атқарады. Білім алушылардың білім деңгейіне қарай күкірт қышқылы өндірісіне байланысты білімді тексеруге арналған жұмыстар әзірленеді. Берілген тапсырмалар сабақ үстінде қарастырылған болуы тиіс.

Аттестациялауға арналған тапсырмаларды төмендегідей үлгіде береміз, инженер-технолог үшін:

• Қазіргі кезде күкірт қышқылы өндірісінде қандай шикізаттар қолданылады?

• Күкірт қышқылы өндірісіндегі химиялық реакцияларға сипаттама беріндер.

• Осы реакциялардың жүруінің оптималдық жағдайын сипаттаңдар.

• Күкірт қышқылы өндірісіндегі негізгі қондырғылардың жалпы құрылысы мен жұмысын түсіндіріңдер.

• 100кг колчеданнан алынатын өнімнің массасын есептеңдер.

• Күкірт қышқылы өндірісіндегі мамандар туралы не білесіңдер?

Аппаратшы үшін:

❖ Күкірт қышқылы өндірісінде қолданылатын негізгі және қосалқы аппараттарды атаңдар.

❖ Өндірістің негізгі сатыларын сипаттап айтып беріңдер.

❖ Күкірттің диоксидін және триоксидін қандай аппаратта тотықтырады?

❖ Аппаратшы төмендегі жағдайларда қандай шара қолданады:

А. Жанасу аппаратында температураны көтергенде

Б. Сіңіру мұнарасында күкірттің диоксиді азайғанда

Зертханашы үшін:

➤ Сыртына ешнәрсе жазылмаған үш ыдыста NaOH, HCl және H₂SO₄ бар. Оларды қалай анықтайсыңдар?

➤ Күкірт қышқылының қолданылуын сипаттап айтып беріңдер.

➤ 10м³ газ қоспасында 3,4% күкірттің (IV) оксиді бар болса, қанша күкірт қышқылы алынады?

Жоғарыдағы тапсырмаларды оқытушы білім алушыға білім деңгейіне қарай түрлендіруіне болады. Аттестациялаушы «әділқазылар» оқушылардың жауабын тыңдап, білімдері мен біліктерін қадағалайды. Талапқа сай көрсеткішке жеткен оқушыларды инженер-технолог, зертханашы, аппаратшы мамандығына лайықты екенін атап көрсетеді [7].

Бұл сабақтың дәстүрлі сабақтарға қарағандағы тиімділігі мынадан байқалады: мұнда әрбір білім алушының білімге ұмтылысы жақсарады, өз ойын, көзқарасын айту белсенділігі артып, білімдері тереңдеді. Топ үшін шешім қабылдау, басқа адамдарды тыңдай білу дағдылары дамыды. Қосымша ғылыми-көпшілік әдебиеттермен жұмыс жасау дағдысы қалыптасып білімдерін

толықтырады.

«Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық» деп әдетте халық бекер айтпаған. Сол себепті сабақта өндіріс қондырғылары мен аппараттарының макет-модельдері қолданылды. Кинофильмді білім алушылардың назарына ұсыну арқылы, оларда өндіріс, оның ұстанымдары, шикізат мәселелері, өндірістің химиясы, технологиясы туралы білім қалыптасты. «Ауаны ластаудан қорғау», «Ерітінділердің маңызы», «Д.И.Менделеевтің өмірі мен қызметі», «Мұнай, оның өнімдері», «Полимерлер, олардың қасиеттері және олардың маңызы» тақырыптарын конференция сабағы түрінде өткізу тиімді болады. Себебі мұнда оқушылар ғылыми-көпшілік әдебиеттер, газет-журналдарды оқу арқылы білімдерін тексеріп, іздену барысында рефераттар, хабарламалар, мақалалар, сызбанұсқалар әзірлейді. Білгендерін баяндап, әңгімелеп айтуға дағдыланады.

Қазақ жері – газ бен мұнайға бай. Сондықтан «Көмірсутегінің табиғи көздері мен оларды өңдеу» тақырыбында «Маңғыстау – мұнайға бай өлке» конференциялық сабағын өткізу тиімді.

Осы сабақтың мақсаты: Студенттерді жалпы Республикамыздағы мұнай өндірісінің дамуымен, мұнайдың қоғамдағы атқаратын ролімен, Қазақстандағы мұнай-газ өндірісімен таныстыру және мұнай саласында істейтін мамандар жайлы әңгімелеу.

Бұл тақырып берілетін түсініктердің көптігімен және оқылатын материалдың молдығымен ерекшеленеді.

Оқытушы студенттерге қалалардағы өлкелік мұражайдағы мұнай және мұнай өндірісіне арналған материалдармен және жергілікті басылымдардан өлкедегі мұнай өндірісінің даму тенденциясымен танысуды тапсырады. Жекелеген студенттерге рефераттар, мақалалар мен хабарламалар жасап келу ұйғарылады.

Конференция сабағында студенттер

Қазақстандағы мұнай өндірудің даму тенденциясы, мұнай өнімдерінің қолданылуы, Маңғыстаудағы мұнай кен орындары туралы өздері дайындаған материалдар арқылы мәлімет алады [8]. Одан кейін мұражай қызметкері мұнай саласында ерен еңбектерімен көзге түскен Еңбек ардагерлері туралы әңгімелейді. Ал конференцияға шақырылған мұнай

саласында жұмыс істейтін мамандар өздерінің мамандықтары туралы сыр шертеді.

Қорыта келе, сабақта жергілікті материалдарды пайдалана химиядан білім беру болашақ химик-маманның білімінің тереңдеуіне, сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жакеева Л.Ә. Сабақ құндылығы //Биология, гелография және химия. 2001, №5, 55-576
2. Эпштейн Д.А. Химия промышленности. М. 2005, С.189
3. Журкина А.Н. Подготовка школьников к выбору профессии. М. 2007, С. 98
4. Ширикова О.И., Коробейникова Л.А.: Ролевые игры на уроках химии//Химия в школе. 2005, №3, С.31-36
5. Нарманова Р., Еспенбетова Ш. Химиялық өндірісті оқытудың әдістемелік мәселелері // Химия мектепте. – 2005 – №1. С. 8-10
6. Шаихова Б.К., Окас К, Маканов У.М. Методика использования региональных особенностей промышленных предприятий в процессе обучения химии. Кокшетау: «Келешек-2030» - 178 с.
7. Шоқыбаев Ж.Ә., Қаражанова Д.Ә., Оразбаева М.А. Бейорганикалық химияның теориялық негіздері және элементтер химиясы. – Алматы, 2013.- 240бет
8. Әшірова Ж. Оқытуды химиялық өндіріспен байланыстыру // Химия мектепте. – 2010 – №2. С. 43-46.

УЛУЧШЕНИЕ КАЧЕСТВА ЗНАНИИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ПО ХИМИИ НА ОСНОВЕ ОСНОВНЫХ ХИМИЧЕСКИХ ПРОИЗВОДСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нуркенова Айгерим Дауылбайқызы
Кафедра химии, биологии и географии
Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В этой статье изложено про то, что используя производственные материалы в процессе обучения химии, можно добиться ориентировочных целей для химии и смежных специальностей, формировать условия химических знаний и навыков в процессе обучения химии для будущих специалистов, цели и задачи углубления знаний благодаря использованию производственных материалов на уроках химии и в самостоятельных работах студентов, также условия их выполнения. В процессе преподавания химии изложены информации о специальностях химии. Для того, чтобы студент хорошо освоил производственные материалы, изложены формы и образцы уроков с эффективными методами обучения. При обучении производственных тем использовать уроки ролевых игр, основная цель этого урока улучшить стремление к знанию каждого студента, кроме того смысл ролевых уроков в том, чтобы развить и воспитать студентов. Студенты во время учебной деятельности может себя ощущать производственным специалистом в результате полученных знаний.

Ключевые слова: Химическое производство, будущие специалисты, образование, технология, промышленные материалы, химически процессы, химические реакции, руды.

IMPROVING THE QUALITY OF KNOWLEDGE OF FUTURE SPECIALISTS ON CHEMISTRY BASED BASIC CHEMICAL PRODUCTIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Aigerim Nurkenova
Department of Chemistry, Biology and Geography
Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article described about the fact that using production materials in the process of learning chemistry, one can achieve the indicative targets for chemistry and related disciplines, formation conditions of chemical knowledge and skills in teaching chemistry for future specialists, aims and objectives of advancing knowledge through the using of industrial materials chemistry lessons and independent work of students, the conditions for their implementation. In the process of teaching chemistry outlined information of specialty. In order that the student has mastered production materials, shapes and patterns contained lessons with effective teaching methods. While teaching the lessons to use of the industrial role-playing games, the main goal of this lesson to improve the pursuit of knowledge each student also to learn the meaning of role and to develop. Educate students during training activities, make conditions to feel the result of gained knowledge.

Keywords: chemical production, future professionals, education, technology, industrial materials, chemical processes, chemical reactions, ore.

UDC 111

APPLICATION OF MODERN INNOVATION TECHNOLOGIES AT THE ENGLISH LESSONS – THE KEY OF SUCCESS IN TEACHING STUDENTS

Makpal Oskina

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

makpal.shyngys@mail.ru

Abstract: *The main characteristics of using modern innovative technologies is the ability of differentiation and individualization of education, and also the possibility of development cognitive creativity activities of students. In the article are given the development of cognitive activity of students at English lessons using the following innovative technologies: Critical thinking. Information and communication technologies (ICT). Portfolio technology. Critical thinking is the ability to think clearly and rationally about what to do or what to believe. Using information and communication technologies (ICTs) in the English language lessons enough is to develop students' skills and the ability to compare the advantages and disadvantages of different sources of information, etc. The purpose of Portfolio technology is collecting data, projects, written essays, reports, diplomas.*

Keywords: *modern innovation technologies, critical thinking, information and communication technologies (ICT), portfolio technology, cognitive activity program “The Hot Potatoes”.*

The main task of the modern high school - disclosure abilities of each student, education of the individual, ready-to-life high-technological, competitive world.

My main goal is to teach students to speak fluently in English, to write, and read correctly in English, so that each lesson brings not only knowledge but also the joy of learning that students believe in their abilities.

I actively use in my work new educational technologies (forms, methods and means of education), which allow me to collaborate with students, to awake interest in the educational activity.

In recent years, new innovation technologies are used more often in high schools. It's not just new means of technologies but also new forms and methods of teaching, a new approach to the process of learning. The main purpose of language teaching is focused on developing communicative culture of students, teaching in the practical mastery of English language.

For the development of cognitive activity of students at English lessons I use the following innovative technologies [1].

1. Critical thinking.

2. Information and communication technologies (ICT).

3. Portfolio technology.

The main characteristics of using modern innovative technologies is the ability of differentiation and individualization of education, and also the possibility of development cognitive creativity activities of students.

The task of teachers is to create the conditions of practical language learning for each student to choose such methods of training which allow every student to show their activity, their creativity, to make more active student's cognitive activities in learning English language.

1. Critical thinking.

Critical thinking is the ability to think clearly and rationally about what to do or what to believe. It includes the ability to

engage in reflective and independent thinking. Someone with critical thinking skills is able to do the following:

- understand the logical connections between ideas
- identify, construct and evaluate arguments
- detect inconsistencies and common mistakes in reasoning
- solve problems systematically
- identify the relevance and importance of ideas
- reflect on the justification of one's own beliefs and values

Critical thinking is not a matter of accumulating information. A person with a good memory and who knows a lot of facts is not necessarily good at critical thinking. A critical thinker is able to deduce consequences from what he knows, and he knows how to make use of information to solve problems, and to seek relevant sources of information to inform him.

Critical thinking should not be confused with being argumentative or being critical of other people. Although critical thinking skills can be used in exposing fallacies and bad reasoning, critical thinking can also play an important role in cooperative reasoning and constructive tasks. Critical thinking can help us acquire knowledge, improve our theories, and strengthen arguments. We can use critical thinking to enhance work processes and improve social institutions.

However, merely knowing the principles that distinguish good and bad reasoning is not enough. We might study in the classroom about how to swim, and learn about the basic theory, such as the fact that one should not breathe under water. But unless we can apply such theoretical knowledge through constant practice, we might not actually be able to swim [2].

Similarly, to be good at critical thinking skills it is necessary to internalize the theoretical principles so that we can actually apply them in daily life. There are at least two ways. One is to do lots of good-quality

exercises. Exercises include not just exercises in classrooms and tutorials. They also include exercises in the form of discussion and debates with other people in our daily life. The other method is to think more deeply about the principles that we have acquired. In the human mind, memory and understanding are acquired through making connections between ideas [3].

Using in my work technology of critical thinking, the most appropriate for myself, I consider such methods as the associative line, reference notes, brainstorming, group discussion, and reading with the stopping and Issues Bloom clusters, key terms, media projects, didactics play, and work with tests, non-traditional forms of homework. Such as critical thinking activities are given some activities.

What makes you happy?

EFL Lesson -intermediate - 1.30

Hours

This critical thinking lesson helps students to consider what makes them happy in their lives. The students share the information with their classmates and examine their findings by looking at reasons for happiness and studying the most popular categories for happiness. Students begin the lesson by writing down ten things that make them happy. The students then work in pairs and share their information. The students also talk about why those things make them happy. The students are then put into groups of four. They discuss and find out the most popular categories for happiness, e.g. health, education, money, etc. The students then give feedback about their findings to the class and create a poster about happiness in order to educate other students about choosing the right things to make them happy [5].

Island Adventure

EFL Writing and Speaking Activity - Intermediate - 1 Hour

In this creative teaching activity, students use their critical thinking and problem-solving skills to survive being stranded on a desert island. The students are

told that their boat is sinking and that there is a desert island nearby. In groups of three, students choose four items to help them survive on the island from a worksheet. The students write about their choice of items and their reasons for choosing them. Each group then explains their choices to the class. After that, the groups find out what challenge they face on the island by picking a card. Each group picks a card and makes a plan of what they will do to survive on the island, and how the four items they brought will help them. The groups then present their plans to the class. The teacher assesses each group's chances of survival according to their plan and how risky their ideas are. Each group is awarded a score between zero and three. After each group has presented, they roll a dice and the awarded points are combined with the number on the dice. Groups need to score four or more to survive, and more than six to thrive on the island [6].

When Prayers are Answered

EFL Lesson - intermediate - 2 Hours

This engaging four-page critical thinking lesson can be used to teach the topic of reincarnation. The lesson starts off with a song gap fill exercise. The song is “The one that got away” by Katy Perry which introduces the topic of reincarnation. Students then read a short story also covering the topic and answer true or false and reading comprehension questions based on the text. Students then create their own ending to the story. After that, the students use a set of discussion questions to help them use their critical thinking skills to talk about the topic of reincarnation. This lesson covers individual, pair and group work, discussions, critical thinking, speaking, reading, writing and listening activities as well as a variety of language points. Detailed teacher's notes are also provided [7].

2. Information and communication technologies (ICT).

Using information and communication technologies (ICTs) in the English language lessons enough is actual for the development

of the individual of each student and to offer students the following skills: the ability to compare the advantages and disadvantages of different sources of information, choosing appropriate technologies of its search, to create and use appropriate models and procedures of examination and information processing, etc [8].

“The Hot Potatoes”, developed by the research and development team at the University of Victoria Humanities Computing and Media Centre, is an exercise-creating program which can be used by webmasters, teachers and even students (Erben, Ban, & Castaneda, 2009) to make a variety of interactive exercises. Hot Potatoes, developed by the research and development team at the University of Victoria Humanities Computing and Media Centre, is an exercise-creating program which can be used by webmasters, teachers and even students (Erben, Ban, & Castaneda, 2009) to make a variety of interactive exercises. These exercises can then be exported as HTML files and launched on any website [9].

The earliest version of the program dates back to late 1990s, and since then, multiple newer versions have been developed. The program is highly user-friendly, and one need not be a web programmer or know HTML code to be able to work with it. All that is required of the program user is to write questions and answers, or to import data such as texts or images. The program also has the ability to change the provided data into interactive exercises and export them as web pages. Therefore, since Hot Potatoes does not require much techno-literacy on the part of users, this program can be very useful for language teachers in creating different types of interactive exercises including multiple-choice and short-answer questions, jumbled-sentence items, crossword puzzles, and matching/ordering or gap-fill exercises.

The program “The Hot Potatoes” consists of five modules for creating different types of interactive exercises: JCloze, JMatch, JQuiz, JCross, and JMix Also, as can be seen

in Figure 1, there is the Masher module that, as the name would suggest, is used to make a unit that is a mix of different exercises made from other parts; this unit can then be used as the index (homepage) of all the exercises.

Hot Potatoes is a great freeware program for language teachers to create or upload exercises on their personal websites, class group sites, or on the password-protected Hotpotatoes.net. Creating exercises for learners gives them space to repeatedly practice the target language. Students may also engage in the process of creating the exercises themselves, then sharing their work on a class group site for others to access. Previous studies point to the need for learners to be provided with opportunities for language input, making language salient, and focusing on form (Chapelle, 2001; Ellis, 2005). Having students create exercises may allow them to both learn the concepts and practise their language skills Hot Potatoes through the creation of the exercise (Erben, Ban, & Castaneda, 2009) [10].

The usage of new technologies at English lesson is based on the using of a computer, allows activating the cognitive interests of students, controlling activities of each student, significantly increasing the pace of work, to solve several problems: to study the new material, to consolidate, performing the practical work, which includes different types of exercises. However, Interactive lessons using a computer should be conducted with the regular classes; computer support should be one component of the educational process and should be used only where appropriate.

3. Portfolio technology.

Starting systematization the work with students, I organize the work with "Portfolio". I offer students to make their own "Portfolio" independently, explain the purpose of collecting works, projects, written essays, reports, diplomas, certificates of participation in various competitions etc. in one folder. I find time to work with the "Portfolio" at the lesson. Looking through "Portfolio" with

students I show my interest in the collected works.

At the beginning of a "Portfolio", I suggest how to design it. The structure of working "Portfolio" is free; all works are collected in chronological order. There are four main sections of "Portfolio": portrait, collector, working materials, achievement.

Portrait is the first sheet, which opens the "Portfolio". It is personal particulars about the learner. When completing the questionnaire, the students look at themselves as if from the outside, analyze what students they are, what they have already achieved and what they want to achieve. Students will complete the questionnaire gradually as they progress through the material. I offer students to put their photo or draw it themselves. "Portfolio" reveals the individuality of the student, their life directions and values. In the collector, students gather strategies for working with a certain type of tasks, various commemorative booklets, writing essays, tables, etc. Working materials are a creative work, projects, tests, etc.

In the "achievement" students collect all the diplomas, certificates, certificates of participation in the institute, district, republican, national, international competitions, Olympiads, etc.

Thus portfolio is a set of instruments for documenting and evaluating language skills of students. It allows the learner to record their language learning him and self-evaluate his level using the tables, set individual goals.

Parts of the portfolio:

1. Passport is language in the family, where he studied, the languages that he studied in school and outside school; stay abroad; projects. The scale gives the student the prospect of further development of communicative skills.

2. Language biography

3. The dossier includes the "best" of student work; indicate their success in mastering the language.

- best written work (not necessarily with excellent grades)

- poetry and short stories written by students
- Individual and group projects
- work done by computer
- letters, postcards
- certificates, awards and other forms of recognition of the achievement of students

4. Reflection includes evaluation cards and feedback of teacher, classmates and parents about the portfolio.

The combination in using of innovative technologies at English lessons greatly increases not only the effectiveness in teaching, but also helps create more productive atmosphere in the classroom, takes students interest in the studying material.

References

1. Application of modern innovation technologies at the English lessons – the key of success in teaching students. http://report_1419765766_70599
2. What is critical thinking? <http://philosophy.hku.hk/think/critical/improve.php>
3. Great critical thinking activities <https://globaldigitalcitizen.org/10-great-critical-thinking-activities-that-engage-your-students>
4. Critical thinking activities <http://www.teach-this.com/resources/teaching/critical-thinking>
5. what-makes-you-happy.pdf <http://www.teach-this.com/resources/teaching/critical-thinking>
6. island-adventure-2.pdf <http://www.teach-this.com/resources/teaching/critical-thinking>
7. when-prayers-are-answered.pdf <http://www.teach-this.com/resources/teaching/critical-thinking>
8. http://report_1419765766_70599
9. Erben, T., Ban, R., & Castaneda, M. (2009). *Teaching English language learners through technology*. New York: Routledge.
10. Creating interactive web-based exercises in Hot Potatoes <http://www.tesl-ej.org/wordpress/issues/volume16/ej63/ej63m1/>

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ – БІЛІМ АЛУШЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАБЫС КІЛТІ

Оскина Макпал Сабитовна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Аңдатпа: Заманауи инновациялық технологияларды қолданудың ең маңызды мінездемесі - білімнің дифференциация мен индивидуализация қабілеті және сонымен қатар студенттердің когнитивті іс-әрекеттер даму мүмкіндіктері. Мақалада ағылшын тілі сабағында студенттердің когнитивті іс-әрекеттер дамуы келесі инновациялық технологияларды қолдану берілген: сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, портфолио технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау - не істеу керек немесе неге сену керек туралы анық және ұтымды ойлау қабілеті. Ағылшын тілі сабақтарда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану – студенттердің дағдыларын дамыту және әр түрлі ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру. Портфолио технологияның мақсаты - ақпарат, жобалар, жазылған эсселерді, баяндамаларды, дипломдық жұмыстарды жинау.

Түйін сөздер: заманауи инновация технологиясы, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, портфолио технологиясы, когнитивті іс-әрекеттер, “The Hot Potatoes” бағдарламасы, жеке жоба.

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА - КЛЮЧ К УСПЕХУ ОБУЧАЮЩИХСЯ СТУДЕНТОВ

Оскина Макпал Сабитовна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Главной характерной особенностью использования современных технологий является возможность дифференциации и индивидуализации способностей студентов и параллельное развитие когнитивных действий. В статье даны пути использования развития когнитивных действий при помощи инновационных технологий: критическое мышление, информационные и коммуникативные технологии, технология портфолио. Критическое мышление - это

способность ясно, отчетливо определять- чему верить и что делать. Использование на уроках английского языка информационных и коммуникационных технологий- вырабатывать навыки сопоставления и отбора информации полученный из СМИ. Технология портфолио включают сбор информации, проектов, эссе, докладов, дипломных работ.

Ключевые слова: *современно - инновационная технология, критическое мышление, информационная и коммуникационная технологии, технология портфолио, когнитивное действие, программа "The Hot Potatoes", индивидуальный проект.*

ӘОЖ: 517.956

АРАЛАС ТУЫНДЫЛЫ ГИПЕРБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН ПЕРИОДТЫ ШЕТТІК ЕСЕПТІҢ ШЕШІМІН ТАБУ АЛГОРИТМДЕРІ

Сабитбекова Гулмира

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

gulmira_76_29@mail.ru

Аңдатпа: *Периодты шеттік есептердің шешімділік кластарын кеңейтетін және оның шешімін табудағы конструктивті алгоритмдері бар жаңа тәсілдерді ойлап табу, дербес туындылы шеттік есептер теориясында да, оның практикадағы қолданымында да маңыздылығын жоғалтпайды.*

Түйін сөздер: *гиперболалық теңдеулер, аралас туынды, периодты шеттік есеп.*

Қандай да бір уақыт аралығында қайталанып отыратын құбылыстар мен процесстерді математикалық моделдеу, гиперболалық түрдегі периодты шеттік есептерді зерттеуге мұқтаж етеді. Аралас туындысы бар дербес туындылы гиперболалық теңдеулер үшін периодты шеттік есептерді зерттеу, 60-шы жылдары Чезаридің жұмыстарынан бастау алады. Осындай шеттік есептердің шешімділік мәселелерімен әрі қарай Хейл, Хеске, А.К. Азиз, С.В. Жестков, А.М. Самойленко, Ю.А. Митропольский, Г.П. Хома, М.И. Громяк, Б.И.Пташник, Т.И. Кигурадзе және т.б. айналысқан.

Дегенмен, программалаудың қолданбалы есептерде кең ауқымда қолданылуы құрылған әдістерге жаңа талаптар қояды. Осыған орай қарастырылып отырған, гиперболалық теңдеулер үшін периодты шеттік есептің жуық шешімін табудың қос параметрлі алгоритмдер әулеті осы талаптарды негізге алады. Сызықты гиперболалық теңдеулер үшін периодты шеттік есептің шешімділігі, сонымен қатар, периодты шеттік есептің шешімін табудың алгоритмдерінің қос параметрлі әулеті және оның орындалуы мен жинақтылығының жеткілікті шарттары, сызықты шеттік есеп үшін алынған нәтижелер, квазисызықты гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есепті зерттеу қолданылады. Бастапқы берілімдер терминінде квазисызықты гиперболалық теңдеулер үшін периодты шеттік есептің шешімінің бар болуының жеткілікті шарттары табылады [1].

Нәтижелерді көрнектейтін мысал келтірейік.

Сонымен, $\bar{\Omega} = [0, \omega] \times [0, T]$ облысында сызықты гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік (1)-(3) есебін қарастырайық:

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x \partial t} = A(x, t) \frac{\partial u}{\partial x} + C(x, t)u + f(x, t), \quad (x, t) \in \bar{\Omega} = [0, \omega] \times [0, T], \quad (1)$$

$$u(0, t) = \psi(t), \quad t \in [0, T], \quad (2)$$

$$u(x, 0) = u(x, T), \quad x \in [0, \omega], \quad (3)$$

мұндағы, n -өлшемді $A(x, t), C(x, t)$ матрицалары мен $f(x, t)$ n -вектор функциясы $\bar{\Omega}$ облысында үзіліссіз. $\psi(t)$ n -вектор функциясы $[0, T]$ аралығында үзіліссіз дифференциалданады және $\psi(0) = \psi(T)$ шартын қанағаттандырады. Сондай-ақ $u(x, t), A(x, t)$ нормалары мына түрде анықталады:

$$\|u(x, t)\| = \max_{i=1, n} |u_i(x, t)|, \|A(x, t)\| = \max_{i=1, n} \sum_{j=1}^n |a_{ij}(x, t)|.$$

$C(\overline{\Omega}, R^n)$ - $\overline{\Omega}$ -да үзіліссіз және нормасы мына $\|u\|_0 = \max_{(x, t) \in \overline{\Omega}} \|u(x, t)\|$ түрде

анықталатындай $u : \overline{\Omega} \rightarrow R^n$ функциялар кеңістігі болсын.

Егер де барлық $(x, t) \in \overline{\Omega}$ үшін $u(x, t) \in C(\overline{\Omega}, R^n)$ функциясының $\frac{\partial u(x, t)}{\partial x} \in C(\overline{\Omega}, R^n)$, $\frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x \partial t} \in C(\overline{\Omega}, R^n)$ дербес туындылары бар болып, (1) жүйені және (2), (3) шарттарын қанағаттандыратын болса, онда бұл функция берілген есептің шешімі болады.

(1)-(3) есебін шешу үшін жаңа белгісіз $v(x, t) = \frac{\partial u(x, t)}{\partial x}$ функциясын енгіземіз. Сонда

берілген есеп келесі түрде жазылады:

$$\frac{\partial v}{\partial t} = A(x, t)v + C(x, t)u(x, t) + f(x, t), \quad (x, t) \in \Omega, \quad (4)$$

$$v(x, 0) = v(x, T), \quad x \in [0, \omega], \quad (5)$$

$$u(x, t) = \psi(t) + \int_0^x v(\xi, t) d\xi, \quad t \in [0, T]. \quad (6)$$

$h > 0 : Nh = T$ -қадамы бойынша $[0, T) = \bigcup_{r=1}^N [(r-1)h, rh)$, $N = 1, 2, \dots$ бөліктеуін

жүргіземіз. Сонда Ω облысы N бөлікке бөлінеді. $v_r(x, t), u_r(x, t)$ арқылы, сәйкесінше, $v(x, t), u(x, t)$ функцияларының $\Omega_r = [0, \omega] \times [(r-1)h, rh)$, $r = \overline{1, N}$ облысындағы мәнін белгілейміз. Бұл жағдайда, (4)-(6) есебі келесі шеттік есепке эквивалентті болады:

$$\frac{\partial v_r}{\partial t} = A(x, t)v_r + C(x, t)u_r(x, t) + f(x, t), \quad (x, t) \in \Omega_r, \quad (7)$$

$$v_1(x, 0) - \lim_{t \rightarrow T-0} v_N(x, t) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad (8)$$

$$\lim_{t \rightarrow sh-0} v_s(x, t) = v_{s+1}(x, sh), \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (9)$$

$$u_r(x, t) = \psi(t) + \int_0^x v_r(\xi, t) d\xi, \quad (x, t) \in \Omega_r, \quad r = \overline{1, N}, \quad (10)$$

мұндағы, (9) - $v(x, t)$ функциясын бөлгендегі ішкі түзулерін түйістіру шартты.

Мынадай $\lambda_r(x) = v_r(x, (r-1)h)$ белгілеу енгізіп, $\tilde{v}_r(x, t) = v_r(x, t) - \lambda_r(x)$, $r = \overline{1, N}$ алмастыруын жасаймыз. Сонда $\lambda_r(x)$ белгісіз функциясы бар эквивалентті (11)-(15) шеттік есепті аламыз:

$$\frac{\partial \tilde{v}_r}{\partial t} = A(x, t)\tilde{v}_r + A(x, t)\lambda_r(x) + C(x, t)u_r(x, t) + f(x, t), \quad (x, t) \in \Omega_r, \quad (11)$$

$$\tilde{v}_r(x, (r-1)h) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad r = \overline{1, N}, \quad (12)$$

$$\lambda_1(x) - \lambda_N(x) - \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{v}_N(x, t) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad (13)$$

$$\lambda_s(x) + \lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{v}_s(x, t) - \lambda_{s+1}(x) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (14)$$

$$u_r(x, t) = \psi(t) + \int_0^x \tilde{v}_r(\xi, t) d\xi + \int_0^x \lambda_r(\xi) d\xi, \quad (x, t) \in \Omega_r, \quad r = \overline{1, N}. \quad (15)$$

Бекітілген $\lambda_r(x), u_r(x, t), r = \overline{1, N}$, жағдайында (11)-(12) есебі қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есебінің үйірі болып табылады, және келесі интегралдық теңдеуге эквивалентті:

$$\tilde{v}_r(x, t) = \int_{(r-1)h}^t A(x, \tau) \tilde{v}_r(x, \tau) d\tau + \int_{(r-1)h}^t A(x, \tau) d\tau \cdot \lambda_r(x) + \int_{(r-1)h}^t [C(x, \tau) u_r(x, \tau) + f(x, \tau)] d\tau. \quad (16)$$

$\tilde{v}_r(x, \tau)$ өрнегінің орнына соңғы теңдеудің оң жағын қойып және осы процессті $v(v = 1, 2, \dots)$ рет қайталап (17)-ші теңдеуді аламыз:

$$\tilde{v}_r(x, t) = D_{vr}(x, t) \lambda_r(x) + F_{vr}(x, t, u_r) + G_{vr}(x, t, \tilde{v}_r), \quad r = \overline{1, N}, \quad (17)$$

Бұл өрнектен $t \rightarrow rh - 0$ шекке көшіп және осы шектерді (13), (14) теңдеулеріне қойып, белгісіз $\lambda_r(x), r = \overline{1, N}$ функциялары үшін келесі функционалдық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$Q_v(x, h) \lambda(x) = -F_v(x, h, u) - G_v(x, h, \tilde{v}), \quad (18)$$

мұндағы,

$$Q_v(x, h) = \begin{bmatrix} I & 0 & \dots & 0 & -[I + D_{vN}(x, Nh)] \\ I + D_{v1}(x, h) & -I & \dots & 0 & 0 \\ 0 & I + D_{v2}(x, 2h) & \dots & 0 & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & \dots & I + D_{v, N-1}(x, (N-1)h) & -I \end{bmatrix},$$

$$F_v(x, h, u) = (-F_{vN}(x, Nh, u_N), F_{v1}(x, h, u_1), \dots, F_{v, N-1}(x, (N-1)h, u_{N-1})),$$

$$G_v(x, h, \tilde{v}) = (-G_{vN}(x, Nh, \tilde{v}_N), G_{v1}(x, h, \tilde{v}_1), \dots, G_{v, N-1}(x, (N-1)h, \tilde{v}_{N-1})),$$

Сонымен, $\{\lambda_r(x), \tilde{v}_r(x, t), u_r(x, t)\}, r = \overline{1, N}$ функциялар жүйесін табу үшін (18), (17) және (15) теңдеулерінен құралған тұйық жүйені аламыз[2].

Барлық $x \in [0, \omega]$ үшін $Q_v(x, h)$ матрицасының кері матрицасы бар деп жорып және $\tilde{v}_r(x, t) = 0, u_r(x, t) = \psi(t)$ деп алып, (18) теңдеуден $\lambda^{(0)}(x) = (\lambda_1^{(0)}(x), \lambda_2^{(0)}(x), \dots, \lambda_N^{(0)}(x))'$ табамыз: $\lambda^{(0)}(x) = -[Q_v(x, h)]^{-1} \{F_v(x, h, \psi) + G_v(x, h, 0)\}$.

$\lambda_r(x) = \lambda_r^{(0)}(x)$ болғанда, (17) теңдеуін қолданып $\{\tilde{v}_r^{(0)}(x, t)\}, r = \overline{1, N}$ анықтаймыз: $\tilde{v}_r^{(0)}(x, t) = D_{vr}(x, t) \lambda_r^{(0)}(x) + F_{vr}(x, t, \psi) + G_{vr}(x, t, 0)$.

$u_r^{(0)}(x, t), r = \overline{1, N}$ функциясы (15) теңдеуден табылады:

$$u_r^{(0)}(x, t) = \psi(t) + \int_0^x \tilde{v}_r^{(0)}(\xi, t) d\xi + \int_0^x \lambda_r^{(0)}(\xi) d\xi, (x, t) \in \Omega_r.$$

(11)-(15) есебінің алғашқы жуықтауы ретінде $(\lambda_r^{(0)}(x), \tilde{v}_r^{(0)}(x, t), u_r^{(0)}(x, t)), r = \overline{1, N}$ жүйесін алып, кейінгі жуықтауларын келесі алгоритм бойынша табамыз:

1 қадам. 1 қадам А) және В) пунктерінен тұрады.

А) пункті. $u_r(x, t) = u_r^{(0)}(x, t), r = \overline{1, N}$, деп алып, $\lambda_r(x), \tilde{v}_r(x, t)$ функцияларының бірінші жуықтауларын (11)-(14) есебінің шешімін тауып анықтаймыз.

$\lambda_r^{(1,0)}(x) = \lambda_r^{(0)}(x), \tilde{v}_r^{(1,0)}(x, t) = \tilde{v}_r^{(0)}(x, t)$, деп алып, $\{\lambda_r^{(1)}(x), \tilde{v}_r^{(1)}(x, t)\}, r = \overline{1, N}$, жүйесін $\lambda_r^{(1,m)}(x), \tilde{v}_r^{(1,m)}(x, t)$ тізбектің шегі ретінде келесі қадамдардан табамыз:

1.1 қадам. Барлық $x \in [0, \omega]$ үшін $Q_v(x, h)$ матрицасының кері матрицасы бар деп жорып және $\tilde{v}_r(x, t) = \tilde{v}_r^{(1,0)}(x, t)$ деп алып, (18) теңдеуден $\lambda^{(1,1)}(x) = (\lambda_1^{(1,1)}(x), \lambda_2^{(1,1)}(x), \dots, \lambda_N^{(1,1)}(x))'$ табамыз:

$$\lambda^{(1,1)}(x) = -[Q_v(x, h)]^{-1} \{F_v(x, h, u^{(0)}) + G_v(x, h, \tilde{v}^{(1,0)})\}.$$

Табылған $\lambda_r^{(1,1)}(x), r = \overline{1, N}$ -ді (17) теңдеуіне қойып $\tilde{v}_r^{(1,1)}(x, t)$ -ді анықтаймыз:

$$\tilde{v}_r^{(1,1)}(x, t) = D_{vr}(x, t)\lambda_r^{(1,1)}(x) + F_{vr}(x, t, u^{(0)}) + G_{vr}(x, t, \tilde{v}^{(1,0)}).$$

1.2 қадам. (18) теңдеуден, $\tilde{v}_r(x, t) = \tilde{v}_r^{(1,1)}(x, t)$, деп алып $\lambda^{(1,2)}(x)$ -ді табамыз:

$$\lambda^{(1,2)}(x) = -[Q_v(x, h)]^{-1} \{F_v(x, h, u^{(0)}) + G_v(x, h, \tilde{v}^{(1,1)})\}.$$

Қайтадан (17) теңдеуді қолданып $\{\tilde{v}_r^{(1,2)}(x, t)\}, r = \overline{1, N}$ анықталады:

$$\tilde{v}_r^{(1,2)}(x, t) = D_{vr}(x, t)\lambda_r^{(1,2)}(x) + F_{vr}(x, t, u^{(0)}) + G_{vr}(x, t, \tilde{v}^{(1,1)}).$$

(1, m)-ші қадамда $\{\lambda_r^{(1,m)}(x), \tilde{v}_r^{(1,m)}(x, t)\}, r = \overline{1, N}$ қос жүйесін аламыз. (11)-(14) есебінің $\{\lambda_r^{(1,m)}(x), \tilde{v}_r^{(1,m)}(x, t)\}$ тізбегі анықталсын және $m \rightarrow \infty$ ұмтылғанда сәйкесінше үзіліссіз $\lambda_r^{(1)}(x), \tilde{v}_r^{(1)}(x, t), r = \overline{1, N}$ функцияларына жинақталсын деп жоримыз, мұндағы $x \in [0, \omega], (x, t) \in \Omega_r$.

В) $u_r^{(1)}(x, t), r = \overline{1, N}$ функциясын (15) теңдеуден

анықтаймыз: $u_r^{(1)}(x, t) = \psi(t) + \int_0^x \tilde{v}_r^{(1)}(\xi, t) d\xi + \int_0^x \lambda_r^{(1)}(\xi) d\xi, (x, t) \in \Omega_r.$

2 қадам 1-ші қадамға ұқсас жүргізіледі.

Келесі тұжырымның шарттары ұсынылған алгоритмнің, (11)-(15) шеттік есептің шешіміне бірқалыпты жинақталуын қамтамасыз етеді[3].

1-теорема. Қандай да бір $h > 0: Nh = T, N = 1, 2, \dots$ және $v, v \in N$ үшін $(nN \times nN)$ -өлшемді $Q_v(x, h)$ матрицасының, барлық $x \in [0, \omega]$ үшін, кері матрицасы бар болып,

1) $\| [Q_v(x, h)]^{-1} \| \leq \gamma_v(x, h);$

$$2) q_v(x, h) = \frac{(\alpha(x)h)^v}{v!} \left[1 + \gamma_v(x, h) \sum_{j=1}^v \frac{(\alpha(x)h)^j}{j!} \right] \leq \mu < 1,$$

теңсіздіктері орындалса, онда (11)-(15) есебінің жалғыз ғана шешімі бар болады, мұндағы $\alpha(x) = \max_{t \in [0, T]} \|A(x, t)\|$, $\mu - const$.

(1)-(3) және (11)-(15) есептерінің эквиваленттілігінен 1-теоремадан келесі теорема шығады.

2-теорема. 1-теореманың шарттары орындалсын. Сонда (1)-(3) есебінің жалғыз ғана $u^*(x, t)$ шешімі бар болып, келесі теңсіздік орындалады:

$$\max \left\{ \|u^*\|_0, \left\| \frac{\partial u^*}{\partial x} \right\|_0 \right\} \leq M_v(x, h) \max \left\{ \max_{t \in [0, T]} \|\psi(t)\|, \|f\|_0 \right\},$$

мұндағы $M_v(x, h) - \psi(t), f(x, t)$ функцияларынан тәуелсіз функция.

Квазисызықты гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есепті зерттеу, яғни $\overline{\Omega}$ -да (2),(3) шарттары бар (1') теңдеулер жүйесі қарастырылады:

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x \partial t} = A(x, t) \frac{\partial u}{\partial x} + f(x, t, u), \quad (1')$$

мұндағы $f : \overline{\Omega} \times R^n \rightarrow R^n$ үзіліссіз.

$\tilde{C}(\Omega_r, R^n)$ арқылы $\Omega_r = [0, \omega] \times [(r-1)h, rh)$ -да үзіліссіз және шектелген $u_r : \Omega_r \rightarrow R^n$ функциялар жиынын белгілейік. Бұл жиында норма мына түрде анықталады.

$$\|u_r\|_1 = \max_{r=1, N} \sup_{t \in [(r-1)h, rh)} \|u_r(x, t)\|.$$

$[0, \omega]$ кесіндісінде үзіліссіз $\rho(x) > 0$ функциясын алып, келесі жиындарды құрайық.

$$S(\psi(t), \rho(x)) = \left\{ (u_1(x, t), u_2(x, t), \dots, u_N(x, t))', u_r(x, t) \in \tilde{C}(\Omega_r, R^n), \max_{r=1, N} \sup_{t \in [(r-1)h, rh)} \|u_r(x, t) - \psi(t)\| < \rho(x), r = \overline{1, N} \right\},$$

$$G(\psi(t), \rho(x)) = \left\{ (x, t, u) : (x, t) \in \overline{\Omega}, \max_{t \in [0, T]} \|u(x, t) - \psi(t)\| < \rho(x) \right\}.$$

L шарты. $f(x, t, u)$ функциясының $G(\psi(t), \rho(x))$ облысында үзіліссіз $f'_u(x, t, u)$ дербес туындылары бар болсын және

$$\|f'_u(x, t, u)\| \leq L(x),$$

теңсіздігі орындалсын, мұндағы $L(x) - [0, \omega]$ кесіндісінде үзіліссіз функция.

Келесі тұжырымның шарттары сызықты теңдеуге ұқсас құрылған алгоритмнің орындалуы мен жинақтылығын және (1'), (2), (3) есебінің бір мәнді шешімділігін қамтамасыз етеді[4].

Теорема 3. $f(x, t, u)$ функциясы L шартын қанағаттандырсын және қандай да бір $h > 0 : Nh = T, N = 1, 2, \dots, \nu, \nu = 1, 2, \dots,$ үшін $(nN \times nN)$ -өлшемді $Q_\nu(x, h)$ матрицасының, барлық $x \in [0, \omega]$ үшін, кері матрицасы бар болсын. Онда

$$1) \| [Q_v(x, h)]^{-1} \| \leq \gamma_v(x, h);$$

$$2) q_v(x, h) = \frac{(\alpha(x)h)^v}{v!} \left[1 + \gamma_v(x, h) \sum_{j=1}^v \frac{(\alpha(x)h)^j}{j!} \right] \leq \mu < 1,$$

$$3) \int_0^x \left[z(\xi)L(\xi) \exp\left(\int_0^\xi z(\xi_1)L(\xi_1)d\xi_1\right) \int_0^\xi \tilde{g}(\xi_1) \max_{t \in [0, T]} \|f(\xi_1, t, \psi(t))\| d\xi_1 + \right. \\ \left. + (\tilde{g}(\xi) + b_1(\xi) + b_2(\xi)) \max_{t \in [0, T]} \|f(\xi, t, \psi(t))\| \right] d\xi < \rho(x),$$

мұндағы $\alpha(x) = \max_{t \in [0, T]} \|A(x, t)\|$, $\mu - const$, $b_1(x) = \gamma_v(x, h)h \sum_{j=0}^{v-1} \frac{(\alpha(x)h)^j}{j!}$,

$$b_2(x) = \left[1 + \gamma_v(x, h) \sum_{j=1}^v \frac{(\alpha(x)h)^j}{j!} \right] h \sum_{j=0}^{v-1} \frac{(\alpha(x)h)^j}{j!}, \quad b_3(x) = \gamma_v(x, h) \frac{(\alpha(x)h)^v}{v!},$$

$$d(x) = \frac{1 + b_3(x)}{1 - q_v(x, h)} q_v(x, h) + b_3(x), \quad z(x) = \frac{1 + b_3(x)}{1 - q_v(x, h)} b_2(x) + b_1(x),$$

$$\tilde{g}(x) = z(x)L(x) \int_0^x [b_1(\xi) + b_2(\xi)] d\xi + d(x)b_2(x)$$

шарттары орындалса, (1'), (2), (3) есебінің $S(\psi(t), \rho(x))$ жиынында жалғыз $u^*(x, t)$ шешімі бар болады.

Мысал 1. $[0, 1] \times [0, 1]$ жүйесінде қарастырайық

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x \partial t} = \begin{pmatrix} 0 & \frac{1}{2}(1+t^2) \\ t^3 & 0 \end{pmatrix} \frac{\partial u}{\partial x} + C(x, t)u + f(x, t), \quad (19)$$

$$u(0, t) = 0, \quad t \in [0, 1], \quad (20)$$

$$u(x, 0) = u(x, 1), \quad x \in [0, 1], \quad (21)$$

мұндағы $u(x, t)$ – екіөлшемді вектор-функция, $C(x, t)$ – үздіксіз екіөлшемді матрица, $f(x, t)$ – үздіксіз вектор-функция. Мұндағы $h = \frac{1}{3}$, $N = 3$, $v = 3$. Есептеулерден кейін,

(6×6) -матрица $Q_3\left(x, \frac{1}{3}\right)$ қайтымды және

$$\left\| \left[Q_3\left(x, \frac{1}{3}\right) \right]^{-1} \right\| \leq 21.286,$$

$$q_3\left(x, \frac{1}{3}\right) = \frac{\left(1 \cdot \frac{1}{3}\right)^3}{6} \left(1 + 21.286 \left(\frac{1}{3} + \frac{1}{18} + \frac{1}{648} \right) \right) = 0.0575 < 1.$$

Сондықтан (19)-(21) есеп 2-теорема бойынша біртекті шешіледі[5].

Мысал 2. $\left[0, \frac{\pi}{4}\right] \times \left[0, \frac{\pi}{4}\right]$ периодтік шектік есепті қарастырайық.

$$\frac{\partial^2 u_1}{\partial x \partial t} = \frac{1}{3} \frac{\partial u_2}{\partial x} - 1, \quad \frac{\partial^2 u_2}{\partial x \partial t} = \frac{1}{2} \frac{\partial u_1}{\partial x} + u(x, t) - x - t \left(t - \frac{\pi}{4} \right) - \frac{1}{2},$$

$$u_1(x, 0) = u_1 \left(x, \frac{\pi}{4} \right), \quad u_2(x, 0) = u_2 \left(x, \frac{\pi}{4} \right),$$

$$u_1(0, t) = t \left(t - \frac{\pi}{4} \right), \quad u_2(0, t) = \sin 4t.$$

$\alpha(x) = \frac{1}{2}$. Мұндағы $h = \frac{\pi}{4}$, $N = 1$, $\nu = 1$. 1-теорема бойынша шартты тексереміз:

$$\left\| \left[Q_1 \left(x, \frac{\pi}{4} \right) \right]^{-1} \right\| \leq \frac{8}{\pi}, \quad q_1 \left(x, \frac{\pi}{4} \right) = \frac{1}{2} \cdot \frac{\pi}{4} \left(1 + \frac{8}{\pi} \cdot \frac{1}{2} \cdot \frac{\pi}{4} \right) = \frac{\pi}{4} < 1.$$

Олай болса, қарастырылып отырған есеп біртекті шешіледі [10].

Сонымен гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есептің жуық шешімдерін табатын конструктивті алгоритмдер әулеті және алгоритмдердің орындалуы мен жинақтылығының жеткілікті шарттары анықталған. Сызықты гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есептің бірімәнді шешімділігінің коэффициентті белгілері алынды. Алғашқы берілгендер терминінде аралас туындылы квазисызықты гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есептің шешімінің бар болуының жеткілікті шарттары табылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Соболев С.Л. Уравнения математической физики. - М.-Л.: ГИТТЛ, 1947. - 440 с.
2. Адамар Ж. Задача Коши для линейных уравнений с частными производными гиперболического типа. - М.: Наука, 1978. - 352 с.
3. Самойленко А.М. Численно-аналитический метод исследования периодических систем обыкновенных дифференциальных уравнений. I, II // Украинский математический журнал - 1965. - Т. 17, № 4. - С. 16 - 23.
4. Кигурадзе Т.И. О периодических краевых задачах для линейных гиперболических уравнений. I // Дифференциальные уравнения. - 1993. - Т. 29, № 2. С.281 - 297.
5. Кигурадзе Т.И. О периодических краевых задачах для линейных гиперболических уравнений. II // Дифференциальные уравнения. - 1993. - Т. 29, № 4. С.637 - 645.
6. Джумабаев Д.С. Признаки однозначной разрешимости линейной краевой задачи для обыкновенного дифференциального уравнения // Журнал вычислительной математики и математической физики - 1989. - Т. 29, № 1. - С. 50 - 66.
7. Асанова А.Т., Джумабаев Д.С. Однозначная разрешимость нелокальной краевой задачи для систем гиперболических уравнений // Дифференциальные уравнения. - 2003. - Т. 39, № 10. - С.1343 - 1354.
8. Асанова А.Т., Джумабаев Д.С. Однозначная разрешимость краевой задачи с данными на характеристиках для систем гиперболических уравнений // Журнал вычислительной математики и математической физики - 2002. - Т. 42, № 11. - С.1673 - 1685.
9. Орумбаева Н. Т. Корректная разрешимость полупериодической краевой задачи для системы гиперболических уравнений // Вестник КазНУ. Серия математика, механика, информатика. - Алматы, - 2005. - № 2(45), - С. 27 - 35.

10. Орумбаева Н. Т., Сабитбекова Г. Об однозначной разрешимости периодической краевой задачи для системы гиперболических уравнений // Вестник Карагандинского государственного университета. Серия математика. – Караганда, - 2011. - № 4(64), - С. 67 - 75.
11. Орумбаева Н. Т., Сабитбекова Г. Гиперболалық теңдеу үшін негізгі шекаралық есептердің шешімдері // Материалы республиканской научно-практической конференции на тему "Инновации в обучении математике: пути развития" посвященной 70-летию к.т.н., доцента Мырзагали Абилбаевича Андасова. – Аркалык. 2 декабря. – 2011. – С. 119 - 122.
12. Орумбаева Н. Т., Сабитбекова Г. Необходимые и достаточные условия однозначной разрешимости периодической краевой задачи для системы гиперболических уравнений // Материалы республиканской научно-практической конференции "Алтынсарин окулары-2012". – Аркалык. 5 октября. – 2012. – Т. II. – С. 410 - 416.

АЛГОРИТМЫ НАХОЖДЕНИЯ РЕШЕНИЯ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ГИПЕРБОЛИЧЕСКИХ УРАВНЕНИЙ СО СМЕШАННОЙ ПРОИЗВОДНОЙ

Сабитбекова Гулмира

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр естественный наук

Аннотация: Разработка новых подходов, позволяющих расширить классы разрешимых периодических краевых задач и создание конструктивных алгоритмов нахождения их решений является важной как для развития теории краевых задач с частными производными, так и для ее приложения в практике.

Ключевые слова: гиперболических уравнений, смешанной производной, периодических краевых задач.

ALGORITHMS OF FINDING OF SOLVING OF PERIODICAL BOUNDARY VALUE PROBLEM FOR HYPERBOLIC EQUATIONS WITH MIXED DERIVATIVE

Gulmira Sabitbekova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract: Development of the new approaches, allowing to expand classes of periodical boundary value tasks and creation of constructive algorithms of finding of their decisions is important as for development of the theory of regional tasks with private derivatives, and for its appendix in practice.

Keywords: Hyperbolic equations, mixed derivative, periodical boundary value.

ӘОЖ 533.6:004.41

ГАЛАКТИКАЛЫҚ ҒАРЫШТЫҚ СӘУЛЕЛЕРДІҢ ИНТЕГРАЛДАНҒАН ЖӘНЕ МОДУЛЬДЕНБЕГЕН ЭНЕРГИЯЛЫҚ СПЕКТРІН АНЫҚТАУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ

Садыкова Базаргуль Сапарбековна

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

b3-80@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақала өте күрделі және ол қазіргі заманда ахуалды болып табылады. Жұмыс барысында Галактикалық ғарыштық сәулелердің интегралданған және модульденбеген энергиялық спектрі арасындағы қатынасты табудың автоматтандырылған жүйесі жасалынды. Құрастырылған программа бойынша протонның интегралды және модульденбеген энергиялық спектрі құламалы түрде болатындығы дәлелденді, салыстырмалы анализ жасалынды. Программалық қамтаманы жасау үшін жоғарғы деңгейдегі әмбебап бағдарламалау тілі Borland Delphi орталығы таңдалынып алынды. Деректерді сақтау Microsoft Access деректер қорының құралдарымен жүргізілді.

Түйін сөздер: галактика, ғарыш, сәуле, Күн, жұлдыз, спектр, протон.

Ғарыштық сәулелердің пайда болуы туралы сұрақта олардың (ғарыштық сәулелердің) құрамы (массасы мен заряды бойынша бөлу), энергиялық спектр (энергия бойынша бөлу) және анизотроп дәрежесі (келу бағыттары бойынша бөлу) маңызды сипаттама болып табылады. Галактикалық түрдегі ғарыштық сәулелер құрамында күн ғарыштық сәулелерге жалпы ғаламшарлық

жұлдыздарға қарағанда жеңіл ядролар ($z=3-5$ немесе ${}^3\text{Li}$, ${}^4\text{Be}$ – ${}^5\text{B}$) көбірек болатындығы сараптамалық дәйек болып табылады. Сондай-ақ ауыр ядролар ($z \geq 20$) олардың табиғи таралуымен салыстырғанда оларда айтарлықтай көбірек болады. 1 кестеге сәйкес Күн және жұлдыздардағы орташа есеппен ғарыштық сәулелердегі салыстырмалы ядро құрамы келтірілген [1].

1 кесте - Күн және жұлдыздардағы орташа есеппен ғарыштық сәулелердегі салыстырмалы ядро құрамы

Элемент	Күн ғарыштық сәуле	Күн (фотосфера)	Жұлдыздар	Галактикалық ғарыштық сәулелер
1H	4600*	1445	925	685
2He (α бөлшек)	70*	91	150	48
3Li	?	<10-5	<10-5	0,3
4Be-5B	0,02	<10-5	<10-5	0,8
6C	0,54*	0,6	0,26	1,8
7N	0,20	0,1	0,20	$\leq 0,8$
8OxЕ	1*,0	1.0	1.0	1.0
9F	<0,03	10-3	<10-4	$\leq 0,1$
10Ne	0,16*	0,054	0,36	0,30
11Na	?	0,002	0,002	0,19
12Mg	0,18*	0,05	0,040	0,32
13Al	?	0,002	0,004	0,06

14Si	0,13*	0,065	0,045	0,12
15P-21Sc	0,06	0,032	0,024	0,13
16S-20Ca	0,04*	0,028	0,02	0,11
22Ti-28Ni	0,02	0,006	0,033	0,28
26Fe	0,15*	0,05	0,06	0,14

Бұл бақылаулар $E_k = 1 - 20MЭВ/нуклон$, аралығы үшін, бұндағы қалған сандар негізінен $E_k > 40MЭВ/нуклон$.-ға қатысты. Кестедегі біраз мәннің дәлдігі жалпы 10-нан 50%-ке дейін.

Оттегінің ядросының молшылығы бірлікке алынған. 1-ші кестеден екі кезең туындайды: біріншісі – галактикалық ғарыштық сәулелердің құрамында күн ғарыштық сәулелерге ғаламшар жұлдыздарға

қарағанда жеңіл ядроның ($z=3-5$) көптігі, екіншісі – галактикалық ғарыштық сәулелер құрамында ауыр ядролар ($z \geq 20$) олардың табиғи таралуымен салыстырғанда айтарлықтай көбірек болады. Бұл екі кезеңнің ғарыштық сәулелердің пайда болуы туралы сұрақты анықтауда маңызды мәні бар. 2-кестеге сәйкес құрамы туралы деректер және энергиясы $E_k \leq 2,5ГЭВ/нуклон$ [2] болатын ғарыштық сәулелердің кейбір сипаттамалары келтірілген.

2 кесте - Ғарыштық сәулелердің сипаттамалары

Тобы	Топқа кіретін бөлшектер	Ядро заряды	Орташа атомдық масса, а.е.м.	Бөлшектер санының интенсивтілігі/ ($m^2 \cdot c \cdot sr$)	10 мың протондағы бөлшектер саны	Орташа есеппен Галактикадағы жұлдыздар
P	протондар	1	1	1300	10000	10000
α -бөлшек	гелий ядросы	2	4	94	720	1600
L	жеңіл ядролар	3-5	10	2,0	15	10-4
M	орташа ядролар	6-9	14	6,7	52	14
H	ауыр ядролар	≥ 10	31	2,0	15	6
VH	өте ауыр ядролар	≥ 20	51	0,5	4	0,06
SH	тым ауыр ядролар	> 30	100	$\sim 10-4$	$\sim 10-3$	$7 \cdot 10-5$
E	электрондар	1	1/1836	13	100	10000

Алғашқы ғарыштық сәулелер ағымында протондардың басымдылығы жоғары екендігі көрініп тұр, олар барлық бөлшектер санынан 90%-дан артық. α бөлшектерінің протондарға қатысы 7%, электрондар $\sim 1\%$ және ауыр ядролар кем дегенде 1% [3].

Бұл кестеде маңызды және ерекше нәрсе ол анықталатын энергияның спектрі жұлдызаралық кеңістіктегі ғарыштық сәулелердің модельденбеген спектріне жақын кездегі күн активтілігінің минимумындағы Жердің өлшемдері бойынша энергиясы $E_k \geq 2,5 ГЭВ/нуклон$ болатын бөлшектерге энергия шегінің қатысы болып табылады [4].

Бұл деректер ғарыштық сәулелерде Әлемге қарағанда сутегінің айтарлықтай аз екендігіне айғақ ретінде жүреді. Бұндай

айырмашылық Әлемде ядроның Li, Be, B ($z=3-5$) жоқтығынан болса, онда алғашқы ғарыштық сәулелерде бұл ядролар белгілі мөлшерде болады. Бұл айырмашылықтың болу себебі ғарыштық бөлшектердің ауыр ядролардың көбею генерациясының механизмінің құрылысымен және галактикада жұлдызаралық ортамен байланысу кезіндегі ауыр ядролардың жеңіл ядролардың пайда болуы олардың таралау сипатымен байланысты [5].

Ғарыштық сәулелердің пайда болу теориясы ғарыштық сәулелердің ғаламшарлық табиғи тұрғысы туралы болжамға ғана емес, сондай-ақ галактикааралық кеңістіктен баяу шыға отырып Галактикада ғарыштық сәулелер

ұзақ уақыт бойы сақталынып тұратындығы туралы ұғымға да сүйенеді [6].

Бір түзудің бойында қозғалған ғарыштық сәулелер генерациялау кезеңінен кейін бірнеше мың жылдан кейін Галактиканы тастап кететін еді. Галактика масштабында бұл уақыт өте аз. Бірақ та, қозғалысы өте шиеленісіп кеткен жұлдызаралық магниттік өрісте ғарыштық сәулелер газдағы молекулалардың араласуын еске түсіретін күрделі сипатқа ие. Нәтижесінде галактикадан ғарыштық сәулелердің азаю уақыты түзу сызықты қозғалысқа қарағанда мыңдаған есе көп екен. Бұл айтылғандар ғарыштық сәулелердің ($E_k < 3 \cdot 10^{15}$ эВ) бөлшектерінің негізгі бөлігіне қатысты. Саны өте аз энергияны өте жоғары бөлшектер галактикалық магниттік өріспен ялсіз ауытқиды, содан кейін Галактиканы жылдам тастап кетеді. Бұнымен $E_k = 3 \cdot 10^{15}$ эВ кезіндегі ғарыштық сәулелер спектрінде бұзылумен байланысты [7,8].

Энергиясы $E > 2,5$ ГэВ/нуклон болатын (E-толық энергия) және $\sim 3 \cdot 10^{15}$ эВ энергияға дейінгі аймақта ғарыштық сәулелердің интегралды энергиялық спектрі қарапайым дәрежелік заңдылық түрінде келтірілуі мүмкін $I(>E_k) = I_0 E_k^{-\gamma}$ [бөлшек/(см²·с)], E_k -кинетикалық энергия және ол энергиясы E_k – дан жоғары болатын I_c бөлшегінің санының тәуелділігін көрсетеді (I_0 – мөлшерленген

1. Модульденбеген спектрдің параметрін анықтау

$$n_0(E) = A_0 E^{-2.65} \left(1 - \frac{0.6}{\sqrt{E}}\right) \frac{\text{бөлшек}}{m^2 \text{стер.сек.БэВ} / \text{нуклон}} \quad (1)$$

мұндағы $A_0 = 1,32 \cdot 10^4$ протон үшін.

2. Протон үшін интегралды спектрді анықтау

$$n_0(> E) = B_0 E^{-1.65} \left(1 - \frac{0.46}{\sqrt{E}}\right) \frac{\text{бөлшек}}{m^2 \text{стер.сек}} \quad (2)$$

мұндағы $B_0 = 8 \cdot 10^3$ протон үшін.

Протон үшін интегралды және модульденбеген энергиялық спектрді есептеу үшін келесідей программа құрастырылды.

Программадан протонның интегралды және модульденбеген энергиялық спектрі құламалы түрде болатындығы, бөлшектің

1. Модульденбеген спектрдің параметрін анықтау

E-нің мөлшерін 0,4-тен 10-ға дейін алайық. Қадамы 0,1 деп алып келесі формула бойынша радиация мөлшерін есептейік.

тұрақты, $\gamma+1$ -спектр көрсеткіші, минус таңбасы спектрдің құламасы сипатын көрсетеді, яғни E_k жоғарылауымен ғарыштық сәулелердің интенсивтілігі азаяды). Кейде спектрдің дифференциалданған түрі қолданылады $N(E_k) = N_0 E_k^{-\gamma}$ [бөлшек/(см²·с·МэВ)], ол E_k –дан бірлік интервалдағы энергия (1МэВ) есебіндегі бөлшектердің санына тәуелділігін көрсетеді. Дифференциалданған спектр интегралданғанмен салыстырғанда ғарыштық сәулелердің энергиялық таралуының мүмкіндігін анықтауға септігін тигізеді. Ғарыштық сәулелердің энергиялық спектрін жан-жақты оқу $E_k \leq 5-10$ ГэВ энергиясы кезінде γ дәреже көрсеткішінің E_k азаюымен біртіндеп азаяды $E_k \sim 0,5-1$ ГэВ/нуклон кезінде нөлге жетеді, содан кейін кері таңбаға ие болады [9].

Есептеу формулалары және сандық сараптама


Галактикалық ғарыштық сәулелердің интегралданған және модульденбеген энергиялық спектрін анықтау үшін программалық қамтама жасалынды [10]. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін Borland Delphi орталығы таңдалынып алынды. Деректерді сақтау Microsoft Access деректер қорының құралдарымен жүргізілді. Delphi күрделі жобаларды аз мерзімде құрастыруға көмектеседі.

ағыны энергияның өсуімен азаятындығы және олар пішіні бойынша анықталатын энергиялық спектрмен үйлесетіндігі анықталды.

Протон үшін әртүрлі энергия шамасындағы радиацияның мөлшерін анықтайық. Ол үшін деректерді енгізейік:


$$n_0(E) = A_0 E^{-2.65} \left(1 - \frac{0.6}{\sqrt{E}}\right) \frac{\text{болшек}}{m^2 \text{стер.сек.Бэв} / \text{нуклон}}$$

мұндағы $A_0 = 1,32 \cdot 10^4$ протон үшін. 1-суретке сәйкес модульденбеген спектрдің параметрін анықтаймыз және нәтижесін графикке салайық.



1 сурет - Модульденбеген спектрдің параметрі

2-суретке сәйкес нәтижесінде радиация мөлшерінің азайғанын көреміз.




2- сурет - Радиация мөлшерінің азаюы

2. Протон үшін интегралды спектрді анықтау

Е-нің мөлшерін 0,4-тен 10-ға дейін алайық. Қадамы 0,1 деп алып келесі формула бойынша радиация мөлшерін есептейік.


$$n_0(> E) = B_0 E^{-1.65} \left(1 - \frac{0.46}{\sqrt{E}}\right) \frac{\text{болшек}}{m^2 \text{стер.сек}}$$

мұндағы $B_0 = 8 \cdot 10^3$ протон үшін. 3-суретке сәйкес протон үшін интегралды спектрдің параметрін анықтаймыз және нәтижесін графикке салайық.




3-сурет - Интегралды спектрдің параметрі

4-суретке сәйкес нәтижесінде радиация мөлшерінің азайғанын көреміз.



4-сурет - Радиация мөлшерінің азаюы

5-суретке сәйкес модульденбеген спектр мен интегралды спектрді бір графикке енгізейік.



5-сурет - Модульденбеген спектр мен интегралды спектр

Яғни, протон үшін интегралды және модульденбеген энергиялық спектрді есептеу үшін жоғарыдағыдай программа құрастырылды, сәйкесінше энергия $5 \cdot 10^9 - 10^{13}$ эВ аралығында.

Программадан протонның интегралды және модульденбеген энергиялық спектрі

құламалы түрде болатындығы, бөлшектің ағыны энергияның өсуімен азаятындығы және олар пішіні бойынша анықталатын энергиялық спектрмен үйлесетіндігі анықталды. Энергияның шамасы артқан сайын радиация мөлшері аз болатындығы көрінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Айтмухамбетов А.А. Жұлдызаралық кеңістіктегі ғарыштық сәулелердің электрондық және ядролық құрамдас бөліктерінің энергиялық спектрін зерттеу. 1979, 62 б.
2. Дорман Л.И. Вариации галактических космических лучей. М: 1975, 13 б.
3. Исследование энергетических спектров электронной и ядерной компонент космических лучей в межзвездном пространстве. М:1979
4. Гордиец Б.Ф., Марков М.Н., Шелепин Л.А., Солнечная активность и земля. М: 1980, 4 б.
5. Айтмухамбетов А.А., Садыкова Б.С. «Галактикалық ғарыштық сәулелер мен Күн ғарыштық сәулелердің дозалық сипаттамасы», халықаралық ғылыми практикалық конференция «Байтұрсынов оқулары. Сәуір 3 бөлім 2011 ж., 50 б.
6. Астрономический сайт «Галактика». 22-й цикл солнечной активности: основные свойства и ход развития.
7. Сайт «Астронет космические лучи»
8. Кочаров Г.Е., Огурцов М.Г. Современные проблемы солнечной цикличности. Санкт- Петербург. Гл. астрономическая обсерватория, 1997.
9. Экспериментальная палеоастрофизика «Соросовская энциклопедия». 2005

10. Свертилов С.И. Программирование на языке Delphi, 2008, 21 б.

**АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА НАХОЖДЕНИЯ ИНТЕГРИРОВАННОГО И НЕМОДУЛИРОВАННОГО
ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО СПЕКТРА**

Садыкова Базаргуль Сапарбековна

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация: Данная статья является очень актуальным. В течение работы была разработана автоматизированная система нахождения интегрированного и немодулированного энергетического спектра. По составленной программе было доказано, что интегрированный и немодулированный спектр протона оказалось склонной. Для создания этой программы была выбрана универсальное программное обеспечение среда Borland Delphi. Хранение данных производились с помощью базой данных Microsoft Access.

Ключевые слова: галактика, космос, луч, Солнце, звезда, спектр, протон.

AUTOMATED SYSTEM AND ADDRESS OF INTEGRATED ENERGY SPECTRUM UNMODULATED

Bazargul Sadykova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract: This article is very relevant. During operation, the automated system was developed and integrated baseband finding the energy spectrum. The program's been proven that an integrated and non-modulated proton spectrum appeared inclined. To create this program was selected universal software environment Borland Delphi. Storage made with Microsoft Access database.

Keywords: galaxy, space, beam, sun, star, spectrum, proton.

ӘОЖ 528.942

ТАРИХ, ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сақтаганова Эльмира Балтабаевна

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы

Аға оқытушы, экономикалық ғылымдар магистрі

e-saktaganova@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада тарих, құқық және экономика негіздерін оқытуда оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығудың маңызы қаралады. Сондай-ақ ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді тануға, заманауи техникалық құралдардың көмегімен ақпарат алмасу құралы болып табылатындығы, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін еместігіде қаралады.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, педагогикалық технологиялар, коммуникациялық желі, білім беруді ақпараттандыру, компьютер, оқытудың озық технологиялары, сыни тұрғыдан ойлау.

Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады. К.Д.Ушинский.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту – қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздың ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасы мен саяси өміріне негізделіп іске асырылады [1].

Атақты ойшыл Ф.Бэкон (1561-1626) әдісті қараңғы бөлмеде жүрген ғалымның жарықшамына теңеген. Шынында да, анықталған мақсатқа жету үшін таңдалып қолданатын әдіс, ойлаған нәтижеге тез жетуге мүмкіндік беріп, адамның өмірінде маңызды рөл атқарады [2, 4 б.].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта

өркениетті дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» [3]. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Орыс педагогы К.Д. Ушинский айтқандай қазіргі заман талабына сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [4, 13 б.].

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға

баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

-қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;

-жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

-білім мен тәрбиенің бірізділігі;

-жалпы компьютерлік сауаттылық;

-оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы [5].

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің көмегімен ұйымдастыру – өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып

білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуыңа, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Оқушылардың жаңа технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, жаңа жағдайда психикалық функциялардың басқа жақтары да қайта қарастырылуы тиіс. Осының бәрі жаңа ақпараттық және педагогикалық технологиялар жасау саласында, білім парадигмасын құруда тың инновациялық жұмыстар жүргізуді талап етеді. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді [6].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы,

орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеті модуль түрінде қарастырылады. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады[7].

Мектепте білім беруді жақсарту мұғалімге байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да қазіргі мұғалімдердің білім сапасын арттыруға көп көңіл бөлуде. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын (білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, өздігінен дамыту т.б.) мақсатқа сай қолдана білу қажет.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден - бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі

нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жаңа технологияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұғалімдерге шығармашылық еркіндік берілуі. Әр сабақтың сапалы болып, оның тиімділігін арттыру-ізденімпаз, шығармашылығы шыңдалған ұстаздың қолында.

Осындай оқытудың жаңа технологияларының біріне-сабақты, дәрісті өткізуді «Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы» бойынша ұйымдастыру жатқызылады. Бұл әдісте талданып отырған мәселе бойынша әр бір оқушы өз топшылауын, өз пайымын білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, олардың мәнді, мағыналы жақтары жөнінде өз пікірін, өз тоқтамды жасайды. Бұл әдіс шәкірттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі[8].

Тарих, құқық, және экономика негіздері - мектептегі оқу пәндері ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих, құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемелері ең алдымен тарих, құқық және экономика ғылымдарымен тікелей байланысты дамиды. Сондықтан да бұл пәндердің әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін тарих, экономика және құқық ғылымдарының даму тарихынан мағлұматтар білу қажет. Ал тарих, құқық және экономиканың өзара байланысына тоқталатын болсақ, қандай да болмасын елдің экономикасының ойдағыдай жағдайда болуы үшін, құқықтық білімі болуы қажет. Сол сияқты өткен тарихымызды саралау, таразылау арқылы ғарна болашаққа стратегиялық жоспарлар жасай алатындығымыздың өзі тарих ғылымы рөлінің бар екендігің көрсетеді.

Тарих, экономика және құқықтың басқа пәндермен өзара байланыстарына талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным - әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалармен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс-тәсілдері негізінде іске асады. Тарих, құқық және экономика пәндеріне деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи, экономикалық және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен статистикалық, тарихи, құқықтық, экономикалық деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу [9, 31 б].

Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға

құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіругешалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті. Сабәқ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Сын тұрғысынан ойлау - сынау емес, шыңдалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз- оқушыға оны бойында жасынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету [10].

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқытудың жүйесі көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Компьютерлер көрнекі, бейнелі ойлауды, қозғалыстың ауызша қарым-қатынас машықтары мен әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдеп көрсетеді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану, компьютерлік оқыту бағдарламаларын құру және қолдануды

білдіреді. Ол бағдарламаларда дәстүрлі оқытудан ерекше педагогикалық үйретушілік логикасы жүзеге асырылады. Мектептегі сабақтар жаңаша ұйымдастырылады және мұғалімнің қызметі мен рөлі өзгереді [11, 8 б].

Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс жасауды игерумен тығыз байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. www.kk.m.wikipedia.org
2. Методика преподавания ОГП: Пособие для учителя./ Отв. Ред Г.П. Давыдов, В.М.Обухов. – М., 1989.
3. www.egemen.kz.
4. Білім туралы. – Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Литера, 2000. – 96 б.
5. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту» Тұжырымдамасы.
6. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі//«білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.
7. Шоқаева Г.Ә. Жаңа технология енгізу арқылы оқу процесінің деңгейін көтеру. №18,56.//Қазақстан мұғалімі//№18 2002
8. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
9. Савицкая Е.В. Уроки экономики в школе. В 2 книгах. Пособие для учителя.- М. Вита- Пресс, 2000.
10. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім - // Қазақстан мектебі, №4, 2008
11. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.- А.Білім, 2008

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ИСТОРИИ, ПРАВА И ОСНОВ ЭКОНОМИКИ

Сактаганова Эльмира Балтабаевна

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики
Старший преподаватель, магистр экономических наук

Аннотация: В данной статье рассматривается роль внедрения инновационных технологий в обучении истории, права и основ экономики, информатизации образования, интеграция в глобальную международную коммуникационную сеть. Информационные технологии способствуют развитию у молодого поколения практических навыков и профессиональных качеств. Их применение позволяет разнообразить формы деятельности учебника, предоставить ребенку возможность само овладеть практическими способами работы с информацией, развивать умения, позволяющие обмениваться информацией с помощью современных технических средств, активизировать познавательную деятельность учащихся.

Ключевые слова: инновационные технологии, педагогические технологии, коммуникационная сеть, информатизация образования, компьютер, инновационные технологии в образовании, критическое мышление.

**USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN THE TRAINING OF HISTORY, LAW AND
BASICS OF ECONOMICS**

Elmira Saktaganova

Department of History of Kazakhstan and Law Basics of Economics
Senior Lecturer, Master of Economical Sciences

Abstract: *This article examines the role of innovative technologies in the teaching of history, law and economics basics of informatization of education, integration into the global international communications network. Information technologies contribute to the deneration of practical skills and competencies. Their use can vary the shape of the textbook activities, give the child the opportunity to acquire very practical ways to work with informational, with the help of modern technology, to enhance the cognitive activity of students*

Keywords: *innovative technology, educational technology, communication network, informatization of education, computer, innovative technologies in education, critical thinking.*

ӘОЖ 37.014.54

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮРДІСІ

Сарсенбаева Кенжегуль Айтхановна

Қазақстан тарихы және құқық, экономика негіздері кафедрасы
Аға оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі
k.sarsenbayeva@mail.ru

***Аңдатпа:** Мақалада білім алушының құзыреттілігін қалыптастыру мен шығармашылық қаблеттілігін жетілдіруде экономикалық білім мен тәрбиенің рөлі қарастырылған. Сондықтан нарықтық экономикаға байланысты тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және де бүгінде әрбір жастардың жан - жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке қабілетін шыңдауға мүмкіндік беру керек.*

***Түйін сөздер:** белсенділік, экономикалық білім, студент, еңбек, тәрбие, бәсеке, кәсіпкерлік, сұраныс.*

«Білім беру жүйесі – Қазақстанның бәсекеге нақтылығы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі»
(Н.Ә.Назарбаев)

Қай заманда, қай қоғамда болмасын, мектептегі білім, тәрбие беру, ең алдымен, қоғамның мүддесінен туындайтын әлеуметтік сұранысқа қарай қызме ткөрсету бағытын ұстанады. Жеке меншіктің, кәсіпкерліктің пайда болуына байланысты білім беру жүйесінде де түбегейлі өзгерістер болуда. Осы орайда, жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін беру, оларды жастайынан бастап еңбекке баулу, нарықтық қатынас талабына сай тәрбиелеу аса маңызды мәселе. Балалар мен жас өспірімдер арасында жаңа экономикалық қатынастарға көшу жағдайында бейімделу мен жаңарудың объективті қажеттілігі өсті. Қазіргі мектептің алдында нарықтық қатынастарға байланысты экономикалық ой-өрісі кең іскер адамды тәрбиелеу міндеті тұр.

Қазіргі таңда қоғамдағы болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер білім беру қызметінен жауапкершілікті талап етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында білім сала қызметкерлері алдында аса маңызды мақсат қойылған: «әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру». «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі уақытта білімнің жаңа үрдісі қарастырылып, 12 жылдық білім беруге көшу тұсындағы білім беру саясатының ең негізгі мақсаты – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойларын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау [1].

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму заңдылықтарын нақты сипаттайтын болғандықтан және біз өмір сүретін қоғам болғандықтан, біздің ешқайсымыз да экономиканы өмірден бөліп қарап немесе

экономикалық білімсіз өмір сүре алмаймыз. Халықаралық экономикалық қатынастардың қалыптасқан және неғұрлым дамыған формасы – халықаралық сауда болғандықтан, сыртқы сауданың негіздерін игеру қажет. Ол үшін экономикасы дамыған, бәсекеге қабілетті елдердің күн сайынғы әлемдік экономика жаңалықтарынан хабардар болып отырамыз.

Экономиканың басты бейнесі – адам болып табылады. Экономика мен қаржылық сауаттылықты білу арқылы адамның жеке тұлғасы (еңбексүйгіштік, жауапкершілік, орындаушылық, үнемшілдік, белсенділік, іскерлік, тәртіптілік) дамиды. Сондай-ақ, экономикалық білім саласында адам өмірден өз орнын табуға, шешім қабылдауға, әл-ауқатын жақсартуға жағдай жасауға бағыттталып отырады. Кәсіби бағдар мен экономикалық мәдениетті қалыптастыруда адам белгілі бір еңбек, іс-әрекетті санасына ендіруге ұмтылу болып табылады [2].

Тәрбиелік міндеттері: өз қабілетін бағалау арқылы түрлі кәсіби мамандықтарға қызығушылықтарын қалыптастыру: адам еңбек пен материалдық және рухани құндылықтарды жасайды, сонымен бірге өзі де жетіледі; көздеген мақсатқа жетудегі тұрақтылық, шыдамдылықты дамыту; экономикалық білім негіздеріне жетудегі ұмтылысты дамыту, т.б.

Экономика деген сөз алғашқы ұғымында «отбасы шаруашылығын» білдірген. Қазіргі уақытта экономика кең көлемде, қоғамдық өндірістің жүйесі деп білеміз. Өндіріс – қоғамның өмір сүруіне және дамуына қажетті. Өндіргіш күш – өндірістің жетекші саласы. Бұл қоғамның табиғатқа қатынасын көрсетеді. Әрбір адам көп қырлы экономикалық қатынас арқылы басқалармен байланыста болады. Адам өнім шығарады, жалақы алады, меншік иесі болады, сатушы және сатып алушы ретінде қызмет атқарады. Адамның

пайда табуға, оны иеленуге құқығы бар. Ол қандай кедей болса да бір нәрсені иеленеді, оны құрметтейді, қорғайды. Адам жеке меншігі – оның үй-мүлкі, киім-кешегі, көлігі, саяжайы, т.б. Адам қай заманда болсын өз өмірінен экономика белгілерін табады, яғни күн сайын ұшырасады. Экономикалық білімде мынадай қасиеттер қалыптасады:

- қоғамдық белсенділік;
- іскерлік, белсенділік, ұқыптылық;
- қоғамдық немесе жеке мүлікке көзінің қарасындай қарау, талан-таражға жібермеу;
- жаңа технологияны іске қосу, пайдалану;
- өнімнің сапалығын қадағалау, әлеуметтік жағдайды жақсарту жодарын іздеу.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – студент жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі студенттер – ертеңгі зиялылар. Күні ертең - ақ, олар өндірістік және әлеуметтік басқару жүйесін өз қолдарына алады.

Қазіргі кезде болып жатқан жаңа әлеуметтік - экономикалық, қоғамдық саяси өзгерістер жағдайында еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас түлектер өмірдің дамуынан қалыспай өзінің Отандық парызын еш уақытта естен шығармауы керек. Сондықтан нарықтың экономикаға байланысты тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және де бүгінде әрбір жастардың жан - жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке қабілетін шыңдауға мүмкіндік беру керек [3].

Білім – мазмұнының негізгі өзекті мәселелерінің бірі-өзгермелі әлеуметтік экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын, сонымен қатар айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қаблетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған

байланысты тұлғаға қойылатын мынандай талаптар алдыңғы орынға шығады:

- Креативтілік;
- Белсенділік;
- Әлеуметтік жауапкершілік;
- Ой-өрісінің кеңдігі;
- Танымды әрекетке

қызығушылығының басымдылығы [4].

Тиімді білім беру жүйесін қабылдау үшін қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай қалыптастыруға бағыттау керек. Экономикалық білім берудің міндеті – дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ойлауға дағдыланған, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол және білікті маман даярлау. Осындай мақсаттарға жетуде Қазақстан мемлекеті және нарықтық экономика негіздері курсы мектеп қабырғасында оқитудың қажеттігі артауда.

Қазіргі «Білім туралы» заңның талаптарын орындау әлі де сан қырлы экономикалық - материалдық, ұйымдық, кадр, құқықтық - нормативтік шараларды жүзеге асыруды қажет етеді. Бүкіл қоғам, жалпы жұртшылық болып күш салатын істер шаш етекпен. Солардың ішіндегі ең күрделісі, ең маңыздысы – құқықтық-экономикалық сауатты азаматтарды дайындап шығару. Құқықтық-экономикалық сауатты адамдар қылмысқа ұрынбауға әрекет жасайды. Өмір сүрудің тиімді жолдарын өз бетімен шешуге үйренеді [5].

Қазақстанның білім беру жүйесінде экономикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды факторы ретінде, мемлекеттік саяси білім мен тәрбие ісі ерекше бағыт алып отыр. Тәрбие жұмысы тәжірибесімен шаруашылық саласында экономикалық білім, экономикалық тәрбие, экономикалық мәдениет – деген ұғым жиі кездеседі. Адам болашағын шешетін тәрбие екені белгілі. Экономикалық тәрбие адам бойында тәртіптілік, ұжымшылдық, ұқыптылық, іскерлік, еңбектегі шығармашылық т. б. қасиеттер дарытуға

бағытталған. Тәрбиенің ең өзекті мәселесі – білім негізінде жеке адамның ғылыми көзқарастарын қалыптастыру арқалы қоғамдық тұрмыстағы адамдардың өндірістегі қарым – қатынасын қалыптастыру. Экономикалық тәрбиенің негізі болып еңбек тәрбиесіне саналады. Жастардың еңбекті қажетсінуін, еңбек сүйгіштігі, саналы еңбек тәртібін қалыптастыру экономикалық тәрбиенің алғы шарты болып табылады. Экономикалық тәрбие беру - студенттерді экономикалық білім негіздерімен қаруландыру, қоғамымыздың экономикалық заңдары туралы дұрыс түсінік беру, еліміздің экономикалық саясатын ұғындыру, негізі экономикалық қатынастарды (өндіріс, айырбас, бөлу, және тұтыну) тәжірибеде меңгерту [6].

Мамандар мектеп тәжірибесінде экономикалық білім дағдыларды ұжымдағы экономикалық білім мен тәрбие беру ісінің жиынтығы деп қарап, оны отбасында шаруашылық-тұрмыстық, қоғамдық пайдалы істегі, күнделікті қарым-қатынастағы жұмыстардың тәжірибелік нәтижесі, олардың рухани экономикалық сұраныстарын жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекет деп түсінуге болады. Экономикалық білім, басқа білім түрлері сияқты, белгілі бір білім жүйесін игеру, экономикалық есептеуде іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда, өндірістегі іс-әрекет экономикасын талдауда меңгеріледі. Экономикалық тәрбиенің міндеттері:

- оқушыларды қоғамның даму заңдылықтарымен, өндіріс экономикасымен таныстыру.

- басқаруға тән - ұқыптылық, іскерлік, ықыластық, тәртіптілік, т. б қасиеттерді дағдыландыру.

- экономикалық есеп, талдау жасап дағдыларына үйрету, еңбекті ғылым негіздерімен байланыстыра білу.

Экономикалық білім отбасынан басталады, оның өмір салты балаға ақша, еңбекақы туралы ұғымды білдіреді.

Экономикалық білім берудің мақсаты - жастарды нарық заманында өмір сүріп еңбек етуге бейімделе алатын бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеу. Бәсекеге қабілетті болу үшін, біріншіден, білім сапасын жоғары деңгейге көтеру қажет. Екіншіден, оқушылардың біліктілігімен сапалылық құрамы талапқа сәйкес болуы тиіс. Үшіншіде, оқу үрдісі инновацияға негізделуі және төртіншіден, оқу орнының материалдық – техникалық базасы мықты болуы керек.

Сонымен, экономикалық білім берудің мазмұны мен міндеттерін зерттеуді қарастырудан туындаған тұжырым, экономикалық білім беруде мынадай басты ұстанымдарды ескеру қажет. Олар:

1. Экономикалық оқу материалдарын оқытуды бір жүйелілікпен үздіксіз жүргізу.

2. Оқу процесінде экономикалық білім беруде инновациялық технологияларды пайдалану.

3. Экономикалық оқу материалдарын әлемдік, ұлттық және өлкелік өзіндік мәселелерін ұғындырып түсіндіруде өзара байланыстылығын ашу.

4. Студенттердің экономикалық білімін арттырудағы ғылыми-практикалық іс-әрекеттері мен қызметтері біртұтастықпен бір-бірімен ұштасуы тиіс[7].

Қазақстандағы экономикалық реформа бұған дейін қалыптасқан экономика ғылымы, экономикалық білім және тәжірибе арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін өзгертті. Нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты экономикалық білімге деген сұраныс күшейді. Сондай-ақ, еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру аясында халқымыздың құқықтық сауатты болуының маңызы зор болды.

Экономикалық білім тек экономика мен басқарудың түрлі саласында қызмет істейтіндерге, ғалым-экономистерге немесе экономика пәні оқытушыларына

ғана керек емес, сонымен қатар экономикалық білім күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде қоғамның әрбір мүшесіне қажеттігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр [8].

Ал құқықтың экономикамен байланысына тоқталатын болсақ, қандай да болмасын елдің экономикасының ойдағыдай жағдайда болуы үшін, құқықтық білімнің болуының рөлінің бар екені құпия емес. Мысалы экономикалық субъектілердің бизнесін табысты жүргізуі, елдің саяси өміріне белсенді араласуы, жоғары табыс табуы үшін құқықтық білім міндетті түрде қажет [9].

Қандай да болмасын пәннің, оның мазмұнын ашатын ұғымдары, қағидалары мен заңдылықтары бар. Солар арқылы пәннің заттық мазмұны мен зерттеу методологиясы ашылады. Мәселен, қарапайым ұғымдардан күрделіге, білігілі жағдайлардан белгісіз мән-жайларға ауысу, қандай да бір ұғымға сан қырлы қарау, оған әр түрлі анықтамалар беру. Өйткені мысылға бір анықтама, ақиқатты білу үшін жеткіліксіз деуге болады. Сонда-ақ, ұғымдарды баяндау әдістемесінде оларға салыстырмалы түрде қарау тәсілінің маңызы зор, яғни қандай да бір құбылыс әр түрлі қоғамдық жағдайларда және қоғам дамуының кезеңдерінде талданады. Мысалы жекешелендіру процесі экономикалық дамыған елдерде және өтпелі экономикадағы елдерде де орын алды.

Экономикалық білім беру жай ғана маңызды мәселе емес. Ол туралы білім-дағдылар сұраныс пен оны қанағаттандыру туралы түсінік балалардың санасына мектепке дейін қалыптаса бастайды.

Экономикалық білім берудің үш деңгейін бөліп көрсетуге болады.

1. Оқушыларды экономикалық іс-әрекетке әлеуметтік-психологиялық жағынан дайындау. Оның мақсаты, жалпы даму, өмірмен, өзімен танысу, араласу мәдениеті. Нәтиже: Нарық жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделу.

2. Экономикалық (теориялық дайындық), мақсаты, өмірге белсенді араласу үшін жаңа білім саласын меңгеру. Нәтиже: Экономикалық процестерді ұғыну, тәжірибелік тапсырмаларды орындай білу.

3. Кәсіпкерлік іс-әрекетке дайындық, мақсаты, нарық талаптарына сәйкес кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру. Нәтиже: Өз ісін ұйымдастырып, жүргізе білу. Пәнді оқытудың жеке тұлғалық мәні материалдық құндылықтарды тиімді пайдалана білу, өз қажеттілігін дұрыс есептей білу.

Қазақстан Республикасындағы экономика жаңа қатынастардың сапалы экономикалық жүйесінде болуын талап етеді және оған сай экономикалық нарықта

ой қорларының мол болуын қамтиды. Ол біздің бәрімізге қатал талап қойып отыр. Әр адам өмір сүруі үшін, осы нарықтық қатынастардың қатал заңымен жүріп, одан нақты әрі нәтижелі істі қажет етеді. Ендігі уақыт адамның бос жүрісі мен енжар жалқаулығын көтермейді. Өскелең ұрпақтың заман талабына сай ой-өрісін кеңейтумен қатар, қазіргі демократиялық қоғам идеясы мен жаңа қағидаларға сүйеніп, ұлттық және әлемдік экономикалық ойларға бағытталуы қажет [10].

Қорыта келе, жас ұрпақты экономикалық білім мен тәрбиесінде құзыреттілікті қалыптастыра отырып, жаңа заманда нағыз қазақи болмыстағы ұрпақты тәрбиелеуге ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Назарбаевтің Қазақстан халқына « Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауы
2. www.bilimdiler.kz
3. www.egemen.kz.
4. www.szh.kz
5. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту» Тұжырымдамасы.
6. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына қадам басу / қазақстан республикасы Президентінің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі дәрісі. – Астана, 2006.
7. «Нарықтық экономика жағдайында оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдарлау» Ә.Мүсілімов
8. Қ.Ж.Аганина Экономикалық білім негіздері. Алматы, 2001.
9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы №1080 Қаулысы
10. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы» жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары. Алматы, 2013.

ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЯ

Сарсенбаева Кенжегуль Айтхановна

Кафедра истории Казахстана и права, основы экономики

Старший преподаватель, магистр экономических наук

Аннотация: В данной статье рассматривается роль экономического знания и воспитания в формировании компетенций и творческих способностей студентов. Управление образованием и воспитанием, рассмотрение путей совершенствование и обеспечение возможностей для развития молодежи в условиях рыночной экономики

Ключевые слова: активный, экономическое образование, студент, труд, воспитания, конкуренция, предпринимательство, спрос.

THE PROCESS OF FORMATION OF ECONOMIC EDUCATION AND TRAINING

Kenzhegul Sarsenbayeva

Department of History of Kazakhstan and Law Basics of Economics

Senior Lecturer, Master of Economical Sciences

Abstract: *This article examines the role of economic knowledge and education in the formation of competences and creative abilities of students. Management education and training, to consider ways to improve and ensure possible for youth development in a market economy.*

Keywords: *active, economic education, student, labor, education, competition, enterprise demand.*

ӘОЖ 796.011.1

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сафарғалиева Гульфия Надимовна

Дене мәдениеті және спорт кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

safargalieva1978@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада ұлттық спорт түрлері арқылы жас ұрпақтың бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыру мәселелері қаралған.

Түйін сөздер: ұлттық спорт; студент; патриоттық тәрбие; қалыптастыру; дене шынықтыру.

Еліміздің іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру қазіргі міндеттердің бірі болып табылып отыр.

Жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. тәрізді қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер, ұлттық спорт түрлері мен ойындары арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Қазақ күресіне жаттықтыру - оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының спорт шеберлерінің асыл мұралары мен техникаларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен

салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді [1].

Ұлттық патриотизмнің дамып, қалыптасуы туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақ халқы - тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, дауылдармен алысып, тағдырымен алысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың

құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа.

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық спорт ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Қазақ күрес», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың спортқа деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады [2].

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді [2].

Тәрбие үдерісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Қазақ күрес», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Бапкер әр жаттығушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды.

Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше қазақ күресімен айналысуға баулу осы қасиеттердің қалыптасуына өзінің тікелей әсерін тигізеді.

Тәрбиеде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады [3].

Әр түрлі ғылыми, философиялық, тарихи, педагогикалық, әдеби еңбектерге жүргізілген талдаулар барысы жас жеткіншек ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие берудің қай тарихи кезеңде болмасын күрделі қоғамдық-әлеуметтік әрі педагогикалық мәні зор мәселе болғандығын аңғартады. Әрбір ғалым өз зерттеу нысанасы тұрғысынан «қазақ патриотизмі», «қазақстандық патриотизм», «ұлтжандылық», «елжандылық», «отансүйгіштік» ұғымдарына ғылыми анықтамалар берудегі маңызды талпыныс жасаған. «Қазақ күресі» бүгінгі ұлт мектебінің оқу-тәрбие үрдісіндегі қажетті тұстарын айқындауға мүмкіндік береді. Себебі, жеке тұлғаның әлеуметтану барысындағы отансүйгіштік тәрбиенің құрамдас бөліктері «мінезі», «дене пішіні, бет-келбеті», «ерекше қасиеттері», «ұстанымы, ұраны» бүгінгі жас ұрпақтың отаншылдық рухын жетілдірудің алғышарттары екенін айтуға болады. Оның бірі – қазақ күресі [4].

Сондықтан да, бүгінгі педагогикадағы жасөспірімдерге және спортшыларға қазақ балуандарының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік тәрбие беру мазмұнын, мақсат-міндеттерін айқындап, оның ғылыми-педагогикалық мәнін теориялық тұрғыдан негіздеп әдіс-тәсілдерін, әлі де болса толықтыра түсу қажет екенін айқындай түстік.

Қазіргі тәуелсіз ел жағдайында жастарды Отаншылдыққа тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі

арнайы спорт мектептің де басты мақсаты деуге болады.

Қазақ спорт мәдениеті, қазақ күресінің дүние жүзілік мәдениеті, жас спортшылардың рухын, мақтаныш сезімін оятты, осы өнер арқылы жастардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі артады.

Патриоттық іс-әрекет, оқу-танымдық, қоғамдық-саяси, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, көркемдік-эстетикалық іс-әрекеттер және ұжымдық қарым-қатынас барысынан жинақталатын теңгермелі білім болып табылады. Сондықтан, патриоттық тәрбие азаматтылық тәрбиемен тығыз байланысты болғандықтан, мұнда ішкі өзара байланыстар және заңдылықтар жүзеге асырылады. Сондықтан, жас іштей азаматтылық талаптарын қалыптастыра алуы үшін және оның орындалуына өзіндік іштей сенімі болуы үшін кез-келген іс-әрекет азаматтылық санасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Патриоттық іс-әрекет барысында жасөспірімдер оған өзінің қатысуына орай оның "жекебастық мәнін" анықтайды. Осыған орай патриоттық іс-әрекеттің қоғамдық маңыздылығы, оның мазмұны мен мақсатына қарай жастардың жеке қарым-қатынасына айналады және олардың іс-әрекетінің жүйелілігіне сәйкестенеді [5]. Оқушының патриоттық іс-әрекетке дайын болуы, оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік таныту шегіне көтерілуімен анықталады. Тәрбие қағидаларынан шыға отырып, болашақта жоғары адамгершілікті және азаматтылықты саналы өмірден өз орнын таба алатын, өз ата-бабаларының батырлық істерін жалғастыра алатын адам тәрбиелеу өзекті мақсаттардың біріне айналды [6].

Біздің пікірімізше, жастарды патриотизмге тәрбиелеудің бір жолы күрес арқылы, яғни қазақ күресі арқылы тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстандағы арнайы спорт мектеп оқушыларына отансүйгіштік, елге деген жауапкершілік, патриоттық тәрбие алдағы

қиыншылықтардан қорықпай, әлемдік деңгейде үлкен жеңіске жетуге көмегі мол. Себебі елге деген мақтаныш, әнұранды ойнатып, туды көтеру әр бір отан сүйер азамат парызы. Жасөспірімдерге ел алдындағы парызын өтеуді түсіндіру, көмектесу педогогика ғылымының алдында тұрған міндеті.

Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек.

Қажеттілікті зерттеу оның белсенділікті қозғаушы жеке тұлға қызметінің себебі болатынын көрсетті. Оларды қанағаттандыру жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады. Қажеттіліктер мен мүдделер адамның патриотизмінің қалыптасуына саналы және белсенді серпін беретін патриотизмнің қозғалыстағы күші болып табылады. Олар себептік әрекеттерде іске асырылады. Патриотизм дамуының белсенді және баяу пайда болуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне және себептеріне байланысты.

Патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігіне енетін-әлемтанушылық көзқарас, идеялық сенімділік, ниет тазалығы, еңбексүйгіштік, дене шыңдалуының жетілуі, психологиялық дайындық жасөспірімдерге жаттығулар барысында беріледі. Оларға белсенді қатынасу нәтижесінде, оқушылардың алған білімдері біртіндеп сенімге айналады, қабілеттілік, моральді-еріктілік мүмкіншіліктерін кеңейтіп, жеке тұлғаның өз әрекетіне деген жауапкершілігін арттыра түседі [7].

Дегенмен оқу процесінің мазмұны оның уақыты жағынан нақтыланған, бұл жағдайдың өзі тәрбие мүмкіншілігін шектей түседі. Сабақта патриоттық тәрбиеге байланысты барлық мәлімет-оқиғаларды толығынан қамту мүмкін емес. Оның үстіне қоғам жеке тұлғалардан құралмайды, ол осы тұлғаларды қарым-

қатыстары мен байланыстарының жалпы ортақтығын да білдіреді. Спорт мектептеріндегі оқу-тәрбие іс-әрекетінде осы байланыстар мен қарым-қатынастардың ортақтығы анық және жиі байқалады. Бұл қатынас адамның өзге адамдармен қарым-қатынасының ерекше түрі, субъектілердің өзара қарым-қатынасы ретінде - дәл осы арада көрінеді [8].

Спорттық мектептегі патриоттық іс-әрекет спортшылар ұжымы өмірінің басым бөлігін және сан түрлі жақтарын қамтиды. Жаттығудан тыс жұмыс әдістері мен нысандарының әртүрлілігі жастарды қызықты іс-әрекетке тартуға мүмкіндік береді және олар мұнда өздерінің жеке қабілеттерін байқата алады.

Ол спортшыларды қазіргі жағдайларға байланысты тәрбиелеудегі әлеуметтік тапсырыстардың өзекті міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін, жаттығудан тыс жұмыстарда өзін жақсы жақтарынан көрсете алған тәрбие түрлерімен өзара қарым-қатыста, кешенді түрде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді [9].

Біз сыныптан тыс спортпен шұғылдануды оқу-тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз. Оның мазмұны жан-жақты болады. Ол оқушылардың мүдделік жағынан бірігуіне әсер етеді, шығармашылық талабын және өзіндік тәуелсіздігін арттыра түседі, жалпы жасөспірімдерді біріктіре отырып, достық, жолдастық қатынастарды бекітеді, жеке тұлғаның және қоғамның, мемлекеттің мүддесін қорғайды.

Патриоттық тәрбиенің қазіргі кезеңдегі педагогикалық, мәселелердің мәні оған жаңаша қарауды қажет етеді. Осы мақсатта кейбір бұрынғы жұмыс әдістері мен нысандарын өзгертіп, жетілдіру талап етіледі.

Қазіргі уақыт жас спортшылардың белсенділігін арттыруды, ерлік сабақтарында, арнайы сабақтарында жаңа әдістемелерді қолдану арқылы олардың танымын терендетуді және кеңейтуді, жаттығу барысында жасөспірімдерді

тәрбиелеудің жолдарын құруды талап етіп отыр [10].

Патриоттық тәрбиенің түрлі нысандары мен әдістерін пайдалану барлық жұмысты мақсатты мазмұнға және мақсатты бағытқа біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың басты ерекшелігі, - нақ осы жайт қазіргі уақыттағы жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарында назардан тыс қалып келеді. Мәселенің бұлай қойылуы бізге идеялық-саяси және моральді-еріктілік ыңғайында өзінің тиімділігімен ерекшеленген тәрбиенің белсенді нысандарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл міндеттің шешімі жаттықтырушылардың кең көлемді оқу-тәрбие жұмысы құралдарына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты.

Осы жаста оқу-тәрбие үрдісінде білім жинақталатын, танымдылық қызығушылықтар қалыптасатын, адамгершілік идеалдар мен құндылық бағдарлар тұжырымдалатын, өмірлік ұстанымдар және мінез құлқында өзін-өзі тану өзгерістері мен реттеуіштер болатын оқу-кәсіптік қызмет әрекетінің жетекші түрі болып табылады. Бұдан басқа, аталған жаста жас спортшы тұлғасының жаңа ерекшеліктерінің сапалы қалыптасуы жүреді. Сондықтан бұл кезең патриотизмнің, оның ішінде халық педагогикасы құндылықтары негізінде қалыптасуы үшін өте қолайлы болып табылады. Осы арқылы отанға деген ұлтжандылық пайда болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сәрсембаев Н.С. Салт-дәстүрдің дамуы. – Алматы, 1968.
2. Ахметова Л. Патриотизм в ракурсе истории. – Алматы: Санат, 1996.
3. Мыңжанұлы А. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жазушы, 1992.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.
5. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 1971.
6. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы. Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004.
7. Құсайнов А. Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру идеялогиясы мен мәні. /Білім және реформа. – Алматы: Рауан. – 2003.
8. Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995.
9. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
10. Құсайнов А. Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру идеялогиясы мен мәні. / Білім және реформа. – Алматы: Рауан. – 2003.

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОЙ ВОСПИТАННОСТИ СТУДЕНТОВ ПОСРЕДСТВОМ НАЦИОНАЛЬНЫХ ВИДОВ СПОРТА

Сафарғалиева Гульфия Надимовна

Кафедра физической культуры и спорта

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В этой статье, обсудили формирование патриотического воспитания подрастающего поколения через национальные виды спорта.

Ключевые слова: национальный спорт; студент; патриотическое воспитание; формирование; физическая культура

SCIENTIFIC-THEORETICAL BASES OF PATRIOTIC EDUCATION OF STUDENTS THROUGH NATIONAL SPORTS

Gulfiya Safargaliyeva

Department of Physical Culture and Sports

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: In this article, through the National Sports discussed the formation of the patriotic education of the younger generation.

Keywords: national sport; student; patriotic education; formation; physical culture

ӘОЖ 37.016:911:33

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ (АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Сәлімжанов Нұрсұлтан Өмірханұлы
Химия, биология және география кафедрасы
Оқытушы, педагогика ғылымының магистрі
noti_judo.ark@mail.ru

Аңдатпа: Шағын қалаларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту ұғымы тек қана сол шағын қаланы дамытудан әлдеқайда үлкен нәрсені көздейді. Бұл сол қаланы қамтитын бүкіл қатынастар кешенінің дамуы. Экономикалық реформа тұсында бүкіл республика тұрғындары өз бастарынан бірқатар ауыртпалықтарды өткізуі, елдің шағын аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайларының нашарлауы, ерекше климаттық-географиялық параметрлердің, сонымен бірге, әкімшілік реформалардың кемшіліктері, қисынсыздықтары мен жетіспеушіліктерінің кесірінен шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының проблемалары туындады. Мақалада Қазақстандағы моноқалаларды дамыту мен оны шешу жолдары талданған. Басты назар мемлекеттік моноқалаларды дамыту бағдарламасына аударылған. Арқалық қаласында бағдарлама бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар және қаланы болашақта дамыту жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: моноқала, өндірістік күштер, инфрақұрылым, демография, миграция, депрессивті қала, инновация

2012 жылғы қаңтар айындағы Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Үкіметке Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатын. Елбасы бұл түйткілді шешуді Үкіметке тапсырғаннан кейін салаға едәуір басымдылық беріліп, тиісті шаралар қолға алына бастады. Осыдан соң еліміздің шалғайда жатқан шағын қалалары мен елді мекендерінде тіршілік жанданып, халықты жұмыспен қамту бағытында бірқатар шаралар қолға алынды.

Моноқала – елді мекен, ерекшелігі бұл қаланың экономикасы бір ғана мекемеге немесе бір ғана кәсіпорынға тәуелді болады. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін көптеген моноқалалардағы завод,

фабрикалар күйреп, жұмыс орындары жабылып, моноқаланың қажеттілігі жойылды. Бұл жұмыссыздардың қатарын көбейтті және халықтың әлеуметтік жағдайын күрт төмендетті.

ҚР ЭДЖМ ақпарына қарағанда, бағдарлама бойынша оған қатысуға халық саны 1,5 млн адам болатын (ел халқының 16%) 27 моноқала іріктеліп алынған. Мамандандыру (ҚР бойынша): өнеркәсіп орындары - 21 қала, өндіріс ошақтары – бқала: Серебрянск, Степногорск, Ақсу, Жезқазған, Сәтпаев, Теміртау ғылыми зерттеу орталығы – Курчатов қаласы. Моноқалалар шамамен алғанда 10 мыңнан 100 мыңға дейінгі халықты қамтиды. Олардың көпшілігі бір жерде жұмыс істейді [1].

Қалалар экономикасы аймақтық экономиканың құраушы бөлігі ретінде қарастырылады. Аймақтық экономиканың келешегі мен даму қарқыны ең алдымен

жекеленген қалалар экономикасының ұтымды және ұтымсыз ұйымдастырылуына тәуелді.

Қазақстандағы орта және шағын қалаларда 12 өнеркәсіп саласы дамыған, олардың ішінде жетекші орында қара, түсті металлургия, көмір, мұнай және газ өнеркәсібі, энергетика салалары үдемелі түрде дамыған. Салыстырмалы түрде қарастырсақ жеңіл және тамақ өнеркәсібінің деңгейі төмен болып келеді.

Қазіргі таңда моноқалаларда 1,5 млн. астам адам тұрады. Санақ аралық уақытта моноқалаларда адамдар саны 16,8%-ға азайғандығын байқауға болады, сәйкесінше бұл шағын қалалардың орта санының азайғандығын білдіреді.

Моноқалаларда толықтай республика бойынша демографиялық тенденциялардың өзгерісі байқалғанымен бұл мәселе өршіп тұр. Өлімнің жоғары деңгейі мен туу деңгейінің төмендеуі тұрғындардың табиғи өсіміне елеулі түрде әсер етті. Қала түзуші кәсіпорындардың жабылуы, сәйкесінше жұмыссыздар санының артуы, жұмыс іздеу мақсатымен еңбекке қабілетті жас тұрғындардың көшіп-қонуы қалған тұрғындардың жас ерекшелігіндегі пирамиданы елеулі өзгертті. Демографиялық құлдырау белгілері байқалады. Жасы ұлғайған тұрғындар саны едәуір ұлғайып, жүкті әйелдер саны төмендеп отыр.

Экономикалық реформалар шағын қалалардың ресурстық әлеуетіне, географиялық орнына, экономикалық көрсеткіштеріне, тұрғындар миграциясына, өндірістік инфрақұрылым деңгейлері мен олардың әрқайсысындағы басқа да факторларға байланысты, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуында жіктелудеңгейінің күшеюі экономикалық дағдарыстың тереңдеуі мөлшерінде байқалады. Осыған байланысты ерекше дағдарыс, артта қалған қалаларда байқалды.

Ерекше дағдарыстан және артта қалған қалалар өз күшімен дағдарыстық

жағдайда және дамуындағы артта қалушылықтан шығу мүмкін емес, мұнда әртүрлі нысандағы көмекке мұқтаж, сондықтан депрессивті, ерекше депрессивті қалалар мақсатты мемлекеттік қолдау объектілеріне айналуы тиіс. Депрессивті экономикасы байқалатын шағын қалаларда өнеркәсіп 1-2 салалардағы нақты анықталған салалардың мамандануымен сипатталады, ал басқа салалар елеулі дамымаған. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, сұраныстың болмауынан, өткізу нарығының болмауынан, көліктік тасымалға деген жоғары тарифтермен байланысты тоқтап қалу үдерісі байқалады. Олардың қазіргі жағдайда құрылғылардың тозуынан және миграция нәтижесінде кәсіби білікті мамандар санының азаюы әсерінен күрт төмендеді.

Минералды-шикізат ресурстарының шағын кен орындарының маңында салынған депрессивті экономикалы шағын қалаларда пайдалы қорларының азаюына, инновациялық белсенділіктің төмендеуіне, жұмыс орындары санының елеулі түрде азаюы әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылым жағдайымен байланысты мәселелер кешенін ұлғайтты.

Бұл жағдайларда аймақтың ең қажетті көрсеткіштер жиынтығын, таңдау ресурстық және нәтижелікті сипаттайтын инновациялық әлеуетін қалыптастырады.

Мәселені шешу барысында көрсеткіштерді екі жақты, яғни жалпы және жеке көрсеткіштерге бөлдік:

- біріншісі, базалық сипаттағы және де аймақ жағдайынан айқындықты талап етеді;

- екіншісі – қосымша рөл атқарады және де аймақтағы инновациялық даму үдерісінің жылжуы үшін қызмет атқарады.

4-суретте кейбір жағдайларға байланысты жалпылама көрсеткіштерді жүзеге асыруға болады:

1. Көрсеткіштер жүйесі инновациялық үдерістердің кешенді сипатын қамтамасыз етеді. Әсіресе барлық негізгі сатыларын қамтиды: «Ғылым-инновация-өндіріс және жеткізу».

2. Аймақтағы инновациялық саладағы индикаторлар жиынтығы өте икемді (ресурстарды және нәтижелі сипатты) барлық өзгерістерді айқындауы тиіс.

3. Көрсеткіштер саны шектеулі және аймақтық статистикамен жіктелген және олардың мүмкіндіктері территориялық шеңберде инновациялық үдерістің бағалануына сай келуі қажет.



4-сурет. Аймақтың инновациялық әлеуетін бағалау блогы

Аталмыш аймақтың инновациялық потенциалын сипаттайтын көрсеткіштер жинақталынып бес бағалаушы блокқа жинақталған.

Моноқалалар кәсіпорындарында кездесіп жатқан қиыншылықтарды ранжирлеу оларды төмендегідей тізімде біріктіруге мүмкіндік береді:

1. Ескірген құрылғылар мен технологиялар;
2. Өнім өткізу нарығының болмауы;
3. Несие алумен байланысты қиындықтар.

Әрбір қала объект және субъект факторлармен, ішкі және сыртқы себептермен, экономиканы дамыту ерекшеліктерімен, өзара байланысты жеке

өзіндік мәселелер орын алып отыр, ол өз кезегінде оларды қолдау саясатын жасақтауға бағытталған.[2]

Атақты америкалық әлеуметтанушы Э.Тоффлер өзінің «Үшінші толқын» еңбегінде «Ақпарат пен білім басты стратегиялық ресурстарға айналуға. Бұл, ең біріншіден өндірістік күштерді аумақтық орналастырудағы күрделі өзгерістерге алып келеді. Егер индустриалдыққа дейінгі дәуірде қалалар сауда жодарының түйісу нүктелерінде пайда болса, индустриалдық дәуірде – шикізат пен энергия көздері маңында, ал постиндустриалдық дәуірде ғылыми – орталықтар мен ірі зерттеушілік орталықтарының маңында орналасады» деген болатын[3, 257б]. Бұған бір дәлел – АҚШ-тағы Кремний алқабы.

Сондықтан ел аймақтарындағы күрделенген әлеуметтік, экономикалық мәселелердің шешімін табу үшін тек ескі өндіріс түрлерін дамытуға басымдық беру аз, аймақтық қалаларда, әсіресе шағын қалаларда шын мәнінде инновациялық болып табылатын өнім түрлерін шығаруды және осы талапқа сай адам капиталын аймақтарда қалыптастыруды қазірден қолға алу қажет [3].

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары сандаған ауыл, шағын қалалардың жағдайы нашарлап кеткені белгілі. Соның бірі Арқалық қаласы. Бұл шаһар 1950-1960 жылдары осы жерде боксит кен орындарының табылуынан бастау алады. Жер қызыл түсті болғасын, осында орын тепкен қалашық «Қызылқозы» деп аталып кетті. Әуел бастан мұнда шамамен 20 мың адамға арналған жұмысшылар поселкесін тұрғызу көзделген. Кейін облыс ашылғанда, облыстық ауқымдағы инфрақұрылым дами бастайды. Оған қоса, үлкен Бүкілодақтық екпінді құрылыс, тың игеру науқаны басталады. Кенес үкіметі сол тұста Арқалықты облыстың орталығы етіп, тек боксит өндірісінің ошағы ретінде ғана емес, аграрлық өлке, осы аймақтағы барлық елді мекендердің әкімшілік

орталығы ретінде қалыптастыруға күш салды. Қалада бірнеше оқу орындары, жаңа зауыттар ашылып, үлкен қала мәртебесіне дейін жетті.

1990 жылдары жаңадан дербес мемлекет болып қалыптаса бастаған Тәуелсіз еліміз жаппай дағдарысты бастан кешірді. Демек, арада біраз жылдар өтіп, заман өзгереді. Сонда қаланың ықшамдалып, тығырыққа тірелуіне бірнеше фактор себепші болды. Біріншіден, зауыттар жабыла бастады. Екіншіден, облыс жабылды. Үшіншіден – жылу мен жарық тоқтатылды. Осындай қиын-қыстау кезеңде көптеген азаматтар үдере көшіп, қаланың тағдыры түйткілді жағдайға жетті. Ғимараттардың үштен бірі қаңырап бос қалды. Әсіресе, жаңа салынған шеттегі мөлтек аудандар қараусыз қалды. Бұрынғы 70 мың халықтан 27 мыңдай адам ғана қалды.

Арқалық Қостанай облысы ғана емес, республика бойынша аса маңызды қала саналады. Тоқырау жылдарында шаһар барынша күйзеліске ұшырады. Қазіргі таңда ел үкіметі шағын қалаларды дамытуды дұрыс жолға қойып отыр. Мәселен, Қостанай облысында бағдарламаға енген 4 қала бар, Рудный – әлеуеті жоғары қала, Лисаков пен Жітіқара орташа дамушы, ал Арқалық әлеуеті төмен саналады. Сол себепті, үкімет біздің қаламызды дамытуды ерекше назарға алуда. Қаланың әлеуетін көтеру барлық сала бойынша қамтылған. Солардың ішінде Индустрияландыру картасына енген тың жобалаға тоқталсақ, бағдарлама жүзеге асқалы өңірдің инвестициялық жобалары да барынша орындалып жатыр. Арқалыққа қарайтын екі жобаның бірі – «Агроинтерптица» ЖШС құс фабрикасын жаңғырту мен жұмыртқа өндіруді жылына 300млн. данаға жеткізу болса, «Нұр-Жайлау НС» ЖШС 3000 бас асыл тұқымды малға арналған қоражай мен бордақылау орнын салу жұмыстары қолға алынды.

Тағы бір жоба – өңірдің Индустрияландыру картасына енген желдің қуатымен электр энергиясын беретін станцияның құрылысы. Қуаты 48МВт өндіріс жобасы басталғалы 41,1 млн.теңге игерілді. Қала әкімдігі «KazWindEnergi» ЖШС-не желдің қуатымен электр беретін станциялардың құрылысын салатын 300гектарға жуық жер телімдерін бөлді. Қазіргі таңда серіктестік аталған жобаны қаржыландыру мақсатында Еуропаның қайта құру және даму банкімен келіссөздерді жүргізуде.

Өңірдің негізгі кәсібі мал шаруашылығы, ал астығы сапасы жағынан жоғары саналады. 2014жылы 252 мың гектар жерге дән себіліп, әр гектарынан 10,5 центнерден өнім жиналды. Жыл сайын бұл көрсеткіш анағұрлым жоғарылап келеді.

Моноқалаларды дамыту бағдарламасы бойынша 2013-2015 жылдарға мал шаруашылығын дамыту үшін қалада диірмен және жем зауыттарын ашу жобалары қарастырылған. Ағымдағы жылы кешенді жобаларды жүзеге асыру мақсатына мемлекет қазынасынан 580млн. теңге қаржы бөлінді.

Елбасының 2012 жылғы Жолдауында Арқалық қаласы ерекше аталған: Мемлекет басшысы «Арқалық-Шұбаркөл» теміржолының құрылысын бастауды тапсырды. Содан бері жер телімдерін бөлу, тұрғын үй салу жұмыстары қызу жүргізіліп келеді. Қазір теміржол құрылысына 385 адам, 120 техника жұмылдырылған [4].

Елбасы атап өткендей, бұл жоба өңірге тың серпін береді – Арқалық транзитті қалаға айналады. Ұзындығы 214 шақырымды қамтитын желі солтүстік бағыттағы тасымал қашықтығын 700 шақырымға қысқартады. Жоспар бойынша жұмыс 2014жылдың екінші жартысында аяқталды.

Моноқалалар бағдарламасының түпкілікті мақсаты бір ғана, қала құрушыкәсіпорынға қарап отырған

қалаларға әлеуметтік нысандар салып беру, жолын жөндеу емес, бағдарлама ең әуелі оның өндірісін әртараптандыру, өзге де өндіріс ошақтарын ашуды мүмкіндік туғызуды көздейді [5].

Жалпы, осындай бір ғана саланы тірек етеккен қалалардың экономикасы әлемдегі бағаларға тәуелді. Мысалы: темірдің әлем нарығындағы бағасы өзгертін болса, ол Теміртау қаласына ықпалын тигізбей қоймайды. Сол сияқты мыстың бағасы Жезқазғанның экономикалық көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Егер әлем нарығындағы бағалар күрт төмендеп кететін болса, бір ғана өндіріске қарап отырған қалалар дағдарысқа ұшырауы ғажап емес. Ол кәсіпорындарда қысқартулар басталады, еңбекақылары азаяды, салық түсімдері

бәсеңдейді, тіпті зауыттар жабылып қалуы ықтимал.

Сондықтан моноқалаларда жаңа жұмыс орындарын ашып, қала экономикасына игі ықпал ететіндей, елді асырай алатындай жаңа өндіріс орындарын ашу қажет.

Арқалық қаласының атырабында – қорғасын, мырыш, алтын, жез, мрамор, көмір, бояу, минералдық сулар бар. Осынау қазба байлықтардың түбі елімізге керек болатынына, ел игілігіне жаратылатынына кімде кім сенімді.

Әрине, қазба байлықтардың игерілуі үшін, ең алдымен қаланың өзін көркейту, әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту, оның ішкі құрылымын жандандыру - басты міндет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.-Астана,2012.
2. Сайымова М.А. Қазақстандағы шағын қалалардың индустрия-инновациялық дамыту ерекшелігі (Ақтөбе облысының материалдары негізінде): Монография. - Алматы: Экономика, 2013. - 164б.
3. Тоффлер Э. Третья Волна. – М.: ООО «Фирма «Издательство АСТ», 2010. – 257 с.
4. Қостанай таңы газеті. 2014 жыл, 15 қаңтар
5. Нұрланова Н.Қ., Гайсина С.Н., Мелдеханова М.Қ., Берішев С.Х., Бірімбетова Н.Ж., Киреева А.А. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2012. Қазақстандағы моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі мәселелері, 2012. - 156 б.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА АРКАЛЫК)

Салимжанов Нурсултан Омирханұлы

Кафедра химии, биологии и географии

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Концепция социально - экономического развития малых городов предусматривает не только лишь городское развитие, но и гораздо больше вещей. Это так же развитие всего комплекса отношений города. В ходе экономических реформ по всей стране жители провели тяжелые времена, и оставании социально-экономических условий небольших районов страны, в частности, климатических и географических параметров, минусов административной реформы также недостатков, из-за которых имеется много проблем социально-экономического развития малых городов. В статье рассмотрены проблемы развития моногородов Казахстана и их решения. Основное внимание уделяется государственной программе развития моногородов, работы по программе в городе Аркалык, а также развития города в будущем.

Ключевые слова: моногород, производственные силы, инфраструктура, демография, миграция, депрессивный город, инновация

TENDENCIES OF DEVELOPMENT MONO-TOWNS OF KOSTANAY REGION (IN THE EXAMPLE OF THE TOWN OF ARKALYK)

Nursultan Salimzhanov

Department of Chemistry, Biology and Geography

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: *The concept of socio - economic development of small cities provides not only urban development , but so many more things . This is also the development of the whole complex of relations city .In the course of economic reform across the country residents had a hard time , and lagging social and economic conditions of small areas of the country , in particular , climatic and geographical parameters cons of administrative reform as well as the disadvantages , because of which there are many problems of socio - economic development of small cities .The artiel deals with the problems of mono-towns Kazakhstan and their solutions. The focus is on the state program of development of mono-towns. Work on the program in the town of Arkalyk, as well as the city's development in the future.*

Keywords: *monotowns, productive forces, infrastructure, demography, migration, depressive city, innovation*

ӘОЖ: 37.012.8

БИОЛОГ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейлова Ақерке Ерсайынқызы

Химия, биология және география кафедрасы
Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
akerke-22ac@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді.

Түйін сөздер: интеграция, конструктивті, зерттеушілік, құзыреттілік, әлеуметтік-экономикалық, ақпараттық, оқу-тәрбие

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен студенттердің арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен

оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. «Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық

өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді». Кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы [1].

Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзіреттілігінің қалыптасуын жоғары білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады.

Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз

ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың маңызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оқытушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін-өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалыптастыру. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлатуды көздейді.

Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді.

Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.


түрде белсенді интеллектуальды ізденіске тартылуы арқылы ғана мүмкін. Студент осы кезде туындаған оқу мәселелерән салмақтап, негізделген және жан-жақты тексерілген шешім қабылдайды, оны практикада жүзеге асырады. Сөйтіп, студент «жаңа» ғылыми білімді игеруші орнына қойылады да, шығармашыл зерттеушілік тәсілдерін үйренеді.

Студент шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бір ізділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын ой еңбегі. Осындай еңбектің негізінде білімді игеруге, оқуға, оқи білуге тәрбиелеу білім беру үрдісінің негізіне айналса, баланың жан-жақ ты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің негізі болады [7].

Оқытудың белсенді әдістері, дәстүрлі емес сабақтар шығармашылықты қалыптастырады, дамытады. Себебі студенттердің шығармашыл таным әрекеті – дербес ізденіс және әрбір студентке жаңа, ол үшін белгісіз ғылыми білім немесе әдіс-тәсіл тудырады. Ендеше, студенттің өз беттілік жұмысы шығармашылығының негізгі белгілері: толық немесе жартылай дербестік; мақсатқа жету жолдарын іздеу және іріктеп алу; мақсатқа жету үрдісі кезінде жаңа нәтиже тудыру, қиялдау, болжамдар құру, логикалық ойлау, білім қорының молдығы.

Қалай десек те, шығармашылық әлеуеттің түрлеріне ортақ бір желідей тартылған ұйытқысы – еңбек, ой еңбегі. Мәселен, «пресс-конференция» сабағында

студенттерге алдын ала реферат тақырыптары беріледі. Реферат жазу - студенттердің ғылыми ізденісінің алғашқы бастамасы. Реферат жазу барысында студент әдебиеттермен жұмыс жасау дағдысына, ақпараттық материалдарға талдау жасауға, жүйелеуге, зерттелетін құбылысты сын көзбен зерделеуге, теорияны практикамен ұштастыруға үйренеді. Студент рефераты дәрісханада талқыланады. Рефератты талқылау – шығармашылық жұмыстың бір көрінісі, яғни білімділік, қызығушылық туғызатын жеке тәрбиелік мән-мазмұны зор әрекет, іс, жұмыс. Жұмысты талқылауда студенттердің белсенділігі тек рефераттың мазмұндылығына ғана емес, аудиторияның осы жұмыстармен алдын ала қаншалықты танысқанына да байланысты, яғни үйрену, үйрету, басқаларды да оқу үрдісіне тарту, қызығушылық туғызу, танымдылық үрдісін дамытып, өрістет [8].

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытудағы өз беттілік жұмыстардың ролі психологиялық – педагогикалық білімге негізделеді, яғни бұны ХХІ ғасыр білімі деп толық айтуға болады және оның функциялануының негізгі принциптеріне:

- шығармашылыққа даярлық;
- техноаймақтық проектилеу бөлшектерінің іс - әрекетті проектилеуге көшуі;
- өз идеялары үшін жауапкершілік шешімнің көп критерийлігі, көзқарастың жүйеленуі;
- жалпыланған білім жүйесін жүйелеу мақсатындағы пәнаралық байланыстардың жүзеге асуы.



1-сурет. Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытудағы өз беттілік жұмыстар

Оқу мазмұны болашақ маманның өз беттілік жұмыспен айналысуын күшейтуге бағдарлануы тиіс, ал оқытушы оқу процесін қадағалайтын кеңесші ретінде рөлде болуы тиіс.

Оқу материалының оны түсіндіруде оқытушының қолданған әдісі, оқу барысындағы іс - әрекеті студент көңіліне қонымды болып, оны еріксіз баурап әкететін жағдайда оқытушыға деген сүйіспеншілік сезімі оянады. Оқу материалын ұғыну белсенділігі, тікелей сезімі артады [9].

Студенттің белгілі іс-әрекетке немесе мамандыққа деген ұнамды эмоциялық сезімі ұзаққа созылып, көкейінде тұрақты орын алса, белгілі мақсатқа ұмтылушылық пайда болады. Ұмтылушылық – сол мамандыққа қажетті пәндерді терең меңгеруге жетелейді. Перспективалық сезім оянады да сол мақсатқа жеткенше қызмет етеді. Санаткерлік (интеллектуалдық) мотив – тұлғаның ақыл – ой дамуында ең маңызды мотив. Ақыл – ойдың дамуы

дәстүрлі оқытудан бастап (шығармашылық, проблемалық) типтік оқытуға дейін дамып, қалыптасып отыратын ерекше мотив. Проблемалық сұрақтардың жауабын өздігінен шешуге талпыну, өз ақыл – ой әрекетінің маңызын түсіну, қанағаттану сезіміне бөлену, шығармашылық қызығушылық процесі орындалғанға дейін дамитын санаткерлік мотив.

Студенттердің өз беттілік жұмыстарынан білім, кәсіп, іскерлік, іс - әрекет, игеру, нәтиже құралды. Білім жалпы, кәсіби, техникалық арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандықты меңгеру. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру керек.

Іс-әрекет әрекеттен, операция қимыл – қозғалыстан тұрады. Бұл үдерістер орындалып, игерілуі керек. Игеру – қабылдау, ұғыну, ойлану, пайымдалу,

бекіту, жүзеге асыру, қолданудан тұрады [10].

Қорыта келе, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға апаратын жол тұлғаның өзіндік жетілуін

камтамасыз етеді. Өз беттілік жұмыстар өз әрекетінің нәтижесін түсінетін үдеріс. Барлық үрдіс байланыса орындалған жағдайда студенттердің шығармашылық әлеуеті дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Таубаева Ш. Ғылыми-педагогикалық ізденістерде психологияғылыми әлеуетін қолдану мүмкіндіктері // Қазақстан Республикасы психология ғылымының көкейкесті мәселелері және даму болашағы: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Алматы,15- қаңтар 20107-Б.216-219.
2. Философский энциклопедический словарь Гл.ред Л.Ф.Ильичев, П.Н.Федосеев, С.М.Ковалев,В.Г.Панов.- М. Советская энциклопедия,1983.
Метадология учебной деятельности. –М Эвгес,2005
3. Беркімбаева Ш.К.; Құсайынов А.Қ және т.б Жоғары мектеп педагогикасы.-Алматы,2010
4. Зимняя И.А Педагогическая психология. Учебник для вузов.- М.:Логос.2000.
5. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті қалыптастыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін қалыптастыру. 13.00.01 – Пед.ғ. докт. дисс.- Алматы, 27.10.2006
6. Баженов И.Н Педагогикалық ізденіс.- Алматы:Рауан, 1990
- 7.Әбілқасымова А.Е Қазіргі заманғы сабақ.- Алматы: Комплекс,2004
- 8.Омарова Р.С Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері.- Пед.ғ.д... дисс. Автореф. – Түркістан,2008
9. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік.- Алматы: Школа ХХІвека, 2006.
10. Бұлақбаева М.К. Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық шығармашылық әлеует. Алматы, 2010

РОЛЬ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА САМОСТОЯТЕЛЬНЫХ РАБОТ СТУДЕНТОВ

Тауекелова Анар Еламановна

Кафедра педагогики и психологии

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассматривается роль творческого потенциала самостоятельных работ студентов. Самостоятельность осуществления работ для студентов, саморазвитие, рефлексия собственной, как всем необходимым для планирования бизнеса противоречия, противоречия требованиям. На сегодняшний день страны, социально-экономическое положение, возникает и от направления, которого придерживается в будущее. Лицу ориентированного развития творческого потенциала студентов, ориентированных на результат, определены возможности. Творческий потенциал студентов эффективно формируются в самостоятельной работе студентов.

Ключевые слова: студент, личность, творчество, потенциал, самостоятельная работа, творческий потенциал, действие

A ROLE IS IN DEVELOPMENT OF CREATIVE POTENTIAL OF INDEPENDENT WORKS OF STUDENTS

Anar Tauyekelova

Department of Pedagogy and Psychology

Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The role of creative potential of independent works of students is examined in the article. Independence of realization of works for students, саморазвитие, reflection own, as all necessary for planning of business of contradiction, contradictions to the requirements. To date countries, socio-economic position, arises up and from direction that adheres to in the future. To the face of the oriented development of creative potential of the students oriented to the result, possibilities are certain. Creative potential of students effectively formed in independent work by students.

Keywords: student, personality, work, potential, independent work, creative potential, action

ӘОЖ 37.1174

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАС БАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Темирханова Кымбат Шашубаевна

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасы

Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

kimbat.sh@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл мақалада әлеуметтік құзіреттілік ұғымының мәні мен маңызы сараланды. Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын іс-әрекет түрлеріне талдау жасалып, балаларды әлеуметтік ролдерге даярлаудың маңыздылығына сипаттама берілген. Ересектер тобындағы балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктері қарастырылып, әлеуметтік құзіреттілікті игерген тұлға қалыптастырудың кейбір жолдары ұсынылды.*

***Түйін сөздер:** тәрбие, мектепке дейінгі тәрбие, әлеуметтену, әлеуметтік құзіреттілік, білім беру, даму, мінез-құлық.*

Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа он жылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты өзінің Қазақстан халқына жолдауында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиені дамытуда «Балапан» бағдарламасын жасау, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуде мектепалды даярлықты жетілдіру мәселелеріне негізгі басымдық берді[1].

Осыған байланысты мектепке дейінгі білім берудің алдына жаңа қағидалы міндет қойылады – баланың қоғамдық ортаға белсенді түрде кірігуіне, бейімделуіне, әлеуметтенуіне, яғни, болашақта «әлеуметтік құзіретті» тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін жаңа мазмұнды әдістемені жасау. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім берудің түрлілігі мен көпнұсқалылығына байланысты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибелік жұмыстарына балалардың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін және тұлғалық-бағдарлық тұғырға негізделген бағдарламалар мен технологиялардың кейбір түрлері енгізілген.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру

мен әлеуметтік құзіреттілігін дамыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделіп, құзіреттілік көрсеткіштеріне сүйене отырып, нәтижеге бағытталу негізінде жүргізіледі.

«Әлеуметтік құзіреттілік» түсінігінің мән-мағынасын қарастыратын болсақ, «әлеуметтік» түсінігі «қоғамдық; адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары және өмірлерінің байланыстылығы» ретінде түсіндіріледі. «Әлеуметтік құзіреттілікті» адамдардың қоғамдағы қарым-қатынастары және өмірімен байланысты аймақта белгілі бір дәрежеде ақпараттануы, білімі, дәрежесі ретінде қарастыруға болар еді. Жалпы, «әлеуметтік құзіреттілік» термині отандық әдебиеттерде бұрыннан қолданыс таппаған. Мағынасы жағынан жақын түсініктер ретінде «әлеуметтік психологиялық құзіреттілік», «коммуникативті құзіреттілік», «өзара тұлғалық құзіреттілік» түсініктері қолданылған. Түрлі сөздіктерде бұл терминдер синонимдер ретінде қолданылады. «Әлеуметтік құзіреттілік» термині Р.Уайттың түсіндірмесі бойынша

«қоршаған ортамен нәтижелі өзара әрекет ету» деген мағынаны білдіреді [2, 143 б.].

Ересек топ жасынан бастап баланың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуын қоғам мен тұлғаның «өзара кірігуіне» ықпал етуші үдеріс интеракция ретінде қарастырамыз. Мектепке дейінгі ересек жас (5 жастан бастап 6 жасқа) дейінгі кезең. Ересек топ балаларының әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуын талдамас бұрын, осы жастағы балалардың жеке ерекшеліктерін анықтап алайық.

Бес жастағы - балада өзін көрсету және өзара байланысты оқиғалар тізбегін санасында бекіту қабілеті пайда болатын кезең. Бұл оған өзінің өткені мен болашағын елестетуге, табиғат дүниесінің өсуі мен дамуы туралы, қандай да бір затты жасау, тамақ даярлау және т.б. үрдістер туралы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бала өзінің өмір жолын ойша қайталауға, кішкентай кезін есіне түсіруге әрекет жасайды, үлкендерге осы жайлы сұрақтар қояды, мәселен не жеді, қалай сөйледі, қалай ұйықтады. Өзінің өмірбаянын егжей-тегжейлі логикалық тұрғыда айқындап алғаннан кейін «Мен қайдан шықтым?» деген сұрақтар қойылады. Нақ осы шағында баланың шыққан тегінің шежіресімен таныстыру жұмыстарын жоспарлау керек. Балалар өз мінез-құлқын бақылай алатын және өздерін өз жынысындағы үлкендермен сәйкестендіретін болады. Қыздар өздерін әйелдер, ұл балалар еркектер тобына жатқызады. Бұл балаларды еркектер мен әйелдердің тұрмыстық еңбегінің дәстүрлі түрлеріне үйрету үшін қолайлы жас болып есептеледі.

Егер осы уақытқа дейін баланы негізінен қоршаған орта қызықтырып келсе, бес жасында қоршаған ортамен қатар, оның ішкі ойы мен ықыласы адамдардың өзара қарым-қатынасына ауысады. Олар қарым-қатынас жасауда белсенділік танытады. Кез келген алдамшылықты күшті сезеді және кейбір олқылықтарды білсе сол адамға деген

сенімін жоғалтады. Бес жаста бала үлкендер мен құрбыларын сынай алатын қабілетке ие болады. Ертегілерді тыңдау, ойын ойнау барысында, қоршаған әлеуметтік өмірді бақылау кезінде балалар болашақтағы өз бейнесін және өзінің ересек өмірінің үлгісін белсенді түрде құра алады. Бес жастан асқан баланың ойлауы жекелеген оқиғалар мен жағдайларды емес, өзара байланысты оқиғалар тізбегін түсінігіне бекіту қабілетімен ерекшеленеді. Баланың алты жас кезеңі, оның эмоциялық тіршілігінің күрделенуі мен мінез-құлқының жан-дүниесіне қарай тереңдеуімен айқындалады. Өз мінез-құлқын бақылауға қабілетті бола отырып, толығымен болмаса да сезімін білдіруді реттеуге бейім келеді.

Сонымен қатар, өз сезімін басқаларадан саналы түрде, әдейі жасыра алатын болады. Алты жастағы балалардың мүддесі адамдардың өзара қарым-қатынасы болғандықтан, олардың жан-дүниесін сезімталдылықпен түсіне бастайды. Осы қарым-қатынастар бала қуанышы мен мұңының басты қайнар көзіне айналады [3, 240 б.].

Бұл жастағы балалар өзінің достасқысы келетін ұлға немесе қызға ұнайтын-ұнамайтыны туралы, әке - шешесі оны шынымен жақсы көре ма, жоқ па, тәрбиеші іс жүзінде мейірімді ма, жоқ па деген ойларына орай көз жасын төгіп алады. Мінез-құлықтың еркін бақылауын талап ететін іс-әрекеттердің жаңа өрісін игере отырып, балалар өз эмоцияларын меңгеруді үйренеді. Ол ережелер мен ойынды бірге игеруден көрінеді. Бала ойыннан ұтылып қалғанда, өз мінез-құлқын жағдайдың жалпы ережесіне бағындыруды үйрену оған күрделі болып келеді. Кейіннен ұтылып қалған жағдайда жағымсыз эмоциялармен жауап қатпауға үйрене бастайды. Бұл алты жас кезеңі үшін маңызды психологиялық жетістік.

Осы жаста қоршаған ортаның әсемдігіне нәзік эмоциялық күймен жауап қатуының дамуына назар аудару өте

маңызды. Балалар түске, пішінге, табиғаттың әсем көрінісіне аса сезімтал болып келеді. Зерттеушілердің пікірінше, балалық шақта көрген, санасында сақталып қалған жарқын сурет, бейнелер Отанға деген эмоциялық жылы сезім тудырады. Сонымен, ересек топ балаларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру жұмыстарын олардың жас ерекшеліктері мен жеке психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып жүргізген дұрыс.

Бес жастағы балалардың бойында қалыптасатын және әлеуметтік ортада өмір сүруіне қажетті білімі туралы айтатын болсақ:

1. Қоршаған орта туралы білімі: бала өзінің және ата-анасының аты-жөнін, туылған жерінің, астанасының, мемлекетінің атын біледі; негізгі жолда жүру ережелері мен қоғамдық көліктердің түрлерін біледі; үлкендердің еңбегі туралы, негізгі кәсіп түрлерін біледі; жыл мезгілдері, айлар, апта күндері, тәулік уақыттарын кезектестігін біледі; үй жануарларының пайдасы, жабайы жануарлардың өмірі мен табиғи жағдайлары, жәндіктер және өсімдіктердің жабайы және мәдени түрлерін біледі; өздерін қоршаған заттар мен олардың қолданылуын, олардың қандай материалдан жасалынғанын біледі.

2. Тілінің дамуы: ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады, сөйлеуінде жай және құрмалас сөйлемдерді қолданады, кішігірім әдеби мәтіндерді мазмұндайды, сюжетті картина бойынша әңгіме құрастыра алады.

3. Қарапайым математикалық түсініктері: беске дейін санайды; «барлығы қанша?» деген сұраққа жауап береді, заттар тобын саны, ұзындығы, биіктігі бойынша салыстырады; дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндерді айыра алады; қозғалыс бағытын (оң жақ, сол жақ, алды, арты, жоғары, төмен) анықтайды.

6 жастағы балалардың әлеуметтік орта талабына сай меңгеруі тиіс білімдері:

1. Қоршаған орта туралы білімі: өзінің, ата-анасының аты-жөнін, мекен – жайын, қаласының астанасының, мемлекетінің атын біледі; ауыл және қала тұрғындарының еңбегі туралы біледі; үй және жабайы жануарлардың ерекшеліктері мен өсімдік түрлерін және оларға күтім жасауды біледі.

2. Тілінің дамуы: ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады, асықпай, мәнерлеп сөйлейді; жай және құрмалас сөйлемдерді, тура және жанама сөйлеуді қолданады; әңгімелеседі; үлкендер ұсынған картина, тақырып, заттар бойынша кішігірім әңгіме құрастырады.

3. Қарапайым математикалық түсініктері бойынша: 10-ға дейін санап, сандық және реттік сан есімдерді қолданады; көрнекілікке сүйене отырып оңға дейінгі сандарды салыстырады; дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, ромб тәрізді геометриялық пішіндерді біледі; кеңістікте бағдарланады.

Баланың әлеуметтік даму деңгейінің өсуіне септігін тигізетін бағыттардың бірі бұл өлкетану және елжандылық тәрбиесін беру.

Осыған байланысты И.Рыбалова баланы елжандылыққа тәрбиелеудің басты құралы - туған қаласымен таныстыру себебі, мектепке дейінгі шақ елжандылық сезімінің қалыптасатын кезеңі. Отанға, жерге деген сүйіспеншілік, туған еліне құрметпен қарау, жауапкершілік т.б. екендігін атап көрсеткен [4, 27 б.].

С.Мещерякова баланың айналасындағы адамдар мен қарым - қатынас жасауының коммуникативті аспектісін атап көрсете келе, баланың психикасының дамуы айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына байланысты дамитындығын көрсеткен. Бұл да әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыруға қажетті сапалардың бірі болып табылады [5, 384 б.].

Ересек топ балаларының әлеуметтік тәжірибені жеткіліксіз меңгеруі ауытқушылыққа, үлгермеушілікке, физикалық күшті қолдануға алып келуі мүмкін. Балалар әлемге қызыға қарайтын, жаратылысты енді ғана танып келе жатқан аңғарымпаз, ойы мен жүрегі таза жандар.

Ал осы кішкентай адамның қалыптасып, дамуы шартты түрде өмір

сүріп отырған ортасы мен үлкендерге байланысты екені даусыз. Қорытындылай келе, ересек топ балаларының әлеуметтік құзыреттілігін оларға тапсырылған және болашақта тапсырылатын әлеуметтік рөлді нәтижелі орындаудағы бейімделудің белгілі деңгейі ретінде анықтаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы. 2014 ж.18 қаңтар.
2. Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. Оқу құралы. 2011. 143 б.
3. Гогоберидзе А.Г., О.В. Солнцева. Дошкольная педагогика. – Питер. 2013. -240 с.
4. Рыбалова И. Елжандылыққа тәрбиелеудің басты құралы-баланы туған қаласымен таныстыру «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы.-2003. - №6. 27 б.
5. Шипицина Л.М., Заширинская О.В. Азбука общения: развитие личности ребенка навыков общения со взрослыми и сверстниками (для детей от 5-6) «Детство-пресс», 1998.-384 с.

ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Темирханова Кымбат Шашубаевна

Кафедра методики дошкольного и начального обучения
Старший преподаватель, магистр педагогической наук

Аннотация: В статье проанализированы значение и сущность понятия социальной компетентности. Рассказываются о формах деятельности, которые дают возможность формировать социальную компетентность в учебно-воспитательном процессе дошкольных учреждений и характеризуется значение подготовки детей социальным ролям. Рассматривая возрастные особенности детей старшего возраста, предлагаются способы формирования личности, владеющей социальной компетентностью.

Ключевые слова: воспитание, дошкольное воспитание, социализация, социальная компетенция, образования, развития, поведение.

FORMING OF SOCIAL COMPETENCE OF CHILDREN OF SENIOR PRESCHOOL AGE

Kymbat Temirkhanova

Department of Methods of Primary and Preschool Education
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: A value and essence of concept of social competence are analysed in the article. Told about the forms of activity, that give an opportunity to form a social competence in a учебно-воспитательном process preschool establishment and the value of preparation of children is characterized to the social roles. Examining the age-related features of children of senior age, methods are offered forming of personality, owning a social competence.

Keywords: education, preschool education, socialization, social competence, educations, development, behavior.

ӘӨЖ 53.06

«ЭЛЕКТРОДИНАМИКА» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЕСЕП ШЫҒАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ**Тулегенова Анар Кабдығалиевна**

Математика және физика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

anar080476@mail.ru

Аңдатпа: Электродинамикада негізгі ұғым – заряд. Электродинамиканың эксперименттік негіздері Кулон заңы және электромагниттік индукция заңы қарастырылды. Фарадей санының және электрон зарядының теориялық мәндерін тәжірибе негізінде анықталды.

Түйін сөздер: электр тогы, электрондар, ток көзі, Кулон заңы, электродинамика.

Электродинамикада негізгі ұғым – заряд. Бірақ оны таситын бөлшектердің, денелердің қандай екендігін қарастырмайды. Заряд мөлшерін анықтау үшін 2 зарядтың әсерлесу күшін табады. Олардың бірі- *эталондық заряд* етіп қабылданады.

Бірақ электродинамика зерттейтін негізгі объект - заряд емес, *электромагниттік өріс*.

Өріс – нақты физикалық объект, затпен қатар өмір сүретін материяның бір түрі. Өрісті электр зарядтары туғызса да, ол зарядтан бөлек те өмір сүре алады. Мысалы: жарықтың, электромагниттік сәулелердің тууына себепші – электр зарядтарының қозғалысы. Пайда болғаннан кейін бұл сәулелер зарядтан бөлек өздігінен өмір сүреді. Электромагниттік өріс кеңістіктің макроскопиялық аумақтарына таралады, бұл аумақтардың анық шекаралары болмайды. Өріс зарядталған денелерге күштік әсері арқылы білінеді[1].

Электродинамика физикалық құбылыстардың өте кең аумағын қамтиды. Ол макроскопиялық өрістерге, токтарға, зарядтар үлестірімдігіне арналған кез келген есепті теориялық жолмен шеше алады. Осы тұрғыдан ол механика саласы сияқты теорияның ең көрінекті моделі болып табылады. Ол белгілі бір

құбылыстарды, жеке заңдарды түсіндіріп қана қоймай, жаңа эффекттерді болжауға да шамасы жетеді.

Электродинамиканың эксперименттік негіздері Кулон заңы және вакуумдағы электростатиканың теңдеулері. Электромагниттік индукция және Фарадей заңы[2].

Табиғатта электромагниттік әсерлер кең таралғандықтан электродинамиканың да қолдану аумағы кең, әсіресе оның техникада қолданылуының маңызы жоғары. Заттың құрылымы және қасиеттерін түсінуде осы теорияның қызметі ерекше орын алады. Электрлік құбылыстардың қазіргі теориясының пайда болуының алғы шарттары – эмпирикалық фактілер мен жеке фундаменталды заңдардың ашылуы сияқты жаңалықтарының жинақталуы болып табылады.



Электродинамика физикалық құбылыстардың өте кең аумағын қамтиды. Ол макроскопиялық өрістерге, токтарға, зарядтар үлестірімдігіне арналған кез

келген есепті теориялық жолмен шеше алады. Осы тұрғыдан ол механика саласы сияқты теорияның ең көрінекті моделі болып табылады. Ол белгілі бір құбылыстарды, жеке заңдарды түсіндіріп қана қоймай, жаңа эффектiлердi болжауға да шамасы жетедi[3].

Есеп 1. Екі нүктелік заряд ауада бір-бірінен 20 см арақашықтықта қандайда бір күшпен өзара әсерлеседі. Осы зарядтардың майдағы өзара әсерлесу күштері өзгермеуі (ауадағымен бірдей болуы) үшін олардың арақашықтықтары қандай болуы керек?

Шешуі. «Ауа» ортаны «а» индексі және «май» ортаны «м» индексі арқылы белгілейміз. Кулон күші мына формуламен анықталады[4]:

$$F = \frac{q_1 q_2}{4\pi \epsilon_0 \epsilon^2},$$

мұнда ϵ – ортаның диэлектриктік өтімділігі (енуі). Онда ауада зарядтардың өзара әсерлесу күші келесі түрде өрнектеледі:

$$F_a = \frac{q_1 q_2}{4\pi \epsilon_0 \epsilon_a r_a^2},$$

ал осы зарядтардың майдағы өзара

$$F_m = \frac{q_1 q_2}{4\pi \epsilon_0 \epsilon_m r_m^2}.$$

әсерлесуі:

Есептің шарты бойынша ауадағы Кулон күші майдағы Кулон күшіне тең болуы керек, онда алатынымыз $F_a = F_m$,

$$\frac{1}{\epsilon_a r_a^2} = \frac{1}{\epsilon_m r_m^2},$$

Бұдан

$$r_m = \sqrt{\frac{\epsilon_a}{\epsilon_m}} r_a.$$

Шарты бойынша $r_a = 20 \text{ см} = 0,2 \text{ м}$; $\epsilon_a = 1$, $\epsilon_m = 5$. Одан алатынымыз, майда орналасқан зарядтар арасындағы арақашықтық, мынаған тең:

$$r_m = \sqrt{\frac{1}{5}} \cdot 0,2 = 0,089 \text{ (м)}. \quad (\text{м}).$$

Жауабы: майдағы зарядтардың, өзара әсерлесу күші ауадағыдай болуы үшін, бір-бірінен арақашықтығы 8,9 см болуы керек.

Фарадей санын және электрон зарядын анықтау.

Жұмыстың мақсаты: Фарадей санының және электрон зарядының теориялық мәндерін тәжірибе негізінде анықтау.

Керекті құралдар: мыс купоросының сұйығы бар электрлік ванна, тұрақты ток көзі, амперметр, реостат, секундомер.

Теориялық бөлім: Токтың металдар және жартылай өткізгіштер арқылы өтуі қандай да бір химиялық түрленумен қосарласа жүрмейді. Мұндай заттар бірінші текті өткізгіштер деп аталады[5].

Ток өткенде химиялық түрленуден өтетін заттар екінші текті өткізгіштер немесе электролиттер деп аталады. Бұлардың қатарына тұздар, сілтілердің немесе қышқылдардың судағы және тағы басқа сұйықтардағы ерітінділері, сондай-ақ қатты күйінде иондық кристалл болып келетін тұздардың қорытпалары жатады.

Зат молекулаларының сұйық ертінділерінде иондарға ыдырау процесін электролиттік диссоциация деп аталады. Электролиттердің өткізгіштігі ерітінді ішінде иондардың бар болуына байланысты. Сыртқы электр өрісінің әсерімен иондардың қозғалысы электролит ішінде ток тудырады. Электролит арқылы токтың өтуі электродтарда электролиттің құраушы бөліктерінің бөлініп шығуына әкеп соғады. Бұл құбылыс электролиз деп аталады[6].


Егер электролитке ток өткізгіш электродтар енгізіп, оған кернеу берсек, иондар қозғалысқа келіп, электр тоғы пайда болады. Оң зарядты иондар, теріс электродқа (катодқа) қарай қозғалады, сол себепті де оларды катондар деп атайды.

Теріс иондар оң электродқа анодқа қарай қозғалады, сол себепті де оларды анондар деп атайды. Сәйкес электрондарға жетіп, иондар оған өзінің артық электрондарын береді немесе жетіспейтін электрондарын алады, сөйтіп нейтрон атом мен молекулаға айналады.

Мысалы: Мыс купоросы CuSO_4 ертіндіде екі оң зарядты Cu^{++} мыс ионына және екі теріс зарядты SO_4^{--} ионына диссоцияланады: $\text{CuSO}_4 \leftrightarrow \text{Cu}^{++} + \text{SO}_4^{--}$.

Ертінді Cu^{++} ионы мен SO_4^{--} ионы және басқа судың (H^+) сутек және (OH^-) иондарынан тұрады.

Мыстың Cu^{++} ионы сутегінің H^+ ионына қарағанда оңай бөлінеді. Ал, SO_4^{--} ионы OH^- ионына қарағанда қиындау сиретіледі. Сондықтан ток өткен кезде анодта OH^- ионы бөлінеді және оттегі бөлініп шығады.



Анодта сонымен қатар SO_4^{--} ионы H^+ ионымен қосылып күкірт қышқылын түзеді.



Егер анод мыстан жасалса, бұл процесс басқаша жүреді, ал анодта керісінше, металл иондары ертіндіге өтеді.

Мұны былай түсіндіруге болады: Мыс Cu атомы OH^- ионына қарағанда электронын тез жоғалтады. Бұл жағдайда оттегінің бөлінуі орнына анодтан ертіндіге Cu^{++} ионының өтуі мүмкін. $\text{Cu} - 2e = \text{Cu}^{++}$.

Осыдан мыс анодтарынан CuSO_4 электролизі анодтан катодқа мыс тасымалдануы жүреді. Бұл кезде мыс купоросының шамасы ертіндіде өзгеріссіз қалады.

Электролиз заңдары.

Электролиз заңдарын тәжірибе жүзінде 1836 жылы Фарадей ашқан болатын.

Бір ионның заряды Ze – ке тең болсын, мұндағы e – электрон заряды, ал Z – ионның валенттілігі, яғни диссоциация кезінде әрбір атомның алған немесе берген электрондарының саны n . Иондардың электродқа берген заряды мынаған тең [7]:

$$q = n \cdot Ze \quad (1)$$

Ал, электродта бөлініп шыққан зат массасы, мына шамаға тең:

$$M = n \cdot m \quad (2)$$

$$M = \frac{m}{Z \cdot e} \cdot q \quad (3)$$

мұндағы m – бір ионның массасы. Бір грамм молекулада (A), яғни сан жағынан молекулалық массаға тең граммен алынған заттың массасында бірдей атомдар саны болады.

$N_A = 6.023 \cdot 10^{23} \text{ моль}^{-1}$ – Авогадро саны.

Сонда ионның массасы

$$m = \frac{A}{N_A} \quad (4)$$

(4) теңдеуді (3) – ге қоя отырып, мынаны аламыз:

$$M = \frac{A}{N_A \cdot Z \cdot e} \cdot q \quad (5)$$

Ал,

$$\frac{A}{N_A \cdot Z \cdot e} = k \quad (6)$$

шамасы кез келген зат үшін тұрақты және ол заттың электрохимиялық эквиваленті деп аталады.

$$M = kq \quad (7)$$

Сонымен, электродта бөлініп шыққан заттың массасы электролит арқылы өткен зарядқа пропорционал. Осыны Фарадейдің бірінші заңы деп атаймыз.

Электролит арқылы өткен заряд шамасы ток күшінің уақытқа көбейтіндісіне тең $q = I \cdot t$. Сондықтан, электрохимиялық эквивалент мынадай формуламен есептеледі:

$$k = \frac{M}{I \cdot t} \quad (8)$$

Егер M – ді миллиграммен, I – ді ампермен, ал t – секунд деп есептесек, онда электрохимиялық эквивалент $\frac{\text{мг}}{\text{кл}}$ мен өлшенеді. (6) формуладан мынаны табамыз:

$$\frac{A}{Z} = Nek \quad (9)$$

Сонда $\frac{A}{Z}$ – шамасы заттың химиялық эквивалентті деп аталады. Химиялық эквивалент химиялық қосылыстарда

1,0078 г.сутегінің орнына жүретін, берілген элементтің граммен алынған массасына сан жағынан тең келетін өлшемсіз шама.

Егер бір заттың $\frac{A}{Z}$ грамын алсақ, сонда заттың сан мөлшері грамм-эквивалент болады.

(5) теңдеуден Фарадейдің екінші заңын аламыз. Заттың химиялық эквиваленттері олардың электрохимиялық эквиваленттеріне пропорционал. $Ne = F$ - тұрақты шама Фарадей саны деп аталады. Сонда (5) теңдеуді былай етіп жазуға болады[8].

$$M = \frac{1}{F} \cdot \frac{A}{Z} \cdot q \quad (10)$$

Осыдан, егер заттың бір грамм-эквиваленті бөлініп шықса, яғни сан жағынан алғанда $M_1 = \frac{A}{Z}$ - масса бөлініп шықса, онда заряд сан жағынан $q = F$ - ке тең болу керек.

Сонымен сан жағынан Фарадей санына тең электр заряды арқылы өткенде, электродта заттың бір грамм-эквиваленті бөлініп шығады. (9) теңдеуден мынаны табамыз:

$$F = \frac{A}{Z \cdot k} \quad (11)$$

Ионның ең кіші e заряды бір валентті ионның зарядына сәйкес деп, электронның зарядын мынадай формуламен есептеуге болады[9].

$$e = \frac{F}{N_A} \quad (12)$$


Өлшеу әдісі.

Шыны ыдысты CuSO_4 сұйығымен толтырып (1 – сурет) оған мыс электродтар анод пен катодты салады. Катодтың M_1 массасын техникалық таразымен өлшейміз. Токты қосып, реостат R көмегімен ток шамасын 1,5 А – ге келтіреді де, секундомерді қосады. Токты 30-40 мин. жібереді. Осы уақыт

аралығында реостаттың көмегімен тұрақты ток күшін ұстап тұру қажет. Токты ажыратып, катодты аламыз да, кептіреміз. Содан кейін оның M_2 массасын анықтаймыз[10].

Массалар айырымы бізге катод массасының M өсімшесін береді. (8) формула бойынша электрохимиялық эквивалент шамасын есептейді. Ал, (11) формуладан, Фарадей санын табады. k – ның мәнін кг/кл – мен аламыз, CuSO_4 қосындысында мыс екі валентті: мыстың грамм массасы $A = 63,54g$, $Z = 2$.

(12) формуладан электрон зарядын есептейді.



1 – сурет

Эксперимент нәтижесінде Фарадей санын және электрон зарядын анықтауда берілген мәндерді жазып аламыз.

$$A = 63,54g = 63,54 \cdot 10^{-3} kg$$

$$Z = 2$$

$$N_A = 6,023 \cdot 10^{23} \text{ моль}^{-1}$$

$$M_1 = 20g$$

$$M_2 = 21g$$

$$t = 30 \text{ мин} = 1800c$$

$$M = 21 - 20 = 1g = 0,001kg$$

$$k = \frac{M}{I \cdot t} \quad F = \frac{A}{Z \cdot k}$$

$$e = \frac{F}{N_A}$$

$$k = \frac{0,001 \text{ кг}}{1,5 \text{ А} * 1800 \text{ с}} = \frac{0,001}{2700} = 0,37 * 10^{-6} \text{ кг} / \text{А} * \text{с}$$

$$F = \frac{63,54 * 10^{-3}}{2 * 37 * 10^{-6}} = \frac{63,54 * 10^{-3}}{0,74 * 10^{-6}} = 0,86 * 10^5$$

$$e = \frac{F}{N_A} = \frac{85,9 * 10^3}{6,023 * 10^{23}} = 1,4 * 10^{-19} \text{ Кл}$$

Шыны ыдысты CuSO_4 сұйықтығымен толтырып оған мыс электродтар анод пен катодты салдық. Катодтың M_1 массасын техникалық таразымен өлшедік. Токты қосып реостат R көмегімен ток шамасына 1,5 А келтіріп, секундамерді қостық. Токты 30 мин бойы жібердік. Осы уақыт ішінде реостаттың көмегімен тұрақты ток күшін ұстап тұрдық. 30 минуттан соң токты ажыратып,

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Д.И. Кенжалиев «Электродинамика және арнаулы салыстырмалық теориясы» Орал – 2007
2. С.Е.Каменецкий, В.П. Орехов методика решения задач по физике в СШ. М.: Просвещение, 1987. Ч. I. С.5-45.
3. Б.Е. Ақитай Физикадан есептер шығаруға арналған әдістемелік оқу құралы. Механика. Алматы, 2000.
4. Б.М. Ысқақов, А.А. Ағұлықов, Н.Б. Шамбулов Физикадан есеп шығару мысалдары. Алмат: РАуан, 1987. 3- 10 бб.
5. Т. Арыстанов «Физикадан эксперименттік есептер шығару», «Математика және физика» журналы №3, 2004 жыл.
6. М. Байгулиева «Эксперименттік есептер шығару әдістемесі», «Математика және физика» журналы №3, 2003 жыл.
7. Л.Д.Ландау, Е.М. Лифшиц Теория поля. М.: Физматгиз, 1962.
8. В. Смайт Электростатика и электродинамика. М.: ИЛ, 1954.
9. В.В. Батыгин, И.Н.Топтыгин, Электродинамика. М. Наука. 2001
10. Ю.В. Новожилов, Ю.А. Яппа Электродинамика. М.: Физматгиз, 1978.

Научные основы решения экспериментальных задач по разделу «Электродинамика»

Түлегенова Анар Кабдығалиевна

Кафедра математики и физики

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация: В электродинамике основное понятие - заряд. В работе рассматривается закон Кулона и рассмотрел закон электромагнитной индукции. Было определено теоретические значения число Фарадея и заряд электрона на практике.

Ключевые слова: электрический ток, электроны, источник питания, закон Кулона, электродинамика.

Scientific basics of solving experimental tasks in the section “Electrodynamics”

Anar Tulegenova

Department of Mathematics and Physics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract: In electrodynamics, the basic concept of charge. The paper deals with the Coulomb law and considered the law of electromagnetic induction. It was determined the theoretical values of the Faraday and electron charge in practice.

Keywords: electric current, electrons, power supply, Coulomb's law, electrodynamics.

УДК 528.942

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ МЕТОДАМИ ТЕХНОЛОГИИ «РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ЧТЕНИЕ И ПИСЬМО»

Тургумбекова Ботагоз Наушабаевна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков

Старший преподаватель, магистр педагогических наук

boty1906@mail.ru

Аннотация: Статья рассматривает коммуникативную компетенцию как показатель образования, ориентированного на результат на примере технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо»

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, стратегии, критическое мышление, рефлексия, языковая компетенция

Современные реалии образования создают сложность профессионально-педагогической деятельности, связанную с интеллектуальным и эмоциональным напряжением, преодолением психологических затруднений. Переход общеобразовательной школы на 12-летнее обучение сопровождаются расширением профессиональных функций учителя, деятельность которого дополняется выполнением функций консультанта, исследователя, проектировщика. Модернизация образования предъявляет учителям ключевые компетенции в сфере проектирования развития обучающихся, педагогического сопровождения личностно-ориентированного и развивающегося обучения, создание условий становления ключевых компетенций обучающихся.

Следовательно, в настоящее время актуальным является поиск таких форм повышения квалификации и их сочетаний, которые в максимальной степени будут способствовать становлению ключевых компетенций педагогов:

- овладение основами педагогической и творческой деятельности;
- овладение элементарными способностями по самопроектированию, самореализации и рефлексии;

- овладение коммуникативной деятельностью по само- и взаимопомощи в общественной жизни;

- овладение навыками исследовательской деятельности;

- овладение способами составления проектов и программ;

- компетенции информационных технологий [1].

Направленность обучения на формирование компетентности разрешения проблем позволит предупредить отрыв теории от практического использования языковых явлений в речи, ибо это требует осмысления языковой теории через систему таких вопросов, которые помогут организовать поиск решения поставленной проблемы. Например, при изучении частей речи главным становится не столько воспроизвести определения и правила, сколько доказать принадлежность того или иного слова к данной части речи с учетом определенных признаков.

Информационную лингвистическую (языковую) компетентность следует рассматривать как основу коммуникативной компетентности, фундамент ее формирования, поэтому при отборе теоретических сведений

учитывается функциональный принцип, т.е. то, насколько необходимы языковые сведения с точки зрения их использования в реальной речевой деятельности. Однако нельзя ограничиваться и узкопрактическими целями: выработка лингвистической и коммуникативной компетентности – одинаково важные задачи преподавания родного языка [2].

Сегодня уже явно недостаточно лишь проверки уровня знаний, на что ориентирована вся система преподавания. Знание языка вне речевой деятельности теряет смысл, поэтому каждая грамматическая тема должна иметь выход в речевую практику – использование грамматических форм для передачи мыслей, чувств. Формирование коммуникативной компетенции следует рассматривать как основной результат воспитания языковой личности и конечную цель обучения русскому языку, которая определяет отбор содержания, соотношение теории и практики.

Коммуникативную

компетентность мы рассматриваем как; 1) способность к реальному общению в соответствии с его целью, сферой, ситуацией, к речевому взаимодействию и взаимопониманию;

2) умение создавать речевое высказывание разных типов (описание, повествование, рассуждение).

Исходя из этого, объектом исследования должна стать теория речевой деятельности и текст как единица обучения [3].

Известно, что коммуникация в профессиональной деятельности выполняет три основные функции:

- коммуникативную, включающую обмен информацией;
- интерактивную, предусматривающую организацию взаимодействия;
- перцептивную, отражающую процесс восприятия и формирования

образа другого человека и установления взаимодействия.

Умение эффективно общаться с людьми является необходимым условием профессиональной деятельности педагога. Успешность межличностного взаимодействия связана с такими понятиями, как общение и коммуникативная компетентность.

Можно выделить три уровня модели коммуникативной компетентности:

1) стихийно-эмпирический – не развиты навыки эффективного общения, возникают трудности в общении. Слабая ориентация в невербальных средствах общения. Адекватное представление о себе и собственных умениях. Сравнительно неплохо могут оценивать других людей.

2) эмпирический уровень – знание вербальных и невербальных средств общения, знание собственных личностных черт, затрудняющих процесс общения, знание коммуникативных способностей. Формируются умение правильно воспринимать людей и достигать поставленной цели в межличностном взаимодействии.

3) теоретический уровень – знание правил регуляции коммуникативного поведения, знание коммуникативных барьеров, знание методов формирования коммуникативной компетенции, знание средств коррекции коммуникативного поведения. Умение успешно функционировать в обществе, оценивать и анализировать ситуацию, проявлять эмпатию [4,5].

Считаем, что критерии развития коммуникативной компетенции должны соответствовать основным функциям и отражать следующие умения:

- умение вести вербальный и невербальный обмен информацией, а также проводить диагностирование личных свойств и качеств собеседника;
- умение вырабатывать стратегию, тактику и технику, взаимодействие с людьми, организовывать их совместную

деятельность для достижения определенных социально значимых целей;

- умение идентифицировать себя с собеседником, понимать как он сам воспринимается партнером по общению и эмпатийно относиться к нему.

Образовательно-воспитательной системе доверено развитие молодого поколения. Эта система должна быть открыта для подлинных новшеств, критического восприятия созданных и в то же время должна уметь создавать собственные [6]. Технология «Развитие критического мышления через чтение и письмо» как нельзя лучше помогает в достижении этой цели. Ее цель – предоставить методические инструкции, которые способствовали бы развитию критического мышления у обучающихся. В центре находится обучающийся, перед которым стоит проблема. Источники могут быть разными, а решение он ищет сам.

Перед преподавателем стоят следующие задачи:

- использовать эффективные приемы, чтобы пробудить критическое мышление
- создать условия, которые обеспечивают открытые и требовательные взаимоотношения
- применять схему, которая обеспечивает критическое мышление и самообразование
- Задачи студентов:
 - думать критически
 - брать ответственность за свое самообразование
 - научиться поисковым стратегиям и стратегиям по освоению знаний

В данной технологии имеется множество методов, отвечающих этим целям и задачам.

На своих занятиях довольно часто использую стратегии. Правда такие занятия требуют более тщательной подготовки, чем традиционные: необходимо подобрать и оформить большое количество самых разнообразных и интересных индивидуальных и

групповых заданий, скомпоновать их в определенной логической последовательности, соответственно задачам различных этапов уроков. Эти серьезные временные и даже материальные затраты и усилия при подготовке дают очень ощутимый и зримый результат на выходе, при подведении итогов занятий.

Чтобы обучающиеся активно работали, их надо заинтересовать. Для этого существует этап «**вызова**». Именно на этом, очень важном этапе вовлекают в работу (вводится новая тема, стимулируется её обсуждение, определяются собственные, связанные с ней учебные цели) Так происходит втягивание в работу.

Верите ли вы, что ...- 6 верных/неверных утверждений по изучаемой теме “Мозговой штурм”. группам предлагается вспомнить как можно больше лексических единиц по данной теме (обсуждение в группах).

Ассоциации (в группах на листе бумаги дети пишут известные им слова по теме: первая группа - глаголы, вторая - прилагательные, третья – существительные) [7].

На следующем этапе «**осмысления**» обдумывается выявленная информация, привлекаются имеющиеся знания, таким образом они вовлекаются в изучение нового содержания. Здесь обучающиеся размышляют, вспоминают, собирают крупицы собственного опыта. И пусть в это время в стоит шум и гам (он быстро стихает в нужный момент), главное – ребята начинают раскрывать свои возможности, грамотно выражать именно свои мысли. На данной стадии самостоятельно переосмысливают имеющуюся информацию (о наличии которой они, возможно и не подозревали даже), делают выводы и идут дальше.

Она направлена на сохранение интереса к теме, при непосредственной работе с новой информацией, постепенное

продвижение от знания “старого” к “новому”.

Основной задачей данного этапа является отслеживание восприятия обучающимся изученного материала.

Итак, на фазе осмысления содержания учащиеся:

- осуществляют контакт с новой информацией и сопоставляют ее с уже имеющимися знаниями и опытом;
- акцентируют свое внимание на поиск ответов на возникшие вопросы и затруднения;
- готовятся к анализу и обсуждению услышанного или прочитанного [8].

Необходимо выделить достаточное время для чтения и второго прочтения. Достаточно важно вернуться к тексту на новом “витке” его восприятия, чтобы прояснить некоторые вопросы.

Дерево мудрости. Предлагаю другим группам попробовать восстановить смоделировать текст по этим словам. Затем сравниваем с оригиналом текстов.

Инсерт. Прием очень эффективен при работе над формированием навыков изучающего чтения. С помощью приема “Инсерт” возможно решение обширного спектра лексико-грамматических задач, так как любой текст богат речевыми образцами и грамматическими структурами.

Стратегия «Направленное чтение» повышает интерес и вынуждает студента определить, что уже известно, что нет. Для привлечения внимания задается вопросы: «Что, по-вашему, произойдет дальше?»

В процессе рефлексии та информация, которая была новой, становится присвоенной, превращается в собственное знание. Рефлексивный анализ направлен на прояснение смысла нового материала, построение дальнейшего маршрута обучения (это понятно, это

непонятно, это интересно и т.д.) [9]. Это могут быть графические, схематические способы представления информации в виде таблиц, графиков, диаграмм, кластеров. Творческие задания: синквейн, эссе, письмо, сочинение.

В любом случае этап рефлексии активно способствует развитию навыков критического мышления.

Кластеры. Прием “Кластеры” применим как на стадии вызова, так и на стадии рефлексии. Суть приема заключается в том, что информация, касающаяся какого-либо понятия, явления, события, описанного в тексте, систематизируется в виде кластеров (гроздьев)[10]. В центре находится ключевое понятие. Последующие ассоциации, ученики логически связывают с ключевым понятием. Прием “Кластер” позволяет не только активизировать лексические единицы в речи учащихся и ввести новые, но и, объединив их в связное высказывание, тренировать различные грамматические структуры, в зависимости от поставленной цели.

Синквейн – стихотворение, требующее синтеза информации в пяти строках, которые описывает тему.

Очень эффективна стратегия «Знаю, хочу узнать, узнал». Ее целесообразна при повторении курса. Идет работа с текстом с одновременным анализом.

«Лучший вопрос» позволяет лучше познакомиться с текстом ,найти оригинальное решение, проявить нестандартность мышления.

Технология «Развитие критического мышления через чтение и письмо» отвечает требованиям времени и ориентирована не столько на контроль знаний, сколько на формирование коммуникативной компетенции.

Список использованных источников

1. Кларин М.В. Развитие критического и творческого мышления/Школьные технологии. 2004, № 2.
2. Коржуев А. Как формировать критическое мышление/Высшее образование в России. 2001, № 5.

3. Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления: научно-методическое осмысление/Методист. 2002, № 2.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. Народное образование, 2004
5. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. — СПб: Альянс-Дельта, 2003. — 284 с.
6. Загашев И. О., Заир-Бек С. И., Муштавинская И. В. Учим детей мыслить критически. Изд. 2-е. — СПб: «Альянс «Дельта» совм. с издательством «Речь», 2003. — 192 с.
7. Низовская И. А. Словарь программы «Развитие критического мышления через чтение и письмо»: Учебно-методическое пособие. — Бишкек: ОФЦИР, 2003. — 148 с.
8. Богатенкова Н. В., Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроках истории и краеведения. СПб: СПб. гос. ун-т пед. мастерства, 2001. 79 с.
9. Болотов В., Спиро Д. Критическое мышление — ключ к преобразованиям российской школы // Директор школы. 1995. N 1. С. 67-73.
10. Бахарева С. Развитие критического мышления через чтение и письмо. Учеб.-метод. Пособие. Новосибирск: изд-во Новосиб. ин-та пов. квалификации и переподгот. работников образования, 2003.

«ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУДЫ СЫНИ ТҮРҒЫСЫНАН ДАМЫТУ» ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Тургумбекова Ботагоз Наушабаевна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымының магистрі

Аңдатпа: Бұл мақалада коммуникативті құзыреттілік, білім нәтижесі ретінде қарастырылады. Ол нәтижеге, яғни технологияға негізделген сыни тұрғыдан ойлау оқу және жазу арқылы дамиды

Түйін сөздер: коммуникативті құзыреттілік, стратегиялар, сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия, тілді құзыреттілік

FORMING METHODS OF COMMUNICATIVE COMPETENCE BY TECHNOLOGY “DEVELOPMENT OF CRITICAL THINKING THROUGH READING AND WRITING”

Botagoz Turgumbekova

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article deals with communicative competence as result of education, for example in technology “Development critical thinking through reading and writing”.

Keywords: communicative competence, strategy, critical thinking, reflection, language competence

ӘОЖ 7.067

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Узаков Сапарбек Абилбекович

Музыка және бейнелеу өнері кафедрасы

Аға оқытушы, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, АрқМПИ доценті

***Аңдатпа:** Бұл мақалада ұлттық тәрбие мен шығармашылықтың атқаратын ролінің маңыздылығы. Оқытушылардың сапалы біліммен, ұлттық тәрбиенің атқаратын орны.*

***Түйін сөздер:** шығармашылық, білім, ұлттық тәрбие.*

Еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылып, егемендік алған тұста осы елдің келешегін жалғастырар, экономикасын, мәдениетін көтерер ұрпақ тәрбиелеу-бүгінгі күннің талабы. Бүгінгі қоғамның дамуы оның мүшелерінің білімімен өлшенетін кезі келді. Өйткені, қазіргі өркениетке жеткізетін құрал - тек қана білім. Білімді ұрпақ қана қоғамның болашақ иесі бола алады.

«Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында» былай делінген: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Барлық деңгейдегі технологиялық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт» - деп «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты президент жолдауында атап көрсетілгендей бүгінгі күн мектептегі білім беру бағытында жаңаша көзқарасты талап етіп отыр.

Барлық дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі

құрылуда. Бұл үрдіс педогогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуметін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Елбасымыз білім саласына қойылған талаптары ерекше. Біз тәрбиелеп отырған ұрпақ дүниенің кез-келген жерінде білім алуға, қызмет атқаруға қабілетті, ғылым мен техниканың кез-келген саласын меңгере отырып, тіл меңгеру қабілеті жоғары, бәсекелестікке қабілетті болуы тиіс.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педогогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнін терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде

жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет - бұл әңгімелесе білу, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу.

Адамзат ес жиып, етек жапқаннан бері өнермен жасасып келеді. Бізге белгісіздеу, бұлыңғырлау көрінетін мұнан ондаған мың жыл бұрын өнердің бастапқы белгілері байқала бастаған. Адамның тегі болып табылатын неондерттер сезім мен түйсік, ойлау қабілетінің қылаң беруі өмірде қажетті қарабайыр алғашқы еңбек құралдарын жасауға түйсік пен еңбек етуге талпындырды. Алғашқы қауымдық құрылыс арқылы адамдардың өмір сүру деңгейі көтерілді, көп нәрсені үйренді. Енді туындаған әр түрлі қауіп-қатерге өмір сүру тауқыметтеріне байланысты еңбек құралдарымен қару-жарақ үнемі жетілдіріліп отырды. Адамның сана-сезімі өсіп, тұжырымды да байыпты әрекеттерге барды. Өнерлі ой туындады. Саналы пайымдау арқылы өзінше өзгерту адамнан белгілі бірсаликалы ой тұжырымды шеберлікті қажет етеді. Ал шеберлік жүрген жерде әрдайым өнерлі ой толғанысы пайда болады. Өнер адамның дүниеге болмысқа деген наным-сенімдерін дамытушы салалық пен білімділікке жететін қозғушы күші, және әсемдік пен пәк сезімдердің қайнар көзі болды. Сондықтан да өнер адамды әлеуметтік сезімталдыққа, сүйіспеншілікке баулып оны жоғары парасаттылық биіктікке көтерді [1].

Жалпы адамзат баласында рухани және материалдық деген бар. Соның ішінде адамды адаметіп, ұлтты ұлт ететін-

рухани байлық. Рухани байлықтың қайнар көзі – бейнелеу өнері. Бейнелеу өнерінің адамға сыйлар рухани байлығы өте зор. Бейнелеу өнері өмір құбылыстарын көркем образдар арқылы ашып көрсете отырып, өмірдегі әсемдікті танытудың сенімді құралына айналады. Өнерде үйлесімділік ретінде танылған кемелділік бейнесі жасалады. Өнер арқылы адамның әмбебаптылығы ашылады. Өнер адамның шексіз болмыстық сұрақтарына жауап табуға талпыныс барысында гуманистік принциптерді қалыптастырады. Нәтижесінде, өнер тек белгілі бір қоғамның даму нәтижелерін көрнекілеп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік-рухани өмірдің күйіне әсер ететіндігін білдіреді.

Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірдеңгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз «мақсатсыз» мақсат көздегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіпөнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И.Кант таза өнер мен кәсіпөнерді ажыратып қарастырды да, біріншісін – еркін өнері, екіншісін – табыс үшін жасалатын өнер дейді. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан образды шешімдермен байланысты өнерді айтып отыр. Ал табыс үшін, сауда-саттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына ыңғайластырып жасалынады.

«Живопись, сурет, мүсін және сәулет өнердің биік шыңы, барлық ғылымның түп тамыры және живопись түрлерінің жанрлары руханилықтың қайнар көзі» (Микеланджело). Кез келген қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей

байланысты. Оған дүниежүзілік деңгейге кеңінен танымал біртуар туындыларымен өз Отандарын әлемге паш еткен Леонардо да Винчи, Микеланджело, Пабло Пикассо, Ә.Қастеев сынды тағы басқа құдіретті өнер иелерінің қас шеберліктері мен атақ даңқтары дәлел. Сондықтан да өз халқының өмір тарихын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын нақтырақ зерттеп білу үшін, оның сан-салалы өнерін оқып үйренудің маңызы зор. “Ел болам десең, бегіңді түзе” деген нақыл сөзді Мұхтар Омарханұлы Әуезовтей ғұлама текке айтпаса керек [2, 47 б.].

Қазіргі кезде де осы ата-баба жолын жалғастырып, дамытып, өнердің өресіне шықсам екен деп ұмтылып жүрген жастар баршылық. Әлі де сондай қас таланттардың ұрпақтан-ұрпаққа өнерді жалғастырамына сөз жоқ сенеміз. Бейнелеу өнерінің құдіреті туралы айтар болсақ адам ойының қанаты, жігер мен қайрат берер оты, адам жанының тазалығы осында. Сонымен қатар бейнелеу, сызу өнері қай салада болсын жаңалық ашып, соны жетілдіруге көмектеседі. Өйткені адам ойлаған ойын, қиялынан туған бейнені немесе көрген затын бірінші қағаз бетіне түсіріп содан кейін жүзеге асырады емес пе? Мұны тарихтан жақсы білеміз. Мысалы, Леонардо Да Винчи ұшатын құралды ойлап тапқанда бірінші соны қағаз бетіне түсіріп содан кейін жасаған. Медицинада қазірдің өзінде де сурет салу арқылы елестету тәсілі қолданылады. Келтіре берсек осындай мысалдар жетіп артылады.

Бейнелеу өнерінің тағы бір сыры, құдіретті салынған картина, ондағы бояулардың түсі, картинадағы композиция адам жанына тікелей әсер етеді. Мысалы, кейбір картинаны көргенде адамды өзінен өзі қуаныш билеп, жаны жадырап сала береді. Кейбірі тұңғыық ойларға жетелейді, тіпті кейбір картина ауырған адамның ауруынан айығуына, көңілінің әрдайым көтеріңкі болуына көмектеседі [3, 88 б.].

Бейнелеу өнері сонымен қатар өсіп келе жатқан жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген махаббатын оятуына үлкен үлесі бар. Бейнелеу өнері арқылы жеріміздің қандай көркем, қарасаң көз тоймастай сұлу, бай екендігін көреміз. Ұлтты ұлт етіп тұрған, ең алдымен, оның менталитеті. Сол менталитет жоғалса ұлт бейнесі, ұлт болудан қалады. Біздің жастар қазір тым еліктегіш болып барады. Қай салада болмасын батысқа қарап бас шұлғып, табынып жүргендер аз емес. Бұған себеп, ұлттық рухымыз бен болмысымыздың соншалықты жалаңаштануы. Қазір Елбасымыз болашақ жастардың еліне деген отансүйгіштік сезімін оятуды басты кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарауды талап етіп отыр. Өнер ең алдымен ұлттық болуы қажет. Әр суретші өзінің Отанын, салт-дәстүрін, жерінің сұлулығы мен әдет-ғұрыпын бейнелеуге тырысу керек деп ойлаймын. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, салт-санамыз бен әдет – ғұрпымызды келешекке біз жеткізбесек кім жеткізбек?! Қанша жерден шет елге қарай еліктегенімізбен, қанша жерден шет елдің әр ісін көшіріп, абстракция десе, абстракция, бәлен десе бәленді салғанымызбен екінші Микеланджело бола алмаймыз, одан да өзіміздің ұлттық менталитетімізге тән, жастарға тәрбие беретін, салт-дәстүрімізді әлемге танытып, қазақ деген елдің мықты екенін мойындатып, ата бабаымыздан қалған қазақтың қол өнерін шекпен жауып өзіне жаңа оймен сыйлай білсек болғаны деп білемін. Өзгелерге еліктейміз деп жүріп – ұлттық дәстүріміздің қадір-қасиетін жоғалтып алмау жағын ойластырғанымыз жөн. Жақсыны білу керек, тыңдау керек, бірақ ақылмен сараптап іске асырған абзал. Өзіміздің ұлттық рухани байлығымызды жоғалтып алмай, өнерімізді ел игілігіне жұмсауымыз біздің парызымыз. Ерте кезеңде де, қазіргі кезеңде де бейнелеу өнері жоғары деңгейде дамуда. Және

бейнелеу өнері – өнер бәйтерегі деп айтуға да болады. Өнердің адам тәрбиесіндегі рөлі басты мақсатта болуы керек. Өнер арқылы, терең біліммен өскелең ұрпақты тәрбиелеп, еліміздің болашаққа деген сенімін нығайта түсуіміз керек [4, 115 б.].

Осындай үлкен мәдени тәрбиеге сүйеніп, суретшінің немесе шебердің өзі ғана ұштай алатындай нәзік реңдермен әрі қарай кезде ғана суреттердің ешкіммен шатастырмайтын өз дүниесі ашылады. Әрине, мұның бәрі әр уақытта жетілдіріп отыруды қажет етеді. Бейнелеу өнерінен суретшілер алдынан айналып кете алмайтын үлкен міндеттер тұр. Ол халықтың дәстүрлі өнердің тұрақты белгілерін меңгеру. Кәзіргі бейнелеу өнерінде соның ішінде табиғи ши, көмір, дән, асыл тас секілді табиғи материалдарды байқасақ, сол секілді дәстүрлі өнер түрлерінде, ондағы көркемдік белгілер бейнелеу өнерінің мәнері құрал тәсілдер арқылы шешілетінін көріп жүрміз [5, 56 б.]. Бейнелеу және айқындаушы құрал тәсілдер шығарманың көркемдік тілін және мазмұнын айқындайды. Біз көрерменді көркем тілге үйреткенде шығармашылық мазмұнға сәйкестігін аңғара білу мәдениетіне үйретеміз. Егер шығарма дұрыс болмаса, оқылмаса, оның мағынасы да түсініксіз болып қалады. Бейнелеу өнерінде мәдениеттік – бұл адамның биязы мінезі, шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездескен қиындықтар мен қарама –қайшылықтарды есепке алып зерттеу.

Рухани - адамгершілік тәрбие – оқытушы мен студенттердің бейнелеу өнеріндегі ізденіс жұмыстарындағы үлкен жұмыстардың бастамасы ретінде және

жеке тұлға ретінде табысты түрде өз іс-әрекеттерінде жүзеге асырылатын әлеуметтік мәні бар қасиеттер жүйесінің және дамуынан көрінеді. Жоғары оқыту орындарында осы бағытта мақсатты, жоспарлы тұрғадан болашақ бейнелеу өнерінің мамандарын адамгершілік бейнес мен дүниеге көзқарасы қалыптасып, тұлға аралық қарым-қатынас жасауға өнері мектепте оқыту міндеті ең алдымен – оқушыларды бейнеледі. Бейнелеу өнері мектепте оқыту міндеті ең алдымен-оқушыларды көрнекті туындылармен көзбе-көз таныстырып ,өздерінің тікелей қатысуына жағдай жасау [6, 23 б.]. Студенттер сабақтан тыс уақытында оларды рухани әлемін байыту, студенттердің өнерді түсінуін дамыту және тындаушы, көрермен болу қабілетін жетілдіру. Осы мақсатта олардың білім , білік дағдыларын қалыптастырып ,көркем мәдениетің даму процесіндегі маңызды заңдылықтарың ашу;өнер тілін меңгеруге көмектесу,өз Отаны мен Қазақстан территорияда тұратын халықтар өнеріне сүйіспеншілігін арттыра отырып тәрбиелеуді және әлемдік мәдениетке құрметпен қарау сезімін ояту.Әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің бұл салаларды дамытудағы шығармашылық жолдары жүйелі талдап, шолу жасау сипатында өтілетіндіктен қайталанбайды. Оларды мақсаты осы өнер шебердің көркемдік жүйеге қатысты шығармашылығын көрсету, тарихи кезендері әдеби даму бағытын,ашу,басқа өнер түрлерімен байланысын анықтау. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жаңа білім беру бағытың ғалымжық білім беру кеністігіндегі талаптарына сай болуы басты назарға алуда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. С. Әбенбаев, Ж. Әбиев Педагогика - Астана, «Фолиант» 2009ж.
2. Бала тәрбиесі Республикалық қоғамдық педагогикалық-психологиялық басылым- Алматы «Самара-Принт» 2011ж. (45-49б.)
3. Республикалық ғылыми әдістемелік-техникалық журналы «Этнокөркем мәдениет».-№ 1.-2010ж. (87-88б.)

4. Балалық шақ деген жобасы. М-2015 ж. (114-118б.)
5. Ұлттық тәрбие. Респ.ғылыми-көпшілік журнал. № 2(28) 2015ж.(56-57бет)
6. Бұқаралық,танымдық журнал Елбесік май-июнь 2010 ж. (22-24б)

ВОСПИТАНИЕ И ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ТВОРЧЕСТВА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

Узаков Сапарбек Абилбекович

Кафедра музыки и изобразительного искусства

Старший преподаватель, Член Союза художников Казахстана, доцент АрГПИ

Аннотация: В статье рассматривается место и роль творчества в системе национального воспитания. Заслуга преподавателей, дающих качественные знания и достойное национальное воспитание.

Ключевые слова: творчество, знания, образование, национальное воспитание.

DEVELOPMENT OF CREATIVE WORK IN NATIONAL EDUCATION AND GRAPHIC ART

Saparbek Uzakov

Department of Music and Fine Arts

Member of Kazakhstan's Union of Artists, Associate Professor of ArkSPI

Abstract: The article deals with the place and role of creative work in the system of national education. Merit of the teacher giving quality of knowledge and worthy national education.

Keywords: creative, work, knowledge, education, national education.

ӘОЖ 375.5.016:53

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ТАРАУЫНДАҒЫ АТОМДЫҚ ФИЗИКА БӨЛІМІН САПАЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Успанова Венера Жумабаевна

Математика және физика кафедрасы

Оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

uspanova-venera@mail.ru

Аңдатпа: Мектептегі физика пәнінің атомдық физика бөлімін сапалы оқытудың теориялық және әдістемелік жолдары қарастырылған. Оқушыларға мектеп физика курсының атомдық физика бөлімін түсіну ең күрделісі болып есептеледі, оның басты себебі, оқыту барысында көрнектіліктің жетіспеушілігі. Осындай салдардың нәтижесінде оқушының білім сапасы төменейді. Қиындықтардан шығу жолдарының бірі қазіргі кездегі мектептерде атомдық физика тарауын оқыту барысында сапалы білім берудің дидактикасы, ғылыми-әдістемелік мәселелері жан-жақты зерттелуде.

Түйін сөздер: оқытудың тиімді әдісі, сапалы оқыту моделі, қазіргі физика сабағы, педагогикалық технология, жаңа технология, мектеп физикасы, атомдық физика, виртуалды зертхана, ақпараттандыру.

Бүгінгі күннің сапалы білім беріп оқытудың өзекті мәселелерінің бірі физика пәні бойынша мектеп оқушыларының білімі мен ой өрісінің даму деңгейін көтеру, олардың ғылыми танымдық іс-әрекеттерін белсендіру арқылы оқуға, тәрбие және білім алуға ынталандыру, өз бетімен жеке тұлғасын дамытуға үдерістерін іске асыру педагогика ғылымдарында өзекті мәселе болып табылады. Оқушылардың сапалы білімге қол жеткізуін, олардың қабілеттері мен қызығушылығын, танымдық және өмірлік қажеттіліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1].

Атомдық физика бөлімі бізді қоршан әлем туралы тереңірек түсінік береді, себебі әлемде барлығы атомнан құралған. Оқушыларға күрделірек пәндерді түсінуде

«Атомдық физика» бөлімін сапалы меңгеру негізі болғанымен, сонымен қатар, оқушыларға мектеп физика курсының аталған бөлімін түсіну ең күрделісі болып есептеледі, оның басты себебі, оқыту барысында көрнектіліктің жетіспеушілігі. Осындай салдардың нәтижесінде оқушының физика пәнінен білім сапасы төмендеп, физика ұғымдарының қалыптасуына, оның құбылыстарын оқып-үйренуде кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Осы сияқты қиындықтардан шығу жолдарының бірі, қазіргі кездегі еліміздің мектептерінде физика пәнінен атомдық физика тарауын оқыту барысында жоғары сыныптарда сапалы білім берудің дидактикалық технологиясы (оқыту, тәрбиелеу, дамыту), ғылыми-әдістемелік мәселелері де педагогика ғылымдарында жан-жақты зерттелуде.

Орта мектепте атомды физиканы оқыту әдістемесін зерттеген қазақстандық ғалымдар: М.Құдайқұлов., Қ. Жаңабергенов. Б.Е. Ақитай және т.б. әдіскерлердің зерттеулерінің нәтижесі орта

мектеп оқулықтарында өз көрністерін тапқан.

Атомдық физика бөлімін сапалы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері, жаңаша технологиялық жолдары қазіргі кездегі озық тәжірибелі ұстаздар өз сабақтарында қолданатын педагогикалық технологиялар негізінде қарастырылды. Сондай ақ білім берудегі ақпараттандыру технологиялары да тыс қалмады, себебі атомдық физика бөлімінен зертханалық жұмыстардың жоқтығынан оны виртуалды зертханамен алмастырылған. Сол себепті

ақпараттық технологиялар, компьютерлік анимация, мультимедиялық құрылғылар, электронды оқулық және т.б. оқытудың құралдарын атомдық физика бөлімінен сапалы білім беруде маңызды екенін ұмытпау қажет.

Жоғарыда аталған технологиялар негізінде атомдық физика бөлімін сапалы оқытудың келесідей моделі құрылды (Сызба 1).




Осы модель негізінде құрылған сабақ педагогикалық экспериментте қолданылып, төменде эксперимент барысында алынған нәтижелер қарастырамыз. Педагогикалық экспериментке 11 сынып оқушылары, барлығы 27 оқушы және физика пәнінің мұғалімі қатысты.

Педагогикалық эксперименттің I кезеңінде «Атомдық физика» бөлімін оқытуда қолданатын әдістерді анықтау мақсатында мектеп оқытушыларының аталған бөлімді оқыту барысында қандай әдісті қолданатыны, неліктен сол әдісті қолданатыны, білім берудің жаңаша

тәсілдерін қолдана ма т.с.с сұрақтарға жауап іздеп олардың физикадан білім беру үрдісін ұйымдастыру жолдарын жетілдіру жайлы көзқарастары анықталды.

Педагогикалық эксперименттің 2 этапында оқыту эксперименті екі 11 сынып оқушылары арасында өтуі

барысында атомдық физика бөлімінен сапалы білім беруде кездесетін мәселелерді шешу мақсатында жасалған оқытудың жетілдірілген жаңа технологияларын пайдаланудың тиімділігі дәлелденді. Зерттеу барысында таңдап алынған сыныптардың бірі эксперименттік сынып, ал екіншісі бақылау сыныбы болып бөлінді. Алғашында атомдық физика бөлімін меңгеруді бастамас бұрын оқушылардың білім сапасы айқындау мақсатында екі сыныпқа да анықтау экспериментін жүргізу барысында осы уақытқа дейін физикадан алған білімдерінің бағалары бойынша оқушылардың білім сапасын анықтадық және нәтижесі 1 суретте келтірілген.




Сурет. 1 Анықтау экспериментінің нәтижелері

Тәжірибелік тексерудің негізгі міндеті 11 сыныптар үшін ұсынылып отырған физиканың атомдық физика бөлімін жүйелі курсының мазмұны мен оны оқыту әдістемесінің тиімділігін айқындау болады. Эксперименттің барысында

- оқушылардың физиканың іргелі ұғымдары мен заңдары туралы білімдері мен біліктілік деңгейі айқындалды.
- физиканың жүйелі курсын негізгі мектепте оқыту әдістемесінің тәжірибелік нұсқасы қалыптастырылды.
- оқу материалын таңдап алу нақтыланды, тапсырмалардың мазмұны мен оны жүргізу әдістемесі толықтырылды

және оқушылардың білім сапасына тигізетін ықпалы тексеріледі.



Сурет 2 Қалыптастыру экспериментінің нәтижелері

Бақылау тобының екі тәжірибе қорытындысы бойынша нәтижесін көреміз. Талдай келе бақылау тобының дәстүрлі жүйе бойынша өтілген оқыту үрдісі нәтижесінде айтарлықтай өзгеріс жоқ. Жоғарыдағы 2 суреттен атомдық физика тарауын білім беру кезінде оқу үрдісіне сапалы білім беру моделін қолданып, соның негізінде оқытудың тиімділігі артып, білім сапасына әсер ететінін дәлелдедік.

Зерттеліп жатқан тақырыптың барлық сұрақтарын қамтитын бақылау жұмысы алынды. Мектеп оқу бағдарламасында тіркелген оқу материалдарын меңгерту бойынша жүргізілген тәжірибелік –педагогикалық жұмыста оқушылар білуі тиіс оқу материалдары 10 бірлікті құрады. Еске түсірілген білім көлем арқылы ескі әдістер қолданылып келген топқа бөлініп, тәжірибиеге дейін және тәжірибиеден кейін тексерілді. Бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша оқушылардың сапалы оқытудың моделі элементтері арқылы еске түсірун тіркеу оқушылар бойынша орындалды және өңделді. Оны меңгеру бойынша жүргізілген бақылау жұмыстары нәтижелері төмендегідей болды. (кесте 1)

Атомдық физиканы сапалы оқыту жүйесіндегі эксперимент және бақылау тобындағы алынған нәтижелерді өңдеу

Эксперименттік топ						Бақылау тобы					
Оқушы саны	Еске түсірілген оқыту элементтері		Көмекші есептеулер			Оқушы саны	Еске түсірілген оқыту элементтері		Көмекші есептеулер		
(N=15)	Ан. эксп, X	Қалыпт эксп, Y	XУ	X ²	Y ²	N= 12	Ан. эксп, X	Қалыпт эксп, Y	XУ	X ²	Y ²
1	6	8	48	36	64	1	3	8	24	9	64
2	4	7	28	16	49	2	4	8	32	16	64
3	6	7	42	36	49	3	3	6	18	9	36
4	5	9	45	25	81	4	2	6	12	4	36
5	3	6	18	9	36	5	3	6	18	9	36
6	5	8	40	25	64	6	4	6	24	16	36
7	7	10	70	49	100	7	4	9	36	16	81
8	5	7	35	25	49	8	3	6	18	9	36
9	6	9	54	36	81	9	3	8	24	9	64
10	3	7	21	9	49	10	3	6	18	9	36
11	2	5	10	4	25	11	4	8	32	16	64
12	5	6	30	25	36	12	3	5	15	9	25
13	5	8	40	25	64						
14	7	10	70	49	100						
15	8	9	72	64	81						
∑	77	116	623	433	928	∑	39	82	271	131	578
M	5,13	7,73				M	3,25	6,83			
SS	37,7	31				SS	4,25				

Сапалы оқыту жұмыстарының өтілген нәтижелілігін анықтау үшін математикалық амалдарды пайдалану арқылы есептедік (Корреляция коэффициенті арқылы анықтадық). Анықтау мен қалыптастырудағы тәжірбиелік педагогикалық жұмыста оқушылардың сапалы білімдері (эксперимент тобындағы) арасындағы функционалдық байланысты анықтау, жүргізілген оқу-тәрбие үдерісінің тиімділік бағасының алгоритмі төмендегідей:

1. Арифметикалық орта мән анықталады: 3.1өрнекке сай

$$M_x = \frac{\sum x}{N}; \quad M_y = \frac{\sum y}{N} \quad (3.1)$$

Сан мәндерін 3.1 формулаға қойып:

$$M_x = \frac{\sum x}{N} = \frac{77}{15} = 5,13 \quad M_y = \frac{\sum y}{N} = \frac{116}{15} = 7,73$$

Алынған арифметикалық орташа көрсеткіштердің қатынасы: $M_x < M_y$

(5,13 < 7,73) жүргізілген сапалы оқыту жұмыстарының тиімділігін көрсетті.

2. X және Y бойынша квадрат ауытқулар жиынтығы есептелінді:

$$SS_x = \sum x^2 - (\sum x)^2 : N ; SS_y = \sum y^2 - (\sum y)^2 : N (3.2)$$

$$SS_x = \sum x^2 - (\sum x)^2 : N = 433 - \frac{77^2}{15} = 37,7$$

$$SS_y = \sum y^2 - (\sum y)^2 : N = 928 - \frac{116^2}{15} = 30,9$$

3. X және Y көбейтінділерінің түзетілген жиынтығы анықталып:

$$Sp_{xy} = \sum xy - \left(\sum x \cdot \sum y \right) : N (3.3)$$

$$Sp_{xy} = \sum xy - \left(\sum x \cdot \sum y \right) : N = 623 - (77 \cdot 116) : 15 = 27,5$$

4. τ -өзара байланыстық корреляция коэффициенті (3.4) өрнегімен анықтаймыз

$$\tau_{xy} = \frac{Sp_{xy}}{\sqrt{SS_x \cdot SS_y}} (3.4)$$

$$\tau_{xy} = \frac{Sp_{xy}}{\sqrt{SS_x \cdot SS_y}} = \frac{27,5}{\sqrt{37,7 \cdot 31}} = 0,81$$

Эксперимент тобына жүргізген есептеулерді осы топқа да жүргізіп кестемізді толтырамыз

1. Арифметикалық орта мән (3.1) өрнекке карай)

$$M_x = \frac{\sum x}{N} = \frac{39}{12} = 3,25 \quad M_y = \frac{\sum y}{N} = \frac{82}{12} = 6,83$$

Осы алынған арифметикалық орташа көрсеткіштердің қатынасы $M_x < M_y$ ($3,25 < 6,83$) жүргізілген оқу- тәрбие жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

2. X және Y бойынша квадрат ауытқулар жиынтығы есептелінді:

$$SS_x = \sum x^2 - (\sum x)^2 : N = 131 - \frac{39^2}{12} = 4,25$$

$$SS_y = \sum y^2 - (\sum y)^2 : N = 578 - \frac{82^2}{12} = 17,6$$

3. X және Y көбейтінділерінің түзетілген жиынтығы анықталып:

$$Sp_{xy} = \sum xy - \left(\sum x \cdot \sum y \right) : N = 271 - (39 \cdot 82) : 12 = 4,5$$

Белгілі болған X және Y бойынша квадрат ауытқулар жиынтығы және олардың көбейтінділерінің түзетілген жиынтық мәндерімен бақылаулар арасындағы өзара байланыстылық коэффициенті анықталады

Өзара байланыстылық (корреляция) коэффициенті есептеледі:

$$\tau_{xy} = \frac{Sp_{xy}}{\sqrt{SS_x \cdot SS_y}} = \frac{4,5}{\sqrt{4,25 \cdot 17,6}} = 0,52$$

Эксперимент және бақылау топтарындағы алынған мәліметтерді, оның ішінде байланыстылық коэффициентін салыстыру 0,81 және 0,52 (эксп.топ τ_{xy} -0,81; бақ.топ

τ_{xy} -0,52) эксперимент тобындағы біздің ұсынған әдістеме бойынша орындалған сапалы оқыту жұмыстарының нәтижелілігі жоғары екендігін көрсете алды.

Қорыта келгенде, жасалған сапалы оқыту моделдерін мектеп оқушыларының физика пәнінен атомдық физиканы оқыту кезінде қолдандып, мектеп оқушыларына жүргізген тәжірбиеміз оң нәтежисін берді. Аталған модель арқылы сабақты өткізу оқушылардың жаңа материалды есте

сақтауына оң мүмкіндігін берді және де сабақ кезінде уақыт үнемдеуге қол жеткіздік. Сабақта әр түрлі ойын түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады. Теорияны практикамен ұштастыруға жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, // «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз №254-256
2. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана, 2004. 4 б.
3. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1998. – 272б
4. Ақитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері.- Алматы, 2006. – 241 б
5. Жүсіпқалиева Ғ.Қ., Джумашева А.А., Құбаева Б.С. Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Орал, 2012. – 73 б., 112 б.
6. Ә. Файзуллаев. Физика сабағының көрнекіліктері. – Алматы, 2012. – 180 б.
7. Каменецкий С.Е., Пурешева Н.С. Методика преподавания физики в средней школе. Общие вопросы. – М: Академия, 2000. – 264 б.
8. Каменецкий С.Е., Иванова Л.А. Методика преподавания физики в средней школе. Частные вопросы. – М: Академия, 2001 – 288 б.
9. Вавилова Л.Н. Современные способы активизации обучения. – М.: Академия, 2007.
10. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред.Е.С.Полат – М., 2000 – 116 б.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЧЕСТВЕННОГО ОБУЧЕНИЯ РАЗДЕЛА АТОМНОЙ ФИЗИКИ В ШКОЛЬНОМ КУРСЕ ФИЗИКИ

Успанова Венера Жумабаевна
Кафедра математики и физики

Преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: Рассматриваются методические и теоретические пути качественного обучения атомной физики в школе. Атомная физика является одной из самых сложных в школьном курсе физики в понимании учеников. Главная сложность преподавания данного раздела является отсутствие наглядности. В результате чего качество образования ученика снижается. В процессе разностороннего исследования научно-методологических вопросов и дидактику качественного обучения атомной физики в современной школе является одной из решение этих проблем.

Ключевые слова: эффективный метод обучения, модель качественного обучения, современный урок физики, педагогическая технология, новая технология, школьный курс физики, атомная физика, виртуальная лаборатория, информатизация.

ACTUAL PROBLEMS OF QUALITY EDUCATION SECTION OF ATOMIC PHYSICS IN THE SCHOOL PHYSICS COURSE

Venera Uspanova

Department of Mathematics and Physics

Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: Consideration of methodical and theoretical ways of quality training in atomic physics at school. Atomic physics is one of the toughest in the school course of physics in understanding the students. The main difficulty is the lack of teaching of its clarity. As a result, the quality of education the student is reduced. In the process of diversifying the study of scientific-methodological issues and didactics of high-quality training of nuclear physics in the modern school is one of the solutions to these problems.

Keywords: effective training method, model of quality training, modern lesson of physics, pedagogical technology, new technology, school rate of physics, atomic physics, virtual laboratory, informatization.

ӘОЖ 81'367

ЖАЗУШЫ ҚАПАН САТЫБАЛДИННИҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

Шакирова Катира Мирамовна

Қазақ, орыс тілдері және әдебиеті кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
katira_1971@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада жазушы – драматург Капан Сатыбалдиннің прозалық шығармаларындағы фразеологизмдердің стильдік ерекшелігі, эмоциялық реңкті көрсетудегі қызметі, семантикалық жүйесі, мағыналық – тақырыптық топтары қарастырылған. Жазушының көркемдік қуаты мен стилистикалық әсері күшті фразеологизмдерді талдап, таңдап қолданудағы, кейіпкердің бейнесін сомдауда, мінез ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық – көркемдік жақтарын жетілдірудегі өзіндік дара қолтаңбасы, көркемдік әлемі айқындалды. Сонымен қатар автордың жалпы халықтық тілдің фразеологиялық құрамынан қажеттісін ала отырып, оларды мүмкіндігінше түрлендіргендігі, фразеологизмдерді көріктеу құралы ретінде ғана емес, өзіндік көзқарасын, идеясын, суреттейтін кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында қолданғандығы айқындалды. Капан Сатыбалдин шығармаларындағы кестелі тіркестер тіршіліктің лебімен тыныстап жататыны, автордың сөз қадірін білген, халық тілінің байлығын меңгерген, тілдік қабаты қалың суреткер екендігі сараланады. Жазушының тіл кестесі, қарапайым да қуатты сөз оралымдары мол екендігі, әсіресе жазушы тілі үздік теңеу, салыстыру, астастыруға бейім келіп отыратындығын және кейіпкерлер тілімен сол кезең көрінісін бейнелеуде лексикалық басқа да бірліктермен қатар фразеологизмдерді де кеңінен қолданғандығы талданды.

Түйін сөздер: фразеология, стиль, көркемдік, сөздік қор, лексика – семантикалық мағына, образдылық, прагматилистикалық қызмет, бейнелі сөз, тілдік табиғат.

Қазақ тілінің бай, қолданылу мүмкіншілігі кең екендігі тілдің сөз байлығынан көрініс табады. Тіліміздің сөздік қорын байытуда әдеби тіл дамуы кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын, тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылатын фразеологизмдердің алатын орны ерекше.

Барлық тілдерге тән құбылыс болғандықтан осы бейнелі сөз орамдары әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде қазақ тіл біліміндегі тұрақты тіркестер І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, К.Аханов, Р.Әмір, С.Исаев, Ө.Айтбаев, Х.Қожахметова, С.Сәтенова, Г.Смағұлова, Д.Әлкебаева, Х.Әділбекова т.б. ғалымдардың зерттеулері негізінде жан-жақты

қарастырылып, бұл құбылыстың лексика – семантикалық мағыналары, синтаксистік қызметі жайында біраз пікірлер айтылғанымен, олардың өзіне тән тілдік табиғаты, көркемдік қуаты әлі де нақтылауды қажет етеді.

Фразеологизмдер – сөйлеу және жазба тілде жиі қолданылатын, жазу және сөйлеу тілін ажарландырып, көңілдегі көрікті ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік бояу-нақышымен жеткізетін, көркем сөз қазынасында қорланып, қолдануға дайын, халық тілі байлығының ауқымды бөлігін құрайтын тұрақты сөз тіркестері.

Зерттеуші А.А. Қорабаева: «Фразеологизмдердің образдылық қасиеті, экспрессивті – эмоционалдық бояуы, компоненттерінің бірлігі контекст арқылы

айқындалып отырады, сондықтан бұларды контекст аясында қарастырған жөн» [1, 134 б.], – десе, Р.У. Асылбеков: «Фразеологиялық тіркестер көркем әдебиетте эмоционалды – экспрессивті әрі прагма-стилистикалық қызмет атқарады. Ол логикалық мәнге ие болып, ойды ұтымды жеткізуге әрі тұрақты тіркестің астарлы мағынасы арқылы автор ой мен сезімнің тоғысуын ең тиімді тілдік тәсіл, яғни фразеологизммен жеткізуді мақсат етеді» [2, 151 б.], - деп тұжырым жасайды.

Ғалым Х.Кәрімовтің «Әдебиетте шығарма тілін көркемдеп, жандандырып, нәр беруші амалдардың бірі – халық тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестер. Олар тілдегі бейнелі экспрессивті-эмоциялы бояуы қанық амалдардың қатарынан орын алады. Олар – ұлттық психикалық өзгешелігінің негізінде қалыптасқан образды ойлау тілінің үлгілері, халықтық даналыққа суарылған өткір құралдар» [3, 134 б.] деген тұжырымы жоғарыда айтылған ойды дәлелдеп тұрғандай.

Фразеологизмдердің көркем әдебиеттегі қолданысы жөнінде ғалым Д.Әлкебаева: «Фразеологиялық тіркестерді қолдану әр жазушының халықтық тіл байлығын пайдаланудағы өзіндік қолтаңбасына байланысты болса, екіншіден, сол дәуір, қоғамдық орта, адамдардың әлеуметтік жағдайына үйлестіре, соның әлеуметтік тынысын көрсетуімен жиі қолданысқа түседі. Көркем әдебиет – өз дәуірінің айнасы, сол дәуір тынысын адамдардың жан – дүниесінің нәзік қатарларын беруде фразеологиялық тіркестер ерекше рөл атқарады» [4, 139 б.], - деп көрсетсе, «Фразеологизмдердің көркем шығармада атқаратын функциясы образ жасау, кейіпкерге тілдік мінездеме беруде, кейіпкерді мінездеу, белгілі бір ситуацияға қорытынды жасауда күлдіргі-ажуа т.б. қызметінде жиі жұмсалады» [5, 56 б.], - дейді ғалым Х.Қожахметова. Жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып,

фразеологизмдердің поэтикалық құрал есебінде жазушының шығармашылық даралығын, дүниетанымын, көркемдік әлемін көрсететіндігін, көркемдік қуаты мол, стилистикалық әсері күшті тілдік тәсіл болғандықтан кез келген мәтінде стилистикалық категориялардың жиынтығын құрайтындығын, сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат беретіндігін жазушы – драматург Капан Сатыбалдиннің прозалық туындылары тіліне талдау жасау арқылы анықтауды мақсат еттік. Жазушының «Қараторғай» повесі мен «Сырдария тасыған шақ» лирикалық повесіндегі фразеологизмдерді қызметіне, қолданылу ерекшелігіне қарай төмендегідей топтастырдық.

Жазушы шығармасында кейіпкердің психологиялық сезім күйін суреттеуде қолданылған фразеологизмдер: Ол мұнымен бұрыннан ашу араздығы бар адамдай *қабағынан қар жауып*, дұрыс амандасқан жоқ [6, 9 б.]. Не деп отырсың? – деді Айгүл қара көзі *шоқтай жайнап* [6, 11б.]. Көргенсізденбей жайыңа отыр! – деп шал оған *тіксіне қарады* [6, 11б.]. Шал да, Айгүл де *ұйып тыңдап, селт етпей құлақ тіге қалды* [6, 10 б.]. Сол сол – ақ екен, көңілі алай – түлей Тойбазар бұларды *оқты көзімен атып*, бірдеңе деп бұрқылдап, атына қарай томпаңдай жөнелді [6, 19 б.]. Жай келмейді, кекете, іштей *айызы қанып* табалай келеді [6, 20 б.]. Ол ағалы болды, мен балалы болдым, - деп Нүрекең *өңі кіріп*, отырған орнынан шалша шойырылмай ұшып тұрды [6, 25б.]. Бұйымтайым Айгүлдің әні, – деп, Досай қасында тұрған қызға қарап *езу тартты* [6, 9б.]. Ендігі бар демеуім, бар алданышым Айгүлжаным ғана, – дегенде шал кәрі көзі жасаурап, *өңі сына* қалды, содан бойын тез жинап, сөзін сабақтап әкетті [6, 25 б.]. Шал да Тойбазардың жасына жетпей шар тарта бастағанын Досайдың байқап қалғанына мәз болып *езу тартты* [6, 19 б.]. Нүрекең *сырын бүкпей ағынан жарылып* отыр [6, 26 б.]. Данакең дегенде *атарға оғы жоқ* [6, 66 б.].

Кейіпкерді мінездеу мақсатында қолданылған фразеологизмдер: *Iші оттай күйген* Тойбазар төсегінде тиыш жата алмады [6, 14 б.]. Әнеукүні әкесін Тойбазар қонаққа шақырып, *асты – үстіне түсті* [6, 15 б.]. – Қарағым Досай, *жүзі игіден түңілме* деген ғой бұрынғылар [6, 25 б.]. Досай қыз лебізін *қолы – қолына жұқпай* қапыл – құпыл қағазға түсіре бастады [6, 17 б.]. Өзі жастайынан *жер еміп өскен* адам, диханшылық кәсібіне сондай қанық [6, 62 б.].

Мәнерлегіштік-көркемдік бояуы айшықты экспрессивті-эмоционалды фразеологизмдер: Жаңа ғана кәрі көзі ұшқын атқан Нұралы *жанары сөніп*, жарқын жүзі *күзгі шөптей қурап қалды* [6, 28 б.]. Сеңсең бас қызды *көзімен ішіп – жей* бастады [6, 50 б.]. Әбден *титығына жетіп* болдырғандай әлсін – әлсін сүріне береді [6, 7 б.]. Оңашада болса жаңағыдай сөздері үшін Тойбазардың *көкесін көзіне көрсетер еді* [6, 11б.]. Екінші жылға кеткен қырғын соғыстан *ығыр болып*, *әбден ыңыриағы шыққан* жүдеубас жандар, ұзақ жолды көбіне ұйұымен алып келеді [6, 61б.]. Әзірге Сазанды *қарасын көрсететін емес* [6, 63б.]. Поезд бір өкіріп, бір бақырып, ең даланы *басына көшіріп тартып келеді* [6, 63 б.].

Адамның әртүрлі жай-күйіне, тіршілігіне байланысты қолданылған фразеологизмдер: Жаман айтпай жақсы жоқ, ертең олай – бұлай болып кетсем, өзің *көзіңнің қырын сал* [6, 27б.]. Тап бүгін түнде қаңғырған әртістің Айгүлмен *көңіл қосуына* мүмкіндік бермеуім керек, аңдуым керек [6,13б.]. Тойбазардың шешесі әнеукүні құдалық турасында *құлаққағыс қылды* [6, 16 б.]. Ауданда өткен әуесқойлар байқауында сондағы

жюрилердің *аузын алып*, облысқа жіберткізбей қойды [6, 13 б.]. Содан Юрий екеуміздің *өңіміз қаша бастағанын* көріп, дереу *бойын жинап ала қойды* [6,66 б.].

Уақыт, мезгіл өлшемдеріне байланысты фразеологизмдер: *Егде тартып* қалғаны болмаса, үстіне погонсыз сұр шинель киген Данакең қазірдің өзінде солдат секілді, жүріс – тұрысы жастан ширақ [6, 62б.]. Аумалы – төкпелі аласапыран уақытта не бір шытырманға кірген Данакеңнің онан бері де ойлы, шолақ белсенділерімен белдескен кездері одан да қызық [6, 62б.]. Әлдеқашан *көз байланған* [6, 66 б.].

Фразеологиялық түйдектер, мақал–мәтелдердің кейіпкер тілінде қолданылуы: *Жаман айтпай жақсы жоқ*, ертең олай – бұлай болып кетсем, өзің көзіңнің қырын сал [6, 27 б.]. Сонда да *талапты ерге нұр жауар* деген [6,22б.].

Біздің талқылауымызға негіз болған «Қараторғай» және «Сырдария тасыған шак» повестерінде кезең көрінісін, ұлттық бояу мен болмысты бейнелеуде фразеологизмдердің молынан қолданылғандығын, оның стильдік ерекшелікті, эмоциялық реңкті көрсетуде айрықша қызмет атқарғандығын байқадық. Шығармадағы кейіпкер тілінің мақал – мәтелдерге, тенеулерге, көркемдегіш құралдарға бай екендігі қазақтың тұрмыс салтының ұлттық ерекшелігін, жазушы шығармашылығының өзіндік стилін көрсетеді.

Қорыта келгенде, жазушының сөз қолданыс жүйесін талдау нәтижесінде автордың фразеологизмдерді ерекше талғаммен қолданғандығы, өзіне тән стилі, қаламгерлік дара қолтаңбасы, өзіндік жазу машығы анықталды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қорабаева А.А. Көркем аудармадағы идиоэтникалық фразеологизмдердің берілу тәсілдері (Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының материалдарынан) // Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №8(116), Алматы: 2008. – 232-236 – б.
2. Асильбеков Р.У. Көркем мәтіндегі диалектілік тұрақты тіркестердің ерекшеліктері // Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №8(116), Алматы: 2008. – 151-155 – б.
3. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: 1995. – 144б.

4. Әлкебаева Д. А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Филол. Ғыл. Докт. Дис. – Алматы, 2006. – 270б.
5. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: 1972. – 112 б.
6. Сатыбалдин Қ. Қараторғай: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1968. – 364 б.

ЯЗЫК ПРОЗАИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ПИСАТЕЛЯ КАПАНА САТЫБАЛДИНА

Шакирова Катира Миравовна

Кафедра казахского, русского языков и литературы
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассматриваются стилистические особенности фразеологизмов в прозаических произведениях писателя, драматурга Капана Сатыбалдина, исследуются также функции их эмоциональных оттенков, семантическая нагрузка, их тематико – содержательные группы. Анализ фразеологизмов выявляет особенности стилистики и художественных средств писателя создания образов героев, описании портретов, в совершенствовании идейно – художественных сторон произведения, в создании своего художественного мира. Автор не только использует фразеологизмы народного языка, различные виды их, с помощью он выявляет свои мировосприятие, идеи, внутренний мир героев. Автор знакомит с разнообразием словосочетаний в произведениях К.Сатыбалдина, показывая виртуозное владение художником богатством народного языка, разных языковых пластов. Произведен глубокий анализ языковой системы писателя, подчеркивается богатство оборотов речи, в особенности – мастерское умение писателя в использовании сравнений, эпитетов, сопоставлений, созвучий, показано различие использования фразеологизмов в речи автора и героев.

Ключевые слова: фразеология, художественность, лексический запас, лексико-семантическое содержание, образный, прагматические функции, образное слово, характер языка

THE PROSE LANGUAGE OF THE WRITER KAPAN SATYBALDIN'S WORKS

Katira Shakirova

Department of Kazakh, Russian Languages and Literature
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: The article deals with the stylistic features of phraseology in the prose works of the writer, playwright Kapan Satybaldin. A function of their emotional nuances, the semantic load of thematic and meaningful group is investigated in his works. Analysis of phraseology reveals the writer's particular style and artistic media in creating the image of the characters, the description of the portraits in the improvement of the ideological and artistic sides of the work, in the forming of his artistic world. The author not only uses the idioms of popular language, different kinds of them, but also with their help, he reveals his perception of the world, ideas, inner world of characters. The author introduces the variety of phrases in the works of K. Satybaldin featuring virtuoso artist wealth of popular language, different language layers. Made the depth analysis of the linguistic system of the writer, emphasized the richness of turns of speech, in particular - a masterful using of comparisons, epithets, comparisons, harmonies, shows the difference in the use of phraseology speech of the author and heroes.

Keywords: Lexical and semantic content, fiction, vocabulary stock, image, pragmatic functions, characterising word, character language of nature

ӘОЖ 528.942

ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗІ

Шонгалова Анар Серикбаевна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы
Аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
anar_doda@mail.ru

Аңдатпа: Қазіргі білім саласында оқытудың озық әдістерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.

Түйін сөздер: оқыту үрдісі, технология, іс-әрекет

Бүгінгі мұғалімнің ең басты қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім саласында оқытудың озық әдістерін меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа әдіс мұғалімнің өзін-өзі дамытып, жан-жақты маман болу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі.

Адамзаттың қолы жеткен ең үлкен табыстарының бірі – осы ақпарат. Бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын улайтын да нәрсеге айналып кетуі мүмкін.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін

арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі, делінген [1].

Бүгінгі таңда оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту мұғалім жұмысына жаңа технология енгізумен тығыз байланысты.

Ондағы мақсат:

- жаңашыл технология негізінде шығармашылық қызметінің тәжірибесін қалыптастыру, дамыту;

- жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңаша ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Оқытудың және тәрбие берудің жаңаша технологиясын қолдану мұғалімнің ізденісін, шеберлігін шыңдай түседі.

Білім беру - қоғамда адамды дамыту жағдайын арнайы ұйымдастыратын жүйе. Оқыту - мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас арқылы ұрпақтар тәжірибесін беретін және алатын үрдіс.

Сондықтан да оқыту процесін үнемі жетілдіріп отыру заңдылық. Әлемдік процестің бір бөлігі ретінде Қазақстан оқу жүйесі де техникалық өзгерістерден тыс қалып отырған жоқ.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдары қарастырылуда. Өзге ұлт аудиториясында қазақ тілін оқыту әдістері ана тілінде сөйлейтін оқушылар аудиториясынан өзгеше. Ол өзге тіл есебінде жүргізіледі, бірақ бұл арнайы зерттеуді қажет ететін жеке мәселе.

Қазақ тілінің «компьютер мұғалімі» – тек қана техникалық, программалық, дидактикалық, әдістемелік тәсілдердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол - солардың жүзеге асырылу жолы да болып табылады. Оқыту процесінің барлық түрі сияқты, компьютерлік оқытудың да барысы мынадай үш негізгі сатыдан тұрады:

- белгілі бір мазмұндағы білім беру;
- қажетті білік, дағдыларды қалыптастыру жолын анықтау;
- ағымдағы немесе қорытынды бақылау жасау.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында компьютерді тиімді қолданудың мүмкіндіктері көп екені белгілі. Бұл жерде мұғалімнің рөлі қажет болады. Мұғалім мәтінді лингвистикалық талдау үшін жеңіл сұрақтар беріп, өзі ойланып, іздеп табуға мүмкіндік береді. Компьютер берілген сұрақ жауабына түсініктеме беріп отырады. Сөйтіп әр сөйлемнің өзара сабақтаса байланысы көрсетіледі, грамматика мен ақпаратты игеруге мүмкіндік табады.

Компьютердің көмегімен жүргізілген бақылау жұмыстары оқушының білімін объективті бақылап, материалдың дұрыс өтілгенін немесе дұрыс өтілмегенін талдауға мүмкіндік береді. Білімді бақылау мен бағалауды тест арқылы ұйымдастыру - өте тиімді жолдардың бірі екені белгілі. Компьютермен тест қабылдау барысында қазақ тілінің оқытушылары келесі талаптарға сүйенеді:

- тест қарапайым, нақты, түсінікті тілмен құрастырылуы керек;

- тест бір қатарлы, бір мағыналы болуы тиіс;

- тестіде берілген тапсырма түсінікті, мақсаты айқын болуы тиіс.

Сынақ, емтихандарды компьютермен тест арқылы қабылдау оқушылардың алған білім деңгейін нақты көрсетіп бере алды. Студентке өз бетінше жұмыс жасау, ойлану мүмкіндіктері беріледі. Бұл үрдіс - оқушы немесе студентке де, оқытушыға да уақытты ұтымды пайдалану үшін қажет жолдардың бірі.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр [2]. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді.

Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;

- оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;

- мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;

- оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету.

Оқыту технологиясы:

- жоғары білім берудегі білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, біліктілік және дағдыларды меңгеру үдерісін;

- оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау үдерістерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы және т.б. шараларды жүзеге асырады [3].

Демек, оқыту технологиясы – бұл оқу ақпаратын бейнелеу мен өзгертудің, өңдеу мен ұсынудың орталары мен әдістерінің жиыны болса, екінші жағынан – оқыту үрдісіндегі техникалық немесе ақпараттық орталарды пайдаланатын оқытушы мен оқушылардың өзара әрекеттерінің тәсілдері туралы ғылым.

Оқу үдерісіндегі оқыту мен студенттің білікті маман ретінде қалыптасуына қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыруды негізгі бағдар ететін оқытушы мен студенттің өзара байланысты іс-әрекет түрлері оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағытталып, арнайы құрастырылған немесе жасалған материалдық объектілер оқытудың құралдарын анықтайды.

Жоғарыда айтылған ойлардың нәтижесінде біз оқыту технологиясының анықтамасын келесі негізде ұсынамыз. *Оқыту технологиясы дегеніміз* - алдынала оқу бағдарламаларында қарастырылған, оқытудың формаларының, әдістері мен орталарының жүйесін бейнелейтін, қойылған мақсатқа мүмкіндігінше ықпалды жетуді қамтамасыз ететін, оқыту мазмұнын іске асыру тәсілі.

Жоғары білім берудің ақпараттық ортасы, олардың ара қатынастары төмендегіше анықталады:

- жоғары білім берудің ақпараттық ортасы;

- жоғары білім берудегі ақпараттық - пәндік орта;

- ғылыми-кәсіби білім беру ортасы;

- жоғары білім берудегі біріктірілген ақпараттық білім беру ортасы;

- жоғары білім берудегі ақпараттық оқыту сайты;

- жоғары білім берудегі біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігі .

Педагогикалық ақпараттарды талдау және оны қорыту мұғалімдердің АКТ-ны пайдалану бойынша ақпараттық сауаттылығын, білімділігін және мұғалімнің ақпараттық қабілеттіліктерін жіктеуге мүмкіндік берді.

Осыған орай, педагогтардың АКТ-ны пайдалану іс-әрекетінің *қарапайым-бейімделушілік, іс-әрекеттік-ізденушілік, жүйелік-шығармашылық* деңгейлері анықталады. Әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейді қамтиды және сонымен бірге қызмет тәсілі ретінде АКТ-ны пайдалану дағдылары мен оны қолдану барысының сапалық өзгерістері сипатталады.

Педагогтың АКТ-ны пайдалану қызметіндегі *қарапайым-бейімделушілік* деңгей жас маманға тән, оның мақсаты ақпараттық-компьютерлік технологияға қойылатын талаптарға бейімделу, яғни пернетақтамен, түрлі магниттік тасымалдаушылармен жұмыс жасау деңгейінің жеткіліктілігі, компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін білу және оны қолдану арқылы оқыту үдерісін жеделдету, оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқару мақсатында қолданбалы программалық құралдарды пайдалана білу. Бұл деңгей педагогтардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырумен сипатталады.

Іс-әрекеттік-ізденушілік деңгейі 2-санаттағы педагогтар үшін мультимедиялық электрондық оқу-әдістемелік кешендерін мектеп пәндерін оқытуға қолдану және оны жасаудың технологиясын үйренумен шектеледі,

басқаша айтқанда, ақпараттық білімділігін қалыптастырумен өрнектеледі.

Жүйелік-шығармашылық деңгей жоғарғы санаттағы педагогтар үшін пәндерді тереңдетіп оқытуға негізделген электрондық ақпараттық ресурстарды және Интернет-технологиямен жұмыс жасау технологиясын үйрену мәселелерін қамтиды. Бұл деңгей ақпараттық қабілеттілікті дамытумен ерекшеленеді. Егер педагогтардың ақпараттық сауаттылығы, білімділігі мен қабілеттілігі ақпараттық-компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін меңгеру бойынша қалыптасса, онда олардың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығы қалыптасады деген тұжырым жасауға болады.

Сонымен, педагогтардың *АКТ-ны пайдалану қызметі* үздіксіз білім беру аясында шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін дамытуға, жеке тұлғаның ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық біліктілігін және қабілеттілігін қалыптастыруға негізделген.

Зерттеу барысында педагогтардың АКТ құралдарын пайдалану қызметі «*ақпараттық сауаттылық*», «*ақпараттық білімділік*», «*ақпараттық қабілеттілік*», «*ақпараттық құзырлылық*» сияқты маңызды санаттардың бірлігі мен сабақтастығына байланысты дамитындығы анықталды.

Бұдан, АКТ құралдарының динамикалық даму өзгерісіне сәйкес білім беру үдерісінде АКТ-ны пайдалану мәселелері бір деңгейден басқа деңгейге көшу барысында қиындықтар келтіреді. Ақпараттық компьютерлік құзырлылықтардың АКТ құралдары бөліктерімен сабақтастығы келесі құзырлылық тәсілдерінің бірін жүзеге асыру негізінде ғана мүмкін болады: *білім, міндет, іс-әрекет* [4].

Сонымен, біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың кәсіби деңгейіне ақпараттық-компьютерлік технологияны қолдануға даярлығын қалыптастырудың жай-күйіне талдау жасау арқылы

құзырлылық тұрғыдан біліктілікті арттыруға тоқталайық. Педагогтардың біліктілігін құзырлылық тұрғыдан іске асыруда М.П.Лапчиктің теориясы негізге алынды. Ғалымның ұсынған теориясы біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастыру компоненттерін ерекшелеп алуға мүмкіндік берді: *ынталық-құндылық, мазмұндық-операциялық, зерттеушілік-рефлексивтік*.

Ынталық-құндылық компоненті педагогтың ақпараттық-коммуникациялық технологияны кәсіби іс-әрекетіне қолдану бойынша өзіндік білімін және біліктілігін арттыруға деген дайындығын қамтамасыз етеді, оның құрамына:

- ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламасын жасайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты меңгеру бойынша іс-әрекетті ұйымдастырудың жеке тәсілдерін жасайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты қалыптастырудың оқу міндеттерін анықтайтын әдіскерлерді;
- ақпараттық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісін жүзеге асыратын мұғалімдерді;
- білім беру үдерісін жүзеге асырудың тиімділігін зерттейтін мамандарды жатқызуға болады.

Сұрыптап алынған құрамдық элементтер педагогтың жеке қызығушылығына ықпал етеді.

Мазмұндық-операциялық компоненті педагогтың кәсіби іс-әрекетіне АКТ құралдарын қолдануға бағытталған мазмұнды жасау мен олардың іс-әрекеттерін басқаруды және ақпараттық-компьютерлік құзырлылығын қалыптастыруға түрлі әдістерді қолдануды сипаттайды.

Курстың сапалы нәтижесін алу құзырлылықтың *зерттеушілік-рефлексивтік* компоненті ретінде

қалыптасады. Бұл компонент педагогтардың жинақталған тәжірибелерімен және жетістіктері туралы тәжірибелерін бөлісу арқылы кәсіби іс-әрекет пен оның өзіндік дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған компоненттің негізгі идеясы АКТ құралдарын оқу-тәрбие үдерісіне қолдануды зерттеушілік бағытта қарастыруға негізделген. АКТ құралдарын дидактикалық және көрнекілік оқыту құралдары ретінде қарастыру қажет. Сонымен бірге қолданбалы программалық құралдарды кәсіби бағытта қолдану мүмкіндіктері де қарастырылады [5].

АКТ құралдарына сәйкес қолданбалы программалық мәселелерін қарастырып, оның оқыту сапасын арттыруға ықпал ететіндігі зерттеу барысында дәлелденді. Бұл компоненттің педагогтың ақпараттық-компьютерлік құзырлығын қалыптастыруға игі әсер ететіндігі

дәлелденіп отыр. Сондықтан бұл компонентті педагогтың ақпараттық-компьютерлік құзырлығын қалыптастырудың негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Педагог оқу үдерісінде АКТ құралдарын қолдану арқылы жүргізілетін іс-әрекет үлгілерін модельдеу мен оны жобалау түрінде ұйымдастырады. Оқу үдерісін мұндай бағытта ұйымдастыру педагогтардың өзіндік іс-әрекеттерін жүйелі түрде ұйымдастыруға бағытталуы тиіс. Соның негізінде педагогтың білімі, іс-әрекетінің үлгілері мен өзіндік іс-әрекетінің тәсілдері алынады. Олардың кез келген әрекеттерін модельдеу педагогтардың ақпараттық білім беру кеңістігін модельдеуге бағытталады. Педагогтың жобалау іс-әрекеті оқушылардың ақпараттық білім кеңістігін қалыптастыру тәсілдерімен сипатталады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 149 б.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. – Б. 4-6.
- 3.Пошаев Д.Қ. Мамандық таңдау негіздері: кестелі оқу құралы. – Шымкент: ОҚМУ, 2007 – 84 б.
4. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвещение, 1984. – 208 с.
5. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Егемен Қазақстан. 14-қазан, 2009.

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Шонгалова Анар Серикбаевна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранных языков
Старший преподаватель, магистр педагогических наук

Аннотация: В статье рассматривается проблема предоставления знаний молодежи. В современной сфере образования невозможно быть всесторонне грамотным специалистом не освоив передовых методов обучения. Молодежь необходимо получать информацию связанную с информационными технологиями и соответствующую мировым стандартам.

Ключевые слова: учебный процесс, технология, деятельность

PRACTICAL BASICS OF USING INFORMATION TECHNOLOGIES IN PROFESSIONAL ACTIVITIES.

Anar Shongalova

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages
Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences

Abstract: This article deals with the problems of giving knowledge for young people according world's standards with information technologies we can't educated specialist, no teaching methods of education.

Keywords: educational process, technology, activity

ӘОЖ 7021.5

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ–ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МОДЕЛІ

Шонгалова Камар Серикбаевна

Информатика кафедрасы

Аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

kamar-85@mail.ru

Аңдатпа: Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі - білім берудің жана жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгертулермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас жаңаша ойлау қалыптасуда. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін өлшеу мәселесі оның қалыптасуының өлшемдері (критерий) мен деңгейлеріне байланысты. Өлшем-бұл бағалау, пікір білдіру негізінде анықталатын белгі.

Түйін сөздер: моделдеу, профессиограмма, анатомия-физиология, кәсіптік білім, анализ, синтез, фондық көрнекілік, бағалаушылық, рефлекс.

XX ғасырдың 50-60 – шы жылдарында жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде түбірлі өзгерістер болды. Бұл кезеңді тек ғылыми-техникалық прогреске сай ғана емес, сонымен қатар ең бастысы әлеуметтік сұранысқа сай дайындалатын маманның үлгісін қалыптастырудың зерттеушілік және практикалық жұмыстарының бастамасы деуге болады. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде жоғары білімді маман даяндау мәселесінде модельдеу қажеттігі туралы мақалалар шыға бастады. Мұның өзі ғылымның көптеген салаларында модельдеудің тиімді тәсіл ретінде қолдануға жол ашты және зерттеулердің әртүрлілігі бір үлгідегі нормативтік құжат ретіндегі маманның біліктілік сипаттамасын жасауға әкелді. Өткен ғасырдың 70-жылдарында қысқа мерзімде жүзге жуық маманның кәсіби-біліктілік сипаттамасы жасалды. Жоғары білім беру жүйесінде мұндай қозғалыс 1979 жылдан басталып, министрліктің нұсқау хатымен кәсіби-біліктілік сипаттамасын жасауға нұсқау берілді.

Студент өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларымен педагогтық

қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан әлі дайын емес. Мұғалімнің кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограмма түрінде көрсетуге болады. Профессиограмма – мұғалімнің тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдері мен біліктерінің жиынтығы.

Педагогтарды кәсіби даярлау жөніндегі зерттеулерді бірнеше топқа бөлуге болады. Профессиограммаға жоғары оқу орнында білім беру мазмұны нәтижесінде құрылатын, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби сапасы үшін қажетті кәсіби білімнің, білік пен дағдылардың жиынтығы енеді. Оны жасау барысында біз педагогты кәсіби даярлау проблемасы бойынша зерттеулерде баяндалатын әртүрлі көзқарастарды есепке алдық. Бір бағытта даярлаудың параметрлерін анықтау кезінде теориялық білімнің мазмұны, оқу-тәрбие әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық шеберлік пен дағдылар анықталады. Басқа бір бағыт педагогикалық қызметтің құрылымын ашумен сипатталады. Онда

негізгі компоненттер ретінде мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық болып жіктеледі. Үшінші бағытта мұғалім қызметінің жекелеген түрлері бойынша білім қалыптастырудың мазмұны, түрлері қарастырылады.

Алғашқы профессиограммалық зерттеуге В.А. Слостениннің ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады.

Студенттің, болашақ мұғалімнің профессиограммасына ғалым қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық даярлығын, арнаулы білім мен әдістемені толық меңгеруін жатқызады. Ғалым педагогиканың әдістемелік негіздерін, категориялары мен заңдылықтарын, тұлғаның даму жолдары мен әлеуметтік қалыптасуын, балалардың барлық жастағы даму кезеңдерінде болатын анатомиялық-физиологиялық, жастық және дербестік ерекшеліктерді білуді қарастыратын жоғары психологиялық-педагогикалық даярлықты мұғалім кәсібилігінің шешуші белгісі деп есептейді. Сонымен қатар ол педагогтың бағыттылығын да бір көрсеткіш ретінде санайды [1].

К.Н. Дурай-Новакова мұғалім даярлау бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының әзірлік аспектілері бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімдік жағдайға байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық аспектілеріне жасалған зерттеулер жинақталса, екіншісіне даярлаудың алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді. Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен

тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі.

Біздің зерттеуімізде моделдеу әдісі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасауда қолданылады. Сонымен, біз модельдің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасы, әдістері мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрын басталғанмен, оны бітіргенімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өз бетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт.

Кәсіби-педагогикалық мақсат пен міндеттердің мазмұны мен нормативтік көлемі педагогикалық жоғары оқу орнындағы дайындыққа қойылатын талаптар мен жоғары оқу орнынан кейінгі қызмет деңгейіне байланысты анықталады. Педагогтың дайындығы пән бойынша алатын білім, білік, дағдыдан, арнайы қабілет пен жеке бас сапасын (интеллектіні, мінез-құлық, темперамент, психика) дамытудан, жалпы білімділік пен икемділік (бейімделу мүмкіндіктері, қарым-қатынас сапалары), сонымен қатар оқушының болашақ педагогикалық мамандыққа оқуға, педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасынан, қызығушылығы мен ынтасынан тұрады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның және студенттердің жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі мұғалімді кәсіби дайындаудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтынын байқадық:

1. *Кәсіби маман дайындауда жоғары пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетудің критерийлері:*

- бастауышта оқылатын пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);
- мамандыққа байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);
- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);
- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

2. *Педагогикалық үдеріс барысында бастауыш сынып мұғалімінің ұстаздық мамандыққа бейім тұлғасын қалыптастыру:*

- бейімделу мүмкіндіктері (өзін - өзі кәсіби бағалау, қобалжу т.б.)
- қарым – қатынас, тіл табысу қасиеті;
- педагогикалық бағыттылығы, ынтасы, қызығушылығы;
- жалпы білім, білік, дағдысының даму деңгейі.

3. *Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:*

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;
- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру, нәтиже (рефлексия);
- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушілік сипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік т.б.).

4. *Кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту:*

- педагогикалық шеберлік;

- математикалық ойлау;
- қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс - әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері;
- ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

5. *Оқуға психологиялық, педагогикалық, технологиялық тұрғыда жағдай жасау (тұлғалық – бағдарлы педагогика).*

Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби дайындаудың әр компоненті біртұтас педагогикалық үдеріс шеңберінде кәсіби дайындықтың сапасын бағалайтын өлшемдер мен эталондар, критерийлер сияқты базалық сипаттарының жиынтығымен айқындалуы керек.

Бастауышта, әсіресе, бастауыш кезеңде қоршаған орта: табиғат, адам және оның еңбегі туралы алғашқы түсініктер қалыптастыруға бағытталады және бастауышта қалыптастырылатын құзыреттіліктер: білімді меңгеруге қабілеттілік, болашақ мамандығына және әлеуметтің даму деңгейіне сәйкес болуына қажетті білік, дағды игеру .

Білімді тиімді меңгерудің және құзыретті тұлға қалыптастырудың басты шарты – білім беру мақсатымен тең және түйінді құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру технологиялары, сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінен тұлғалық-бағдарлы білім беруді қамтамасыз ететін технологияларды меңгеру талап етіледі.

Қазіргі кезде шетелдік және отандық психологияда кәсіби қалыптасудың көптеген тұжырымдамалары бар. Солардың ішінен Т.В. Кудрявцев, Н.Д. Левитов, Е.А. Климов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков т.б. ғалымдардың жалпы психологиялық және психологиялық - педагогикалық тұжырымдамаларының бай тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі мамандықтың, олардың ішінде мұғалім мамандығының да өкілдерінің кәсіби дамуын зерттеген.

Мұғалім тұлғасы, оны кәсіби дайындау барлық уақытта да зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ.

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаға жекелеген психикалық үдерістердің жиынтығынан ғана емес, өзара байланысты сапалар мен элементтер жиынынан тұратын тұтас жүйелі-құрылымдық тұрғысынан қарау басымдық алып отыр.

Т.М. Сорокина өз зерттеулерінде бастауыш сынып мұғалімі құзыреттілігі ұғымын оның кәсіби дайындығының динамикалық, процессуалдық, кәсіби өсу, өзгеру сипатын мотивациялық және әрекеттік тұрғыдан қарастырады [2].

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі - көппәнділік. Оның маңызды сипаты: гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде; мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «балаға бағыттылық» болып табылады.

Сонымен, қарастырып отырған проблема жоғары педагогикалық білім беруде қазіргі кезде қойылып отырған талаптарға сай негізгі кәсіби - дидактикалық құзыреттіліктерді студенттер бойына қалыптастыру мен осы проблеманы шешу үшін педагогика ғылымының әдіснамасына, теориясына және практикасына құзыреттілік тұрғысынан келудің қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің негізгі құраушысы ретінде қарастырған абзал. Бастауыш сынып мұғалімінің ерекшелігіне байланысты ол бастауышта оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, кәсіби-педагогикалық құзыретті бола тұра, оны оқушыларға жеткізе алатын дидактикалық құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола

алмайды. Олай болса, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің негізгі өзегі.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, құзыреттіліктің құрамы төмендегідей: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; қоғамдық саяси пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; психологиялық-педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; математикалық дайындықтың кәсіби бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; студенттердің үздіксіз педагогикалық практикасының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру; мамандарды дайындауда тұлғалық - әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен қаруландыру; студенттердің үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру; оқу-ғылыми-өндірістік-педагогикалық кешен жасау [3].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру мазмұны моделін құру үшін алдымен мына мәселелерді қарастыру қажет болады:

- *болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын айқындау;*

- *болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың қағидаларын айқындау;*

- *кәсіби-дидактикалық құзыретті бастауыш сынып мұғалімінің моделін құру.*

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы оқыту *ұстанымдары*: оқытудың ғылымылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, саналылығы, реттілігі, көрнекілігі; студенттерді білімді

белсенділікпен меңгерте отырып оқыту; болашақ мұғалімдерді тәрбиелеу және дамыта оқыту; студенттердің жеке ерекшелігін ескеру; логикалық ойлауды дамыту; оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; студент тұлғасының өзін-өзі іске асыруы және ұйымдастыруы; студент тұлғасының өзін-өзі дамытуы үшін психологиялық жағдай жасау; студенттердің оқытудың инновациялық түрлерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларын меңгеруі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби–дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық *шарттары*: болашақ мұғалімдердің кәсіби–дидактикалық құзыреттілігін педагогикалық-психологиялық және әдістемелік пәндерді оқыту барысында қалыптастыру; ЖОО-да оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі; «Бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық құзыреттілігінің негіздері», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыптарындағы арнайы курстар арқылы қалыптастыру; оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру; кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы мақсатты бағыттылығы және келісімі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың *инварианттық* (болашақ қандай ма болмасын пән мұғалімінің) және вариативтік (болашақ бастауыш сынып мұғалімінің) компоненттері бар. Инварианттық компоненттерге жалпы болашақ мұғалім меңгеруге тиіс: әдістемелік дайындық, оқушылардың сабаққа ынтасын, қызығушылығын тудыра білуге дайындығы, оқытудың түрлі әдіс-

тәсілдерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдана білуге дайындығы, оқушылармен қарым-қатынас мәдениетіне дайындығы, оқушылар білімін тексеруге және бағалауға дайындығы, сабақтың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға дайындығы жатса, *вариативтік компонентке* бастауыш мектепте оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын меңгергендігі, бастауыш сыныптың тәжірибелі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен үйреніп, оны қолдана білуге дайындығы, бастауыш оқытудың ерекшеліктеріне сай оқытудың әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды іріктей және қолдана білуге дайындығы, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне орай зерттеушілік жұмыс ұйымдастыра білуге дайындығы, математика пәнінен әр оқушының 4 сыныпта халықаралық TIMSS зерттеуіне сай дайындықты меңгеріп шығуына мүмкіндік жасауға дайындығы жатады.

Аталған дайындық сапалары болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру мазмұнын анықтауды біз И.Ф. Исаевтың тұжырымдамасына сүйене отырып, әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық компоненттер негізінде жүзеге асырдық.

Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін өлшеу мәселесі оның қалыптасуының өлшемдері (критерий) мен деңгейлеріне байланысты. Өлшем-бұл бағалау, пікір білдіру негізінде анықталатын белгі.

Кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің өлшемдері құзыреттілікті жүйелі түсінуден, оның құрылымдық және функционалдық компоненттерін айқындай білуден, құзыреттілікті педагогикалық құндылықтар мен шығармашылықты меңгеру нәтижесі ретінде түйсінуден, өзін-өзі кәсіби-шығармашылықпен жүзеге

асыру технологияларын меңгеру дәрежесімен айқындалады.

Мотивациялық өлшем мұғалімнің кәсіби - дидактикалық құзыреттілікке деген тұрақты ынтасы, талпынуы мен қажеттіліктерінің болып, кәсібилікке ұмтылысы, жанашылдық бағытта ізденістері, өз қызметіндегі кәсібиліктің, дидактикалық құзыреттіліктің алатын орнын, мәнін түсініп, соған сәйкес қадамдар жасауында көрінеді.

Мазмұндық өлшем теориялық және практикалық блоктардан, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімінің психологиялық-педагогикалық және пәндік теориялық дайындығының деңгейімен, біртұтас педагогикалық үдеріс заңдылықтары негізіндегі білімдер жүйесімен, дидактикалық біліктілігі мен сауатылығы, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік туралы білімдер жүйесінің деңгейімен сипатталады.

Технологиялық өлшем өзінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін тәжірибеде қолдана алу біліктерінен, дидактикалық біліктерді жүзеге асыра білудегі іскерлігінен, оқытудың әдістері мен

технологияларын қолдана білу тәжірибесінен көруге болады.

Бағалаушылық-рефлексиялық өлшемге өзінің кәсіби дидактикалық іс - әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдап, бағалай білудің, өзінің педагогикалық іс - әрекетіне бақылау жасай алушылықтың, нәтижені диагностикалаудың әдістерін білудің практикадағы көріністері енеді [4].

Мұндағы сипатталған компоненттердің бірлескен қызметі ізделініп отырған кешенді сапаның бар не жоқ екендігін, мөлшерін, деңгейін көрсетеді. Әрине, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік сияқты күрделі мәселенің дәл мөлшерін де, деңгейін де өлшеу қиын екені белгілі. Дегенмен, модельдің болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғасындағы ізделініп отырған сапаның шамасынан жалпы мағлұмат беруге мүмкіндігі бар деп есептейміз. Осының негізінде біз ғалымдардың (И.Ф.Исаев және т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігінің төменгі, орта, жеткілікті және жоғары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Е.В.Михеева. Информационные технологий в профессиональной деятельности. М.:Академия, 2006. — С384.
2. Моделирование деятельности специалиста на основе комплексного исследования. Под редакцией Е.Э.Смирновой. Ленинград, 1984. -С177.
3. Б.Д.Сыдықов. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі. Пед.ғыл.док.дисс.авторефераты. Түркістан, 2008. -366.
4. С.Бешенков, Е.Ракитина. Моделирование и формализация. Методическое пособие. М.:ЛБЗ, 2002. - 336 с.

МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО ДИДАКТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА

Шонгалова Камар Серикбаевна

Кафедра информатики

Старший преподаватель, магистр естественных наук

Аннотация: Создание новой системы образования - важная задача. Это в педагогике всего образовательного процесса связано с изменениями. Новые отношения с новым способом мышления сформировали новые подходы ко всем объектам области образования. Вопросы связанные с развитием профессионально-педагогических компетенций учителя и критерии ее формирования уровней. Размерность определяется на основе оценки данного выражения.

Ключевые слова: моделирование, профессиограмма, анатомия-физиология, профессиональное образование, анализ, синтез, фоновое демонстрация, оценивания, рефлексия.

THE MODEL OF FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF TEACHERS IN TRAINING

Kamar Shongalova

Department of Informatics

Senior Lecturer, Master of Natural Sciences

Abstract. *One of the new ways to create new educational system. This in the pedagogy of the whole educational process is associated with changes. New relations with a new way of thinking have formed new approaches to all subjects of the field of education, Questions related to the teacher's professional-pedagogical competence and the criteria for its leveling. The dimension is determined on the basis of the evaluation of this expression.*

Keywords: *modeling, professiogram, anatomy-physiology, professional education, analysis, synthesis, background demonstration, evaluation, reflection.*

ӘОЖ 528942

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТЫРУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Штатбаева Гульмира Серикбаевна

Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері кафедрасы
Аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі
sh.gulmira_83@mail.ru

***Аңдатпа:** Бұл мақалада студенттердің шетел тілі пәніне деген қызығушылығын артыруда ойын элементтерін қолданудың бірнеше әдістері көрсетілген. Ойынның педагогикалық мәдениет феномені ретінде атқаратын қызметі әлеуметтендіру қызметі. Өйткені, ойын – студентті күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оқушының сөздік қорын байыту, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін тани алатын, өзін жан-жақты көрсете білу аймағы болып табылады.*

***Түйін сөздер:** мотивация, студенттің қызығушылығы, жеке тұлға, жағымды, позитивті мысал, студенттің қабілеті, іскерлік, заманауи технология, Kahoot бағдарламасы*

Шетел тілін үйрету барысында студенттердің сол тілде сөйлесем деген талпынысын, ынтасын тудыру мақсатында мұғалім оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдерін қолдана білуі қажет.

Болашақ мамандарымыздың бойына терең біліммен қатар жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда, эстетикалық талғамдарын арттыруда оқытушының атқарар қызметі зор. Әр ұстаз шәкірттерінің өзі оқып отырған пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта техникалық құрал – жабдықтарды, түрлі көрнекіліктерді дайындап, ойын элементтерін пайдалану әдістері арқылы сабақ мазмұнын түрлендіріп отырады.

Тіл – мәдениет айнасы. Тіл арқылы тек қана адам және оның қоршаған ортасы, өмірінің әлеуметтік жағдайы емес, сонымен қатар халықтың қоғамдық танымы, ұлттық мінезі, өмір сүру тәсілдері, дәстүрі, әдет-ғұрыпы, моральдық құндылықтар жүйесі және де дүниетанымы көрінеді. [3]

Қазіргі таңда оқушыға ағылшын тілін үйретуде, тек кітап және дәптермен жұмыс жасатып, бір қалыпты сабақ өткізу дұрыс

емес. Студенттермен жұмыс жасағанда сабақты олардың көріп-білген нәрселерімен байланыстыру, қызығушылығын ояту, қоғам, шығармашылық, қарым-қатынас бәрін қатар алып жүру міндеті жүктеледі. Студентке өзге тілді молынша түсінікті етіп жеткізу керек. Болашақ маманға жаңашыл, ойшыл, тапқыр болуына бөгет болуға болмайды.

Лексиканы үйреткенде түрлі деңгейдің болуы маңызды. Егер іс-әрекеттер оңай болса, студенттің қызығушылығы төмендеп кетеді. Егер берілген тапсырмалар тым қиын болса, бала әбігерге түсіп, мазасы кетеді, мотивация жоғалып, күйзеліс болады. Сонымен қатар тағы маңызды нәрсе ол – студенттің қызығушылығы, басқа нәрселерді өз бетінше үйренуге деген ұмтылыс. Әр студент өзін жалпы топ ішінде бақылауда болудан көрі, жеке тұлға ретінде сезінгілері келеді. Сондықтан да мұғалім үлкен не кіші топ демей, әр балаға көңіл бөліп, жүрегіне жол таба білуі қажет. Сабақ барысында оқытушы жағымды, позитивті мысалдармен, сөздермен сабақ өткізгені жөн. [2]

Сабақта студенттердің белсенділігін арттырудың бір жолы ойындарды жиі ұйымдастыру. Түрлі ойындар студенттің белсенділігін арттырып әр өтілген тақырыпты қалай меңгергенін көрсетеді. Ойын орындау барысында жеке студенттің қабілеті оның іскерлігі байқалады. Мұғалім әр студенттің жұмысын бағалауға мүмкіндік алады. Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгертуге жағдай жасалып, студенттің санасында берік сақталатын болады.

Ойын элементерін қолдану студенттерге ерекше әсер етеді. Кейде ойын жаңа материалды бекіту кезеңінде қолдануға да борлады. Оқытушы ойын түрін қалай, қандай жағдайда қолдану керектігін, яғни жаңа материалды түсіндіру немесе қайталау кезеңінде ме, оны дұрыс жоспарлауға тиіс.

Шетел тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиіс:

- Алфавитті дұрыс меңгерту.
- Орфографияны дұрыс оқыту.
- Дұрыс оқу және айту дағдысын қалыптастыру.
- Лексиканы меңгерту.
- Грамматикалық структураны / құрылысты / меңгерту.
- Студенттің ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Оқытушы ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Бүгінгі күні дидактика саласындағы фундаментальді мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы.

Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу құпиясын ғалымдар көп жылдар бойы зерттеп келеді. Ойынның шығу тегі туралы көптеген пікірлер қалыптасқан.

Ойынның педагогикалық мәдениет феномені ретінде атқаратын қызметі

әлеуметтендіру қызметі. Өйткені, ойын – студентті күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған байлығын игерту құралы және оқушының өз күшін, өзін -өзі бағалау, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін тани алатын, өзін жан-жақты көрсете білу аймағы болып табылады. [8]

Оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге, қарым-қатынас жасауда ағылшын тілін әрбір оқытушы өз сабақтарында жаттығудың бір түрі ретінде ойындарды қолданып, сабақты мейлінше қызықты өтуге, студенттердің тілге деген қызығушылықтарын білім деңгейін тексеру құралы ретінде пайдалануға болады. Басты мақсат - ойын элементтері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу.

Ойын технологиясының шығармашылық тобы мынадай топтарға бөліп сол бойынша жұмыстар жүргізуге болады. Ойын түрлерінің көбі интернеттен алынған әлі қолданысқа ене қоймаған. Электронды оқулықтар, аудио-видео таспалар арқылы.

Ойынның тағы бір маңызды бөлігі әр түрлі әдебиеттерден, қашықтықтан оқыту курсы материалдарынан алынған, студенттердің қызығушылығына ие болған ойын түрі. Ойынды технология ретінде қарап, қолданғандықтан жүйелеу, әр ойынның қолдану аясын анықтау маңызды.

Халық педагогикасының тағылымдарын шетел тілі сабағында қолдану оның тәрбиелік және білімдік мақсаттарын жүзеге асырады, сонымен қатар өз елінің салт-дәстүрін құрметтеп, студенттерді ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар. [8]

Әр алуан ойын түрлері бар. Сабақта ойын түрлерін қолдану студенттердің шаршағанын ұмыттырып, сабақты жандандыра түседі. Мен өз сабақтарымда қолданып жүрген мынадай ойын түрлерін ұсынғым келіп отыр. Олар: фонетикалық, грамматикалық, лексикалық,

орфографиялық. Мысалы «Questionary» - Сұрақтар сайысы деп аталатын ойын түрі. Ойынның шарты: оқытушы өтілген сабаққа қатысты студенттерге бірнеше сұрақтар қояды, уақыт жылдамдығы белгіленеді студенттер жылдам жауап берулері қажет, себебі уақыт жетпей қалуы мүмкін. Бұл ойынды ғаламтор көмегімен Kahoot бағдарламасының көмегімен жүзеге асыруға болады. Өтілген сабақ бойынша студенттердің алған білімін тексеру мақсатында жүргізілетін ойын. Қазіргі таңда жаңа заманауи технологияның шарықтап тұрған кезінде ғаламтор арқылы түрлі ойындарды сабақта қолдануға болады.

Тағы бір ойын ол "Memory game" begins with one student saying a sentence and the next student in turn adds another word or phrase to the sentence, repeating what has gone before in the same order, for example,

Student 1: I went shopping.

Student 2: I went shopping and bought a dress.

Student 3: I went shopping and bought a dress and jumper.

Бұл ойында студенттерге бір тақырып беріледі, соған байланысты бірінші бастаған студент сол тақырыпқа байланысты бір сөйлем айтады, келесі студент сол сөйлемді бір сөз қосу арқылы жалғастырады, үшінші студентте сол секілді бір сөз немесе сөзтіркесін қосу арқылы жалғастырады. Ойын осылай жалғасын табады, егер келесі студент сөз немесе сөз тіркесін таба алмай жалғастыра алмаса ойыннан шығады. Сөйтіп сөйлем құрау арқылы бір топик жасап шығамыз. Бұл ойында студенттердің сөздік қорының қаншалықты мол екендігін анықтауға болады. [4]

Grammar games The game «Present simple – verb “to be”, “to have”».

Materials: word cards

Aim: to practice the present simple and present continuous.

Procedure: Do you want to practice using the present simple and present continuous in

English? Play our present simple and present continuous games and have fun while you learn.

Put the verb in brackets into the correct tense form: 1. We can't go climbing. It (rain). 2. Why ___ you ___ for your holiday photos? (look). 3. I ___ (work) until 8.00, and then I ___ (meet) some friends and we ___ (go) to the cinema. 4. She ___ (sell) her old car and ___ (buy) a new one.

The game “Polyglot”

Aim: to review or preview proverbs, or vocabulary

Materials: cards (students can make these)

Procedure: The leader comes to the board and reads the proverbs by missing one word of the proverb. Listening students should quickly find the missing word and give equivalents in 3 languages (English, Kazakh, Russian) of the proverb in other languages. If student gives 2 equivalents 2 languages he will get 10 points. If student gives equivalents in 3 languages he will get 15 points. For example: “My home is my castle”- “Өз үйім өлең төсегім”- «Мой дом – моя крепость»; [5]

Ойын элементтерін қолдану арқылы әр оқытушы өз сабағын қызықты әрі тиімді етіп өткізе алады және студенттердің сабаққа деген қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттырады. Ойын түрлерін қолдануда біз мынадай нәтижелерге қол жеткіземіз.

1. Жылдам жұмыс жасауға дағдыланады.

2. Студенттің жеке қабілеті анықталады.

3. Студент көшбасшы болуға ұмтылады.

4. Жан-жақты ойлау қабілетін дамытады.

5. Әр студенттің шығармашылық қабілеті артады.

6. Әр студент өз деңгейімен бағаланады.

Олай болса студенттердің дүниетанымын кеңейтуде танымдық

белсенділігін арттырып, білім, білік, зор. [7]
дағдыларын жетілдірудің қоғамдық мәні

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мектептегі шетел тілі №3 (75) мамыр/маусым2015
2. Темірбеков А.С.Балабаев. Психология, -Алматы.Мектеп.1966
3. Жарықбаев.К.Психология Алматы-1993
4. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері №5 (59) 2011
5. Rixon, S. 1981. How to use games in language teaching. Macmillan Publishers Press
6. Шетел тілін оқыту әдістемесі 2(46) 2012
7. Мектептегі шетел тілі №3 (81) мамыр/маусым2016
8. Г.Н.Губайдулина «Педагогиканы оқыту әдістемесі». 2011
- 9.Абдуллаева Ұ. Тіленбаева М. Ұлттық ойындар арқылы еңбекке тәрбиелеу. Бастауыш мектеп. 2005. №9
10. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері №2 (68) 2013

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ЭЛЕМЕНТОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА НА ЗАНЯТИЯХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Штатбаева Гульмира Серикбаевна

Кафедра практического курса казахского, русского и иностранного языка

Старший преподаватель, магистр гуманитарных наук

Аннотация: В статье указывается, как вызвать интерес к изучению иностранного языка при помощи использования некоторых методов обучения с игровыми элементами. Социальной направленностью игры является феномен педагогической культуры. Так как игра является средством расширения словарного богатства языка и мощной общественно - социальной системой внедрения студента в общественную среду.

Ключевые слова: мотивация, интерес студента, личность, позитивный пример, способность студента, деловой, современная технология, программа Kahoot

USING GAMES FOR INCREASE STUDENTS' MOTIVATION IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

Gulmira Shtatbayeva

Department of Practical Course of Kazakh, Russian and Foreign Languages

Senior Lecturer, Master of Humanitarian Sciences

Abstract: This article deals with the methods of using games at English lessons developing students' interest. The function of using games at the lessons is the main function. Using games at the lessons is the best thing for students to self assessment, to develop their self control and themselves.

Keywords: Motivation, interest of student, individual, positive example, skills of students, creative of languages, modern technologies, program of Kahoot

МАЗМҰНЫ

1	Абдрахманова М.Т.	Жел энергетикалық қондырғыларының өндірісін жобалау және оны қолданудағы шығынсыз нүктелерді анықтау	3
2	Абдуллина А.А.	Роман және характер жасау шеберлігі	9
3	Ажибекова П.С.	Білімді компьютерлік бақылау тапсырмаларын жасау аспектілері	15
4	Айдарова Г.К.	Абай шығармаларының психологиялық қыры	19
5	Аймағамбетұлы Р.	12 жылдық білім беру жүйесіндегі тарихты оқытудың маңызы мен әдістері	23
6	Айтжанова Б.Б.	Шетел тілі сабақтарында студенттердің ауызекі сөйлеу дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру	28
7	Акылбекова Э.А.	Баланың жыныстық ролдердегі стереотипін ертегі диагностикасы арқылы қалыптастырудың маңызы	33
8	Алиева Г.С.	Front Page тілінде электрондық құрал жасау технологиялары	40
9	Алькуатова А.Л.	Features of Formation of Valuable Sphere of Modern Schoolboys	46
10	Амиров М.С.	«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде кездесетін өсімдіктер түрлері	51
11	Аубакирова А.А.	Физика пәні педагогінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негізі	54
12	Аубакирова Ж.З.	Формирование языковой и коммуникативной компетенции студентов при обучении русскому языку	59
13	Ауезова Ш.С.	С.Аманжолов еңбектеріндегі қазақ халқының негізгі диалектілері	64
14	Әбілдаев Ф.М.	Физиканы оқытуда жоғары сынып оқушыларының экологиялық білімдерін дамытудың маңызы	76
15	Байбосын Л.С.	Тарихи өлкетану жұмыстары және оларды ұйымдастыру жолдары мен әдіс-тәсілдері	82
16	Байгукин Г.Т.	Қазақстанда аридтік зоналардың шөлейттену мәселесі	87
17	Байсенгиров М.К.	Металды көркем өңдеудегі ерекшеліктер мен онда қолданылатын бағалы тастар	93
18	Бакирова Ж.М.	Development of Students' Communicative Skills in Teaching English Language through Different Classroom Activities	98
19	Бәйкен Б.Е.	Құзіреттіліктің педагогикалық психологиялық негіздері	103
20	Бермағамбет Р.Е.	Профессионально-ориентированная правовая компетентность будущих бакалавров образования в Республике Казахстан	107
21	Бижанова Г.К.	Тұлғаның жетістігін қалыптастыруға Ыбырай шығармаларының әсері	111
22	Бондарева Т.О.	Становление готовности будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника	117
23	Бошыбаев Т.Б.	Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық: алдын алу шаралары бойынша заңнамалық және ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар	124
24	Ғалымжанова З.Т.	Әдеби тілдік және стилистикалық нормалардың тіл мәдениетіндегі көрінісі	129
25	Джакетова С.Д.	Оқушылардың математикадан білім сапасын бағалау кезінде тестік тапсырмаларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері	133
26	Дуйсекова А.А.	Кіші мектеп жасындағы оқушылардың зияткерлік дамуы	138

27	Елеусов Б.А.	Сопылық ілімі және қожа ахмет йассауидің түркі руханиятында алатын ролі	142
28	Есимханова Н.И.	Этнокультурное образование как одно из условий формирования этнической толерантности у студентов	147
29	Есиргепова В.Ж.	Юридические и психологические подходы к эффективной правовой социализации подрастающего поколения	155
30	Жамалова С.А.	Мәліметтер қоры бойынша тест сұрақтарын жасау әдістері	159
31	Жандилдина Р.Е.	Мектепалды балаларының танымдық белсенділігінің педагогикалық дәреже көрсеткіштері	164
32	Жармаганбетова Ж.Р.	Студенттердің оқу үрдісіне бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық сипаты	169
33	Жумабаева С.Б.	Зарядталған бөлшектердің жердің магнитосферасы арқылы өтуі	174
34	Жунусова Р.К.	Особенности формирования основ экологической культуры детей дошкольного возраста	178
35	Ибрагим А.Е.	Лингвистический анализ гидронимов Костанайской области Республики Казахстан	183
36	Какина Д.Ш.	ЖОО-да интерактивті оқыту технологияларын қолданудың маңыздылығы	188
37	Каненова Г.Т.	Қазақстан тарихын оқытуда семинар сабағында қолданылатын жана әдіс-тәсілдердің	194
38	Каримова Д.М.	Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп бағдарламасындағы ықтималдықтар теориясын игерудің эмпирикалық әдісі	200
39	Конусова А.Б.	Blender бағдарламасының мүмкіндіктері	207
40	Қара Ә.Б.	Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану бағытындағы сауаттылығы	212
41	Қожахмет М.С.	Инновациялық типтік дамуға өту жағдайындағы аймақтық ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру	216
42	Мусирова Г.Б.	Педагогикалық ЖОО студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту мәселесінің психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі талдануы	221
43	Муханбетжанова А.А.	Бала күзiреттiлiгiнiң жүйелi жолын қалыптастыру	228
44	Накишбаева Ж.К.	Матыбұлақ ауылдық округының шөлейттенуі	233
45	Нурканов Ж.К.	Білім – қазіргі заманғы қоғамның даму үдерісінің негізі	236
46	Нүркенова Ә.Д.	Қазақстан Республикасының негізгі химиялық өндірістерінің негізінде болашақ химия мамандарының білім сапасын арттыру	242
47	Оскина М.С.	Application of Modern Innovation Technologies at the English Lessons – the Key of Success in Teaching Students	247
48	Сабитбекова Г.	Аралас туындылы гиперболалық теңдеулер үшін периодты шеттік есептің шешімін табу алгоритмдері	253
49	Садыкова Б.С.	Галактикалық ғарыштық сәулелердің интегралданған және модульденбеген энергиялық спектрін анықтаудың автоматтандырылған жүйесі	261
50	Сактаганова Э.Б.	Тарих, құқық және экономика негіздерін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану	267

51	Сарсенбаева К.А.	Экономикалық білім мен тәрбиені қалыптастыру үрдісі	273
52	Сафарғалиева Г.Н.	Ұлттық спорт түрлері арқылы студенттердің патриоттық тәрбиелілігін қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері	279
53	Сәлімжанов Н.Ө.	Қостанай облысының моноқалаларының даму тенденциялары (Арқалық қаласы мысалында)	284
54	Сейлова А.Е.	Биолог мамандарын дайындауда инновациялық технологияларды қолдану арқылы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру	290
55	Сокабаева А.Ш.	Квантово-химические расчеты структурных и электронных свойств идеального оксида цинка и с примесью атомарного водорода	296
56	Тасбулатова Г.С.	Өсімдіктердің тұқым өнімділігін зерттеу әдістемесі туралы	302
57	Таукелова А.Е.	Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытудағы өз беттілік жұмыстардың ролі	308
58	Темирханова К.Ш.	Мектепке дейінгі ересек жас балаларының әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру	314
59	Тулегенова А.К.	«Электродинамика» бөлімі бойынша экспериментті есеп шығарудың ғылыми негіздері	318
60	Тургумбекова Б.Н.	Формирование коммуникативной компетенции методами технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо»	323
61	Узаков С.А.	Ұлттық тәрбие беру мен бейнелеу өнерінде шығармашылықты қалыптастыру	328
62	Успанова В.Ж.	Мектепте физика тарауындағы атомдық физика бөлімін сапалы оқытудың өзекті мәселелері	333
63	Шакирова К.М.	Жазушы Қапан Сатыбалдиннің прозалық шығармаларының тілі	339
64	Шонгалова А.С.	Оқытудың ақпараттық технологияларын кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлаудың тәжірибелік негізі	343
65	Шонгалова К.С.	Болашақ педагогтің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың моделі	348
66	Штатбаева Г.С.	Студенттердің шетел тілі пәніне қызығушылығын артыруда ойын элементтерін қолдану әдістері	355

**Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ жас ғалымдары
ғылыми еңбектерінің жинағы – 2017**


**Сборник научных трудов молодых ученых
АрқГПИ им. И.Алтынсарина – 2017**

**Collection of Scientific Papers of Young Scientists
of the ArkSPI named after I.Altynsarin - 2017**

Компьютерлік терілім: Алькуатова А.Л., Бермағамбет Р.Е.
Мұқаба дизайны: Бермағамбет Р.Е., Амирбеков О.А., Тулебаева Г.К.
Басуға 05.06.2017 қол қойылды.
Гарнитура Times New Roman
Пішімі 29,7x42¼
Көлемі 25,48 ш.б.т.
URL: <https://t.co/uEy9wliFU3>

Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
Редакциялық-баспа бөлімі және Ғылыми жұмысты ұйымдастыру
және халықаралық байланыс бөлімі

110300, Арқалық қаласы, Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru



ISBN 978-601-7892-51-7